

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Меруерт Егізбаева

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

УДК 391/395 (075)

ББК 63.5я73

Е 27

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих, археология және этнология факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
(№2 хаттама 20 желтоқсан 2018 жыл);
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы
ҚР БЖҒМ-нің жоғары және жоғары білім беруден кейінгі
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Жаратылыстану
ғылымдары», «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар,
экономика және бизнес», «Техникалық ғылымдар және технология»,
«Өнер» мамандықтары тобы бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі
мәжілісінің шешімімен (№2 хаттама 7 маусым 2018 жыл) ұсынылған*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы **А.У. Тоқтабай**

тарих ғылымдарының кандидаты **Д. Қатран**

тарих ғылымдарының кандидаты **Е.М. Тургумбаев**

Егізбаева М.Қ.

Е 27 Түркі әлемінің этнографиясы: оқу құралы / М.Қ. Егізбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 342 б.

ISBN 978-601-04-3750-0

Оқу құралында түркі халықтарының материалдық және рухани мәдениетіне жататын дәстүрлі баспанасы, киім-кешегі, тағамы мен отбасылық әдет-ғұрыптарымен (той жасау, бала туу және оның тәрбиесі, өлік жөнелту) байланысты мәселелер қарастырылады. Кітапта түркі халықтарының баспана түрлерінің қалыптасуы, салыну тәсілдері мен техникасы, құрылыс материалдары және киім түрлері, оның жастық, жыныстық айырмашылықтары, жасалу технологиясы сияқты мәселелер зерделенеді. Сонымен қатар түркі халықтарының тағам түрлері, оның жасалу әдістері сараланады.

Оқу құралы студенттерге, магистранттарға, этнология пәнінен дәріс беретін оқытушыларға, зерттеушілерге арналған.

УДК 391/395 (075)

ББК 63.5я73

ISBN 978-601-04-3750-0

© Егізбаева М.Қ., 2019

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған уақыттан бастап түріктану ғылымы жаңа даму жолына түсіп, өзекті мәселелерді көтеруде. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың елімізде халықаралық түріктану орталықтарын құру бастамасының қазіргі таңда маңызы зор, өйткені ол түркі халқының одан ары қарай дамуына, әлеуметтік-экономикалық байланысын және ынтымақтастығын нығайтуға, жаһандану үдерісі заманында түркі этностарының материалдық және рухани мәдениетін дамытуға және оларды жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туғызады.

Бүгінгі күні Орта Азиядағы Түркі тектес елдер Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Әзірбайжан тәуелсіздігін алып ертеңіне сеніммен қол созған шақта Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев түркі халықтарының одағын құруды ұсынды, ол өз сөзінде Орта Азия елдерінің одағын құру туралы «Біз ... ұлы державалардың осы өңірде экономикалық басымдылыққа ие болу жолындағы бәсекелестігін де байқап отырмыз». Осы орайда, 2010 жылдың көктемінде Астанада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Түркия Президенті Абдуллах Гүл жаңа халықаралық түріктану орталығының ашылуын салтанатты түрде жариялады.

Көшпелі және отырықшы түркі халықтарының бүгінгі таңда әлемдік өркениет пен мәдениетке теңдесі жоқ үлес қосып отырғандығын жоққа шығаруға болмайды.

Жалпы әлемде түркі тілдес халықтар 40-тан астам (180 млн адам). Сондай-ақ саны бірнеше мың ғана болатын аз халықтар да бар. Оларға долчандар, хотандар, қарайымдар, қырымшақтар жатады. Ең саны көп түркі халықтарына османдықтар, өзбектер, әзірбайжандар жатады, олардың көбі тек өз территорияларында ғана емес, сонымен қатар, бүкіл әлемге таралған. Олар Қиыр Шығыстан Жерорта теңізі мен Үнді мұхитына дейінгі аралықта өмір сүруде. Түркілердің негізгі бөлігі ТМД және Түрік Республикасында өмір сүреді. Ресей, Иран, Қытайда 24 млн түркі халықтары бар.

Еуразияда түркі тілдес халықтар қоныстанған жер аумағы, солтүстік шығыста сонау мұзды мұхиттан оңтүстік батыста Босфор шығанағына дейінгі, шамамен алғанда 13-14 миллион шаршы километр аймақты алып жатыр. Түркі тілдес халықтардың ежелден мекендеп, қалыптасқан жері Еуразияның дәл кіндік тұсы Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Еділ бойы және Орал өңірі. Қазір мұнда 40 түркі тілдес ұлттар мен ұлыстардың 25-нен астамы тұрып жатыр. Шығыс Сібірдің солтүстігінде және Кіші Азия мен Қаптауда (қазіргі Түркия мен Әзірбайжан) жаңа қоныстану аймақтары пайда болды. Түркі халықтары сонымен бірге саны көп басқа халықтар арасында Иранның тау жағында Солтүстік Қаптауда (Кавказда) Балқан түбегінде және Дунай мен Дон өзендерінің аралығында шағын топтар құрып орналасқан Түркілер Ирандар мәдениетін сусындатып, өз тілдерін, өз елдігін сақтады. Түркілердің ішінде өзбек, түрік, әзірбайжан, түрікмен, қырғыз және қазақ сияқты ірі халықтар мен бірге шор, долған, қарайым, қыпшақ сияқты ұсақ ұлыстар да болды. Олардың тарихи тағдыры мен мәдениеті өз ұлттарына қарай әртүрлі қалыптасты.

Алайда түркі тілді этностар мен ұлттардың тарихы мен этнографиясын толыққанды тарих саласындағы пәндерінің бірі ретінде оқытылу әлі де болса өз деңгейінде қолға алынбай отыр. Сонымен қатар түркі халықтарының этнографиясын жүйелі және дәйектілікпен оқып білмей олардың тарихын терең меңгеру мүмкін емес. Түркі халықтарының этнографиясын жоғары оқу орындарында оқыту үлкен қиындықтар мен күрделі мәселелерден тұрады. Ол, ең алдымен, іс жүзінде білікті мамандардың жоқтығынан туындайтын ғылыми жете зерттелген, қазақ тіліндегі типтік бағдарламалардың, оқулықтар мен оқу құралдарының жоқтығына байланысты болып отыр.

Қарастырылып отырған мәселе әлі де үлкен жұмыстар мен ізденістерді талап етеді, болашақта осындай оқу құралдары мен зерттеу еңбектерін дайындау жұмысы одан әрі жалғасын табады деген ойдамыз. Ұсынылып отырған оқу құралының түркі халықтарын тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеуде және тарих мамандығында оқитын студенттердің іздену жұмыстары үшін тигізер септігі болады деп үміттенеміз.

I тарау. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ

1.1. Тақырыптың зерттелу деңгейі

Түркі халықтарының мәдениеті ертеден-ақ өзге халықтар мен зерттеушілердің қызығушылығын тудырған болатын. Түркі тайпалары мен халықтары туралы көне және ортағасырлық авторлар: Гекатей, Гесиод, Геродот, Страбон, Плиний, Помпоний Мела, Птолемей, Мовсес Хоренаци, VII ғ. «Армян географиясының» авторы Ширакаци, Ибн ал-Асир, Рашид ад-Дин, Хордадбех, Абу-л-Фида, Ибн Хаукал сияқты ғұламалар жазып кетті.

Түркі халықтарының тарихы мен этнографиясын зерттеуде XVIII ғасырдың атақты ориенталистері мен саяхатшылары И.А. Гюльденштедт, П.С. Паллас, Г.Ю. Клапрот көптеген түркі халықтарының, оның ішінде қарачайлықтар мен балкарлықтардың тұрмысы, тілі, діні, мәдениеті туралы құнды мәліметтер қалдырған еді.

Ал XIX ғасырда түркітану қарқынды дамып, сан ғасырлық тарихы бар ғылымдармен терезесі теңесті. Оның қалыптасуына есімдері әлемдік ғылымға алтын әріптермен жазылған М.А. Казем-Бек, К.К. Радлов, Е.Е. Бартольд, С.Е. Малов сияқты ғалымдар ерен еңбек етті. Олардың еңбектерінен түркі халықтарының этнографиясына, оның ішінде баспанасы, киімі, сәндік-қолданбалы өнер туындыларына байланысты көптеген деректерді кездестіруге болады.

Кеңестік дәуірдегі идеологияның кері әсері түркі халықтарының тарихы мен этнографиясын зерттеуге де өз ықпалын тигізгені белгілі. Мәселен, 1975 жылы шыққан О. Сүлейменов «Аз и Я» атты еңбегінде түркі халықтарының бүкіл әлемдік мәдениеттің дамуындағы ролін көрсеткен еді. Сол кездегі КСРО Ғылым академиясы басшылары оны объективті емес, тіпті кері әсер тудырады деп қолданыстан аластатқаны белгілі.

Сол кезеңдегі қалыптасқан ғылыми стереотиптен ауытқыған және өзіндік көзқарастарын білдіргендерге қысым көрсетілді. Алайда С.Е. Малов, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков,

А.Н. Бернштам, Л.Н. Гумилев, А.С. Аманжолов, М.Ш. Ширалиев, А.А. Иессен, М.З. Ямпольский, М.З. Закиев, Л.Р. Кызласов, М. А. Хабишев, С.С. Алияров, А.М. Щербак сияқты т.б. ғалымдар партия цензуразына қарамастан, түркі халықтарының өте ертеден келе жатқан көне халықтардың бірі екенін және олардың әлемдік мәдениетке қосқан үлесін көрсете білген еді.

Алайда әлемдік өркениетте өзінің анық ізін қалдырған түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті, оның ішінде түркі халықтарының тарихи-этнографиялық құндылықтары әлі күнге дейін толығымен кешенді түрде зерттелмей келе жатыр.

Десек те, түркі халықтарының тарихи-этнографиялық құндылықтары туралы зерттеушілердің жекелеген еңбектері бар. Мәселен, Г.Т. Хайруллиннің «Традиционная культура татарского народа» атты еңбегінде Волга бойы татарларының дәстүрлі мәдениеті, олардың жеке топтарының ерекшеліктері туралы қарастырады (сібір, астрахань т.б.). Онда баспана, оның ішкі жиһаздары, киімі, зергерлік бұйымдары да қамтылған. Онда қазіргі татар халқы мәдениетінің түркі әлемінің бір бөлшегі ретіндегі тарихи қайнар көзі көрсетілген.

С.В. Сулова, Р.Г. Мухамедованың бірігіп жазған «Народный костюм татар Поволжья и Урала (середина XIX начало XX вв.)» атты еңбегі татар халқының локальдық топтарының ұлттық киімі туралы, оның жергілікті ерекшеліктерін зерделейді.

«Этническая история и традиционная культура народов Средней. Азии и Казахстана» атты еңбекте қазақ, өзбек, тәжік, қырғыз, қарақалпақ сияқты Орта Азия халықтарының шығу тегімен қатар материалдық мәдениеті, оның ішінде баспанасы, үй жиһаздары, сәндік-қолданбалы өнері жан-жақты қарастырылған.

Р.У. Каримованың «Традиционные художественные ремесла и промыслы уйгуров» атты монографиясы ұйғыр халқының дәстүрлі қолөнерінің қалыптасуының жалпы көрінісін береді. Зерттеудің негізін автордың этнографиялық экспедициялар барысында жинаған құнды түздік мәліметтері және музей коллекцияларының анализі құрайды. Еңбекте Қазақстан ұйғырларының көркем қолөнері мен кәсіптері: ұсталық, зергерлік, ағаш ою, кесте, тері өңдеу және т.б. жан-жақты қарастырылған.

Д.А. Фахретдинова «Ювелирное искусство Узбекистана» еңбегінде өзбек халқының зергерлік өнерін жан-жақты саралаған. Еңбектен тақырыпқа қатысты құнды мәліметтер алуға болады.

С.Ш. Гаджиеваның «Материальная культура ногайцев XIX–начале XX вв.» еңбегіндегі деректерді қарастырылып отырған тақырыпты талдауда қолдана аламыз. Онда ноғай халқының зергерлік өнері, киімі туралы мәліметтер көптеп кездеседі.

Тыва халқының этнографиясы, атап айтқанда олардың дәстүрлі қолөнері туралы С.И. Вайнштейннің еңбектері жан-жақты мәліметтер береді.

Ал тәжік халқының этнографиясы жайында «Этнография в Таджикистане» атты жинақтағы деректерді негізге алуға болады. Онда тәжік халқының дәстүрлі мәдениеті туралы қарастырылған.

«Тюркские народы Сибири», «Тюркские народы Крыма» атты ұжымдық монографияларды, «Тюркские народы» деген энциклопедиялық анықтағышты айтуға болады.

Жалпы Қазақстан территориясындағы этностар мәселелеріне қатысты еңбектерге келетін болсақ, Н.Е. Бекмаханованың «Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX–1917 г.)» деген еңбегінің диссертациялық жұмысымыз үшін маңызы зор. Еңбектен солтүстік өңірлерге өзге ұлттардың қоныстануы сияқты мәліметтерді кездестіруге болады.

Белгілі демограф М.Б. Тәтімовтың еңбектері жалпы этномәдени үдерістерге арналған зерттеу тақырыптарын зерделеуде аса қажет. Оның «*Развитие народонаселения и демографическая политика (социально-философские аспекты системного изучения и комплексной разработки)*», «Халықнама немесе сан мен сана», «Дербестігіміз – демографияда» сияқты басқа да кітаптары мен ғылыми мақалалары этнодемографиялық үдеріс мәселелерін талдауға арналған.

А.Б. Галиевтің «Население Казахстана в конце восстановительного периода: численность, национальный, социально-профессиональный состав», Е.Н. Гладышеваның «О взаимовлиянии миграции и национального состава населения (на материалах Казахстана)» деген зерттеу жұмыстарынан тақырыпқа қатысты мәліметтерді кездестіруге болады.

Белгілі ғалым М.Х. Асылбековтің «Миграционные процессы и их влияние на современную демографическую ситуацию в Казахстане», «Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета» сияқты зерттеу жұмыстарындағы кездескен мәліметтер оқу құралын жазуда қолданылды. Еңбектер маңызды мәселелерді, оның ішінде Қазақстандағы миграциялық үдерістердің нақты тарихи-демографиялық мәнін қарастыратын іргелі зерттеулерге жатады.

К.С. Алдажұмановтың «Депортация народов в Казахстан» атты мақаласы Қазақстандағы этникалық топтардың қазақ жеріне келу тарихы туралы құнды мәліметтерге толы. Олардың осы өңірлерге келу себептері жан-жақты ашып көрсетілген.

Т.Ж. Жұмасұлтановтың «Народ Казахстана: современное состояние демографического и социального развития (обзор, анализ, комментарии)» атты еңбегі – тақырыпқа қатысты деректерге толы іргелі жұмыс.

Қазақстандағы этномәдени үдерістермен айналысып жүрген ғалым А.Б. Қалыштың Д. Жайлыбаевпен бірге «Қазақстан эзирбайжандары», және А.Б. Қалыштың М. Райымбековамен бірге шығарған «Қазақстан қырғыздары» сынды зерттеулері біздің тақырыбымызды талдауда маңызды еңбектер қатарына жатады.

Ж.У. Кыдыралинаның «Этнос и религия в Казахстане: история и судьбы» [33] сынды зерттеулердің де біздің қарастырып отырған мәселемізге қатысы бар. Еңбекте Қазақстандағы этностар мен діндер, этникалық мигранттар және олардың арасында болатын қақтығыстар туралы айтылады.

Е.Ю. Садовскаяның «Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы», З.К. Шаукеванованың «Социальное взаимодействие этносов в современном казахстанском обществе» атты еңбегінде қазіргі қазақстандық қоғамдағы этностардың қарым-қатынасы, бір-бірімен ықпалдастығы сияқты мәселелер зерделенген. Ал түркі халықтарының этномәдениеті туралы ғалым С. Бизаковтың «Түбі бір түркілер» [33], А.Тохтабайдың «Түркі халықтарының этномәдениеті» және Б.К. Қалшабаеваның «Орта Азия халықтарының этнографиясы» атты еңбектерінде түбі бір түркі халықтарының этногенезімен

қоса болмысы, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мәдениеті толықтай қаралады.

Жоғарыда аталған және басқа да зерттеулер оқу құралын жазуда негізге алынып, ондағы құнды мәліметтер музейлік деректер және түздік деректермен байланыста сараланады.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркі халықтары туралы жазған ежелгі авторлар кімдер?
2. Түркі халықтары туралы жазған ортағасырлық авторлар кімдер?
3. XVIII ғ. түркі халықтарының тарихының зерттелуі.
4. XIX ғ. түркі халықтарының тарихының зерттелуі.
5. Қазіргі кездегі түркі халықтарының зерттелуі.

1.2. Түркі халықтарының этникалық тарихы және орналасуы

Түркі халықтары – түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар. Түркі тілдес халықтар Еуропа мен Азияда қатар қоныстанып, Шығыспен батысты байланыстырып тұрған ежелгі көшпелі қауымнан құралған.

Түрік атауы – ежелгі атау. «Түрік» деген сөз (тарихта 542 жылдан бері белгілі) «күшті», «ержүрек», «айбынды» деген мағынаны білдіреді. 522 жылы Алтайда Көк түріктер мемлекеті құрылды. 1500 жылдық ықылым заманнан бері, талай халықтар тарих сахнасынан жоғалып кетсе де, түрік туы жығылған жоқ. Түркі халықтарының этникалық тарихына шолу жасайтын болсақ, түркі халықтары – түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар. Түрік атауы – ежелгі атау. Алғаш рет біздің дәуіріміздің VI ғасырынан бастап белгілі бір тайпа тобына қатысты қытай жылнамаларында айтылады. Алайда түріктер олардың этнонимі тарихта тіркелмеген заманға дейін де өмір сүрген. Орта ғасырлық қытай жылнамалары бойынша, шығу тегі «варварлық» Солтүстік Вэй әулеті Солтүстік Қытайда қоныстанған көшпелілердің арасынан шыққан. Осы көшпелі тайпалардың ішінде түріктер де болған. «Түркі» этнонимін бұдан да бұрынғы қытай дереккөздері хабарламаларымен де байланыстыруға болады. Б.д. 287 ж. «Цзинь әулетінің тари-

хында», бірқатар тайпалар тізбектеліп келтірілген, оның ішінде «аса қадірлі және күшті» деген ту-гэ тайпасы аталған. А.Н. Кононовтың айтуынша «түрік» сөзі «күшті», «мықты» дегенді білдіреді.

Ал түркітанушы М. Аджи «Сага Великой степи» еңбегінде түрік этнонимінің шығуы туралы: «...почти три тысячи лет назад этнические разные племена Древнего Алтая собрались под знаменем веры в Тенгрию Они, поверившие в силу нового Бога, стали союзниками, носителями новой духовной культуры. Отсюда имя, этноним «тюрк» то есть «душа, наполненная Небом», таков вариант его перевода с древнетюркского языка» деген сипаттама береді.

Түркі халқынан тараған тайпалық одақ этникалық біркелкі болмады: оған түріктер, моңғолдар, угрлар (яғни мадьярлардың арғы аталары), хантылар және мансилер, сондай-ақ палеоазиаттар кірді. Осы халықтардың тілдерінде түрік, моңғол, сондай-ақ тунгус-маньчжур тілдерінің ұқсас қасиеттері бар, сондықтан оларды гипотезалық түрде алтайлық семья тобына біріктіреді. Тілдердің ұқсастығы қандай да бір жағдайда халықтардың тағдырларының тарихи ұқсастығын бейнелейді. Б.д. I мыңжылдығында түркілер Орта Азиядағы (орта азиялық түріктер) иран-тілдес халықтармен бірге араласа отырып, орта Азияға қоныстанды. Түріктердің алғашқы әйгілі мемлекеттік бірлестігі (V ғасырдан бастап Еуропада ғұн атауымен белгілі) Хунну ордасы болды. Олар хунн, угра, сармат және германдықтармен біріге отырып, қазіргі Францияның аумағына дейін жетті, бірақ оларды франктер жойып жіберді. VI ғасырдан бастап Сырдарияның орта ағысындағы және Шу өзенінің бойындағы облыс Түркістан немесе Тұран деп атала бастады. Бұл топонимдердің негізінде Орталық Азиядағы ежелгі көшпелі және жартылай көшпелі иран тілдес халықтардың жалпы тайпалық атауы болып табылатын «тұр» этнонимі жатыр. Мемлекеттің көшпелі түрі көптеген ғасырлар бойы азиялық жазықтарда билікті ұйымдастырудың басым нысаны болып табылды. Түріктерден басқа, моңғолдарға да таралды. Көшпелі мемлекет бір-бірін алмастыра отырып, Еуразияда б.д. I мыңж. ортасынан XVII ғасырға дейін өмір сүрді. 552–745 жылдары Орта және Орталық Азияда ұйғырлар жойған Түрік қағанаты

өмір сүрді. Түрік қағанаты 603 жылы екіге бөлінді: Батыс және Шығыс қағанаттары болып. Батыс қағанаттың құрамына (603–658) орта Азияның аумағы, қазіргі Қазақстанның жазық далалары және Шығыс Түркістан кірді. Шығыс қағанаты өзінің құрамына Моңғолия аумағын, солтүстік Қытайды және оңтүстік Сібірді қосты. 658 жылы Батыс қағанат шығыс түріктерінің соққыларынан құлады. 698 ж. Солтүстік Кавказ, Еділ және солтүстік шығыс Қара теңізі аумақтарында түргештердің тайпалық одағының көсемі Учэлик жаңа түрік мемлекетін – Төргеш қағанатын құрды (698–760). 972 жылы Киев князі Святославтың соңғы соққысының нәтижесінде Хазар қағанаты өмір сүруін тоқтатты. V–VIII ғасырларда Еуропаға келген көшпелі түрік тайпалары – болгарлар бірқатар мемлекеттер құрды. VII ғасырда Балқанның шығысында Ұлы Болгарияны құрды. Болгарлардың өзге бөлігі Еділ, Кама өзендерінің бойында көшіп-қона жүріп, моңғолдар бағындырған Еділ Болгариясын (X–XIII) құрды [40]. IX ғасырдың екінші жартысында хазарлар ығыстырған печенегтер солтүстік Қара теңіз аймағына қоныстанып, Византия мен Ежелгі орыс мемлекетіне қауіп-қатер тудырды. 1019 жылы печенегтер ұлы князь Ярославтан жеңілді. XI ғасырда хазарлар оңтүстік орыс далаларында XIII ғасырда моңғол-татарлар бағындырған және жойған қыпшақтарды алмастырды. Ғұндар да, хазарлар да, печенегтер де, өзге де тайпалық бірлестіктер де тек түрік болып қана қойған жоқ, олар өздеріне әртүрлі этникалық топтарды қосып алып отырды. Темірлан XIV ғасырдың соңында Орта Азияда өз империясын құрды, бірақ империя ол қайтыс болған соң (1405 ж.) құлдыраған болатын. Сонымен қатар б.д. I жарты мыңжылдығында жекелеген түрік топтары Кавказдың оңтүстік бөлігіне ене бастады, алайда бұл үдеріс өңірдің этникалық құрамын өзгертуге әкеп соқпады. Түріктер б.д. XI ғасырының ортасында ғана (салжұқтар) Алдыңғы Азия (Кавказдың оңтүстігі, Иран, Армения, Анатолия) аумағына жаппай қоныстана бастады. Дала көшпелілері адамзат тарихы мен мәдениетінде парсылар мен гректерден немесе римдіктерден кем рөл атқарған жоқ. Олардың дүниежүзі тарихындағы рөлі әрбір халық секілді ерекше болды. Бұлар өздерінің әлемдегі ең керемет жылқыларымен біртұтас

болып келетін керемет салт аттылар мәдениетін құрды. Кейде олар аттың үстінде туылғандай және жерге ешқашан түспегендей көрінетін. Олар бірінші болып атқа міну мен аттан түсуді үйренді, олар ер-тоқымды және ат әбзелдерін ойлап шығарды, олар озат садақшылар болды. Осылайша, олар ғасырлар бойы аттың үстінде, толығымен қаруланған жеңімпаздар атанды. Түркілер – бұл түркі тілдес халықтар дегеннен де маңыздырақ. Түркілер өздерінің дамуында әлемге өркениеттің жаңа деңгейін («темір») әкелді. Сонымен қатар жауынгерлік бірлік деңгейіне дейін үйретілген жылқыны; иілген қылышты (тік қылышқа қарағанда жақыннан ұрысудың аса тиімді қаруы); ірі бірақ жеңіл (ұшпа) атты жасақты және оның қолдану стратегиясы мен жаңа әдісін; жаяу және атты ұрысты жүргізуге бейімделген киімдерді әкелді. Бұлар сол заманның ең озық ғылыми-техникалық өрлеу деңгейінің айқын белгісі болатын. 1220–40 жылдардағы шығыс Еуропаға бағытталған моңғол-татар шапқыншылығы көшпелілердің жаппай қозғалысына әкеп соқтырды. Еуразиялық жазық далаларда (Алтайдан Карпатқа дейін созылған моңғол кезеңіне дейінгі Дешті-Қыпшақ атауымен белгілі болған қыпшақ даласы) қыпшақтар талқандалды; 1236 жылы Еділ Болгариясы жаулап алынды. 1240 жылдардың басында Алтын Орда құрылды, оның құрамына Хорезм, Солтүстік Кавказ, Қырым, Еділ Болгариясы, Орал, Батыс Сібір енді. Халықтың басым бөлігін тілі мемлекеттік тіл болған қыпшақтар құрады. Сол заманда кейінгі алтынордалықтар бірлестігі қалыптасты Астраханьдық, Қазандық, Қырымдық, Сібір хандығы, Ноғай Ордасы; XV ғасырдың соңында және XVI ғасырдың басында Қазақ хандығы (қазақтардың құрамында тарихи түрде қалыптасқан Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) және Өзбек хандығы құрылды. Олардың халқы әртүрлі түркі тілдес тайпалардан (ноғайлар, қыпшақтар, башқұрлар, қазақтар) және халықтардан (қазан татарлары, чуваштар), сондай-ақ фин-угорлардан (мордва, марийліктер, ұдмұрттар, ханты, манси) құралды. Хандықтар өмір сүрген кезеңдерде түркі халықтарының өзге жұртқа кірігулері де қоса орын алды. Мәселен, XVI ғасырдың ортасында Еділ мен Оралдың бойындағы түркі халықтары Орыс мемлекетінің құрамына кірсе, Сібірдің түркі халықтары

XVII ғасырда, Кавказ, Қазақстан және Орта Азия халықтары XVIII–XIX ғасырларда қосылды. Түркі халқының шығу тегі мен салт-дәстүрлері – ғылымда аз зерттелген мәселе. Сосын бұл тақырыптың толық зерттелмегендігі сол кездегі ғылыми базаның әлсіздігінен ғана болған жоқ. Бұл сонымен қатар оған көптеген ғалымдардың біржақты қарауымен де тікелей байланысты болды.

Түркі тайпалары мен халықтары туралы ежелгі және орта ғасыр тарихшылары көп мұра жазып қалдырған. Олардың ішінен, әсіресе Гекатей, Гесиод, Геродот, Страбон, Плиний, Помпоний Мела, Птолемей, Мовеев Хоренаци, VII ғасырдағы «Армян географиясының» авторы Ананий Ширакаци, Ибн ал-Асир, Рашид ад-Дин, Хордадбех, Абу-л-Фида Ибн Хаукаль сынды ғалымдарды атауға болады. XVIII ғ. түркі халқының этнографиясы мен тарихын зерттеуде салт-тұрмысы, діні, тілі және әдет-ғұрыпы туралы құнды мәліметтер қалдырған атакты шығыстанушы-саяхатшылар И.А. Гюльденштедт, П.С. Паллас, Г.Ю. Клапрот өз үлестерін қосты.

Әлемге әйгілі түркітанушы ғалымдардың бір тобы Еділ-Орал өзен аралығын түркі тайпаларының атажұрты деп санайды. Алтай, оңтүстік Сібір және Байқал өзенінің бойы олардың екінші атажұрты болуы мүмкін, олар ол жерден қайтадан Еуропаға және Батыс Азияға қарай бет алған деп санайды. Э.И. Эйхвальд біздің дәуірімізге дейін түркі тайпалары Еуропада өмір сүрді деген тұжырымды алғаш рет ғылыми тұрғыдан негіздеді: «Сақтарға әртүрлі түрік ұрпақтарын қоса есептеу сирек емес. Сақтар деп түрік тайпаларын пайымдаудың да сансыз дәлелдері бар. Геродот Тюррагеттер мен Түріктерді атап өтеді. Орыс академигі А.Н. Аристов: «Көптеген жаңа зерттеушілердің пайымдауынша, өзге де авторлардың және Геродот сақтарының бір бөлігі түрік тайпасына жатуы әбден мүмкін». Сақтардың арасында түркі тілдес тайпалардың болғаны туралы VI ғасырдың екінші жартысында «Тарих» деп аталатын еңбегінде Геродот жазды. Венгр түркітанушысы Юлиус Немет: «Бізге мәлім болғандай түріктер өмір сүрген ежелгі аумақтар әдетте Орталық және Шығыс Азияға жатқызылады. Бұған қарсы пікір ретінде мен басқа

өз болжамымды ұсынамын, тіл деректері бойынша, түріктердің қоныстанған ежелгі аумақтарын Батыс Азиядан іздеуіміз керек. Түрік тайпаларын оралдықтардан қашықтатудың қажеті жоқ және Орал тайпаларының алғашқы аумақтарын Орта немесе шығыс Азия аумақтарына жатқызуға еш негіз жоқ» деп жазды: [46]. Осы тұжырымдаманы академик Немет 1912–1914 жылдары ежелгі уақыттан бері Шығыс Еуропаға қоныстанған венгрлердің, балқар, қарашайлардың, құмықтардың, татарлардың және өзге де бірқатар халықтардың тіл тарихын зерттегеннен кейін барып ұсынды. Көп уақыттан бері түркі тілінің тарихы орхон-енисей ескерткіштерінен басталады деп саналып келді, себебі олар түрік тілінің ең ежелгі ескерткіштері болып саналды. Сондай-ақ біздің дәуірімізге дейін және біздің дәуіріміздің басында ежелгі түрік тайпаларының Орал тауларымен Еуропаның батыс бөлігі аумақтарында қоныстанғаны мәлім». Сонымен қатар орхон жазбаларына дейін, б.д. I ғ. ғұндардың да өз руна жазуы болған. Ғалымдар Геродоттың еңбектеріне арқа сүйей отырып, б.д. дейінгі V ғасырда, мүмкін одан да ертерек заманда Ежелгі түріктердің Қара теңіз, Алдыңғы Азия және Кавказ аумақтарына қоныстанғанын дәлелдеді.

Қазіргі таңда көптеген түркітанушылар – түріктердің атажұртын Алтай, оңтүстік Сібір және Байкал маңы деп санауға бейім. Атақты ғалымдар түріктердің алғашқы отаны Еділ-Орал өңірі, әрі Азия мен Еуропа өңірлеріне түрік тайпалары б.д. дейінгі IV ғ. III мыңжылдығында қоныстанды деп санайды. Еділ-Орал өңірі, әсіресе оның жазық және орманды жазық жерлері ол жерге қоныстанған халықтар үшін қолайлы болды. Бұл жерде мал жаю үшін керемет жайылымдар, жабайы аңдар мен құстарға толы ормандар, балығы мол өзендер мен көлдері, пайдалы қазба кендері жеткілікті болды. Әсіресе Оралдың, Еділдің, Солтүстік Каспийдің, Солтүстік Қара теңіздің, Солтүстік Кавказдың жазық және орманды жазық аймақтарында, сондай-ақ Қазақстан мен Түрікменстан жазықтарында б.д. дейінгі IV мыңжылдықта жабайы жылқыларды қолға үйрету аса маңызды болды. Ол мәдениеттің әлемнің өзге аймақтарына дәл осы жерден тарағанын

ғалымдар анықтады. Әлемнің ең озық егіншілік өңірінде – Алдыңғы Азияда жылқы шамамен б.д. дейінгі II мыңжылдықта пайда болды. Салт атпен жолаушылауға және жегулі аттармен үлкен қашықтықтарды басып өтуге мүмкіндік туды. Бұл мал өсіруші көшпелілер мен сарбаздар үшін аса маңызды болды. Ежелгі түріктер осылайша өмір сүрді. Еділ-Орал өңірінің жылдам дамуына төмендегі географиялық факторлар да ықпал етті: бұл өңір Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасқан, ол арқылы мыңдаған жылдар бойы батыстан шығысқа қарай, солтүстіктен оңтүстікке қарай және өзге де бағыттарда көптеген тайпалар жүріп өткен. Бұл жерде түріктердің арғы аталарымен қатар фин-угор және олардан да қашық өзге халықтар бір-бірімен араласқан. Онда әртүрлі салт-дәстүрлер тоғысып, бұл өңір әртүрлі мәдени орталарды байланыстырған аймаққа айналған. Қоныстанған елді мекендердің кішігірім ғана ауқымына қарай, адамдар жылжымалы, көшпелі өмір сүрген деп болжауға болады. Олар үңгірлерде, күркелерде, жылытылған жеркепелерде және кейінірек киіз үйлерге ұқсас жартылай жеркепелерде мекендеген. Оңтүстік Орал мәдениетінің шекарасы оңтүстікте қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан аумағында бауырлас мәдениеттің таралу аумағымен тоғысты, шығысында оның шекарасы Батыс Сібірдегі Тобыл өзенінің бойымен өтті.

Кең алқапты қамтыған тарихи-мәдени ортаның шеңбері ұлғая келе, егіншілікпен айналысатын үш іргелі орталықтармен (Еуропа, Алдыңғы Азия және Орта Азия) тоғысты. Бұл кеңістіктер өз кезегінде мал шаруашылығымен айналысатын ірі құрылымдардың қалыптасуына және кәсіптердің алмасуына маңызды ықпал етті. Сөйтіп, ежелгі тайпалардың араласу және қоныстану процесін жеңілдетті. Ірі кеңістіктерде ежелгі көшпелілердің мәдениеті біркелкі болып қала алмады. Үнемі жылжып отыруларына байланысты, басқа көшпелілермен араласып, өзге тайпалардың экономикалық және мәдени жетістіктерімен бөлісе отырып дамуға бет алды. Еділ-Оралдың ежелгі көшпелі тайпалары, негізінен, еуропатектес болды, бірақ олардың арасында монғолтектес, дәлірек айтқанда, лапанойдтектес сипаты барлар да кездесті.

Оңтүстік батысқа қарай көшкен көшпелілер Кавказдың ежелгі тайпаларымен тығыз байланысқа түсті. Олар осы жерден қазіргі Әзірбайжан, Армения, Алдыңғы және Кіші Азия аумақтарына еніп, егіншілікпен айналысатын ежелгі отырықшы тайпалармен тығыз байланысқа түсті. Олардың кейбірі енді егіншілікпен айналыса бастады, кейбірі көшпелілермен бірге отарлап мал өсірумен айналысты. Шығысқа қарай көшкен кезінде ежелгі ямдықтар сары нәсілді тайпаларымен араласты, олардың басым бөлігі монғолтектес сипаттарға ие бола бастады. Саян-Алтайдың таулы жазықтарында, Орта Азия мен Қазақстанда олар түркі халқының негізгі компоненттерін – қазақтар, қырғыздар, хакастар, алтайлықтар, тывалықтар, ұйғырлар, якуттар, өзбектер, түрікмендер және басқаларды топтастырды. Түрікменстанның оңтүстігі, Арал алқаптары арқылы ежелгі көшпелілер Солтүстік Иранға және Ауғанстанға еніп, ол аймақтарда да егіншілікпен айналысатын ежелгі тайпалармен араласты. Батыс және оңтүстік батыс бағыттарға қоныстанған ежелгі ямдықтар өздерінің еуропатектес болмыстарын сақтай отырып, ежелгі кавказ болгарлары, қарашайлықтар, балқарлар, құмықтар, әзірбайжандар, түрік османдары және басқалардың этногенезін қалыптастырған үдерістің негізгі құрамдас элементі болды. Ежелгі ямдықтардың басым бөлігі ежелгі атажұртта қалғаны сөзсіз. Олар еділдік түркітілдес халықтардың – татарлар, башқұрлар және чуваштардың қалыптасуына ықпал етті. Батыста шығыс тайпаларының қарамақарсы қозғалысымен соқтығысқан ежелгі ататүрік тайпалары Орта Азияға, Алтайдың таулы бөктеріне, Саянға, Байкалға қайтадан, кері қарай Шығыс Еуропа алқаптарына жылжуға мәжбүр болды. Ежелгі ескерткіштер мен ежелгі атажұртына деген ұмтылыс ежелгі болгарлар мен хазарларды Еділ мен Оралдың алқаптарына бірнеше мәрте кері қайтуға мәжбүрледі. Алтай, оңтүстік Сібір, Байкал – ежелгі түрік тайпаларының екінші атажұрты. Осы жерден олар біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырынан бастап Еуропаға толқын толқынымен ағылып отырған.

Түркітілдес халықтардың ежелгі дәстүрлі мәдениеті, ең алдымен, көшпелі мал шаруашылығымен байланысты болды. «Халықтардың ұлы көші» дәуірінде батысқа қарай өз қозғалысын бастай отырып, түркітілдес халықтар (хазарлар, печенегтер,

қыпшақтар және басқалар) Қазақстанның жазық кеңістіктеріне және үндіеуропалық семьядағы халықтар секілді солтүстік Индиядан Скандинавияға дейін қатар қоныстанған. Алайда кейінгі ғасырларда көптеген түркітілдес халықтар тарих сахнасынан жойылып кеткен немесе егінші-славяндардың отарлау ағынының салдарынан кері шегінген. Сондықтан ХІХ ғ. соңында түркітілдес халықтар үлкен кеңістіктерде өмір сүрсе де, (батыста Қара теңізден Орта Еділге дейін, оңтүстік шығысында Алтайға дейін, шығысында Чукоткаға дейін), Қазақстан мен Орта Азияны қоспағанда, аталған кеңістіктің жекелеген немесе шағын аймақтарын ғана мекендеген.

Антропологиялық тұрғыдан, замануи түркітөктес халықтар екі ірі нәсілге бөлінеді. Олар – моңғолтөктес және еуропатөктес нәсілдер. Алайда аралық өтпелі түрлері де кең таралған. Мәселен, моңғолтөктестерге якуттар, хакастар, тывалықтар, том татарлары, алтайлықтар және басқалар жатса, еуропатөктестерге әзірбайжандар, балкарлар, гагауздар, қарашайлар, құмықтар, түріктер және басқалар жатады. Сонымен қатар аралас туранойд төктес түс-әлпет (мұнда моңғолтөктес белгілер еуропатөктес белгілерден шамамен 60 %-40 % басымырақ келеді), қазақтарға, ноғайларға және қарақалпақтарға тән.

Әзірбайжандықтар – өзіндік бай мәдениеті бар, ерте кезден жазу дәстүрі берік орныққан, қолөнері мен сауда-саттығы дамыған, кең жүректі, кемел ойлы атақты ғұламалар шыққан көне түркі халқының бірі. Халық өзін әзірбайжанлы деп, кейде азе-ри деп те айтады. Әзірбайжан – грек сөзі. Қазақшаға сөзбе-сөз аударғанда «от сақтаушылар елі» деген мағынаны білдіреді, яғни отқа табынуға байланысты пайда болған сөз, ал басқа бір нұсқа бойынша бұл сөз «аз» және «эр» деген сөздерден құралған, оның бірінші бөлігінің мағынасы түркі тілінен аударғанда, «жақсы үміт», «сәтті тағдыр» дегенді, ал «эр (ержүрек) ер адам», «батырдың ұлы», «отты сақтаушы» деген мағынаны білдіреді. 1989 жылғы санақ бойынша бұрынғы Кеңес Одағындағы әзірбайжандар саны – 6771 мың адам болып, олардың 97,7 проценті өз тілін ана тілім деп таныған. Олар, негізінен, Әзірбайжан Республикасында, сондай-ақ, Грузия мен Дағыстанда, Қазақстан мен Орта Азияда,

Ресей Федерациясында тұрады. Алыс шет елдерде, Иракта, Түркия мен Ауғанстанда да әзірбайжандар жинақы қоныстанған. Ресми дерек бойынша, қазіргі таңдағы әзірбайжанның бүкіләлемдік жиынтық саны – 16,5 миллион адам.

Әзірбайжан этносының қалыптасу тарихы ұзақ уақытты камтиды: б.з.д. IV–III ғ. мен б.з. X–XI ғ. аралығы. Олардың тарихи отанында қалыптасуына Селжүк-оғыз және моңғол тайпалары қатысқан. Әзірбайжан этногенезінің құрамына оғыздармен бірге сақ, гунн, бұлғар, печенег, қыпшақ, албан тайпасы кірген.

Ғалым А.Тохтабай әзірбайжандардың ұлт болып қалыптасу тарихында бірнеше кезеңдерді бастан өткізгендерін айтады. Қазіргі Әзірбайжан Республикасы жерінде ең көне Агатта тайпасы біздің заманымыздан бұрынғы 3 мыңжылдықтың бірінші жартысынан пайда болды. Кейін б.з.б. IX ғасырда Үрмия көлінің маңында өмір сүрген Манн тайпаларының бірлестігі нәтижесінде Манн мемлекеті қалыптасты. Бұдан кейін Манн мемлекетін Мидия державасы басып алып б.з.б. VI ғасырдың орта тұсында Ахеменид мемлекеті құрамына енгізілді. Б.з.б. IV ғасырында Ескендір армиясы Ахеменид мемлекетін жойғаннан кейін, елді Әзірбайжанның көне атауларының бірі – Атропатен деп атады. Астанасы Газақ қаласы болды. Атропатен – көне грек деректерінде «от елі», «от сақтаушы ел» деген ұғымды білдіреді. Кейінірек Атропатен парсылар тілінде «адербадечан», арабтар арасында «адербайджан», «азербайджан» деп аталды. Орта ғасырдың басынан жергілікті халық сасанид, византия және басқа да жаулап алушыларға қарсы күрес жүргізді. Б.з. IV ғасырынан бастап албандықтарға қарсы солтүстіктегі көшпелі тайпалар, ғұндар мен хазарлар үнемі шабуылдап отырды. Б.з. VI ғасырдың алғашқы он жылдықтарында Әзірбайжан халқының тарихы мен тағдырында хазар қағанаты, одан кейін сәл кейінірек Араб халифаты маңызды рөл атқарды. Әзірбайжанда қалыптасқан зороастризм және христиан дінімен қатар, VIII ғасырда ислам діні қоса дамыды.

Әзірбайжан халқы өз ата қонысын шетелдік басқыншылардан сан ғасыр бойы ерлікпен қорғап келді. Алайда күшті мемлекетке бірікпеген бытыранды елге өз тәуелсіздігін сақтап қалу

қиынға соқты. Бертін келе әлденеше рет қайталанған Иран әскері жеңіліске ұшырап, 1813 жылы Гюлистан мен 1828 жылғы Туркменчай бітім шарттары бойынша Солтүстік Әзірбайжан мен Нахичеван түгелдей Ресейге қарады. Осылайша ел территориясы екіге бөлінді.

Ирандағы әзірбайжандар – сол жердің автохтонды халқы. Олар – өз ата-бабасының қонысында мекендеушілер.

Әзірбайжандар кешеге дейін тоталитарлық жүйенің айтқанына көніп, айдағанымен жүріп келді. И.В. Сталиннің саясаты осы этностарды жазалау арқылы орыс және грузин этностарының өркендеуіне ашықтан-ашық жол ашты.

Соның біріншісі Грузияны қосқанда Кавказ территориясы, екіншісі – аймаққа іргелес мемлекеттер мен республикалар. Осыған қарамастан, тіпті Ресей империясының отарлық үстемдігінің және Кеңестік тоталитарлық тәртіптің тигізген қарамақайшы зардаптары, олардың тарихын, тегі мен тұқымын құртып жібере алған жоқ. Үшіншіден, әдет-ғұрып, салт-дәстүр және бірдей түсінік, соның ішінде тілдерінің ұқсастығы сияқты этномәдени арақатынасының жақындығы екі жақты біріктіреді.

Қырғыздар б.з.б. V–III мыңжылдықтарда қырғыз даласында өмір сүріп, мал өсіріп, жер өңдеп, егіншілікпен айналысқан. Солтүстік Қырғыз аймағындағы тайпалар Енисейден Оралға дейінгі кең байтақ жерде көшпелі өмір сүрді. Б.з. III ғасырының соңына қарай қырғыздардың мемлекеттілігі қалыптаса бастады. Қытай тарихшысы Сыма Цян оларды Хунгюю Гегунь Го деп атады. «Го» қытай тілінде мемлекет, ел хандық дегенді білдіреді. Б.з.б. II ғ. қырғыз жерінде өмір сүрген сақ тайпалары Орта Азияның басқа аймақтарына қарай ығыстырыла бастады, ал қалған бөлігі үйсіндермен араласып кетті. Кейін үйсіндер өмір сүрді. Оңтүстік аудандары Парқан мемлекетіне кейін Кушан империясына бағынды. VII–VIII ғасырлардың соңында Барыс бек басқарған Қырғыз қағанаты өз алдына жеке мемлекет болып құрылды.

X ғасырда қырғыздардың Тянь-Шань өңірін мекендегені жайлы жазба деректерде баяндалады. Ол кезде Шу, Талас өзендері маңында, Ыстықкөл жағалауында қалалар мен отырықшы аудандар көбейе бастады. Батыс Түрік қағанатының, Түркеш

қағанатының (581–766) және Қарлұқ қағанатының (766–940 ж.) басты қалалары солтүстік Қырғыздың Шу өңірінде орналасқаны тарихтан белгілі. X ғасырдан XII ғасырға дейін Қырғыз жерінде Қарахан мемлекетінің негізгі бөлігі қоныстанды. Астанасы Шу бойындағы Баласағұн қаласы болды. Моңғолдар жаулап алған жерлеріне көшпелі тайпаларды қоныстандырды. Тянь-Шанның бір бөлігі мен Шығыс Түркістан Шағатай ұлысының құрамына кірді. Қырғыздардың негізгі бөлігі Алатао етегін қоныстанды.

XV ғ. екінші жартысында солтүстік қырғыз жерінде қырғыз тайпалары бірігіп, өз алдына жеке хандығын құрды. XVI ғ. жоңғар (ойрат) шапқыншылығына қарсы табанды күрес жүргізді. 1842 жылы Қоқан хандығына Шерәлі сайланған соң, қырғыздар өз хандарын сайлау туралы Ыстықкөлдің батыс жағында Құрылтай өткізді. Оған Шатқал, Талас өңірі, Шу, Нарын, Ыстықкөл өңірлері, қырғыздың сарыбағыш, саяқ, бугу, солто, саруу, кучу, черик тайпалары өкілдері қатысты. Хан болып Сарыбағыш тайпасының манабы Ормон сайланды.

XIX ғ. 60-жылдарында Россия империясы Қоқан хандығына қараған жерлерді басып ала бастады. Қырғыз жерін жаулап алған Россия империясы мұнда өз билік жүйесін енгізді.

XX ғ. 1985 жылы Орталықтан (Мәскеуден) басталған қайта құру дәуірі бодан республикалардың тәуелсіздігін қалпына келтіру мәселесінде алғышарты болды.

1990 жылы қараша айында Қырғызстан Республикасы деп аталды. 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялаған Қырғыз республикасын әлем елдері тани бастады.

Сонау көне түркіден бастау алып, өніп-өскен қыпшақ тайпасының бүгінгі бір ұрпағы – құмықтар.

Құмықтар – Дағыстан Республикасының байырғы халықтарының бірі, Солтүстік Кавказдағы түркі халықтары ішіндегі біршама ірі ұлтқа жатады. Дағыстан халықтары арасында саны бойынша үшінші орында, Ресей Федерациясында – 503,1 мың адам, оның 431,7 мыңы (14,9%) – Дағыстан Республикасында. Құмықтар ежелден осы өлкенің құнарлы жазығын мекендеген. Дағыстаннан тыс Ресейдің басқа аймақтарында 71 мыңға жуық адам, яғни Ресей Федерациясындағы құмықтардың 14 %-дан

астамы тұрады. Өздерінің аты – кьумукь (құмық), осы эндонимнен орысша, ноғайша – кумык, шешенше – гумкхи сөзі шығады, Дағыстанның таулы халықтарында құмық сөзі «өзен аңғары тұрғындары» деген мағынаны білдіреді. Ғалымдар құмық этнонимінің этимологиясын түрліше түсіндіреді: оның ішінде «гунн» (тайпа аты), «кьон» + «укь» (салт атты тайпа), «кум» (құм), «кув» (аққу, шамамен, бұрынғы тайпалар тотемі). Құмықтар Солтүстік Кавказдағы үлкен еуропаидтық нәсілдің кейбір топтарда кавказдық түрімен араласқан ежелгі каспийлік антропологиялық түріне жатады. Дағыстанның көне жазулы әдеби тілінің бірі құмық тілінде сөйлейді. Ол түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады, әйтсе де құмық тілінде ғұндар тілінің (б.з. IV ғ.), бұлғар, хазар (V–X ғ.) және оғыздар (XI–XII ғ.), тілдерінің көне элементтері кездеседі. Бұл – құмық халқының осы ұлыстардың тарихи ұрпақтарының бірі екендігінің дәлелі.

Құмықтардың шығу тарихы туралы ғалым Клапротаның пікірінше, олардың ататектері хазарлар белгілі ортағасырлық тарихи мәліметтерге қарағанда құмықтардың бір тайпасы осы күнге дейін «шезарлер» деп аталады. Ал кейбір ғалымдардың пікірінше, құмықтар – ол татарлар, кавказ жерінде ерте кездерден бастап қоныстанып, сол жерде алпауыт тайпа құрып, «кумыки» және «кази-кумықтар» деп аталған. Құмықтардың арғы тегі Темірланға бағынған, Птоломей қазіргі құмықтар мекен етіп жатқан жерде ежелде кама немесе камаки деген тайпалардың өмір сүргенін айтады. Құмықтардың өздерінің шығу тегін татарлармен байланыстырады. Ресейдің құмықтармен алғашқы байланыстары 1614 жылмен мерзімделеді, архив құжаттарында патша Михайл Федоровичке құмық ханы Гирей және оның бауырлары атынан жіберілген құжаттар көрсетілген. Келесі жылы құмықтардың Ресейге бағынғаны жайлы жазылған құжат көрсетілген. Қандай жағдай болмасын, құмық халқының кейбір тайпалары Ресей бодандығынсыз 1594 жылға дәлірек айтқанда, Федор Иоанновичтың патшалығы кезінде Койсуға жақын жерде бір қалашық өмір сүрген, сондай-ақ 1604 жылы Борис Годунов кезінде Сунже бекінісі салынып жатқанда, Эндери және Тарки аумақтарында мекенде-

ген. Дәл осы жылы құмықтар бас көтеру ұйымдастырған, черкестер мен Дағыстан лезгиндерімен қосылып, көтеріліс нәтижесінде қолбасшы Бутурлинді Терек бекінісін тастап кетуге мәжбір еткен. Дегенмен де құмықтар Ресей империясымен достық қарым-қатынастарын 1722 жылға дейін жалғастырып тұрған, осы кезде Петр I Персия жеріне жорығын бастаған, сол кезде құмықтар тағы да көтеріліс ұйымдастырған, олар орыстарға шабуыл жасаған, бірақ жеңіліске ұшырап, Эндери (сол кездері бұл аумақта үш жүзге дейін үйлер болған) жерін тонағаны және сатқындық жасағаны үшін жазаға кесілген. Осы жағдайдан кейін құмық халқы Ресей империясына адал және әр кез сабырлы әрі көнгіш болған.

К.М. Алиев өзінің мақаласында ежелгі құмық халқы – Каспийдің солтүстік батысынан Волганың төменгі жағына дейінгі жерді мекендейтін отырықшы егіншілікпен, көшпенділікпен айналысатын тарихи-этнографиялық аймақты алып жатқан халық. Қытай жазбаларында III–IV ғ. ғұндардың батыс қағанатындағы ежелгі құмықтар туралы мәліметтердің кездесетінін де көрсеткен.

Ал ғалым Ахмед Жафароғлы: «Құмықтар – VII ғ. Хазар жерінде қалыптасқан екі ірі оғыз-қыпшақ түркі этностарының араласу нәтижесінде Кавказды Моңғол жаулағанға дейін пайда болған байырғы түркі халқы. Құмықтардың өмір сүру салтынан, олардың мәдени-шаруашылық түрлерінен, тілі мен диалектілері олардың түркі халықтарының шыққандығы айқын» дейді.

Түпкі тегі бір түркі халықтарының тарихын жазған С. Бизақовтың еңбегінде: Құмық халқының қалыптасуына ерте кезден солтүстік Кавказды қоныстанған әр алуан тайпалар, түркі ұлыстары, әсіресе X–XI ғасырдағы қыпшақтар басты ықпал еткен. Құмықтар басқа да тау халықтарымен біріге отырып, XIII ғасырда татар-моңғол басқыншыларына табан тірескен қарсылық көрсетіп, атақонысын қорғады. Өмір тіршілігі жаугершілікпен өткен халықтың мұнан кейінгі тарихы да ерлікке толы. Құмықтардың тілі мен тұрмыс-тіршілігіне, тарихы мен этнографиясына қатысты естеліктер, зерттеу еңбектері сонау XV ғасырдағы тверлік көпес Афанасий Никитиннен басталып, Петр біріншінің Дағыстанға жорығынан кейін жалғаса түсті. Петр патшаның қасына ерген дәрігер

Джон Белль құмық әйелдерінің сұлулығын, бұл халықтың кереметтей қонақжайлылығын өз естелігінде сүйсіне сипаттайды. Одан кейін де бірнеше шетелдік, отандық ғалымдардың құмық халқының шығу тарихы мен тілі, кәсібі мен әлеуметтік қарым-қатынасы жайында зерттеу еңбектері жарық көрді. Құмықтардың билеуші топтарына шамқал, бек, дін иелері жатқан. Еңбекші қауым бірнеше топқа бөлінген. Уздендер – басы бос ерікті шаруалар. Чагар басыбайлы шаруа деп жазады.

Антропологиялық жағынан құмықтардың Дағыстан мен басқа да тау халықтарынан айырмашылығы жоқ. Олар европеоидтік нәсілдің кавказдық тобына жатады. Құмық этносының өкілі Мурад Аджи өзінің «Кипчаки» атты еңбегінде құмықтарды ақ сары шашты, көгілдір көзді, мығым денелі етіп сипаттаған.

Ислам дінінің суннит тармағын тұтынады. Тарихи, этнографиялық және лингвистикалық мәліметтер негізінде келесідей қорытынды жасауға болады: құмық тілі және ұлты Каспий маңындағы өзара туысқан байырғы түрік тайпаларының көптеген ғасырлық байланысы негізінде қалыптасқан. Сондықтан да құмықтар Дағыстанның байырғы халқы болып табылады. Құмық тіліне түрік тілдері мен диалектілерінің ерекшеліктері тән. Н.А. Баскаков құмық тілінің негізінде болгар, хазар, ең бастысы, далалық тайпаларға тән, тарихи қалыптасқан айшықтардың бар екендігін анықтаған.

Бүгінгі таңда ұлт ретінде жойылып бара жатқан, саны аз түркі халықтары туралы мәлімет әртүрлі: Ресейде де, әлемде де құмықтардың саны көп емес. 2010 жылы Ресейде өткен санақтың нәтижелеріне сүйенсек, құмықтардың саны 503 мың адам екен. Олардың 460 мыңы Солтүстік Кавказда өмір сүреді. Алайда қазір атамекендерінде отырған құмықтардың жағдайы мез емес. Өйткені Дағыстан билігі құмықтардың атамекендерін тартып алып, өзге ұлттарға беруде.

Қарашайлықтар. Қарашай-балқар халықтарының этникалық тарихы толық зерттелмеген. Қарашай, балқар халықтарының шығу тегі туралы ғалымдардың пікірі әртүрлі. Тіпті кейбір ғалымдар қарашайлардың ата-тектері ғұндар, славян, қабардин, ноғай, түрік, қырым татарлары, аландар деп атаған. Әрине, осы эт-

ностардың тарихында ақтандақтар көп. Хронологиялық кезеңдері де дұрыс зерттелмеген. Тек 1958 жылдан бастап Қарашай-Черкес ғылыми-зерттеу институты археологиялық экспедициялар ұйымдастырды. Соның нәтижесінде қарашай-балқарлардың ата тектерінің шығу тегін: бірінші таулықтар, яғни қола дәуірі мәдениеті бойынша «Кобандар» деп аталады. Екінші – аландар мен тайпалар, ежелгі ортағасыр дәуіріндегі аланда тұрғандар, үшіншіден – болгарлар, төртіншіден – қыпшақтар деп бөледі. Көпшілік ғалымдардың пікірінше, олар аландардың ұрпағы. Аландар – солтүстік Кавказдың орталық бөлігінде IX–XIII ғ. болған мемлекет. б.з. I ғасырда Солтүстік Каспий, Дон өңіріндегі сармат қоныстарынан бөлініп, Азов пен Солтүстік Кавказға келіп қоныстанған. 372 ж. Аландарды ғұндар жаулап алады. Аландардың бір бөлігі ғұндармен бірге «Халықтардың ұлы қоныс аударуына» қатысты, ал екінші бөлігі Солтүстік Кавказдың орталық бөлігіне орнықты. Онда аландар мен жергілікті Кавказ тайпаларының бірлестігі пайда болды. Бұл бірлестікті аландар басқарғандықтан византиялықтар оны Алания деп атаған. VIII–IX ғ. Алания Хазар қағандығының құрамында болып, одан IX–X ғ. басына қарай бөлініп шығып, өз мемлекетін құрған. X ғасырда Аланияға христиан діні енді. Аландардың жартылай отырықшылыққа көше бастауы нәтижесінде қалалар пайда болды. Археологиялық қазба жұмыстары аландардың бірнеше қаласы болғандығын айғақтап отыр. Аланияның астанасы Магас қаласы болды. Мемлекет басшысы «кэркундедж» деп аталды. Елдегі бар билік әскери ақсүйектер – «богаторлар» (батырлар) қолында болған. Шыңғыс хан құрған империя жасақтарының 1237–39 жылдардағы шапқыншылығы Аланияның құлауына себепші болды. Магас қаласын қоршауды Мөңке хан басқарды. Қаланы қорғау кезінде 270 мыңнан астам аландықтар қаза тапты. Алания құлағаннан кейін XIV ғ-да аландар арасында ислам діні тарады. Қазіргі қарашай-балқарлар аландардың үрім-бұтағы болып есептелінеді деген пікірлер бар. Аландарды «асы» деп те атайды. Осы күнге дейін балқарлардың шығыс бөлігін «Басиани» деп атаған, яғни осы асы сөзінен шықса керек. Ал XVIII–XIX ғасырлардағы саяхатшылар аландарды қарашайлардың түпкі атасы деп атайды.

Қарашай халқының қалыптасуына қола дәуірінен бері өмір сүріп келе жатқан жергілікті таулық тайпалар, сонымен бірге алан, бұлғар, қыпшақ тайпалары әсер етті. Қарашай-Шеркес жерінде тас ғасырларына жататын Кардоник, Овечка, Явора ежелгі қоныс орындары сақталған. V–XV ғасырларда Рим тауы, Адюхск көне қалашығы орындары алғашқы қоғамдық қауым құрылысы мен феодалдық қарым-қатынастық дәуірдің қалдықтары саналады. Дегенмен де қарашай мен балқарлар өздерін аландармыз деп атайды. Сонымен бірге өздері жасаған жер атымен байланысты қарашайлы, балқарлы, басқаншылы, халамлы, чегемлі, бызынгылы деп те атайды. Қарашайлар – Солтүстік Кавказдың ежелгі тұрғындары, негізінен, Қарашай-Черкес автономиялы облысын мекендейді. Қарашайлар өздерін қарачайлы деп атайды. Қарашайлардың қайсы бір топтары тұрған мекендерінің атауына қарай өздерін бачсанчылар, чегелилер, халамалылар, бызынгылар деп атап келген. Зерттеуші ғалымдар қарашай халқының этногенезі туралы бір тұжырымға келген сияқты. Аталған халықтың шығу тарихын олар түркі тайпалары бұлғар, хазар, печенегтермен, әсіресе қыпшақтармен байланысты алып қарайды. Қарашайлар тұрған жерінде қола дәуірінен бастап қобандар тұрған. Олардың жоғары дамыған мәдениеті болған. Кейін қобандармен сарматтардың тайпаларының бірі – аландар араласқан. Аландар қарашай халқының негізін құрайды. Аландар – малқар халқының ата-бабалары. Бірақ малқарлардың ел болуына астардың (көне бұлғарлардың) тайпалары әсер еткен. IX–X ғасырлардағы Қарашай-Шеркес аймағы Византия, Хазар, Грузиндермен саяси және экономикалық байланыста ерте феодалдық Алан мемлекетіне қараған. X ғ. кезеңінде Адық-Шеркес халқының қалыптасуы аяқталды.

XIV ғасырдағы түркі тілінің жазба ескерткіші «Кодекс Куманик» тіліне ең жақын тіл, зерттеушілердің пікірінше, қарашай-балқар тілі. Антропологиялық жағынан қарашайлар европайдтік нәсілдің Кавказ тобына жатады. XIX ғасырдың бірінші жартысына қарашай жерін патшалық Ресей түгелдей өзіне қаратып, жергілікті шаруаларды шұрайлы жерінен күштеп ығыстыра бастады. Тонау мен қуғын-сүргінге ұшыраған халық басына

зобалаң түсті. Әсіресе 1861 жылдан кейін ол жерлерде казак-орыс станицалары көптеп орнады. Столыпиннің аграрлық реформасы жылдарында шаруалар қолындағы аз ғана жердің өзін зорлықпен казак-орыстарға алып беріп, халық қарашекпенділердің тонауына ұшырады. Джегута, Хурзук, Теберда ауылдарында шаруалар қозғалысы болды. Сан мыңдаған адам шет елден (Түркиядан) баспана тапты.

Қарашай халқының тартқан зобалаңы Қазан төңкерісінен кейін де аз болған жоқ. 1942–1943 жылдары гитлерлік фашизмге қарсы Ұлы Отан соғысында қарашай мен балқар жері кескілескен ұрыс аренасына айналды. Ат жалын тартып мінер қарашайдың ер азаматтары ұрысқа қатысып, жаумен шайқаста ерен ерлік көрсетті. Қарашай-Черкес автономиялы облысы тұрғындарынан 14 адамға Кеңес Одағының Батыры атағы берілсе, 15 мыңнан аса жауынгер үкімет наградаларына ие болды. Олардың арасындағы қарашай ұлтының өкілдері де аз емес. Қарашай халқы тылда жан аямай еңбек етті. Соған қарамастан 1943 жылдың аяғы мен 1944 жылдың басында Қарашай автономиялы облысы таратылып, қарашай мен балқарлар мекенжайынан, өмір бойы еңбектеніп, маңдай терімен тапқан басқа да дүние-мүлкінен айрылып, кәрі-жасы, еркек-әйелі демей түгелдей зорлықпен, мылтықтың ұшымен, солдаттың күшімен қияндағы Қазақстан мен Орта Азияға жер аударылды. Жол-жөнекей суықтан, ауру-сырқаудан, жоқшылықтан сан мың адам құрбан болды. Бұл өркениетті елдер тарихында болмаған, тек тоталитарлық жүйе тұсында кездескен бүтіндей бір халыққа жасалған қатыгез, ортағасырлық вандализм, ауыр қылмыс деп жүрміз.

1957 жылы қарашай халқының бұрынғы ұлттық автономиясы қалпына келтірілді. Алайда олардың бүгінгі таңда көріп отырған қиыншылығы, проблемасы аз емес. Өкінішке орай, жазықсыз қуғынға түскен халықтың үй-жайы мен егістігінің, мүліктері мен шаруашылығы құрал-сайманының, өтем-құны қайтарылмайды. Ең қиыны: уақытша баспана тұрғызуға да кедергі жасап, халықты әуре-сарсаңға түсірді. Қарашай-балқар халқының тарихтан тиесілі үлес салмағын қайта қалпына келтіріп, сан жағынан олқылығын толтыра алмауымен қоса, олардың мемлекеттік статусы әлі

де төмен дәрежеде қалуда. Тілі мен мәдениеті, ұлттық өнері мен тұрмыс-тіршілігі ортақ халық бір этносқа бірігудің орнына екіге ажырап, қарашайлар черкестермен, балқарлар қабардиндермен қосылып автономиялы статусын алуға мәжбүр болды. Бұлар – тарихи тағдырлас болғанымен, тілдері мүлде басқа халықтар. Черкес, қабардин халықтары Кавказ тілдерінің абхаз-адыгейлік тобына жататын тілде сөйлейді. Ұзақ уақыт туыстас халықтар мен үзіліп қалған байланысын қалпына келтіріп, жолға қоюдың қарашай-балқар халқы үшін өмірлік маңызы бар. Қандай да бір тілдің дамып, қолдану өрісінің өз мәнінде болуы үшін тілдік ортаның қажет екені анық. Қарашайлар автономиялық облыс халқының 29 процентіне жуық. Мұндай демографиялық ахуалда қарашай-балқар тіліне мемлекеттік мәртебе беріп, оны қарым-қатынас құралына айналдыру қиынға соғып отыр. Ұлттық баспасөздің кенжелеп дамуы – мұның бір айғағындай. Автономиялы республикада қарашай-балқар тілінде мерзімді басылымнан екі газет, үгітші блокноты, бір альманах қана шығып келді.

Сонымен, көптеген ғалымдардың пікірінше, қарашай-балқарлардың этникалық тарихын зеттеу барысында олардың ежелгі тайпаларының қобан мәдениетінен екені, ежелгі ортағасыр мәдениетінде аландар мәдениетінің, балқарлардың «қара» немесе «ішкі» екені, қыпшақтардың құмық, половцы, құмандар екені археологиялық ескерткіштерді зерттеу нәтижесінде дәлелденген.

Балқарлар – көшпелі өмір салтын бастан кешірген жүрек жұтқан батырлығымен, ант пен сертке мейлінше адалдығымен, достыққа беріктігімен, еркіндікке құштарлығымен тарихшылар мен жиһанкездерді сүйсіндірген қыпшақ ұлысының бірі. Тарихи тағдыры тығыз байланысты туысқан екі халық қарашай мен балқардың ортақ тілі түркі тілдерінің батыс қыпшақ немесе құман тобына кіреді. Тілі мен ділі бір, діні мен әдет-ғұрпы ортақ, наным-сенімі мен мәдениетінде, өнері мен тұрмыс-тіршілігінде бөліп-жарар өзгешелігі жоқ болғандықтан, қарашай мен балқарды біртұтас халыққа жатқызуға болар еді. 1989 жылғы халық санағы бойынша бұрынғы Кеңес Одағындағы балқарлардың жиынтық саны 88771 адамға жеткен. Олардың 92,9 проценті қарашай-балқар тілін

ана тілім деп таныған. Балқарлар Кабардин-Балқар автономиялы Республикасын мекендейді. Қазақстан мен Қырғызстанда олардың шағын топтары бар. Өздерін ертеректе таулу, малқарлы деп атаған. Балқар этногенезіне алан, бұлғар, хазар т.б. түркі тайпасының, әсіресе қыпшақтардың ықпалы елеулі болды. Антропологиялық жағынан балқарлар нәсілдің балқан-кавказ тобына жатады. Діни наным-сенімі жағынан мұсылман, сунниттер.

XIII ғасырда моңғол-татарларға қарсы ұзақ жылға созылған табан тірескен күрестен кейін балқардың арғы ата-бабалары Орталық Кавказдың тау шатқалдарына ығысты. Моңғол шапқыншылығы кесірінен балқар елі күйзеліске ұшырады. Тау шатқалындағы балқарлар бес түрлі тау қоғамына бөлінді. XVI ғ. бастап қабарды-балқарлармен көршілес казачьи (казактар) поселкалары бой көтере бастады. XIX ғ. екінші жартысында бұл өңірге ішкі Ресейден орыс шаруалары жаппай жер аударылып, қоныстандырыла бастады да, XX ғасырларда жартылай этникалық өңірге айналды.

1827 жылы Балқарияның Ресейге қосылу процесі аяқталды. Столыпіннің аграрлық реформасы жылдарында шаруалар қолындағы жер мен орманның басым көпшілігі тартып алынып, 1910 жылы Чечем шатқалында халық толқуы болды. 1913 жылы ол Золь, Чечем, Черек шаруалар көтерілісіне ұласты. 1922 жылы Таулық АКСР-нан Балқар округы бөлініп, ол кабардамен бірігіп, Кабардин-Балқар автономиялы облысы құрылды. 1936 жылы автономиялы облыс автономиялы Республикаға айналды.

1957 жылы 9 қаңтарда Кабардин-Балқар автономиялы Республикасы қалпына келтірілді.

Балқарлықтар мен қарашайлар екіге бөлінген Эльбрус таулы аймақтағы бір ел болып есептеледі. Балқарлықтар – негізінен, Кабардино-Балқардың оңтүстігі және оңтүстік батыс бөлігінде мекендейтін солтүстік Кавказ халқы, ал қарашайлықтардың тілі мен мәдениеті жағынан балқарлықтарға туыс. Қарашай-балқар тілі ежелгі түрік тілдес топтарға жатады. Қарашай-балқарлықтар ежелгі XIII–XIV ғасырларында сол кездегі қола дәуірінен шыққан жергілікті тайпадан және алан, балқар, қыпшақтарынан құрылған.

XI ғасырдың ортасына дейін қарашай-балқарлықтарда феодалды-патриархалдық қатынасы сақталған. Ресей қоғамының жалпылама арнасына қосылғандығымен олардың нағыз шын шаруашылық бейнесі жоғалып, крепостнойлық құқықтың өзгеруіне және ауылшаруашылық қоғамының ыдырауына әкеліп соқты. 1943 жылдың аяғы мен 1944 жылдың басында қарашайларды Орта Азия мен Қазақстанның әртүрлі аймақтарына көшіре бастады.

Башқұрттар тарихи тұрғыдан алып қарағанда ежелден Орал тауының оңтүстік қапталында тіршілік еткен және Моңғол империясына дейінгі кезеңдегі қимақ-қыпшақ мемлекетінің құрамдас бөлігі болған. Бұл жайында Орталық Азиядағы Дешті қыпшақ мемлекетінің тарихи-саяси, мәдени аспектілері жайында мәліметтер келтірілген араб, қытай, сондай-ақ орыс жазбалары дәлел бола алады. С.М. Ақынжанов Қимақ мемлекетінің этникалық құрамы жайында жаза келіп: «Қимақ (йемек) одағының құрамына кірген немесе дербес тіршілік еткен көне тайпалармен қатар (баджна-печенег, башқұрт, уз-гузы, манкуроглы) жаңа этникалық атаулар да кездеседі» деп көрсеткен.

Қарақалпақтар – Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақ Республикасын мекендейтін түркі тілдес халық және Қазақстанда өмір сүріп жатқан 25 түркі халықтарының бірі болып табылады. «Қарақалпақ» атауы қара мен қалпақ сөздерінің бірігуінен туған. Ерте ортағасырларда қара бөрікті (Karaborkli) тайпасы Арал теңізі маңында печенег (бажанак) деген атпен өмір сүрген. Ғылыми әдебиеттерде қарабөрікті, қарақалпақ және қарақұлахан деген этноним бір мағынада қолданылған. Ескі орыс жылнамаларында черные клобуки, чёрный колпак, ал араб дерек көздерінде (karabörklü) атауларымен кездеседі. Бүгінгі қарақалпақ этнонимімен танылып отырған халық, тарихи деректерде, осы атаумен алғаш рет XVI ғасырдың соңында 1578 жылы аталына бастады.

Кейінгі зерттеу нәтижелері қарақалпақ этногенезінің қалыптасуында оғыз-печенег, қыпшақ және ноғайлардың үлкен рөл ойнағанын көрсетті. Алайда қарақалпақтарды аталған тайпалардың тікелей ұрпағы деп санау мүмкін емес. Өйткені ғылыми ізде-

ністер бұл халықтың этникалық қалыптасу процесіне жергілікті және басқа да тайпалардың қатыстылығын дәлелдеп отыр. Кейбір дереккөздер қарақалпақ халқының этникалық құрылымын мынадай онторт уру (он төрт ру) құрайтынын көрсетеді: анна, құйын, боклы-хытай, мәңжүлі, кырк, черучи, ай-теке, аралбай, беш-сары, кайчилы, еки-шейх, казаяклы, қаңлы, қыпшақ, кенегес, манғыт. Бұл тізімнен қарақалпақ халқының этногенезінің күрделі екендігін және тарихи қалыптасу үдерісіне көптеген ру-тайпалардың қатысқандығын көруге болады.

Зерттеушілердің пікірінше, қарақалпақтардың арғы тегі – б.з.б. Арыс жағалауынан бастап Жайық өзенінің аралығын, Солтүстік Кавказ бен Дешті Қыпшақ даласына дейінгі ұлан-байтақ кеңістікте көшіп-қонған тайпалар болуы мүмкін. XVI ғасырларда Үлкен Ноғай ордасынан казак, қарақалпақ, ноғай халықтары бөлініп шыққан. Қазак және қарақалпақ түркілері этностық қалыптасу кезеңдерінен бастап қоян-қолтық араласып, саяси-әлеуметтік, экономикалық және тілдік тұрғыдан ылғи да өзара ықпалдастықта дамыды. 1723 жылғы Жоңғарлардың шабуылынан «ақтабан шұбырындыға» ұшыраған қазақтармен бірге қарақалпақтар да Орта Азияның ішкі аудандарына, Ресей шекарасына ауа көшті, Кіші жүз қазақтарымен күш біріктіріп, қалмақтарды Жайық пен Жем бойынан ығыстырды. Осылай қазіргі ел болып отырған территорияларында тұрақтап қалды. Қазақстандағы қарақалпақ диаспорасының шоғырланған орындары Маңғыстау, ОҚО және Жамбыл облыстары болуы да тегін емес.

Түрікмендер – түркі тілдер тобының оғыз бұтағына кіретін, Түрікменстанның негізгі халқын құрайтын түркі тілдес халық. Сондай-ақ Ауғанстанда, Иранның солтүстік шығысында кездеседі. Түрікмен диаспорасы ТМД елдерінің барлығында, сонымен қатар Қазақстанда да өмір сүреді, 2009 жылғы халық санағының мәліметі бойынша, елімізде 2234 түрікмен диаспорасы өкілі тұрады. Қазақстанның түрікмен диаспорасы еліміздің аумағында ежелден бері тұрады және өз тұрмысы мен мәдениеті жағынан казак халқына өте ұқсас. Бұл екі халықты ортақ тарих та байланыстырады, себебі казак-түрікмен арақатынастарының тамыры терең-

де жатыр, олардың байланысы, әсіресе Кіші жүз тайпаларымен тығыз байланысты болды. Қазақ және түрікмен руларында бірдей тектер мол кездеседі: таздар, шихтар, тана керей (жерей), сары, тоқтамыс (тоқтамыш). Сондай-ақ осы халықтардың қалыптасуына қарлұқ және қыпшақ тайпалары қатысқан. Түрікмен халқының қалыптасуына отырықшы ирантілді тұрғындар да айтарлықтай әсерін тигізді. Каспий теңізінің жағасында түрікмендер ежелден қазақтармен көршілес өмір сүрді.

Ғалым С. Бизақов Түбі бір түркі халықтарын тілі жағынан ірі төрт топқа бөледі: Қыпшақ бұтағы, Оғыз бұтағы, Аралық бұтақ. Қыпшақ бұтағына: қазақтар, татарлар, башқұрттар, қарақалпақтар, құмықтар және т.б. халықтарын жатқызса, ал аралық бұтаққа қырғыздарды, тывалар, сахалар мен долғандарды және т.б. жатқызады. Яғни этникалық тарихы, әдет-ғұрпы, болмыс бітімі, тілі, діні ұқсас халықтардың тілдік фонетикалық тұрғыда ерекшеліктері бар.

Еліміздің бас демографы Мақаш Тәтімұның дерегі бойынша әлемдегі түркі халықтарының саны 150 миллион шамасында болып, тілі жағынан 5 топ, 40 тіл және 100 диалектіге бөлінеді екен.

1. Қарлұқ тобы – қырғыз, саха, тыва, хақас, алтай, ұранқой, шор, долған, топа.

2. Оғыз тобы – түрікмен, қашқай, қызылбас, апшар, шақсыбан, қарадағ.

3. Қыпшақ тобы – қазақ, татар чуваш, башқұрт, қырым, қарақалпақ, құмық, қарашай малқар, ноғай, қарайым, қырымшақ.

4. Шағатай тобы – өзбек, ұйғыр, салар, бұқар еврейі, сарыұйғыр, хотан.

5. Салжұм тобы – түрік, әзірбайжан, месхет, гагауыз, қыпыр, қарапапах, қаджар.

Түркі тілдерінде сөйлейтін халықтармыналар: әзербайжандар, алтайлықтар, башқұрттар, қарайымдар, қарақалпақтар, құмықтар, қырғыздар, ноғайлар, өзбектер, татарлар, телеуіттер, тофалар, тывалар, түрікмендер ұйғырлар, хакастар, чуваштар, шорлар, якуттар және біз – қазақтар.

1.3. Қазақстандағы түркі халықтарының құрамы мен орналасуы

Тоталитарлық жүйе миллиондаған азаматтардың тағдырын тәлкек етті. Сол жылдары ұлттық мүддені қорғаған зиялыларды, қарапайым еңбек адамдарын жазықсыз қудаласа, кейіннен бұл саясат шекаралық аймақтағы тұтастай халықтарды туған жерінен айырып, басқа аймаққа күшпен жер аудартты. Оларды қоныстандырған жердің негізгі қатарына Қазақстан болатын. Тоталитарлық жүйенің Қазақстан тұрғындарын, әсіресе қазақ халқын үлкен шығынға ұшыратуымен қатар, жер аударылған халықтармен, кейіннен саяси қуғын-сүргін нәтижесінде мұнда жер ауып келген халықтардың шоғырлануымен толықтырылды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде гитлерлік әскер мен режимге жәрдемдесті деген сылтаумен Еділ бойындағы немістер, Солтүстік Кавказ, Қырым жағалауын мекендеуші біраз халықтар қудаланып, туған жерінен тыс, алыс жерлерге күшпен жер аударылды.

Қазіргі Қазақстан территориясын да түрік тектес халықтардың қомақты бөлігі мекендеп отыр. Еліміздегі түркі халықтарының диаспорасы, шын мәнінде тарихи даму барысында пайда болса да, оны кезінде Ресей және Кеңес империяларының отарлық саясатының бір қыры ретінде қарастыруға толық негіз бар. Респубикамызға күштеп әкелінген көптеген түркі халықтарының тағдырын да осы себептермен тығыз байланыстырамыз.

Кеңес Одағын мекендеген халықтардың қай-қайсысы болсын Сталиндік зорлық-зомбылықтан, геноцид пен этноцидтен, саяси қуғын-сүргіннен аман қалған жоқ. Тұтас бір халықтар – сенімсіз де сатқын ұлттар қатарына жатқызылып, тарихи атамекенінен күштеп жер аударылды. Кавказды мекен еткен түркі тілді халықтар да осындай диктаторлық ассимиляцияға душар болды.

1937–38 жылдары сталиндік тоталитарлық жүйе, бас көтерер саналы, ел азаматтарын жаппай «халық жауы» деген жалған хаттамалар түзіп, жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыратты, тұтқынға алынған зиялылар дау-дерексіз атып өлтірілді. Оларды «пантюрист» (түрік сыбайластары), «жапон шпионы» (жапон тыңшысы) деп жала жауып, әйел балаларына арнайы 1937 жылы құрылған

АЛЖИР (қазақшасы – отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері) түрмесінде қорлықпен ұсталады, әйелдер жас балаларымен осы түрменің азабын тартты. Кеңестік империяның геноцидтік әрекетінен Қап тауы мен Оңтүстік шығыс Еуропа түріктері де шет қалған жоқ. 1941–45 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғысы өз пайдасына шешілетіндігіне көзі жеткен Сталин, соғысты пайдаланып өзінің саясатымен табиғаты әсем шұрайлы өңір Қап тауы мен Қырым түбегінің байырғы тұрғындары діні ислам, тілі түркі болған халықтарды көшірудің айла-тәсілін тапты.

Қырым түбегі мен оның таулы өңірінде ғасырлар бойы мекен еткен татарлар мен ноғайлар, Қап тауындағы әзірбайжан мен ақысқа түріктері, Қап тауы сілемдерін мекен еткен қарашай мен балқарлар, құмықтар, қарайымдар және Балқан түбегіндегі гагауыздар тоталитарлық жүйе құрығына түсіп ел болып еленбей құқықтары тапталып, қуғын-сүргінді басынан өткізді оның зардабы оларды Орталық Азия мен Қазақстан жеріне шашыратты.

1937-44 ж. тұтас халықтарды ата жұрттарынан Қазақстан аумағына күштеп көшіру науқаны жүргізілді. Қазақстанға күштеп қоныс аударуға ұшырағандардың ішінде солтүстік Кавказ халықтары да болған Ұлы Отан соғысы кезінде күштеп қоныстандыру саясаты жалғастырылды.

1942 жылдың жазында неміс әскерінің Кавказ жеріне кіруімен аймақта адам нанғысыз жағдайлар орын алды. 18-55 жас аралығындағы барлық ер адамдар әскер қатарына алынды, әйелдер мен соғысуға қабілетсіз адамдарға қорғаныс міндеті жүктелді, халық түгел қарусыздандырылды. Немістер тамызда келіп, 1943 жылдың басында кері шегінді. Қызыл әскер Қарашай мен Қабарда-Балқарияны кері алғаннан кейін, неміс жансызы ретінде күдікке ілінген көптеген адам тұтқындалды. Бұл аймақтағы барлық ауыл адамдарын тұтқындау болып табылатын. Еңбекке жарамдылары мәжбүрлі түрде Нальчик пен Кисловодскідегі еңбек лагерьлеріне жіберілді. Ол лагерьлерден ешбірі кері қайтпады. Жүруге жарамсыз балалар мен қарттар сол жерде-ақ атылды.

Мысалы, сол жерлердегі балқарларға қарсы қуғындау әрекеті 1943 жылдың қараша айының соңында Қабарда-Балқарияның Черек аймағындағы 4 ауылда 200-300 адамның өлтірілуімен

басталды. Балқарлар немістермен ауызбіршілікте болды деген айыптауға негізделген Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің 1944 жылдың 8-9 наурызындағы «Балқар халқын депортациялау» шешімімен қазақ және қырғыз жеріне жаппай жер аударылды. Жер аудару әрекеті аяусыз озбырлықпен амалға асырылды. ПХК-нің қарулы жасағы тұрғындарға тіпті ас-су, керек-жарак заттарын алуына да мүмкіндік бермей, мал тасуға арналған жүк вагондарына тиеді. Егер жауапты адамдарға болмашы ғана наразылық білдірген жағдайда, сол жерде, тіпті пойызда жүріп келе жатып немесе аялдаған жерлерде жазаландырылды. Бір вагонға қамалған төрт-бес отбасыға бір-бір сәкіден ғана берілді. Суық күнде көшірілген балқарларға жолда азық-түлік, тіпті су да берілмеді. Станцияларға тоқтаған кезде тек бір адамға шәйнекпен су алуға немесе дәретхана ретінде қолданылған шелекті төгуге рұқсат етілді. Жолшыбай аштық пен суықтан сәбилер мен қарттар көп өлді. Оларды жерлеуге мүмкіндік болған жоқ, мәйітті тастап кетуге тура келді. Осындай айуандық шарттармен көшірілген балқар халқы Орта Азия мен Қазақстанның кең ауқымды кеңістігіне шашыраңқы түрде қоныстандырылды.

Қазақстанның Ақмола, Павлодар, Семей және оңтүстік өңірлеріне 4,660 отбасы (21,150 адам) балқарлардың қоныстандырылғаны туралы мәліметтер бар.

Қазақстанда қоныстанушылар клубтарға, бос қалған мешіттерге, ат қораларға, шошқа қораларға, қоймаларға орналастырылды. Мұндай орындар да жетпей қалғандары өздеріне жертелелер қазып алды. Қоныстанушылар арасында эпидемиялық жұқпалы аурулар – іш аурулары, қызылша, дизентерия кең тарап, оба және тырысқақ аурулары күшейіп кетті. Балқар халқының шаруашылығы тұрақталғанға дейінгі қоныстандыру үдерісі сегіз жылға созылды. Олар бұл уақыт аралығында жаңа климаттық жағдайларға бейімделуге, шаруашылықтың жаңа түрлерін меңгеруге, түрлі мәдениет пен тілді білуге мәжбүр болып, өте ауыр да азапты кезенді өткерді. Өте ауыр тұрмыс жағдайы, нашар тамақтану, антисанитарлық жағдайда өмір сүру қоныс аударушылар арасындағы өлім-жітімді көбейтіп жіберді. ПХК сүргіндегі балқарларды мынадай нұсқаулармен ерекше бақылауда ұстады:

– құпия тапсырмалар бойынша шет мемлекеттің агенттерімен байланыс жасамау үшін «сенімсіз халықтарды» шекаралық аймақтарға орналастырмау;

– қашып кетпес үшін теміржолдардан алыс жерлерге орналастыру;

– бақылауға ыңғайлы болу үшін топтарымен орналастыру.

Сонымен бірге олар әрдайым комендатураға барып, белгіленіп тұруы, тіпті көрші ауданға бару үшін де арнайы рұқсат алуы тиіс болды. Олардың тұрмыс-тіршілігі, жүріс-тұрысы арнайы тағайындалған коменданттың мінез-құлқы мен көңіл-күйіне тікелей бағынышты болды. Депортациялық саясаттың қатал жағдайында қазақ жеріне ешбір дүние-мүліксіз көшірілген халықтардың жан сақтауы тек қазақтардың туысқандық көмегінің арқасында ғана мүмкін болды. Қазақ халқы аштық зобалаңы мен саяси қуғын-сүргін қасіретін аз тартпаса да, қауіп-қатерге бас тіге отырып, қолындағы соңғы нанымен бөлісіп, тағдыр тәлкегіне түскен халықтарға ең қиын сәттерде қол ұшын беріп, баға жетпес көмек көрсетті. Зорлықпен көшірілген халықтар қилы заманда Қазақ өлкесінен пана тауып қана қойған жоқ, өздері және ұрпақтары үшін екінші Отанын тапты. Олар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, көпұлтты Қазақстаннан өздеріне лайықты орын тапты. Кеңес үкіметі жер аударылғандардың ата-мекендеріндегі барлық құндылықтарын жоюға тырысты. Қаңырап қалған ол жерлерге қарқынды түрде орыс шаруалары қоныстандырылды және облыс, қала, тіпті мемлекет аттары өзгертіліп, іштей бөлшектенді. Қабарда-Балқарияның аты Кабардия болып ауыстырылды. Сталиннің өлімінен кейін елді демократияландыру нышандары басталып, жер аударылған халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған шаралар қарастырылды. Партияның XX съезіндегі Н.С. Хрущевтің «Сталиннің жеке басына табынушылығын» сынаған мәлімдемесінен кейін балқарларға қойылған «ерекше шектеулер» алынып тасталды, тіпті 1956 жылдың қарашасынан бастап атажұртқа кері қайту құқығы берілді. Балқар мен қарашай халқының қайта оралуына рұқсат берілген бұйрықта оларға тағылған айыптардың негізсіздігі айтылмады, тіпті қуғындалуларының өзі заңды түрде орындалған деп көрсетілді.

Үкімет қуғын-сүргін кезінде жоғалған мүлік жайлы қандай да бір өтемақы ұсынбады. Балқарлар кері оралғанда ешбір мұрағатсыз, мұражайсыз, атажұртын куәландыратын ұлттық ескерткіштерсіз қалғандарын, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан мәдени мирастың баға жетпес өрнектерінің жоғалғанын аңғарды. Ұлы Отан соғысы жылдары республикамызға эвакуацияланғандар саны 1941–1943 ж. аралығында 484149 адам болды. Кеңестік жүйенің депортациясына ұшырап, қуғындалған халықтарды одақ бойынша 100 % деп алсақ, 1949 ж. 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша солардың 36 %-ы Қазақстанға тиесілі болған.

Дағыстандықтар Қазақстанға бірнеше жолмен келген, олардың алғашқылары 1877 жылы халық көтерілісінен Сібірге жер аударылушылар. Олар Қазақстанның Петропавл, Қостанай және Көкшетау облыстарына қоныстандырылды. Дағыстаннан келушілердің екінші тобын уақытша жұмыс істеушілер құрады. Дағыстанда өндейтін жердің тапшылығынан күзгі егінді жинағаннан кейін шеберлер, көптеген кәсіп иелері етікшілер, зергерлер, сағатшы және т.б. кәсіп иелері шекара асып жұмыс жасап атамекендеріне, отбасыларына көктем мезгілінде оралады. Уақытша жұмыс істеушілердің алғашқысы 1933 жылы Алматыға Ташкент арқылы келген авар этносының өкілі Агаев Тавер болған. Алғашында жалғыз келген Тавердің соңынан бауырлары, туыстары, достары келіп барлығы осы Қазақстанда қалып қойды. Үшінші, Қазақстанға күштеп қоныс аударушылар 1933–1937 жылдары Сібір мен Орта Азияға жер аударылушы «Кулактар». Кулактар қатарына бір-екі сиыры, жылқысы, қойы бар адамдар да жатқызылды. Дағыстанның обком партия бюросының шешімімен 1935 жылы 20 ақпанда Қазақстан мен Қырғызстанға 400 кулак шаруашылығы мен 1500-дей адам айдалды. Тауар таситын вагондармен жеткізілген дағыстандықтарды Алматы облысы Байсерке станциясына түсіріп осында қоныстандырған.

Көпұлтты Қазақстанда тұратын түрік халықтарының өмір сүру салтында, әдет-ғұрпында, мәдениетінде, жергілікті ортаға бейімделу деңгейінде өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың әр біреуінің қайталанбас этникалық бейнесі бар.

Сондықтан да, еліміздегі түрік халықтарының этникалық және этномәдени дамуының тарихы, олардың дәстүрлі мәдениетін кешенді түрде зерттеу, ел арасында сақтаулы ұлттық жәдігерлерді жинап, музейлер құру көп ұлтты Қазақстанның ұлтаралық келісімі мен достығын нығайтуда және жалпы әлемдегі түрік халықтарының мәдениетін зерделеуде үлкен әсерін тигізери даусыз.

Қазақстанның ХХІ ғасырдағы болашағы, көп жағдайда, әр ұлт өкілдерімен дұрыс тепе-тендікті ұстап, тұрақты ілгері дамып отыруына байланысты болады. Әсіресе түркі халықтарының Қазақстан жеріне келу тарихы, олардың тарихы мен мәдениеті бүгінгі күні жүріп жатқан үдерістерге тікелей әсері бар.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың айтқанындай: «...дамыған өркениетті 50 елдің қатарына өтетін болсақ, ел экономикасын жоғары сатыда дамыта отырып, біз еліміздегі көп этникалық ұлттар мен халықтар арасындағы достастық пен ынтымақтастыққа қол жеткізе аламыз», – деген сөзі көп мәселенің басын ашуда өзек болады. Елдегі этникалық ұлттар мен ұлыстардың тең құқықта дамуына жол берудің өзі – біздің мемлекетіміздегі тұрақтылықтың белгісі.

Қазақстан 2724,9 мың шаршы километрге тең кең байтақ аумақты алып жатса да, халық аз қоныстанған ел болып табылады. Бірінші Ұлттық санақ деректеріне сәйкес, халықтың тығыздығы 1 шаршы километрге небәрі 5,5 адамды құрады. Қазақстан халқына әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша біркелкі орналаспау тән. Десек те, Қазақстан Республикасы – өзінің полиэтникалық құрамы арқылы ерекшеленетін көп ұлтты мемлекет.

Қазақстан халқының ішінде түрік халықтары диаспорасы айтарлықтай орын алады. Қазіргі Қазақстан территориясын да түрік тектес халықтардың қомақты бөлігі мекендеп отыр. Еліміздегі түркі халықтарының диаспорасы, шын мәнінде тарихи даму барысында пайда болса да, оны кезінде Ресей және Кеңес империяларының отарлық саясатының бір қыры ретінде қарастыруға толық негіз бар. Республикамызға күштеп әкелінген көптеген түркі халықтарының тағдырын да осы себептермен тығыз байланыстырамыз.

ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында Қазақстан халқы санының динамикасына ХХ ғ. басында болған оқиғалардың әсері білі-

не бастады. Бұл – ХХ ғ. басындағы көші-қон саясаты, 1916 жылғы көтеріліс, азамат соғысы, 30 ж. басындағы аштық, ұжымдастыру, күштеп қоныстандыру, репрессиялар және т.б. нәтижесі. Қазақстандағы түрік халықтарының демографиялық және этникалық даму динамикасына, әсіресе Ұлы Отан соғысының әсері ерекше болды. Аталмыш кезеңде Қазақстан территориясына көптеген өнеркәсіп орындары мен жұмыс күші, сонымен қатар түрік халықтары депортацияға ұшырап, жер ауып келді.

Тарихтың барлық қысылтаяңдарына қарамастан, қазақтар мен бауырлас түрік халықтары, әкімшілік-тоталитарлық жүйенің ауыр соққысының сынынан өтіп, этносаралық бірлесіп еңбек ету мен өзара түсіністікке қол жеткізді.

ХХ ғ. екінші жартысынан бастап Қазақстан территориясында 6 дүркін – 1959, 1970, 1979, 1989, 1999, 2009 жылдары халық санағы жүргізілді. Осы санақтар нәтижесі бойынша Қазақстан территориясын мекендейтін түрік халықтарының негізгі топтары бойынша мәліметтер төмендегідей.

**1959–1999 ж. аралығындағы Қазақстандағы
түрік халықтарының өсу-кему динамикасы**

ұлты жылы	1959 ж.	1970 ж.	1979 ж.	1989 ж.
1	2	3	4	5
қазақ	2795 мың (30 %)	4234 мың (32,6 %)	5289 мың (36,0 %)	5289 мың (36,0 %)
татар	192 мың (2,1 %)	288 мың (2,2 %)	313 мың (2,1 %)	313 мың (2,1 %)
өзбек	137 мың (1,5 %)	216 мың (1,5 %)	263 мың (1,8 %)	263 мың (1,8 %)
ұйғыр	60 мың (0,6 %)	121 мың (0,9 %)	148 мың (1 %)	148 мың (1,1 %)
әзірбайжан	38 мың (0,4 %)	58 мың (0,4 %)	73 мың (0,5 %)	90 мың (0,5 %)

1	2	3	4	5
түрік	10 мың (0,1 %)	18 мың (0,1 %)	73 мың (0,5 %)	50 мың (0,3 %)
башқұрт	9 мың (0,1 %)	21 мың (0,2 %)	32 мың башқұрт (0,2 %)	42 мың (0,3 %)
шуаш	12 мың (0,1 %)	23 мың (0,2 %)	22 мың (0,1 %)	22 мың (0,1 %)

Ал 1999 және 2009 жылдарда жүргізілген халық санағының нәтижелері бойынша Қазақстандағы түрік халықтарының саны, өсу, кему динамикасын төмендегі кестеден көруге болады.

1999 және 2009 жылдардағы Қазақстан Республикасының түркі этностары бойынша халық санының этникалық құрамы

	Халық саны, адам		2009 ж. 1999 ж-ға %-бен	Өсуі (+), кемуі (-)		Барлық халық санындағы үлес салмағы, %-бен	
	1999 ж.	2009 ж.		Адам	%	1999 ж.	2009 ж.
Барлығы	14981281	16009597	106,9	1028316	6,9	100	100
соның ішінде							
Қазақтар	8011452	10096763	126,0	2085311	26,0	53,5	63,1
Өзбектер	370765	456997	123,3	86232	23,3	2,5	2,9
Ұйғырлар	210377	224713	106,8	14336	6,8	1,4	1,4
Татарлар	249052	204229	82,0	-44823	-18,0	1,7	1,3
Түріктер	75950	97015	127,7	21065	27,7	0,5	0,6
Әзірбай- жандар	78325	85292	108,9	6967	8,9	0,5	0,5
Қырғыздар	10925	23274	213,0	12349	113,0	0,1	0,1
Басқа этностар	206879	157215	76,0	49664	-24,0	1,4	1,1

Жоғарыдағы кестеде келтірілген мәліметтерге сүйенсек, 1959–1999 ж. аралығында Қазақстандағы түркі халықтарының саны біршама өскен. Себебі Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ХХ ғасырдың 70-жылдарына дейін көші-қон халық санын көбейтудің негізгі көзі болды. Оның ішінде бұл кезеңде Қазақстан қабылдаушы ел болды. Адамзат тарихында көші-қон

үдерісі халықтың саны мен құрамы өзгерісінде маңызды роль алып қана қойған жоқ, сондай-ақ елдердің экономикасы дамуына да әсер етті.

Кестеге қарасақ, 1999–2009 ж. аралығында Қазақстандағы татар және кейбір түркі халықтарының саны кеміп кеткен. Себебі 90-жылдары Қазақстандағы ел-жұрттың елеулі бөліктері одан көшіп кететін елге айналғаны белгілі. Ал кестеден өзбек, қырғыз, түрік сияқты халықтардың саны күрт өскенін көре аламыз. Бұл мәселенің негізгі себебі – қазіргі кезеңдегі көші-қон үдерісі, әсіресе еңбек ресурстарын толықтыру мен өндіруде басты фактор. Алайда бұл құбылыстардың себептері мен салдарлары қазіргі күні ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Қазақстан территориясын мекен етіп отырған түрік халықтарының еліміздің жеріне қоныс аудару себептері мен олардың этнодемографиялық ахуалына тоқталатын болсақ, саясаттанушылардың талдауы бойынша, әрбір халықтың санының қалыптасуы екі фактордың әсерімен жүзеге асады – табиғи өсім және миграция сальдосы. Сонымен қатар халықтың әлеуметтік-демографиялық даму деңгейі оның мекендеген ортасы, географиялық орналасқан жері, әлеуметтік-мәдени ахуалы, әлеуметтік-құқықтық қамсыздандырылуы сияқты халықтың тыныс-тіршілігінің барлық салаларымен өзара тығыз байланыста болады.

Ал Оңтүстік Қазақстан аймағы жергілікті қазақ халқының өзге этникалық топтардың арасында тығыз шоғырлануымен ерекшеленеді. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысы қазақ халқының саны жөнінен республика бойынша бірінші орынды иеленеді. Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан халқының ұлттық құрамы да – өте күрделі мәселе. Бұл өңірде 100-ден астам ұлт өкілдері бір-бірімен жақсы қарым-қатынас жасай отырып өмір сүріп жатыр. Солардың ішінде сан жағынан ең кең тараған ұлттар: қазақтар, өзбектер, әзірбайжандар, тәжіктер, татарлар, түріктер, күрдтер сияқты түркі халықтарының өкілдері.

Ұлт өкілдерінің облыс территориясында орналасуы әр-келкі болып келеді. Оған әсер ететін негізгі факторлар: белгілі бір аймақтың қалыптасқан шаруашылық саласы, ауыл немесе қалалық жер болуы, жергілікті жердің климаттық жағдайлары

(егін немесе мал шаруашылығына қолайлылығы, өндірістің дамуына әсер ететін жергілікті факторлар) және тағы басқа себептер септігін тигізеді. Мысалы, өзбектер көбіне сауда-саттық пен егіншілік шаруашылығымен айналысады.

Жоғарыда аталған тарихи-демографиялық, этномәдени және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жергілікті тұрғындардың күнделікті өмірінің барлық саласына тікелей әсер етіп отыр. Сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды құрайтын музей сияқты мәдени-ағарту мекемелері де белгілі дәрежеде ықпал жасайды.

Қорыта айтқанда, түркі халықтары 130-дан астам ұлт өкілдері тұратын Қазақстандағы ірі диаспора өкілдерінің бірі. Сондықтан да олардың этнодемографиясын, мәдениетін, салт-дәстүр, этнографиялық болмысын зерттеп, зерделеу – қазіргі таңда өзекті. Бұған қоса, тәуелсіз Қазақстанның барлық ұлыстары сияқты, түркі халықтарының да өзіндік ерекшеліктерін, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін сақтауына зор мүмкіндіктер де жасалып отыр.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстанда қандай түркі халықтары тұрады?
2. Әр жылдары болған санақ мәліметтеріне талдау жасаңыз.
3. Қазіргі уақыттағы түркі халықтарының саны қандай?
4. Қазақстанның қазіргі ұстанып отырған саясатына талдау жасаңыз.
5. Оңтүстік Қазақстан облысына түркі халықтарының негізгі мекендеп отырған аймағы ретінде тоқталыңыз.

II тарау. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТИ

2.1. Қазақтар

Баспанасы. XIX–XX ғ. басында қазақтардың негізгі тұрғын үйлері көші-қонға ыңғайлы киіз үйлер болды.

Қысқы қыстаулар орналасқан өзендердің аңғарлары мен тау шатқалдарында қазақтардың тұрғын үйлері тұрақты үлгімен салынды. Бұлар жер бетіне киіз үй сияқты етіп тастан (шошала), камыстан (доғара) тұрғызылған құрылыс түрінде, тік бұрышты жеркепе және жертөле, жер бетіне тік бұрышты етіп салынған шым үй және саз балшықтан домбаздалған соқпа там болды. Қазақ халқында тұрақты баспаналар ертеден бар екенін кепенің жертөлеге, жертөленің қақыраға алмасу үдерісінен де аңғаруға болады.

Тұрақты баспананың ең көне түрі – шошала шымнан, қамыстан, қыштан, қамкесектен, тақтатастан тұрғызылған. Ақмола, Атбасар, Құсмұрын, Жетікөл сияқты орманды-далалы болып келген аудандарда шошала бес қабырғалы етіліп, ағаштан қиыстырылғанымен шаңырағы түндікпен, кіріп-шығатын ойығы киіз есікпен жабылған. Шошала жүздеген жылдар бойы жартылай отырықшы және отырықшы қазақпен бірге жасасқанымен, тұрғын үйдің жетілдірілген түрлерінің көбейе бастауына байланысты бірте-бірте азық-түлік қоймасы, асхана, тіптен отынхана ретінде пайдаланып, кейін мүлдем істен шығып қалған.

Кепенің біршама дамытылған баламасы жертөлені тұрғызудың ең қарапайым әдісі мынандай болған: әдетте жерді шаршылап қазып, топырағын босатқаннан кейін, үстіне су құйып, қидаланған малдың қылымен, қой жүнімен, сабанмен иін қандыра араластырып балшық илейтін де, қазылған шаршының жиегіне бірінің үстіне бірін қатар-қатар етіп жұмбаз ұратындықтан құрылыстың қабырғасы көтеріле беретін. Дайындалған материал біткен соң, шұңқырды төмен қарай тағы да үңгіп, қопсыған топырақтан балшық илеп, жұмбаздау әдісімен қабырғаны онан әрі көтере тү-

сетін. Күн түсетін жақтан жалғыз терезе, есік шығарылатын. Төмендетілген жердің тереңдігімен тұрғызылған қабырғаның биіктігі теңелген кезде, іші-сыртын лаймен сылап, төбесін мығым етіп қамыспен, шөппен жабатын да, лаймен сылап тастайтын болған.

Жертөленің ортасына от жағылатындықтан төбесіне әдейі қалдырылған ойыққа түгін тартатын мұржаның шыбықпен шыбықталған қарапайым нұсқасы орнатылатын болған.

Қазақ халқы қалыптастырған тұрақты мекен-жайдың негізгі нұсқалары деп біз оның мынадай үлгілерін атай аламыз:

Қоржын үй. Қазақтың бізге танымал тұрақты мекен-жайларының барлығының сұлбасы көрінетін, кейде асхананың да міндетін атқаратын дәлізбен ажыратылатын, бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ күтетін екі бөлмелі тұрғын үй. Қақыраның негізінде пайда болып, тұрғын жайдың басқа да үлгілерінің қалыптасуына жол ашқан үй құрылысының нұсқасы болуы мүмкін.

Қоржын үй тұрғызу әдісі – мейлінше қарапайым. Ол үшін әдетте жауын-шашынның суы жинала қоймайтын биіктеу жер таңдап алынатын да, оны кетпенмен тегістеп, сабан, түйеқарын, кепкен жантақ, т.б. шөп-шалаң төселгеннен кейін малға таптататын болған. Шөп-шалаңды сыпырып алып, үстіне су құйып, кілкіндісін ағызып жіберіп, тағы да су құйып, малдың таптауын ағаш тоқпақпен ұрып, нығарлаумен қатар жүргізе берген. Жер әбден дайын болғаннан кейін қабырға тұрғызылатын шаршыға дуалдың енімен бірдей ор қазып, оған барынша қалың етіп қамыс төсеп, соның үстіне ғана үйдің қаңқасын тұрғызады екен.

Тоқалтам. Қоржын үйдің тікелей баламасы, этнографиялық әдебиетте «қарсы есікті» деген шартты атаумен белгілі тұрғын үй нұсқасы. Қамкесектен соғылады. Қамыспен жабылып, төбежабыны қаңқасымен қоса тып-типыл етіп сыланатын болғандықтан «тоқалтам» деп аталған. Ауласында бірнеше атыз егіс танабы, жоңышқалық, диқаншылық пен мал ұстауды бірдей игерген кешенді шаруашылықтың нышаны іспетті киіз үй, жартылай ашық қора-қопсы кездеседі.

Тоқалтам Ертіс жағалауында, Жетісуда, Сырбойында, Арал сыртының Ырғыз жағында кеңінен тарағанымен, соңғы жылдарда сирек кездеседі.

Тіркеспе. Далалық қыстаулардың ең көп тараған, шатыры бола бермейтін, төбесі қора қопсымен бірге жабылатын, көбіне қамкесектен тұрғызылып, қабырғасы лаймен сыланатын немесе сырты күйген қышпен қапталатын «ауыз үй», «оттық үй», «жатақ үй», «қонақ үй» тікеспесінен тұратын мекенжайдың үлгісі. Қыстау тұрғындары жатақ бөлмеге немесе қонақ жайға кіру үшін әуелі қора-қопсыдағы отынханаға, астық қоймасына, төл ұстайтын «ауыз үйге» тап болатын. Сонан кейін бойы аласа, терезелері тар, табалдырығы биік бөлмелерге, ең алдымен «оттық үйге», қазан оттығымен жылытылатын «жатақ үйге», онан әрмен өз алдына от жағылатын «қонақ үйге» кіре алтын.

Шарбақ үй. Кенді Алтайдың орманды-далалы алқабында қалыптасқан, қаңқасы бұтақтармен шабақталған шарбақтан құрастырылатын да, іші-сырты сыланып тасталатын тұрақты мекенжайдың біршама көне нұсқасы. Төбесінің құламасы бас жағын буған қамыспен, неше түрлі шөп-шалаңмен жабылатын болған, ортасына от жағылатындықтан төбесіндегі түгін тартатын ойықтың мұржасы шабақталып, балшықпен сыланатын. Соңғы кезге дейін қазіргі тұрғын үйлердің ауласындағы қойма, қора-қопсының қызметін атқарып келген.

Дүкен. Ағаштан қиыстырылған, бес қабырғалы шатырлы үйдің нұсқасы. Бес қабырғалы болып келетіні тұрақты мекенжай салуда үйреншікті түрдің – киіз үйдің, шошаланың шеңберінен түзу қабырғалы қаңқаға алмасу үрдісін көрсетеді. Көбіне мекенжайдың өзге нұсқаларымен, әсіресе шарбақ үймен бірге пайдаланылған. Төбесінің құламасы бес қырлы болғандықтан дем шығатын ойығы қақпақпен жабылып, тіреуішпен ашылатын бес бұрыш кейпінде болғанға ұқсайды. Қазір тұрмыстан шығып қалған.

Қыстақ. Шатырлы ағаш үйдің шаршысы созылыққылау келетін, қабырғасы ағаш кеспектерімен қаланатын түрі. Кіре берісінде үйдің жылынатын, қазан асып, тамақ әзірлейтін оттығы болған.

Зерттеушілер қыстақты XVIII–XIX ғасырларда Шығыс Қазақстанға жаңадан қоныс тепкендердің ықпалымен пайда болған тұрғын үйдің үлгісі деп жорамалдайды. Оның әшекейлі ою-өрнегі жөнінде мәліметтер сақталмаған.

Осы кезеңде қазақ халқының баспанасы да өзгерістерге ұшырады. Пештің пайда болуына байланысты бір бөлмелі үйді енді пешпен ауыз үй және төр үй деп екіге бөлу пайда болды. Дерек берушілердің мәліметі бойынша, кейбір отбасында адам санының өсуіне байланысты бір бөлмелі әке үйіне екінші кейде үшінші бөлмені қосып салатын. Бұл бөлмелерге бірінің іші арқылы екіншісіне өтуге болатын немесе баласының шаруашылығы жеке болса, бөлек есіктен де кіруге болатын. Құрылыс материалдары ретінде қазақтар сабан, қамыс, тас, шикі және саман кірпіш пен ағашты пайдаланды. Бірақ бастапқы кезде саман кірпіш пен орман материалдарын дайындау және бұл материалдардан құрылыс салу техникасының өзі қазақтардың арасында аз таралды, әсіресе далалық аймақтағы қазақтарда аз кездесті. Тек желі бойындағы қазақтар басқалармен салыстырғанда бұл құрылыс материалын қолдануды орыстардан ертерек қабылдады. Сөйтіп, уақыт өте келе саман кірпіш пен ағашты пайдалану қазақтар арасында кеңінен қолданыла бастады.

Киімі. XIX–XX ғ. басында Ресеймен, Қытаймен және Орта Азиямен сауда қатынасы жандана түсіп, қазақ халқының киімінің жаңа кешені пайда болды. Киімді Орта Азия мен Қытайдан әкелінетін мақта-мата, жібек және т.б. маталардан тікті. Ресейден келген фабрикалық маталар ерлер мен әйелдердің ішкі және сыртқы киімдерін тігуге пайдаланылды. Қарапайым халық көбінесе төмен сортты бөз, сиса, тік, шұға (қара, көк және қызыл түсті) және т.б. маталарды қолданды, ал байлар киімге барқыт, мақпал, жібек және жұқа жоғары сапалы маталарды алғызып отырды. Осы үрдістің әсерінен киімде, оны тігу детальдарында, мата таңдауда өзгерістер пайда болды.

Осы кезеңдегі қазақ халқының ұлттық киіміне келетін болсақ, киім түрлерін ерлер, әйелдер, балалар киімі деп бөлуге болады.

Еркектер іш киім ретінде шыт матадан кең етіп тігіліп, беліне жіңішке бау өткізілген дамбалды киді. Дамбалдың сыртынан ауы кең шалбарды киді. Атқа отыруға қолайлы болу үшін дамбал мен шалбардың ауын кең етіп тікті.

Шалбар үлгісі бойынша дамбалға ұқсас, бірақ одан гөрі кеңірек болды, балағының бір шетінде жырығы болды. Шалбарды

шұға, мақпал, барқыт сияқты маталардан және қой мен ешкі терілерінен (жарғақ шалбар) тікті. Шалбардың қалың матаның арасына жүн салып сырып, қысқы түрлерін де тікті.

Көйлектің сыртынан жеңсіз «желетке» немесе «бешпет» киді. Жазғы желеткені жұқа мауытыдан немесе шыттан, сисадан астар салып, ал қыста арасына жүн салып сырып немесе лақтың өңделген терісінен тікті.

Ауқатты қазақтар желетке сыртынан мауытыдан, мақпалдан, барқыттан, кейде арасына жүн салынып, сырылып тігілген, шытпен астарланған тізеге дейін түсетін камзол киді. Кейбір қазақтар орыстың қалалық киімдеріне еліктеп камзолдарының кеудесіне төс қалталар салдырып, әдеттегідей оңнан солға қарай емес, керісінше солдан оңға қарай қаусырылатындай етіп тіккізетін де болды.

Шығыс және Оңтүстік Қазақстанда қысқа жеңді камзолдар кең тарады. Оны Шығыс Қазақстанда «шолақ жең кемзал» деп атаса, оңтүстікте «қаркеспе» деп атады. XX ғасырда қысқа жең камзолдар тек Шығыс Қазақстанда ғана кездесті.

Ер адамдардың киімдерінің ішінде кең тарағаны орыстың фабрикалық маталарынан тігілген шапан болды, ал ауқатты қазақтар шапанды әр түсті бұқар жібегінен астарлатып тіккізді. Шапандардың пішілуі мен матасына қарай жеңіл, жазғы және арасына жүн салынып сырылып тігілген қысқы түрлері болады. Астар ретінде көбінесе жеңіл, жұмсақ түйе жүні, кейде қой жүні де пайдаланылды. Жазда шапанды камзолдың сыртынан алдын ашып киетін, ал қыста алдын жауып, белін белбеумен байлап алатын.

Қазақтар сонымен қатар әдемі «мауыты шапан» және «мауыты шекпендер» киді. Оларды жұқа түйе мауытысынан етегіндегі 10-15 см болатын бүйір жырықтарына кесте салып тікті. Ауқатты қазақтар өздеріне шапанды барқыттан жібек жіппен кестелеп тіккізді. Оларды көбінесе тойларда немесе жазғы көш кезі сияқты ерекше салтанатты жағдайларда киді. Сонымен қатар байлар паршадан тігілген шапандарды да киді.

Шығыс Қазақстанда, абақ-керейлердің шапандарының кеудесі кестеленді немесе түрлі-түсті баулармен әшекейленді. Шығыс Қазақстан мен Жетісу жерінде қайырма жағалы шапандар кең тарады.

Ерлердің сыртқы киімінің күз бен қыста киетін ең таралған түрі «шекпен» болды. Шекпенді түйенің немесе қойдың жүнінен иірілген жіптен жалпақтығы 20 см болатын лента тәріздес етіп тоқылған матадан тікті. Жазғы шекпендер жеңіл әрі қысқа болса, ал қысқы шекпендер, керісінше, жылы киімдердің сыртынан киетін болғандықтан кең және ұзын болды. Пішілуі жағынан шекпен шапанға ұқсас болатын. Шекпенді қара түсті шұға немесе мақпалмен қаптады.

Кейінгі уақыттарға дейін сақталған ең ежелгі қысқы сырт киім түрі – түйенің немесе қойдың жабағы жүнінен (көктемгі жүн) дайындалған «күпі» болды. Қой жүнінен дайындалған күпіні, негізінен, кедейлер киді. Оның сыртын әртүрлі маталармен қаптады, мауытымен тысталған күпіні «шидем күпі» деп атады. Бұл да үлгісі жағынан шапанға ұқсас киім түрі еді.

Қысқы киімнің тағы бір түрі ол – ішік. Ол әртүрлі аңдар мен үй жануарларының терісінен тігілгендіктен, түлкі ішік, қасқыр ішік, қарсақ ішік, сусар ішік, жанат ішік, тек түлкі сирағының терісінен тігілген пұшпақ ішік және т.б. болып бөлінді. Әрине, бұл ішіктерді көбінесе ауқатты қазақтар киді. Екі айлық қозылардың терісінен тігілген елтірі ішіктер жоғары бағаланды, ал үш-төрт айлық қозы терісінен тігілген сеңсең ішік немесе «бөлтеріскей» деп аталатын ішік одан арзанырақ болды.

Тағы бір кең тараған қысқы киімнің түрі – тон. Ол иленіп, өңделген қой терісінен жүні ішіне қаратылып тігіледі, етегіне, жеңіне жұрын ұстайды. Тонның түсі томар бояумен боялғандықтан көбінесе сары қоңыр болды.

Қысқы киімнің айта кететін тағы бір түрі жарғақ деп аталады. Оның «тақыр жарғақ» және «құлын жарғақ» деп аталатын екі түрі болған. Жарғақтың сыртын кейде жібек жіптермен кестелейтін. Ал «құлын жарғақ» жүні сыртына қаратылып құлын терісінен тігіледі. Ол үшін тек қара түсті құлын терілері таңдап алынды.

XIX ғасырдың ортасында жарғақ жоғала бастады. XIX ғасырдың 50-60 жылдарында қазақ тұрмысын зерттегендердің мәліметтерінде бұл киім түрі туралы аз кездеседі. Ол XX ғасырдың басына дейін ғана тұрмыста қолданылды. 1927 жылы Шығыс

Қазақстан қазақтарын зерттеген С.И. Руденко жарғақты осы өңір қазақтарынан көрген.

Ал жылқышыларға арнап тай терісінен, жүнін сыртына қаратып, астарсыз тігілетін қысқы киім түрі «тайжаға» немесе «тайтері» деп аталды. Жарғақ та, тайжаға да қысқы суықтарға арналғандықтан, өте кең және ұзын болып тігілді.

Тазаланған жүннен тұтас басылып, жеңі болмайтын, алды ашық, тамақ астынан ғана байланатын, жауын-шашында киетін киім түрін «кебенек» деп аталды. Кебенектің сырт жағындағы жүні ұзындау болғандықтан жаңбыр тамшылары тез ағып кетеді.

Камзолдан басқа сыртқы киімнің барлығы кең болып тігілгендіктен міндетті түрде белбеу тағылды. Қазақтар белбеуді бағалы металдармен және асыл тастармен безендіретін болған. Белбеу айыру белгісі қызметін де атқарды. Мысалы, қазақтың салт-дәстүрі бойынша әкесі баласына 10-13 жасқа келгенде белдік сыйлайтын болған. Бұдан біз баланың кәмелетке келгендігін, яғни бір жас кезеңінен екінші бір жас кезеңіне өткендігін көреміз. Сондай-ақ кейбір этнографиялық зерттеулерде белбеудің жаман күштерден қорғайтын магиялық функциясы бар екенін айтады. Қазақ үшін қымбат болып саналатын кісені ертеде олар қиыншылық көргенде, тәңірге жалбарынғанда белден шешіп, мойнына салатын болған.

Белбеулердің кең тарағандары кісе белбеу және кемер белбеу.

Кісе – күміс, жез үзбелермен безендіріп, қалташалар салған жалпақ былғары белбеу. Ертеректе тек батырлар, аңшылар және жол жүрген жолаушылар таққан кіселер XIX ғ. аяғы XX ғ. бас кезінде соғыс символы – қару атрибутын жоғалтып, сәндік түрде қолданыла бастады. Оның ұзындығы 130-200 см, көбінесе 150 см, ені 2,5-3 см болып келеді. Екі басына қапсырма салып, кейде бір ұшын екінші ұшына өткізіп бекітетін тесіктері және былғары қалталары болады. Қалталар оқ-дәрі, қару-жаракқа қажетті басқа да ұсақ-түйек саймандар салу үшін пайдаланылады. XIX ғ. бастап қосымша қалта салмай, күміспен кемерленіп әшекейленетін түрлері шыға бастады.

Кемер белбеу кісе белбеуге қарағанда анағұрлым жалпақ әрі әшекейлеп нақышталуы күрделірек болып келеді. Бұларды да кейбір жерлерде кемер белбеу, деңбент деп атай береді.

Ерлердің аяқ киіміне келсек, саптама етік ерлер аяқ киімінің кең тараған түрі болды. Оның қонышы ұзын, кең, өкшесі аласа болды. Қысқы суықта етіктің ішіне, жылылық сақтайтын жүн байпақ киетін болған.

Етіктің біз тұмсық, жай табан, жарма қоныш, көк етік, көн етік, киіз етік, қисық табан, мәсі етік, мықшима етік және т.б. түрлері болады. Етіктерді өкшесіне қарай жуан өкше, биік өкше, кішкене өкше, қазық өкше, жез өкше деп те атайды.

Ауқатты қазақтар жазда кебіс және жұқа теріден тігілген мәсі киді. Кебіс пен мәсіні қарттар мен орта жастағы ер адамдар киді.

Ерлердің бас киімдерінің көп түрі болмады. Орта жастағы ер адамдар жаз кезінде шаштарын тақырлап алып, бастарына қара түсті матадан тігіліп, іші сисамен астарланған тақия киді. Күннен қорғану үшін тақия сыртынан сырты барқытпен, мақпалмен қапталған жиегіне аң терісімен көмкерілген бөрік киді. Тақияны кейбір өңірлерде «кепеш» деп те атайды.

Ерлердің қысқы бас киімінің ішінде ең кең тарағаны тымақ болды. Оның түлкі тымақ және елтірі тымақ деген екі түрі болды. Найман тымақтың арғын тымақтан айырмашылығы құлағы мен артқы етегі кішірек, төбесі шошақ, жығасы мен шалғайы ұзынырақ келеді. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның шығысында болған В.В. Радлов: «тымақты Көкпектіден шығысқа қарайғы, қазіргі қытай территориясындағы керейлерден ғана кездестірдім», – деп мәлімдейді. Олар жазда да сырты және құлақшыны ташкенттің жібегімен қапталған жұқа, ақ киізден тігілген тымақтар киеді деп жазады. Сондай-ақ бас киім этноайырым белгісін және аймақтық ерекшелігін білдірді. Мысалы, сегіз сай уақ тымақ, үш құлақты керей тымақ, қаракесек, адай бөрік, арғын тымақ, найман тымақ немесе Жетісу, Арқа, Қоңырат тымақ деген атауларына қарап, осыны аңғаруға болады.

Бас киімнің ескі түрінің бірі ол – Орта және Кіші жүз қазақтарында кездесетін башылықтар. Башылықты түйе мауытысынан, қалың, қара түсті матадан астарлап тікті. Тарбағатай мен Алтайда башылықтың күләпара деп аталатын қарапайым түрі болды.

Тымақ тәрізденіп қалың не жұқа матадан, жұқа ақ киізден тігілетін башылықтың бір түрін жалбағай деп атайды. Жалбағайдың екі жаны мен артқы етегі тұтас тігіліп иық пен желкені жауып тұрады. Жылқышылар қыстыгүні жалбағайды тымақ сыртынан киеді. Әр жерде жалбағайды далбағай, далбай, жолбай немесе күләпара деп те атайды.

Қазақ үшін бас киім ең қадірлі киім болып саналды. Қазақтар ешқашан киілген бас киімді біреуге сыйламайды, айырбастамайды, себебі бас киім арқылы бас ауруын жұқтыруға болады, сондай-ақ бас киіммен бірге адам бақытын, «құтын» жоғалтып алуы мүмкін деген түсінік қалыптасқан. Бас киімді әрқашан биікке іліп, төменге қоймаған, оны аттауға, жерге тастауға болмайды. Н.Ж. Шаханованың түсіндіруі бойынша, бұл наным-сенімнің барлығы бас киімнің семантикалық статусына байланысты пайда болған, бас киім жанұядағы «құттың» орны болды. Мәселен, шала туған нәрестені қарт адамның тымағына салып, керегеге іліп қоятын болған. 40 күн бойы күн сайын келесі керегеге ауыстырып іліп отырған. Халық түсінігінде бұл ғұрып баланың аман-есен «өз уақытына толуына» септігін тигізеді деген ұғым қалыптасқан.

Әйел киімдеріне келетін болсақ, пішілуі мен үлгісі жағынан ұқсас болды. Әйел көйлектері де қайырма жағалы, ұзын жеңді тұтас пішілген үлгіде болды. Қарт әйел адамның көйлегі ерлердің көйлегінен айырмасы аз болды. Тек кеуде жырығы екі жағынан түрлі-түсті жібек немесе сәтенмен әшекейленіп, өңір деп аталды.

Жас қыздар мен жас келіншектердің көйлегі қарт әйелдердің көйлегінен үлгісі жағынан да, матасы жағынан да ерекше болды. Ол – тік жағалы, түймеленетін қос етекте болды. Жастар, әсіресе қызыл түсті жақсы көрді. Жасы отыздан асқан әйелдерге қызыл түсті киім кию өрескел болып саналды.

Барлық жастағы әйелдер көйлек сыртынан жеңсіз камзол киді. Камзолдың алды күміс қапсырмамен ұсталды. Қапсырма екі бөлек жасалды да, бір-бірімен ілгек арқылы жалғасады, түйме орнына қолданылды. Қапсырманың өңірге тағылған екі бөлігінің сыртқы формасы да, бетіне жүргізілетін ою-өрнегі де, ортасына орнатылатын тастары да бірдей болды.

Байларда қапсырма қымбат тастармен әшекейленіп, өзінің жасалу техникасымен де ерекшеленді. Ал үлкен әйелдер камзолдарының алдын ірі металл «торсылдақ түймелермен» түймеледі.

Жеңсіз камзол сыртынан жеңді камзол киді. Ерлер камзолынан әйелдер камзолының айырмашылығы ашық жағалы болса, Қазақстанның Шығыс аудандарында әйел камзолдары көбінесе тік жағалы болды. Ауқатты қазақтардың әйелдері жібектен тігілген алдамшы жеңі бар өте ұзын және кең шапандар киді.

Әйел ішіктері еркек ішіктерінен жағасының қайырылуымен және етегі, жеңі, жағасының аң терілерімен көмкерілуімен ғана ерекшеленді. Әйелдердің ішігі тек түлкі, қарсақ, бұлғын, сусар сияқты қымбат терілі аңдардың терісінен тігілді. Әйелдердің былғары белбеуі күміс пластинкалармен әшекейленіп, ілгектермен жабылды. Бұндай белбеулер байларда ғана болды. Кедей отбасындағы қыздар мен жас әйелдердің белбеуі матадан тігіліп жібек жіптермен өрнектелді.

Әйелдер киімінің бір түрі белдемше деп аталады. Шығыс Қазақстан наймандары мен керейлерінің белдемшесі басқа аймақтардікімен салыстырғанда тігілу мен пайдалануы жағынан ерекше болды. Ол алжапқышқа ұқсас болып тігіліп, оны жасы үлкен әйел адамдар белін жылыту үшін арқасына жауып жүретін. Белдемшені Семей қазақтары туралы жазған мақаласында Г.Е. Катанаев: «әйелдер жабағыдан тігілген алжапқышты белді жылы ұстау үшін арқа жағынан тағады», – деп айта кетеді.

Барлық жастағы әйелдердің аяқ-киімі жазда да қыста да мәсі мен кебіс болды. Мәсі жұмсақ былғарыдан тігіледі. Қазақ салтында мәсіні көбінесе әйелдер киеді. Мәсінің қонышы, оймасы оюланып, кестеленіп, бедерленіп әшекейленеді. Ол аяққа жеңіл, тазалыққа жақсы, әрі икемді, бұрын оны қарттармен қатар кейбір жас жігіттер де киген.

Бұдан басқа қыздар мен әйелдердің жазда ғана шұлғаумен киілетін биік өкшелі етіктері болды.

Әйелдердің бас киімдері жас мөлшеріне және оның отбасындағы орнына байланысты әртүрлі болды. Жазда қыздар түрлі-түс-

ті барқыттан немесе мақпалдан тігіліп, барынша әшекейленген тақиялар киді. Қыста қыздар жиегі еркектердікіне қарағанда аң терілерімен артығырақ көмкерілуімен ерекшеленетін бөріктер киді. Ауқатты қазақтар қыздарына кәмшат бөрік тіккізетін.

Қалыңдықтың бас киімі сәукеле – өте қымбатқа түсетін бас киім. Оның сырты қымбат қызыл шұғамен тысталып, төменгі жағы құндыз, сусар, не бұлғын терісімен жұрындалады. Өн бойы алтын, күміс әшекейлер, маржан, ақық, гауһар сияқты асыл тастармен әшекейленеді. Төбесіне үкі тағады. Сәукеленің төбесінен тірсекке дейін қымбат тастармен әшекейленген жалпақ мата тігіледі. Құны ақшаға шаққанда 2-3 мың рубльге тұратын сәукелелер болған. Сәукелені қалыңдық бір жылға дейін әр кезде киіп жүрген. Сәукеле астынан жаулық тағылады, ол өн бойы алтын жіппен кестеленіп, бетке келетін тұсы қымбат терімен көмкерілген ақ жібек мата. Қыздардың тұрмысқа шыққанда сәукелені киюі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, қымбат бағасына байланысты азая бастады.

Қалыңдықтың шапанын қымбат матадан тікті. Шығыс Қазақстанда қалыңдық шапанын ұзын, алдамшы жеңімен тікті. Қалыңдық шапанын Оңтүстік облыстарда «айырма шапан», «бекасаб шапан» деп атаса, Шығыс Қазақстанның наймандары мен керейлерінде және Алтай өңірінде оны «желек» деп те атайды.

Желек – әйелдер бас киімінің бір түрі. Келін болып түсіп жыл өткен соң сәукеле алынып, орнына желек салынатын. Балалы болғанша желек салып, онан кейін кимешек, шылауыш киетін болған. Қазіргі кезде ұзатылған қыздың басына орамал салып келуі осы желекті меңзейді.

Тұрмыстағы әйелдің негізгі бас киімі ақ матадан тігілген кимешек пен жаулық еді. Кимешек басты, кеудені және иықты жауып тұрады. Оның кеуде жағын, бет жақтауларын көмкеріп кестелейді. Күміспен, тана-моншақтармен шеттіктеледі. Жас келіншектердің кимешегінің бет жақтауы жалпақ және кестесі де көбірек болады. Жасы үлкен әйелдердің кимешегін бет жақтауы тар болады, әшекейленбейді. Ал қарттар мен күйеуі қайтыс болған әйелдердің кимешегіне кесте тігілмейді.

Жаулық ерекше әшекейленбеді және оны жасы үлкен әйелдер киді. Әйел бас киімінің бұл түрі ақ матадан жасалады. Арқа жерінде қазақ әйелдері жоғары және төмен деп аталатын қос жаулық тартқан. Мұндай жаулықтар биік әрі көрнекті болып келеді. Ертеде мұндай жаулықтарды көбінесе бәйбішелер киген. Кимешек пен жаулықтың сыртынан ақ матадан «күндік» орады.

Жас қыздар да тұрмыстағы әйелдер де бұрым қоятын. Тұрмыстағы әйелдер шаштарын екі бұрым қылып өрсе, қыздар бірнеше бұрым қылып, ұшына шашбау тағатын.

Ал адам қайтыс болғанда киетін арнайы киім жоқ. Тек уақытша туған-туыстары ашық түсті киімдерін кимейтін. Шығыс Қазақстанда XIX ғасырда жесір әйелдер «ақжелек» деп аталатын астарсыз, алдамшы жеңі бар ақ шапан кисе, кейіннен оның орнына ақ шәлі жамылатын болды. Оны «бұркеу» деп атады.

Балалар киіміне келетін болсақ, нәресте және сәби кезіндегі киім-кешек кешені (туғаннан 3 жасқа дейінгі уақыт). Осы кезеге байланысты жаңа туған нәрестенің табиғи өмір бастауының басында тұрғандығына қатысты көптеген ырымдар мен тыйымдар қалыптасқан. Қазақтардың дүниетанымы бойынша, егер бала «көйлекпен» («перде» – амион) туса, оны жуып, кептіріп, түйіншектеп байлап, сақтап қою керек деген түсінік болды, олай істемесе, бала өліп қалуы немесе кемтар болып қалуы мүмкін.

Жаңа туған балаға кигізетін көйлекті «ит көйлек» деп атайды. Өйткені ол кәдімгідей көйлек сияқты тігілмейді, жөрмеп, іліп қана тігеді. Бұл көйлекті бала қырқынан шыққанша киеді. Бала қырқынан шыққан күні «ит көйлекке» тәттілерді салып, оны иттің мойнына байлап жібереді. Итті балалар қуып жетіп, тәттісін бөліп жейді. Бұл «ит жанды, мықты болсын» деген ұғымды білдіреді. Сондай-ақ бұл ырымның мәні итті халық жеті қазынаның бірі деп бағалауында жатыр. Одан соң бұл итке тамақ береді. «Иткөйлекті» баласы жоқ келіншектер ырым қылып алады.

Көбінесе жасқа толмаған балаларға көз тимес үшін көйлегіне әртүрлі әшекейлер мен үкі тағылатын. Екі жастан бастап балалар көйлек кие бастайды. Қыз балалардікі ұзынырақ, ал ұл балалардікі қысқа болады.

XX ғасырдың басына қарай қазақ халқының ұлттық киімінің негізгі элементтері сақталғанмен де, орыс, татар халықтарының әсерін көруге болатын. Әсіресе орыс қоныстанушыларымен тығыз байланыстағы аудан қазақтарында, оның ішінде ер адамдардың киімдерінен бұл құбылыс ерекше байқалатын. Ал әйел киімдері ер адамдар киімімен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ.

XIX ғасырда еркектер кеудесі көлденең ойықты және жалпақ қайырма жағалы көйлектерді кие бастады. Қазақстанның кейбір аймақтарында көйлекті «жейде» деп атайды. Көйлектердің жағасы бітеу, тік немесе қайырма жағалы болды. Кейіннен XIX ғасырдың аяғында қайырма жағалы көйлектер тек Шығыс Қазақстанда ғана және Оңтүстік Қазақстан мен Батыс Қазақстанның кейбір жерлерінде сақталды, ал басқа облыстарда тік жағалы көйлектер ғана тігілді. Жағасы сол матадан жасалған баулармен байланды. Көйлектер кең, жеңі қолдың басын жауып тұратын ұзын, ал кейде етегі тізеге дейін түсіп тұрды.

XX ғасырдың басында қазақ байлары қол тігін машиналарын сатып ала бастады, осыған байланысты қазақтар арасында қолмен киім тігуден гөрі машинада тігу кең тарала бастады.

XX ғ. басында бұрынғы қазақ көйлектері енді басқаша тігіле бастады. Жас жігіттердің көйлегінің жағасы жіңішке тік жағалы болып, алдына түйме тағыла бастады, жеңі бұрынғыдан қысқартылды. Бұндай көйлектер шалбардың ішіне салынатын. Қалада немесе казак поселкелерінде жалданып жұмыс істеп жүрген қазақ жастарының кейбірі дайын орыс көйлектерін сатып алатын болды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ауқатты қазақтар қалалардан зауытта өңделген қой терілерін сатып алып, одан көршілес отырған орыстардікіне ұқсас жалпақ жағалы қысқа ішіктер, тұлыптар тігетін болды. Қысқа ішіктер, негізінен, малмен қатар егіншілікпен де айналысатын отырықшы қазақтарда, ал тұлыптар жол бойында ат айдаушы болып күн көрісте жүрген қазақтарда болды.

Екі жақ сыңары бір-бірінен ажыратылмайтын «түзу табан етік» XX ғ. орта шенінен бастап ығыстырылып, оның орнына оң және те-

ріс (сыңар) деп бөлінетін аяқ киім тұтынысқа дендеп енді және оны қазақтар «қисық табан етік» деп атады. Иленген теріден етіктің ты сыртынан киюге арналған «тері етік» немесе «мұйық» аталатын аяқ киім терінің тауарлық құндылығы артқан сайын қолданыста азая түсіп, оның орнына XIX ғасырдың соңында қар көп түсетін жерлерде пима (батыста – киіз байпақ) кию тарала бастады. Басында пиманы орыс шаруаларынан сатып алды немесе жүн беріп пима басушыларға істетті. Мәселен, XIX ғасырдың соңында Семей және Өскемен уездерінде бірнеше пима басатын орындар ашылды.

XX ғасырдың басындағы қазақ халқы киімнің өзгеріске ұшырауының алғашқы белгісі: ол сәнге тік жағалы көйлектердің енуі еді. Ол кең, тұтас пішілген дәстүрлі көйлектерді сәннен ысырып шығарды. Тік жағалы көйлектер мен жейделер өзбек халқының арасында «ноғай көйлек» немесе «қазақы» деп аталды. Көйлектің бұл түрі жергілікті тұрғындардың арасында тез тарады, сонымен бірге діни нормаларға да сай келді.

Ауқатты қазақтардың әйелдері көйлектерін жібек, атлас, барқыт, парша сияқты маталардан тікті.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басынан бастап сауданың дамуына байланысты Ресеймен көршілес аймақтардағы қазақ қыздары арасында орыс фабрикаларынан шыққан түрлі-түсті дайын шәлілерді тағу кең тарай бастады

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басынан бастап қазақ ки-мешектерінің орнына төртбұрышты ақ орамалдар келе бастады. Қазақ әйелдеріне шаш көрсетіп жүруге болмайтындығына байланысты бұл орамалдарды үшбұрыштамай, сол қалпында екі ұшын тамақ астынан келтіріп, қалған бөлігі арқасымен шашын жауып тұратындай етіп байлады.

Тағамы. Қазақ халқының негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы болғандығын олардың тағамынан көруге болады. Олардың негізгі тамағы ет және әртүрлі сүт тағамдары болды. Одан кейін ұннан жасалған тағамдар қолданылды. Тек мал саны аз кедей қазақтарда ғана егіншілік өнімдерін (ұннан жасалған) тағамға жиі пайдаланылды. Қыста қазақтар, негізінен, етпен және ұннан жасалған көже, таба нан, бауырсақ, салма, төңкерме, ботқа сияқты тағамдармен қоректенді, ал сүт тағамдарынан құрт,

ірімшік, егежей, майды пайдаланды. Ірімшіктен қоспа, жент дайындайтын.

Қазақ халқында өсімдік тағамдары, оның ішінде терімшілік өнімдерін (жабайы өсімдіктердің дәндерін немесе тамырын, негізінен крахмалды өсімдіктердің, жабайы өсетін жемістер мен олардың тамырларын) қолдану шектеулі болды. Өйткені жабайы өнімдердің тек көшпелілер тұтынатын дастархан мәзіріне сәйкес келетіндері ғана қолданылды. Мәселен, кейбір өңірлерде қазақтар ертеден жабайы өсімдіктер – жабайы сарымсақ, жуамен қоса жеміс-жидектерден жиде, қарақат, қызылқат, мойыл, қойбүлдірген, таңқурай, қымыздық қолданды. Қазақтардың дәстүрлі тағамдануында үй құсы еті болмады және жеміс, қалампыр, бұрыш т.б. шектеулі түрде қолданды.

Аңшылықпен айналысқан қазақтар жабайы аңдар мен құстардың етін тамаққа қолданды (сайғақ, жейран, қоян, дуадақ және т.б.). Өзен, көл маңында отырған, әсіресе батыстағы қазақтар балық өнімдерін көптеп пайдаланды.

Еттен жасалған тағамдар. Ет – ең негізгі тағамдық өнімдердің бірі. Еттің дәмі әр алуан тағамдармен жақсы үйлеседі. Қоректілігі жағынан ең құндысы әрі жұмсағы – бұлшық ет. Бұлшық ет тканінің ақуызында адам ағзасына қажетті амин қышқылдары түгелдей кездеседі. Қоректілік және дәмдік сапасы бойынша ең тәуір етте 14-19 пайыз ақуыз, 12-15 пайыз май болады.

Қараша айының соңы мен желтоқсан айының басында қазақтар соғым дайындайды. Соғымды дұрыс сақтау үшін күн суығаннан кейін соятын. Жылы қыстарда немесе көктемге қарай етті тошалануың ортасына от жағып түтін салу арқылы кептіретін.

Жалпы қазақ халқы ет сақтаудың көптеген әдістерін қолданған. Ұзақ мерзімге сақталатын мал еті – соғым еті. Мысалы, кейін жас сорпа әзірлеу үшін малдың етін, айталық, санын, қолын тұтас күйінде, аязға қатырып қояды. Етті қатырғанда оны сол ыстық күйінде аязға шығармай, әуелі қоңыржай салқын жерде суын сорғытып, содан кейін шығару керек. Тоңазып әбден қатқан соң етханаға жинап, қымтап жауып ұсталады. Жас еттің дәмін кетіріп алмас үшін желге, күнге тигізбеу қажет. Бұдан басқа етті бүрмелеу деген бар. Ол етті қарынға тығып сақтау. Қойдың, сиырдың

еті өз қарнына сияды. Соғым кезінде олардың еті жас күйінде тұздалып қарнына салынады да, етханаға шығарылып қойылады, оның қан-сөлі өзіне сіңіп, қыс аяғына дейін, қатып жата береді. Дәл осы сияқты күбіге, ағаш бөшкеге салып та тұздалады, керегіне қарай үстінен алып тамақ жасай береді. Етті сүрлеп сақтау үшін, оны әуелі мүшелеп бұзады, ұсақ тұз бен сарымсақ пен аздап қара бұрыш қосып тұздайды. Міне, осындай әдістермен сақталған еттен дайындалған тағамның адам ағзасына пайдалы әрі дәмді болатыны анық.

Етті қазақтар қуырып та, асып та жейтін. Жазғы уақытта етті сиректеу қолданды, көбінесе құрметті қонақтарға ет асатын. Асылған ет – қазақ халқының басты тағамы. Қой немесе сиыр, жылқы еті болсын су құйылған қазанға салынып пісіріледі. Асылған етті ұсақтап турап ортақ табаққа салып қолмен жейтін. Бұл тағамды «ет» деп атаған. Етке қазіргі кездегідей қамыр салмаған. Мәселен, Х.А. Арғынбаев, А. Корбе, Е.И. Махованың мәліметтерінен Семей өңірі қазақтарының 1960 жылдарға дейін етке қамыр салмағанын көруге болады. Қазіргі кезде піскен еттің майлы сорпасына, алдын ала жұқа жайылып қойылған қамыр салынады. Бүкіл шығыс қазақтары етке салатын қамырды «шелпек» деп атайды. Ал Орал өңірінде «іңкәл», оңтүстікте «қамыр», «Көкшетауда «құлақ нан», «күлшетай», батыста «ет наны», солтүстікте «жұқа нан», Түркіменстан қазақтарында «күртік» деп атайды. Дайын болған қамыр табаққа түсіріліп, кесектеп туралған ет салынып, үстіне тұздық құйылады. Малдың басы, жамбасы сыйлы қонақтарға, ортан жілік жасы үлкен кісіге, құдаға, асық жілік құдағиға, төс күйеуге, келінге, бүйрек, құлақ балаларға тартылады.

Соғым сойған кезде жас майсыз еттен және өкпесі мен бауырынан майға қуырып қуырдақ дайындайтын.

Еттен жасалған тағамдардың ішінде қазы ерекше орын алады. Қазы – жылқының өз ішегіне айналдырып тығылған сүбе қабырғалар. Қазы майының қалыңдығына байланысты кере қазы, дөңбек қазы, шынтақ қазы, бұлт қазы деп бөлінеді. Ішекке сыймағанын телшік деп атайды. Қазыны көбіне қысқа сақтайды, қазы сүрленген сайын дәмді болады. Жылқы етінің ең кәделі мүшелерінің бірі – жал. Ол жылқының шоқтығы мен ауыз

омыртқасының арасында, мойын омыртқаны ұстап тұратын желкемен жымдаса бітеді. Жылқы сойғанда терісі сыпырылғаннан кейін жалдың өзін мойын омыртқадан сылып алады.

Еттен жасалатын тағамның бір түрі – әсіп. Әсіпті дайындау үшін қойдың ішегін тазалап жуып, ішіне ұсақтап туралған ет, жүрек және бауырға пияз, бұрыш, тұз, күріш қосып салады. Ішектің аузын байлап, суға салып пісіреді.

Борша көбінесе ірі қара етінен дайындалады. Санның, қолдың, жауырынның қара кесек еттерін ұзыншалап кесіп алып, пышақпен жұқалап тіліп, тұз, бұрыш себеді. Етті темір тордың үстіне салып, жалындатпай шокқа қақтап пісіреді.

Жаубүйрек – ұлттық тағамның бір түрі. Жаубүйректі малшылар, жолаушылар көп пайдаланады. Қойдың құйрығын білемдеп кесіп алады. Бауыр мен құйрықты жұқалап жапырақтап, істікке бір май, бір бауыр етіп кезектеп шаншып, үстіне майда тұз, бұрыш сеуіп отқа қақтап пісіреді. Оны кәдімгі кәуәптің бір түрі десе де болады.

Малдың ащы ішегі мен тоқ ішегінен өріп жасалатын тағамды жөргем деп атайды.

Қимай – соғымға сойылған сиыр етінен дайындалатын тағам. Сиырдың тоқ ішегін тұздап, айналдырып, оның ішіне кесек етіп туралған төстік пен төстің етегін, бұрыш, тұз, жуа қосылған етті салады. Оны шұжық сияқты пісіреді.

Сүттен жасалған тағамдар. Күнделікті негізгі тағам түрі сүттен жасалған тағамдар және ұннан пісірілген бауырсақ болды.

Зерттеу жұмыстарын жүргізген комиссия құрамында болған Фиельструп: «тіпті малы көп қазақтардың тамақтануының өзінде сүт тағамдарының маңызы зор болғандығын сүттен дайындалған тағамдардың әртүрлілігіне қарап-ақ аңғаруға болады», – деп жазады. Сүтті қазақтар ешқашан шикідей ішпеген, тек орыстармен ұзақ уақыт тығыз араласқан кейбір қазақтар шикі сүт ішуді де үйренген.

Ұсақ малды күніне бір рет, ал ірі қара малды күніне екі рет таңертең және кешке, жылқыны 4-6, кейде 12 ретке дейін сауатын. Сүтті түнде жалпақ ағаш ыдысқа құйып салқын жерге

қоятын, таңертең бетіне түскен кілегейді немесе шикі қаймақты алақанмен сыпырып алатын. Кілегейді қойылғанша қайнатып одан «балқаймақ» немесе кілегейді ағаш ыдысқа жинап сары май шайқайтын. Шайқалған майды тазаланып кептірілген қойдың қарынына немесе бүйеніне сақтайды. Майды көбінесе қыс кезінде бауырсақпен, таба нанмен қосып жейтін.

Жаз айларында сүтті бірден қазанға пісіріп, түнге қалдыратын. Таңертең бетіне түскен піскен қаймақты қолмен сыпырып алып дастарханға қоятын, ал сүтті бір ыдысқа құйып қымтап жауып тастайтын да айран ұйытатын. Айранды көбінесе қымыз дайындауға жағдайы жоқ кедей қазақтар жаз кезінде шөл басу үшін сүтпен араластырып ішетін. Қымызды көптеп дайындайтын бай қазақтар айранды сусын ретінде ішпейтін, сүтті көбінесе құрт пен ірімшік дайындауға қолданатын. Артық айран мен ашыған сүтті арнайы тері ыдыс сабаға құя беретін. 10-15 күннен кейін қатты ашыған бұл сүт іркітке айналатын. Іркітті піспекпен майынан айырып, қалған іркітті қазанға құйып қойылып құртқа айналғанша қайнататын. Оны қапқа құйып сары суы ағу үшін іліп қоятын. Ертеңінде домалақтап өреге жайып қоятын. Көлемі жағынан кішкене сықпа құрттарды шаймен жейтін, ал үлкен құрттарды қысқа сақтайтын. Қыста бұл құрттарды ұннан жасалған көжеге араластырып ішетін. Оны май немесе қуырылған құйрық маймен араластыратын.

Сонымен бірге қазақтар айранды қайнатып одан «ежгей» дайындайтын. Ал сиыр немесе ешкі сүтінен ашытқы қосып ірігенше қайнатып «ақ ірімшік» дайындайтын. Ірімшікке тұз және май қосып жейтін. Ірімшікті ұзақ қайнату арқылы «қызыл ірімшік» дайындайтын. Қызыл ірімшікті кептіріп қысқа да сақтады. Түйілген қызыл ірімшік ұнтағына май араластырып «қоспа» жасайды. Қоспаны да қарынға салып, қысқа сақтайтын.

Қой сүтіне іркіт немесе қымыз араластырып қайнатып «қою сүт» дайындайтын, оны көбінесе кешке ыстық күйінде ішетін. Ағаш тостаққа аз мөлшерде іркіт құйып, оның үстіне қойды бірден сауатын, ол бірден ұйып қышқыл дәмді тағамға айналады. Оны көбінесе балаларға жасап беретін. Таңертең қойшы торсықпен аз мөлшерде қымыз алып шығып, түске қарай бірнеше қойды

сауып сүтін қымыздың үстіне торсыққа құятын да, кешке дейін өзімен алып жүретін, кешке қарай дәмді, қою және майлы сусын қойыртпақ дайын болатын. Қойшының күндізгі негізгі асы қорықтық болды. Орташа көлемді бірнеше тасты отқа салып қатты қыздырып, оларды қой сүті құйылған саптыаяққа салып жібергенде сүт қайнап қойылып қалатын. Оны қорықтық деп атады.

Қымызды бие сүтінен сабаға ашыту арқылы дайындайтын. Көктемде сүтке қымыздың тұнбасына сүрленген жамбас сүйекті немесе айранды салып ашытатын. Қымыз уақыты аяқталғанша сабада ашытқы ретінде қымыз қалдырып, үстіне жаңа сауылған сүттен құйып отыратын. Кешке қарай піспекпен әбден піскен соң, таңертең қымыз дайын болатын. Ішер алдында қымызды ұзақ пісіп алып барып тегенеге құйып сапырады. Содан кейін ағаш тостағандарға құйып қонақтарға таратады. «Сабадан қымыз құйдырып, ортасына қойдырып, жасы үлкендер бір бөлек, кеңесіп күліп сылқылдап» –деп ұлы Абай айтқандай, қымызды бүкіл ауыл адамдары күн сайын бас қосып, әзіл, әңгіме араласқан көңілді дастарханда ішетін. Сақталу мерзіміне қарай үш күндік қымызды «күнан қымыз», төрт күндігін «дөнен қымыз», бес күндігін «бесті қымыз» деп атаған.

Ұннан жасалған тағамдар. Егіншіліктің дамуына байланысты қазақтар арасында тамаққа дәнді-дақылдарды қолдану жиілей түсті. Жатақтар тарыны сүтке қайнатып ботқа және тары көже жасайтын.

Бидайды қазанға қуырып алып келіге түйеді де сүт немесе тоңмаймен араластырып талқан жасады. Бидайды дымқыл күйінде ағаш келіге салып ақтайды да, бидай көже жасады. Жұт кездерінде көжеге айран қосып ішетін, ол тек сусын ғана емес, тамақ ретінде де болды. Ет асқанда сорпасына ақталған бидайды салып пісіріп, көже жасайды.

Ұннан жасалған тағамдардың тағы бір түрлері бауырсақ пен шелпек. Ұсақтап турап, ерітіліп, қайнатылған малдың іш майына бауырсақ, шелпек, құймақ пісірді. Қазірде де ашыған қамырдан оқтаумен 1-1,5 см қалыңдықта жайылып, көлемі бірдей етіп кесіледі де, қыздырылған майға қуырылып бауырсақ пісіріледі.

Шығыс Қазақстанда басқа аймақтарда пісірілмейтін ұсақ кітірлек бауырсақ дайындайды. Бауырсақтың бұл түрінің ерекшелігі ол көгермейді, қатпайды, ұзақ сақталады. Оны ұсақ бауырсақ деп атайды. Сондай-ақ үлкен бауырсақ та пісіреді. Бұл бауырсақтың қамырын ашытып пісіреді. Ашыған қамырды шұжық тәрізді қалыпқа келтіріп, домалақ формада кесіп, тегіс жерге тізеді де оның көтерілуін күтеді. Көтерілген соң қазандағы қатты қызып тұрған майға салып пісіреді. Піскен соң да майдан алып, суығанша тегіс жерге тізіп қояды. Үлкен бауырсақты Қазақстанның басқа өңірлерінде көп пісірмейді.

Жағдайлары нашарлау қазақтар шелпек түрі қоламтаны пісірді. Ал қазанда майсыз пісірген шелпекті қазан жаппай деп атады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ халқының негізгі айналысатын кәсіп түрлеріне тоқталыңыз.
2. Қазақ халқының баспана түрлері қандай болды?
3. Қазақ халқының ұлттық киім түрлерін жіктеңіз.
4. Қазақ халқының зергерлік өнері және әшекейлері қандай болды?
5. Қазақ халқының дәстүрлі тағамы қандай?

2.2. Өзбектер

Баспанасы. Өзбек халқының ауылдары туысқан отбасылардан құралған оншақты үйлерден тұрды. Киіз үйлер бұлақ немесе бастауларға жақын орналасты. Әрбір алдында ошақ, жұқа нан пісіруге арналған тандыр, құрт жаюға арналған сөрелер және тоқу станогы болды. Ауылдан алыстау жерде малды қамайтын орындар болды.

Қыстаулар (кишлоқ) ондаған әртүрлі көлемдегі үй-жайлардан тұрды. Ауылдан айырмашылы сол киіз үйлердің маңайында малға арналған жертөле, жартылай жертөле түріндегі немесе тастан салынған қоралар (оғил) болды. Бау-бақша өсіретін жерлер қыстаулардан алыс жерлерде болды.

Өзбектердің негізгі баспанасы киіз үйлер болды. XIX–XX ғ. басында көбінесе 40-60 уықтан тұратын төрт қанатты шағын киіз үйлер қолданылды.

Киіз үйді жасайтын шеберлер ауылдастарының тапсырысын орындайтын. Тапсырыс беруші материалды өзі дайындады.

Киіз үйдің киіз бөліктері мен ағаш бөліктерін байлауға арналған әртүрлі жалпақтықтағы таспалар мен баулар әрбір отбасында дайындалды. Баулар мен таспаларды өрнекті етіп жасады, онда, негізінен, қызыл түстер басым болды.

Жазда салқын болу үшін киіз үйдің сыртынан шиді қойды, есігі ағаштан немесе киіз есік болды.

Киіз үйдің ішіне келетін болсақ, төрде бірнеше қабат етіп жиылған көрпе-жастық пен киім салынған теңдер болды. Оны жүк деп атады. Мақта көрпелер мен жастықтар тек ауқаттыларда ғана болды.

Жүк тұратын төр құрметті орын болып саналды. Қонақты әдетте жүктің жанында төрге отырғызатын. Кіре берістің оң жағын шимен бөліп қойды, онда арнайы жасалған ыдыстарда сүт өнімдерін сақтады.

Киіз үйде ошақ ортасында емес, кіре беріске жақын, оң жаққа таман орналасты. Ошақтың аузы киіз үйдің есігіне қаратылып орналасты. Киіз үйде отты суық күндері ғана жақты. Тамақты киіз үйдің маңындағы ошақта пісірді. Киіз үйдің үшін жарық қылу үшін саз балшықтан істелген, жайпақ түпті құмыра тәріздес шырақтар қолданылды. Оның өн бойында тола тесіктер болды. Сол тесіктер арқылы жарық сәулелері жан-жағына тарады. Шырақтың бұл түрін барлық жерде чалакхотун деп атады. Май шамдар (кара чирак) 1870 ж. бастап көшпелілердің арасында тарай бастады.

Киімі. Өзбектер, түріктер және тәжіктердің киімі, негізінен, ұқсас болып келеді. Олардың киімдері қарапайым және пішілуі жағынан барлық жастағылар мен ерлердің де, әйелдердің де киімі бір пішінде болды.

Киім тігу үшін XIX ғ. екінші жартысында қолдан жасалған дөрекі мақта-мата маталарды қолданды. Фабрикалық маталар (әсіресе ала сиса, қызыл мата, жолақты және ақ қағаз маталар), қала тұрғындарының арасында Ресейге қосылмай тұрып-ақ кең тарады, ауылдық жерлерде темір жолдар салынғаннан кейін, XIX ғ. соңында пайда бола бастады.

Ерлер, әйелдер және балалардың киімдері көйлек, шалбар және шапаннан тұрды. Көйлек немесе «куйляк» туникаға ұқсас етіліп пішілді. Ерлер көйлектері тізеден төмен болып тігілсе, әйелдер мен балалар көйлектері тобыққа дейін түсіп тұрды. Ерлер көйлектерінің жеңінің ұзындығы саусаққа дейін жетсе, ал әйелдердің көйлектері жеңінің ұзындығы қолын төмен түсіргенде саусақтың ұшына дейін жететін болды.

Ерлер, балалар және қыздардың көйлектерінің жағасы көлденең жырықты болды, яғни иықтан иыққа дейін жетті (өзбекше айтқанда «киптаки»). Көйлектің жағасын жияк деп аталатын тоқылған таспамен немесе басқа матаның жіңішке жолақ-қиындысымен жиектелді. Әйел көйлегі жағасының ұзын тік жырығы болды. Оны да үш саусақтың көлеміндегі таспамен жиектеп, мойынның тұсынан баумен байлап қойды. Таспаны қара жүннен иіріп, сары және қызыл жіптерден тоқылған кестемен әсемдеді.

Шалбарлар «иштон» деп аталып, кең болып пішілді. Жасы ұлғайған еркектер балағы тобыққа дейін жететін шалбарлар киді, жастар одан сәл қысқалау шалбарлар киді. Әйелдер және қыздардың шалбарлары өкшесіне түсіп тұрды, балағының етегін ені бір саусақтай болатын жүн таспамен жиектеді. Балалар әдетте шалбарсыз ұзын көйлектер киіп жүрді. Жартылай көшпелі өзбектердің кедей отбасыларында тіпті ұл балалар көйлекті 12-13 жасына дейін немесе одан кейін киетін.

Жасы үлкен еркектердің көйлектері мен шалбарларын боялмаған бөзден тіксе, қалғандарына дөрекі теңбіл маталар – калями мен аляктан тікті. Егде әйелдер бөзден тігілген ақ көйлектер киді, алайда шалбарлары калямидан тігілді. Барлық жерлерде әйелдер шалбарының көрінбей тұратын жоғарғы жағын арзан матадан тіксе, көрініп тұратын төменгі жағын қымбат матадан тікті. Ауқатты отбасыларында көйлектер мен шалбарларды алачадан тікті.

Сырт киімдердің түрлері сан алуан болды. Оның негізгі түрі арасына мақта салып сырылып тігілген шапандар мен тондар болды (чапон, тун). Еркектер оны үнемі киіп жүрді, әйелдер суық кездерде ғана киді. Шапанның түймелігі жоқ, етегінің екі жанынан жырық салынып, жеңі ұшына қарай қусырылып тігіл-

ді. Ерлер шапанының жіңішке сырылған тік жағасының екі ұшы кеуде тұсында қосылып тұрды.

Мақта шапанның сыртынан еркектер *жесда* деп аталатын, аталған пішінмен тігілген, бірақ астарсыз жеңіл шапанды киіп жүрді. Көйлек пен шапанның белін тек қаралы болған жағдайда ғана буынатын. Белбеудің қызметін «белбоғ» деп аталатын, кестеленген мата кесіндісі – бел орамалы атқарды. Оны қиғаштап бүктеп, алдынан түйіндеп байлады. Базарға немесе алыс жолға шыққанда ұзын мата кесіндісін белге орап буынды.

Суық күндері аталған екі шапанның сыртынан мауытыдан тігілген чекмен немесе қойдың тықырланған терісінен тігілген тон *пустинді* киді. Ауқаттылар елтіріден тігіліп, қымбат матамен тысталған ішіктер барра *пустинді* киді.

Еркектер қыста шапанның ішінен *гунпи* деп аталатын, мақтамен сырылып тігілген көйлекті киді. Малшылар суық күндері сырт киім ретінде кебенек деп аталатын астары киізден жасалған шапандарды киіп жүрді.

Тұрмыстағы әйелдің мунисак деп аталатын мақтамен сырылып тігілген, жағасыз, жеңнің астынан бүріліп тігілген шапанның ерекше түрін, сонымен қатар астарсыз шапан жегдені киді. Қыздардың сыртқы киімі сырылған, жағасыз шапан болды. Оның мунисактан айырмашылығы жеңінің астында бүрмесі болмады.

Қонаққа барғанда әйелдер бірнеше көйлекті бірінің сыртынан бірін киді. Іш көйлек әдетте ақ түсті болса, жастардың сыртқы көйлектері ашық түсті, ал жасы үлкен әйелдердің киімі сыпайы түсті болды.

Ерлердің бас киімі кестесіз тақиялар мен салла (сәлде) болды. Қарт адамдар салланың астынан сырылған немесе теріден тігілген бөрік киді. Кейбір жерлерде бастарына киіз қалпақ киді, оны қазақы қалпақ деп атады.

Тұрмыстағы әйел адамның бас киімі күрделі болды. Ол шашбаулары, мойын мен кеудені жабуға арналған ақ мата кесіндісі, бір немесе бірнеше орамалдан тұратын сәлдесі бар дөңгелек бас киімнен тұрды. Бас киімнің пішіні, оның атауы, орамалдардың саны әртүрлі этникалық топтарда бірдей болмады. Жартылай көшпенді өзбектердің көбінде кийгич деп аталатын мұндай бөрік

арасына мақта салып сырылған және оның шашбауы бұрымды белге дейін жауып тұрды.

Бөріктің сыртынан румол деп аталатын қиғаш бүктелген үлкен орамалды жауып жүрді. Орамалдың сыртынан сәлденің пішінінде мата қиындысын (дастор) байлап алды.

Мойын мен кеудені тік бұрышты ақ мата кесіндісі лачакпен жауып жүрді.

Жартылай көшпелі өзбектерде сәлденің сыртынан томок румол деп аталатын тағы да бір үлкен орамалды екі ұшын мойынды айналдыра тақты. Жасы егде әйелдер сәлденің сыртынан ақ орамал тақса, ал жастар мұндай орамалдың түсті жіптермен кестеленген түрін тақты.

Үйден шыққанда әйелдер астарсыз, жолақты матадан тігілген желак деп аталатын жеңіл шапанды бастарына жауып шықты. Желекті кигенде оның бір жеңі арқаға түсіп тұрды. Ал паранджа – алдамшы ұзын жеңі бар, жамылғыш шапан тек байларда ғана кездесті, әдетте оны тойға сатып алатын және оны жас келін бетіндегі торсыз киді.

Еркектер аяқ киіміне келетін болсақ, олар етік, мәсі (махси) және оның сыртынан *галош* (кавуш) киді. Әйелдер кавушты жалаң аяқтарына киді. Жас әйелдерде кавуштың биік өкшелі түрлері болды. Ауқатты отбасыларының жасы үлкен әйелдері қысты күні мәсінің сыртынан кавушты киетін.

Әйелдердің зергерлік бұйымдары – моншақ, сырға, білезік және сақиналар, негізінен, күмістен жасалды, алтын және алтын жалатылған бұйымдар тек ауқатты адамдарда ғана болды (әсіресе отырықшы халықта). Олар Бұхара және Самарқандтың қалалық зергерлерінің бұйымдары еді.

Зергерлік әшекейлердің ішінде маржан моншақтар барлық жастағы әйелдер арасында кең тарады (чин маржон), ал ақық моншақтар мен күміс теңгелерден жасалған әшекейді (зеби-гардон) жас келіншектер тақты. Тұрмыстағы әйел міндетті түрде мұрынның шетіне латиба деп аталатын сырға тақты. Жас келіннің сәлдесіне бір-біріне жалғанған күміс қаңылтырлар және салпыншақтардан тұратын шекелік әшекейді (синсила) тақты.

Әйелдер шашын екі бұрым қылып өрсе, жас қыздар шаштарын көптеген ұсақ бұрымдарға бөліп өрді. Бұрымдарына жүн немесе қағаз жіптен жасалған шашбауларды (пупак) тақты. Ер адамдар шаштарын тақырлап алып, мұрт пен сақал өсірді, мұрттарын шариаттың заңдылығына байланысты қиып отырды.

Тағамы. Өзбек халқының дәстүрлі тағамдарының дамуына екі жағдай, бірі табиғи ерекшеліктері мен шаруашылығы болса, екінші жағынан, өзбек халықтарының құрамына кіретін әртүрлі этникалық топтардың мәдениеті әсерін тигізді. Суармалы егін шаруашылығымен айналысатын өзбек халықтарының тағамдары жартылай көшпелі халықтардан өзгеше болды. Әсіресе қала тұрғындары мен ертедегі ірі тұрақтардағы тағам түрлерінің құрамы күрделі болып келді. Олардың асханасында шығу жағынан әртүрлі болып келетін тағамдар кездеседі. Біріншісі, көне замандағы отырықшы халықтардың тағамдары болса, екіншісі, далалықтармен араласып пайда болған тағамдар, үшіншісі, өзге ұлттардың әсері еді. Өзбекстанның батыс бөлігіндегі қала тұрғындарының асханасы көбінесе парсылықтарға ұқсас, ал шығыс бөлігіндегі қала тұрғындарының асханасы қашқарлар (ұйғыр) асханасына ұқсас болып келеді.

Өзбекстан Кеңес үкіметінің құрамында болған уақытта өзбек асханасында орыс тағамдарына ұқсас тағам түрлері көбейіп кетті, сонымен қатар көкөніс түрлері (түйнек, қызанақ, қияр) және фабрикалық тағамдар (макарон, вермишель, кондитерлік тағамдар, консервілер және т.б.) да көптеп қолданылды.

Өзбек халықтарының асында нан (нон) қадірлі тағамдардың бірі болып саналады. Нанды олар жұқа нан ретінде әртүрлі көлемде даярлайды. Нанды арнайы түбі кептірілмеген, саздан жасалынған пештерде (тандыр), ішіне от жағып, әбден сөнгесін пештің ішкі жақтағы қызған қабырғаларына нанды жапсырып пісіреді.

Өзбекстанның оңтүстік бөлігі мен Тәжікстан жағындағы жартылай көшпелі өмір сақталған халықтарда революцияға дейін нан пісірудің басқа түрі қолданылды, олар нанды жерден қазылған шұңқырлардағы тастан жасалған қазандарда пісірді. Жайылымдағы малшылар нанды қазандарда немесе таба мен ыстық қоламтада пісіретін болған.

Үй жағдайында көбінесе нанды бидай ұнынан пісірді, ал ертеректе кедейлер нанды арпа ұнынан пісіретін, алайда қазіргі кезде арпа ұны қолданылмайды. Қамырды көп жағдайда ашытылған күйінде қолданады. Қамырды илегенде оған арнайы ашытқы қосатын болған. Шелпекті ашытылмаған қамырдан да пісіретін. Көп жағдайда оны шоққа пісіреді, оған сүт немесе шыжық қосады, кейде ұсақ туралған сарымсақ немесе асқабақты да қосатын болған. Ең дәмді шелпектердің бірі майлы, қазанда қуырылған шелпектер болды.

Көп уақыттан бері Өзбекстанның қалалары мен шағын қалашықтарында арнайы нан наубайханалары бар. Наубайханалардың иелері бір ғана орталық ашпай, сонымен қатар өз қоластарына нан пісіретін шеберлерді жинап, өз саудасын дамытып отырған. Олар нанды наубайханада және көшелерде жүріп сатты. Нанды пісірумен ер адамдар айналысты. Олар белгілі бір уақыт ішінде нан пісірудің тәсілдерімен танысып, арнайы оқып отырған. Кейбіреулері нанды сату үшін үйлерінде де пісіріп отырды, алайда үйде әйел адамдар пісірді, ал ер адамдар ұн әкелумен және нанды сатумен айналысты.

Әр аймақта нанның пішіні мен құрамы әртүрлі болды. Кеңес кезеңінде қала тұрғындарының көбеюіне байланысты нан сұранысы өседі. Сондықтан қалалар мен шағын қалашықтарда көптеп нан пісіретін наубайханалар саны күрт өседі. Өзбектер нанды қатты қадірлейді. Кішкентай балаға дейін жерге түсіп қалған нан қоқымдарын теріп алып жүру керек екендігін біледі. Нанды үйде алдыңғы немесе ең қадірлі жерде сақтаған. Дастархан басында нанды турау үйдің үлкеніне берілетін.

Өзбек асханасы әртүрлі тағамдарға өте бай болып келеді, сонымен қатар оларда ет те аса маңызды рөл атқарған. Олар қой, сиыр етін аз ғана мөлшерде қолданған, ал жылқы етін одан да сирек қолданатын. Шошқа етін мүлдем жемейтін, оған бала кездерінен жиіркенушілікпен қарайтын болған. Алайда қазіргі кезде жастар шошқа еті қосылған шұжықтарды тағамға қолданады.

Өзбектердің ерте кезден сақталып келе жатқан дәстүрлерінің бірі – қысқыға қой сою. Оның еттерін бөлшектеп, қуырып үстіне май құяды. Ол сүрленген етке ұқсас болып келеді, бірақ

өзбектер сүрлеу тәсілін білмеген. Еттерді арнайы құмыраларда немесе малдың ішектеріне салып сақтаған. Соғым сойған күні қонақтарға қуырылған ет, бүйрек, бауыр беріледі. Кешке палау, ал таңертең сорпа мен пісірілген ет беріледі. Кейбір Дешті қыпшақ өзбектерінде қонаққа малдың басын, аяқтарын пісіріп беру дәстүрі сақталған. Балық аз қолданылған. Базарларда аспазшылар балықты күнбағыс майына қуырып сатады. Балықты ұнататын адамдар балықты сол жерде сатып алып, арнайы қойылған үстелдерде отырып жей береді. Ал өзен бойында орналасқан өзбектер ғана балықтан тағамның әртүрлерін жасай алады. Өзбектер көкөністен сәбіз, асқабақ, түйнек, қызылша және т.б. түрлерін көп мөлшерде қолданады. Ал қырыққабат, қызанақ сияқты көкөністерді тек XIX ғасырдың соңынан бастап қана қолдана бастады.

Сонымен қатар кеспе дайындау да кең таралған. Кеспені арнайы ашытылған сүтке салып, аскөк қосып пісіретін болған. Нарын мен лағман тағамдарының айырмашылығы кеспесінде болады. Нарынды дайындағанда кеспе нанын жұқа қылып илеп, кеспені асылған еттің сорпасына пісіреді. Бұл тағам өзбектерге қазақ асханасынан таныс. Тағамның бұл түрі Ташкентте қадірлі ас ретінде жүрген, көп жағдайда тек ер адамдар жиналғанда берілетін болған. Ал лағман ұзынша болып келген кеспе, ол суда пісіріледі. Лағман үстіне еттен және көп көкөністен жасалған тұздық құйылады. Бұл тағам ұйғыр халқының асханасынан келген.

Отырықшы аудандардағы өзбектердің асханаларында тұшпара көп кездеседі. Кішкентай тұшпараның ішіне туралған ет пен сарымсақ салып, оны суға пісірген, ал тұшпарадан үлкендеу, бұға пісірілетін тағам мәңгі болды. Қазіргі таңда тұшпараны көптеп қолданады, мұнда тек өзбектер ғана емес, сонымен қатар өзге халықтардың отбасыларында да кең тараған.

Өзбек асханасында самса жасау да кең тараған. Самсаны дайындау үшін оған етті ұсақ қылып турап, сарымсақты көп мөлшерде салып, бұрыш қосқан. Жаңа жылға самсаны асбұршақпен дайындайтын. Самсаны да арнайы таңдыр пешінде пісірген, кей жағдайда майға қуырып та пісіретін болған.

Өзбектерде ботқа дайындау жақсы дамыған, соның ішінде өзбектердің дәстүрлі және өздерінің сүйікті «ботқасы» палау болып

саналады. Революцияға дейінгі кезде ауқатты отбасыларда палау күнделікті тағамдары болатын. Ал орташа отбасыларда палауды аптасына бір рет, жұма күні кешкісін пісіретін. Тойларда үстел үстіне палауды қою міндетті болған. Палауды пісіргенде оған өте көп мөлшерде май қосады (қойдың майы), сонымен қоса ет, сәбіз және сарымсақты қосып отырған. Палауға қой, ешкі, жылқы және үй құсы еттерін қосқан. Өзбек палауының ішінде көп тарағаны – ет, көкөніс және күрішті бір қазанда пісірген түрі. Ал Бұқарада палаудың пісірілу жолы өзгеше, онда дәмдеуіш бөлек, ал күріш бөлек пісіріледі.

Өзбектер сүтті көбіне ұйыған түрінде қолданады, ал тұщысын балаларға беріп отырған. Майды олар ашыған сүттен алатын, ол үшін ашыған сүтті арнайы ұзынша келген ыдысқа құйып, үстінен басында айқастырылған табан ағашы бар таяқпен пісетін болған. Ал қалалық жерлерде майды көп жағдайда қаймақты илеу арқылы алатын. Күнбағыс майын тек Кеңес кезеңінде ғана пайдаланған. Көшпелі өзбектер арасында қымыз жасайтын болды және Қазақстан территориясына жақын жерде орналасқан тұрғындар қымыз жасаудан хабардар болған. Алайда өзбектердің көп бөлігі қымыздың жасалу жолдарын білмейді.

Өзбек халықтарының жазғы тағамдары жеміс-жидек, оның ішінде өрік, жүзім және қауын болды. Қыс пен көктем айларына арнайы жеміс-жидектерді кептіріп қояды, мейіз бен өрікті көп мөлшерде жинап алды. Қонақтарға арнап кептірілген жеміс-жидектер, грек жаңғағы, өрік және бадам дәнін қоятын болған. Жүзім, алма және қауынды көктемге дейін балғын күйінде сақтаудың жолдарын білді.

Бұқара қаласында кондитерлік фабрикалар өте көп болды, онда тәттілерді жасайтын шеберлер сату үшін кәмпиттер, тосаптар, мұз кәмпиттер және халва пісіріп отырған. Халваны құрамына қарай әртүрлі қылып жасаған және халваны мұндағы адамдар көптеп қолданды. Дәстүр бойынша күйеу жігіт мейрам күндері өзінің қалыңдығына және оның құрбы қыздарына халваны сыйлық ретінде беретін. Халвадан басқа көп қолданысқа ие болған шақпақ қант болды, ол адамды әлсіздіктен емдейді деп есептеген. Оны әйел адамға босанғаннан кейінгі алғашқы күндері беретін болған.

Рамазан айында дәстүрлі тәтті ретінде жұмыртқа ақуызына қант қосылып жасалған дәмді тағамды ұсынатын болған.

XIX ғасырдың екінші жартысында кедей адамдар да шайды қолдана бастады. Әдетте өзбектер ыстық күндері шөлді басу үшін көк шай ішеді. Бірақ Ташкент маңайындағы аудандарда қара шайды да ішті. Ең көп тараған шайдың дайындалу түрі «шир-чой» немесе «оқ-чой», оны дайындау үшін шайға сүт пен тұз қосылады. Кейбір аудандарда бұл шайды таңғы ас ретінде. Жүзім өсірілетін аудандарда өзбектер жүзім шарабын жасап ішетін болған. Ферғанада жасалатын шараптың жасалу жолдары жайлы б.э.д II ғасырдағы қытай деректерінде кездеседі. Қазіргі кезде өзбек шарабы көптеген елдерде жақсы қолданысқа ие. Олар өз араларында немесе қонақ шақырғанда, шарап ішетін адамдарға арнап бөлек дастархан жаяды.

Тағамды көбінесе ошаққа тұратын қазандарда пісірді. Кейбір ыдыс-аяқтар, яғни пышақтар және т.б. түрлері темірден болды. Сонымен қоса ыдыстар балшықтан және ағаштан да жасалды. Сұйық тағамдар үшін құмыраларды қолданған. Бидайды арнайы қазылған шұңқырларда сақтаған, қамырды балшықтан күйдіріліп жасалған ыдыстарда илеген. Әрбір үй шаруасындағы әйелдің өзінде нан илейтін оқтау мен тақтайы болатын, ол тақтайда сарымсақ және кеспелерді кесе берген.

Қазіргі таңда ауыл тұрғындарында алюминий, эмаль, фарфор, шыны және пластмассадан жасалған ыдыстар да кең тараған.

Өзбектердің тамақтану уақытына келетін болсақ, олардағы тамақтану ауа райының жағдайы мен күнделікті атқаратын жұмыстарына байланысты белгілі бір уақытқа белгіленіп қойылған. Олар таңертең дастарханға шай мен сүттің бетінен алынған қаймақты ғана қояды. Бұқарада бұндай жағдай көп тараған. Күні бойы жай ғана нанмен шай ішіп, жаз уақытында жеміс-жидек, қызанақтан салат дайындап, соны ғана жеп жүре береді. Жұмыс істейтін адамдар түс кезінде асханаға барып ыстық тамақ ішіп алады. Ал үйде түс кезінде үйге қонақ келген жағдайда ғана ыстық тамақ дайындалады.

Тамақты әйел адам жасайды, әрбір әйелдің міндеті палау пісіре білу болды. Өзбектерде тамақтың жақсы дайындалуы мен дастарханның жайылуына өте көп көңіл бөледі. Өзбектер дастарханды жерге төсеп, отбасының мүшелері оны айнала отырады. Кейбір жағдайларда үлкен адамдар кішкентай орындықтарда отыратын болған. Сұйық тағамды әрбір отбасы мүшесіне бөлек кеселерге құйып береді. Ал ауылды жерлерде екі адамға бір кеседен беретін. Қою тағамды да қазіргі кезде әр адамға бөлек салады, алайда ертеде бір табаққа салып, ортаға қоятын болған. Тамақтанудың әртүрлі дәстүрлері болған. Қайтыс болған адамды еске алу күніне олар ұннан жасалған тәтті кисельмен қамырды илеп, оны майға пісіреді. Ұннан жасалған кисельді «сумалак» деп атаған. Сумалақты көктемде пісіретін болған, оған тек әйел адамдары ғана қатысады. Оны дайындау үшін барлық ауылдың әйелдері жиналып, өздерінің қосатын өнімдерін алып келіп, бірігіп пісіретін болған. Ол бір түн бойы ошақта қайнатылып тұрған. Дайын болған соң барлық ауыл адамдарына таратып беретін. Дәстүр бойынша сумалақты дайындау барысында құран оқылып, сыйынатын болған. Бұл тағам «ұлы Биби-Сешанбеге» арналып жасалатын, оған ауылдың әйелдері ғана қатысады. Ал осы кезде ер адамдар мешітте ет қосылған бидай ботқасын пісіреді (холиса). Холисаны да көп мөлшерде пісіріп, барлық ауыл тұрғындарына тарататын. Өзбектер қонақжай халық болып есептеледі. Үйге келген қонақтың алдына дастархан жайып, нан қою міндетті болып саналған. Өзбек халқында қай жерде болмасын, не жесе де қасындағы адамдармен бөлісу әрбір адамның міндеті болып саналған. Өз бақшасында өскен жеміс-жидектер мен көкеністерден үй иесі көршілеріне беруге міндетті еді.

Кәсіптері. Өзбектердің дәстүрлі кәсібі – егіншілік, сауда және ұсталық. Ірі қалаларда сауда, ұстаханалар, үлкен ауылды жерлерде қолөнер, ұсталықтың әр түрі (тігіншілік, зергерлік, тері илеу, сабын жасау, нан басу, тәтті шығару, т.б.) дамыды. Жартылай көшпелі өзбектер туыстық жағдайды қатаң сақтаған. Қазіргі отбасылары шағын, бірақ та ұлдары үйленген соң әке үйі қасына таяу орнығады (бір-біріне көмектесіп тұру үшін), қарашаңырақта кіші баласы қалады. Әйелдер қоғамдық өмірге көп араласпайды.

Ортазеравшан даласында XIX–XX ғасырда ауыл аймақтарда көптеген үй тұрмысына қатысты кәсіптер дамыды. Солардың бірі тоқыма кәсіпшілігі болатын. Оның көптеген түрлері болды мысалы: буз, калями, дукан, урмак т.б. Тоқыма кәсібінің екінші түрі калями өндірісімен көшпелі өзбектер айналысты. Ал Хорезмнен шыққандар мен өзбек-урганджилер, сығандар тоқыма өндірісімен айналыспаған.

Ал қалалар мен ірі ауылдарда тоқыма кәсібімен ер кісілер де айналысқан және бұл қолөнер ретінде саналған. Бірақ ер кісілер бұл кәсіппен көбінесе қыс мезгілінде, яғни далалық жұмыстар жоқ кезде айналысқан. Матаға арналған иірілген жіпті иіру доңғалағы чархта жасаса, жүнге арналғанын ұршықта жасаған.

Жіп иіру, әрине, тек әйелдер айналысатын кәсіп еді. Және жіп иіріп сату сол кезде кеңінен таралған болатын, сыған халқы ғана бұл кәсіпке қызығушылық танытпаған. Бұл кәсіп түрінің кең тарауының себебі оны өндіруде арзанға түсуімен түсіндіріледі

Қолөнер заттарын – маталар, зергерлік бұйымдар, аяқ-киім өндірісі, шойын және темір семсерлер, орақтар, кетпендер, үй құралдары, ыдыстар, ағаш сандықтар, бесіктер, орындықтар және т.б заттарды – қарапайым адамдар қалалар мен ірі ауылдардан (Самарқан, Үргүт, Катаққорған т.б) және осындай бұйымдарды сататын базарлардан алатын. Ауылдарда әр кәсіптің өз шеберлері болған, етікші, ұста, шебер, және зергерлер үлкен сұранысқа ие болды. Ал ағаш ыдыстарды жасап сатумен сығандар айналысқан, қарапайым күміс және мыстан жасалған сырғалар мен жүзіктерді де жасау сығандардың басты кәсібі болған. Сонымен қатар алып сатумен де айналысушылар көп кездесті. Олар Қаршыдан Самарқанға тұз, Бұхарадан әртүрлі бұйымдар, Самарқаннан Бұхара мен Қаршыға бидай жеткізіп отырған.

Ал кедей өзбек отбасылары болса, тауда ағаштарды кесіп, көмір алып осылардың бәрін Самарқанға сатылымға апаратын. Л.Н. Соболевтің айтуы бойынша, Самарқан өңірінің көп бөлігінде кедейшілік орын алған.

Бақылау сұрақтары:

1. Өзбек халқының баспана түрлері қандай?

2. Өзбек халқының дәстүрлі ұлттық киім ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
3. Өзбек халқының дәстүрлі тағам түрлері қандай болды?
4. Өзбек әйелдерінің зергерлік бұйым түрлеріне тоқталыңыз.
5. Өзбек халқының негізгі айналысатын кәсіптері қандай болды?

2.3. Қарақалпақтар

Баспанасы. Қарақалпақтар ерте кезден жартылай көшпенді өмір салтын ұстанды. Олар мал шаруашылығы, егіншілік және балық аулаумен айналысты. Шаруашылық типі мен жартылай көшпелі өмір салты нәтижесінде қарақалпақтарда негізгі баспана түрі киіз үйден басқа әртүрлі уақытша және тұрақты баспаналар пайда болды. Оңтүстік аудандардағы қарақалпақтардың баспаналарының өзбектердің баспаналарынан айырмашылығы болмады. Барлық шаруашылық құрылыстары биік дуалдардың ішінде тұрғын үйлермен бірге орналасты.

Төңкеріске дейін Қарақалпақстанда негізгі тұрақтар жартылай көшпелі ауылдар болды, баспананың басты түрі – киіз үй еді.

Солтүстік аудандардағы бір рудың мүшелері орналасқан ауылдардың көлемі шағын немесе орташа болды. Олар Амударияның тармақтарының немесе жол бойында орналасты. Үйлер мен киіз үйлер бір көшенің бойына орналасып, киіз үйдің есігі оңтүстікке қаратылды. Арал маңындағы қарақалпақтардың үйлері қамыстан салынып, тіпті киіз үйдің де киізінің орнына қамысты қолдану кездесетін.

Киіз үйден басқа қарақалпақтарда жартылай тұрақты баспаналар саздан салынған қақыра, жертөле және жартылай жертөлелер, қамыстан жасалған уақытша күркелер, ал ірі байларда үлкен үй-жайлары (усадыба) болды. Олардың терезелері өте жоғары, жерден 2-3 метр жоғары орналасты. Үйлердің есіктері бір есікті. Олардың оймыштау арқылы өрнектеліп жасалған түрлері де кездесті.

Қарақалпақтардың саздан соғылған үйлерін *пахса* деп атады. Ағашты қарақалпақтар тек шатырға ғана қолданды. Үйдің сырықтары мен бағаналары жергілікті өсетін теректен дайындалды.

Шатырдың көлденең бөренелеріне де терек пайдаланылды. Көлденең сырықтардың үстіне тоқылған қамыс төселіп, оның үстінен сабанмен, одан кейін топырақпен жауып, олардың сыртынан сазбен сыланып тасталды. Үйдің төбесі ешқандай өңдеусіз сол қалпында болды. Кейбір отбасыларында қонақтарға арналған бөлмелердің төбесіне тоқылған қамыс қағылып, оның сырты сыланып тасталады.

Қарақалпақ халқы каркасты үйлерді де қолданды, оны халық арасында шопкер деп атады. Бұндай үйлердің іргетасы болмады, 5-6 см аралықта тесіктері бар жуан бөренелерді қойып, оның тесіктеріне жіңішке сырықтарды қадады, олардың арасындағы бос кеңістікті бау түріндегі қамыс немесе кірпішпен толтырып, қабырға балшықпен сыланды.

Қарақалпақ халқының баспана түрлерінің ішіндегі маңыздыларының бірі киіз үй болды. Халықтың мал шаруашылығымен айналысатын бөлігі ғана емес, сондай-ақ толық отырықшылыққа көшкен, саздан салынған үйлер бар бөлігі де үй-жайларының ішінде міндетті түрде киіз үйді құрып қойды. Қарақалпақ киіз үйлерінің уықтары тұзу, тек төменгі ұшы ғана бекітуге қолайлы болу үшін иіліп жасалады, Шаңырақ пен керегені жалпақ ақ баулармен бекітіп байлады. Киіз үйді жасаудың негізгі шикізаты жергілікті өсетін терек болды. Киіз үйде тек жазда ғана емес, қыста да өмір сүрді. Ауқатты қарақалпақтар екі киіз үй құрды. Бірінде (қара үй) қарт адамдар мен балалар тұрса, екіншісі (отау) қонақ қабылдау, дем алуға арналды.

Киіз үйдің іші төр жақтан қарағанда оң жақ және сол жақ болып екіге бөлінді. Оң жақ ер адамдардың, сол жақ әйел адамдар және шаруашылық заттарының (қазан-аяқ) бөлігі болып есептелді. Киіз үйдің оң жағында ер-тұрман сақталды. Оң жақ бөлікте шымылдықтың ішінде қалыңдық отырды, мұнда босануға күні жақындаған аяғы ауыр әйел де отырды. Төрге жақын сандықтарға төсек-орынды жинап қойды. Киіз үйдің ортасында төрт бұрышты ошақ орналасты.

Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер туындыларының көрнектісі бола алатын қарақалпақ киіз үйін жасауда ағаш ұстасы, балташы, кілем тоқу, ши тоқу шеберлерінің еңбегі үйлесім тапты.

Зерттеушілер қарақалпақ киіз үйін басқа халықтардың киіз үйімен салыстырғанда дәстүрлі қолданбалы өнер туындыларымен мол безендірілген деп санайды. Оның сыртын да, ішін де өрнектеп тоқылған жолақтармен, кілем төсеніштермен әсемдеді.

Киімі. Қарақалпақтардың көне ұлттық киімдері өзіндік ерекшеліктерімен айырықшаланады – олардан тек Орта Азия мен Қазақстан ғана емес, сонымен қатар Орал мен Волганың ар жағындағы біраз халықтардың киімдерімен ұқсастықтары бар екені білінеді. Бұл жағдай қарақалпақтардың ұлттық киімдері ғана емес, жалпы этногенез мәселелеріне байланысты да маңызды деректер береді.

Өкінішке орай, қарақалпақтардың ұлттық киімдерінің музейлердегі жинағы өте аз және олардың көбі Қазан революциясынан кейін жиналған жәдігерлер, көне киімдерінің түрі сақталмаған, ғалымдар олардың негізгі кескінін көнекөз қариялардың айтуы бойынша қалпына келтірді.

Қарақалпақтардың революцияға дейінгі ұлттық киімдері көп өзгеріске ұшыраған жоқ, тек олардың арасында Ресейдің фабрикалық маталары көбейді. Қазан төңкерісінен кейін орыстардың мәдениетінің ықпалымен және ауыл мен қаланың арасындағы байланыстың нығаюы, ауылды жерлерді өнеркәсіптік заттармен жабдықтаудың нәтижесінде әртүрлі мата түрлері және дайын киімдер пайда болып, бұрынғы ұлттық киімдерге өзгеріс енгізілді. Ұлттық киім түрлері толығымен тек ауыл қарттарында сақталса, орта жастағылар мен жастардың киімдерінде қалалық үлгі элементтері басым болды (аяқ киім, бас киім, сырт киімдер), ал қалада ерлер мен әйелдердің басым бөлігі фабрикалық қала киімдерін киді.

Қарақалпақтар киім тігу үшін қолдан жасалған маталарды көптеп қолданды. Олар мақта-мата, кендір мата, жүннен тоқылған, өзбектер мен тәжіктерден алынған басқа да қолдан жасалған маталар болды. Сонымен қатар жібек және жартылай жібек маталар, оның ішінде Хиуа мен Бұхардан әкелінген жартылай жібек жолақ *алачалар* және *бекасаб*, шапандарға арналған ашық түсті тығыз тоқылған жібек мата (канаус), әйелдер көйлегіне арналған *шайы* (жұқа жібек), таңқурай түстес *турме* деп аталатын бөкебайлар

(шарф) және әйелдердің бас киіміне арналған мадали, бұхарлық түсті барқыт маталар пайдаланылған. XIX ғасырдың ортасынан бастап кең көлемде ағылшын маталары, кейін орыстардан алынған шұға, шыт және т.б. фабрикалық маталар қолданыла бастады.

Қазіргі уақытта фабрикалық маталар сауда орталықтарында өте көп сатылады, бірақ олардың арасында ауыл тұрғындарының үлкен сұранысына ие болғандары барқыт және әйел камзолдарына арналған пүліш, ерлер камзолына арналған шибарқыт (вельвет), бұрынғы жергілікті торлы *шатырашты* еске түсіретін кереге көз мата (шотландка) және үлкен адамдардың көйлегіне арналған жібек және жасанды тегіс маталар. Қазіргі колөнерде жұқа жібек матасы үлкен сұранысқа ие, матаның бұл түрі Өзбекстан мен Бұхарадан алынады.

Ертеректе ұлттық киім кешенінің ішінде қой терісінен тігілген киімдер кең қолданылды. Олар теріден жасалған тондар мен тымақтар, аяқ киім түрлері болды. Қой терілерін қазірде де осы мақсатта қолданады, алайда қолдан жасалған аяқ киімдерді түгелдей дерлік фабрикалық заттар ығыстырды.

Киімдерді көбіне үйде әйелдер тікті, бірақ бірқатар ауылдарда арнайы маман тігіншілер болды. Маталарды қолмен байланысты өлшемдермен өлшеді: бас бармақ пен шынашақ аралығын *қарыс* деп, ал үлкен саусақ немесе бас бармақ пен сұқ саусақ аралығын *сүйем*, төрт саусақты қатар қойып өлшеуді *төрт бармақ*, саусақ соңынан иыққа дейін *гез* деп атаған. Бұрын тек қолмен тіккен, XIX ғасырдан бастап тігін машиналарын қолдана бастады. Әлі күнге дейін кейбір үйлерде тігін машинасымен тігеді, қолмен бос етіп немесе қатты керіп тіксе, оны *жорма тигис* деп атайды.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қарақалпақтардың ер адамдарының киімдері Хорезмдік өзбектерге ұқсас болды. Олар жылтыр матадан шапан және қара қой терісінен бас киімдер киді.

Ер адамдардың іш киімдері ақ түсті кең, жеңі тік және жағасы көлденең жырық болып келген, жиектері қызыл, қара түсті матамен көмкерілген туника іспеттес *көйлек* болды. Төмен жағына іш киім ретінде *ыштан* немесе *дамбал* киген. Оның балағын аяқ киім-

нің қонышына салып киген. Бұл киім түрлерін ертеректе қолдан жасалған мақта мата бөзден тіккен, қазір оны фабрикалық әртүрлі ақ түсті маталардан тігеді және үлкен кісілерден қолдан тігілген түрлерін кездестіруге болады. Көйлек пен ыштанды ауылды жерлерде ыстық күндері жұмыс киімі ретінде де пайдаланды, кейінгі кездері көйлектің белі буылатын болған. Күн суық кездері ыштан сыртынан жылы қалың мақта матадан немесе жүннен тоқылған *сым* киген. *Бешпенттің* жеңі ұзын болды, кәжекей түріндегілерінің жеңі қысқалау болып келеді. Камзолдың жағасы тік, қалтасы ойып жасалған. Бешпенттің астары бар, кейде астарына мақта салынады, бұндай түрін *гуни* деп атайды.

Қарақалпақтардың сырт киімдерінің бастысы *шапан* болды. Мерекелік шапандар жылтыр матадан тігілді. Шапан бешпент тәрізді етіліп жасалды, ол мақта немесе түйе жүнінен тігілді. Қарақалпақтардың шапанының тағы бір түрі шекпен болды, ол жүннен, қолдан жасалған шұғадан тігілді, түсі ашық қызыл қоңыр болды, етегі мен жиектерін қара немесе қызыл түсті таспамен көмкерді. Шапан беліне түрлі матадан жасалған *белбеу* немесе орамалды (*шаршы*) тақты, кей кездері белбеуді қайыстан да жасады (оның пышак, дәрі сауыттарын және т.б. заттар салып қоятын қалташалары болған). Бозбалалар мереке күндері ашық түсті жібек маталарды белбеу ретінде таққан. Қысты күндері ер адамдар қой терісінен жасалған *тон* немесе *постын* киді.

Бас киімдері конус тәріздес болған және оны қалпақ деп атады. Бұл атау скифтердің *колпак* сөзінен шыққан. Оны кейбір әдебиеттерде тақия деп те атаған, қалпақ матадан тігіліп, шеті қайырылды. XIX ғасырдың ортасында бұл тәрізді бас киімдер жоғала бастады, оның орнына *қураш* немесе *шөгирме* деп аталатын бас киімдер келді. *Қураш* қара қой терісінен жүні сыртына қаратылып тігілді. Қазір осындай ауыр бас киімдерді сирек киеді, оны *құлақшын* ауыстырды. Сонымен қатар жеңіл әрі ыңғайлы бас киімдер пайда болды. Соның бірі *дегелей* деп аталды, оның айналасы қой терісімен жұрындалып, сырты ши барқыт сияқты тығыз маталармен көмкерілді. Бұлардан басқа қазір көп киетіндері тақиялар, кепештер, бас киімдер, фетр және

сабан қалпақтар. Сәлде қарақалпақтарда тарамаған, оны тек дін басылары ғана киген.

Қарақалпақтар аяқ киімдерін теріден тікті (*шерим*). Етіктер биік өкшелі, басы үшкір және сәл қайқылау етіп жасалды. Сондай-ақ жұмсақ былғарыдан тігілген етіктер киген, яғни қой немесе ешкі терісінен жасалған *мәсі*, *оның* сыртынан теріден жасалған *геуиш* (калош) кесе, ал қыста етіктің ішінен шұлықтар киген.

Кеңестік уақытта жастар ұлттық киімді сирек киді, тіпті ауылдың өзінде олардың киімдерінде қала киімдеріне ұқсас детальдар көп болды. Осы кезеңде спорттық киімдер, майкалар, жемпірлер, шаңғы тебуге арналған киімдері тұрмысқа енеді.

Қарақалпақ әйелдерінің киімдері дәстүрлі ұлттық белгілерді көбірек сақтаған. Жас әйелдердің киімдері, негізінен, әдемі және қымбат маталардан тігілді. Қыз жасауына міндетті түрде төмендегідей ұлттық киім түрлері: *көйлек*, *ыштан*, *дамбал*, *ишкийым*; *жеңсіз камзол*, *шапан*, *ишик*, бас киімнен *киймешек*, *сәукеле*, *тақия*, *орамалдар* басқа киетін жамылғы *жегде*; күміс әшекей бұйым жиынтығы, тері калоштар және *геуиш* немесе етіктер кірді.

Жас қыздар мен үлкен әйелдер осы киімдердің бір бөлігін қолданбады. Әйел киімдері бұрынғы киім үлгісі сияқты туника тәріздес пішіліп, ұзындығы тобыққа дейін, кең, жеңі тар және өңірі кеуде тұсына дейін жырық болып келді. Қолтықтың астында қолтырмаштар болды. Жағалары түсті матамен көмкерілген, оған жұмыртқа тәріздес күміс *түйме* тағылды. Қыздар мен жас әйелдердің көйлектеріне ашық түсті, көбіне әртүрлі қызыл түсті мата таңдалған. Мерекелік көйлектер бұхардың шұбар матасынан тігілді. Қазіргі кезде түсі ашық көкке боялған мақта-мата немесе кендір маталарға түрлі түсті жібек жіптерден айқыш кесте тігілген мерекелік киімдер киілмейді. Кеуде тұсынан жағаның екі жағына және етегі мен жеңіне де кең жолақ тігілген. Осындай көйлектер *алқалы көйлек* немесе *кестелі көйлек* деп атаған, бұл киім түрі басқа Орта Азия елдерінде кездеспейді.

Қаралы киімдер *аза кийим* деп аталған және көк түсті тігіссіз болды.

Көйлектің едәуір жаңа үлгісі тік жағалы және татарлардан келген *ногай көйлектер болды*. Әйел шалбарларының (ыштандары) жалпы ортаазиялықтардікінен ерекше айырмашылығы жоқ, оларды *тік және* т.б. жолақ маталардан тікті. Қалалы жерде қазір бұндай киімді кимейді, оны шұлықтар мен ақ түсті киімдермен ауыстырды. Көйлектің сыртынан белі қынамаланған және жеңсіз *камзол* киген. Киімнің бұл түрлері кеңінен қолданылады. Жас әйелдерге арналған камзолдарды ашық түсті (жасыл, қызғылт және т.б.) жібектен, барқыттан, пүліштен, ши барқыттан тіккен, кейде ала немесе қара түсті матадан да тігілді. Олар ерлердің киіміне ұқсас болғанымен, жағасы орама жағалы болып келді және таспамен немесе басқа түсті матамен көмкерілді. Камзолдың ұзын, тізеге дейін түсетін түрлері болды, жеңсіз түрлері одан қысқалау болды. Егде әйелдер қара түсті және қарапайым камзолдар киген, оларды қыста мақтамен астарлады. Камзолды тіккенде оны сәндеуге көп көңіл бөлді, оны тігін машинасымен тігеді. Көбіне етегі мен қалтасын қолмен сәндейді. Камзол астарына шыт (*сәтен*) және т.б. арзанырақ маталар қолданды. Оған түйме, зергерлік ілмектер мен түймеліктер тағылмайды. Қара пүліштен қынамаланып тігілген ұзын камзолдар сәнге айналды, оны *палтон* деп атайды. Сондай-ақ бешпент киеді.

Ішікті бай отбасының әйелдері киген. Аң терісінен жасалып, беткі жағы жібек шайымен жапқан. Жиектері мен бүктелген жерлері аң терісімен жұрындалды. Жеңіне *женгсе* тігілді. Ішікті жастар да, орта жастағылар да, үлкендер де киді, бірақ *женгсе* тек 15 пен 30 жас аралығындағы жастар ішігіне ғана тігілді. Ішіктің белі ширатпалы жүннен тоқылған, шашағы бар жіптермен буылды.

Женгсе – қарақалпақ киімінің ерекше элементі. Бұл жеке дайындалған, ұзындығы 40 см болатын жеңқап, білезік тұсы аң терісімен жиектелген. Жеңсені қызыл шұғадан тіккен, оған екі қара жолақ жапсыра тігілген, бұндай жеңгселердің әдетте жалпақтығы 7-8 см болды, әрқайсысы әшекейлермен сәнделген. Ол жең сияқты етіп тігіліп, білезік тұсында аздап қусырылып келеді. Қазір жеңгсе киілмейді, бірақ отбасылардың көне жәдігерлерінде жиі кездеседі. С.П. Толстов киімнің осы бөлігі туралы «қарақалпақтардың әйел-

дерінің қолына тағатын бұйымын афригид дәуіріндегі төрт қолды хорезм құдайының суретінен көре аламыз» деп жазған.

Қарақалпақ әйелдері киімінің ерекше түріне кимешек жатады. Кимешек күрделі бас киім, оның алдыңғы бөлігі қызыл шұғамен көмкеріліп, үшбұрышты, беті ашық болып келеді, ал артқы бойы *қуйрықша* бұхар жібегінен жасалған. Кимешектің алдыңғы бөлігі қызыл түсті матамен көлденеңінен жиектеліп, қара жолақ жүргізілген. Ортадағы жалпақ жолақ *орта қара*, жиегіндегі *шеттегі қара* деп аталады.

Кимешек – ғұрыптық киім, қызға арнап тұрмысқа шығар алдында әкесінің үйінде тіккен, оны қалыңдық болашақ күйеуінің ауылына алғаш келгенде киген. Қалыңдыққа кимешекті жігіт үйіне кірер алдында ауыл әйелдері кигізген.

Қалыңдық жасау әзірлеген кезде өзінің қызыл кимешегінен басқа, екінші ақ кимешекті өзінің күйеуінің шешесіне арнап тігеді. Ақ кимешекті мақта матадан жасаған, крестеп тіккен, обды кеуде тұсына көлденеңінен емес тік жолақ етіп тігілді.

Қарақалпақтардың тағы бір бас киім түрі – *сәукеле*. Ол қазақтардың сәукелесіне ұқсамайды, бірақ оны жастар және қалыңдықтар киген.

Сәукеле тығыз матадан тігіліп, формасы жағынан дөңгелек тымаққа ұқсас құлақшындар тәрізді болған, қымбат металл әшекей бұйымдар, салпыншақтар арқылы сәнделген, түрлі түсті тастар, моншақтар, ең бастысы маржанмен әшекейленген. Сәукеленің артқы бойында ұзын, сәнделіп тігілген мата жолағы болады. Сәукеленің жалпы пішімі үлкен құлақшындар және маңдайдағы әшекейі соғыс дулығасын еске салады. Осыған ұқсас дулыға тәріздес әйел бас киімдерін шуваш, башқұрт және удмурттар сияқты Волганың ар жағындағы халықтар да қолданған.

Сәукеледен басқа *төбелек* деген бас киім киген, ол цилиндр тәрізді металмен әшекейленген тымақ. Төбелек құнды металдармен оюланып, түрлі тастармен сәнделген. Қарақалпақ жерінде болған Г.И. Муравин деген зерттеуші қарақалпақ әйелдерінің бас киімі, оның ішінде төбелікті толығымен суреттеп жазып кеткен.

Күнделікті қарапайым әйел бас киімдеріне жататын ұзын мата бөлігі орамал тақияға сәлде түрінде байланады. Орамалды

байлау әр ауданда әртүрлі болады. Қарақалпақ әйелдері түрме, орамал немесе сәукеленің сыртынан бас пен иыққа шапан сияқты жамылғы киген, ол өзбектердің паранджасы мен түркімендердегі *чырпыны* еске түсіреді.

Қарақалпақтардың ұлттық киімі міндетті түрде күміс әшекейлермен сәнделген. Оларға төске тағатын сопақша түрдегі түрлі тастар және ромб тәрізді салпыншақтар, қоңыраулар, *әйкел*, *білезік*, *жүзік*, *сырға*, *алқа* жатты. Сонымен қатар *өңір моншақ* деп аталатын жас әйелдер әшекейі, *гилтбау* деп аталатын кілті бар жүзік, спирал тәрізді жұқа жүзік *әребек* және т.б. жатты.

Қазіргі кезде *әребек*, *хайкел*, *халқа*, *өңгір моншақтар* қолданыстан шығып қалған, ал қалған түрлері әлі де қолданыста бар.

Кәсіптері. Қолөнер қарақалпақ халқының дәстүрлі кәсібінің бірі. Ел арасында ұсталар, ағаш ұстасы, ерші, зергерлер сияқты көптеген шеберлер болды. Әйелдер тоқымашылық, кілем тоқу, киіз басумен айналысты.

XIX–XX ғ. басында қолөнершілер, негізінен, Чимбай, Кунград, Ходжеили қалаларында шоғырланды. Алайда қолөнершілердің көбі ауылды жерлерде өмір сүрді.

Қарақалпақ ұсталарының өздерінің жеке шеберханалары болды. Бірақ жеке шеберханасы жоқ кейбір ұсталар ашық аспан астында, үйінің жанында жұмыс жасай берді, ал суық түсісімен жұмысын үйінде жалғастырды немесе тапсырыс қабылдауын тоқтатты.

Ұста шеберханасын дукан деп атады. Барлық Орта Азия халықтарына тән түсініктегідей дүкен киелі орын болып саналды.

Ұсталық кәсібі әкеден балаға немесе кіші інісіне мұрагерлікпен қалып отырды, кейде туыс адамдардың балаларын шәкірт қылып алды. Олар бірнеше жыл ұстаның үйінде тегін жұмыс істеді.

Ұстаның құралдарының бастысы төс пен көрік және тағы басқа саймандар болды. Төстен басқа негізгі саймандардың барлығын ұста өз жасады, ал төс Хиуа, Бұқара, Түркістан немесе Орынбор сияқты Ресейдің қалаларынан жеткізілді.

Төс те басқа құрал-саймандар сияқты киелі болып саналды, оның үстіне отыруға болмайтын. Отты үрлеуге арналған көрік 7-8 ешкі немесе қой терісінен жасалды және қазақ көріктерімен өте ұқсас болды.

Әртүрлі көлемдегі сабы ағаштан жасалған бірнеше темір балғалар да – ұстаның құралдарының бірі. Қарақалпақтар олардың көлеміне қарай «үлкен балға» немесе «кіші балға» деп атады. Бұдан басқа ұстаның құралдары кескіш, қашау, қысқыш, тескіш, көсеу, бұрғы, дәнекер, егеу және т.б. Аталған саймандарың көмегімен олар кетпен, орақ, күрек сияқты ауылшаруашылық құралдар мен күнделікті тұрмыста қолданылатын заттарды жасады.

Қарақалпақ ұсталары қолданған техникалық әдістер, құралдың атаулары, түрлері Орта Азияның басқа халықтарыныкіне ұқсас.

Қарастырылып отырған кезеңде әртүрлі көлемдегі және үлгідегі, оның ішінде арба дөңгелектеріне арналған шегелерге деген сұраныс жоғары болды. Мұндай шегелерді қарақалпақтар гульмыйык шеге деп атады. Шегенің барлық түрін шеге қалып арқылы соқты.

Ұсталар сонымен қатар балық аулау құралдары шанышқы, ілме және қой қырқуға арналған қырықтық, аңшының қақпанын жасады.

Жергілікті ұсталар халықты үй тұрмысында қолданылатын қысқаш, қайшы, құлып, қырғыш, кепсер, темирошақ, пышақ, біз, ұстара сияқты металл заттармен де қамтамасыз етті. Әсіресе халық арасында ұстара мен пышаққа деген сұраныс жоғары болды. Ұстараны болаттан, ал пышақты темірден кейде болаттан жасады.

Зергерлік өнері. Қарақалпақтар зергерлік өнермен Орта Азия және Қазақстан халықтары сияқты өте ертеден айналысты. Қарақалпақ халқының зергерлік өнері туралы аз зерттелген. Дей тұрғанмен, олардың зергерлік бұйымдарының Орта Азия халықтарының бұйымдарынан өзінше ерекшелігі болды.

XIX–XX ғ. басында қарақалпақтар арасында зергерлік өнер өте жоғары деңгейде дамыған болатын. Олар, негізінен, әйелдің әшекей бұйымдары мен ер-тұрман, белбеу және т.б. заттарды жасаумен айналысты. Күмістен және алтыннан жасалған бұйымдар жоғары сұраныста еді. Әрбір үлкен ауылдың өзінің зергері болды. Ол көршілес ұсақ ауылдардың да талаптарын қанағаттандырып отырды.

Зергерлер тапсырысты өзінің үйінде дайындады, кейде тапсырыс берушінің үйінде жұмыс істеуге де шақыратын. Сирек жағдайларда зергер өзінің құрал-саймандарын ала жүріп, ауыл-ауылдарды аралап, тапсырыс қабылдайтын, жұмыс біткен соң зергерге ақшалай, бидаймен немесе малмен ақысын қайтаратын. Кейбір зергерлер күміспен қайтаруды талап етті.

Әшекей бұйымдарға деген сұраныс үлкен еді, сондықтан тапсырыс беруші өзінің тапсырысын бірнеше ай күтуге тура келетін. Шебер өз ісіне өзінің баласын, жақын туысының баласын үйретуге тырысты.

Алайда зергерлердің көбі осы кәсіптен түскен пайдаға күн көре алмады, сондықтан егіншілік, малшылық, балықшылықпен қоса айналысты.

Қарақалпақ зергерлері әртүрлі әйел әшекейлері: сырға, білезік, жүзік, қапсырма, әйкел, өңірмоншақ, түйме, тұмар, кілтбау және т.б. жасады. Көптеген зергерлер мыс құман, леген, насыбай шақша, сандықтың құлпы және т.б. заттарды жасады. Олар, негізінен, бай адамдардың тапсырысы бойынша жасалды. Асыл тастармен, алтын, күміспен безендірілген белбеулер, ер-тұрмандарды жасатуға тек ауқатты адамдардың ғана қалтасы көтеретін.

Кейбір зергерлердің арнайы шеберханасы болмады, ондай жағдайда олар бұйымдарды өзінің үйінде жасай беретін. Арнайы шеберханалар саз балшықтан жасалған ескі үйлерде немесе киіз үйлерде орналасты.

Зергердің құралдарын ұсталар жасап беретін, кейде өздері де жасай беретін. Зергердің құралдары ұрпақтан ұрпаққа қалып отырды. Зергердің құралдары: төс, балға, көрік, қалып, егеу, қашау, қысқыш, іскенже, сымтараш, тескіш көсеу, дәнекер.

Әрбір зергердің міндетті түрде асыл металдар мен тастарды өлшеуге арналған таразысы болды.

Зергерлік бұйымдарды жасайтын негізгі материал күміс, алтын сирек қолданылды. Кейде күміс пен алтынның ерітінділерін қосып, ашық сары түсті металды дайындады, оны «тилла» деп атады. Одан сырға, жүзік, білезік жасады.

Қарақалпақ зергерлерінің техникалық әдістері сан алуан. Олар қақтау, құю, оймалау, сіркелеу, қалыптау, шекіме, қақтау, алтын, күміс жалату, сым кәптәу және т.б.әдістерді қолданды.

Қарақалпақ зергерлері өздерінің бұйымдарын ақық, перуза, меруерт, маржан, гаухар сияқты асыл тастармен қатар түрлі түсті шынымен де безендірді. Тасты бұйымның ортасындағы ұяға немесе жан-жағына қондырды.

Қарақалпақ халқының зергерлік бұйымдары Орта Азия халықтарының бұйымдарынан көркемдік өзінділігімен және орындалу техникасымен ерекшеленеді. Олар көбінесе күмістен жасалып, ірі, өрнектелген, көптеген күміс салпыншақтармен безендірілді. Кейбір бұйымдар түркімен және қазақ халқының зергерлік бұйымдарымен ұқсас болып келеді.

Қалайы өңдеу қарақалпақтарда аз таралған еді. Қалайы өңдеумен айналысатын шеберді мыскер деп атады. Бұл металл Ресейден Орынбор және Ташкент темір жолдары арқылы жеткізіліп отырды. Одан, негізінен, мысқұмған, шәйнек, насыбай шақша, леген, шелек сияқты тұрмыстық заттарды жасады.

Ағаш өңдеу. Ағаш өңдеу шеберлері алуан түрлі ауылшаруашылық құралдарын жасаумен айналысты, олардың ең бастылары – ала, шығыр, арба, қайық және т.б. болды. Сонымен қатар олар үй өндірісінде қолданылатын өрмек, мақта тазалайтын шығыршық, ыдыс сияқты ағаш заттарды жасаумен айналысты, ал кейбір ұсталар өте нәзік шеберлікті қажет ететін музыкалық аспаптарды (дудар, қобыз) жасады. Ұсталардың барлығы дерлік ағаш оюдың шебері болды және сандық, киіз үй есігі, сабаяқ, келінің бетін көркем оюмен өрнектеді.

Шеберлер жұмыстарын ұстаханада жүргізді, олар тек тапсырысқа ғана жұмыс істеді. Тапсырыс беруші ағаш материалдарды өзі әкелді.

Арба жасауда жергілікті үйеңкі, өрік, жиде талдарын қолданды. Арбаның бөлшектерін бөлек-бөлек жасап, одан кейін бір-біріне қосты. Бір арбаны жасауға 30-35 күн кетті.

Ер-тұрманды жасауға ақ тал мен теректі қолданды. Ер тоқымның бөліктерін бөлек жасап, одан соң желімдеп жапсырды.

Киіз үйдің ағаш бөліктерін жасайтын шеберді үйші деп атады. Халық түсінігінде олардың өзінің қорғаушы пірі болды, оны Ибрахим Халил деп атады, ол ең алғашқы киіз үйді жасаушы адам деп саналды. Үйді жасауды бастар алдында шебер оған сыйынатын. Үйшілер көбінесе бес, алты, жеті қанатты киіз үйлерді жасады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қарақалпақтардың баспаналарының түрлері қандай?
2. Қарақалпақ халқының ұлттық киім түрлеріне тоқталыңыз.
3. Қарақалпақтардың зергерлік бұйым түрлері қандай?
4. Қарақалпақтардың дәстүрлі тағамын талдаңыз
5. Ағаш өңдеу ісін қарақалпақ халқының кәсіп түрі ретінде саралаңыз.

2.4. Түркімендер

Баспанасы. Халық көп салалы шаруашылықпен айналысқандықтан, мекенжайдың түр-түрі кездеседі. Киіз үйді «ғара өй» дейді. Оның кішірегі «ороча», «гөтдикме» деп аталады. Ауқатты тұрғындар бірнеше отбасына арналған биік қорғанды «ховли» аталатын үй тұрғызған. Олар күнделікті тұрмысқа қажет диірмен (харазхана), май айдайтын мекенжай (жұбазхана), мейманхана (мехманхана) салды.

XIX ғ. түркімен халқында киіз үймен қатар отырықшы баспаналардың болғанын, ал кейбір аудандарда отырықшы баспаналардың басым екендігін зерттеушілер дәлелдеп отыр. Төңкеріске дейін көптеген түркімен тайпаларында киіз үй негізгі баспана болды, ал кейбіреуінде, тіпті баспананың жалғыз түрі ретінде қолданылды. Киіз үйдің басым болуының өзіндік себептері болды, біріншіден, әскери қауіпті жағдайларда тез қоныс аудару қажеттілігі зор болса, екіншіден, мал шаруашылығының рөлі жоғары болғандықтан өте қолайлы баспана ретінде кең тарады.

Қазіргі уақытқа дейін жазғы баспана ретінде немесе сәндік үшін сақталған түркімен киіз үйі ағаштан және киіз жабыннан тұрады. Керегенің төменгі бөлігі жиналмалы ағаш тор (тәрім) өз кезегінде төрт бөлек жиналмалы бөліктен (қанат) тұрады. Төң-

керіске дейінгі кезеңде кейде алты және одан да көп қанаттан тұратын киіз үйлер кездескен, бұл әдетте үлкен байлықтың белгісі болып саналатын. Шаңырақ пен керегенің жоғарғы бөлігі мен (туйнук) төменгі тормен жұқа, сәл иілген уықтар арқылы жалғанады (ук) оның ұзындығы 2-2,5 м болады. Уықтар торға тоқылған немесе өрілген баумен бекітіледі ол *укбагшик* деп аталды.

Киіз үйдің сыртқы қабатын құрайтын киіз әдетте сұр қой жүнінен жасалады. Ақ киізбен жабылған киіз үйлер байларда ғана кездесетін және ол құрметті қонақтарға немесе жас жұбайларға арналды. Киіз бөліктерінің бірі *сертик* киіз үйдің жоғарғы бөлігін жапса, екі киіз *узук* күмбез тәрізді үстіңгі бөлігін жабу үшін қызмет етеді, төрт арнайы киіз *дурлук киіз* үйдің төменгі торлы бөлігін жабуға арналған.

Киіз үй мықты тұру үшін ағаш керегенің сыртынан ою-өрнектелген маталы баулармен, әшекейлермен көмкереді. Кедей шаруаларда баулар кейде жүн жіптермен алмастырылды. Ал ағаш керегенің жеке торлы бөліктері жіппен байланады.

Ағаш керегенің сыртынан қапталатын киіздің сыртын қамыспен жабады, себебі ол тіл, көзден сақтайды деп есептеген. Бұл – түркімен киіз үйінің қазақ киіз үйінен басты айырмашылығы. Киіз үйдің екі жаққа ашылатын ағаш есігі болады. Есік сыртқы жағынан киіз немесе қамыспен жабылады. Бұрын *энси* деп аталатын арнайы кілемдер болған.

Сондай-ақ түркімен киіз үйінің ерекшеліктерінің бірі және оны басқа ортаазиялық халықтардан ерекшелеп тұратын белгілерінің бірі – ол күмбезі. Йомуд киіз үйі ең ұзын күмбезімен ерекшеленді, ал текин тайпасының күмбезі орташа көлемде болды. Күмбез формасы бойынша, чоудор киіз үйі қарақалпақтардың киіз үйіне ұқсайды. Бұрын халықтың кедей бөлігінде және бақташыларда шағын киіз үйлер кең таралды.

Киіз үйдің жер еденіне *кече* деп аталатын киіз, оның үстіне кілем төсейтін болған. Қабырғадағы кілемге киім-кешектерге, шай ыдыстарына, қасықтарға және басқа да ұсақ-түйек үй заттарына арналған сөмкелер ілінді. Есіктің жанында, әдетте кіре берістің оң жағында еденде суға, майға және басқа сұйықтықтарға арналған мыс немесе балшық құмыралар, ағаш неме-

се мыс ыдыстар, тостағандар, самауырлар қойылған. Бұл тамақ дайындау орны болды. Қарама-қарсы қабырғадағы бөлік *талер* немесе *йукери* деп аталды; бұл орынға ұсақ-түйек заттармен қоса, көрпе, жастық, кілем, киіз жиналды. Сондай-ақ, бұл жерде астық және ұн салынған қаптар, ат әбзелдері, қол диірмені тұрды және қару ілінді. Киіз үйдің төріне, оң жаққа сандық қойылды.

Киімі. Түркімендердің ұлттық киімдері атауы және негізгі элементтері жағынан Орта Азияның басқа халықтарына, яғни өзбек, қарақалпақ, қазақ, тәжіктердікіне ұқсас болып келеді. Бұл олардың тарихы мен мәдениетінің ұқсастығын көрсетеді. Сонымен қатар түркімендерде киімнің өздеріне ғана тән элементтері де сақталған.

Этногенезбен айналысатын зерттеушілер үшін түркімендердің ұлттық киімдері – құнды дереккөз. Олардың жеке этнографиялық топтарында киімнің көне элементтері жақсы сақталған.

Тайпалық ерекшеліктерімен қатар түркімендердің ұлттық киімдері көршілес халықтардың әсерімен өзгеріске де ұшыраған. Мысалы, Жерорта теңізі түркімендері киімдерінің кейбір детальдары кавказдықтардың киімдеріне ұқсаса, кейбір киім түрлері ирандықтарға да ұқсайды. Хиван түркімендерінің киімдері өзбектер мен қазақтардың ұлттық киімдеріне ұқсас болып келеді.

Осындай ұқсастықтарға қарамастан түркімендерді ұлттық киіміне қарап басқа Орта Азия ұлттарынан тез ажыратуға болады.

Ерлердің ұлттық киімі жейденің кейде ескі үлгісі сақталса, кейде жаңа қалалық үлгі бойынша тігіледі. Ал шалбарлардың үстіңгі бөлігі қусырылып, төменгі бөлігі кең болып келеді. Ерлердің ұлттық киіміне ерекше сән беретін түрлері жолақты қызыл жібектен тігілген шапан мен қойдың терісінен жүні сыртына қаратылып жасалған бас киімдер болды. Аяқтарына фабрикада тігілген, ортаазиялықтардың голошына ұқсас аяқ киімдер киді.

Қазіргі кезде ерлердің киімдеріне қалалық үлгідегі пиджактар да жатады. Қазіргі кездегі киімдердің негізін қалалық үлгіде тігілген фабрикалық киімдер құрайды. Киім түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты да ерекшеленеді. Ескі үлгідегі киімдерді көбінесе қарттар киеді. Түркімендердің негізгі бөлігі, әсіресе

ауылдық интеллигенциясы мен жастары көбінесе қалалық киімдер мен костюмдер киеді.

Түркімендердің ұлттық киімінің бір түрі *көйнек* деп аталады, ол түріктердікіне ұқсас астарлы болып келеді. Жейденің арқасы мен кеудесін бір матадан жасайды, жеңін қондырма жең етіп тігеді. Соңғы он жылдықта жейделер үлкен өзгеріске ұшыраған. Олар астары мен түсі бойынша ерекшеленеді.

Түркімен шалбарлары *балак* деп аталады. Олар жүріп тұруға қолайлы кең киімдерге жатады. Оның жоғарғы бөлігін бір тұтас матадан тігіп, шалбарлардың белін байлап киген. Белдеріне кестеленген белбеулер таққан. Көптеген түркімендер ақ түсті шалбарлар киді, ал жастары түрлі түсті матадан тігілген шалбарлар киді. Ал қысты күні жұқа шалбарлардың сыртынан қалың шалбарлар киген.

Ерлердің *дон*, *чапан*, *чәкмен* деп аталатын шапандары үлгісі, атауы, түсі жағынан барлық Түркіменияда бірдей болып келеді. Бұрын шапандар ұзын әрі кең етіп тігіліп, етегінің екі шетінде жырығы болды. Жеңдері ұзын, қусырылып тігілген, саусақтарының басына дейін түсіп тұрған. Сол себепті де жеңдерін қайырып қойған. Жағасы тік жағалы, алдыңғы өңірі белбеумен немесе түймемен қаусырылатын. Бүйірінде үлкендеу қалтасы бар. Шапанының етегі, жағасы, қалтасы, жырықтарының шетін кестемен өрнектеген. Сонымен қатар қалталар мен етегіндегі жырыққа әсемдік үшін ұзын сызықты өрнектер салған.

XIX ғасырдан бастап енді шапандарды қысқа етіп, жеңдерін бұрынғыдай тар, бірақ қысқа қылып тіге бастады. Ұзындығы тізеге дейін немесе одан да ұзынырақ болды. Күнделікті киетін шапандарды қара немесе сұр түсті сәтеннен тікті. Ал қыс мезгіліне оларды астар салып қалың қылып тігеді. Ер адамдар күнделікті жұмыста да мереке күндерді шапандарды киеді.

Сонымен қатар ер адамдардың ұлттық киімінің тағы бір түрі кең тондар қазіргі кезге дейін қолданыстан шықпаған. Олар қойдың терісінен жасалады, *ичме*, *постун* деп аталады. Бір аудандарда оны қара теріден тіксе, ал бір ауданда қызыл тондарды киеді. Арқасына сол матадан үшкіл салынған. Күнделікті киюге

арналған тондар үлкен қойдың терісінен жасалса, ал мереке күндеріне арналған тондар бес айлық қозының терісінен тігілді. Мереке күндері киетін киімдер *силкме ичмек* деп аталады.

Қазіргі кезде ескі үлгідегі қыстық киімдермен қатар, қалалық немесе аудандық орталықтарда *палтун*, яғни фабрикалардан шыққан пальтоларды киеді. Жұмыс киімі ретінде жұқа куртка тәріздес фуфайкаларды киеді.

Түркімендердің Ташауз және Чарджоу аудандарында шапандармен қатар, сыртқы киім ретінде қысқа, қайырма жағалы, қондырма жеңді сырт киім шықты. Ол сырт киім *кемзор* деп аталды. Оны жұмсақ қағаз тәріздес матадан немесе ши барқыттан тігеді.

Бұрындары йомуттарда *курт бичим* деп аталатын сырт киім танымал болған. Ол бешпентке ұқсас болып келеді. Түркімендердің өздері ол киімді Ираннан келген деп есептейді. Ұзындығы тізеге дейін жететін, жеңі кең әрі ұзын, кең етіп тігілген киім. Өңірі ашық, тек белге жақын тұстан түймелігі басталады. Ауқаттылар бұл киімді арнайы терме деген матадан тігетін. Ол матаны Үндістан немесе Ираннан алғызған. Ал қазіргі кезде ол киім киілмейді.

Шапандарды көбінесе алдын ашып киді, кейде алдын түймемен түймеледі немесе түйреуішпен түйреп қойды. Белбеуді тек жұмыс істеген кезінде немесе жылуды сақтау үшін байлайтын. Сонымен қатар *кушак* деп аталатын орамалдарды да белге байлады. Кушактың ең әдемісін қалыңдық күйеу жігітке арнап тігіп, сыйға тартатын. Мереке күндері ауқаттылар бағасы қымбат тұратын, безендірілген белбеулер тағатын.

Ерлердің аяқ киімі әртүрлі болды. Біртіндеп күнделікті тұрмыста фабрикадан шығатын ботинкалар көп қажет бола бастады. Қыста және жазда ер адамдар етік киеді. Жазда кавказдықтардан келген, жалаң аяққа киілетін жұқа аяқ киімдерді киді. Ал ұлттық аяқ киімдерді жұмыс киімі ретінде киетін. Олар *чокай, чарык, чепек, елкен* деп аталды.

Чепекті, негізінен, қойшылар киді. Ол сандалі тәріздес аяқ киімдер, оны аяққа жіппен байлап қойды. Ал революцияға дейін байлар *едик* киген. Ол ақ түсті теріден тігілген, аздаған биік өкшелі, атпен жүруге ыңғайлы аяқ киімдер болды.

Бас киімдерден олар *телпектер*, *тазя* киген. Телпекті олар қойдың терісінен тігетін. Оңтүстік Түркіменстанда киілетін телпектер өзінің дәстүрлі түрін сақтап қалған. Ал жұмыс бас киімдері *чөвурме* деп аталды. Ол қарақалпақтардың бас киімдеріне ұқсас болды.

Түркімен әйелдерінің ұлттық киімі әртүрлілігімен, әдемілігімен ерекшеленеді. Олар көбінесе қызыл түсті болып келеді. Әйелдері бастарына ашық қызыл түсті, биік төбелі бас киімдер киіп, оның астына шәлі тағады. Үстіне ұзын етіп тігілген көйлек, оның астынан шалбар киіп, суық күндері сыртынан шапан, аяқтарына туфли киді және өн бойына көптеген әшекей бұйымдар тағады.

Бұл киімдер қазір өзгеріске ұшыраған. Киімнің бұндай түрлері тек қаладан алыс аудандарда тұратын ауылдық жерлерде ғана жақсы сақталып қалған.

Әйелдердің көйлегі *көйнек* деп аталып, кең етіп тігіледі. Дәстүрлі түрі ер адамдардың көйлегіне ұқсас болып келеді. Ол ұзын, жеңі тік болып келетін киім. Көйлектің өңірі ашық, орташа көлемді қайырма жағалы болып келеді. Бұл киімді, негізінен, жібектен тігеді.

Сонымен қатар әйелдердің негізгі ұлттық киімдеріне кең балақты шалбарлар жатады. Олар *балак* деп аталады. Бұл киім де ерлердікіне аздап ұқсас болып келеді. Шалбардың төменгі жағын жібек матадан тігеді. Ұзындығы ерлердікімен салыстырғанда қысқа, көйлектің астынан киюге ыңғайланып тігіледі. Көп аудандарда бұл киім қарапайым түсті болса, ал оңтүстік батыс аудандарда, керісінше, оны ашық түстерден тігеді. Көптеген қалалық әйелдер қазір ұлттық киімнің түріне жататын *балакты* фабрикалық іш киімдерге ауыстырып өзгерткен.

Әйелдердің жазда және қыста киінетін сыртқы киімдеріне *чабыт* пен *камзол* жатады. Чабыт дегеніміз ұзын жеңі бар шапанның бір түрі. *Кемзор* дегеніміз – белге дейін жететін, қондырма жеңді, қайырма жағалы сырт киім. Ол Түркіменстанның шет аймақтарының әйелдері арасында жақсы таралған. Әсіресе Ташауз, Чарджоу аймақтарында көптеп қолданады. Соңғы елу жылда қазақтардың, өзбектердің әсерімен өзгеріске ұшыраған. Ташауз аймағының түркімен әйелдері кемзорды жағасыз тігетін

болған. Бұл жерде ол күнделікті және мереке күндері киетін киім болып есептеледі.

Чабыт деп жібек пен барқыттан тігілетін шапанды атайды. Бұрынғы кездері әйелдер жұқа қымбат шапан тіктіріп киетін болған. Оңтүстік Түркіменияда чабытқа арнайы жібектен қызыл немесе қара жолағы бар маталарды әзірлейді. Ол чепбет деп аталады. Чабыттың жағасын әртүрлі күмістермен безендіреді, кейде кестелейді. Сонымен қатар жеңі, киімнің етегі мен оның жырығын да өрнектеп сәндейді. Оңтүстіктегі түркімен йамуттары чабытты жеңі қысқа етіп тігеді. Әйелдердің шапаны күнделікті және мерекелік болып тігіледі.

Ташауыздық түркімен әйелдері сонымен қатар жеңсіз күртешелер киді. Олар ұзындау болып, пүліштен немесе жұқа матадан тігілді. Олар *еңсиз кемзор*, *голмак* деп аталады. Кара-Калинскіден бастап Түркіменияның батысына дейін қысқа желеткелер тарады. Оларды желетке немесе гурсакча деп атады. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша, бұл киім оларға Ираннан келген.

Сыртқы киімдерден ауылдық және таулы аймақтарда қыста киетін пәлтелер кең тараған. Ичмек – бұл қойдың терісінен жасалған тон. Оны жұмыс үшін немесе алыс сапарға шыққанда киеді.

Түркімен әйелдерінің дәстүрлі бас киімдері сан алуан болып келеді. Текин және Сарык өңірлерінің әйелдерінде бертінге дейін өздерінің ерекше бас киімі болған. Оны бөрік деп атаған. Ол биік және формасы әртүрлі болып келетін бас киімдер. Мәселен, Ахалда целиндр тәрізді бөріктер киген. Ал Мерведе жоғарғы жағы кең болып жасалған бас киімдер киді. Сарыкта бас киім сопақ пішінді болды. Бөріктің негізгі қаңқасы (каркас) боялған қағаз тәріздес мата, қағаз, жұқа ширатылған матадан және т.б. әртүрлі материалдардан жасалды.

Бөріктің сыртын шытпен немесе жібек орамалдармен қаптады. Ахалтекинск ауданында бөрікті ерекше *гыйнач* деп аталатын матамен қаптаған. Мерведе ол үшін жібекті пайдаланған.

1930 жылы түркімен интеллигенциясы бөрікті киюге қатты қарсылық білдірді. Себебі ауыр әшекейлермен безендірілген бұл бас киімді түркімен әйелдері тіпті түнде де шешпеген. Бұл олардың денсаулығына кері әсерін тигізді. Кеңес үкіметі тұсында бөрікті

кішкентай бас киімге ауыстырды. Оны комсомол бөрік деп атады.

Ташауз ауданы түркімен әйелдерінің ұлттық бас киімдеріне *орамак* деп аталатын бас киім жатады. Сондай-ақ жұқарақ келген орамал тәріздес *алтын-даңғы* деп аталатын бас киім бар. Ол көлденең бірнеше қабат матадан тұрады. Бұл бас киімді орамал сияқты басқа байлайды, оның ұзын бөлігі арқаға түсіп тұрады.

Бұндай бас киімді тек йомуттар ғана емес, қарадашлы, чоудор, гоклендер және тағы басқа да этнографиялық топтың өкілдері де тағады.

Батыс түркімендерінде алында деп аталатын бас киімнің екі түрі бар. Джафарбай тобының әйелдері қызыл мақта матадан тігілген биік емес, дөңгелек бас киім киді. Оған қатты ұстап тұру үшін бірнеше қабат газет салынған. Атабай тобында бұл бас киім Ташауз тобының әйелдеріндегідей көлденең орамалдан тұрады. Олар шытты маңдайын жауып тұратындай етіп тағады. Алынданың үстіне чаргат жабады.

Йомуттардың ескі бас киімдері хасаба деп аталады. Ол басқаларынан өзгешелеу болатын. Ол өте биік конус тәріздес бас киім болатын. XX ғасырдың басында бұл бас киімді мереке күндеріне киетін болды.

Оны жұқа тоқылған немесе тігілген орамалдар ауыстырды. Оны әйелдер үш бұрыштап жамыла тағады.

Тағамы. Түркімендер жылдың көп мезгілінде сүт тағамдарын, әсіресе қатық, сүзбе, айранды қорек етеді. Қой мен ешкі, сиыр сүтін пайдаланып, түйенің сүтінен шұбат жасады. Ұннан бауырсақ, қаттама, шелпек пісірді. Ет сорпасын, қуырдақ (говурма), палау, кеспе көже, тұшпара сияқты ыстық тағам түрлерін жиі даярлайды.

Түркімендердің тағамдарының көбі Орта Азия халықтарымен өте ұқсас. Әсіресе көршіліс өзбектер мен қарақалпақтардың мәдениетімен сабақтасып келеді. Бұны олардың ұқсас табиғи жағдайы мен шаруашылығы, сонымен қатар халықтар арасындағы этникалық байланыспен түсіндіруге болады. Қазіргі таңда бұл ортақтылық сауда экономикалық байланыстар арқасында одан әрі нығая түсуде. Түркімендердің тағамдарына орыс халқының да әсері зор.

Уақыт өткен сайын тағамдар түрлері көбейе түсті, әсіресе қалалық жерлерде сан алуан болды. Соған қарамастан, түркімендер ұлттық құндылықтарын да жақсы сақтап қалды. Оны өнімнің түрлері мен жасалу әдісінен, сондай-ақ ас беру салтынан байқауға болады. Түркіменстанның жекелеген аудандарында тағамның өзіндік ерекшеліктері де ұшырасады. Бұл – негізінен, жергілікті этникалық дәстүр, шаруашылық ерекшеліктері және көршілес халықтардың ықпалымен тығыз байланысты жағдай.

Тағам түрлерінде сүт пен ұннан жасалған өнімдер ерекше орын алады. Төңкеріске дейінгі этнографиялық әдебиеттерде түркімендердің тағамдары туралы қате тұжырымдар орын алды. Мәселен, тағамдану жүйесінде, негізінен, ет тағамдары бірінші орын алады деп есептеген. Ал негізінде ет тағамдары көбінесе ауқатты түркімендердің дастарханына жиі қойылса, қарапайым халық үшін ет тек мереке күндері немесе отбасы үшін ерекше күндерде ғана асылған.

Тағамдарының арасында бидай өнімдері айырықша орын алған. Бұл жағдай туралы XVIII–XIX ғасырларда Хивин хандығы бағынбаған түркімен халықтарына жазалау ретінде базарға баруды, бидай өнімдерін сатып алуға тыйым салуымен байланысты орын алған деген көзқарас бар. *Чөрек* пен нанды әр отбасының қажеттілігіне қарай жоңғарлардың жұқа наны тәріздес етіп ашыған қамырдан дөңгелек тандыр пештерде пісірген.

Ашымаған қамырдан *нетир* нанды әдетте ашыған қамыр жасауға уақыт болмағанда, мысалы, үйге кенеттен қонақтар келіп қалғанда немесе асығыс жолға шығарда жасайды.

Қала типтес ауылдарда көбіне зауытта пісірілген нанды қолданады, оның ішінде *чуректі* де жиі жасаған.

Ауылдарда ашыған қамырдан нанның басқа да түрлерін, мысалы, ішінде әртүрлі салымдары бар самса – *гутан*, ет салынған қатпарлы бәліш – *этли нан*, тұзсыз қамырдан тұшпара – *бөрек* және кеспе – *унаш* жасайды.

Сүт тағамдарын дайындау үшін түркімендер көбінесе сиыр, ешкі, қой және түйе сүтін қолданған. Сиыр сүтінен май – *яг*, қышқыл сүт – *гатык* және ірімшіктің ерекше түрі – *сүзме*, сонымен қатар гурт даярласа, ешкі мен қойдың сүтінен *пейнир* деп

аталатын ірімшік жасайды. Түркімендердің түйе сүтінен жасалған ерекше қалаулы сусыны *чал* деп аталады. Түйе сүтінің қаймағын *агаран*, *ак* деп атайды және ол өте дәмді және пайдалы ас болып саналады. Оның емдік қасиеті бар деп саналып, қарапайым халықтың қолы жете бермеген. Сүттің барлық түрлері қолданар алдында өңдеуден өтеді.

Майды, негізінде, *тулум* деп аталатын былғары қапта *және* ағаш ыдыста *янык*, *яйықта* даярлайды, ал Түркіменияның шығысында саз сауыт *кұпыда*, *гұфыда* жасалады. Майды дайындау үшін сиыр сүтіне қайнатылған су қосып, содан соң сәл ашытатын болған. Соңғы әдісті мал шаруашылығымен айналысатын аймақтарда жиі қолданады. Майды араластыру үшін ұшы айқас тәріздес *пишпекті* қолданған. Майдан шыққан суды тамаққа қолданған немесе сумен араластырып *айран* жасаған. Кейде майдың суынан *сузме* жасайды. Ол үшін қой терісінен жасалған бөрдек, яғни *сузме дериге* айранды *салып*, оның суын ағызу үшін ұзақ уақытқа іліп қояды. Нәтижесінде түрі ірімшікке ұқсас қою масса пайда болады. Сәл тұздалған *сузме* көпке дейін сақталатын болған.

Қатықты жаңа сауылған сүттен жасайды. Ол үшін алдымен оны қайнатады, суыған соң, дайын қатықпен ашытады. Қатықтан кейде құрт жасайды. Ол үшін ашыған сүтті қайнатады, содан кейін оның сары суын алып, қалған қою бөлігіне тұз салып, домалақ формаға келтіріп, күнге кептіріп қояды. Мұндай әдіспен жасалған құрт ұзақ уақыт сақталады. Бұндай тағамды көбінесе мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда жиі жасайды.

Қаймақты өте сирек жинайды. Сүттен қаймақты тек осы өңірлерде бұрыннан тұратын ұйғырлар ғана алған және оны тек қонақ келгенде ғана дастарханға қоятын.

Басқа да Орта Азия халықтарынікі сияқты түркімендердің еттен жасалған тағамдары ең дәмді болып есептеледі. Барлық еттердің ішінде ең дәмдісі мен сүйіктісі қой еті саналады. Жылқының етін түркімендер жемейді. Сонымен қатар тауықтың етін сүйсініп жеген.

Еттен жасалған тағамдардың ішінде ең көп тарағаны *чорба*, *гайнатма* деп аталатын етті сорпалар болып табылады. Ал қуырылған еттерден *говурма*, *говурдак*, *плов*, *шашлык-шара* немесе *кебан* көптеп пісіріледі.

Ертеректе еттен даярланған сорпаларға көкөністерді аз қосқан (қызылша, пияз, т.б.), ал қазіргі кезде тек қызанақ пен картопты ғана қосады.

Ірі малдың етін (түйенің, сиырдың) ұсақтап кесіп, сәл тұздайды да күнге кептіреді. Малдың майларын қазанға сүрлейді.

Қойдың етін ұсақтап турап алып, тұз қосып, қойдың өзінің қарнына салып сақтауға қояды. Мұндай әдіспен ет көпке дейін сақталады. Майды еріткен соң арнайы ыдысқа құйып қояды.

Қойдың етін сақтаудың басқа да түрлері жақсы тараған. Ұсақ кылып туралған қойдың етін өз майына қуырады. Осылай сақталған ет (говурма) өте дәмді болады. Оны ыстықтай да, суықтай да дастарханға қоя береді. Жаңа сойылған мал еті болмаса, сақтаулы еттен *гара чорба* деп аталатын сорпа жасайды. Шопандар говурманы кейде шайға қосып, *чай чорба* сусынын жасайды.

Жерорта теңізінде еттің орнына балық қолданған. Балықпен дәстүрлі ұлттық тағамдарды палау және т.б. тағамдар жасайды. Жергілікті тұрғындар балықтан жасалған тағамдарды дәмді деп есептейді. Балықты сонымен қатар тұздалған күйінде жейді және одан сорпа жасап та ішеді.

Сонымен қатар ауланған аңның да еті бағалы болып есептеледі. Мысалға, қоянның, киіктің, құстардың еттерін көбінесе палау жасауға қолданған.

Еттен және балықтан жасалған тағамдардан басқа түркімендер қуырылған жұмыртқа *хәйгенекті* жегенді ұнатады. Сонымен қатар әртүрлі ботқалар, күріштен, бидайдан, күнжіт майы қосылған маштан көже түрлерін, кептірілген қауын, сондай-ақ қарбыз бен жүзімнен қайнатпа және т.б. жасаған. Кез келген жыл мезгілінде көк шай – *гөк чай* ішкен, ал республиканың батысында қара шай – *гара чай* кең етек алған, оны тек қыста және күзде ішкен.

Түркімендердің қазіргі тамақ түрлері айтарлықтай өзгеріске ұшыраған. Қазіргі кезде олардың тамақтану жүйесінде еттің орны өзгеше. Сонымен қатар көкөністер қолданысқа көптеп енген. Оларға картоп пен қызанақ тек орыстардың келуіменен белгілі бола бастады.

Оазис тұрғындары тамаққа картоп, сәбіз, қызылша, орамжапырақ, қызанақ қосады, әсіресе пиязды өте жақсы көреді. Оны ши-

кідей тамаққа қосып та, тұздық ретінде де жейді. Қара бұрышты (*гара бурч*) да дәмдеуіш ретінде көптеп қолданған, ал оазис тұрғындарында гранат (*нар*) пен жүзім жапырақтары кең таралған.

Кеңес үкіметі жылдарында қарапайым халық үшін тәтті өнімдер мен қантты пайдалануға мүмкіндік туды. Қазіргі таңда түркімен халқы дүкен өнімдерін көптеп пайдаланады.

Алдыңғы қатарлы дамыған қалаларда қоғамдық тамақтану жүйелері кең тараған. Кеңес үкіметі кезінде қоғамдық тамақтану орындарында жалпы қалыптасқан тағамдарымен қатар, *чорба, палау, тұшпара, борек және т.б.* сияқты ұлттық тағамдар да жасалды. Кавказдық *шашлык, харчо, люля-кебап, лагман, манты* сияқты тағам түрлері жасалды. Әсіресе орталықтағы Небит-Даге, Челекене, Чарджоу асханалары танымал болды.

Көптеген тамақтарды, мысалы, қуырдақ, палау және ботқаны түркімендер әдетте қолмен жеген. Сұйық тағамдар үшін қасықты пайдаланады. Түркімендер тамақты жерге жайылған дастархан басында ішеді. Тіпті қаланың адамдары да жерде отырып тамақ ішкенді ұнатады. Жерге арнайы *сачак, дестерхан деп аталатын* дастарханды төсейді. Сұйық тағамдарды ағаш ыдыстарға, яғни *табакқа* құйып береді.

Өзбектерге қарағанда, түркімендер әр қонақтың алдына саз немесе фарфордан жасалған шәйнекпен қоса бөлек кесе береді. Кейде шайды металл құмыраға әзірлейді. Олар *қундук* немесе *кумган* деп аталады.

Тамақты міндетті түрде жартылай сфера тәріздес шойын қазан *газанда* жасайды. Түркімендердің тұрмысында ұлттық нышандағы әбзелдер жақсы сақталған.

Су әкелу үшін көбінесе цинктен жасалған шелек *бедрени* пайдаланған. Бірақ мал өсіретін аудандарда ағаш бөшкелер *челектер* көптеп қолданылады. Сонымен қатар теріден жасалған дәстүрлі шелектер *гова* да сақталып қалды. Ал оңтүстік аймақтарда Ираннан әкелінген мыс ыдыстарды пайдаланады. Ташауз ауданында саздан жасалған ыдыстар қолданыста сақталған.

Кәсіптері. Түркімендер ерте заманнан бері суармалы егіншілікпен, мал шаруашылығымен қатар айналысты. Сондықтан

халықтың басым көпшілігі жартылай көшпелі тұрмыс кешті. Көшпелі малшыларды «чарва», отырықшы дихандарды «чомурлар» деп атады. Теңіз жағалауындағылар ерте кезден-ақ балық аулап, әзірлеуді кәсіп еткен. Аншылық – түрікмендердің көнеден жеткен кәсібі. Құс, түлкі, киік, тауешкі, қоян, т.б. аңдарды мылтықпен, тор, қақпан құрып, тазы жүгіртіп, ителгі, бүркіт секілді қыран құстарды салып аулау дәстүрі бар. Көне дәуірден-ақ қолөнері дамыған. Ерте заманнан кілем тоқу өнері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Түрікмен кілемі жоғары сапасымен әлемге әйгілі. Кесте тігу, киіз, текемет басу өнері дамыған.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркімен халқы, негізінен, қандай кәсіптермен айналысты?
2. Түркімен халқының баспанасының түрлері қандай болды?
3. Түркімен халқының киімінің ерекшеліктері қандай?
4. Түркімен халқының дәстүрлі тағам түрлерін жіктеңіз.
5. Түркімен халқының ұлттық ойын түрлері қандай?

2.5. Әзірбайжандар

Баспанасы. Әзірбайжан халқының баспаналары әртүрлілігіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Олардың баспаналары армян, грузин және Солтүстік Кавказ халықтарының баспаналарына ұқсас болып келеді. Әзірбайжандардың ішіндегі арумдар үй салғанда тұрғылықты жер жағдайына байланысты материалдарды пайдаланған. Әзірбайжандар алғашқы кезден-ақ, құрылыс салуда үйдің іші мен сыртын көркемдеп өңдеуге аса мән бермеген. Қазан төңкерісінен кейін олар үйлерін жер үстіне сала бастады. Ең көне баспана жолы қиын таулы, жартасты жерлерге салынды. XIX ғасырдың 30-40 жылдарының өзінде бұндай баспана түрлері ежелгі баспана архитектурасынан айырмашылығы аз болды.

Әзірбайжандардың баспаналары таулы аймақта *пейе* деп аталды (сиыр қора, ат қора), бұл баспана түрінің өте жоғары деңгейі. Алғашқы баспананың үңгірден айырмашылығы болмады. Алғашында үңгірден басталған бұл баспана түрі біртіндеп шұңқыр, жер үйге ауысты. Қабырғалары жалаңаш немесе

ағашпен көмкерілген, шатыры ағаш бөренелермен жабылып, сыртынан топырақпен көмілген. Археологиялық қазбалар дерегі бойынша, өте ертедегі неолиттік дәуірден келе жатқан желдеткіш тесіктер дөңгелек түрде, жел бағытына қарсы ашылатын болған, отты үйдің ортасына жаққан, төбедегі тесік арқылы түтін шығатын болған. Алғашқы баспаналардың жазғысы да, қысқысы да дөңгелек шеңбер тәрізді формада болды. Көшпенді өмірден отырықшы өмірге көшуге байланысты, баспананың құрылысы үшін әртүрлі материалдар пайдаланылып, беріктігі арта түсті. Уақыт өте келе құрылыс өнерін дамыта отырып, дөңгелек үйдің орнына тік төртбұрышты үйлер салына бастайды, сонымен қатар жуан бөренелерді де пайдалана бастайды.

1927 жылы алғашқы неолиттік баспана С.Н. Замятнин жетекшілігімен жүргізілген қазба жұмыстары барысында Донның жоғары жағынан табылды. Өте терең емес шеңбер тәрізді (5,5x45) баспана төбесі бұтақтармен және жануар терілерімен жабылған.

Одан үлкенірек баспана М.В. Воеведский (1928) және В.Д. Тородцевтің (1928–1953 ж.) қазба жұмыстары кезінде Тимонов тұрағынан табылған. Жалпы көлемі 290 м² болатын жерге бөренелер тіктеп қойылып, төбесін тағы да бөренелермен және оның сыртынан қамыспен жапқан. Отты үйдің ортасында үздіксіз жағып отырған. Әр отбасының өз орны болған.

Әзірбайжандардың ежелгі тұрақтары құрылысы, архитектуралық ойлауы жағынан өте қарапайым болды. Ол жерден қазылған төртбұрыш формасында, төбесіне бөренелер бір-біріне қарсы қойылып, тақтайлар тасталған, оның үстіне бұталар, жапырақтармен жауып, топырақпен көмілген. Бұндай баспана адамдарды, малдарды ауа райының қолайсыздығынан сақтаған. Құрылыс материалдары ретінде ағаш, батпақ пайдаланылған. Ешқандай шеге немесе металл қолданылмаған.

Қазан төңкерісіне дейінгі негізгі баспана болып табылған, *газма* деп аталатын жер үй немесе жартылай жер үйлер үш топқа бөлінген:

- 1) *јасты өј* (тегіс үй) немесе *пейе*
- 2) *шешә өјлук* немесе *өјлук*

3) *ширвани* немесе *балых бели* (балық бөлі)

Жазғы баспана ретінде әлем халықтары, әсіресе көшпенділер мен жартылай көшпенділер арасында дөңгелек, сопақша түрдегі үйлер көп тараған. Әзірбайжандарда мұндай баспаналардың бірнеше түрлерімен қатар *жейе, алачых, парачадыр, джзома, мухуру, магары* т.б. сияқты әртүрлі атаулар да кездеседі.

Бұл баспана түрлері құрылыс үлгісі, материалдары, формасы, архитектурасы жағынан әртүрлі болып келеді. Олардың негізгі материалы ағаш, қабырғасы, төбесі *чубук (жүзім сабағы)*, яғни иілген шыбықтардан тұрған, оның саны үйдің көлеміне байланысты болды. Кейде ортасына тіреу қойған, оны *сунача үөйсү* немесе *чатмачывых* деп атаса, шаңырақты *чатмах* деп атаған. Кейде тіреуге *чатма чывых* орнына *һачалы ағач* деп аталатын таяқшаларды қолданған.

Сунача деп аталатын тіреу үйдің төбе жабынын ұстауға арналған. Жақсы реттеліп жиналған *алачука чайну* деп аталатын ширазда (әшекей) әртүрлі тұрмыстық заттар, мылтық, қанжар ілінеді. *Сунача чойсу* үйді үлкейтуге, кеңейтуге пайдаланылады. Тік тұрған адам қолын созғанда төбеге әрең жеткізеді, шыбықтардың басын байлап, екінші басын тесіктерге (*чатмых*) кіргізеді, яғни киіз үйдің уықтары тәрізді.

Баспана көлемі үй иесінің жағдайына байланысты болған, ол ауқатты болса, соғұрлым үлкен болған, кейбір ауқаттылар мал, ірі қара, ат, үй жұмысшыларын (көкәр және гарабаш (малай) ұстаған. Кедей отбасылар кішірек *дейеде* тұрған. Кейде баспананы шарбақ құрып, оған жұқа қамыстан *чәтәк*, сыртынан жүн-жұрқадан жасалған *гәлив (қомша)* жапқан. Оның жүн қомшаға арнайы тығындар жасаған аталуы *һапалыг*. Үй мықты тұруы үшін қазықты жерге қағып, арқанмен байлап қойған. Үйдің ішінде әр нәрсенің өз орны болған. Бөлмеде тұрмыстық заттардан артық ешнәрсе қойылмаған, негізінен, май тартқыш, қол диірмен, *киркирә* деп аталатын өрмек, нан пісіру үшін қолданылатын шойын тақта (*садж*), кір жууға арналған әртүрлі ыдыстар, сүт сақтағыш, ұн сақтағыш (*дагарджы*), ұн елеуіш (*элек*) сияқты және т.б. заттарды қойған.

Баспананың оң жақ босағасында қоршалған бұрыш болды, ол *буджах* немесе *һәми* деп аталады. Онда сүт, ашыған сүт қатық

(*гатык*), қаймақ (*гаймак*), май, ірімшік сияқты тағам түрлері, негізі теріден жасалған арнайы ыдыстарда сақталды. Одан солға қарай *жүк, жори, язни* көрпе, жастық сияқты жүкке арналған сөре болды. Шыға беріске таяу сол жақта тастан қаланған, үсті *сәджаях деп* аталатын темірмен жабылған ошақ (ошак) орналасты. Қомшаны ашып қою арқылы ошақтың түтінін шығарып отырған. *Джомага* қосымша жер үй сияқты үйшік *кәртмә* салған, джома дайын болған кезде қомшамен төбесін жауып, арқанмен (*өркән*) тартып қойған. Жаңбыр суы ағып кетуі үшін (*гарым*) баспананың айналасына кішкене арық қазған, нан пісіру үшін цилиндр формалы астында тесігі бар пешті (*тендир*) қолданған.

Қысқы баспана және шаруашылық құрылысы. Кіші Кавказ халқының қысқы баспанасы қоныстың түріне қарай гышлак (*қыстау*) деп аталды. Жыл мезгілінің 8-9 айын осында өткізген, олар отбасындағы адам санына байланысты *ненд, шенлик, оба, юина* деп бөлінген.

Гышеви (қыш үйі) деп аталатын баспана жартылай жертөле түрінде болған, оның көп бөлігі жер астында болды, оны салғанда 5-6 метр төрт бұрышты шұңқыр қазылып, шығыс жағынан кіріп-шығуға қолданылатын тереңдігі 70-80 сантиметр болатын 4-5 баспалдақ жасалды. Сыздан сақтану үшін қамыстан жасалған *гамышла чәпәрә гырырлар* қолданған, ол үшін еденнен 1,5 метр биіктікте қамысты қайырып бір-біріне айқастыра қабаттаған. Ішкі жағынан қамыспен қайта қабаттап бекіткен және тал шыбықтарымен байлаған. Қабырға дайын болған кезде шыбықтарды қамыспен бірге байлап тоқып тастаған. Сыртқы жағын 70-80 см (чепере) көтерген және жауын суы кірмеу үшін оның 15-20 см жерге дейінгі жерін шыммен бастырған. Қыш үйдің төбесін киізбен жапқан, есігін 4-5 метрлік алашамен жауып, еденге киіз төсейді (*мәснәт*).

Пәждә (пейе) – гышәви сияқты жиналмалы емес, ол өзге материалдардан, басқаша конструкция бойынша жасалады. Оны жасағанда тау беткейінен еңістеу жерді қазып үш қабырға (калафа агырлар) шығарады, төртіншісі ашық түрде қалады. Мықты болу үшін қабырғаларға ағаш бөренелер пайдаланады (*һәрмә*), көлденең шанжалар арқылы төбенің негізін қояды. Үй-

дің ортасынан 3-4 жерден тіреу қояды. Шатырына үлкен бөрене-лер, яғни белағаш қойып, оның үстіне жапырақ, бұтақтар тастап, топырақпен қалың етіп жауып тастайды. *Пейені* тұрмыстық үй ретінде де, мал қора ретінде де қолдана берген.

Пейебашы деп аталатын баспана түрі *пейе мен ойлуқ* арасындағы баспана. Әдебиеттерде *карадам* деп аталады. Оның ішінде қабырға биіктігімен бірдей қойылған тіреулері бар. Баспананың күмбезінің 2 м бөлігі жерге кіріп тұрады, ол 1 м топырақпен жабылған. Кіре берісінде *чардақ* деп аталатын лапасы болады.

Эвдамы бұл баспананың негізгі тұратын бөлігі, ол басқа бөл-мелерден жарық түсіретін және түтін шығаратын төртбұрышты тесігімен ерекшеленеді. Баспанадағы екінші *эвдамы* қонақ бөл-месінің қызметін атқарды және ол *гонак* отағы деп аталды.

Дәһлиз – дәліз, балкон, терраса қызметін атқаратын үйдің бө-лігі. Дәліз сөзі Кавказда, Орта Азия елдерінде кеңінен тараған.

Тәвлә – көлемі 10x6,5 м, биіктігі 2,4 м болатын, екі жағына еңкіш жабылған тоғыз тіреу қойылған құрылыс. Көлденең қойылған тіреулер басы аша тәрізді, оған жуан белағаштар қойы-лып, келесі қабырғасы (кешебенд) қабырға таспен қаланып, оған бөрене қойылған. Төбесіне бұтақтар тасталып, сабан салынып, қалың топырақпен жабылған. Кіре берістің сол жағына жем салғыш – ахыр, оның алдына сиыр байлау үшін бағана қойылған. Бағана ортасына мал байлау үшін темір ілгіштер қағылған (чив). Қораға екі тесік жасалады, біреуі жарық түсіру үшін, екіншісі қи шығаруға арналған. Есігінің биіктігі 1,8 м, ені 0,8 м болады.

Малдамы – жерге жартылай кіріп тұратын, биіктігі іші-нен өлшегенде 2,5 м, сыртынан өлшегенде жерден 1 м болатын, тастан ванна тәрізді етіп жасалған су жинайтын құрылыс, құдық суы таусылғанда қар суын мал суғару үшін жинайтын болған.

Чымга өј – тік бұрышты, төбесі жайдақ немесе сәл көтеріл-ген, бір бөлмелі тұрғын үй. Оның құрылысы қарапайым болады, ол үшін белгіленген жер теліміне арасын 1 м етіп, биіктігі 2,5-3 м болатын бағаналарды 20-30 см аралықта, қатар-қатар қояды, тө-бесіне белағаш қойып жабады. Сосын оның арасына сабанды тығыз етіп тығындайды. Іші-сыртын топырақпен сылап, алдына лапас жасайды.

Баспананың жоспары мен ондағы өмір сүру оның түріне байланысты болды. Бір бөлмелі баспананың өзінде адамдар өздерімен бірге малдарды қоса ұстады, сонымен бірге қойма қызметін де атқарды. Баспана тазалығы үй иесіне байланысты болды. Ашық күннің өзінде жертөленің іші қараңғы болып тұрды. Жертөлеге түсетін жарық көзі ол *баджа очагидің* тесігі болды. Төбеге одан басқа мал қиын шығаратын тесік те жасаған.

Ыдыс, төсек орын қоятын арнайы орын болмады. Кіре берістегі, сол жақтағы сәл биіктеу тас тақтаға төсек-орын, сандық, оның үстіне көрпе-жастық жинаған.

К. Каракашлының жазуы бойынша, жертөленің ішкі құрылысы мен жинақтылығы өте нашар дәрежеде, тазалығы жоқ, заттың бәрі бір жерде үюлі жатқан, оның арасында керек те, керек емес те заттар бар. Киімдері мен төсек орындары былғаныш, мал мен адам майымен майланған. Олар еденде ұйықтаған.

Қаламен байланысы бар отбасыларда стол, орындық, төсек болған, қабырғаларына кілем ілген.

Әзірбайжандардың баспанасы ашық ошақпен жылытылды, оның көлемі 70x70 см болды, ошаққа ағаш немесе тезек жағылады. Осы ошақпен үйді жылытты және тамақ, нан пісірді. Үш сирақты темір *сadjаяк* немесе ұшаяқты тасқа шойын пластика *сadj* қоятын болған.

Келесі үй жылыту құралы камин – *бухары* деп аталды, ол ертеден келе жатыр және әзірбайжан баспанасының тарихи дамуының бір бөлігі іспетті. Әзірбайжандар көбіне тамақты, оның ішінде нанды пісіргенде, қазылған шұңқырға от жағып, тамақты піскенше соған көміп тастайтын болған, мұндай тағам түрін *күлләмә, күллү көмбә* немесе *көздәмә* деп атаған.

Негізгі үй жылытатын құрал *дойма тендир*. Тендирді арнайы топырақтан жасаған (тендир топрағы), ол үшін топырақты суға илеп, жақсылап тегістеп, сыртын отқа күйдірген.

Ошақ әзірбайжан халқы үшін күрделі әлеуметтік түсінік болды. Очаг сөзі мал-жан, әйел, бала-шаға, отбасы сияқты қасиетті ұғымдардың біртұтастығын көрсетеді. Руаралық қатынас, жауласу, қанды кек, экономикалық байланыстар, отбасылық салт-дәстүрлер, туыстық қатынастар, жол-жоралғы, сенім-нанымдардың

барлығы ошақпен тығыз байланысты болған. Ошақ отының сөнбеуі – ол бақытқа кенелу, отбасының гүлденуі мен беріктігі, ұрпақ жалғастығын білдіреді. Дұшпанына тілейтін ең ауыр қарғыс, ол – «очагын сөнсүн», яғни «ошағың сөнсін» деген мағынаны білдіреді. Қарғыстың осы түрінен халық қатты қорыққан, себебі үйдегі ошақтың сөнуді үлкен бақытсыздық болып есептелген.

Үйдің тағы бір құрметті болып табылатын бөлігі үйге жарық түсетін жері. Алғашқы кезде жарық беру құралы отынның шаласы болды, жарық пен жылу ошақ арқылы да берілген. Жанған шаланы – *көсө*, емен бұтағы – *палыд*, жабайы шиіе қабығы *балбалы*, қайың қабығы – *тозагачы*, кейбір аудандарда *кәрмәжов*, жануар майынан жасалған – *пий*, одан кейін мазут – *гара нәгүт*, *чытғы*, *гара чыраг* керосин шамы – *аг нәгүт* кейде *түнәкә* деп те аталды. 1927 жылдан бастап электр шамына көшті.

Кәсібі. *Кілем тоқу ісі* Таяу Шығыс елдерінде ерте кезеңдерден кең құлаш жайып, дамып келеді. Әсіресе кілем тоқу ісінің жемісті дамуы Кавказ жерінен бастау алады. Геродоттың өзі Кавказ тұрғындарының қолөнеріне тоқталып, олардың әр алуан өсімдік бояғыштарын қолданғаны жөнінде хабарлайды, сонымен қатар тоқыма маталарға түрлі ою-өрнектер салып, олар ұзақ уақыт бойы өңін жоймағандығы туралы мәлімдейді.

Бұл өте ертеректегі мәліметтер Кавказ даласында мата тоқу ісінің пайда болғаны жөніндегі түсінікті қалыптастырып, оның ішінде өте маңызды орынды иеленетін б.д.д. V ғасырда пайда болған эзирбайжандардың атақты кілемдері сол кезеңнің қолөнер саласының ең озық туындысы екендігін топшылауға мүмкіндік береді.

1922 жылы Германиядан басылып шыққан «Шығыс кілемдері» атты монографияның «Кавказ кілемдері» атты бөлімінде кілемдердің өндірілуі өте ерте кезеңдерден басталатындығы туралы айтылып, соның ішінде түкті кілемдердің отаны Кавказ саналатындығы әрі түкті кілемдердің ең кереметтері де осы Кавказ жерінде екендігі туралы айтылады.

Ортағасырлық эзирбайжандық кілем бұйымдары туралы мағлұматты алдымен тарихи және әдеби дереккөздерінен көруге болады. Тарихшы Масудидің (X ғасыр) мәлімдеуінше, Маранд,

Тебриз, Дебил және Арменияның басқа да аудандарында «маг-фур»(махмур) деп аталатын кілемдер дайындалған.

Әзірбайжан кілемдерінің өте жоғары сапасы және жайқалған патша сарайындағы кілемдер туралы өте ертеректегі Әзірбайжан ақыны әрі ойшылы Низамидің (XII ғасыр) «Искендер-намә» атты поэмасынан да кезіктіруге болады.

Әзірбайжан кілемдерінің ою-өрнектерінің үлгілерін кейінірек уақыттағы XIV–XV ғасырға жататын шығыс миниатюраларынан және XV–XVIII ғасырлар шеңберіндегі италян, голланд суретшілерінің озық туындыларынан кездестіруге болады. Осы сұрақтарға арналған әдебиеттерде кіші Ганса Гольбейннің, Ганса Мемлингтің, Томас-де-Кайзердің, Корнелиустың, Дейстер мен Терборханың картиналарында орта ғасырларға жататын шығу тегі кішіазиаттық, түркімендік, кавказдық саналатын кілемдердің суреттері бейнеленгендігі жөнінде айтылады. Мысалы, атакты Нидерланд суретшісі Ганса Мелингтің «Мария с младенцем» атты туындысында бейнеленген кілем суретінің шыққан тегі Әзірбайжан екендігіне ешқандай күмән тумайды. Бұл дәлелдер кілемдер Әзірбайжан жерінен Нидерландыға XV ғасырларда келе бастаған және сол кілемдердегі ою-өрнектердің шығу тегі мен пайда болу мерзімі өте ертеректегі кезеңмен тұспа-тұс келетіндігін дәлелдейді.

Кілем тоқу ісі Әзірбайжан жерінде ежелден бастап кең қолданыс тапқан. Кілем тоқу ісімен бұл өңірде көбіне шаруалар қауымы, сонымен бірге күнкөріс көзі мал шаруашылығы саналатын тұрғындар айналысқан. Осы туралы мынадай кілем бұйымдары атауларынан анық аңғаруға болады: хурджун (ер-тоқым қаптары), мафраш (тұрмыстық заттарға арналған кілем қобдиша), чувал (қаптар), попон (дәнді-дақыл өнімдерін сақтауға арналған заттар мен тұрмыстық ыдыстар) және т.б. Түкті емес кілемдер – «паластар», «кілемдер», «зилилер» және «джеджимдер» шатырларды жабу үшін және көшпенділердің арбаларына қолданылды. Түкті кілемдер және «сумахи» шатырларда кеңінен қолданылған.

Ұзын бағанды және қысқа бағанды кілемдерді жасау өндірісінде қолданылатын сол және басқа да техникалық өзгерістер мен суреттегі артықшылықтар Әзірбайжан халқының экономикалық

және климаттық жағдайларымен, сонымен қатар кілем тоқу ісінің өндірістік-техникалық даму деңгейімен тығыз байланысты.

Сыртқы келбеті бойынша барлық кілем бұйымдары екі топқа бөлінеді: түкті және тегіс кілемдер (бағансыз кілемдер). «Хали», «гебе» және «намазлық» – түкті кілемдер қатарына жатса, «палас», «килим», «сумахи», «зил», «варн», «джеджим» – тегіс кілемдер қатарына жатады. Олардың әрбіреуі кілем бұйымдары қатарында өзіндік артықшылықтарға ие болған: «килим», «палас», «варн» және «джеджим» – екі жақты болса; «сумахи» және «зил» – бір жақты болып келеді, сонымен қатар олар алдыңғы жағының тегіс болып келуімен және оң жағының түкті болып келуімен ерекшеленеді; «хали», «гебе» және «намазлық» – оң жағының тегіс болып келуімен және алдыңғы жағының бұйра болып келуімен сипатталады. Тоқыманың техникасына байланысты кілем бұйымдары үш топқа бөлінеді.

Түксіз (бағансыз) немесе «палас», «килим», «джеджим» деп аталатын екі жақты кілемдер қарапайым жолмен жіптің және ілмек жіптің көмегімен тоқылады. Бұл кілемдердің өрнектерінің түсі, оның тоқылу әдісі екі жағында да бірдей болып келеді, тек бір айырмашылығы, матаның ішкі жағын жасыру үшін үстіңгі жағы немесе паластың ою-өрнектері арқаулық жіп арқылы тоқылады, ал джеджимде үстіңгі жағы мен матаның ою-өрнегінің негізін жіп құрайды, ал ілмегі ішкі жағында қалып қояды. Кілемнің тоқылу техникасы жағынан «палас» пен «джеджимнен» айырмашылығы: бастапқы жіп бұйымның ені бойынша тоқылмайды, суреттің түсімен байланысты болады; бастапқы жіп белгіленген түс бойынша өрнектің шеті бойымен оралып тоқылады.

Екінші топқа түксіз немесе бір жақты кілем түрлері – «сумахи» мен «зил» жатады, олар тоқу жіптерінің үш түрі – негізгі жіп, ілмек жіп, қада иірімжіп арқылы тоқылады. Соңғысы суреттің сипатына сай қолдың көмегімен негізгісінің айналасы оралып тоқылады да, түйін арқылы түйіншектеледі; қада жіп соңына 5-6 см-ден қалдырылып тоқылады. Бұл бұйымдарда бастапқы жіптер матаның ішкі жағында қалады, алдыңғы жағы тегіс болып келеді, ал оң жағы қысқа болып келетін әртүрлі ұзындықтағы иірімжіптерден тұрады.

Үшінші топқа – түкті немесе бархаттан жасалған кілем бұйымдарды «хали», «гебе», «намазлықты» жатқызуға болады.

Олар жіптің 4 түрі: негізгі жіп, төменгі, жоғарғы жіп және қада иірімжіп көмегімен тоқылады. Кілемдердің оң жағы тегіс, ал алдыңғы жағы биіктігі 3 мм-ден 11-мм-ге дейінгі қысқа бағанды тығыз жолдардан тұрады.

Жоғарыдағы топтарға жататын кілем бұйымдары суреті және түсі бойынша бір-бірінен қатты ерекшеленеді.

Қолданылатын техникалық әдістердің әртүрлілігі мен ою-өрнектердің әр алуан түрлері әрі сол кілемді сәндеу жолдарының әрқайсысы өзіндік бір мән-мағына береді.

«Паластар» мен «кілемдер» Әзірбайжанның барлық өңірлерінде әлсіз бұрмаланған иірімжіптен тоқылса, «сумахи» бұрынғы Кубин уезінің Бакин губерниясында әйлі болған жақсы бұрмаланған иірімжіптен тоқылды, «варни» тек қана бұрынғы Джебраиль уезінің Елисаветпольск губерниясында кеңінен өндірілді. «Джеджим» (жүнді және жібек матадан) Әзірбайжанның көптеген өңірлерінде өндірілді, көбіне Карабах ауданының Лемберан өңірінде кең қолданыс тапқан.

Түкті кілемдердің Солтүстік Әзірбайжандағы орталықтары – Куба, Шемаха, Баку, Гянджа, Қарабах, Қазақ өңірлері саналды. Әрбір аумақ және тіпті жеке өңірлердің өзінде аймақтық ерекшеліктер кілемдерде салынған суреттердегі ерекшеліктерден, түсінен, матаның сапасы мен бұйымның жасалу жолынан көрініс берді. Жергілікті кілем тоқушылар дәстүрлі кілем тоқу ісін жаңғыртушылар болып есептелді.

Қолөнер саласының қайсыбір түрі секілді кілем тоқу ісінде де дайындық шараларымен қатар кілемдерді өндіру әрі оны сәндеп көркемдеу ісімен, атап айтсақ, иіру, тоқу әрі оны бояу ісімен шебер кілем тоқушылар, сонымен қатар қолөнершілер айналысты. Тек ХІХ ғасырдың аяғынан бастап иірілген жіптерді және жүнді бояу ісімен арнайы бояу шеберханалары айналысса, кей жағдайларда бояушыларды жалдайтын болған. Бояғыш заттарды өндіру үшін материал ретінде көптеген өсімдік түрлері: алма, алхоры және жаңғақтың қабығы, тұт ағашының, айваның, жаңғақтың жапырақтары, сарыағаштың сабақтары, беде ағашының гүлдері, пияздың қауызы, жаңа піскен жаңғақ қабыршағы, анар қабығы қолданылды. Әдетте жіпті бояу үшін жергілікті және басқа өңірлерден әкелінетін морен

тамырларын, өсімдік индигосын қолданған. Талшық бойынша бекітуге бояғыш есебінде алюминий пайдаланылды. Кілемді бояу, әсіресе түрлі түсті кілем ою-өрнектерін бояу көп уақытты әрі қажырлы еңбекті талап етеді. Сол себептен де 1870 жылдары пайда болған анилин бояғыштары бағасының қолжетімді болуы, сонымен қатар бояу әдісінің қарапайым түрінің болуы себепті, әрі түстерінің қанық болып шығуына байланысты Әзірбайжанның кілем тоқу ісімен айналысатын аудандарында, әсіресе Шушада кең етек жайды.

Кілем тоқушылар кілемге ою-өрнектерді бедерлеген кезде көбіне жадына сақталған әртүрлі өмір құбылыстарына, өсімдіктер мен жануарлар бейнесіне, тұрмыстық заттарға қарап сол бойда санасынан тудыратын болған, ол ұрпақтан-ұпаққа өз жалғасын тауып, сөйтіп, ою-өрнектердің тың түрлері де өмірге келетін болған.

Кесте тоқу ісі және тоқымашылық. Революцияға дейінгі кезеңде Әзірбайжан жерінде өзінің жасалу әдісінің әртүрлілігімен басқаларынан ерекшеленетін дәстүрлі кесте тоқу ісі өте кең қолданыс тапты. Бұл кәсіп Әзірбайжанның барлық дерлік қалаларында кең құлаш жайып, әйел адамдардың сүйікті ісі болумен қатар ерлердің де құлшына кірісетін сүйікті кәсібіне айналды.

Көптеген Әзірбайжан әйелдері қолөнер саласымен айналысып, өздерінің бойындағы әсемдікке деген құлшынысы мен қабілетін шыңдай түсті.

Бұл қолөнер саласы әсем кілем «джеджимді» жасау кезінде, киімдерді, тесьмаларды кестелеу кезінде кеңінен қолданылды.

Кесте тоқу кезінде әдетте Шемахта, Гянджда, Нухта, Тебризде және Әзірбайжанның басқа да қалаларында дайындалатын жібек канаус, әр алуан түстен тұратын басқа өңірлерден әкелінетін бархат, жергілікті және басқа қалалардан әкелінетін мақта маталар мен зығыр материалдары кеңінен пайдаланылады. Тек бай, әл-ауқаты жоғары адамдар арнайы жұқа тоқыма матаға қолмен әсемдеп кестелеуге тапсырыс берген, бұл өнер тіпті алтын бұйыммен де бағаланған. Кестелеу кезінде жергілікті жерде дайындалған, ұзақ уақыт өңін бермейтін бояғыштармен боялған тоқыма және жібек жіптер, оралған металл спираль, жылтыр бұйымдар, бисер, інжу және түрлі түсті бағалы тастар көбірек пайдаға асырылды.

Кестеде бедерленген ою-өрнектердің пішіні мен оларды салудағы мақсаты Әзірбайжан жерінің табиғатымен және халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Раушан, ирис, нарғыз, қалампыр, алхоры гүлдерінің және басқа да өсімдік бедерлерінің геометриялық өрнектермен үйлесімі өте күрделі композициялық туындыларды тудырады.

Кесте тоқу ісінде сонымен қатар құстардың бейнелері, үй жануарлары және тұрмыстық бұйымдардың бейнелері жиі ұшырасады. Әсіресе ХІІ ғасырға жататын керамика бұйымдарында (Көне Гянджада) қосарланған құс бейнелері көптеп кездеседі. Бір-біріне тұмсықтары арқылы қарап тұрған қосарланған құс бейнелері әзірбайжанның атақты кілемдерінде, мыстан жасалған ыдыс-аяқ бұйымдарында кездесіп жатады.

Орындалу техникасына байланысты кестелеу өнері бірнеше түрлерге жіктеледі: 1) тамбурлы кестелеу, 2) алтын жіптермен кестелеу, 3) бисермен, жылтыр бұйымдармен, сонымен қатар інжу және бағалы тастармен кестелеу.

Түрлі түсті жіптердің көмегімен тігілетін кестелеудің тамбурлы әдісі Әзірбайжан жерінде өте ерте замандардан бастау алған. Бұл әдісті өндірудің ХVІІІ–ХІХ ғасырлардағы негізгі орталығы – Нух қаласы. Тамбурлы кестелеу түрімен киімдерді және түрлі тұрмыстық бұйымдарды безендірген. Бұл кестелеу түрі қою түсті матаның үстіне ашық түсті жіптерді үйлестіру арқылы іске асырылған.

Алтын жіптермен кестелеу – Әзірбайжанның барлық дерлік өңірлерінде кеңінен қолданылатын кестелеу түрі. Бұл көркемсурет өнерінің негізгі орталықтары – Шемах, Шуш және Баку болып саналады. Өсімдік және геометриялық ою-өрнектердің кестеленуі өзіндік үйлесімділігін тапқан. Әдетте бұл кестелеу өнерінен Әзірбайжан шеберлерінің қолданатын сүйікті көркем бейнелері ретінде қосарланған құс бейнелерін көбірек кездестіруге болады.

Алтын жіптермен кестелеу түрі – көйлектерді, бас киімдерді, аяқ киімдерді, бөкебайларды, жағаларды безендіру кезінде сонымен бірге қас және кірпікті әрлеуге арналған құтыларды сәндеуде (сюрмеден) қолданылатын кестелеу өнерінің бірегей түрі. Кейбір жағдайларда кілемдерді кестелеу кезінде пайдаланатын болған.

Алтын жіптермен кестелеу әдісінің аймақтық ерекшеліктері ою-өрнектерінің пішіні мен түрлеріне байланысты бір-бірінен қатты ажыратылады. Мысалы, бакиндік алтын жіптермен кестелеу түрі ою-өрнектерінің ірі болып келуімен сипатталса, шамахиндік алтын жіптермен кестелеу түрі ою-өрнектерінің біршама жіңішке болып келуімен алдыңғысынан өзгешеленеді.

Бисердің, жылтыр бұйымның және інжу тастың көмегімен кестелеу әдісі әйелдердің киім-кешектерін әшекейлеу кезінде, сонымен қатар түрлі бұйымдарды безендіру кезінде қолданылды. Жылтырмен безендіру әдетте перделерді сәндеу кезінде (тахчапердиси), науаның (поднос) астына қоятын затты (ортюк) сәндеу кезінде пайдаға асырылды. Бисердің көмегімен әдетте әйелдердің киімі, тұрмыстық бұйымдардың сырты кестеленетін болған. Сонымен қатар қалың немесе шылымның қабы безендірілген. Қаптың жоғарғы жағының барлығы ақ, көк, көкшіл және жасыл түсті бисерлермен кестеленіп, ақ түсті матамен өз үйлесімін тапқан.

2.6. Татарлар

Киімі. Татарлардың көршілес халықтармен арасындағы этномәдени байланыс, әсіресе Сібір татарларының киімдерінен анық байқалады. Сібір татарлары ертеден киімдерін қой жүнінен тоқыған және Орталық Азиядан саудагерлер әкелген маталардан тікті. Сонымен қатар көрші отырған орыстардан алынған кенеп маталарды да қолданды.

Тігін машиналары пайда болғанша татар әйелдері киімді қолмен тікті. Матаның сапасы сол отбасының әлеуметтік жағдайына байланысты болды.

Барлық жастағы ерлердің негізгі сыртқы киімі камзол болды. Әдетте оны мауытыдан, тізеден төмен етіп, белін қынамалап, тік жағалы, 5-6 түймеге түймеленетін, бір өңірлі етіп тікті. Камзолды астарлады, алайда сырылып тігілмеді, жанқалталары болды. Татарларда қысқа жеңді камзолдар да болды, оны бешмет деп атады.

Ауқатты татарларда мақтамен сырылып тігілген жылы камзолдардың жағасы және оның сол жақ өңірі құндыз, елтірі жә-

не т.б. бағалы аң терілерімен жұрындалды. Олардың мерекелік камзолдары әртүрлі сортты қамқа және басқа ақ түсті маталардан тігілді.

Далалық жұмыстар кезінде көйлек пен шалбардың сыртынан татарлар кенептен тігілген шабыр деп аталатын жеңіл киімді киді. Пішіні жағынан ол камзолмен бірдей болды. Татарлар бұл киімді дәстүрлі ұлттық киім деп санады, бірақ киімнің мұндай түрі Саян-Алтай халықтарында да кездеседі.

Татарлар жүн өңдеу, материал дайындау, киім тігудің әртүрлі техникаларын меңгерді. Жүннен цикмэн деп аталатын киімді тоқыды. Оның формасы камзолға ұқсас болды, алайда камзолдан ұзын, тік жағалы, етегі кең болды және сол жағына қарай қалың теріден жасалған 4-5 түймеге түймеленді. Белі жүннен тоқылған белбеумен буылды.

Сыртқы жылы киімдердің барлығын татарлар тун деп атады.

XX ғ. 30 ж. дейін татарлар арасында мақтамен сырылып тігілген, тік жағалы, кейде жағасы аң терісімен жұрындалған сырт киімнің түрі кең тарады. Бұндай киімнің түрін татарлар пирэцэ деп атады. XIX–XX ғ. басында татарлар арасында қой терісінен жасалған ұзын және қысқа тондар танымал болды. Оның жағасы болмады, 4-5 түймеге түймеленіп, белі белбеумен буылды.

Ауқатты татарлар, саудагерлер, ірі мешіттердің молдалары түлкі немесе қасқыр терісінен тігілген тондарды киді.

Алыс жолдарға шыққанда қой терісінен жүні сыртына қаратылып тігілген тұлыптарды киді. Тұлыптар ит және ешкі терісінен де тігілді. Ерлерге арнап тері шалбарлар да тігілді.

Мерекелік киімдер қымбат маталардан дайындалды. Бұндай киімдердің қатарына шапандар жатты. Оны ауқаттылар қамқадан тігіп киді, ал кедейлер тектен киді. Шапандарды олар діни мерекелер кезінде мешітке барғанда киді.

Мерекелік киім ретінде татар әйелдері бүрмелі көйлектерді киді. Бүрмелер көйлектің әртүрлі жерлеріне әртүрлі мөлшерде тігілді. Жасы үлкен әйелдердің көйлегінің етегіне бірнеше қатар ұсақ бүрмелер салынды. Көйлектің сыртынан әйелдер камзол киді. Ол ерлер камзолынан етегінің кеңдігімен ерекшеленді. Татар

әйелдері камзолды үнемі киіп жүрді. Әйел камзолдары камқа, барқыт, атластан тігілді.

Ерлер мен әйелдердің киімі қарастырылып отырған кезеңде әртүрлілігімен ерекшеленбеді. Еркектер қыстан басқа айларда етік киіп жүрді. Оның ішінен жүннен тоқылған шұлықтар киді.

Татарлар ертеден ичиги деп аталатын қысқа етіктерді киді. Ол қой немесе ешкі терісінен тігілді және жұмсақ табанды болды. Оның сыртынан ерлер де, әйелдер де теріден жасалған, қатты табанды аяқ киім кенкәні киді.

Қыстыгүні ерлердің де, әйелдердің де аяқ киімі пима болды. Жасы ұлғайған адамдар қыста киіз калоштарды киді, ол пиманың қысқа түрі болды. Суық күндері татарлар қой жүнінен тігілген және тері қолғаптар киді.

Ер адамдардың негізгі бас киімі тақия болды. Тақияның екі түр болды: бірі – жартысфера тәріздес болса, екіншісі кәләпуш – төмен жайпақ төбелі, конус тәрізді бас киім. Тақияның екінші түрін қара түсті барқыттан тікті. Қыстыгүні малақайлар киді.

Әйелдердің негізгі бас киімі орамал болды. Суық күндері жұқа орамалдардың сыртынан фабрикалық немесе қолдан тоқылған жүн шәлілер тақты. Орамалдың сыртынан татар әйелдері аң терісімен жалпақ етіп жұрындалған бас киімдерді киді.

Татар әйелдерінің мерекелік бас киімдеріне әртүрлі қалпақтар жатты. Соның бірі сарауц болды. Сарауц – тұрмыстағы әйелдердің диадемаға ұқсас бас киімі. Бас киімнің бұл түрі қымбатқа түсті және оны ауқатты отбасыларының әйелдері ғана киді.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында татарлармен араласу барысында қазақ әйелдерінің дәстүрлі киіміне де өзгерістер енді. Мәселен, XX ғ. басында Шығыс Қазақстандағы әйел көйлектерінің пішілуі татар әйелдерінің көйлектеріне өте ұқсас болып келді. Сондай-ақ сәннің татар ұлттық түріне «қысмалы күлмәк» жатады. Бұл көйлек түрінің белі біршама жоғары орналасқан, арты етегі ұзын, перделеніп өңделген. XX ғасырдың басында көйлектің аталмыш жаңа стилі әйел адамға, әсіресе қаладағыларға әдемі жаңа реңк берді. Көбінесе көйлектің бұндай түрін ауқатты қазақтар татар тігіншілеріне тапсырыс беріп тіккізген.

XX ғ. басында қазақ халқының киімінің өзгеріске ұшырауының бір белгісі сәнге татар үлгісіндегі тік жағалы көйлектердің енуі еді. Ол кең, тұтас пішілген дәстүрлі көйлектерді сәннен ысырып шығарды. Тік жағалы көйлектер мен жейделер өзбек халқының арасында «ноғай көйлек» немесе «қазақы» деп аталды.

Кәсіптері. Татарлар ерте кезден-ақ көп салалы шаруашылықпен, яғни бидай, арпа, тары, сұлы, бұршақ, қарақұмық, зығыр, сора егумен айналысты. Сауда-саттықпен де шұғылданды. Халық отырықшы болып, қой, ешкі, сиырды қорада ұстады. Үй құстарын көбірек өсірді. Еділ бойы мен Орал өңірі орман-тоғайлы, шалғын-шөпті болғандықтан, омарташылық дамыды. Татарлардың тағамында нан, картоп, көкөніс басым болады. Татарлар шеберлерінің тіккен әшекейлі етігі, бас киімі, аяқ киімі, кестелі шашақты шәлі орамалы, тоқыма бұйымдары, күмістен, алтыннан істеген зергерлік бұйымдары Ресей империясынан тыс жерлерде де жоғары бағаланып, сұранысқа ие болды. Тері, жүн өңдеу кәсібі дамыды. Мәрмәрдан, тастан, ағаштан, теріден өрнектеп, оюлап жасаған мозаикалары көз тартады. Авыл юрт немесе ил дейтін татар елді мекені шағындау, көбінесе өзен жағасына таяу орналасады. Үйлері биік дуалмен қоршалып, ағаштан оюлап әшекейленген. Ұлттық мейрамның ең көрнектісі – сабантуй. Мұнда ұлттық спорт түрлері – күрес, жаяу жарыс, ат жарысы өткізіледі.

Татарлар – ертеден әртүрлі кәсіптермен шұғылданған халық. Татар қолөнершілері өз тәжірибелерімен қатар, Кавказ, Иран, Орта Азия халықтарының дәстүрлерін де қабылдаған еді. Соның нәтижесінде оларда қолөнердің алдыңғы қатарлы техникасы пайда болды. Қазіргі татарларда да сол ертеден келе жатқан дәстүр жалғасын тауып келеді.

Зергерлік өнері. Волга-Орал татарларының зергерлік өнері XVIII–XIX ғ. ортасында өзінің гүлденуінің жоғары деңгейіне жеткен еді. Оның қайнар көзі Волга Болгариясы және Алтын Орда қалалары, кейінгі татар хандықтары, әсіресе Қазан хандығы зергерлік өнер дәстүрлерімен тығыз байланысты болды.

Ертедегі тарихи және сауда, этномәдени байланыстардың нәтижесінде татар зергерлік өнерінің техникалық әдістері жергілікті

фин-угор және славян халықтарының дәстүрлерімен сусындады. Славян, әсіресе орыс өнерінің әсері XVI–XVII ғ. күшейе түсті.

Алайда шығыстың әсері одан да күштірек болды, ол IX–X ғ. Шығыс пен Европа арасындағы сауданың күшею кезеңіне сәйкес келеді.

Зергерлік өнердің ежелгі және ірі орталығы Қазан мен Қазан маңындағы аудандар болды. Қазан-татар зергерлерінің өнімдері әйел киімдерінің әшекейлерімен байланысты болды.

Татар зергерлері зергерлік ісінің барлық технологиялық үдерісін меңгерген еді. Әшекейлерді жасау үшін, негізінен, күмісті қолданды, төмен сапалы күмістер қарапайым халық үшін пайдаланылса, жоғары сапалы, алтындалған күмістер ауқатты, жоғары топтың өкілдеріне арналды. Қола және қалайы өте сирек қолданылды. Зергердің құралдары өте қарапайым болды. Олар көрік, егеу, қысқыш, кескіш, қайшы, балға, атауыз, төс сияқты саймандардан тұрды.

Татар халқының зергерлік өнерінде өсімдік тектес өрнектерге көп көңіл бөлінді, геометриялық өрнектер сирек қолданылды. Зооморфтық өрнектер тірі жан иелерінің бейнесін салуға тыйым салатын ислам қағидаларына байланысты тіпті сирек пайдаланылды.

Қазанның ертеден келе жатқан зергерлік өнерінде шекіме (чеканка) – чуку техникасы кең тарады. Шекіме техникасын қолдана отырып, татар зергерлері, негізінен, әйел әшекейлерінің салпыншақтары, білезік, ілгектерді дайындады. Қазан хандығы кезеңіндегі жаға ілгектерінде қой басының бейнесі кездеседі. Бұл сарын Орталық Азия және Қазақстан зергерлерінің өнерінде кеңінен қолданылады.

Татар зергерлері оймыштау (гравировка) және құйма (литье) техникалық тәсілдерін де кеңінен қолданды. Құйма салпыншақтар, әртүрлі әшекейлер жасау үшін қолданылды. Сол кездегі рубль ақшалар қайта өңделіп, мойын, кеуде және басқа арналған татар әйелдерінің әшекейлерінің элементтерін құрады. Оймыштау техникасының сарыны ретінде ислам дәстүрімен келген «игілік тілеуші» жазулар жиі қолданылды. Оймыштау әдісі каралау әдісімен қатар жүрді.

Зергерлік бұйымдар дайындауда асыл тастарды, топаз, жасыл ақық, сары түсті асыл тас (сердолик), көгілдір ақық (бирюза), аметист, яшманы да қолданды. Олар әдетте бұйымның бетіне жапырақ түрінде қондырылды. Тастарды зергерлер орал кеншілерінен сатып алып отырды.

Ауылдық жерлердің зергерлері дәстүр бойынша жалға жұмыс істеді және өзінің шеберлігін балаларына немесе жақын туыстарына үйретіп отырды, кейде бірнеше оқушылар ұстады. Мұндай шеберлер тек тапсырыс алып отырды, бағасы күміс, ақша немесе бидай, малмен өлшенді.

Татарларда кең тараған кәсіптің түрі ағаш өңдеу. Татар ауылдарының барлығында дерлік үй, мешіт, қоғамдық және шаруашылық құрылыстарын салумен айналысатын ағаш ұстасы еді. Шеберліктері мен еңбексүйгіштіктерінің нәтижесінде олар көршілес халықтардың арасында да құрметке ие болды. Әсіресе жиһаз, үй және асүй заттарын жасау кең етек алды. Мәселен, Қазан татарлары, оның ішінде Мамадыш уезінің ауылдарында ортаазиялық киіз үйлерге арналған мыңға жуық ағаш есіктер жасалды. Сонымен қатар ағаштан ыдыс-аяқ, оның ішінде шелек, кеспек (кадка), күбі, шыны (кесе) жасау да жоғары орында болды.

Орта Волга бойы және Кама маңы ертеден ірі көлік орталығы болған. XVIII–XIX ғ. осыған орай, әсіресе Қазан губерниясында арба, шана және т.б. жегу әбзелдерін жасау ісі өркендеген болатын. Мұнда шеберлердің бір бөлігі қамыт, ер, шана табаны, доңғалақ тоғыны және т.б. жасаса, екінші бөлігі дөңгелек, ал үшінші бөлігі шана, арба, тарантасты құрастырып жасаумен айналысты.

Көптеген татарлар қабық және жөке жинап, оны өңдеумен айналысты, одан аяқ киім (чабата), себет, үй жиһаздары, тарантастың жоғары бөлігін тоқыды, арқан өрді.

Чабата деп аталатын аяқ киімнің түрін тоқу кең етек алды. Чабата деген сөз тері аяқ киім деген мағынаны білдіреді. Алайда, зерттеушілердің пікірінше, оның формасы мен дайындалу технологиясы мордва және чуваш халықтарынан алынған. Татар халқының аяқ киімінің бұл түрі әсемдігі жағынан орыс халқынікіне жетпесе де, өзінің ыңғайлылығымен және арзандығымен

орыс шаруалары және басқа да көршілес халықтар арасында үлкен сұранысқа ие болды.

Татар халқында кең таралған кәсіптің түрі **тері өңдеу** ісі болды. Себебі I Петрдің Қазанда тері өңдеу мануфактурасын ашуы кездейсоқтық емес еді.

Өңделген терінің көбі аяқ киім тігу үшін қолданылды. Ауыл қолөнершілері күнделікті киетін қарапайым аяқ киімдер: тері галош, туфли, етіктер жасады. Алайда татарлар жұмсақ, жұқа былғарыдан (юфть және сафьян) тігілген өрнекті аяқ киімдерімен әйгілі болды. Түрлі түсті былғары қиындылары жібек немесе металл тәріздес жіптермен өрнектеліп тігілді. Ашық түсті, әдемі оюлармен өрнектелген етіктер мен туфлилер тек татар қоғамының ауқатты топтары арасында жоғары сұранысқа ие болып қана қойған жоқ, сондай-ақ мұндай аяқ киімді орыстар да киді, олар Сібір, Орта Азия, Кавказ, тіпті Ресейден тыс жерлер Англия, Францияға да жеткізіліп тұрды.

Мәсі (ичик) өндіру ісі Қазанда және татар ауылдарында ерте кезден дамыды. 1988 ж. археологиялық қазба жұмысы кезінде Қазан кремлінен оюланған тері аяқ киімнің фрагменті табылған. Соған қарап зерттеушілер мәсі өндірісін Қазан хандығының тұсынан бастап пайда болуы мүмкін деп пайымдайды. Жалпы татар мәсілерінің жалғыз әшекейі – қонышындағы жалғыз немесе қызыл теріден жасалған қайырмасы бар, бір түсті қара мәсілер және «каюлы читек», яғни жоғары сапалы түрлі түсті теріден дайындалған, өсімдік оюлы фрагменттерімен өрнектелген әйелдің өрнекті мәсілері сияқты екі түрі болды. Егер аяқ киімнің бірінші түрінің ерекшелігі аз және түркі-моңғол халықтарының көбіне тән болса, ал оюлы аяқ киім сөзсіз татар аяқ киімінің ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан да қазақтардың арасында мәсінің (ичиг) оюланған түрінің таралуы татарлармен байланысты деуге болады. Қазақ мәсілерінің татардікінен айырмашылығы – қазақтар мәсіні маусымдарға байланысты етікке ұқсастырып тіге бастады. XIX ғ. аймақтан тыс жерлерде (Орта Азия, Қазақстан, Сібір) үлкен сұранысқа ие болған оюлы аяқ киімді сыртқа шығаратын татар кәсіпкерлері мен саудагерлеріне кәсіптің бұл түрі үлкен табыс әкелді. Татар халқының қолөнер кәсіптерінің ішінде **жүн өңдеу**, оның ішінде жүн сабау және киіз басу да жоғары деңгейде дамыды. Мұндай шеберлер барлық ауылдарда

болды. Киіз, киіз етік, пима, киіз қалпақ дайындауда татар шеберлері жоғары деңгейде болды. Мәселен, қызыл жіптерден өрнек салынған қара және ақ пималарды көршілес отырған барлық ұлттардың ауқатты адамдары киді.

Тағы да бір маңызды кәсіптің түрі *тоқымашылық* болды. Әсіресе ол Волга-Орал татарларының арасында кең тараған еді. Сібір татарларының тұрмысында тоқымашылық төмен деңгейде болды. Ал Астрахань татарлары қоршаған табиғи-географиялық ортаның жағдайына байланысты кәсіптің бұл түрімен мүлде шұғылданбады. XIX ғ. қолдан тоқылған маталардың орнына фабрикалық маталарды қолдану тек қалалар мен оған жақын орналасқан ауылдарда ғана тарай бастады. XX ғ. 20 ж. дейін қолдан тоқылған маталар татар ауылдарындағы киім тігудің негізгі қоры болды.

Тоқымашылық үшін басты материал өсімдік (зығыр, кендір), кейде мал өнімдері (жүн) болды. Ғасырлар бойы қордаланған халық тәжірибесі нәтижесінде талшықты өңдеудегі техникалық әдіс-тәсілдермен қоса әртүрлі еңбек құралдары мен саймандар дамып, жетілдірілді.

Зығыр мен конопляның сабақтарын ұсақтау үшін талқы деп аталатын әртүрлі формадағы құрал пайдаланылды. Көбінесе көлденең орналасқан тақтай талқылар қолданылды.

Талшықты жуып болғаннан кейін оны каккышта түтіп, тазалады, одан соң темір тістері бар таракпен тарады. Қой жүнін иірмес бұрын қоқыстан тазалап, жүн сабайтын құралмен сабады.

Зығырдан жіптерді тартып шығару үшін қаба және шығыр деп аталатын ұршық түрлері қолданылды. Ұршықтағы дайын жіпті киләп ағашқа орап алды. Дайын болған жіптерден току станогында мата тоқып шығарды.

Осындай жолдармен дайындалған маталар сапасы жағынан ғана емес, сонымен қатар дайындау техникасы, өрнегі және қолданысына да байланысты алуан түрлі болды. XIX ғ. ортасына дейін киім тігуде, негізінен, үйде тоқылған кенеп пен мауыты болды. Зығырдан тоқылған ақ кенеп мата киім тігуде кеңінен қолданылды. Одан ерлер мен әйелдердің көйлектерін, шалбарларын тікті.

Ақ кенеп матамен қатар, боялған маталар да кеңінен қолданылды. Әсіресе кенепті көк, кейде қызыл түстерге бояйтын. Көк

түс және оның басқа да түрлері татарлардың барлық топтарында кездесті. Бұндай маталардан ерлер мен әйелдер көйлектері – буяу күлмәк тігілді. Көк түсті дөрөкі кенеп матадан ерлердің сыртқы шалбарлары тігілді. Қызыл түске боялған маталар әйел көйлектерін тігуге арналды.

XIX–XX ғ. басында түрлі түсті жолақты кенеп маталар (алача) киім тігу және күнделікті тұрмыстағы заттарды дайындауға қолданылды. Мұндай маталардағы жолақтар түсі адамның жынысы мен жасына байланысты болды. Ерлер киімі үшін ұсақ жолақты маталар қолданылды, ал әйелдердің көйлегіне ірі өрнекті, жалпақ қызыл жолақ сары, көк жіңішке жолақтармен үйлесім тапқан маталар қолданылды.

XIX–XX ғ. басы татар тоқымашылығы кестелеп өрнектелген сипат алды. Өрнектер ұсақ және үлкен болып келді, сондай-ақ түстер алуан түрлі, қызыл, көк, жасыл, сары болды.

Үй маталары төсек жабдықтарына, орамал, дастархан, шымылдық тігу үшін де қолданылды. Күнделікті тұрмыстағы тоқылған заттардың ішінде дастархан тоқуға ерекше көңіл бөлінді. Күнделікті қолданылатын дастарханды клетка немесе жолақты етіп тоқыды. Оларда өрнектер аз қолданылды.

Татар халқының тұрмысында ерекше орын алатын тағы да тоқыма бұйымның бірі – чаршау деп аталатын шымылдықтар болды. Олар тұрғын үйдің ішін ас үй және қонақ бөлмеге бөліп қою үшін пайдаланылды. Бұндай шымылдықтар үшін ұсақ шұбарлы маталарды қолдану кең тарады.

Татар әйелдері *кесте тоқу* өнерімен де шұғылданды. Сонымен бірге Орынбор губерниясының оңтүстік уездерінде ешкі түбітінен бұйымдар, әсіресе атақты түбіт шәлілерді тоқу кең етек алды. XIX ғ. ортасында өткен Бүкіләлемдік көрмеде бұл бұйымдардың медаль алуы оның сапасының өте жоғары болғандығын көрсетеді.

Қазан татарларының қолөнерінің ішінде *«алтынмен» тігу өнері* – әйел және еркек бас киімдері, аяқ киімдерді жібек, алтын және күміс жіптермен, сондай-ақ моншақ, меруерт, шынымен зерлеп, оқалап кестелеу ерекше болды. Бұндай бас киімдер, әсіресе Орта Азияда үлкен сұранысқа ие болды. Мұндай бас киімдерді

Қазақстан Республикасының Орталық музейі қорлары мен экспозициясынан да кездестіруге болады. Мәселен, ҚР MOM-дағы қазақ этнографиясына байланысты экспозицияда ерекше орын алатын тақия Орал татарларының бас киіміне өте ұқсас. Сондай-ақ әртүрлі зерттеушілердің пікірлері бойынша, Қазақстанның солтүстік шығыс және шығысында төбесі қиылған конус тәрізді, дөңгелек және жайпақ болып келетін *каляпуш* деп аталатын татар бас киімін еске түсіретін тақиялар жиі кездесетін. Тақияның бұл түрлері татарлардан алынған немесе соған ұқсастырылып тігілген. Алайда тек формасы ғана алынып қойған жоқ, бұған қоса әсемделу техникасы да өте ұқсас. Кейбір зерттеушілер ертедегі Қазан татарларының оюында қыпшақ тілдес топқа жататын халықтардың оюымен байланысты көрсететін элементтерді табуға болатынын айтады.

Қазіргі кезеңдегі татар халқының отбасылық мәдениетіне келетін болсақ, қазіргі татар отбасында аға буын өкілдері тек татар тілінде сөйлейді, жастар үлкендерге қарағанда ана тілінде аз сөйлейді. Татарлардың жыл сайынғы сабантой мерекесі – кең ауқымда атап өтілетін мейрам. Қазақстанның барлық аймақтарындағы татар ұлттық-мәдени орталықтарының барлығы одан тыс қалмайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Татар халқының ұлттық киім түрлерін жіктеңіз.
2. Татар халқының зергерлік бұйымдарына тоқталыңыз.
3. Татар халқының сәндік-қолданбалы өнеріндегі «алтынмен» оқалап, зерлеп тігудің орны.
4. Татарлардың негізгі кәсіп түрлері қандай болды?
5. Татар халқында мәсі (ичик) өндіру ісінің деңгейі қандай болды?

2.7. Башқұрттар

Башқұрттар – Башқортостан Республикасының байырғы халқы, түркі тілдес халықтардың бірі. Ресейдің Челябині, Қорған, Орынбор, Пермь, Свердлов, Саратов облыстарында, шағын тобы Қазақстан мен Орта Азияда да тұрады. Әлемде бұл халықтың жалпы саны 2 млн адам шамасында. Ресей республикасында

башқұрт халқы саны жағынан орыстар, татарлар және украиндардан кейінгі үшінші орында.

Башқұрттар түркі тілінің қыпшақ бұтағына жататын башқұрт тілінде сөйлейді. Орыс және татар тілдерін де қолданады. Жазуы кириллицаға негізделген. Ұстанатын діні – ислам.

2002 жылғы санақ бойынша, башқұрттардың саны 1 673 389 (Ресейде), Башқұртстан Республикасында 1221030 адам.

Башқұрттар этногенезінің қалыптасуына VII–X ғ. әр алуан түркі тайпалары (үсерген, байлар, сұраш, маңғауыр, жағалбайлы, тама, бешуыл, кедей, табын, мың, керей, қаңлы, арғын, байұлы, т.б.) ұйытқы болды. XI–XIII ғ. қазіргі башқұрт жерін мекендеген бесене, Еділ бұлғары мен мадияр тайпаларына қыпшақтардың әсері күшейіп, көне башқұрт этносының қыпшақтану бағытында дамуы арта түсті. Бату шапқыншылығы, башқұрт жеріне Қыпшақ даласынан халықтың көптеп қоныс аударуы башқұрттардың қыпшақтану процесін одан әрі жеделдетті. Қазақ халқының этногенезінде шешуші орын алатын түркі тайпаларының басым көпшілігі башқұрт халқының құрамында да кездеседі. Қыпшақ дәуірі башқұрт халқының қалыптасуының (XV–XVI ғ.) басты кезеңі болып табылады. XVI ғ. орта кезінен Башқұрттар Ресей империясының отарына айналды. Башқұрттар әскери қызметке, алтын кен орындарына жұмысқа тартылды.

Башқұрт сөзінің этнониміне байланысты тұрақты бір пікір жоқ. Башқұрт тарихшыларының пікірінше, башқұрт сөзінде «баш» – «басшы, негізгі» және «корт» – «тайпа, одақ» деген мағынаны білдіреді деп жазып кеткен. Ал XVIII ғасырдағы В.Н. Татищева, П.И. Рычкова, И.Г. Георгидің зерттеулерінде, бұл сөз «басты қасқыр» деген мағынаны білдіреді деген. Антрополог және этнолог Р.М. Юсуповтың пікірінше, «басты қасқыр» деп аталуы түріктермен жақын болуына байланысты деп айтады. Ал одан ерте заманда иран жазуларында «бачагург» деп кездеседі, бұнда «бача» – ұрпақ, бала, ал, «гург» – қасқыр. Р.М. Юсупов башқұрт сөзінің этимологиясын осыдан басқа иран тіліндегі «бачагурд» сөзімен байланыстырады. Оның аудармасы «ұрпақ, батырлардың ұрпақтары» дегенді білдіреді. Иран тілінде «бача» – ұрпақ болса, «гурд» – батыр деген мағынаны білдіреді.

Ғұндардың ұрпақтары болып тараған бачагурд атты тайпадан осы башқұрттар тарады деген пікірге тоқталады (бачагурд – бачгурд – бачгорд – башкорд – башқұрт).

1847 жылы тарихшы-өлкетанушы В.С. Юматов «башқұрт сөзі «ара аулаушы, аралардың басшысы» деген мағынаны білдіреді», – деп жазады. Ал Ресей тарихшысы және этнографы А.Е. Алекторовтың ойынша, башқұрт сөзі ол «бөлек бір халық» деген мағынаны білдіреді деп айтады.

Түрік этнонимдерін зерттеуші Н.А. Баскаковтың ойынша, башқұрт сөзі бадж «бажа» және огур «угорлардың бажасы» деген екі сөзден тұрады. Ғалым-этнограф Н.В. Бикбулатовтың зерттеуі бойынша, башқұрт этнонимі ең алғаш рет Гардизи (XI в.) еңбегінде кездеседі деп айтылады. Онда башқұрттар хазарилер мен кимақтардың ортасында Яик өзенінің аңғарында мекен еткен деп жазылады.

Ал филолог және тарихшы С.Я. Лурье: «башқұрттар б.э.д. Геродоттың «Тарих» атты еңбегінде аргипей атымен белгілі болған халық», – деп айтады. Ол еңбекте Геродот: «аргипейлер тау етектерінде мекен еткен, олар ерекше тілде сөйлеп, скифтерге жақын киінген және де ағаштың тамырларымен қоректенген. Олардың тамақ ретінде пайдаланған ағашы – понтик, ағаштың тамырының ішінде сүйектер болған. Піскен тамырды матаға салып суын сығып алатын, одан шыққан қара түсті сусынды «асхи» деп атаған. Сусынға сүт қосып ішетін болған» деп жазып кетеді.

Шығыстанушы Заки Валидиннің ойынша, бұдан басқа башқұрттар б.э. II ғасырында жазылған Птолемейдің Клавдия еңбегінде скифтер деген атаумен кездеседі дейді.

Түрік халықтарының тарихын зерттеуші М.И. Артамонов башқұрттар жайлы VII ғ. жататын «Армянская география» атты еңбекте кездеседі деп айтады. Бұдан басқа башқұрттар жайлы араб жазушыларының еңбектерінен де кездестіруге болады (Саллам ат-Тарджуман (IX ғ.), Ибн Фадлан (X ғ.), Әл-Масуди (X ғ.), Әл-Балхи (X ғ.), ал-Андалузи (XII ғ.), Идриси (XII ғ.), Ибн-Саид (XIII ғ.), Якут Әл-Хамауи (XIII ғ.), Казвини (XIII ғ.), Димашки (XIV ғ.), Әбулфред (XIV ғ.). 903 жылғы

жазылған Ибн Рустің еңбегінде «башқұрттар еркін халық болған, олар Волга мен Кама ортасын мекендеген халықтар деп жазылған.

922 жылы Ибн Фадлан башқұрттардың арасында болып, жинаған мәліметтерін қағаз бетіне түсірген. Оның жазбаларында башқұрттар мал шаруашылығымен айналысқан деп айтылады. Олардың қыс, жаз, жаңбыр, жел, ағаштар, адамдар, жылқы, су, түн, күн, өлім, жер мен аспан құдайы сияқты он екі құдайы болған деп жазады. Соның ішінде аспан ең басты құдай, ол барлық башқұрттарды бір аспан астына жинап, мемлекет құрды деп сенген. Ибн-Фадланның айтуынша, башқұрттарда тотемизммен қатар шаманизм де болған. Осы кезде ислам діні тарай бастады.

Кәсіптері. Ортағасырлық географ Шариф Идрисидің 1162 жылғы жазуы бойынша, башқұрттар Кама мен Орал аралығын мекендеген, олар аңшылықпен, оның ішінде, түлкі және бабыр аулаумен, сонымен қатар, ара өсірумен де айналысқан, қымбат бағалы тастарды да өңдей білген.

Ертеде башқұрттар, негізінен, көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданып, аң ауласа, XVII–XIX ғ. егіншілікпен айналысып, отырықшылыққа көшті. Тілі мен мәдениеті, қоршаған ортасы татарларға жақын болғанымен, ұлттық тұрмыс-тіршілігі мен дәстүрінде қазақ халқына ұқсастық басым. Мысалы, қайыстан, теріден жасалған бұйымдары, ер-тұрман, үй жиһазы, ыдыс-аяқ, киіз басу, кілем мен алаша тоқу кәсібі қазақ қолөнеріне өте ұқсас болып келеді.

Баспанасы. Көшпелі башқұрттардың негізгі баспанасы киіз үй еді. Отырықшылыққа көшу кезінде олардың тұрғын үйлерінде біраз өзгерістер болды. Башқұрт тайпаларының тұрғын үйлерінің құрылысы табиғат жағдайларына да байланысты болды, яғни баспаналар таулы немесе жазық облыстарда, далалы немесе орманды аймақтарда тұрғызылды. Құрылыс материалы ретінде бөрене, жөке ағашы, ағаш қабықтары, көң-тезек, саз балшық қолданылды. Қамыс пен шыбық талдардан өріп шатыр мен қабырғалар, саз балшық пен сабаннан саман тас тұрғызылды. Башқұрттардың бөренелі үйлері әртүрлі өлшем мен жоспарда жасалды. Үй иесінің жағдайына байланысты башқұрттардың үйлері 2 терезелі шағын немесе 6-8 терезелі үлкен үйлер болды. Кедей отбасыларының үйлерінің терезелері балық

терісімен, майланған қағазбен, ал ауқатты үйлердің терезелері әйнекпен терезеленді. Терезенің маңдайшалары әртүрлі ою-өрнектермен безендірілді. Әсіресе екі түрлі ромб және шеңбер тәріздес өрнек басым болды (көтеріліп келе жатқан күнді бейнелейтін символ ретінде). Башқұрт ауылдарында бөренелі үйлермен қатар «ситэн ой» деп аталатын ағаш дуалдары бар үйлер де кеңінен таралды. Саман тастан соғылған үйлер қазіргі Башқұртстанның оңтүстік аудандарында кездеседі. Саман тастың басты құрамын жылқы көңі (кейде сабан) мен саз балшық құрайды. Далалық аймақтардан сабан табу қиынға соғатындықтан, оны шаруашылық қажеттіліктерге жұмсаудан гөрі, малға азық ретінде көбірек пайдаланды.

Қорған облысының башқұрттары саз балшықтардан салынған үйлер тұрғызды. Құрылыс кезінде саз балшық құймаларын құятын ағаш формалар пайдаланылды. Саз балшық кепкеннен кейін форманы алып тастайтын болған. Және керекті биіктікке жеткенше осылай жалғастырыла береді. Үйдің бұрыштары бағаналармен бекітілді. Башқұрттардың ең кедейлері шымнан үйшік тұрғызды. Құрылыс техникасы саман үйлермен ұқсас болғанымен, кірпіштердің орнына жердің беткі қабаттарын пайдаланды. Барлық түрдегі үйдерде ортақ бір қағида – үйлерді екі бөлікке (ер және әйел деп) бөлу міндетті болды. Бұл жоспарлы қағида исламдық нормалармен байланысты жасалды. Арабтардың да дәстүрлі үйлері алдыңғы, артқы, ерлер және әйелдер бөлмелері мен қонақ күтуге арналған бөліктерден тұрды. Сондай-ақ түріктерде де сол (ерлер бөлмесі) және оң (әйелдер бөлмесі) қанат деп бөлінді. Бірақ моңғол халықтары ешқашан мұсылман болмағанымен, олардың да тұрғын үйлері түркі халықтарындағыдай бөліктерге бөлінді.

Тағамы. Ұлттық тағамдары да қазақ халқының ұлттық тағамдарына ұқсайды, оның ішінде айран, құрт, ірімшік, қаймақ, қымыз және т.б. тағам түрлерінің жасалу технологиясы мен аталуы да өте ұқсас. Сондай-ақ бишбармақ, құлдама, салма, чурпаря аталатын тағам түрлері де бар. Далалы жерлерде кірпіштен, орманды-далалы аймақтарда ағаштан қима үйлер салады. Көптеген зерттеушілер мен саяхатшылардың айтуы бойынша, башқұрттарда негізінде ет және сүт өнімдері қосылған тағамдар ерекше орын алады. Сүттен сүзбе (эремсек), ірімшік (корот), май, қаймақ, шығжырған май (нары май),

құрғақ қоңыр сүзбе (эжегэй), ақ май, шие қосылған сары май (сейә май), қатық (катык) және т.б. тағамдарды әзірлеген. Еттен бесбармақ (қойдың жас етінен), куллама (жылқы мен сиыр етінен), һурпа, һалма пісірген. Сақтауға арналған етті – қазы (казы), қақталған ет (кагит), кепкен ет (кипкәп ит) деген атаулармен атайды. Башқұрттар – ежелден мал шаруашылығымен айналысатын халық ретінде танымал. Бірақ ерте заманнан бастап башқұрт халқына тары, бидай, арпа сияқты дәнді дақылдары мәлім болған. Тары, ұнтақталған бидайдан Қарға ботқасы (Карға бутқаһы) деген мерекесінде салттық тағам дайындаған, ал үйлену тойларында бидай ұнынан чак-чак қуырған. Халық жырлары, ертегі мен аңыздарда курмас – қуырылған бидай, тәтті тағамы туралы жиі айтылады. Бидай ұнынан иленген желпекті күлде пісіру ежелден келе жатқан әдіс деп саналады. Бұл тәсілмен алғашқы қауым адамдары пайдаланған. Көптеген түркі халықтарына белгілі көне тағамдарының бірі – талқан, оны қуырылып, ұнтақталған бидайды сары майға араластырып әзірлеген.

Киімі. Башқұрт халқының ұлттық киімі – әр алуан және бай. Ер адамның негізгі киімі – қайырма жағалы ұзын кең пішілген жейде, оның сыртынан тар жеңді көйлек пен балағы кең, қалың матадан тігілген шалбар киген. Мерекелік жейде мен белдіктер әртүрлі өрнектермен кестеленген. Көшеге шыққанда қоңыр матадан тігілген шапан киетін. Салтанатты немесе ресми жағдайда жібек пен барқыт шапандарды, бешметтерді киген. Қысқы сырт киім ретінде қой терісінен жасалған ұзын және қысқа тондар, шұға шапантар мен чекмендер қызмет етті. Ерлердің дәстүрлі бас киімі қойдың және аң терілерінен, киіз бен сатып алынған маталардан тігілген. Кәмшат, бұлғын, құндыз және түлкінің терілерімен қапталған бөріктер өте бағалы болды. Пима мен ұзын шұға қонышты жұмсақ былғары етіктерді киетін.

Башқұрт әйелдерінің киімдері сәнді, әртүрлі болды. Әйелдер кюлдәк аталатын ұзын, кең етекте қынама көйлек, зерлі қамзол, әсем тақия кесе, ерлер кең балақты шалбар, бағалы аң терісінен тігілген дөңгелек бөрік, тымақты киді.

Сонымен қатар әйелдер ішкі жейде мен кең шароварлар киетін. Тұрмыстағы әйелдер жейдесінің ішінен кеуде тартқыш байлаған. Жейденің сыртынан жеңсіз киім мен шапан киген, оларды зер, қаптырма және тиындармен айналдыра тіккен. Ес-

кі еляндар мен чекмендер түрлі түсті өрнектермен, шұға, зер, маржан тас, сердолик, тиын және асыл тастармен безендірілген.

Адамның бас киімі – оның жасын, отбасылық, мүлікті-әлеуметтік жағдайын көрсеткен. Әйелдердің, әсіресе мерекелік бас киімдері жарқын, сәнді, маржан тасты, тиын және күміс қаптырмалармен әшекейленген. Жас қалындықтар ұзын кездемелі орамалды (кушьяулық) кестелеп, ал иек деп аталатын тоқымалы бауды тиын мен інжу тастармен безендіріп таққан. Әсіресе солтүстік аудандарда мұсылманша байланған орамалмен қатар кішкентай бөріктер киген.

Дәстүрлі ер адамдардың бас киімдері жүннен және фабрикалық маталардан тігілетін болған. Ал күнделікті үй шаруашылығына ер адамдар басына тақия киді (тубэтэй). Олар жасыл, қызыл және көк түсті болды. Кей жағдайларда тебетейлерді ұсақ моншақтармен әшекейлейтін де болған.

Әйелдер аяқтарына ұзын қонышты етіктер, жұмсақ былғары туфлилер, шабата деп аталатын аяқ киімдерді киді.

Зергерлік бұйымдары да сан алуан болып келеді. Әсіресе жүзіктер, сырғалар, білезіктер мен көркем алқалар көптеп қолданылды. Оларды құю, соғу, өрнек салу, оймалау, жапсырма, нәзік зерлеу және металға сердолик пен жасыл тас ендіру сияқты әдістер арқылы жасаған.

Бақылау сұрақтары:

1. Башқұрт және татар халқының мәдениеттеріндегі ұқсастықтарға талдау жасаңыз.
2. Башқұрттардың ұлттық тағамының түрлері қандай?
3. Башқұрт халқының ұлттық киіміне тоқталыңыз.
4. Башқұрттардың негізгі айналысатын кәсіптерінің түрлері қандай?
5. Башқұрттардың зергерлік бұйым түрлері қандай?

2.8. Ноғайлар

Баспанасы. Ноғайлардың тұрмыс деңгейін тұрғын үйлерінен байқауға болады. Баспаналары екі түрге бөлінді: киіз үй (термэ) және отау немесе үй.

Киіз үй халықтың көшпелі тұрмыс тіршілігіне ыңғайландырылып жасалды. Киізді үйдің *термэ* деген түрі жиналмалы, ал *отау* бөлшектенбейтін тұтас болды. Термэ кереге, киіз, ағаш тақтайлар мен бау сияқты бөліктерден тұрды. Жалпы киіз үйді әйелдер құрды. Ауқатты ноғайлар киіз үйдің сыртын бірнеше қабат қылып ақ киізбен, ал кедейлер сұр киізбен жапты. Олар киіз үйдің ішкі жағын тоқылған қамыспен (*шипта*), ал байлар кілеммен қаптады.

Еденге киіз немесе кілем төселді. Киіз үйдің қақ ортасында тамақ дайындау және жылыту үшін үш аяқты ошақ (*тандыр*) орналасты. Оның жоғары жағында түтін шығатын саңылау болды.

Ноғайлардың көшпелі тұрғын үйінің екінші түрі киіз үй *отау* болды. Отау төменгі және ортаңғы шеңберден (*эрге*), жоғарғы шеңбер *ешгаракрь*, жоғарғысы мен ортаңғы шеңбердің арасында кіші шеңбер *шикталдан* тұрды. Шыбықтарды бойлай ашамай, табалдырық пен маңдайша босаға, сырылған түндік (*тунунукъ*) бекітілетін сырық *крок* болады. Есіктеріне перде ілінеді.

XIX ғ. 2-жартысында мұндай *отаулар* тек жаңа үйленген жас отбасылар үшін қойылды. Отау арнайы киізбен безендірілді және *тэрменің* жанына қойылды.

Киіз үйлер қатар-қатар орналасты. Әр қатарда бір үлкен отбасы орналасты. Осылайша туыстардан құралған қоныстардан кішігірім кварталдар құрылды. Оның ортасында кварталдың басшысы, туыстардың ішіндегі үлкенінің киіз үйі тұрды.

Киіз үйдің ішіндегі орындар жыныс пен жасқа байланысты бөлінді. Үйдің ішінің солтүстік бөлігіндегі қадірлі орында үй иесі отырды. Бұл туралы XIII ғ. Г.Д. Рубрук те жазып қалдырған. Ол: «үйдің солтүстік бөлігі үйдің иесінікі болса, ал әйелдердікі шығыс, ер адамдардікі батыс бөлігі болды. Ер адамдар үйге кірген кезде ешқашан қорамсағын әйелдер жағына ілмейтін болған».

Үй иесінің қадірлі орны төр деп аталады. Бұл жерге үй иесі болмаған жағдайда да ешкімнің отыруға қақысы болмады. Оң жаққа жасы үлкен қонақтар, одан кейін ер адамдар отырды. «Егер қонақтардың арасында үй иесінен жасы үлкен ақсақал болса, онда ол төрге жайғасуға құқылы болды». Сол жағында үй иесінің

әйелі, есікке жақын жерде келін отырды. Ал әйелдер мен келіндер арасында үй иесінің қыздары отыратын болған. Егер ерлер мен әйелдер бөлек тамақтанатын болса, бірінші ер адамдар, кейін әйелдер мен қыздар, соңғы кезекте келіндер ас ішетін болған.

Киіз үйдің ішкі жабдықтары туралы толықтай Е. Ананьев сипаттайды: «Киіз үйге кірген сәттен бастап, сол жағынан айнаны (бияла), әртүрлі көйлек толтырылған сөмкені (ярган-торба) байқауға болады, оң жағында кереует (орындық) орналасқан. Кереуетте тыспен қапталған (ястық тыс) бірнеше жастық (ястық), төсеніш (миндир), көрпе (юркан) жиналды. Кереуеттің жанындағы сөреле (ундрук) шыны аяқтар (аяк), қасық (кашық) ожау (чумык), елеуіш (ситлык) тұрды. Кереуеттің жанында ылғи да сандық орналасты. Әр отбасы өздерінше киіз үйді безендіріп жинауға тырысты. Ағаш бұйымдар оюмен, киіздер өрнекпен әшекейленді.

Әсіресе осылай жас жұбайлардың отауы ерекше безендірілді. Жас отаудың жиһаздары мен интерьерлік бұйымдарын жас келін өз қолымен дайындады. Жас жұбайлар отауының басқалардан айырып тұратын белгісі киізден жасалған ту болды.

Ноғайлардың киіз үйі «тәрме» мен отаулары Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарына дейін далалық аудандарында сақталды.

Отырықшылыққа көшу тұрақты баспаналардың салынуына алып келді. Тұрақты баспаналар ас бөлмеден (аяткүй), жатын бөлмеден (ичюй) тұрды. Сондай-ақ үй көп бөлмелі етіліп салынды. Балалары үйленген сайын үйге жаңадан бөлмелер қосылып отырды. «Үй құрылысының негізгі материалы саздан жасалған кірпіштер болды. Есігі және терезелері оң жақтан жасалды. Құрылыс салынып жатқанда көршілері мен туыстары көмек көрсететін болды. Ағаштан терезелер, терезе жақтаулары мен есіктер жасалды. Негізінен, үйлер бір кіреберіс есігі бар 2 бөлмелі болды. Жалпы үйді тезекпен жылытты. Үйді жарықтандыру үшін пештің жанында тұратын майлы шырағдан пайдаланылды. «XIX ғ. аяғында керосин шамдар (майшырақ) қолданылды. Аулада қой (кьотан), мүйізді мал (аран) сауатын орын болды. Дәстүр бойынша аулада нан пісіретін пеш тұрды.

Киімі. Ұлттық киім – ноғай халқының бай тарихи және этно-мәдени мұрасының белгісі іспеттес. Ол өзінің қайталанбас, әдемілігімен ерекшеленіп, ноғай халқының көшпелі салтын, өзге халықтармен мәдени байланысын, географиялық орналасуын, тарихи дамуынан хабар береді. Ноғайлықтардың ұлттық костюмдерінде, негізінен, ерте көшпелілердің киім элементтері көрініс табады. Негізгі көп белгілері сақ, сармат, ғұн, қыпшақ кезеңдерімен сабақтасып келеді. Ноғайлардың ою өнері сақ, сармат, ғұн, алтынордалық кезеңнің қорғандарынан табылған бұйымдармен өте ұқсас.

Уақытының көп бөлігін ат үстінде өткізетін халықтардың киімі де көшпелі өмірдің ерекшеліктерін көрсетеді. Етіктері ұзын қонышты, шалбарлары кең пішімді, атқа мінуге ыңғайлы, бас киімдердің жаздық және қыстық климатқа арналған түрлері болды.

Сондай-ақ ноғайлықтардың ұлттық киімдеріне тұлып, каптал, баслық, шаровар жатты. Ерлердің киімі туника типтес үлгідегі көйлектерден, кең балақты шалбарлардан, жеңсіз көйлек пен күртешелерден, кафтаннан, бешпет, бөрік, теріден жасалған аяқ киім, киізден жасалған бас киімнен тұрды. Қыста қасқыр не қой, түлкі, тиін терісінен жасалған тондар киді. Ерлер киімін, сондай-ақ жебе, садақ, балта, найза, сауыт, қанжар, ал XVII ғ-дың ортасынан бастап отты қарулар – әртүрлі пистолеттер толықтырып тұрды.

Әйелдер киімі ерлер киімінің пішіміне ұқсас болды, яғни көйлек, көйлектің әртүрлі үлгілері, тондар, ішіктер, аң терісінен немесе матадан жасалған бас киімдер, орамал, жүннен тоқылған аяқ киімдер, әртүрлі әшекей бұйымдардан тұрды.

Тағамы. Ноғай халқының ұлттық тағамдары, негізінен, сүт, ет және аз мөлшерде өсімдік өнімдерінен тұрды.

Олардың сүйікті астарының бірі суда немесе сүтте қайнатылған тарыдан жасалған *соьк* деп аталатын тағам болды. Қуырылған тарыны түйіп, талқан жасайды, оны сүтпен араластырып жеді. Түйілген бидай мен жүгеріден *уьйре* деп аталатын көже даярлайтын. Жүгері ұнынан, қуырылған тарыдан *баста*, *мамырса*, *гуьй баста* деп аталатын ботқалар даярлаған.

Ноғай халқының тамақтану жүйесінде сан алуан сорпалар (сорта) ерекше орын алады. Мәселен, күріштен (буруж), кеспеден жасалған (лакса сорпа) және т.б. сорпалар көптеп пісірілді.

Ұннан унаш (умаш, увмаш), сорпа даярлады. Жүгері немесе басқа да ұннан кудыр сорпасын даярлады. Кедей отбасыларда еленген ұннан сұйық быламық жасап ішті, оған айран қосатын.

Ноғайлардың сүйікті асы хинкал болды. Ол – қамырдың ішіне ет салынып, суда немесе сорпада пісірілетін тағам. Жүгері ұнынан ноғайлар көбінесе үзбе қамыр түріндегі *атык алма* деп аталатын хинкал түрін пісірді. Сондай-ақ тұшпара да кең тарады. Ноғайларға бұндай тағам түрлері Орталық Азиядан келген болса керек.

Ноғай асханасына құмық асханасының әсерін көруге болады. Ашытылмаған қамырдан *оьтпек нан*, *кысыр оьтпек* деген нан түрлері пісірілді. Жүгері ұнынан *мишари* деп аталатын нан пісірілді.

Қамырдан жасалған тағамдардың ішінде кең таралған түрі – ол майға қуырылған түрлері. Бұндай тағамдарға мал шаруашылығы мәдениетінің әсерін көруге болады. Себебі көшіп-қонып жүрген уақытта майға қуырылған қамырды ұзақ уақыт сақтауға болатын. Салтанатты шаралар уақытында бауырсақ пісірді.

Зерттеушілер ноғай халқының бес түрлі сусындары бар екендігін айтады: *боьртенке*, *шама шай*, *зынкыйтна шай*, *кара шай*, *йолга барсын шай*. Ең жақсысы боьртенке шай, ол «кірпіш» шайдан шығарылып, оған май қосып ішті. Ноғайлардың барлығы қалмак шай деп аталатын шәй түрін ішті, оған кілегей, май тұз және бұрыш қосылды. Жылқы сүтінен қымыз әзірледі.

Ноғайлардың тойларында жастар мен олардың туыстарына шербет деп аталатын сусын берілді, ол қайнатылған суық суға бал қосылған сусын түрі. Айран да халық арасында кең тарады.

Сүттен жасалған тағам түрлері (май, әртүрлі ірімшіктер, қаймақ, айран, уыз) ноғайлардың тағамдануында ерекше орын алды.

Ет тағамдары сүттен жасалған тағамдардан кейін екінші орында болды. Ең көп қолданылған сиыр және қой еті болды. Әсіресе қой еті үлкен сұранысқа ие болды. Сонымен қатар үй құстары мен жабайы құстар, киіктің еті де тамаққа қолданылды. Киіктің еті тек балғын күйінде ғана емес, кептірілген күйінде де тамаққа пайдаланылды, оны кептирген эт деп атады.

Ноғайлардың тағамдану жүйесінде ерекше орынды жылқы еті алды. Әсіресе құлынның еті құнды болып есептеліп, оны суық тиген кезде, майын (кьом-газы) асқазан ауруларына қолданды.

Түйе еті тек ерекше жағдайларда қолданылды. Себебі түйе ноғайлардың шаруашылығында маңызды орын алған еді. Сонымен қатар аңшылықпен де айналысты.

Еттен жасалған тағамдар сан алуандығымен ерекшеленді. Оған қой етінен пісірілетін кувурма, кувурмаш (караногайцы), кувурдак жатқызуға болады.

Малдың ішегіне ет толытырып, толтырма деген тағам түрін жасады, оны түтінге салып кептірді. Жылқы етінен қазы дайындады.

Ноғай халқының асханасында сүрленген ет көп қолданылды, оны күзде немесе қыстың басында даярлайтын.

Зергерлік өнері. Ноғай әйелдерінің негізгі сүйікті зергерлік бұйымдары металл бұйымдар, маржан, түрлі түсті шыны, ақық және т.б. сан алуан моншақтар болды. Бұл бұйымдар отбасылық құндылық ретінде мұқият сақталып, шешесінен қызына ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды.

Ноғайлардың күміс бұйымдарға деген қызығушылығы туралы көптеген зерттеушілер жазып кеткен.

Кедейлер жез, күміс жалатылған мыс және т.б. арзан металл заттарды қолданды.

Алтыннан жасалған бұйымдар сирек кездесті, тіпті ауқаттылардың өзі алтынды сирек қолданды. Қымбат және жартылай қымбат тастардан ақық пен перуза кең тарады. Ойыстырылған (инкрустация) бұйымдардың ішінде ақықпен қатар түрлі түсті шыны қатар қолданылды.

Аталған зергерлік бұйымдар өзінің қолданылуы және формасы жағынан да әртүрлі болды. Оларды жергілікті ноғай шеберлері жасап отырды. Кейде ноғай көшпелі ауылдарында дағыстандық және черкестік зергерлер дәстүрлі ноғай зергерлік өнерінің үлгілері бойынша, ноғай әйелдерінің тапсырысы бойынша жұмыс істеді.

Зергерлік бұйым ретінде ноғай әйелдері теңге, шыны моншақтар, маржан, ақық, кей кезде ноғай даласынан тыс жерлерде жасалған дайын бұйымдарды пайдаланды.

Бұл зергерлік бұйымдарды тағылуы бойынша мынандай топтарға бөлуге болады: бас, мойын, кеуде, бел және қолға тағатын зергерлік бұйымдар.

Зергерлік бұйымдар күнделікті және мерекелік күндерде тағылатын болып екіге бөлінді.

Басқа тағатан зергерлік бұйымдарға әртүрлі көлемдегі теңгелер, моншақтар, ақық т.б. жатты. Теңгелермен ноғай әйелдері қалыңдық бас киімінің маңдайын, кейде балалардың жаулықтарын безендірді. Теңгелер, шынжыр тәрізді ілгіштермен шеберлер қыздардың тақияларын, әсіресе маңдайын, төменгі етегін әсемдеді.

Жіпке тізілген маржан, ұсақ моншақ, шыныдан жасалған ұзын ілгіштерді бас киімге арнап сиялауш дайындады. Екі жақтан салбырап, ол әйелдің құлағы мен бетін жауып, кеудеге түсіп тұрды.

Құлаққа тағатын зергерлік бұйымдардың ішінде сырғаны барлық жастағы әйелдер тақты. Сонымен қатар мұрынға тағатын тоға деп аталатын сырғалар да болды. Қыз бала 6-7 жасқа келгенде олардың құлағы мен мұрынын сырға тағу үшін тесті. Сырғаны қыздар бала кезден тақса, тоғаны қалыңдық жасына келгенде (12-13 жас) тақты.

Тұрмыстағы әйелдердің сырғалары ірі, жас қыздардікі кішірек болды. Сырғалар формасына қарай әртүрлі. Сырғаның бір түрі сақина тәрізді дөңгелек, оның төменгі жағына кішкене шар тәрізді салпыншақтар тағылды. Екінші түрі дағыстандық сырғаларға өте ұқсас. Оның негізінің диаметрі 4-5 см, оның төменгі, ішкі жағына көбінесе құс түріндегі құйылған бейне жапсырылды. Сыртқы жағынан кішкене сақиналар жапсырылып, оған салпыншақтар ілінді.

Мойынға арналған зергерлік бұйымдардың ішінде ноғай әйелдері маржан, ақық, күміс, шыны моншақтар, сондай-ақ теңгелер мен тиындардан жасалған бұйымдарды қолданды.

Кеудеге тағылатын бұйымдардың ішінде күміс, қалайы немесе жезден жасалған түймелер кең етек алды. Олардың формасына қарай төс түйме және тақта түйме деп атады.

Сырт киімге арналған қапсырмаларды екі бөлек матаға, бір жағына ілгектерін, бір жағына ілмектерін жапсырып тігіп алған соң оны бешпеттің алдыңғы екі өңіріне тікті. Мұндай қапсырмаларға сіркелеу, ширатпа жүргізіліп жасалды. Кішкентай қыздар киіміне қапсырма тақпады.

Әйелдердің кеудеге тағуға арналған зергерлік бұйымдарының ішінде бешпетке екі иықтан сәл төмендеу тұстан тігілетін иінілік деп аталатын сәндік бұйым ерекше бағаланды. Бұл екі ірі әшекей әйел бейнесіне ұқсас болды. Пластинканың төменгі жағына сақиналар бекітіліп, оған салпыншақтар тағылды. Оның ортасына тас қондырылып, сіркеленді.

Жас қыздардың мерекелік көйлегінің кеудесіне тігілетін әшекей *гьамайлык* деп аталса, әйелдердің кеудесіне тағатын әшекей бұйымы *тосьлюк* деп аталды. Кеудеге сонымен қатар ішіне Құранның сүрелері салынған, әшекейлеп жасалған бойтұмарларды да тағып жүрді.

Сәнді бешпетке ноғай әйелдері кәусак, кемар деп аталатын сан алуан белдіктерді тақты. Бұл белдіктер геометриялық өрнектермен безендіріліп, белдіктің бөліктерінің шеттері сіркеленді және ақықтан дақ түсірілді.

Қолға арналған зергерлік бұйымдар жүзіктер мен білезіктер болды. Оларды, негізінен, күмістен, кейде жезден жасады. Алтын сақиналар мен білезіктер ноғайларда сирек кездесті, ол тек ауқатты отбасыларында ғана болды.

Сақиналар білезікке қарағанда кең тарады. Ноғай әйелдері тассыз, бетіне қара ала жүргізу арқылы әртүрлі өрнектер салынған, сіркеленген, дөңгелек, төртбұрышты немесе сопақ формалы сақиналар тақты. Сақинаны барлық жастағы әйелдер тақты.

Бақылау сұрақтары:

1. Ноғай халқының мәдениетіндегі зергерлік өнердің алатын орны қандай?
2. Дәстүрлі зергерлік бұйым түрлеріне тоқталыңыз.
3. Ноғай халқының ұлттық киімі қандай?
4. Ноғай халқының ұлттық тағам түрлері қандай?
5. Ноғайлардың айналысатын негізгі кәсіптері қандай?

2.9. Құмықтар

Баспанасы. Экономиканың қайта құруы және мәдени революция құмықтардың тұрмысын толықтай өзгертті. Қазіргі таңдағы

құмықтардың шаруашылықтары жер өңдеудің және мал шаруашылығының жоғары деңгейдегі механизациясымен белгілі. Ұлттық кадрлар барлық шаруашылық және мәдени салаларында құрылды. Көбісі өнеркәсіпте жұмыс жасайды, құмықтардың теңдей жартысы қала мен жұмысшы кенттерде тұрады. Өзінің елді мекендерін құмықтар киіз үйлер, кенттер деп атаған. Адамдар тұратын үйлердің үш түрі болған: ол – бір қабатты, жарым қабатты, екі қабатты үйлер. Мұра ретінде қалған қарулар көзге көрінетін жерде тұрған. Қонақжайлылық – құмықтардың ежелден келе жатқан салтының бірі. Бай отбасыларында қонақтарға арналған арнайы бөлме және есік алдында жеке құрылыс болған оны *кунацкая* деген.

Үйлерін шикі кірпіштерден, тастан салған. Құмықтар елді мекендерін юрт, кент деп атайды. Баспананың үш түрі болды: бирқат үй (бір қабатты үй), гөтериңки үй (бір жарым қабатты үй), экиқат үй (екі қабатты үй). Есік, терезе аулаға қарайды. Атабабадан мұра болып қалған қару-жарақ үйдің көрнекті жерінде ілулі тұрады. Жоғардыда келтіргеніміздей, құмықтарды солтүстік және оңтүстік құмықтар деп бөлген М.Аджи осы құмықтардың баспаналары туралы: солтүстік құмықтардың баспаналары кесілген бұтақтар мен саман үйлерден немесе сазбен сабан қосылып, күйдірілмеген кірпіштерден тұрғызылады, ал оңтүстік құмықтардың баспаналары басқа Кавказ халықтары сынды тастан қаланды деп көрсетеді.

Құмықтар елді мекендерді кент деп атайды. Құмықтардың баспаналары қатар-қатар тұрғызылған екі-үш бөлмеден тұрады. Әдетте отбасы мүшелері бір бөлмені ғана пайдаланады. Ал екінші бөлме тазаланып жиналған, жабдықталған қонақ бөлме саналады. Ол енді әр отбасының әлеуметтік жағдайына байланысты саналған. Осы этностың баспаналарында ең бірінші көзге түсетіні – ол баспаналарының тазалығы. Үйдің ғана емес, ауланың, тіпті мал қораларының ұқыптылығына қатты көңіл бөледі. Олар малдың қиын жинап, сырт жерлерге төгеді. Ауланы күніге сыпырып тазалап отырады. Үйдің едені, аула сазбен сыланып, үйдің қабырғалары ақталып тұрады. Үйдің еденін сұр түспен сылап отырған. Үйдің ішінде кейде бағаналар да орнатылды. Үйдің ішкі

қабырғасын ақ түспен сылады. Тамақ басқа да жұмыстар жасайтын ауыз үй де болды. Үйдің еденінде бос орындары болмайды, түгелдей кілемдер төселінеді. Ал үйдің қабырғаларына түрлі түсті маталар ілінеді. Сөрелерде қыштан немесе басқа да материалдардан жасалған ыдыстар, құмыралар қойылған. Баспаналардың ортасында «тавхана» ошақ орнына қазіргі кезде (каминь) орнатылады. Осы тұста ескеретініміз: қарашай мен балқар халықтарына қарағанда құмық этносы көшпенділердің рухани және материалдық мәдениетінен гөрі кавказдық, яғни тау халықтарының даргин, лезгин т.б. мәдениетін сіңіріп алған.

Ал Еуропа ғалымдары өз зерттеулерінде қарашайлардың баспаналары туралы: баспана ағаштан қаланып жасалған бөренелерден тұрғызылған, іші сырты майлы сазбен сыланған, төбесі ағаш тақтайлардан сырты сабанмен жабылған. Жартылай домалақ пеш трубасы үйдің қабырғасына жапсырылып қаланған. Ошақтың маңайында бірнеше сөрелерде ыдыс-аяқтар жиналып, қару-жарақтар, ағаш ілмектерде киім-кешектер ілінгенін айтады.

Киімі. Ауқатты құмықтар сырттан әкелінетін қымбат маталардан жасалған киімдерді өздеріне лайық көрді, шаруалар үй жағдайында мақтадан және жергілікті мал жүнінен қолдан тігілген киімдерді қанағат тұтты.

Ер адамдардың ішкі киімі туника сияқты жоғары жағы кең, төменге қарай тарылып келетін көйлек-дамбалдан (ыштан) тұрды. Әдетте ышандары жейде (рубиха) материалына қарағанда қара түсті тығыз, берік матадан тігіледі. Жейденің сыртынан тәртіп бойынша белі қынамалы, тік жағалы, ұзын, тар жеңді бешпент киеді. Бешпент қаракүрең түсті жүн, жібек және мақтаматадан тігілді. Бешпент біртіндеп (десе де түпкілікті жойылып кеткен жоқ), алдында қарсы ілгегі бар, тік жағалы «кавказдық көйлекпен» ауысты. Үстінен әдетте, қара күрең түсті черкеска (чопкен) киді. Қыста бешпент немесе черкесканың сыртынан қой терісінен жасалған ұзын тон киетін болды, бұл тондардың Дағыстандағы тау халқының тігінен тігілген, кең пішімдегі тондарынан айырмашылығы, черкеска сияқты белі қынамалы, етек жағы кең болып келеді. Ақ қозының жүнінен жасалған әдемі тондар ауқатты адамдардың ғана қолына тиетін еді. Бай құ-

мықтар орыстардан «аң терісінен», яғни бұлғын, құндыз, ақкіс терілерінен (мех) тігілген қымбат тондар сатып алып тұрды.

Құмықтар Дағыстанның басқа да халықтарынан: аварлардан (бүкіл Кавказға танымал әдемі, қымбат әшекейлі анды жамылғы жадағай) және даргиндықтардан (тым қарапайым, арзан) сатып алған сырт киімдері жауыннан, суықтан, дауылдан қорғап, жамылғы жадағайдың қызметін атқарды.

Құмықтардың ең көп таралған көрнекті аяқ киімдері – мәсілер қара түсті сақтиян, қонышты жеңіл шәркей. Шәркейдің ұлтаны (табаны) жұмсақ теріден жасалды, сондықтан да көшеге шығарда оның сыртынан галош немесе башмақ киді. Байлар шеберлерге тапсырыспен жасатқан салтанатты етіктер киді. Жұмысқа киегін аяқ киімдерінің – Дағыстан шарықтарының, өзіндік ерекшелігі бар. Оларда қоныш болмайды және мәсілерге қарағанда халық арасында кең таралып, көп жасалды, оны қалың жүн шұлықтармен киді. Кедейлер күнделікті аяқ-киім ретінде де, мерекеде де осы шарықтарды (чарыки) киді.

Қой терісінен жасалған папахалар бас киімнің қызметін атқарды. XIX ғасырда папаханың (мәуігіден) шұғадан жасалған түрі кең таралды. Ауқатты құмықтық папаханы қымбат тұратын бұқардың қаракөл терісінен тіккізді. Алыс жолға шыққанда немесе аязды суық күндері басына башлық киді.

5-7 жасынан бастап ер балалар, жадағай мен башлықтың матасынан жасалған киімдерді киді. Кедей отбасынан шыққан балаларда черкес болмады. Суық мезгілдерде балалар жадағайдың орнына тошлук – жүннен жасалған күртеше киді. Тошлук жылы кеудешеге ұқсас, жеңсіз етіп тігілді.

Әйел киімдері әртүрлілігімен ерекшеленді. Іш киімдерінің екі түрі болды: ішкөйлек немесе *тізкий* және *бузмакий*. Ішкөйлек пішімі ер іш киімдеріне ұқсайды, бірақ кең әрі ұзын болды. Мұндай *тізкийдер* Дағыстанда кең таралды. *Бузмакийнің* кеуделігіне (кофта) жапсырыла тігілген кең ұзын белдемшесі (юбкасы) болды. Оның ішінен ер адамдардікіне ұқсас кең шалбар (ыштан) киді, бұл үрдіс тек XIX ғасырдың аяғына дейін созылды. Көйлектердің де бірнеше түрі болды: арсар, полуша, қабалай. Арсар көйлегі жоғарыдан төменге дейін тіке қиылған тілігі және

шынтаққа дейін қайырма жеңі бар көйлек (шынтақтан төмен еркін бос тұратын). Барлық құмық көйлектері сияқты арсардың да белі қынамалы, кең етегінің 6-7 қиығы бар. Полушаның етегінде тілігі болмайды, кеуде тұсы ашық, білезікке дейін жететін жеңі болды. Арсар мен полушаны әртүрлі жастағы әйелдер киді.

Құмықтың жас қыз-келіншектерінің салтанатты көйлегі *кьабалай* болды. Ол көйлек тәртіп бойынша, қымбат жібек матадан тігілді және тек ауқаттыларының ғана қолы жететін еді. Кьабалайдың басқа түрдегі көйлектерден айырмашылығы қос жеңді, оның төменгі бөлігі қысаң (тар) жоғарғы бөлігі кең, қайырмалы болып келді. Бұл көйлектің бүйірінен алдыңғы бөлігінде үлкен әрі терең бүрмелері (складки), ал артқы жағында терең, бірақ үлкен емес бүрмелер (бүкпелер) болды.

Әйелдердің көшілігі қыстың күні де жаздағыдай киімдермен жүрді. Жылы аяқкиімдерді білмегені сияқты, пальто туралы түсінік мүлде болмады. Тек феодал әйелдерінің көйлектері зерлі камқа матамен жұрындалып немесе барқыт мақпалдан құрастырып тігілді.

Сақтиян шәркейлер (чувяки) әйелдерге етік қызметін атқарды. Мерекелік, соның ішінде тойға арналған шәркейлерді зер, оқа жапсырып, қызыл сақтияннан жасады. Әйелдер жазда да қарапайым шұлықпен үстінен жүн шұлығы бар шәркей киді, өйткені көпшілік (қоғамдық) жерлерде жалаң шәркеймен жүрген әдептілікке жатпайды. Қыстың жайсыз күндері шәркей сыртынан артқы жағы ашық биік тақалы терең (қатты) туфли-башмақтар киді. Кейінірек осы башмақтармен қатар тері галоштарды да қолдана бастады.

Әйелдер атлас, сәтен немесе түбіттен, ашық түсті материалдардан жасалған байлағыш (чутку) киді. Чуткуді арқасына қарай ысырып, маңдайын жартылай ғана ашық қып, лентаға ұқсайтын жіңішке қиық материалмен басты түгел айналдыра байлайды. Осындай бас киімнің төмені ашық және жоғарғы жағы өрілген бұрым шашын түйіп жинап қоюға ыңғайлы қалталы боп келеді. Чуткудің сыртынан басына жібектен, түбіттен жылы орамалдар тартты. Шілтерленген орамалдардың әдетте алтындалған немесе жібек шашақтары бар болатын. Бұндай орамалдар, негізінен,

бай әйелдерде ғана болды. Құмық қыз-келіншектерінің барлығы дерлік үй жағдайындағы маталардан жасалған жібек шашақты орамалдарды (орамалдар тақты) тақты.

Ер адамдардың ұлттық киімдері – бешмет, сеңсең жамылғы, сеңсең бөрік, домалақ бөрік, теріден тігілген аяқ киім. Әйелдердің ұлттық киімдерінің қатарына бүкіл денені жабатын көйлектер (арсар, қос жеңді қабалай, т.б.) орамалдар, чутку (бас киім) жатады. Әйелдері арты ашық, теріден тігілген башмақтар киіп, киімдері ою-өрнек, әшекейлермен безендірілетін болған.

Тағамы. Құмықтардың сан алуан ұлттық тағамдарына хинкал, курзе (тұшпара), долма, аш (палау), чишлик (кәуап), бозбаш, чуду, гюлеме, этмек, т.б. ет, қамыр, сүт өнімдерінен жасалған тағамдар жатады. Жүзімнен сусын, шарап жасайды.

Этнографияның бір саласы материалдық мәдениеттің өзекті тақырыптарының бірі – әрбір халықтың ас ішу мәдениеті, яғни негізгі тіршілік ету жүйесі. Тағамтану жүйесі әр халықтың дәстүрлі мәдениетімен қатар, ұлттық құндылықтарын, этникалық спецификасы, дәстүрлі шаруашылығының бағытын көрсетеді.

Қай халықтың болмасын тағамы сол халықтың қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығымен байланысты. Сондықтан да ХХ ғ. бас кезеңіне дейін олардың тағамдарында сүт, еттен істелінген тағамдар мол болса, қала мен жер шаруашылығы дамыған аймақтарда дәнді дақылдардан, жеміс-жидектерден істелінген тағамдар көбейді. Ал үстіміздегі ғасырдың орта кезеңінен бастап, құмық, қарашай, балқар халықтарының тағамында олардың пісірілу әдістерінде Кавказдың басқа халықтарының ықпалымен болған өзгерістер көбейді. Соның нәтижесінде құмықтардың тағамына лезгин, т.б. ұлттардың дәстүрлі тағамдары келіп қосылды. Құмықтардың ұлттық тағамдары әртүрлі және барлық көршілес елдерге танымал болып келеді. Осы этностардың тағамтану жүйесіндегі негізгі қолданыста орын алатын егіншілік өнімдері, яғни бидай, арпа, жүгері, сұлы, құмық ұндарынан жасалған тағамдармен қатар, бұршақ өнімдері, оның ішінде күріш және мал өнімдері, яғни малдың еті, сүтінен жасалған тағамдары. Осы еңбекқор үш халықта тағамдарын өз шаруашылықтарына байланысты дайындаған.

Осы халықтарға тән басты тағамдарының бірі ең танымал және сүйікті тағамдардың бірі хинкал деп аталады. Сорпаға ұннан қамыр салып жайып, төртбұрыштап кесіп пісіріп, үстіне сарымсақ пен айран құйым қабылданады.

Ең негізгі құмықтар тағамы – нан. Нанның жеті түрін дайындайды. Құмық әйелдері – нан және басқа нан тағамдарын жасаумен әлемге танымал. Ертедегі кезде бидай нанынан басқа да арпа және жүгері нандарын пісірген. Қазіргі таңда ең көп қолданыста бидай наны.

Құмық халқы басқа да Дағыстан халықтары сияқты малдың еті мен сүтінен жасалған тағамдарды кеңінен пайдаланды, әсіресе қойдың еті басты тағамдарының бірі болса, екінші орында сиыр етін пайдаланды. Ал жылқы етін ноғай халқымен көршілес тұратындары пайдаланды. Жылқы етін қысқа дайындау үшін сарымсақ қосылған қоспаға 2-3 апта сақтап, 2-3 күн қақтаған. Жылқы етін тек қысқы азық ретінде пайдаланған. Дін ретінде рұқсат етілсе де құмық халқының негізі жылқы етін пайдаланбаған. Дегенмен де кейбір құмық жазықтарындағы кейбір аудандарында жылқы етін өндеп түрлі тәсілдермен пайдаланғандарына қарағанда құмықтардың кезінде басты тағамы осы жылқы еті болғаны мәлім болып отыр. Ол сонау қыпшақ, ноғай түркі тектес халықтары кезінде. Тек уақыт өткен сайын көрші отырған Дағыстан басқа елдердің мәдениетінде жылқы етін пайдаланбағандықтан, қазіргі кезде күнделікті тұрмыста өте аз пайдаланады. Ислам дінінің заңдылықтары бойынша доңыз етін жемегендіктен оны ұстамаған. Сонымен қатар құмықтар өздерінің ас мәзірінде құс етін жиі пайдаланады. Күнделікті өмірде бұл этнос дәнді дақылдарды, соның ішінде бидай, арпа, жүгеріге мал майын араластырып қолданады. Сиырдың сүтінен қаймақ, ковурт, чий, сүзбе, бичлак, сюзма дайындалды. Күннің ыстығында осы сүзбені суға езіп, шөлдерін басады.

Сонымен қатар шорпа түрлері дайындалады, олар ет сорпа, немесе түрлі дәнді дақылдарға айран қосқан түрлеі кең таралған. Негізі құмық халқының басты тағамы – хинкал, оның түрлерін көбіне етті қайнатып үстіне ұннан қамыр илеп салады. Осы үш халықта да дайындалатын тағам түрі соқа немесе пак деп

аталатын тағам түрі, яғни қойдың ішегіне тартылған қойдың бауырын күріш араластырып салып, қойдың құйрық майы мен ішек қарнымен қайнатып қолданады. Қонақжай бұл халықтарының ас мәзірі өте бай. Соның бірі – палау. Палау дайындаудың түрлі тәсілдері бар. Құмықтардың сан алуан ұлттық тағамдарына хинкал, курзе (тұшпара), долма, аш (палау), чишлик (кәуап), бозбаш, чуду, гюлеме, этмек, т.б. ет, қамыр, сүт өнімдерінен жасалған тағамдар жатады. Жүзімнен сусын, шарап жасайды, сонымен қатар еттен дайындалатын «долма», «киорзе», «чишлик», «бозбаш» және т.б. тағам түрлері бар. Өз жерінде тұратын құмық этносы түрлі аудандарға бөлінетіндіктен, көрші тұрған Кавказ халықтарының ас тағамдарының әсері мол. Көбіне асты құмықтар кілемдер төселген жерде жастықтарға сүйеніп, малдас құрып отырып ішеді және алдарына тастымал деп аталатын дастархан немесе поднос үлкен табақтарға салынып қойылады. Өте қонақжай құмық халқы қонақтарға тағамның түрлерін қояды. Дастарханға отырғаннан кейін қонаққа сол үйдің бір мүшесі құмған мен шылапшын алып келіп қол жуғызады. Ол тамаққа дейін және тамақтан кейін істеледі. Қонақта ер адамдар отырғанда әйел адам қызмет жасамайды. Әйел адамның міндеті – тек ас әзірлеу.

Зергерлік өнері. Құмық халқы арасында әртүрлі күміс және алтын бұйымдар кең қолданылады. Зергерлік әшекейлерді тек бойжеткен қыздар мен әйелдер ғана емес бесікте жатқан кішкене қыздарға да тақты. Ресей мен Персиядан ертеден бұл жерлерге патша рубльдері, ұсақ күміс немесе алтын теңгелер, маржан алқалар, білезіктер, шынжырлар, сырғалар, оқалар жеткізіліп тұрды. Бұйымдардың көбі Дағыстанның өзінде жасалды. Шеберлер тапсырысты өз үйінде қабылдады, кейде олар ауылдарды аралап тапсырыс қабылдады.

Әйелдің әшекей бұйымдарының бір бөлігі жеке тағылса (сақина, сырға, білезік, моншақ және т.б.), келесі бөлігі (түймелер, кестелер, зер, қапсырмалар) киімге тігіліп, оның бір бөлшегін құрады. Әшекейлердің ішінде камал деп аталатын алтын жиекті немесе алтындатылған, сым кәптәу, шекіме жүргізілген жалпақ

күміс белдіктер ерекше орын алды. Кейде белдікке қымбат тастар да орнатылды. Жағдайы төмен әйелдер мұндай күміс белдіктердің орнына оқаланған жалпақ белдіктерді тақты, оның ұзына бойына әртүрлі көлемдегі күміс теңгелер бірнеше қатар етіп тігілді.

Құмық әйелдерінің тағы бір сүйікті бұйымдарының бірі – мойын әшекейі тамакса болды. Тамакса екі жіпке тізілген 20-25 ұсақ алтын немесе күміс моншақтардан тұрды. Бұл алқа мойынға тығыз оралып тұрды.

Кеудеге тағатын әшекейлер ішінде каршумалар деп аталатын бұйымды ерекше атауға болады. Каршумалар күмістен жасалып, ұзын және жіңішке тоғалар түрінде болды. Ол ашық түсті барқыт, пүліш немесе басқа әдемі қалың матадан өңіржиекке тігілді.

Сонымен қатар құмық әйелдері маржан моншақ, арпа деп аталатын арпа формасындағы алтын және күміс моншақтарды тақты. Феодалдық ортада гюль деп аталатын раушан гүлінің формасындағы, асыл тастар қондырылған кеудеге тағатын түйреуіштер, шынжырлы сағаттар, меруерттер кең тарады.

Құмық әйелдері құлақтарына әртүрлі алтын және күміс сырғаларды тақты. Сырғаның салпыншақсыз ірі және төрт немесе алты салпыншағы бар екі түрі кең тарады.

Қолға тағылатын әшекейлердің ішінде юзюк деп аталатын сақиналар жоғары сұранысқа ие болды. Құмық әйелдері оны оң және сол қолдарына да, кейбір саусақтарына екіден тақты. Сақиналардың бетіне асыл және жартылай асыл немесе жай тастар қондырылып жасалды. Сақинаны көбінесе сұқ саусақ пен аты жоқ саусаққа (безымянный палец) және шынашаққа тақты. Ортаңғы саусаққа сақина тағуға болмайды, себебі ортаңғы саусаққа сақина таққан адам туған ағасынан айырылады деген сенім болды.

Тағы да бір кең тараған қол әшекейінің бірі білезіктер болды. Білезіктер алтын мен күмістен жасалды. Жіпке тізіліп жасалған маржан білезіктер де кездесті. Мұндай білезіктердің міндетті түрде ілгегі болды. Білезіктер сан алуан өрнектер және тастармен безендірілді.

Киімге тағылатын әшекейлердің ішінде шарпазлар деп аталатын тоғаларды атауға болады. Олар көйлектің белбеуіне тігілді.

Ұзын, жіңішке, кішкентай балықтарға ұқсас болып келетін тоғалар үш-төрт данадан, одан кішіректері бес-алты данадан бірге тағылды. Шарпазлар күмістен жасалып, оған сым кәптәу және шекіме жүргізілді. Оңтүстік құмықтарда көйлектің жеңі, белі, өңіріндегі жырықтың екі шетін ұсақ салпыншақтармен безендірді. Сонымен қатар көйлекті сан алуан түймелер, көбінесе күміс түймелермен әшекейледі.

Бакылау сұрақтары:

1. Құмық халқының негізгі айналысатын кәсіп түрлеріне тоқталыңыз.
2. Құмықтардың баспана түрлері қандай болды?
3. Құмық халқының ұлттық киім түрлеріне талдау жасаңыз.
4. Құмық халқының зергерлік өнері және әшекейлері қандай болды?
5. Құмық халқының дәстүрлі тағамы қандай?

2.10. Ұйғырлар

Баспанасы. Н.М. Пржевальский тау ұйғырларының баспаналарын да суреттеп жазып кеткен. Оның айтуы бойынша, ұйғырлардың бұл тобы үнгірге ұқсас үйлерде тұрды. Мұндай үйді салу үшін олар орманды төбелердің оңтүстікке қараған тік жарларын таңдады, одан үнгірді қазып, төбесіне 1,5 метр қалыңдықтағы күмбезді қалдырды. Мұндай үйлер бакташылардың уақытша кішірек үйшік тәрізді баспанасы болды немесе үш-төрт бөлмелі кеңірек тұрақты баспана болды. Төбеде бұрыштың астынан жарық түсетін тесік қалдырды. Сонымен қатар жарық дәліз тәрізді кіре берістен де түсіп тұрды. Қабырғалардың бірінен үңгіп қазып, түтіндігі сыртқа шығатын пеш жасады. Кіре беріске қарама-қарсы қабырғада үй заттарына арналған текше орналасты. Басты бөлменің қасында қойма және екі немесе үш жатын бөлмелер болды. Қабырғалардың жанынан отыруға және әртүрлі заттарды қоюға арналған текшелер жасады. Тұрғын үйдің жанынан малға арналған қашалар жасады. Мұндай үйлер қыста жылы, жазда салқын болды.

1881–1883 жылдары ұйғырлардың жаппай қоныстануына байланысты Қазақстан жерінде ұйғыр халқы орналасқан аудандар пайда болды. Қоныс аударып келген уақыттан бастап, бұрыннан

бірге келе жатқан көршілер бірге қоныстануға, яғни олар бөлек ауылдар болып орналасып, бұрынғы атауларын сақтап қалуға тырысқан.

Ұйғырлардың қоныстарының көлемі әртүрлі болып келеді, негізінен, үй саны 100-ден кем болмады. Мысалы, Пенджимде 500 аула болса, Карамда 900 аула болды.

Қазіргі ұйғыр ауылдарында әртүрлі жасыл өсімдіктер көптеп өсіріледі. Көшенің екі шетінде ұзыннан ұзақ ағаш егілген. Арықтың жағасында әртүрлі өсімдіктер, тұт, қарағаштар өседі. Кейде ағаштар жол бойында жасыл арка тәрізді отырғызылған.

Барлық шаруашылық құрылыстары бар аулалар бір-бірімен қосылған, үйлердің артқы жағында бақша отырғызылған.

Әрбір үйдің ауласында міндетті түрде гүл өсіретін орын болады. Ұйғыр халқы гүлді өте жақсы көреді. Гүлдерді олар бақшаның бір-екі тақтасына немесе кейде тақтаның жиектеріне де егеді, гүлдерге арнап үйдің жанынан саздан қорапшалар жасайды. Ең сүйікті гүлдеріне қашқаргүл, раушан, райхан және т.б. жатады.

Қазақстандағы ұйғырлар үйдің алдындағы жаппа (беседка) маңына декоративті асқабақтарды да егеді. Олардың жемісі сөрелерде өсе береді, олардан ыдыстар жасайды.

Ұйғырлар қоныстарының орталығына мешіт салған. Сонымен қатар орталықта сатушылардың дүңгіршектері, базарлар орналасты. Қазіргі кезде орталық көшелерде колхозды басқару ғимараттары да орналасқан. Ұйғыр ауылдарында қазіргі кезде шаруашылық орны, клуб, мектеп және басқа да мәдениет орындары бар.

Құрылыс салу техникалары, жобалар және тұрғын үйлердің орналасуы жағынан Қазақстан мен Ферғанадағы ұйғырлардың баспаналары әртүрлі болып келеді.

Тұрғын үйлердің құрылыс материалдары ретінде саз балшықтар, кірпіш тәріздес бетондарды пайдаланады. Біркелкі кірпіштен тек қоғамдық ғимараттарды ғана салады. Кірпіштен тұрғын үйлердің тек қабырғаларының сыртын ғана қалайды.

Құрылыстың негізгі бөлшегіне саздан жасалған қабырғалар жатады. Олардың үстіне шатырлар қойылады.

Қабырғаны тұрғызу үшін құрылыстың жеңіл түрін қолданады. Яғни ол үшін тақтайлардан жасалған, аздап иіліп тұрған қорап тә-

різдес құрылымды қолданады. Осы формаға саздарды салып, оның үстінен алдымен аяқпен, одан кейін ауыр техникамен басады. Осылайша қабырғаларды жоғары қарай тығыздап көтере береді.

Үйдің қабырғасын іштен және сыртынан қамыс қосылған сұйық балшықпен сылайды, оның сыртынан ақтайды. Ішкі қабырғалар аласалау болып келеді. Едені кейде саздан жасалған болады, көбінесе тақтай төсеп қояды. Әсіресе қонақ күтетін бөлменің еденін тақтайдан жасап, сол бөлмеде тақтайдан немесе шереден (фанера) сөрелер жасап қойған. Бөлменің көп бөлігін *суна* деп аталатын, саздан соғылған, биіктігі 20-35 см болатын соғындылар алып тұрады. Көбінесе кіреберіске аздаған бос орын ғана қалдырып қояды. Ол жердегі пештің маңайына аяқ киімдерін қояды. Шаруашылық құрылыстары немесе үлкен етіп салынған ғимараттарға терезенің орнына шатырдан үлкен тесік жасап қоятын. Ол *тунук* деп аталады. Ескі үйлердің тұрғын бөлмелерінде терезе тәріздес тесік жасап қоятын. Егер ондай бөлме үйдің ортасында болса, онда сол терезені үйдің төбесінен жасайтын. Оның жақтауына *панджара* деп аталатын тор қоятын. Бұл терезелердің атауы да соған байланысты шыққан.

Үйге терезелерді бертін ғана жасайтын болған. *Панджар деп аталатын терезе* тек осыдан 40 жыл бұрын салынған үйлерде болды. Алайда ескі үйлерде де қазір осындай терезелер кездеседі. Алғашында терезелер көлемі өте кішкентай болды және олар жерден биікте орналасты. Бастапқы кезде ағаштан жасалған торлар қоятын, одан кейін ағаш жақтауларға әйнек салып қоятын болды. Қазіргі жаңа үйлердің әр бөлмесіне үлкен жақтаулы, әйнек салынған терезелер қояды және терезені үйдің сыртына қаратып жасайтын болды. Себебі ерте кездерде терезені үйдің сыртына қаратып қоюға рұқсат берілмеді.

Есіктері көбінесе тақтайдан жасалды. Көшеден үйге тек бір есік арқылы ғана кіреді. Ескі үйлерде кіретін есіктің орнына үлкен қақпа қойылатын. Оның биіктігі 3 м, ал ені 2.5-3 м болды. Бұл қақпалар негізгі бөлмеге жақын орналасты. Осындай қақпалар аулаға бағытталып және сан алуан әдемі өрнектермен безендіріліп жасалды.

Сонымен қатар ондай өрнектермен терезелерді, үйдің төбесін де өрнектеп безендірді. Солтүстік ұйғырлары төңкеріске дейін үйдің қабырғаларын мөрлі өрнектермен безендіретін. Оны жасайтын шеберлер аз болған. Олар тек өздерінің тұрақтары маңдарында ғана осы өнермен айналысты. Бұндай оюды ағаш үлгілердің көмегімен жасады. Шеберлер мұндай өрнектерді жаңа жағылған саздарға ағаш үлгілерді жапсыру арқылы жасаған. Осындай шеберлердің соңғысы 1916 жылы қайтыс болған.

Үйді жылыту жұмысымен әйелдер айналысты. Жылытудың негізгі құралы алауошақ (камин) болды. Оны үйдің бұрышына немесе қабырғаның дәл ортасына орналастырды, алауошақтың көлемі өте үлкен болды, оның астына от жағылды. Ол қабырғаға жабысып тұратын, ал түтіні қабырғадағы мұржа арқылы сыртқа шықты. Алауошақты тек қонақ күтетін бөлмеге қойды. Қазір мұндай алауошақтар жоғалып кетті, олардың орнына үй жылытатын пештер, кандар, голландық пештер келді.

Кандар бұрын отырықшы ұйғырлардың үйлерінде ғана болса, ал қазір ол барлық жерлерде бар. Кан дегеніміз – бөлме қабырғаларының бойына саздан жасалып көтерілген супаның түрі. Оның ішіндегі түгін шығаратын мұржасы оның қосымша бөлігі арқылы өтеді. Кан барлық бөлмені жылытады.

Пеш саздан немесе кірпіштен жасалады. Оның көлемі 1 кв. м болып келеді. Оны үйді жылыту үшін де немесе қазан қойып тамақ әзірлеуге де қолданады.

Нан пісіру үшін Орта Азиялық типтегі аулада тұратын пештерді қолданады. Оны балшыққа жүн қосып илеп жасайды. Оның пішіні сопақша дөңгелек, ортасы кесілген болып келеді, жоғарғы жағында нанды салуға арналған тесік болған. Сыртқы қабырғасын кірпіштен жасайды, мұндай пештердің үлкендігі әртүрлі болды.

Қазақстандағы ұйғырлардың үйлерінің ішкі құрылысы үш немесе төрт типке бөлінеді. Бірінші түріне үлкен отбасыларға арналған, барлық шаруашылық құрылыстары бар үйлер жатады. Үйдің орталығында үлкен алаң орналасты және алаңнан сыртқа қаратылып қақпа қойылды. Алаңның бір жағында қонақ күтетін бөлме, асхана, отбасылардың қыста тұратын бөлмесі (ашхана)

және әртүрлі заттарды қоятын бөлмелер орналасты, мұндай бөлмелер ұн, бидай сақтауға арналды.

Үйдің бұндай күрделі құрылысы көбінесе Ұйғыр ауданының оңтүстік бөлігінде кездеседі. Сонымен қатар Шелек және Еңбекші Қазақстан ауданында да кездеседі.

Екінші типтегі үйлер ауылды жерлерде кездеседі. Мұнда да үйлер құрылысы күрделі болып салынды, бірақ шатырлары бірге қосылмады. Сырттан қақпалар аулаға қаратылатын, сонымен қатар бірнеше бөлмелі қосымша үйлер де болды. Бір аулада көбінесе туысқандар тұратын. Ең үлкен үйде ата-аналары, одан кішірек үйде үйленген ұлдары тұрды. Басқа бір бөлме қойма, келесі бөлме есейген, бірақ әлі отбасын құрмаған балалары үшін салынған. Шаруашылық құрылыстары ауланың маңында болатын, бірақ оның артық есіктері болмады. Жалпы алғанда барлық құрылыстар бір-бірімен ұзын дәліз арқылы байланысты.

Үшінші типтегі үйлер барлық жерде кездеседі. Бұл – бір немесе екі-үш бөлмелі болып салынған үйлер түрі. Үйге кіретін есік далан арқылы орналасады. Даланнан басқа үйде ашхана мен сарай бар. Қойма үйге жапсарласқан, бірақ артық есігі жоқ. Шаруашылық құрылыстар үйге жақын маңда орналасады. Егер бөлмелер жетпесе ашхана мен сарайды да бөлме ретінде қолданған.

Заманауи үйлер үшінші типтегі үйлер тәріздес болып келеді. Ескі үйлермен салыстырғанда пеш салынбайды, жаңа үйлер ерекше шатырларымен ерекшеленеді.

Үй салғанда ер адамдар қабырғасын тұрғызады, ал әйелдер қабырғаны сылап, ағартатын.

Ерте кездерде үйлерде жиһаз мүлдем болмаған. Тек қытайда жасалған үстелді үйдің ішін безендіру үшін ғана қоятын және тамақтануға арналған тағы бір үстел болды.

Ал қазіргі кезде бөлмелер жақсы безендірілген. Қонақ күтетін бөлме – сарайда кісі күтіп, мерекелерді өткізетін. Бұл бөлмеге балаларды жібермеуге тырысатын. Оның бұрышында әртүрлі әшекейлер мен ыдыстар, отбасының фотосуреттері қойылған үстел тұрды.

Сарайға қалалық жиһаздарды қою міндетті болды. Ал қазіргі кезде онда міндетті түрде бір немесе екі төсек, үстел, орындықтар, қабырғаның қасында чемодандар тұрады. Қабырғаға кілемдер ілініп, плакаттар да жапсырылады. Есіктер мен терезелерге перделер құрылады.

Ашханадағы пештің қасына ұзын сөрелер орнатылып, еденіне киіз төселеді. Қабырғаның қасына кішірек стол қойылады. Ол үстелде тамақ ішіледі және жұмыс жасалады, осы бөлмеде ұйықтайды да.

Бұрын төсеніш ретінде киізді, жастықтарды пайдаланды. Жастықтың ішіне қамыс немесе мақта салатын. Ал қазір ондай жастықтарды мүлдем қолданбайды. Мақтадан сырып тігілген көрпелерді жамылып, осындай көрпелерді астына да төсейді. Таңертең көрпе-жастықты орап алып тастайды. Үй иелері төсектерді сирек қолданады, бірақ қонақтарды міндетті түрде төсекке жатқызады.

Далан іші ашханадан ерекшеленбейді. Алайда дәл осы бөлмеде қойма мен сақтау орны орналасады.

Кеңес үкіметі кезеңінде Қазақстандағы ұйғырлар тұратын колхоздарда жаңа үлгідегі үйлер, мектептер, емханалар, клубтардың ғимараттары салынды.

Ферғанадағы ұйғырлар баспаналарын көбінесе үй салатын шеберлерге салғызды. Үйдің сыртын саман қосып кірпішпен қалайды, кейде қарқасқа тақтайларды да қосады. Сыртын қамыс қосылған балшықпен сылайды.

Ішкі құрылысын Қазақстандағы ұйғырлардікіндей етіп жасайды. Едені жер немесе саздан жасалады. Мұндағы ұйғырларда саздан жасалған биік құрылыстар, аз кездеседі. Қонақ күтетін бөлмедегі еденді тақтайдан жасайтын болды, бірақ ол барлық бөлмелерде кездесе бермейді.

Ферғанадағы ұйғырлардың шаруашылық құрылыстары үйден үлкен қабырғалармен бөлінеді. Аулаға кіретін ол жерде кішірек қоршаулар бар. Үйдегі кіріп-шыққан адамдар көрінбеу үшін аула биік қабырғалармен қоршалған. Мұнда үйдің есіктері көшеге емес, аулаға қаратылып қойылады. Сол себепті де есік-

тер ауланың ішіне қаратылып, көшеге тегіс қабырға қаратылады. Барлық терезелер ұзын қабырға бойына қойылған. Аулада үйден басқа шаруашылық құрылыстары да бар. Олар үйге қосымша ретінде жалғанып салынған. Үйге қарама-қарсы бақшада орындықтар қойылған. Ол ұзын бағандар арқылы төрт бұрышты бөлме тәріздес жасалған. Бұл жаппалар (беседка) қойма немесе жаздық бөлме қызметін атқарады.

Жер үйлердің бөлмелері үйдің алдыңғы жағына орналасады. Үйлер көбінесе екі немесе үш бөлмеден тұрады. Одан да көп бөлмелер болуы мүмкін. Егер тағы бөлме керек болса, үйге қосымша жалғастырып сала берді.

Ош аймағында кейбір үйлер төрт бөлмеден тұрады. Жобасы квадрат тәріздес болып келеді. Бір бөлме ашық айван, чукур айван тәріздес болады.

Бөлмелерде барлық заттар терезеге қарама-қарсы орналасады. Кіретін есікке қарсы қабырғаға үш текше қойылады. Олардың екеуі еденнен төбеге дейін жетсе, біреуінің ұзындығы 30 см болады. Онда іш киімдер салынған сандықтар тұрады. Үстіне орамалдар, төсеніштер қойылады.

Дәлізді әдетте асхана ретінде де қолданады (ашхана). Ондағы заттар қарапайым, бірақ бәрі сөрелерге қойылған. Үшінші бөлмені кейде асхана, кейде қойма ретінде пайдаланады немесе онда үйленген, бірақ әлі бөлініп шықпаған ұлы тұрады.

Үй каминмен жылытылады. Каминді сонымен қатар ас әзірлеу үшін пайдаланады, мұндағы каминдер Қазақстандағы үйлердегі каминдерге қарағанда үлкендеу. Жазда тамақты ауладағы пешке жасайды, нан пісіру үшін арнайы пешті қолданады. Ертеректе Ферғана ұйғырларында дәл Жетісу ұйғырларындағыдай пеш болды. Ал қазір өзбектердікіне ұқсас нан пісіретін пештер бар, ол үлкен түбі жоқ ыдыс тәріздес болып келеді. Нанды оның қызып тұрған қабырғасына жабыстыру арқылы пісіреді.

Үйге жарық түсіру үшін бұрын май шамды пайдаланды. Одан кейінгі уақытта оның орнына керосин лампасы қолданылды. Кейіннен электр шамын қолданды.

Кеңес дәуірі кезінде ұйғыр халқының мәдениетіне, оның ішінде баспанасына қалалық үрдіс өз әсерін аз тигізді. Үйдің

ішінде жиһаздар аз болды, кейбір үйлерден металл төсектер, сөрелер, орындық, үстелдерді кездестіруге болды.

Киімі. Ұлттық киім халықтың ұлттық ерекшеліктерін, дәстүрлі мәдениетін, оның көркемдік талғамын көрсетеді.

Ұйғыр халқының ерлер киімі матадан тігілген шалбардан, тік жағасы кестеленген, ақ немесе түрлі түсті матадан тігілген түймеліксіз ұзын көйлектен тұрды. Көйлектің белі түрлі түсті матамен орап буылды. Сыртқы киім болып ақ немесе боялған матадан, ішіне мақта салып сырылып, кейде бір астармен тігілген шапандар болды. Шапандардың белі де түрлі түсті матамен орап буылды. Кедейлердің шапандары шыт, тік сияқты қарапайым маталардан тігілсе, ауқаттылардың шапандары жібектен тігілді. Қысты күні еркектер қойдың терісінен тігіліп, кейде матамен қапталған тон немесе жылылап тігілген шапандар киді. Тауда тұратындар жауыннан қорғану үшін киіз жамылғылар (плащ), бастарына ақ, кара, ала түсті, биік төбелі бас киімдер киді.

Әйелдердің іш киімі еркектердікіндей, алайда олардың көйлегінің үш немесе төрт түймесі болды. Сырт киім ретінде шапандарды киді, суық күндері екі шапанды қабаттап киетін.

Ұйғырлардың ерлерінің киімдері, негізінен, кең әрі ұзын көйлектен және шалбардан тұрды. Көйлектің жағасы кішірек және тік жағалы болды. Шалбардың балағы аяқ киімнің ішіне салынды. Көйлектің сыртынан бешбет, оның сыртынан ұзын шапан киген. Шапанның жеңі тар, жағасы кішірек болған, белін белбеумен байлаған. Аяқтарына жұқа, жұмсақ теріден тігілген, қонышы ұзындау болып келген мәсіні киген. Мәсінің сыртынан тері галош киген. Үйге кірерде галошты шешіп қоятын.

Жазда киетін бас киімдері тақия болды. Ал қыста мауытыдан жасалған бас киім болды. Оны кедейлер қойдың терісінен, ал байлар суырдың терісінен тіккен.

Әйелдер мақта матадан туника тәріздес етіп тігілген кішірек жағасы бар көйлектер мен кең шалбарлар киген. Тұрмыстағы әйелдердің киімінде жырық пен түймелер өңірінде болса, ал жас қыздарда иығында болды. Көйлектің кеудесінің оң жақ бөлігі кестемен өрнектелді. Оның сыртынан үйде және көшеде жеңі

жоқ күртешелер киген, кейде оның үстінен жай ғана қарапайым кофта киген. Сыртқа шығарда жеңі тар шапан киді.

Бас киімдері, негізінен, тақия немесе шыттар болса, қыста бір текті бас киімдер болды. Мерекелік бас киімдер байларда *кимхан* деп аталатын бөрік болды. Кедейлер бас киімдерін әртүрлі моншақпен әсемдеген.

Кеңес дәуірінде ұйғырлардың ұлттық киімдері үлкен өзгеріске ұшырады. Кейбір дәстүрлі элементтері мүлдем жоғалып кетті. Мәселен, ерлердің астарлы шапандары мүлдем қолданыстан шығып қалды. Оның орнына ерлер қалалық костюмдер, жейделер, шалбарлар, пиджактар мен пальтоларды кие бастады. Соғыстан кейінгі жылдары әскери костюмдер танымал болды. Қыста бастарына құлақшын, жазда кепка киді.

Аяқ киімдері етіктер мен галоштар болды. Оларды дүкеннен сатып алып отырды.

Тек қарт әйелдер ғана ескі үлгідегі көйлектер және шалбар мен камзолдарды киді. Көптеген ұйғыр әйелдері қазақи үлгідегі көйлектермен қатар әртүрлі қалалық үлгідегі көйлектерді де сатып алды. Бұрынғы камзолдардың үлгісі де өзгерді. Камзолдарды жас қыздар мен жас әйелдер әртүрлі әшекеймен өрнектеп безендірді. Сыртқы жылы киім ретінде дүкендерден пальто сатып алатын болды. Бастарына тақия, аяқтарына етік, туфли киді. Ұйғырлар аяқ киімнің ішінен шұлық (носки) киюге дағдыланды.

Ұйғыр халқында киім тігу әйелдердің негізгі кәсібі болды. Негізінен, киімді қолмен тігетін. Қазіргі кезде де кейбір отбасында қолдан киім тігу кездеседі, алайда көбіне киімді сатып алады.

Ферғана ұйғырларының киімдері Жетісу ұйғырларының киімдерінен өзгешеленеді. Оларда ерлер кеуделеріне ашық түсті жейделер, төменгі жағына шалбар, қыста сырт киім ретінде шапанды киді.

Әйелдердің жейдесі мен шалбары бірдей матадан тігілді. Сырт киім ретінде пальто киді.

Синьцзян ауданының ұйғырларының киімінің Ферғана ауданы ұйғырларының киімдерінен өзгешілігі аз. Синьцзян ауданының ұйғырлары ұлттық құндылықтарын толығымен сақтап қала алды.

Ерлер туника тәріздес жейделер киді. *Яктак* деп аталатын жейделер – жастардың арасында ескірген болып саналатын жейденің түрі.

Кеңес дәуірінде жейденің жаңа түрі пайда болды. Ол комсомолка деп аталды. Оны көбінесе қаладан сатып алатын, кейде өздері де тіге алды. Қалаға барып келген колхоз тұрғындары қалалық жейделермен қатар, әскери костюмдерді де киді. Кейде пиджактың белін шытпен байлап алды.

Әйелдер дәстүрлі көйлектерінен басқа тік болып пішілген *тогри*, *көйнәк* деп аталатын көйлектерді киді, олар ерекше маталардан тігілді.

Бас киімдері ер адамдарда тақия, ал әйелдерде жеңіл орамал болды. Қыста ер адамдар жылы бас киім кесе, ал әйелдер жылы орамал байлады.

Шаш үлгісі адамның жас ерекшелігіне байланысты болды. Тұрмыс құрмаған жас қыздар бірнеше өрім етіп шаш өрді. Тұрмысқа шығып бірінші баласын туғаннан соң әйелдер шаштарын екі өрім қылып өретін болды.

Қазақстандағы ұйғыр әйелдері шаштарын екі өрім қылып өретін болса, Ферғана ұйғырларының әйелдері көп өрім қылып өріп, басына тақия киеді. Қазіргі кезде әйелдер соңғы үлгідегі шаш үлгілерін қояды.

Ер адамдар бастарын тақырлап алып тастайтын болды. Тек жастар бастарына шаш қойса, мұрт пен сақалды қарт адамдар ғана қойды. Қазіргі кезде барлық жастағылар шаш қояды.

Әйелдер әртүрлі әшекей бұйымдарды көптеп қолданды. Оларға моншақтар, сырғалар, білезіктер және т.б. жатты. Әрбір ұйғыр әйелі өмір бойы білезік тағып жүреді. Қастарын *hosma* өсімдігімен бояп қояды.

Тағамы. Ұйғыр аспаздық өнері халықтың материалдық мәдениетінің үлкен бөлігі. Ол өзінің бойында Батыс пен Шығыстың, ежелгі мен қазіргінің өзара әсерін жинақтаған, сонымен қатар бұл – ұлы шеберлік, фантазия, талғамның әсемдігі мен үйлесімділігі. Ұйғыр асханасы тағамдарының әр алуандығы мен әртүрлілігі соншалық оның бәрін қамту мүмкін емес.

Ұйғырлардың дәстүрлі тағамдары әртүрлілігімен ерекшеленеді. Тау ұйғырларының тағамы туралы Н.М. Пржевальскийдің жазып кеткені бойынша, жаздыгүні олар тағамдарына сүт, арпа, бидай немесе жүгеріден жасалған нанды қолданды. Кейде күрішпен араласқан етті қойдың ішегіне толтырып, қайнатып пісіретін. Қыста сүтпен шай ішетін, анда-санда ет жейтін болды.

Сондай-ақ зерттеуші көгалды алқаптарда мекендейтін ұйғырлардың тағамы туралы да жазып кеткен. Олардың тағамы сан алуан болып келеді. Мұнда басты тағам көкөністер, шәй мен күріш болды. Ет пен күріштен палау жасаса, ұннан бәліш, құймақ, лағман және әртүрлі сорпалар пісірді.

Салқын тағамдарының өзі әртүрлі көкөністерден, қуырылған көкөністер мен қайнатылған көкөністерден жасалған салқын тағамдар болып екі түрге бөлінеді. Салқын тағамдардың ішінен ерешеленетіні гүл тавақ – гүлді табақ, ол әртүрлі көкөністерден, еттер мен дәмдеуіштерден араластырылып жасалған тағам.

Ұйғырлардың негізгі ұлттық тағамдарына ұн, жүгері, күріш, көкөніс және еттен жасалған тағам түрлері жатады.

Нанды бидай немесе жүгері ұнынан жасайды. Нанды ашытып, арнайы пешке пісіреді. Қазандағы сұйық майға қыздырып пісіретін катлима, хворост, заңза сияқты нан түрлері бар, оларды көбінесе мереке күндері дайындайды, оларды жұқа құймамен пісіреді. Күнделікті тағамдарына, негізінен, ет және көкөністер, күріш (шова) және кеспе қосылып (суюк аш) жасалған сорпа жатады. Қазақстанда тұратын ұйғырлар кеспемен жасалатын тағамдарды жиі даярлайды.

Ұйғыр асханасының ең ұнамды және кеңінен таралған тағамдарының бірі – лағман. Бұл қамырдан созылған жіңішке, ұзын кеспе бетіне арнайы бөлек даярланған тұздықты құйып ұсынатын тағам түрі. Ұйғыр асханасының әрбір тағамының өзінің ерекшелігі бар. Мәселен, лағманды махаббат тағамы деп атайды. Ұйғырларда жыл мезгіліне байланысты, лағман төрт түрге бөлінеді. Көктемде бұл тағамның тұздығы жасыл пияз, жусай өскіндері, балдыркөк (сельдерей) мен шалғамнан, жазда – қияр, сарымсақ, жусай, қысқа және ұзын үрме бұршақ, қызанақ, жасыл және қызыл бұрыш,

баклажан, басты пияздан дайындалады. Күзде – сәбіз, кольраби, шомыр, шалқаннан, қыста – кептірілген және тұздалған көкөністерден жасалады. Сонымен қатар лагманның кеспесінің қалыңдығына, ұнның түріне байланысты даярлану әдістерімен ерекшеленетін түрлері де бар.

Күріш, қуырылған ет, сәбіз және жуа қосып палау пісіреді. Палауды көбінесе мереке күндері дайындайды. Қой етінің сорпасына көкөністер қосып, ботқа қайнатады (Шәвлә). Қою күріш ботқасын қой еті мен кептірілген көкөністерден жасайды (гуруч аш), бұл тағам кезінде кедейлердің тағамы болған. Қазіргі кезде дәстүрлі мереке күндері жасалатын тағам түріне айналған (омач). Ұйғырлардың сүйікті тағамдарына түшпара (чошура), қой етінің сорпасы, үлкен түшпара (манты), буға пісірілетін нан (холук нан), қойдың етіне жуа, асқабақ қосып пісірілген бәліштер (гөшнан немесе самса) жатады.

«Манты» тағамы «жігіттер тағамы» деп аталады. Оларды бір біріне қойылған торкөздер – «қасқан» немесе қамыстан тоқылған, «жимбил» деп аталатын құрылғыдан тұратын жайпақ ыдыстарда буға пісіреді. Олар түшпаралар («чошуря») сияқты жайылған қамырдың ішіне ет және басқа да салма салынып дайындалады. Бұл тағамның әртүрлілігі дайындау әдісіне, қамырына және ішіне салынатын компоненттеріне байланысты болады. Мантыны тұзы жоқ, ашытылған қамырдан дайындайды, ішіне салынатын компоненттері де әртүрлі болады, яғни ет, пияз қосылған асқабақ, жусай, інжір, жоңышқа, жасыл пияз, айва, көкөністер және т.б. болуы мүмкін.

«Чошуряны» жас жұбайларға некелері қиылғаннан кейін екінші күні, көп балалы және ауқатты болсын деген тілек белгісі ретінде дайындайды. «Чошуряны» бірінші тағам ретінде де, екінші тағам ретінде де ұсынуға болады.

Ұйғырлар көбіне палау пісіреді. Негізінен, бұл қонақтардың тағамы болып саналады. Көпшілік үшін палауды тойға немесе қайтыс болған адамды еске алу күніне арнайы шақырылған ашпяз (аспаз) дайындайды. Палау дайындау үлкен шеберлікті қажет етеді. Палауды күріштен, еттен, сәбіз бен пияздан, көбіне сарымсақ немесе мейіз қосып пісіреді.

Самса ежелден келе жатқан ұйғыр тағамдарының біріне жатады. Самсаның нағыз атауы – самсу. Бұл – қамырдың ішіне тартылған ет пен пияз, асқабақ, көкөністер мен жемістер салынып даярланған тағам. Самсаны тонда немесе тандырда (нан пісіруге арналған конус тәрізді пеш) пісіреді, ол майға пісірілген тандырлық самса түріне жатады. Самсаны дайындау әдістері оның қайда пісірілетіндігіне байланысты болады. Мысалы, тандырлық самса үшін қамырды тұз қосып, қатты етіп илесе, қазанда пісірілетін самсаға қамырды жұмсақ, әлсіз қылып илейді, сондай-ақ қамыр қатпарлы немесе ашытылған болуы да мүмкін.

Самсамен қатар поря, гош нан, олуқ нан сияқты тағам түрлерін де көптеп пісіреді. Поря дегеніміз – арасына көк шөп, жусай, жоңышқа, көктеген бидай, әскөк, орамжапырақ, кинза салынған самса тәрізді тағам. Ішіне ұсақтап туралған ет пен пияз салуға да болады. Гош нан арасына ет пен пияз салынған қазанда пісірілген самса.

Олуқ нан дегеніміз – сәбіз, асқабақ, жусай, жасыл пияздан және т.б. салынып дайындалып, буға пісірілген орама. Ұйғырлардың аспаздық өнері Орта Азияның барлық аумақтарында танымал екені белгілі. Қазіргі кезде ұйғыр асханалары көптеген қалалар мен ауылдарда бар.

Тамақтану жүйесінде шай маңызды рөл атқарады. Жетісу ұйғырлары шайға тұз, сүт қосып іше (әткән чай), Ферғана ұйғырлары көк шаймен қатар, негізінен, қара шайды да ішеді.

Ұйғыр халқының ұлттық тағамдарын Орта Азияда кеңінен қолданады. Қазіргі кезде қарапайым ұйғыр халқының жалпы материалдық деңгейінің жақсаруы, негізінен, олардың тамақтануынан көрінеді. Мал шаруашылығының дамуына байланысты күнделікті өмірде ет пен сүтті көптеп қолдана бастады. Тамақтардың құрамы да өзгерді. Күнделікті тағам даярлауда күнжіт майымен бірге қойдың майын қолданды. Шайға кептірілген ірімшік қосып ішеді. Тағамдарының құрамына картоп, орамжапырақ, қызанақ сияқты және тағы басқа көкөністер енді. Қазақстан ұйғырларының тағамдану жүйесінде жаңа тамақ түрі қуырдақ (кордак) пайда болды. Оны жасау үшін картоп пен етті араластырып, оған жуа мен бұрыш қосады. Ал Өзбекстан ұйғырлары картопты көптеген

тамақтарына қосады. Мысалы, палау мен лағманға да қуырылған картоп араластырады. Барлық тағамдарын отқа қойылған үлкен қазанға даярлап, әрбір қолданыстан кейін қазанды жуады. Уақыт өте қазанды қырғышпен қырып, тазалайтын болды. Ал бұға пісіретін тағамдарын (мысалға манти) темір тор ретінде жасалған, бірінің үстіне бірі қойылған қасқан немесе қамысқа оралған (жимбил) жалпақ табақтарға пісіреді.

Қазақстанда бертіңгі кезге дейін ашытқыға арналған астау (тәңна), үккіш, тәрелке (тавак) секілді қолдан жасалған ағаш ыдыстарды пайдаланды. Ыдыстардың көп бөлігін базарлар мен дүкендерден сатып алады. Қазақстан ұйғырлары кезінде тамақты ағаш таяқшалармен жесе, қазір ондай дәстүр сирек кездеседі. Кейбір тамақтарды (палау, манти) үлкен табаққа салып жейді. Қара, көк шайды кішкентай кесеге құйып ішеді. Қазақстандағы ұйғырлар тамақты аласа үстелге ішсе, Ферғана ұйғырлары тамақты жерге төселген дастархан басында ішеді. Тамақ алдында және соңында қолдарын жуады.

Кәсіптері. Металдарды көркемдеп өңдеу, оның ішінде ұсталық кәсіп, ыдыс-аяқ, зергерлік бұйымдар жасау ұйғырлардың ежелден дамыған қолданбалы өнерінің түрлеріне жатады. Ұйғыр халқының ұсталық өнері қазіргі кезде де кей жерлерде сақталып келеді. Мәселен, қазірде Жаркентте және көптеген ауылдарда жеке шеберханалар бар. Олар кетпен, үлкен пышақтар, шана және т.б. жасаумен және металл заттарды қайта қалпына келтірумен айналысады.

Зергерлік өнер. Ұйғырлардағы зергерлік өнер жоғары деңгейде болды. Қазіргі күні де бұл үдеріс әлі жалғасын тауып келеді. Ұйғыр халқының зергерлері көбінесе жұмысты жеке жасады. Зергердің шәкірттері тек оның балалары мен туыстары ғана болды. Алайда зергерліктің кейбір құпияларын балаларына олар тек өмірден өтер шақта ғана ашатын. Осылайша, металды көркем өңдеудің ерекше әдіс-тәсілдері ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Зергердің шеберханасы үйдің жанында орналасты, осы жерде ол тапсырыстарды да қабылдады.

Зергердің жұмысы ауыр болды және әртүрлі нәзік құралдарды қажет етті. Оның басты құралдары – көрік (отқап), төс (сандал),

үлкен балға (болка), кішкене ара (кил хиря), қысқаш, қалып, қайшы және т.б. болды.

Зергерлік бұйымдарды жасауға қолданылатын негізгі материал алтын болды. Ертеректе күміс те көптеп қолданылды, алайда ол тек ірі бұйымдарды жасауға пайдаланылды. Ұйғыр зергерлері қымбат металдарды өңдеудің соғу, балқытылған металды қалыпқа құю, кептеу, тыныкелеу, қаралау, сымкәптеу, сіркелеу сияқты әртүрлі әдіс-тәсілдерін білді.

Ертеде күміс бұйымдар алтынмен апталып (зярхал), оны таза алтыннан ажырату өте қиын болды.

Ұйғыр зергерлік өнерінде металл қымбат және жартылай қымбат түрлі түсті тастармен толықтырылды. Олар жақұт, лағыл, меруерт, маржан сияқты тастар болды. Ертеректе бұндай тастар сәндік қана емес, қорғаушы функциясын да атқарды.

Қазақстан және Орта Азия ұйғырларында ХХ ғ. бірінші ширегінде зергерлік бұйымдардың дәстүрлі жинағы сақталды, алайда бұл кезде ол өзінің бұрынғы түрін жоғалта бастаған еді. Дәстүрлі жинаққа: сырға – кашгар зира, пйяпзя, шилдирма, ай халка; жұқа жалпақтығы әртүрлі білезіктер – том биляй узюк және бұрама (толгума биляй узюк); жүзіктер – узюк, шашқа тағатын әшекейлер – чач тянзя, чач пепюк; кеудеге тағатын зергерлік бұйымдар – әртүрлі тұмарлар, моншақтар – мажан, хекык мончак, түйреуіштер туюргуч; басқа тағатын сәндік бұйымдар – кадак, гюль кепиняк кірді.

Шашқа, басқа, кеудеге тағатын сәндік заттар ХХ ғ. бірінші ширегінде де сақталды. Дәстүрлі сырғалар, білезіктер, жүзіктер, түйреуіштер 40-50 ж. дейін қолданылып келді, кейін қолданыстан шығып қалды. Соңғы кездері басқа халықтардағыдай ұйғыр халқында да ұлттық зергерлік бұйымдарға деген қызығушылық артып отыр.

Ағаш өңдеу. Ағаш өңдеу ісі – ұйғыр халқының ертеден келе жатқан дәстүрлі кәсіптерінің бірі. Ағаш ұстасын ұйғырлар ягашчи немес ұста деп атайды. Ягашчи өнімдері қалада да, ауылда да жоғары сұранысқа ие болды. Ауыл ұсталары кез келген тапсырысты қабылдай берсе, қала ұсталары арасында бәсекелес-

тік жоғары деңгейде болды. Қала ұсталары мешіт, медресе сияқты ғимараттардың күрделі элементтерін де орындайтын. Қазан төңкерісіне дейін Жаркентте ағаш ұсталарының бүтін кварталы «ягачи махалля» болды. Бұл атау 1930–40 ж. дейін сақталып келді.

Ягашчи мамандығы ұрпақтан-ұрпаққа, туыстарына жалғасып, беріліп отырды. Ұста үйіндегі шеберханада немесе үйіне жапсарлас бөлмеде жұмыс істеді. Ағаш шебері, негізінен, тапсырысқа жұмыс істеді, алайда кейде өз бұйымдарын базарға да шығаратын болды. XX ғ. басында ұйғыр шеберлері көршілес азиаттық ауылдар және қалалармен қатар, орыс қоныс аударушылары, казактарға балташы, ағаш ұстасы болып жалданды.

Ягашчи балташылыққа бағытталған қара иш және көркем жұмысқа бағытталған ақ иш деп аталатын орындаушыларға бөлінді. Оның ішінде үйлерді безендіруші, жиһаз жасаушыларды ягашчи, музыкалық аспаптарды жасаушыларды ұста, ауылшаруашылық құралдарын жасаушыларды арычи деп атады. Кейбір шеберлер тек бір затты жасаумен ғана айналысты, мәселен, сандық жасайтындарды сандукчи деп атады.

Ягашчи құралдары сан алуан болды. Оған жұмыс столы, балталар жиынтығы, сүргі, токарь станогы, шот, бұрғы, егеу, ара, бұрғы, қырғыш және т.б. болды.

Бұйымдарды жасауға ұста жергілікті ағаш түрлерін қолданды. Олар: тяньшань шыршасы, қарағаш, тал, алмұрт ағашы, жиде, қайың, жаңғақ ағашы, емен т.б. болды.

Ағаш ұсталары үйлерді безендіру, ауылшаруашылық құралдары, жиһаз, ыдыс-аяқ, музыкалық аспаптар, сәндік заттар жасаумен айналысты.

Бақылау сұрақтары:

1. Ұйғыр халқының негізгі айналысатын кәсіп түрлеріне тоқталыңыз.
2. Ұйғыр баспана түрлері қандай болды?
3. Ұйғыр халқының ұлттық киім түрлеріне талдау жасаңыз.
4. Ұйғыр халқының зергерлік өнері және әшекейлері қандай болды?
5. Ұйғыр халқының дәстүрлі тағамы қандай?

2.11. Қырым татарлары

Тағамы. Саяхатшылардың жазбаларында Қырым халықтарының асханасында болған ғасырлар бойғы өзгерістер туралы деректер көптеп кездеседі. Ең ерте деректер XIII ғасырдың ортасына жатады. Тағамды тұтыну оның құрамымен ғана емес, исламға дейінгі дәстүрлі ғұрыптармен де шектелді. Бұл шектеулер кейіннен қырымдық татарлар үшін этикет ретінде сақталып, дәстүрлердің мағынасы жойыла бастады.

XIV ғ. аяғында И. Шильтбергердің айтуынша, «Қырымның далалық аймағының тұрғындары дәнді-дақылдардан тарыны ғана егеді және нан жемейді, шарап ішпейді, оның орнына жылқы мен түйе сүтін ішеді. Сүттен басқа осы жануарлардың етімен қоректенеді».

Бұдан көретініміз: татарлардың негізгі тағамы жылқы еті мен оның сүті болды және нан жемеген. Күрішті қайнатып үстіне қышқыл сүт құйып, күнге кептірген. Етті жіліктеген соң оны сумен жумаған, себебі жуылған ет өз дәмін жоғалтады деп есептеген (шығыста бұл дәстүр әлі күнге дейін сақталған). Еттің бір бөлігін асуға алып қалса, екінші бөлігін қуыратын болған. Етті асу барысында көбігін кішкене шыбықтармен алып отырған. Балдан масайтатын сусын дайындаған.

М. Броневскийдің (1578 ж.) айтуынша, татарлар жылқы, түйе, сиыр, қой еттерін тамаққа пайдаланған. Атақты және ауқатты адамдар нан жеп, дәмі тәтті масайтатын сусындар ішкен. Қарапайым халық нанның не екенін білмеген және оның орнына дәнді-дақылдарды түйіп, ұнтақтап, сумен, сүтпен араластырып жеген.

Жаугершілік уақытында жылқы етін жеген (қақталған, ысталған немесе кептірілгенін, сүйектерінен тазаланып, ұсақ етіп кесілгенін качак деп атаған), оны өздерімен бірге қапқа салып алып жүрген. Бейбіт кезеңде ірі қара мал етін жеп, бие сүтінен жасалған ірімшік, сүт пен қымыз тұтынған.

Доминикандық монах Жан де Локтың (1625 ж.) жазуынша, далалы Қырымда көшіп жүретін перекоп татарлары нанды аз мөлшерде жеген және жылқы етін көп пайдаланған. Құлынның жас еті таңсық ас болды, оны тек тойларда қонақтарға ұсынған.

Масайтатын сусын ретінде қымыз (chimus) және бозаны (boza) ішкен. Бозаны тары ұны мен ашыған сүт катыктан жасаған.

XVII ғ.басында әр татар жолға өзімен бірге аз мөлшерде сұлы немесе тары ұнын алатын болған. Тарыны ұнтақтамас бұрын оны қуырып алған, ал ұнды тері қапта сақтаған. Ұннан ішетін сусын ретінде пексинат жасаған, оған аздаған тұз қосқан. Сондай-ақ жолға өздерімен бірге қытырлақ нан куркумды (майға қайнатылған қамыр қалдығы) да алып жүрген.

Саяхатшылар далалықтардың сүйікті асы жылқы еті екенін, сонымен қатар ұнды жылқы қанымен араластырып, бұқтырылып жасалған ботқаны да сүйіп жегенін жазған. Жорыққа шыққанда етті ерекше әдіспен даярлаған, жолға шығарда етті тоқымның астына салып алатын болған, біраз уақыттан соң еттің қаны сорғып, жұмсарғанда етті жеген. Далалықтардың негізгі тағамы болғандықтан, еттің көптеген даярлау тәсілдері болған. XX ғ. басында Қырым татарлары дәстүрлі тағам ретінде жылқы мен түйе етін қолданды, сонымен бірге оларда қой мен сиыр етін тұтыну кең өріс алды.

Татарлар бидай ұнынан күнде танертең нан пісірген.

Халық арасында катлама деп аталатын ашыған қамырдан жасалған қалаштар кең тарады. Сондай-ақ ашыған қамырдан әртүрлі формада кесілген және құйрық майға қуырылған лукумы деп аталатын тағам жасады, әртүрлі көлемдегі тұшпаралар дайындады (қъашыкъаш немесе татараш).

Далалықтарда сүттен жасалған тағамдардың түрлері көп болды. Оны ұйыған және ұйымаған түрде көп мөлшерде даярлаған. Сүт тағамдарының ішінде негізгі орында қышқыл сүт (егъурт), сүзілген қой сүті (сюзме къатык) және ірімшік (ырымчык) болды. Қаймақ (каймак) пен майды (сары яг) ағаш күбілерде сақтаған. Сиыр, ешкі және қой сүттерінен жасалған ірімшіктер кең таралған. Қымыздан басқа сүтті сумен араластырып, тұз және сарымсақ қосып сусындар дайындаған.

Сүт қосылған сорпалар мен ботқалар тұтынған, мысалы, чурпа, тарыдан және қышқыл бие сүті – катыктан жасалды. Көктем мен күзде сүт тағамдарын көбірек тұтынды, ал қыста кептірілген немесе сүрленген ет, ірімшік (жиі қақталғаны), тоң май және дақылдыларды жиі тұтынды.

Шайларына әдетте сүт пен май қосып ішкен. Бұл шай шөлді басып қана қоймай, қыста тойымды және денені жылытатын болған. Ал, ноғайлардың ойынша, бұл шай шаршағанды басып, адамды төзімді етеді және әртүрлі аурулардан айықтырады. Қымызға да емдік сусын ретінде қарап, қымыз өкпе ауруларынан айықтырады деп есептеген. Ыстық күндері шөлді басқа сусындармен салыстырғанда жақсы басатын және ең көп тараған сусын язма (сумен араластырылған катык) деп аталды.

XIX ғасырдың ортасында В.Х. Кондараки қымыз туралы: «ол Тавриядан ары жерлерде жасалмаған және далалықтардың соңғы қоныс аудару кезеңінен бастап қолданыстан шығып қалған, өйткені дәстүрлі түрде бие сүтін ішпегендіктен, оны таулы-жағалаулы татарлар ішпеген» – деп жазған. Ал бозаға келетін болсақ, онсыз ешқандай мереке өтпеген. Ол тәтті, кәдімгі және баш-буза (масайтатын) деп үш түрге бөлінген. Бұл сусын тарыдан жасалған және жылдың суық мезгілдерінде ғана далалы Қырымда кең таралған.

Отырықшылыққа өтуге байланысты далалықтарда бау-бақша өсіру дамып, сонымен бірге ас мәзіріне қияр, кәді, бұрыш, қызанақ, асқабақ, қауын, қарбыз кірді.

Кондаракидың айтуынша, XIX ғасырдың ортасында бүкіл Қырым жерінде бахшасарайлық кебабтар (кәуаптар) және пеныр-боректер (ірімшік салынған бәліштер) танымал болған. Оның айтуынша, сүттен жасалған азықтардың ішінде негізгісі болып катык саналды (сорғытылған, тұзды ашыған сүт), оны суға езіп, әртүрлі дәмдеуіштер қосқан. Ірімшік те кең таралған тағам болды. Тамыз айында таудағы малшылар қой сүтінен брынза ірімшігін қайнатқан. Ол үшін қойлардың біраз бөлігін екі апта уақыттай жеке баққан. Содан соң сауып алып, сүтін үлкен қазандарға құйып, қазандарды жанып жатқан оттағы мосыға қойған және оны қасынан кетпей араластырып отыру керек болды. Малшылар ірімшікті жыл бойына жететіндей көп мөлшерде жасаған, бір бөлігін өздеріне алып қалса, бір бөлігін қожайынына берген.

Қырым татарлары ежелден аңшылықпен айналысқан, аулаған аңдардың етін тағамға пайдаланған.

Ішіне жеміс-жидектер, кей кездері сүтте қайнатылған қалақай қосып, татарлар дәмді бәліштер пісірген. Майлы шекерлі курабье, рахат-лукум, халва, мейіз, ляблябля (тәтті бұршақ) және кептірілген қара өрік кеңінен таралды. Тағамдық рационда міндетті түрде дәмді сусын – щербет болды, оны бекмезден жасады. Бекмез – әртүрлі жемістерден қайнатылған сусын, оны қайнамаған қалпында да тағамға пайдалана беруге болады.

Киімі. XIII ғ. ортасындағы саяхатшылар Рубрук пен Плано Карпинидің жазбалары бойынша, далалық татарларда ерлер мен әйелдер киімінің айырмашылықтары болды. Әйелдердің бас киімі Алтын Орда үлгісіне ұқсас және моңғолдардікіне жақын болды. Ал XIX ғ. қазақтардың бас киімі тәрізді, конус пішінді, теріден жасалған үлпілдек бас киімдерді Қырымның далалық қыздары киген. Бұл жерде ерекше атап кетер жайт, қырымдық татарлардың ежелден ортаазиялық аймақпен, нақтырақ айтқанда қазақ этносымен байланысын көрсетеді. Далалық Қырымда ертеден ерлер де, әйелдер де бешпенттер киген. Осыған ұқсас бешпенттер ноғайлықтарда да болған. Оларда Солтүстік Кавказ ноғайларының киімімен ұқсастығын көрсететін салтанатты каптан көйлегі болды (XIX ғасырдың аяғында Қырымның далалық аймақтарында киген).

Ерлер киімінің кешені ақ матадан тігілген кең, ұзын жеңді жейде (жеңі шынтаққа дейін түріледі), кең шалбар, көбіне қызыл түсті болып келетін, түймелері бір қатарға тығыз етіп қадалған, шұғадан алтынмен тігілген камзол сияқты бөліктерден тұрды. Ерлер үстіне жолақты жібек матадан тігілген шапан жауып жүрген. Ауқаттылар шапанды тегіс матадан тіккен және алтынмен кестелеген. Белін жалпақ белбеумен байлайтын болған. Бай адамдар белбеулерді алтын қамқадан тіккізген. Әлеуметтік жағдайы жоғары топ ұзын, алқымы ашық, жеңсіз, көкірек тұсы бүрмеленіп тігілген жамылғы жауып жүрген.

Сыртқы киім түрі ретінде барлық әлеуметтік топтағылар үстіне күләпаралы жадағай киген. Қалпақтың ішінен шілтеріленіп тігілген, адам басы пішіндес ақ тақия киген. Қалпақтың сыртын сәлде тәрізді етіп матамен ораған. Сәлденің пішіні оны тағушы-

ның әлеуметтік беделіне байланысты болды. Аяқтарына шәркей немесе жұмсақ етік киген.

Әйелдер киім кешені ақ матадан тігілген, ұзын, кең жеңді көйлек (байлар жібектен тіктірген), төменгі жағы боялған матадан жасалған, ұзын, кең бүрмелі тобықты жауып тұратын шалбар, әдетте жолақты жібек матадан тігілетін кең көйлектен тұрды. Көйлектің жоғары жағы қынамаланған, етегі кең болды. Көйлектің сыртынан алтынмен тігілген камзол киген. Оның мойын тұсы ойма жағалы және бір қатарға жиілетіп орналасқан түймелермен түймеленді. Беліне күміс әшекейлі белбеу таққан. Әйелдер бастарына әртүрлі орамалдар таққан. Ал қыздар шошақты дөңгелек бас киімдер киген. Дін жолындағы жас әйелдер бастарына сәлде таққан. Басы мен денесін ұзын жамылғы чаршав жауып тұрған. Көшеге шығарда бетіне көздің орнына ашық орын қалдырылып, жылқы жалынан жасалған тор-перде тағып шыққан. Түркияда оны буркуа деп атаған, ал Қырымда чадра деп атады. Бай әйелдер үстіне жібек жамылғы жапса, ал қарапайым қалалық әйелдер жүннен немесе мақта матадан жасалған жамылғы жапқан. Аяқтарына шәркей немесе сары түсті жұмсақ етік киген.

1826 ж. Түркияда жүргізілген реформа (II Сұлтан Махмұд өзіне бағынышты аумақ халқын еуропалық өмір мен тұрмысқа жақындатпақ еді) Осман империясы аумағында, атап айтқанда таулы-жағалаулы Қырымда жаңа киім үлгісін қалыптастырды. Бұл киім үлгісі дәстүрлі элементтерден бас тартуға мәжбүр етті. Осылайша сәлдені тақия, байлардың ұзын жібек комзолдарын кестеленген кеудеше алмастырған болатын. Бүкіл денені жауып тұратын, ұзын, кең жадағай машлах жоғала бастады. Көк түс енді қара түске ауысты. XIX ғасырдың ортасына таман жаңа киім түрлері бүкіл империяға таралды.

Дәстүрлі киім бас киімдер, ішкі, сыртқы, үй жағдайындағы және көшелік киімдер болып бөлінді.

Этникалық және тарихи жағдайына байланысты далалық және таулы-жағалаулы татарлардың киім кию мәнерінде, әсіресе киім түстерінде ерекшеліктері болды.

Таулы-жағалаулы Қырымда әйелдердің де, еркектердің де аяқ киімдері үйшілік және далалық болып бөлінді. Барлық аяқ киімді ұзын, тоқылған шұлық чорабпен киген. Үйде жұмсақ табанды, әдетте сары түсті сафиян етік мест киген, ал кәрі адамдар қара түстісін киген. Жастарда ол алтын жіптермен безендіріліп, бастырмамен өрнектелді.

Уақыт өте келе өзгеріске ұшыраған былғары етіктерді де киген. XIX ғ. басында бұл етіктердің өкшесі аласа болды, қонышы тобықтан балтырға қарай кеңейе түскен. Ал XIX ғ. аяғына қарай етіктер жылтыр былғарыдан тігіліп, тізеге дейін жетіп тұрған және өкшесі биік етіп тігілген. Негізінен, мұндай етіктерді ауқатты адамдар киген. Таулы жерлердегі кедейлер мен шопандарда үшкір тұмсықты постолдар кең таралды. Бұл етіктерді әркім өзіне арнап, төрт бұрышты шикі теріден тігісін алдына не артына қаратып тіккен. Үстіңгі жағынан қалдырылған ойықтан жіңішке, ұзын бау өткізілген (ұзындығы 3 м дейін болған), ішінен шұлғау киді.

Далалықтар үйде мақтадан сырылып тігілген етікпен жүрген. XIX ғ. басынан бастап халық арасында Орта Азияда кең таралған қара түсті, жұмсақ етік мес (мәсі) танымал болды. Терең туфли аяққапты (орыс ықпалының нәтижесінде калош деп аталды) далаға шығарда мәсінің сыртынан киген.

XIX ғ. таулы-жағалаулы аймақта Түркиядан келген ашық көйлек антер тарала бастады. Бұл көйлекті, негізінен, жібектен тіккен, ол кеудені тартып көрсетіп, оңнан солға қарай бүрмелі кең белдемшемен жалғасқан. Көйлектің ұзындығы оны киген тұлғаның жасымен байланысты болды. Жасы ұлғайған әйелдің мұндай көйлектері ұзын болды. Сыртынан ойма жағалы, тиындармен безендірілген көкірекше киген.

XX ғ. басына таман қырымдық татарлардың ер адамдарының іш киім түрлеріне мақта-мата, кендірден немесе жібектен тігілген жейде және кең шалбар жатты. Жейде сыртынан міндетті түрде шұға кеудешелер киді. Бұл кеудеше кейде белге дейін түсіп тұратын болған және алды ашық, бір қатарға жиілетіп тігілген түймемен түймеленген. Кей кездері бұндай кеудешені жеңсіз кеудешелер алмастырып отырған. Екеуі де алтын жіптермен көм-

керілетін болған. Сыртқы шалбарлар шұғадан тігілді. Бел тұсы кең, балағы тобыққа таман қысқара түсті. Бел тұсы кеудеше мен шалбар сыртынан белбеумен оралды, кейіннен жастар арасында күміс белбеулер тарала бастады. Қысқы киім түрлеріне шапан, бешпент, жүн кеудешелер, тондар, киізден жасалған шапандар жатты. Бас киім түрлері түрлі түсті жүннен, кендірден немесе теріден тігілді. Олардың ішінен әдетте жеңіл тақиялар киген. Жазда тақия киіп жүрген. ХІХ ғасырдың ортасына дейін барлық қоғамда сәлде кең таралды. Одан кейінгі кезеңде сәлде жоғалып, ол діни адамдардың киім кешенінде ғана сақталды. Аяқ киімдер үйшілік және далалық етіктер болып бөлінді, оларға мәсі, бауы бар, аяқты тізеге дейін тартып тұратын шәркейлер, әртүрлі туфлилер және үй шәркейлері жатты. Бұның бәрі шұлықтың сыртынан киілді.

Әйелдердің киім кешеніндегі іш киімдер ерлердікі сияқты көйлек пен кең шалбардан тұрды. Әйелдердің көйлегі ерлердікінен тігісі мен ұзындығымен ерекшеленді, оның ұзындығы еденге дейін түсіп тұрған. Әйелдердің шалбары екі түсті матадан тігілді, оның төменгі жағы қанық түсті матадан тігіліп, тобыққа дейін жетті. Жейде сыртынан кең, ашық бүрмелі көйлек киілді. Көйлектің жоғары жағы қынамаланған, белден төмен қарай кеңейе түседі, жағасыз, омырауы ашық болды. Бұл көйлектер жібек, мақпалдан тігіліп, жеңі мақпал, алтынмен безендірілді. Ертеде көйлек сыртынан жібектен тігілген алжапқыш таққан. Уақыт өте келе оны тек егде тартқан әйелдер ғана тағатын болды.

Белге әртүрлі күміс белбеулер тақты. Алжапқыштың сыртынан шәлі байлаған, арт жағынан оның бұрышы еденге түсіп тұрған. Түрлі түсті мақпалдан тігілген кеудешелер кең таралды. Қыста жүннен тоқылған және іш жағы астарланған күртешелерді киген. Бас киім бірнеше орамал мен бөкебайдан тұрды, олардың кейбірін байлайтын болса, кейбірін жай ғана жауып жүретін болған. Тек таулы-жағалаулы Қырымда ХХ ғ. 80-жылдарға дейін мұсылман әйелдердің жамылғысы фередже-марама қолданыста болды. Ол әйелдің беті, шашын жауып тұрды, тек көздің орнында ойық жасалған. Уақыт өте келе таулы-жағалаулы Қырымда шапан тәрізді киім фередже кең тарады. Оны кейде үстіге жамылғы

ретінде пайдаланса, кейде мұсылман әйелдер басқа жауып жүрді. Жас қыздардың бас киімі күрделі әшекейленген тақия болды, оның астынан арқасына бұрым түсіп тұрды.

Зергерлік бұйымдары. Әйел киімінің кешенін әртүрлі зергерлік бұйымдар толықтырды. Зергерлік бұйымдар киім кешенімен біртұтас қарастырылды.

Зергерлік бұйымдарға бас киім (көбіне тақияларға) және белбеулердің әшекейлері, сонымен қатар білезіктер, сырғалар, сәнді түйреуіштер, алқалар, сақиналар, салпыншақтар жатты. Таулы аймақта бұйымдар әдетте алтын немесе алтын жалатылып жасалды. Білезіктер билезик деп аталды және олар бірнеше әшекейлі бөліктен тұрды. Олар бір-бірімен жылжымалы сақиналар арқылы жалғасып, ауқатты әйелдерде қымбат тастармен безендірілген. Купе деп аталатын сырғалардың сұлбасы әртүрлі болды, олардың ішінде көбіне салпыншақтарымен немесе ай тәріздес түрлері кең тарады.

Көйлекке мойын тұсынан тағылатын түйреуіштердің түрі ортасынан түйілген бау тәрізді, ромб немесе сопақша пішіндес болды. Халық арасында сырға мен бунджак белгілі болды. Сырғалар шынжырлы екі ілгектен тұрған, бір ілгек құлаққа тағылса, келесісіне түрік тиыны ілінетін болған. Тиынның астына тағы екі моншақ ілінген. Сырғаларды қызыл бисерлі жіп жалғады, оның ортасына үш тиын ілініп, ең үлкені ортасына тағылды.

Екінші кеуде әшекейі тэпяу-ине (түр. «тепе» – үсті, «инеп» – түсіңкі) екі әшекейленген тілімшеден тұрды, олар бір-бірімен ілгекпен жалғасты. Әрбір тілімше жүрек пішіндес болды және әрқайсысында жапырақ тәріздес бес салпыншақ ілінген. Осылайша ол бес қатарлы алқа түрінде болды. Әртүрлі сақиналар да таққан.

Далалық әйелдердің әшекейлері көбіне күмістен жасалды. XX ғ. басына дейін әйелдер танауға үлкен сақина тақты. Сол жақ танауға тек бай әйелдер ғана сақина таққан.

Бақылау сұрақтары:

1. Қырым татарларының негізгі айналысатын кәсіп түрлеріне тоқталыңыз.
2. Қырым татарларының баспана түрлері қандай болды?

3. Қырым татарларының ұлттық киім түрлеріне талдау жасаңыз.
4. Қырым татарларының зергерлік өнері және әшекейлері қандай болды?
5. Қырым татарларының дәстүрлі тағамы қандай?

2.12. Қырымшақтар

Баспанасы. Қазіргі кезде қырымшақтардың тұрғын үйлері жайлы әдебиет аз. Олардың қала жанындағы селолары қоғам мүшелерінің үйлерінен құралды және ғибадатхана шіркеуінің маңында орналасқан.

XVI ғасырдың 40-жылдары мен XX ғ. қырымшақ қоғамы Қарасубазар қаласының шығыс бөлігінде орналасты, ол Қарасу өзенінің сол жағалауында болды. XX ғ. басында ол Қырымшақ маңы деп аталды. Ортағасырлық Кофеді (Феодосии) қоныстар Митридат тауының шатқалында, XIV ғ. Къаал маңында орналасты. Ортағасырлық Қырым аумағында қырымшақтар қоғамы Кемал-Ата шатқалында орналасқан қырымшақтар зираты маңында тұрды. XIX ғ. аяғында Симферополь қоғамы құрылып, ол қаланың оңтүстік жағындағы қырым татарлары және қараимдармен бірлікте тұруға тырысты.

Қырымшақтардың үй-жайлары тұрғын үй мен ауладан тұрды және биік қоршаумен қоршалды. Өткен ғасырдағы авторлардың айтуы бойынша, қырымшақтардың үйлері саз балшыққа тас қосылып салынған. Тұрғын үйлердің қабырғалары ішкі және сыртқы жағынан саз балшықпен сыланып, әкпен ағартылған. Шатырлары қыш жабынмен жабылған. Үйдің терезесі аулаға қаратылған, ал үй иелерінің өмірін сырт көзден сақтау үшін көшеге жабық қабырғалар мен қоршауды қаратқан. Қарапайым тұрғын үйлер Қарасубазарда XX ғ. 40-жылдарына дейін сақталды. Ол жайлы И.С. Кай өзінің очеркінде былай дейді: «Қырымшақтардың үйлері татарлардікі сияқты терезелері аулаға қаратылып салынған. Орташа тұрғын үйлер асхана (ашхана), алдыңғы (аят) және қосымша бір немесе екі бөлмеден тұрған. Еденге жұмсақ киіз және кілеммен төселген. Қабырғаға да төсегіштер ілінген, ян ястықтар жастықтары қойылған. Бұл жастықтар үй иесінің қолымен тігілген ұзын және жіңішке жапқыш

янчикпен жабылған. Бөлменің дәл ортасына отбасы мүшелері бірігіп тамақтануға арналған софра деп аталатын үстел қойылған. Түнде бұл бөлме жатын бөлмеге айналды. Еденнің барлық жеріне матрастар төселді. Таңертең матрастар мен жамылғылар арнайы жасалған текшеге жиналды. Оны әдемілеп ақ жапқыш чарчеппен жауып, үстіне жастықтарды (баш ястықлар) жинады, осыдан жүк («июк») құралған. Қазір июкті кереует, софраны үстелдер, миндерликті орындықтар алмастырды. Киім сандыққа салынып, мыстан жасалған ыдыс-аяқ сөрелерге қойылды. Қыздары тұрмысқа шығарда ата-анасы онымен бірге барлық қажетті ыдыс-аяқ, әртүрлі тағамдар қосып жіберді».

Тағамдары. Қырымшақтардың дәстүрлі тағамдары жер өңдеу және мал шаруашылығымен тығыз байланысты болды. Сондай-ақ тағамға Қара теңіз, Азов теңіздері балықтарын да қолданды.

Бірінші тағам ет сорпасы және борщ болды, сорпаларға жидектер мен қамыр қосып даярлады. Бакла шорвасы сиыр немесе қой етінің сорпасына бұршақ, қуырылған сарымсақ және үй кеспесі қосылып жасалды. Борщты әзірлегенде етті сорпаға (учкундур) қызылша немесе орамжапырақ қосқан. Жазда құрамына жидек, көкөніс, кұймақ немесе қатық қосылған салқын борщ ішкен.

Екінші тағамдары еттен болған. Бұқтырылған етке қуырылған немесе қайнатылған картоп, қайнатылған күріш немесе үй кеспесінен гарнир жасап, қосып берген. Сиырдың немесе қойдың майлы етінен таветэ, яғни күріш қосылып бұқтырылған ет, борана – орамжапырақ қосылып бұқтырылған ет, картов-аши – қайнатылған картоп және басқа да жидектер қосылып бұқтырылған ет сияқты тағамдар жасаған. Тартылған еттен тефтельдер – кафтэ, яғни әртүрлі фарш қосылған жидектер, талман – капуста жапырағына оралған фарш (голубцы), япроах-сармасы – жүзімнің жапырағына оралған фарш (голубцы), бубер-аши – фарш қосылған болгар бұрышы, алма-толмасы – фарш қосылған алма және т.б. тағамдар жасаған.

Қырымшақтардың тағамдану жүйесінде негізгі орынды қамырдан жасалған тағамдар алады. Қатпарлы қамырдан ішіне ет, картоп, сарымсақ, қызанақ және көкөністер қосып бәліш жасаған.

Ол кубете деп аталды. Бәліштер ішіне ет, көкөніс қосып пастель дайындаған. Тұзсыз қамырдан әртүрлі тұшпара түрлерін (вареники), оның ішінде сузме – кішкене тұшпаралар, плядня – ірімшік қосылған жартылай дөңгелек тұшпара (вареники) жасаған. Қуырылған тағамдардың ішінен тұзсыз қамырдан чир-чир деп аталатын ішіне ет қосылған самсалар, сугулю таблю – дөңгелек пішінді самсалар, шелпектерден катлама даярласа, урчук ең танымал печенье болды. Әрдайым дастарханға әртүрлі тәтті тағамдар қойылды.

Сусындардан көбінесе кофе (кара каве) және шай ішілсе, қуырылған ұн мен балдан жасалатын арле деп аталатын сусынның діни ерекшелігі болды. Сонымен қатар бидайдан буза, жүзімнен шарап (*шарап*), арақ (*ракъы*) даярлады.

Аптаның әр күнінде даярланатын тағамдар түрлері болған. Мәселен, йых баш күні (дүйсенбі) нохут аши, бакла аши, таветэ; орта күні (сейсенбі) картов аши, борщ, сузме, сары-чихлар, фляндя, экшли аш; къан күні (сәрсенбі) – каших кулах, самсалар, тазе балых, фляндя, зымызлы чир-чир, картов аши, борана; кичине немесе кичкене күні (бейсенбі) ауыр күн деп есептеліп, ол күні етсіз тағамдар жасалған. Айне күні (жұма) отбасындағы адамдар жолына деп пішінін ойықтап пастель деп аталатын тағам пісірген. Осы күні сенбіге арнап тамақ және бір жетіге жететін нан әзірлеген. Шаббат күні (сенбі) отбасының барлық мүшелері демалған, ал йюх кун (жексенбі) – бұл күні нан қосып істейтін кап шорва, папара деп аталатын сорпаларды пісірген, ол сорпаларды өткен аптадан қалған нан, пастель, кубетэ, қатық қосып әзірлеген.

Киімі. Қырымшақтардың ұлттық киімдері жайлы әдебиеттер мен деректер өте аз. Олар жайлы этнограф Е.И Пейсахтың XX ғ. 60 ж. шыққан еңбегінде толық мәліметтер айтылған.

Қырымдағы халықтардың дәстүрлі киім үлгісі олардың этникалық ерекшеліктері қоршаған географиялық ортаға байланысты қалыптасқан.

1826 ж. Түркияда болған реформа Қырым халықтарының киіміне өз әсерін тигізді.

Кейіннен европалық аккультурация үдерісіне байланысты осы аймақта европалық киім үлгісі пайда болды. XIX ғ. соңына қарай қырымшақтардың киімінде жекелеген ұлттық элементтер

сақталып қалды. Алайда оны тек арнайы орындарда ғана көруге болатын.

XVII ғ. түрік саяхатшысы Э. Челебиде Қырымға барған естелігінде: «Олардың бәрі татар бас киімдерін киеді, оны күлгін теріден тіккен», – деп мәлімдейді.

XIX ғ. I жартысындағы қырымшақтардың киімдері жайлы мәліметтерді XIX–XX ғ. авторларының еңбектерінен кездестіруге болады. Олардың айтуынша, сол кезеңде қырымшақтардың киімі татарлардың киіміне ұқсас болған. Олардың айтуынша, барлық жастағы қырымшақтар татар киімдерін киген, сырт киім ретінде көк *архалук* киген, белдеріне қанжар салуға ыңғайлы кең күміс әшекейлі белдік таққан. Әйелдері мен қыздары ашық түстес кең шалбарлар киіп, аяғына жіңішке гүлді аяқ киім киген. Бас киімдері түріктердің сәлдесін еске түсіреді.

Ерлердің киімі адамның жасы мен жағдайына байланысты әртүрлі болған. Олар ішкі және сырт киімнен тұрған. Ішкі киімге кең ұзын көйлек кэтэн кольмек жатты.

Сыртқы киім ретінде қолданылатын дөрекі теріден жасалған кең шалбар кончек қалтасыз болды және оған белдік тақты, белдікке қысқа қанжар және цилиндр формалы күміс немесе мыстан жасалған сыя ыдысын салып қойған.

Жейденің сыртынан архалық деп аталатын шапан киген. Оны әдетте бір түсті теріден тіккен, оның түймесі болмаған. Шапанды астарлап тіккен және беліне белдік таққан. Қыс кезінде архалықтың сыртынан ұзын тон киген.

Жазғы аяқ киім жұмсақ теріден тігілген мест немесе ичики етіктері болған. Қыста оның үстінен қосымша аяқ киім галошты киген. Ол өте қатты теріден тігіліп, катыр деп аталған.

Ерлердің бас киімі ұзын, жоғары жағы үшкір, жүннен тоқылған.

Қырымшақтар киімді көбінесе үйде өздері тіккен немесе өз қауымындағы тігіншіге арнайы тапсырыс беріп тіккізген.

Әйелдердің киімі әйелдердің жасына және отбасы жағдайына байланысты болды. Олар жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі үлгіде киінген. XIX ғ. бірінші жартысындағы тұрмыстағы әйелдердің киімдері жайлы мәліметтер аз сақталған.

Әйелдер ашық түсті кең шалбарлар (шаровалар) киген. Олар дон немесе унчикъурлы дон деп аталған, яғни баулы шалбар деген мағынаны білдіреді.

Көйлектің ішінен ұзын жеңді жейде киген. Көйлектері таны-мал кафтандар болған. XX ғ. 60-жылдарындағы тек бір ғана көйлектің үлгісі сақталған. 70 жылдық қырымшық қоры РЭМ (РЭМ №7488-17) қорынан табылған кафтан жасы үлкен апанікі болған. Ол жабық қызыл жібектен, кең түрде тігілген. Иығы лақтырмалы, жеңі ұзын, білегі тар болған. Кеудесінде ұзын айыр болған. Оны әдемі жіппен тігіп қойған.

Кафтанның үстінен ақ немесе қара жібек алжапқыш киген.

Далаға шыққанда қырым әйелдері беті, көзінің айналасын ғана көрсететін чарчөф таққан.

Бас киімдері жасына және әлеуметтік жағдайына байланысты болған. Кішкене қыздар мен бойжеткендер әдемі түсті фесктер таққан. Оларды алтын немесе күміс түстес жіптермен өрнектеп, кейде оған алтын немесе күміс тиындар тіккен. Тұрмысқа шыққан әйелдер гүлді орамал киіх тағуға міндетті болған. Ең көп тараған бас киім сәлде болды. Жасы үлкен әйелдер баш бағы деп аталатын салмағы ауыр бас киімді киген. Ол 5 бөліктен тұрды: 1. *Чепич-чепец*, оған шашты жинады. 2. *Ибиршим* – бірнеше жіптердің жиынтығы, оны маңдайға киді. 3. *Чембер* – шаштың көлемін үлкейту үшін матамен қоса шаш қосып тігілген бөлігі. 4. *Къших* – кішкентай бас орамалы. 5. *Шалкавай* – арнайы қыстырғышпен бекітілген үлкен жүнді орамал.

Үй ішінде матадан тігілген «терлик» деп аталатын аяқ киімді кесе, көшеге шығарда арты жоқ гүлді аяқ киім киді. Олар папучи деп аталған, оны оюмен, кейде күміс, алтын немесе жібек жіппен өрнектеп безендірген. Жаңбырлы күндері асты ағаштан жасалған, үсті терімен қапталған нал деп аталатын аяқ киімдер киді.

XIX–XX ғ. қырымшақтардың киімі жайлы толық мәліметтер бар, оларды сақталған кейбір суреттерден де көреміз. Бұл туралы XX ғ. 50-60 ж. қырымшақтардың қарт адамдарының берген мәліметтерінен де білуге болады. Сонымен қатар XIX ғасырға жататын фотоальбомдар бағалы дерек болып табылады.

Альбомдардан сол кездегі киімнің толық үлгісін көре аламыз. Ерлердің киімі еуропалық үлгідегі шалбарлар, ұзын күртеше және оның ішінен киюге арналған алып-салынатын жағалы киімдерден тұрды. Еуропалық киімдермен қоса дәстүрлі бас киімдер, оның ішінде жүннен жасалған бас киімдер сақталды, бірақ үлгісі өзгеріске ұшырады. Аяқ киімнен еуропалық үлгідегі, шетінде резеңкесі бар бәтіңкелерді киді.

Ұл балалар қысқа балақты және ұзын шалбарлар, бастарына тоқылған түрік бас киімдерін киген. Осы кезеңде әйелдер соңғы еуропалық үлгідегі көйлектерді киген.

Зергерлік бұйымдары. Әйелдердің киімінің құрамына әшекей бұйымдар да кірген. Алтын және күміс әшекейлер қыздардың жасауының негізгі бөлігі болған.

Ата-аналары қыздары күйеуге шығар кезде міндетті түрде кумуш кычач деп аталатын белбеу сыйлаған. Этнографиялық музейлердің коллекциясында осы белбеудің бірнеше түрі қойылған. Белбеуден басқа жасауға алтын сырғалар да кірген. Сонымен қатар жасауға үш аяқты алтын тиын сияқты сырғалармен қатар әртүрлі мойынға тағатын моншақтар жатты. Бұл бұйымдар арқылы ата-анасының жағдайын көруге болатын.

Алтын тиындарды сымға тізіп, мойынға тағып жүрген. Жағдайлары жақсы ата-аналар жасауға екі австриялық дукат юзик алтын, сонымен қатар бірнеше түрік лирасын эллик алтын және кішкене алтын тиындар мамадье қосқан.

Қызыл немесе ақ маржан және гаухар тастан жасалған моншақтармен қатар, жалпақ алтын және күміс білезіктер (*блезик*) тақты. Зергерлік заттарды қырымшақ зергерлері тапсырыс бойынша жасаған.

Кедей ата-ана қызына алтын және күміс заттарды қарызға алып берсе, ал ата-анасы жоқ жетім қыздың жасауын қауым беретін болған.

Әшекей бұйымдарды әйелдер мейрам күндері, қонаққа барғанда, тіпті моншаға да тағып барды.

XIX ғ. II жартысында Қырым халықтарында еуропалық мәдениет және еуропалық киім үлгісі тарады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қырымшақтардың негізгі айналысатын кәсіп түрлеріне тоқталыңыз.
2. Қырымшақтардың баспана түрлері қандай болды?
3. Қырымшақтардың ұлттық киім түрлеріне талдау жасаңыз.
4. Қырымшақтардың зергерлік өнері және әшекейлері қандай болды?
5. Қырымшақтардың дәстүрлі тағамы қандай?

2.13. Қарайымдар

Баспанасы. Чуфут-Каледі қарайым қауымының бір орталықтана орналасуы сол маңда дәстүрлі қарайымдық тұрғын үй түрінің барынша сақталуына ықпалын тигізді.

Чуфут-Каледі тұрғын үй жоспарында қарайымдарға тән архитектуралық үлгі жақсы сақталып, оның кейінгі ортағасырлық үлгілері Бахчисарай, Карасазубара, Кафы және т.б. ескерткіштерде жақсы көрініс тапты. Архитектуралық жоспары жағынан қарайымдық тұрғын үйлер татарлардікіне ұқсас. Айырмашылықтары террасаны безендіруде байқалады, татарлар террасаны қабырға бойымен жасап, ағаш бағаналар орнатты, бірақ безендірмеді, ал қарайымдар осы бағаналарды ойып әртүрлі өрнектер салды.

Әдетте қарайымдар үйлерін бір жарым-екі қабат етіп салды, жоғарғы қабаты тұрмысқа арналса, ал төменгі қабатында малдарын ұстайтын және қоймалар орналасты. Үйдің шатырын тіреуіштер арқылы жұқа қышпен (черепица) жапты.

Қарайымдар үйлерінің қабырғасын көшеге шығарып салмайды, олай салған жағдайда көшеге қаратып терезе шығармайды. Сыртқа шығып тұрған терезелерді ағаштан жасалған есіктермен жауып, оларды түрлі ою-өрнектермен ойып безендіреді. Үйдің жан-жағынан биік қабырға тұрғызып, аласа сыртқы есіктер қойды, XIX ғасырдың ортасынан бастап үлкен есіктер қоя бастайды.

Аула екі бөліктен тұрды, қара тұрмыстық қажеттіліктерге (құс, мал, т.б. ұстау үшін), ақ отбасылық қажеттіліктерге арналды. Жанұяның өмірінің көп бөлігі осы аулада өтеді. Ақ аулада, негізінен, азық-түлік сақтайтын жертөле, құдық және асылма (асма) болды. Қырым қарайымдарының ауласында тұт немесе өрік ағашы, шағын бассейн орналасты.

Әдеттегідей, Г бейнесінде жоспарланып салынған үйлерде үш бөлме болды, ас үй бірінші қабаттағы тұрмыстық бөлмелердің ішінде орналасты. Үй бөлмелерінің қабырғалары қалың және кең етіп салынды. Олардың арасына шатырға шығатын сатылы тепкішек қойылады.

Алғашында бөлмелер ер адамдарға, әйелдерге арналған және қонақ бөлмесі болып бөлінген, кейіннен XIX ғ. бастап олар қожайындар, қонақтар және үлкен балалардың бөлмесі деп бөліне бастады.

Тұрғын үйдің жоспары және ауа райының жылы болуы ауланы қосымша тұрмыстық орын ретінде пайдалануға мүмкіндік берді. Аула мен шатырдың астының (чердак) маңызы жоғары болды.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында қарайымдардың Ресейдің басқа қалаларына көшуіне байланысты олардың тұрғын үйлері Петербург, Мәскеу, Одесса, Харьков, Николаев, Бердянск және т.б. қалаларда пайда бола бастады. Уақыт өте келе архитектурасы өзгерсе де, ұлттық ерекшеліктері сақталып, үйдің ішін ағаш өрнектермен безендіру дәстүрі жалғаса берді.

Үй ішінің заттарына қабырға кілемдері, еденге төсейтін киіздер жатты. Үй ішінде аяқ киімсіз жүріп, киіздің үстінде отырған және жатқан.

Бөлмеде арқасы жоқ төсек сәты болды, оның ұзындығы 2 м, ені 1 м, кішкене аяқтары (8-10 см) бар және астында зат салуға арналған жәшіктер орналасты. Төсектердің үстіне жүндер төселіп, оның үстінен алаша жабылды, төсекті қабырғаның тұсына қойды, төсек үстіне ішіне қойдың жүні салынған жастықтарды жинап қойды. Бұл жастықтарды әртүрлі өрнектермен безендірді.

Софра – қонақ бөлмесінің негізгі бөлшегі болған, оның бетін пешқырем-жапқышпен жапқан. Қарайымдар тамақтанатын кезде киіздің үстіне отырып, тамақ шашылып кетпеуі үшін жапқыштың шетін алдына қойып отырған.

Сәттің үстіңгі жағында адам бойымен бірдей биіктікте ағаш сөрелер – рафы орналасты. Оған мыстан жасалған ыдыстар, шарап құятын ыдыстар (аяқы) қойылды. Рафының астында қожайынның бас киімі тұратын сөре – каруклук қойылды. Үй ішіне жарық түсіру үшін ішіне зәйтүн майы құйылған шырағдандар қолданылды.

Отбасының киімі еменнен немесе жаңғақ ағашынан жасалған сандықтың ішінде сақталады. Ауқаттылардың үйлерінде безендірілген сандықтар тұрды.

Ауқатты қарайымдардың үйінде қосымша қонақ бөлмесі кездесті, оның кіретін бөлек есігі болды. Бұл бөлме көбінесе үйлену тойы кезінде қолданылды. Осы бөлмеде некелесу кезіндегі ғұрыптардың барлығы өткізіледі. Салтанатты кештерге арналған осы бөлмеде екі есік болған.

Суық күндері үйді жылыту үшін мангал тәріздес жылытқыштар қолданылды. Оның айналасына бүкіл жанұя жиналып, ибрик ыдысымен кофе ішті.

Мангал үш бөліктен тұрды, негізгі бөлігі құмыра тәріздес болып, биіктігі 60-70 см-ге жетті, оның ішіне көмір салынатын үлкен ыдыс қойылды, бетін қақпақпен жапты.

Үйдің негізгі ерекшеліктерінің біріне тандыр-пешті жатқызуға болады. Тандырда тамақ пен нан пісірілді. Тандыр үйдің ішін жақсы жылытатын болғандықтан, оны үй ішіне немесе төбесі жабылған ауланың бір жеріне салған. Тандырдан басқа ас бөлмесінде долап ыдысқа арналған сөре, фычы тамақ жасауға арналған кішкене үстел болды. XX ғ. 30–40 ж. дейін ас үйіне қажетті ыдыстар мыстан, ағаштан немесе керамикадан жасалды.

Ыдыс-аяқтың ішінде қазанға ерекше көңіл бөлінді, оның көлемі әртүрлі болды, ең кішісі 1-3 литр, ал ең үлкені 50 литрге дейін жеткен. Ол тек тамақ дайындау үшін ғана емес, сонымен қатар қарайымдар үшін жанұяның бірлігін білдіретін қасиетті ыдыс болды.

Киімі. Қырым қарайымдары дәстүрлі шығыс киімдерін киген, өзіндік үлгісі жағынан Қырым татарларының киіміне ұқсас болды.

Дәстүрлі әйел киімі тобықтан келетін ұзын, жасыл немесе көк түсті бір келкі, өсімдік бейнесімен өрнектелген көйлектен тұрды. Көйлек белдің тұсынан жібектен жасалған, екі тұтасқан шеңбер түріндегі айылбасы бар белбеумен байланды. Отбасының жағдайына байланысты күміспен немесе алтынмен, тіпті одан да қымбат тастармен безендірілді. Қарайымдық әйелдердің киімінде міндетті түрде белбеудің болуы – негізгі ерекшелік. (татарлардың киі-

мінде белбеу болмайды). Егер татарлар түрлі түсті киімдер кисе, қарайымдар бір түсті киімдерді киген.

Ерте уақыттарда қарайымдық әйелдер кең балақты (шалбары, токмебалаклы шалбар) шалбарлар киген, шалбардың бұл түрлері ХХ ғасырдың басынан бастап қолданыстан шығып қалды. Шалбармен бірге ұзын ақ түсті жібек көйлек, ал оның сыртынан ұзын кафтан (антери) киген.

Қарайымдық әйелдер көйлектің сыртынан ұзындығы белге жететін, жеңі ұзын және кең, барқыттан жасалған көкірекше-ферман, кырха киді. Осы көкірекшелер дәстүрлі қарайымдық ою-өрнектермен безендірілді.

Кырха барқыттан жасалған, түймесі жоқ көкірекше, негізінен, қара (қара көк, қара жасыл, қара қызыл немесе қоңыр) матамен, алтын түсті жіппен өсімдік немесе геометриялық бейнелермен өрнектеліп тігіледі. Киімнің осы түріне қосымша әшекей ретінде тиыннан немесе металдан жасалған моншақтар тағылады.

ХХ ғ. басында жазғы кезге арналып жібектен, қысқы кезге арналып жүннен жасалатын күртешелер (фередже) пайда болды.

Қарайымдардың сыртқы киімінің екі түрі бар: бірі үй ішінде киюге және екіншісі далаға шығуға арналған түрі. Үй ішінде қапама – сыртқы көйлегін, ал сыртқа шыққанда мантияға ұқсас (джубе, бенюш) киімін киген. Қыста джубені қысқа тонмен (кюрк) алмастырды, одан басқа ұзын және кең тон-ток киген.

Қарайымдық қыздардың шаш қою үлгісі өрілген кішкене өрімдерден тұрды және олар сәнді баулармен (сач-багы) безендірілді. Бас киім ретінде бахрома, бисер және тиынмен сәнделіп жасалған жалпақ дөңгелек бас киімдерді (фес) киді. Оны жасыл немесе көк түсті барқыттан немесе жібектен алтын, күміс түсті жіптермен кестелеп тікті.

Кейбір жағдайда феспен әшекей ретінде маржанмен өрілген торды (берчем багы) таққан, оның бүйір беттерін түрік тиындарымен безендірген. Фестің үстінен жеңіл бөкебай тастап, ауқатты әйелдер фестің бүйір беттерін маржанмен жұлдыз немесе ай бейнесіне ұқсас өрнектермен сәндеген.

Қарайым әйелдері күнделікті өмірде бахромамен немесе әртүрлі баулармен безендірілген, алтын түсті жіппен тігілген

қара фесті киген. Бас киімнің артына ұзын жұқа бөкебайды (чембер) тағып, басына қабатталған тюрбан секілді орамал (емены) немесе ұзын бөкебайды (марама) киді.

Мереке кезінде бетті жауып тұратын және жібектен жасалған ал-четки немесе алтын түсті жіппен өрілген дюльбент киген.

Қарайымдар шекесіне ежелгі еврей немесе араб тілінде жазуы бар диадемаға ұқсас алтын жалатылған күміс пластинадан тұратын әшекейді таққан, оның символдық маңызы болған.

Әшекей ретінде қарайым әйелдері қымбат тастармен безендірілген алтын білезік, бадам дәні тәрізді (миндалевидный) немесе гүлге ұқсас үш-бес маржандары бар (беш бутаклы карафиль сырға) сырға таққан.

Кеуделерін қарайымдық әйелдер әлеуметтік жағдайына байланысты маржан моншақ (топ инджи), алтын көздер (герданлык им иши), маржан тор (инджили кафес) секілді әшекейлермен безендірді. Қарайымдардың негізгі әшекейіне мониста – тиыннан жасалған моншақтар жатады.

Олар аяқ киім ретінде зерленген жұмсақ сафьян етіктерді (ишлеме мест) киді, сыртынан оқаланып жасалған туфли (шилеме папучи) киілді. Үй ішінде ағаштан жасалған биік табанды аяқ киімдерді (налых) киді.

Сәнді киімдер мерекелер мен салтанатты жағдайларда киілді, бұл киімдер әрбір қарайым әйелінде болды. Кедей және жетім қыздар сәнді киімдерді күйеуге шығарда туыстарынан алып, оны қыздарына немесе немересіне мұраға қалдырып отырған.

Дәстүрлі ер адам киімі кең шалбар (шалвары), жібек жейде, шекпен және орташа ұзындықтағы жібек шапаннан тұрды, шапанның сыртынан белбеу тақты. Шекпеннің сыртынан белге дейін жететін қысқа куавейка (фермана, кырха) киді, оның сыртынан тобыққа жететін мантия (джубе, бонюш) киді. Сыртқы киімдер қара матадан тігілген.

Ертеде бас киім ретінде биік алты бүйірлі қалпақтар (кауқ) қолданылған. Кейінгі кезеңдерде оны қара қозы елтірісінен тігілген биік емес дөңгелек бас киімдер алмастырды. Қарайымдар ер адам киімдерін әйелдікіндей басқа шығыс халықтары секілді өсімдік тәрізді және геометриялық өрнектермен безендірген.

Ер адамдардың аяқ киімі маусымға бөлінген, жазда теріден жасалған туфли (каварие), кейде катыр, қыста етіктер (чизма) және жұмсақ сафьян етіктер (мест) киген. Ауа райына байланысты аяқ киімнің астына ағаш табандар қосып тігілген. Ер адамның аяқ киімінің астына темірден жасалған тағалар қағылған.

Жүннен жасалған байпақтармен киілетін чарык аяқ киімі қолданылды. Саяхатшылардың деректері бойынша, Қырым қарайымдары Литва мен Галициялықтарға қарағанда дәстүрлі киімдерді көптеп киген. XVIII ғ. бастап Тракайдағы қарайымдар еуропалық үлгідегі киім кие бастаған, ал қырымдық қарайымдар XIX ғ. өзінде күнделікті өмірде дәстүрлі киімдерін киген.

Қазіргі таңда ежелгі деректер мен суреттер бойынша қалпына келтірілген ұлттық киімдер тек қана мерекелік кездерде қолданылады. Олардың түпнұсқасы музей экспонаттарына айналды.

Тағамы. Тағам, негізінен, ұлттық ерекшеліктерді көп уақытқа дейін сақтап, материалдық мәдениеттің кейбір бөліктері өзгеріске ұшырап жатқанда тағам түрлері күнделікті өмірде кеңінен қолданылып, жақсы сақталып отырды.

Қарайымдардың тағамдары, негізінен, ет тағамдарынан құрылып, қой еті кеңінен қолданылды.

Қойдың етін қайнатылған, қуырылған және т.б. түрінде пайдаланды. Сыйлы қонаққа асылған қойдың басын (басчых) ұсынды.

Къакъач деп аталатын тағамды дәстүрлі әдіспен дайындады, ол үшін шикі қойдың етін ер тоқымға байлап күні бойы алып жүрген. Қойдың аяқтарын (къой аякълары, аячых) желге кептіріп, қараңғы жерге қойған. Бұл қарайымдардың негізгі тағамы болған, оны Қырымның басқа халықтары жасамаған.

Қуырылған қой етін (перанчых) көбіне қыста және көктемде дайындаған. Оны алдымен керамикалық ыдысқа салып, бес-алты айға сақтап қойған.

Ең көне тағамдарының біріне шикі қой етінен жасалған бәліш (куветы) пен әртүрлі бәліштер (чыр-чыр) жатады.

Бәліш пісіру үшін қамырды дайындауға қойдың майын қосқан, кейбір кезде етке күріш немесе картоп салған. Қарайымдар

камырға ашытқы салып қатпарлы нандар – гырдачык, кульче жасаған.

Қосымша тағамдардың қатарына көкөністен жасалған (ботқа – баржымак ашы, фасоль салынған сорпа – ешлы бакла сылыкмасы, баклажан қосылған қой еті – патлыджан кайғанасы, ұсақтатылған ет салынған жүзім жапырағы – сарма, бұрыш пен қызанақ – долма) тағамдар жатады. Одан басқа қарайымдар қатық салынған тұшпара (хамур долма) жасаған.

Жеңіл тағам ретінде дастарханға қайнатылған жұмыртқа (оны бес-алты сағат қайнатып, үстіне тұз бен бұрыш салып қояды) қойылады.

Басқа да көшпелі түркі тілдес халықтар секілді қарайымдарда қаймақты көп қолданады.

Қарайымдардың арасында кең тараған тағамдардың біріне халва жатады. Оны күнделікті дастарханға да, салтанатты кеште де, ғұрыптық жағдайда да дастарханға қойған. Ақ халваны халық арасында «қарайымдық» деп атайды. Қарайымдық халваны арнайы ыдысқа салып ұзақ уақыт сақтаған. Одан басқа хазарлық және қара халвалар да дастарханға қойылады.

Күнделікті өмірде қой етінен жасалған макарон қосылған сорпа – тутмач жиі дайындалды, макаронды дайындау үшін яйма (жайма) жайған.

Басқа халықтарда жақсы тараған ғұрыптық емес тағамдардың қатарына қыбыны жатады. Бұл – сиыр немесе қой етінен жасалатын бәліштер. Ет тағамдарынан шишлик кең тарады. Көп жағдайда оны қой етінен жасаған.

Литва қарайымдары өзіндік ұлттық сусыны – крупникті жиі дайындады. Оны дайындауға көптеген өсімдіктің тамыры қолданылды. Крупник – алтын түсті, дәмі тәттілеу келген күшті алкагольді сусын.

Өртүрлі дәстүрлі мерекелерде арнайы тағамдар дайындалады. Пасха кезінде дөңгелек нан (тымбыл), жеті қабаттан тұратын бәліш – катлама жасалады. Үйлену тойы кезінде *кйовлюк* бәлішін күйеу жігіт, *келінглік* бәлішін қалыңдық жақ пісіреді. Бұл тағамдардың барлығын дайындау үшін асқан шеберлік қажет болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қарайымдардың негізгі айналысатын кәсіп түрлеріне тоқталыңыз.
2. Қарайымдардың баспана түрлері қандай болды?
3. Қарайымдардың ұлттық киім түрлеріне талдау жасаңыз.
4. Қарайымдардың зергерлік өнері және әшекейлері қандай болды?
5. Қарайымдардың дәстүрлі тағамы қандай?

2.14. Хакастар

Баспанасы. XVIII–XIX ғ. хакастардың негізгі тұрақтары – аалдар болды. Яғни ол жартылай көшпелі, бірнеше шаруашылық үйлерді біріктірді (10-15 киіз үй). 1917 ж. мәлімет бойынша хакастар шамамен 520 аалда тұрған. Олар әдетте аалдың көсемдерінің аты мен тегі бойынша аталатын. Егер де ол қайтыс болып, оның орнына басқа біреуді сайласа, онда бүкіл тұрақтың атауы өзгерген. Мал өсіру хакастардың негізгі шаруашылығы болды. Аалдардың негізгі орналасқан орны қыстақтар еді. Олар көбінесе өзендердің жағасында, су, орман, егістік егуге қолайлы жерлерде орналасқан. Қыстауда қазаннан сәуір айына дейін тұрған. Аймақ жасылданғанда аалдар көктеуге көшкен, ол далалы өңірлерде қоныстанды. Көктемде мұнда көк шөп жеткілікті мөлшерде шықты. Қыстаудан көктеуге 10-30 км қашықтыққа көшкен. Көктеуден кейін жазда «чайлаг» деп аталатын жайлауға мамырдың ортасынан маусымның басына дейінгі кезеңде көшкен. Алайда XIX ғ. хакас малшылары қыстаудан жайлауға бірден көшті. Қыркүйекте жайлаудан күзеуге көшті. Малдарды жайлаудан аралдар мен шөп жиналған шалғынға айдап апарды. Бұл жерде күздің аяғына дейін болып, кейіннен қайта қыстауға көшкен.

Хакастардың негізгі тұрғын үйлері – *уб* деп аталатын каркасты үйлер. Ол оңай көшірілетін. Оның қабырғасы жылжымалы тор тирме-ден (кереге) және есік жақтауынан тұрды, күмбезі ух деп аталатын сырғауылдардан тұрды. Уықтың төменгі жағы торға (тирме), ал жоғарғы жағы түтіндік шеңберіне («хараачы») бекітілді. Тирменің бөліктері қарағайдан жасалған 20-30 еңсіз жұқа тақтайшалардан тұрды (қанат), оларды бір-бірімен жылқының те-

рісінен жасалған баулармен бекітті. Орташа киіз үйлер алты тордан (қанат) тұрды. Байлар үйлерін өрнектелген ақ киізбен жапты. Киіз жапқыштарды қылдан жасалған арқандармен бекіткен.

XIX ғ. басында хакастарда ағаш үйлер көп тараған. Олар алты, сегіз, тоғыз бұрышты болған. Ал байларда он екі, тіпті он төрт бұрышты үйлер де болды. Бөрене қабырғалар 8-10 қатардан жасалды. Орташа үйдің биіктігі 3,5 м, диаметрі 10 м болған. 1890 ж. 4047 ағаш үй және 4939 жер үй болған. XIX ғ. аяғындағы қыстауларда орыс үлгісіндегі ағаш үйлер (тура) салына бастады.

Барлық дәстүрлі үйлердің ортасында ошақ орналасты, оның үстінде төбеде түгін шығатын тесік (тунук) болды. Ошақ тастардан қаланып, үстіне темір мосы қойылып, оған қазанды орналастырды.

Хакастардың дәстүрлі тұрғын үйлерінің есігі шығысқа қаратылады. Бұндай орналасулар күнді құрметтеумен байланысты болды. Үйдің ішкі бөлігі ер және әйел бөлігі болып бөлінді. Кіретін есікке қарама-қарсы қабырғада жұбайлардың төсегі орналасты, ол ағаштан жасалды. Әйелдер бөлігіндегі қабырға тұсында алтынзархы параан деп аталатын ыдыстар қоюға арналған сөрелер болды. Үйдің оңтүстік бөлігінде заттар салынған сандықтар қойылған үш сөре болды. Еденге талбах деп аталатын өңделмеген тері төсеп, бетіне киіз салған, ал қонақтарға оюланған ақ киіз төселді.

Хакастардың киіз үйлері мен заттары көшпенділердің тұрмысына лайықталып жасалған. Қазіргі кезде ағаштан жасалған үйлер Абакан өзенінің маңында жаздық үй ретінде сақталған.

Дәстүрлі хакас тұрақтары аалдар өзгеріске ұшырады. Егерде 1928 ж. Хакасияда 567 қоныстың 295-і моноэтникалық хакас аалдары (43,9 %) және 84 аал (12,5 %) орыстармен аралас болса, қазіргі кезде хакас елді мекендерінің саны 100-ден аспайды.

Киімі. Хакастардың ұлттық киімі тарихи қалыптасқан кешенді құрайды, ұзақ уақыт бойы ол әртүрлі сән үлгілерін және өзінің алдындағылардың дәстүрін басынан өткізді, яғни ол өзінің дамуында үлкен үдерістен өткен. Күнделікті киілетін киімдер жергілікті қарапайым маталардан, сондай-ақ фабрикалық мақта маталардан тігілді. Фабрикалық мақта маталар арзан болғандықтан, оны кедейлер де ала алатын. Мерекелік киімдер

жібектен тігілді. Оларды Хакасияға Қытайдан, Түркістаннан, Ресейден саудагерлер жеткізіп отырған. Оның ірі суретті түрлері ерлердің киіміне қолданылса, әйелдер киімдеріне ұсақ суретті маталарды пайдаланған. Киімге, негізінен, қызыл, көк, жасыл, қоңыр, күрең және қара түсті маталар қолданылды. Хакастар сары түсті ұнатпаған. Себебі хакастардың түсінігі бойынша, оларға бұл түс сары ауру (желтуха) иесінің аруағын еске түсірді.

Ерлердің іш киімі жейде, әйелдерде көйлек болған. Күнделікті киюге арналған жейделер мен көйлектер мақта матадан, мереке күндері жібектен тігілді. Ерлер жейдесінің пішімі әйел көйлегінікіне ұқсас болды. Бірақ ол әйелдердің көйлегіне қарағанда қысқа және оған үшкіл салынбады. Оны тігу үшін 5 м мата кетті. Оның арқасына иін, кеудесіне көлденең тілік салынып, бір түймемен түймеленетін қайырма жағалы болып тігілді. Шалбардың екі жанына үшкіл салынды. Жағаның алдынан және артынан бүрме салынды, соның әсерінен көйлектің етегі өте кең болды. Қолтықтың астына қолтырмаш (холтых) қойылды.

Әйелдердің көйлегіне 7 м мата кетті. Екі мата тілімі алдыңғы бойын, екі мата тілімі артқы бойын, біреуін жеңін тігуге жұмсаған. Ерлердің жейделерімен салыстырғанда, әйелдердің көйлегінің арқа ортасына екі жіңішке үшкіл (чыынках), екі бүйіріне бір кең үшкіл (сабыг) салынды. Етектің арт жағын ұзындау етіп тікті. Әйелдердің көйлегінің оң жақ қолтығының астында қалта болды. Бірінші көйлекке жағасын, сосын жеңін тіккен. Тігіс кезінде қолтықтың астында жай тігіс қалдырған. Кейін оны әдемілеп өрнектеп тіккен. Ондай сызықтар адам жанын тартады деген сеніммен хут сыынчан деп аталған.

Әйелдердің мерекелік көйлектерінің шеттері өрнектермен безендіріліп тігілді. Сонымен қатар обшлагтардың шетінде арнайы матадан тігіс жасаған. Оның түсі өзгеше болатын. Жағаның астына екі жағынан седеп (перламутр) түйме тағылып, ол маржан және күміспен безендірілді. Хакастардың адам жанын сақтайды деген түсінікпен жаға мен түймеге ерекше назар аударғанын айта кету керек. Киімді сатарда түймесін міндетті түрде алып қалатын, себебі түймені бірге беріп жіберсе бақыт та кетіп қалады деп сен-

ген. Қайтыс болған адамның киімінің де түймесі кесіліп алынатын. Ескірген көйлекті немесе жейдені шаруашылыққа қолданар кезде жағасын жыртып алды. Хакастардың сенімі бойынша, адамдар жағасы жыртық киім кимеуі керек, себебі хакастарда қайтыс болған адамды ғана жағасы жыртық киіммен жерлеген.

Хакастардың астыңғы киімі төменгі және үстіңгі шалбарлардан тұрған. Олардың атаулары барлық түрік халықтарында бірдей болған. Ерлердің күнделікті киетін шалбарлары қара түсті мақта матадан тігілсе, ал мерекелік шалбарлар арнайы плис матасынан тігілген. Ерлердің шалбарларының пішілуі екі түрлі болған. Төртбұрышты мата қосындысы бар (тахтай) ыстан шалбарлары кең тарады. Шалбарды тігу үшін ұзынынан бүктелген екі матаның арасына бір-бірімен жұптаса тігілген үшбұрышты төрт үшкіл туп (туп) салынды. Үшкілдердің үстіне алдынан және артынан төртбұрышты мата қосындысы тахтайлар тігілді. Сондықтан шалбарлар өте кең болып шықты. Бұндай шалбарлардың бел жағы қайырылып, оған жүннен жасалған бау тағылды. Шалбардың екінші түрі пут деп аталды және тахтайсыз, яғни мата қосындысынсыз, тек балақтардың арасына туп салынып тігілді.

Ерлердің мерекелік шалбарларын плис ыстанның міндетті түрде бүйір қалталары болды. Қалталардың үстіне жейденің етегінен шығып тұратын жібектен тігілген жолақтар тігілді.

Байлардың арасында ерлердің чымче деп аталатын шапан танымал болды. Күнделікті киілетін шапандар арнайы қарапайым матадан, мерекелік шапандар плис пен жібектен тігілген. Оның астары көк нанкадан тігіліп, ал тайга маңында астары ақ тышқан немесе сібір күзенінің терісінен жасалды. Етегі түзу, орама жағалы болды. Жеңі мен жағасы қара барқытпен көмкерілді. XIX ғ. жататын архив дерегінде: «қызыл қытай матасынан тігілген шапан, бағасы 125 рубль», «көк қытай матасынан тігілген астарлы ерлердің шапаны, бағасы 15 рубль», – деп жазылған.

Ерлердің шапанының беліне басқа киімдер сияқты тері белбеу (хур) тағылып, дәстүр бойынша оның екі ұшы алдынан түйінделіп байланатын. Мерекелік чымче деп аталатын шапандар жібек белбеумен белбеуленді, ол алтын жіптермен безендіріліп,

ұшында түрлі түсті шашақтар тағылды. Белбеудің сол жағына қалайыдан жасалған пышақ салатын қын, арқа жағына жіңішке шынжырға маржанмен безендірілген күміс оттық тағылды.

Тұрмыстағы әйелдер сыртқы мерекелік киімдердің сыртынан міндетті түрде жеңі жоқ сигедек деп аталатын киімді киген. Тұрмысқа шықпаған қыздар мен жесір әйелдерге оны киюге тыйым салынды. Сигедекті кең етіп, түзу жырықпен тіккен. Етегі ортасында қосылып, тамақ астынан байланатын. Терең ойықтар мен жағасы, етегі түрлі түсті матамен көмкерілетін.

Сигедектің екі түрі болған: кесілген және түзу. Түзу сигедектер жібектен тігілетін. Арқасы өсімдік тәріздес өрнектермен безендірілді. Кесілген сигедектерді тігуге плис қолданылды. Оның астарына көкірекше салынып, оған жалғаса белдемше (юбка) тігілді. Арқасы үш, бес немесе жеті пыраат деп аталатын өрнекпен безендірілді. Бел тұсынан бүрмеленген белдемше (юбка) жібек, зерлі мата (парша) немесе барқыттан тігілді.

Әйелдердің мерекелік тузалық деп аталған шапаны түзу пішіліп, етегі бүріліп тігілді. Етегі тізе тұсынан артынан және жанынан тарамыс жіппен сырылып тігілді, ол тұсау тәрізді болғандықтан, тузалық деп аталды. Оны киген адам аяғы байланған және құлайтын сияқты болып көрінді. Тузалық көбінесе жібек немесе плистан, ал астары мақта матадан тігілді, тік жағалы болды. Тік бұрыш тәрізді шығыңқы келген сол жақ өңірі (пайир) оң жаққа қарай қаусырылды. Өңірі мен жеңі төрт саусақтың көлеміндей камшат терісімен жұрындалды.

Мерекелерде жас әйелдер түймеліксіз, желбегей киілетін шекпендер (хаптал) киді. Ол жұқа шұғадан тігіліп, оның кесілген және түзу пішілген түрлері болды. Орама жағасы қызыл жібекпен немесе зерлі матамен (парша) көмкерілді. Жағаның қайырмасына жылтырақ түймелер (тана) тағылып, шеттері меруерт түймелермен әшекейленді. Жең және қалталардың қайырмалары қара барқыттан тігіліп, жібек өрнектермен безендірілді.

Тік шекпеннің арқасы өсімдік оюларымен әшекейленген. Хакастардың оюлары түрлі ашық түсті жіптермен тігілді. Шеберлер ең алдымен қағаздан жасалған трафарет арқылы оюларды қиып алып, мата бетіне түсіріп тіккен.

Қыста хакастар қой терісінен тігілген тон киді. Кейбір кедей адамдар тіпті жазда да тон киіп жүрген. Қатты ыстық күндері қолдарын жеңнен шығарып, жалаңаш денемен жүретін, ал тонды белдік ұстап тұрды. Тонды жамылғы ретінде де пайдаланған. Хакастардың түсінігі бойынша, тонды адамның үстіне тек көлденеңінен, жағасын қабырғаға қаратып жапты, себебі тек қайтыс болған адамға ғана жағасын басына келтіріп жапқан.

Ер адамдардың тондары кесіліп тігілді. Атқа отыруға ыңғайлы болу үшін, тонның артқы етегі ұзын болып тігілді, қайырма жағалы, өңірі түзу. Оның өңірі, жеңі камшат терісімен жұрындалып тігілді. Хакас киімдерінің сол жақ өңірі оң жаққа қарай қаусырылды және тамағының астынан бір түймемен түймеленді.

Әйелдердің тоны екі түрге бөлінді: арқасынан кесілген және тік тондар. Күнделікті киетін тон суу тон деп аталды, оның артқы бойы сәл бүрмеленіп, жағасы қайырма жағалы болды, жиектері терімен көмкерілді. Бір тонға тоғыз қой терісі жұмсалған (үшеуі арқасына, үшеуі кеудесіне, қалғаны жеңдерімен жағасына кеткен). Қатты суық кездері олар тон сыртынан *дохы* киген. Оны иттің немесе лақтың терісінен жүнін сыртына қаратып тікті. Дохыны аяз кезінде ерлер де, әйелдер де киді.

Жеңгетайларға тойға арналған тон тігілді. Ол тік жағалы болды, алайда XIX–XX ғ. басында құндыз терісінен жасалған қайырма жағалы тондар да кездесті. Бұл тон тізе тұсынан артынан және екі жанынан тоғыз, он бір немесе он үш қатар жіппен сырылып тігілді.

Мереке кездерінде хакас байлары арнайы етік киген. Олар жабайы ешкілердің өңделген терісінен жүні ішіне қаратылып тігілді. Етіктер төртбұрышты, тұмсығы сәл жоғары көтерілген, жайпақ өкшелі, табаны қалың болып жасалды. Әйелдердің етіктерінің бет жағы ұсақ моншақтармен безендірілді. Бұл етіктер атта отырған кезде ерекше сәнді болып көрінді, оны ауқаттылар жазда да қыста да киді.

Жазда әйелдер алтын жіптермен өрнектелген етік киді. Олардың басын екіге бөліп, содан кейін алтын жіптермен қосып тікті. Бұл етіктер тек байдың әйелдеріне ғана тән еді.

Жазғы бас киімдердің ішінде ерлердің кара киізден жасалған қалпақтары кең тарады. Оның жиектері жоғары қайырылды. Қыста қозы елтірісінен жасалған дөңгелек бөріктер киді. Қатты аязды күндері сілеусін немесе түлкі терісінен тігілген малақайлар киді. Ал мереке кезінде құндыз бөрік немесе бұлғын терісінен тігілген дөңгелек бөріктер киген. Революцияға дейін бір кәмшат бөріктің құны бір жылқының құнына тең болды.

Тағамдары. Хакастар басқа Оңтүстік Сібір және Орталық Азия халықтары сияқты қыста етпен, ал жазда сүт тағамдарын тұтынған. Қыс кезінде соғым ретінде жылқы немесе ірі кара мал, оған қоса отыз шақты қой сойған. Қойды сойғанда оның ішін жарып, жүрек қасындағы тамырды (аорта) үзетін болған. Ірі кара малды сойғанда, пышақпен желкесінен бірінші мойын омыртқасының тұсынан ұратын. Малды бауыздау немесе маңдайынан балтамен ұрып өлтіру күнә болып есептелді. Малды сояр алдында жақсылап тамақтандырған, аш малды союға рұқсат етілмеді. Сойылатын малдың басын күн батысқа қаратып: «саған күнә, бізге тамақ» деп айтатын болды. Малдың етін төрт бөлікке бөлген. Ал қойдың басын терісін алмайынша, еттен ажыратпаған. Сүйектерін жекелеп бөлген, ал оларды сындыруға болмаған. Сүйекті сындырған жағдайда үй иесінің бағы кетеді деп сенген. Соғым сойылған күні балғын еттен дәм татуға қонақ шақырады. Ең бірінші қазанға еттің ең жұмсақ тәтті бөліктерін салады. Дайындалған тағамның иісіне аруақтар тояды деп сенген және үй иесі табақты үш рет жоғары көтеріп аруақтар рухына тағзым еткен. Хакастықтарда Оңтүстік Сібір және Орта Азия халықтары сияқты ас беру кезінде етті бөліп, таратқан. Ең құрметті қонаққа құйрық май ұсынған. Бұл малдың ең басты бөлігі болып есептелген. Үй иесіне мойын омыртқасын берген. Сыйлы қонағына жауырын берген, ал оны әйел адамдарға беруге тыйым салынған. Егер дастархан басында жиені отырса, оның жауырынынан үш рет қағып барып, жауырын ұсынған. Жауырынға қарап, ауа райын немесе тағы басқа болжамдарды айтқан. Жауырын ашық болса: «Қазаның толы болсын, малың өссін» деп бата айтқан. Ал қойдың төсін ең сыйлы қонағына немесе бас құдағиына ұсынған. Ер адамдарға оны жеуге тыйым салынған.

Малды сойған адамға малдың кеңіредегін немесе қойдың төсін берген. Оны отқа қақтап, қуырып жеген. Жамбас сүйектерін әйелдерге жегізбеген, себебі бала туар кезде жамбасы ашылмай қалады деп сенген, оны тек ерлер жеген. Ерлерге жүректі жегізбеген, жеген жағдайда қорқақ болады деп ырымдаған. Есесіне ол ең соңғы сүбе қабырғаны алды, себебі әйелдер ерлердің қабырғасынан жаратылған деген аңызға хакастықтар да сенді.

Малдың кейбір бөліктерін тек бір адам ғана жеуі тиіс болды. Мысалы, қойдың жағын екі адам жесе, олар өмір бойы жауласып өтеді деп есептеген. Бір сиырдың көзін де екі адам жемеген, оны екіге бөлуге де болмаған. Ертеден жауласқан адамдарды хакастар «сиырдың екі көзін бөліп жеген» деп санаған. Ал әпкелі-сіңілілер мен ағалы-інілерге бір жұмыртқаны бөлуге болмаған, себебі қыздар бір күйеуге, ал бауырлар бір әйелге таласып қалады деп ырымдаған.

Көктемге дайындайтын етке жылқының жарты етін тұздап, сарымсақ мен бұрыш қосып бөшкелерге жауып тастаған. Ал сәуір айында сақталған еттерді асып жеп, биікке іліп кептірген. Хакастар ет сорпасын көп дайындайды. Оларға арпа, жарма қосылған сорпаларын да жатқызуға болады. Сонымен қатар хакастар шұжық дайындаған. Жылқы ішегін айналдырып жасалған шұжық ең жақсы шұжық болып есептелді. Сыртқы майын ішіне жіберу үшін ішекті жақсылап жуып айналдырған.

Хакастар да басқа малшаруашылығымен айналысатын халықтар сияқты сүт өнімдерін көптеп тұтынған. Сүт өнімдері ак тамақ деп аталды және оған ерекше құрметпен қараған. Мысалы, сүтті жерге немесе суға төксе, сүтті мал тұрмайды деп сенген.

Сүтті ағаш шелекте қалдырып, бетінен қаймағын алып, одан ұлттық тамаққа жататын тағам *пoxтыны* дайындайды. Ол үшін қаймақты жай қыздырылған отқа қойып, оған бидай ұны, бірнеше шикі жұмыртқа және айранды қосып араластыра отырып, қайнату арқылы дайындаған. Ырым бойынша қайнап жатқан *пoxтыны* ер адам кеп жемеуі тиіс, себебі үйленгендердің өмірі ауыр, ал үйленбегендердің тойында жайсыз ауа райы болады деп болжаған. Бұған ұқсас ырым қазақтарда да кездеседі. Қазақта

егер жігіт бала кезінде қазанның қаспағын көп жесе, үйленгенде жаңбыр жауады деп есептеген.

XVII–XVIII ғ. хакастарда сүттен қымыз, сиыр сүтінен айран, құрт дайындаған. Хакастар ұн тағамдарын да тұтынған. Ең көп тараған – арпадан жасалған тамақтар. Арпадан талқан жасап, одан ботқа дайындаған, әсіресе тайга аңшылары көп қолданған. Сонымен қатар ұн тағамдарын түрлі сусын дайындауда қолданған. Ең танымал түрі – *абыртқы*, яғни бұл талқаннан жасалған квас тәрізді сусын. Ащы сусындардың бірі – *ол поза*.

Айранды ескі айранмен ашытқан, айранды жаңа сауылған сүтке айырбастап берген, тегін берсе қожайынның бақыты кетіп қалады деп сенген. Айранды хакастар ерекше бағалайды, себебі ол келген қонақтарға ұсынуға таптырмас сусын, әрі шөлді қандырады. Айраннан ішімдік те дайындаған. Сонымен қатар олар күн көзіне жайып құрт кептірген. Қара және ақ құрт деп оны екі түрге бөлген. Қара құртты олар мойылмен араластырып дайындаған. Ал ақ құрт жұмсақ және үгітілгіш болады. Әр үй екі үш қап құрт дайындады, күзде құртты далада күнге кептірді. Бұндай құрттар ұзақ уақытқа сақталатын. Оны хакастар нан орнына да пайдаланған. Қыста оны қонақтарға шаймен бірге берген, қаймақпен араластырып езіп ішкен. Құрт малшылармен аңшылардың таптырмас азығы болды. Алыс аудандарда орналасқан хакастар дәнді-дақыл және ұннан жасалған тағамдарды қолданған. Ең көп тарағаны арпадан жасалынған тамақтар. Арпадан талқанды көптеп жасаған. Әрбір отбасының талқан дайындауда жеке бір әдістері болған. Талқанды диірменнен өткізіп, көгеріп кетпес үшін арнайы тері қапқа салып сақтаған. Бұл қаптарды көбінесе аңшылар аңға шығарда өздерімен алып жүрген, талқаннан ботқа жасаған, оны әсіресе тайга аңшылары дайындаған. Екінші бір түрі сатырма деп аталатын ботқа, оны маймен әзірлеген. Қатты қыздырылған майға жарма немесе кедр жаңғағын салған. Сатырма балалардың тағамы болып есептелді. Келесі бір түрі – сатрон деп аталатын ботқа. Оны дайындау үшін талқанды қазанда қуырып, үстінен сүт құйып, араластырып қайнатады.

Сонымен қатар ұн тағамдары түрлі сусын дайындауда қолданылған. Ең танымал түрі абыртқы, яғни бұл – талқаннан жасалған қвас тәрізді сусын. Ащы сусындардың бірі – ол поза. Алдымен ұннан ашытқы дайындап, оны бірнеше күннен кейін поза дайындайтын ыдысқа құйып, араластырады, оның үстіне су құяды. Ашыту үшін ішіне тас салған.

Хакастар ерте көктем мен күзде жеуге болатын жабайы өсімдік тамырларын қазып алып, пайдалы шөптерді, жидектерді жинаған. Ал тамыз айында мойыл жемістерін терген. Оларды ұзақ сақтау үшін кептіріп, мойылды арнайы тағам намырт ботқасын дайындау үшін диірменнен өткізген. Хакастар төрт мезгіл тамақтанған. Дастархан басында әдеп сақтау шарт болған. Төрде үй иесі, ал оң жақта қонақтар отырса, қыз-келіншектерді бөлек дастарханға отырғызған. Сонымен хакастардың тамақтану жүйесі Орталық Азия халықтарының тамақтану үлгісіне сәйкес. Негізгі тамақтары ет пен сүт өнімдері, оған қоса жеміс-жидек жинау, егіншілік, аң, балық аулаумен айналысып, бұл өнімдерді де тағамға пайдаланған және хакастар ботқалар мен сорпаны жиі дайындаған.

Бақылау сұрақтары:

1. Хакастардың негізгі айналысатын кәсіп түрлеріне тоқталыңыз.
2. Хакастардың баспана түрлері қандай болды?
3. Хакастардың ұлттық киім түрлеріне талдау жасаңыз.
4. Хакастардың зергерлік өнері және әшекейлері қандай болды?
5. Хакастардың дәстүрлі тағамы қандай?

2.15. Телеуіттер

Баспанасы. XIX ғ. ортасынан XX ғ. басына дейін телеуіттердің негізгі қоныстары стационарлы болды. Көшелік жоспар басым болды. Мекен жайлар бір-біріне жақын орналасып, кейде орталық көше бойымен 2-3 километрге дейін созылатын. Ұлыстардың көпшілігінің орналасуында рулық немесе этникалық белгілері анық болмады.

Телеуіттердің тұрғын үйлері жайлы мәліметтер XVIII ғ. бастап әдебиеттерде көптеп кездесе бастайды. XIX ғ. бұндай еңбектер қатары Г.Спасский, В.В.Радлов, В.И.Вербицкий сияқты ғалымдардың еңбектерімен толыға түсті. XX ғасырда телеуіттердің тұрақтары жайлы А.В.Анохиннің, әсіресе А.Г.Данилиннің еңбектері көптеп жиналды. Осыған ұқсас тұрақтардың, тұрғын үйлердің, тұрғын үйлердің жабдықтарының тарихи-этнографиялық қасиеті Д.А. Фуканың монографиясында айтылған (1993).

XIX–XX ғ. басында телеуіттер баспанасының бірнеше түрлері болған:

1. Каркасты, жер үстіндегі конус тәрізді, уықтар мен қабықтан жасалған тұрақты құрылыстар – тұрғын киіз үйлер (аланчык) мен шамандардың чумдары. Олардың құрылыс жоспары Оңтүстік алтайлықтар, хакастар, тывалықтар, солтүстік алтайлықтардың құрылыс жоспарына ұқсас болған. Бұндай үйлерде жерде, киіздің үстінде отырды. Үй иесі үйде егер қонақ болмаса, аяғын жинап «түрікше» отырды. Осылайша басқа да қонақтар, сыйлы адамдар және үйдегі ер адамдар отырды. Орта жастағы ер адамдар оң аяққа отырып, сол аяғының тізесін бүгіп отырды, ал әйелдер сол аяқта отырып, оң аяғын бүгіп отыратын.

2. Тікбұрышты тұрақты жартылай жертөле үйлер каркасты немесе кима үйлер болды. Екеуі де жартылай жертөле түрінде және телеуіттердің тілінде йер уй (жер үй) немесе қышту деп аталды. Бұндай үйлер биік емес, олардың биіктігі 1,5-2 м аралығында. Сыртқы қабырғасы шым мен немесе берік болуы үшін төсенішпен тігілген. Есіктен кіргенде оң жақта шығысқа бағыттталып, саздан жасалған пеш орналасты. Бұндай жартылай жертөлелер челкандықтар, құмандар, шорлар және хакастарда, сонымен қатар ұзақ уақыт бойы Томск телеуіттерінің арасында танымал болған.

3. Жазғы төртбұрышты киіз үйлер йайлы деп аталған. Бұл тұрғын үй телеуіттерде XVIII ғ. 30-ж. және XX ғ. басы аралығында кең тараған. Мысалы, Бачатск телеуіттерінде баспананың бұл түрі аз мөлшерде қамба немесе қосымша бөлме ретінде сақталып қалған. Олардың жобасы төрт метрлік төртбұрыш түрінде болған.

Каркасты шатыры пирамида тәріздес болды. Шатырдың төбесінде түгін шығатын тесік қалдырған. Шатырдың барлық құрылысы топырақпен немесе шыммен көміліп жабылған.

Тұрғын үйдің бұл түрі алтайлықтар мен алтай телеуіттерінде ағаш аил деп аталған. Телеуіттердің құрылысына жақын шатырлар якуттарға да таныс.

XIX–XX ғ. телеуіттер арасында орыс шаруаларының үйлеріне ұқсас тұрғын үйлер тарады. Олар үлкен 4 немесе 5 қабырғалы. Телеуіт тұрағының ішкі көрінісі де ерекше. Дәл босағаның оң жақ қабырғасында пеш тұрды. Пешке қарама- қарсы, кіре беріске қарсы тұрған қабырғада төсек тұрды, оның басы оң жақ қабырғаға қаратылды. Егер үйде екі отбасы тұратын болса, онда екінші төсек босағаның сол жағында орналастырылды, оның аяқ жағы босағаға қарап тұрған. Төсек пен пештің ортасындағы барлық бос орынды сәкілер алып тұрды. Олардың үстінде қораптар тұратын. Алдыңғы бұрыш (төр) құдайға сыйынатын орын болып саналды, яғни ол жерге әртүрлі суреттер, плакаттар немесе иконалар қойылды. Ыдыстар мен самаурын пештің жанында немесе қабырғаға ілінген сөрелерге қойылды.

Төсек жабдықтары негізгі бірнеше элементтен тұрған. Олар: 1) құс төсек. Ол құстың қауырсынынан немесе бұғының терісінен жасалды, құс төсекті қаптайтын қап жолақты тіктен немесе нақышты матадан жасалды. 2) киіз. 3) торлы бір жақты сырылған жамылғы. 4) бір жағына 30–40 см болатын түрлі түсті қиықтар тігілген жайма, төсектің үстіне бірнеше жастық қойған. XX ғ. басында жастықтың басы деп аталған ерекше бұйым сақталды. Ол түйе жүнімен қапталған тақтайдан жасалды.

Телеуіттердің дәстүрлі шаруашылық құрылыстарының шаруашылық түріне байланысты ерекшеліктері бар. Ең көп тарағаны қоймалар, моншалар, мал қоралар, тауық қоралар болды.

Киімі. Телеуіт киімдері мен сәндік бұйымдарының алғашқы сипаттамалары XVIII–XIX ғ. ортасына жатады. Сол кездің өзінде зерттеушілердің назарын киімдердің ашық түстілігі мен өзіндік ерекшелігі назар аударған. Мәселен, И.Г. Гмелин әйелдердің киімін былай сипаттайды: «Бұл әйел ерекше әдемі еді. Ол үстіне ұзын қызыл жібектен көйлек, оның ішінен тоқыма матадан жей-

де және бөзден тігілген шалбар киген. Жейденің жағасы қытай маржанымен көмкерілген, көйлектің алды ашық және шетіне түймелер мен ілмектер тігілген. Басында әдемі бұлғын терісімен жұрындалған қызыл түсті татар бас киімі, құлағында екі күміс сырға болды».

Телеуіт киімдері жайлы XIX–XX ғ. зерттеушілердің еңбектеріндегі мәліметтер телеуіттердің барлық этнотерриториялық топтарындағы киім түрлерінің біртұтастығын көрсетеді. Алтайлықтар мен хакастардан аймақтық жағынан ерекшелеп тұратын телеуіттердің киім кешеніне ұқсас киім үлгілері құмандар, абындар мен тюльберлерде кездесті. Осы кезеңдерде ерлердің киімі шалбар мен ұзын көйлектен тұрды. Жеңіл сырт киімге телен, күрме, сырмал деп аталатын киімдер жатса, ал жылы сыртқы киім ретінде әртүрлі тондар жатқан. Міндетті түрде киімнің сыртынан матадан жасалған белдік таққан. Дәстүрлі аяқ киім ретінде чирки (чарык) немесе теріден, қамыстан жасалған аяқ киімдер киді. Жыл мезгіліне байланысты киізден және қой терісінен жасалған (бөрік, малахай) әртүрлі бас киімдер киген. Қыстың аяз күндері міндетті түрде жүннен тоқылған қолғап киген.

XVII ғ. ерлер киімі арасында аз да болса орыс халқынан әкелінген бас киім, аяқ киім, іш киім, сырт киім түрлері тарады. XX ғ. басында дәстүрлі ерлер киімі жойылып кетті деп айтуға болады, алайда оның кейбір элементтері 1960 ж. дейін сақталды (аяқ киім, шекпен).

Қарастырылып отырған ғасырларда әйел киімдері бірнеше түрге бөлінді: чампар – шыттан немесе кенеп матадан тігілген кең шалбар; кюнек – бұл ұзын жейде тәріздес киім; жеңіл сырт киім телен – жүннен немесе тығыз қара түсті матадан астарланып тігілген киім; чиймек – ашық түсті жағасы бар тойға арналған барқыт шапан; ошкор – ұзын барқыт шапан, оны мейрам кездері тонның сыртынан киген; жылы сыртқы киім қаптал – астарлы тон; сырмал немесе телен сырмал – астарланған жылы шапан; купайка – мейрам кездері киюге арналған жеңсіз киім; тон – мерекелік тондар атласпен қапталып, кәмшат терісімен жұрындалды; кур – түрлі түсті жіптерден тоқылған белбеулер; аяқ

киімдер: чарык – қонышы жоқ теріден жасалған аяқ киім; мынта – қой терісінен тігілген ұзын қонышты етік, оны тоқылған немесе мауыты шұлықпен киген.

Бас киімдердің ішінде ең көп тарағаны конус пішіндегі бас киімдер. Олар сырылған матадан тігіліп, барқыт матамен көмкерілді; турпа – қой терісінен жасалған құндыз терісімен жұрындалған бөрік; киш пюрюк – бұлғын терісінен жасалған бөрік болды. XIX ғ. бастап дәстүрлі әйел бас киімін шыт немесе жібек матадан тігілген орамалдар ығыстыра бастады.

Әйелдердің киіміне әшекей бұйымдар ерекше сән берді. Олар әртүрлі шашқа тағатын әшекейлер, күмістен немесе мыстан жасалған сырға, сақина, қолға тағатын әшекей бұйымдар болды. Қарапайым күнделікті киілетін тері қолғаптардан басқа әйелдер жүннен тоқылған қолғаптар киген.

Қазіргі кезде ерлердің киіміне қарағанда әйелдер киімі көп сақталған, орта немесе үлкен жастағы әйелдерде күнделікті киімдер, ал той киімдері жастарда сақталған. Алайда дәстүрлі киімнің сәннен ығыстырылуы әйелдер киімінен басталды. Купайка, очкор, каптал, бас киімдер түрлері қолданыстан жоғалып кетті. Көйлекке мата таңдау кейінгі уақыттарда сәнге байланысты болды.

Тағамы. XIX–XX ғ. телеуіттердің негізгі тағамдары айналысып отырған шаруашылық түріне байланысты болды. Олар негізінен мал бағумен және жер өндеумен айналысты, тағамдары орыс шаруаларының тағамдарынан айырмашылығы аз болды. Сонымен қатар телеуіттер қазіргі кезге дейін мерекелік тағам ретінде жылқы және қой еті, сүт тағамдарын қолданады, бұл олардың көшпенді малшылардың мәдениетіне жақындығын көрсетеді. Тағам құрамында негізгі орынды аңшылық, балық аулау және терімшілік өнімдері алды.

Қазіргі кезде дәстүрлі мейрамдар мен жексенбі күндері пісірілетін тағамдарға еттен, балықтан, құлпынайдан, пияздан пісірілетін бәліштер, қуырылған балық, түрлі шелпектер, қаттамалар, тұшпаралар, бидайдан сүтке қосып пісірілген ботқалар, ұсақтап туралған жайма қосылған қой еті сорпасы, борсық, суыр еттерінің сорпалары да жатады. Танымал тағам түріне қой немесе жылқы

қанына пияз немесе сарымсақ қосып жасалған шұжықтар жатады. Ал қой ішегіне жүрек, бауыр, өкпе, іш май тығып жасалған *торгом* деп аталатын тағам түрін әлі күнге дейін той күндері пісіреді.

Жылқы еті де көптеп қолданылады. Мәселен, *курған ет*, яғни сүрленген ет немесе *карта ет*, яғни жылқының тұздалған картасы әлі де қолданыстан шықпаған.

Дәстүрлі сүт өнімдерінің ішінде танымалы айран, піскен сүт немесе чегень (шикі сүттен жасалған сусын) жатады. Алайда XX ғ. басында бачатск телеуіттерінде бұндай сүт өнімдерін жасау дәстүрі жоғалып кеткен. Телеуіттер қаймақ, құрт, қою айранды көптеп қолданған. Сонымен қатар сүттен және наннан арақ жасауды білген және арпа ұнынан масайтатын жеңіл квас (абыртка) даярлаған.

Ыдыс-аяқ. Тағамды дайындау, сақтау және тұздау үшін телеуіттер ағаштан, теріден, қабықтан, матадан жасалған әртүрлі ыдыстарды қолданған, ең көп тарағаны сатып алынатын, саздан және шойыннан жасалған шұңғыл ыдыстар болды. Ұн жасау үшін қол диірмендер пайдаланылған, алайда XX ғ. басында су диірмендерінің шығуына байланысты олар қолданыстан шығып қалған еді.

Қазіргі кезде дәстүрлі ыдыстар түрлері мүлдем сақталмаған, себебі олар ыдыстарды сатып алатын болды және 1960–1970 ж. өлкетанулық экспедиция кезінде дәстүрлі ыдыстардың барлығы жинап алынған еді.

Үйшілік кәсіптері. Телеуіттерде үйшілік кәсіптердің дамыған түрлеріне тері илеу, тоқу, өру, тігу, теріден, ағаштан, металдан, қабықтан әртүрлі заттар жасау және т.б. жатады.

Оңтүстік Сібір елдерінің көбінде теріні өңдеу үшін теріні илеуге арналған (талка, тезе паскыш), сүргі, ағаш немесе металл пышағы бар ілмек құрал (көрік), кергіш және т.б. қолданылды. Сонымен қатар телеуіттер киіз бастырған. Киіз басуға түйенің жүнін де қолданған. XX ғ. өзінде Таулы және далалық Алтай телеуіттері осы кәсіппен айналысқан.

XX ғ. басында тоқу ісі тек белбеу (кур) жасаумен шектелген. Олардың түсі қара немесе қызыл, сары болған. Бұл белбеу-

лер жай тоқылған және күрделі тоқылған белбеу деп бөлінді. Кенепті тек орыс тоқымашылары немесе Қазымаев, Семенушкин, Беков деревняларының орыстанған телеуіттері тоқи алды. XIX ғ. аяғында Г.Спассктің айтуынша, телеуіт әйелдерінің қолөнеріне жүн тоқу, қабықты өру, оларды жасыл, сары немесе қызыл түске бояу жатты, олар бұйымдарды басқа түске бояуды білмеді.

Тоқылған белбеулер – қазірге дейін телеуіт әйелдерінің ұлттық киімдерінің негізгі бөлігі және мәдениеттің негізгі символы. Оны тек санаулы шебер мамандар ғана тоқи алады. Алайда 1990 ж. бастап кейбір жерлерде белбеулер тоқуды үйрету қолға алынды.

Сонымен қатар өру де сол кезеңде жоғары дәрежеге жеткен. Әсіресе жөкеден және талдан әртүрлі себет, арба шанағы, балық аулау құралдарын; жіптен ау, таспа торларын, шұлық немесе қолғап тоқу, қамшы өру сияқты қолөнер жұмыстары дамыды.

Әсіресе Бачатск телеуіттерінің қолөнер кәсіптері өте жоғары деңгейде болды. Этнографтардың айтуынша, 1920 ж. телеуіттердің аяқ киімдері (чарык) жергілікті сауда орталықтарының барлығына тарады. Чарык тігумен тек әйелдер ғана айналысқан. Бір күннің ішінде бір әйел үш-төрт чарык тоқып үлгерген, ал кейбір шебер әйелдер бір күнде тоғыз сынарлы чарыққа дейін тігіп үлгерген. Телеуіт әйелдері аптасына үш рет – жұма күні Бачатск ауылы, сенбіде Гурьев ауылы, жексенбіде Белов станциясындағы сауда орталықтарында өзінің тауарларын сатты. Негізгі тұтынушылар орыс шаруалары мен жұмысшылары болды. Чарықтардың бағасының қымбат болуы отбасының қаржылық жағдайын біршама көтерген.

Сатылымға тек чарықтар ғана емес, орыс үлгісіндегі тондар мен қоян, борсық терісі, елтіріден тігілген әртүрлі киімдер де апарылған. Бас киімдердің бағасы шамамен 2-3,5 рубль аралығында болған.

Сонымен қатар сауда орындарына әртүрлі өрілген әбзелдер, қамшыларды да апарып сатқан. Оларды ерлер әйелдердің көмегімен жасайтын. Осындай заттарды кейбір телеуіт шеберлеріне орыс шаруалары арнайы тапсырыс беріп жасатып отырған.

Олардың бағасы 10 рубль болған. 1960 ж. дейін телеуіттер қамшы мен жүгенді Белова және Новокузнецк базарларына апарып сатып отырған.

Телеуіттердің Белово, Новокузнецк сияқты өндірістік орталықтарға жақын орналасуы олардың қазіргі шаруашылық кәсіптерінің жүйесін айқындайды.

Көлік түрі. Телеуіттердің ең негізгі көлік түрі – жылқы. Аспен аң аулауға шыққан, әртүрлі жүктер тасыған, ат жарыстарына қатысқан, хабар жеткізген, қонаққа барған.

Ат әбзелдерінің толық нұсқасына төмендегідей бұйымдар кірді. Мысалы, жүген Алтай, Хакасия, Тыва, Қазақстанда кең тараған бірнеше белбеуден тұрған, аузының екі жағында екі дөңгелек болды, оған тізгінді бекітті, сонымен қатар құлағының арасынан өткізілген екі бүйір белбеулері, бүйір белбеулерін аттың төбесінің орта тұсында қосып тұратын бөлік және тамағының астында белбеу болды. Нокта да жүген сияқты шикі теріден немесе жылқының қылынан жасалды. Атқа отырарда міндетті түрде сол жақтан отырған. Шылбырды сол жақ қолға орап алған және тізгінді де сол қолға ұстаған, оң қолда қамшы болған.

Ер тоқымдар да осындай бұйымдарға жатады. Телеуіттерде ерлердікі сияқты ат әбзелдері әйелдерде де болған. Мәселен, Бачатск телеуіттерінде XVIII ғ. жататын әйелдерге арналған ер тоқымның ерекше үлгісі сақталған.

Бақылау сұрақтары:

1. Телеуіттердің негізгі айналысатын кәсіп түрлеріне тоқталыңыз.
2. Телеуіттердің баспана түрлері қандай болды?
3. Телеуіттердің ұлттық киім түрлеріне талдау жасаңыз.
4. Телеуіттердің зергерлік өнері және әшекейлері қандай болды?
5. Телеуіттердің дәстүрлі тағамы қандай?

2.16. Алтайлықтар

Баспанасы. Алтайлықтардың дәстүрлі заттай мәдениетіне жататын баспана түрлері қазіргі кезде уақыттың талабына сай

жаңа технологиялар негізінде дамып келе жатыр. Сібір халықтарының баспанасын зерттеген З.П. Соколова алтайлықтардың киіз үйін пирамида тәріздес, көп бұрышты доғал шатырлы тұрақ деп сипаттаған. Этнографиялық әдебиеттерге сүйенсек, алтайлықтарда чум пішіндес (чумобразный) баспаналар мүлдем сақталмаған. Оның бірден бір себебі мұндай *айылды* жабу үшін түбірлі жапырақ пластиналар керек және оны дайындау үшін көп уақыт қажет болды. Қазіргі кезде алтайлықтар шатырды заманауи заттармен, яғни шифер, темір қаңылтырлар, руберойд және т.б. жабады.

Таулы Алтайдың әр ауданында тұрғын үйлердің пішіні мен атауы да әртүрлі. Алайда олардың қолданылатын материалдары мен жасалу тәсілінде айырмашылықтары жоқ. Тұрғын үйлердің формасы жергілікті ландшафт пен климатқа байланысты. Ғалымдар алтайлықтардың тұрғын үйлерінің шатырлары тау шыңдарына, яғни қоршаған табиғатқа ұқсас етіліп жасалғанына ерекше мән береді. Әсіресе оны Онгудайск ауданының киіз үйлерінен көруге болады. Мұндағы тау шыңдары өте үшкір. Мұндағы тұрғын үйлерінің шатыры да конус пішіндес болып жасалады. Сонымен қатар соңғы екі жүз жылдағы алтайлықтардың дәстүрлі тұрғын үйлерінің даму эволюциясына көшпеліліктен отырықшылыққа өту үдерісі өз әсерін тигізді. XIX ғ. деректеріне сүйенсек, қабырғалары торлы қанаттардан тұратын, *кереге айыл* деп аталатын киіз үй сол кездегі кең таралған баспана болды. Алайда қазіргі кезде мұндай киіз үйлер құрғақ климатымен ерекшеленетін биік таулы Қос-ағаш ауданында ғана сақталған.

Алтайлықтардың дәстүрлі тұрғын үйлерінің эволюциясы жаңа және жаңаша кезеңде бір жағынан бірыңғайланса, ал екінші жағынан климаттың өзгеруіне бейімделді.

Кеңес дәуірі кезеңіндегі табиғатты игеру, яғни орман және ауылшаруашылық салалары қызметтеріндегі орманды кесу, мелиорация сияқты жұмыстар нәтижесінде қоршаған ландшафт өзгеріске ұшырап, климат ылғалды болып кеткен. Мәселен, тұрғын үйлер тек киіз үйлер болған ортағасырлық кезеңмен салыстырғанда, қазіргі кезде қысқы және жазғы температура қатты

өзгеріске ұшыраған. Қатты желдер мен ылғалды климатқа байланысты киіз үйді қолдану қолайсыз бола бастады. Ағаш бөренелерден жасалған ағаш үйлер кең таралып, олар *ағаш айыл, ағаш үй, қажазған айыл, чаадыр* деп аталды.

Әдебиеттерде бұндай тұрақтар орыс шаруаларының қималы үйлерінің әсерінен пайда болған деген пікірлер қалыптасқан. Ол туралы Е.М. Ташакова 1978 ж. жарыққа шыққан «Традиционные черты народной культуры алтайцев (XIX – начало XX в.)» деген еңбегінде «ғасырдың 60-ж. Алтайда көп бұрышты ағаш қима үйлер пайда болған... Осындай киіз үйлерді салу үлкен шеберлікті қажет етті және бұндай жұмыс орыс шаруаларының қатысуымен жүзеге асқан», – деп жазады. Автор бұндай көп бұрышты қима үйді конус тәрізді киіз үйден орыс шаруаларының ағаш үйіне көшу түрі болды деп есептейді. Алайда кейбір ғалымдар Пазырық мәдениетінің археологиялық мәліметтеріне қарай отырып, бұл көзқарасты қолдамайды, сонымен қатар Онгудай және Улаган ауданындағы жерлеу құрылыстарында қима технологиясы екінші мың жылдықта да және жаңа кезеңде де болғанын айтады.

Дәстүрлі баспаналар тұрақты және аңшылық кезінде қолданылатын (айыл, үй) уақытша түрлерге бөлінеді. Алтайлықтардың тұрақты баспаналарының төмендегідей түрлері болды.

Оларға *аланчык* немесе *содон айыл, чаадыр* немесе *соолто*, яғни әлемнің ең көне тұрғын үйлерінің біріне жататын конус типтес киіз үйлері жатады. Көлденеңінен оның дөңгелек шеңбер түріндегі негізі бар, сүйегі ретінде ұзындығы 7-12 м болатын сырғауылдар (уық) қолданылды. Уықтардың ұзындығы артқан сайын, киіз үйдің диаметрі де өсе түседі. Жабынды ретінде қайың қабығын қолданған. Төбесін ашық қалдырған – ол түтін шығатын орын және жарық түсетін терезе ретінде қолданылған. Есік үнемі күн шығысқа бағытталды.

Алтайлықтарда *кереге айыл* немесе *кийес айыл* деп аталатын киіз үй алтайлық, қалмақ, қазақ, қырғыз, моңғол, тыва сияқты түркі және моңғол тілдес халықтар арасында кең тарады. Үйдің негізгі бөлшектеріне тор керегелер, *карачкы* деп аталатын шеңбер, төбе сырғауылдары *уна*, тіреуіш сырғауылдар *багана, туурга, тебир*

және *жабу* деп аталатын киіз жабындылар, шаңырақ жатады. Үйдің бұндай бөліктерін бір-бірімен белбеулер немесе әртүрлі баулар арқылы байлады. Киіз үйдің диаметрі керегенің санына байланысты болды. Олар алты немесе сегіз қанатты болуы мүмкін және ол *алты канатту кийс айыл* (алты қанатты киіз үй) деп аталды. Таулы Алтайда ол тек оңтүстік алтайлықтарда ғана болған.

Ағаш айыл, ағаш уй, кажаган айыл немесе *чертеме* бөрелі кима үй, ірге тасы көпбұрышты болып жасалады. Қабырға санына қарай бұрыштары көбіне алты, сегіз болып жасалса, он екі бұрыштылары сирек кездесті. Шатыры конус және жарты сфера түріндегі екі түрлі формада болды. Шатырды қарағай қабығымен жауып, оның үстінен *базыру* деп аталатын қысқа бөрелермен бекіткен.

Тұрғын үйлердің есіктері шығысқа немесе оңтүстік шығысқа қаратылады. Есіктер дәстүрлі түрде тері ілмектерге бекітілсе, ал қазір зауытта жасалған темір ілмектерге бекітіледі. Алтайлықтардың баспаналарында түгін шығару және сәуле түсіруге арналған *тунук* деп аталатын саңылау болды. Қазіргі кезде жауын-шашын тимеуі үшін бұндай саңылауларды әйнекпен шынылап, ал ошақтың орнына аласа кірпіш пештер салады. Ол пештерде ашытылған нан да пісіреді.

Киіз үйдің ішкі интерьері Орталық Азия халықтарының мәдениетіне арналған көптеген әдебиеттерде жақсы суреттелген. Киіз үй әйел және ерлер бөлігіне бөлінген, сол (есікке қарама-қарсы тұрғанда) бөлігі әйелдердің, оң жағы ерлердің бөлігі болды. Осы бөліктерге шаруашылық-тұрмыстық заттарды орналастырған. Әйелдер бөлігінде ас үйдің құрал-жабдықтары, тамақ пісіруге арналған заттар болса, ерлер бөлігінде мал бағу мен аңшылыққа арналған заттар болды. Кейіннен кірпіштен жасалған аласа пештерді бұрынғыдай ортаға емес, сол жақтағы әйелдер бөлігіне орналастыратын болды. Пештердің маңайына газ және электр плиталарын да қойды.

Үйдің ортасы болып есептелетін ошақтан (очок) жоғары *тор* деп аталатын орын қастерлі орын болып есептелді. Төрде үй иелерінің төсегі, шаман немесе ламаистік пенаттар орналасты.

Ошақтан кейінгі орын оттың басы деп аталды және ол үйдің ішіндегі ең қасиетті орын деп есептелді. Оған қарама-қарсы орын – *от айак* немесе *оттың буды* (оттың аяғы) деп аталды, халық ол жерге әлеуметтік дәрежесінің төмендігін көрсететін эпостық батыр бейнесіндегі Тас-Таракай есімді кейіпкер отырады деп түсінсе, ал шынайы өмірде ол орынға, аз уақытқа үйге кірген қонақ кісі немесе үй иелерінің жасы кішісі отырған.

Киіз үйдің барлық бөліктеріне 10-12 жасқа дейінгі балалар, әсіресе қыз балалар емін-еркін отыра алатын. Сонымен қатар үй иесі мен оның ұлы да еркін жүре беретін, ал басқаларына шектеу қойылды. Бұндай түсінік ғұрыптық-символдық қатынас бойынша ошақ және үй ер адам, яғни үй иесінің меншігі болып саналуымен байланысты туындаған еді. Мысалы, жас жұбайларға арналып құрылған киіз үйдегі ошақтағы отты, жігіттің әкесінің отынан алып жағатын. Қалыңдық от анасы аруағына арнап құрбандық шалғаннан соң ғана ошақта ас пісіре алды.

Соңғы сипатталған тұрғын үйдің бұндай түрлері барлық аудандарда таралған. Бұндай бөренелі кима үйлер алтайлықтар үшін жазда баспана болса, қыста қойма қызметін атқарды. XX ғ. 1990 ж. бас кезінде орта жастағы алтайлықтардың жаппай қалаға көшуіне байланысты осындай киіз үйлер Алтай Республикасының астанасы – Таулы Алтай қаласында да пайда болды, ол полиэтникалық қалалық ортада этникалық бірегейлікті көрсетті.

Ауылдық жерлердегі алтайлықтардың қазіргі тұрғын үйлері бөренелерден салынған, оның көлемі 7,5x7,5-тен 10x10 м-ге дейін жетеді. Үйлерді әдетте үш-төрт бөлмелі етіп салған, олардың үлкенін дәліз немесе ас үй ретінде пайдаланған. Пешті бұрынғыдай ортаға, бір бөлмені барлық жағынан жылыта алатындай етіп салған. 1980 ж. ортасынан бастап пештен булы, сулы жылу жіберетін болды. Қабырғалар әктаспен сыланып, кейде оған тұсқағаз (обой) немесе клеенка жабыстырылды. Жиһаздар көбінесе стандартты түрде болды және сатып алынды. 1990 ж. басында төсек, дөңгелек үстелдер, аласа аяқты үстелдер, сандықтар, күнтізбелер сияқты ағаштан жасалған жиһаздар сәнге айналды. Оларды арнайы шеберлерге тапсырыс беріп жасатты. Қалың-

дықтың жасауына кіретін төсек пен сандық үлкен сұранысқа ие болды. Сонымен қатар қалыңдықтың туыстары жасауға ас үй жиһазы, кір жуу машиналары мен ыдыстарды қосты.

30-50 жастағы алтайлықтардың тұрғын үйлері жайлы етіп салынды. Олар балаларына қалдыру үшін үлкен етіп жаңа үй салды немесе бұрынғы үйлерін жөндеуден өткізді. Орта жастағылар және жастар үйлерін заманауи техникамен, видео және аудиоаппараттармен жабдықтайды. Соңғы жылдары спутникалық антеналар кең тарады.

1930–40 ж. 4x5, 5x6 м көлемдегі үйлер көптеп салынды. Үйленген балаларымен қартайған ата-анасы бірге тұрса, онда олар өз үйлерінің жанынан үйшік салды. Ата-анасымен баласының үйлері бірге, бір аулада орналасты. Үлкен немесе кіші үйдің жанында жазғы ас үйдің қызметін орындайтын көпбұрышты үй немесе төрт бұрышты сарай болды. Үйдің маңында қойма, машина тұрағы, монша және т.б. шаруашылық құрылыстары орналасты. Ауланың аяқ жағында мал ұстайтын, жеміс-жидек өсіретін, шөп сақтайтын орындар мен дәретхана құрылыстары орналасты.

Таулы Алтайдың орталық аудандарында 1990 ж. бастап салынған бір-екі қабатты үйлер көптеп кездеседі, себебі бұрын көп қабатты үйлерде тұрып, кейін қартайған соң жер үйлерге қоныстанғысы келген алтайлықтар осындай үйлер сала бастады. Бұндай үйлердің құрылыс жобасы ас үйдің қонақ күтетін бөлмемен жалғасып тұруымен ерекшеленеді. Сондай-ақ үйдің маңайында монша, қойма, машина тұрағы, бау-бақша, сарай, дәретхана салынған. Мүмкіндігінше, бұл құрылыстың барлығын бір қатарға орналастырып, Алтайдың көп қар түсетін қысына ыңғайлап, төбесіне шатыр жапты.

Тағамы. XIX–XX ғ. алтайлықтардың негізгі тағамы – ет және сүт тағамдары болды. Ал өсімдіктерден олар бидай және басқа да жеуге жарамды өсімдіктерді пайдаланған. Сонымен қатар көктем мен жазда өсетін – кандық, сарана, жабайы сарымсақ, қурай, пияздың әр түрлерін және әртүрлі жидектерді пайдаланған.

Оңтүстік алтайлықтар жағдайы, орналасқан аймақтың ерекшелігі мен уақыт мезгілдеріне байланысты негізгі тұтынғаны

ет және сүт тағамдары болды. Негізгі ет тағамдары қайнаған ет пен сорпа болды. Түйілген дәндерді сорпаға қосып, *кочо* деп аталатын көже жасаса, сорпаға ұсақтап түйілген тарыны қосу арқылы жарма көжесін жасаған. Сойылған малдың етінен *кан* деп аталатын қанмен толтырылып жасалған шұжық дайындады, қойдың ішектерінен даярланған жөргем, жылқының ішегі мен майынан жасалған *карта*, *кыйма*, *казы* – алтайлықтардың сүйікті тағамы болды.

Дәнді-дақылдардан көбінесе арпаны пайдаланған. Арпадан талқан жасап, оны шаймен ішкен, сүт және ерітілген сиыр майын қосып қайнатса, оны *чейдем* деп атаған, ал піскен немесе піспеген сүттің бетіне түскен кілегейінен *қаймақ* алған, ашымаған қамырдан күлге көміп, шелпектер, *теертпек* майында *боорсак* пісірген.

Сусындардың ішінде ең көп тарағаны тұз қосылған сүтті шай болып келеді. Шайды талқанмен немесе талқансыз ішкен. Ал одан кейінгі орында қышқыл сүтті сусын, қайнатылған немесе жай сүтпен дайындалған *чеген* болды. Одан сүтті шарап *суттин арақызы* дайындалды. Ірімшікті чегенді сүзіп алған соң одан ұнтақ тәрізді ірімшік *аарчы* дайындалған, ал кептірілген ірімшіктен *курут* дайындалған. Шикі сүт пен чегеннен жұмсақ ірімшік *быштак* дайындаған, сиыр сүтінен алынған қаймақты жинау және одан соң оны қайнату арқылы май алған. Майды ерітіп, еріген май алған. Ол майды бұзылып кетпес үшін қарында сақтаған. Сонымен қатар жылқы сүтінен қымыз даярлаған. XX ғ. ортасында ірімшік жасау үшін қойларды да сауа бастады.

Арпадан талқаннан басқа да жармалар дайындаған. Аруақтарға арналған құрбандық үшін арпа дақылы мен жылы су қосып, алкогольді сусын – *саба* сусынын дайындаған.

Бұл сусынды дайындау қайнату мен қатыруға негізделген. Алтайлықтардың тағамы жайлы жазған Л.Н. Потаповтың пікірінше, сүрленген еттер – конзервацияның бір тәсілі. Етті ошақ астындағы торға кептірген. Құрт пен ірімшікті де осылайша кептірген. Тұздалған етті ұзақ сақтау үшін ұнды қолданған. Одан сопа қайнатқан. Дәл осы ұнмен 1930 жылы репрессияға ұшыраған

адам отбасы мен өз балаларын сақтап қалған. Етті қатыру *согул сойор* мәселесі кезінде жүргізілген. Қыстың басында, аяз орныққан кезде малды сойған. Қатыруға толық бір туша кеткен, оның басын алып тастаған. Малды сойған соң оны бұзбай толық күйінде сақтап отырған.

Сойылған малдың ішкі ағзаларды алып отырған, содан соң қанын ағызып, етін бөлшектеп, қазы дайындаған. Малдың етін терісіне салып сақтаған. Ол еттің ұзақ уақыт сақталуына әсерін тигізген. Осылайша қатырылған ет қыстың қаңтар-ақпан айларына дейін жететін болған.

Етті тағамдарды дайындаудың – суда қайнату, қуыру, кептіру сияқты тәсілдері бар. А.П. Потаповтың мәлімдемесі бойынша, алтайлықтар етті ыдыста қуырмаған. Ал сүтті тағамдарды – ашыту, пісіру, қайнату арқылы дайындаған.

Орыс шаруаларының келуімен нан тағамдары тараған. Өртүрлі бәліштер, блины, құймақ, нан, қалаш тағы басқалары дайындалды. Бақша өсімдіктерінен тағамға: орамжапырақ, сәбіз, қылша, қияр, картоп т.б. пайдаланыла бастады.

Заманауи қазіргі таңдағы алтайлықтардың дәстүрлі тағамдары және көкөніс тағамдарының жаңа түрлерінен тұрады. Кеңес кезеңіндегі сауданың дамуынан бастап, көкөністер мен тағамдарды да дүкендерден сатып алуға болатын. Алтайлықтарда қышқыл нан XIX ғасыр миссионерлері мектептерде нанды пісіруді үйреткеннен бастап етек алған. Кейін, яғни 1930 жылдардан бастап, үй шаруасындағы әйелдерге нан пісіруден басқа, тігін тігуге, санитарлық – гигиеналық әдіс-тәсілдерге үйреткен.

Алтайлықтардың жаңа тағам түрлеріне әртүрлі жеміс-жидектерден жасалған тосап, тұздалған қияр, орамжапырақ және картопты жатқызуға болады. Сонымен қатар алтайлықтар құс өсірумен, шошқа бағумен айналысқан, сол себепті де шошқа етін, шошқа майын, әртүрлі ет рулеттерін, жұмыртқа, тауық етін пайдаланған. .

Киімі. Алтайлықтардың киімі туралы тақырыпта зерттеу жүргізген Л.П. Потаповтың айтуынша, кең, жіңішке жеңді киімдер болған. Киімнің негізгі бөлігі – жағасы. Оның функционалдық және семантикалық маңызы зор. Киім жағасына қарап адамның

жерге немесе «ай-күн» әлеміне жақындығы байқалады. Сондықтан да алтайлықтар фольклорында жаға туралы мақал-мәтел, фразеологизм көп айтылады. Белбеудің де анологиялық маңызы зор болған. Қазіргі таңда да алтайлықтар өздерін жоғары стильде көрсетіп, оны *қара башту, қайыш курлу* деп атайды. Белбеу негізінде арқа тұсында байланады. Ол оның орта әлемге жақындығын көрсететін. Ал қолтыққа жақын тұс – жоғарыға, ал белге жақын тұс төменге жақындығын көрсететін.

Сонымен қатар белбеу тағу жылуды сақтап, іш пен арқа бұлшық еттерін суықтан сақтап тұрады. Белбеуді сонымен қатар сөмке ретінде де қолданған. Ер мен әйелдердің белбеуінде ең қажетті деген заттары қыстырылып тұрады. Олар: пышақ, от тұтатқыш, ине қыстырғыш т.б. болды. Осы туралы Л.П. Потапов «спутник» деп атаған. Ол мыстан, қоладан, күмістен оюлап жасалған зат. Ол моншақталған тері қап болған, оған сәбидің жаңа түскен кіндігін салып, сақтап қоятын. Жаға мен белбеу киімді әсемдейтін бұйымдардың бірі болып саналған. Алтайлықтарда фольклорда жағадан ұстап күресетін батырлар туралы айтылады. Эпостық жырларда батырды сипаттағанда оның белбеуін де суреттеген. Сонымен қатар, негізінен, киімінің жеңі мен қойнын ерекше айтуға болады. Онда қыстыгүні ат үстінде жүргенде жас сәбилерді салып алатын.

Сондай-ақ манжет пен киімнің шеткі бөліктерінің де маңызы зор. Әйелдердің тондары *чегедек* деп аталған. Ерлердің, әйелдердің, балалардың киімдері, бас киімдері және аяқ киімдері түрлі-түсті тігіспен өрнектелген.

Осы аталғандардан басқа алтайлықтардың сырт киімдеріне қатысты өзіндік мәдениетін атап кету керек. Сырт киімде жүрген адам ыстықтаған кезде оны шешіп, беліне байлайтын. Осылайша оның қолы мен кеудесінің жарты бөлігі ауа кіруге ашық болады.

Алтайлықтардың киімі, негізінен, климат пен қалыптасқан шаруашылық түріне байланысты болған. Оңтүстік алтайлықтардың Г.Н. Потаниннің айтуы бойынша, киімдері жергілікті жерге лайықты болған және де оның ешқандай қосымша бөлі-

гі қатты су болмаған. Олар тондар, қысқы шалбарлар, теріден жасалған етік және тері қалпақтар еді.

Алтайлықтардың киімдері жасына, жынысына, отбасы жағдайына, әлеуметтік тұрмысына, күнделікті тұрмысқа және мерекелерге арналған болып бөлінеді. Ерлер мен әйелдердің күнделікті киетін киімдері кең әрі қысқа шалбарлар болған. Олар шалмар, шантак деп аталған. Көйлектер жібек басқа да әртүрлі маталардан тігілген. Ерлердің сыртқы киімі – шекпен. Ал ауқатты отбасыларда тонды шұға матасынан, ал астарын жібек матасынан тіктірген. Алтайлықтар шекпеннің шұғадан тігілген басқа да түрлерін киген. XIX ғасырда киімге қосып пышақ, сөмке қосып ұстап жүрген. Қысқы жылы киім ол теле тон болған. Кедейлердің тоны қозы терісінен тігілген. Ал ауқаттылардың тоны ақ қойдың терісінен, сырты матамен көмкеріп тігілген. Орта дәрежелі отбасылар шекпенді қытайдың талима деген матасымен қаптаған.

Бас киімдер теріден, жүннен, тігілді.

Аяқ киімдерді басқа киімдер сияқты әйелдер өз қолдарынан тіккен. Ол үшін өңделген жылқының, сиырдың терісін қолданған. Ал күнделікті киетін аяқ киімі теріден жасалған етік болған. Етік екі қабаттан тұрған – етіктің сырты теріден жасалған қабаты, ал етіктің іші жүннен жасалған қабаты. Ал шұлықтың орнына қыста жұмсақ ойнат шөбін ораған. Теріден басқа аяқ киім тігу үшін түлкінің, бұғының және басқа да терілерді қолданған. Оларды, негізінен, балалар аяқ киімі үшін қолданған.

Тұрмысқа шыққан әйелдердің негізгі киімі ұзын әрі жеңсіз чегедек деп аталатын шапан болған. Оны той кезінде киген. Тұрмыстағы әйел оны өмір бойы киюге тиіс.

1980 жылдардан бастап қалыңдықтар үшін чегедекті қайта тіге бастаған болатын. Алтайлықтар үшін түстің, әсіресе киім түсінің мәні ерекше болды. Алтайлықтар барлығына «барлық түстің анасы» деп ақ түсті қалаған. Чегедек түстерінің шығуы туралы аңызда былай делінген «чегедек тігуші шеберлер жарық сәуледе жұмысын аяқтап жатқанда, ай сәулесі иненің тігісінен өтіп, жеті түсті кемпірқосаққа айналған. Осыдан

бастап алтайлықтар ашық түсті киімдерді киетін болған екен. Өзін сыйлайтын адам бір түсті киім киген. Себебі әртүрлі түстегі киімдерді тек кедейлер ғана киген. Киімнің түсі мен жасы, нақты айтқанда өмір сүру күші келесі жағдаймен байланысты. Ең ашық әрі әдемі түстерді жастар киген. Оларға тұрмыстағы және 50 жас шамасындағы адамдар жатқан. Ал балаларға киімді өте ашық түспен тіккен, себебі басқалардың назарын балаға аудартпау үшін осылай жасаған.

Алтайлықтардың негізгі шаш үлгісі ол – өрілген шаш. Ер адамдардың шашы бір өріммен өрілген, ал тұрмыстағы әйелдердің шаштары екі өрімді, ал қыздардың шашы тақ санды үш немесе одан да көп өрімді. Бойжеткен қыздар шаштарын сырмал тәсілдермен ұсақ өрім етіп өрген. Ұлдар мен қыздардың шашын кекіл қалдырып жинаған. Қыздар мен әйелдердің шаштары әртүрлі бұйымдармен безендірілген.

Сырғаны үлкендер де, балалар да таққан. Ең әдемі сырғылар мен жүзіктер қыздарда болған, олар күмістен жасалған. Ал тұрмыстағы және 50 жас шамасындағы әйелдер алтын сырғалар таққан. Сәндік бұйымдар эстетикалық байлықтан басқа, магиялық қасиетпен де ерекшеленген. Тұрмыстағы әйел әшекейді үнемі тағып жүруі тиіс еді, себебі ол әшекейлер балаларын қорғайды деп сенген. Әшекей бұйымдармен бірге, әсіресе алтынмен бірге жерлеуге болмайтын, себебі әшекейлер өлген адамның жанының жолын ауырлатады деп есептеген. Егер де алтын немесе күміс болмаған жағдайда сәндік бұйымдарды басқа да қолжетімді метеалдардан жасайтын болған.

Бақылау сұрақтары:

1. Алтайлықтардың негізгі айналысатын кәсіп түрлеріне тоқталыңыз.
2. Алтайлықтардың баспана түрлері қандай болды?
3. Алтайлықтардың ұлттық киім түрлеріне талдау жасаңыз.
4. Алтайлықтардың зергерлік өнері және әшекейлері қандай болды?
5. Алтайлықтардың дәстүрлі тағамы қандай?

2.17. Тывалықтар

Баспанасы. Шығыс тывалықтардың негізгі баспанасы бақандардан тұрғызылған чум болды. Тек кейбір малшылары ғана моңғолдың киіз үйі тектес, Тываның басқа аудандарынан әкелінген тор көзді киіз үйде тұрды. Бәрімізге белгілі болғандай, бақандардан тұрғызылған, қабықпен қапталған, қарапайым үйлер алғашқы адамдарға да белгілі. Көптеген ғасырлар бойы, ежелден бастап кешегі күнге дейін чум үйлер Сібірді қоныстанған аңшы халықтарға баспана қызметін атқарды. Скиф дәуірінен жеткен қорғандардың бірінен табылған тұмарда чумды еске түсіретін бейне табылған. Чумды тоджиндердің ата-бабалары да пайдаланған. Белгілі тарихшы Рашид ад-Диннің айтуы бойынша, орманды мекендеген урянкаттар өз баспаналарын қайыңның немесе басқа ағаштардың қабығынан жасаған. Тывалықтардың басты баспанасы – киіз үйді тоджиндер қолданбады. Бұл үйлерді Тоджа халықтарының пайдалануы тек ХІХ ғасырдан бастап қана белгілі.

Тывалықтардың тұрақты баспанасы болмаған. Бірақ ХІХ ғасырдың соңында кей малшылардың отбасы қыстауда бір камералы, бұзылатын, терезесі жоқ, жерде ошағы бар үйлерде тұрған. ХХ ғасырдың басынан қыстауларда жеке малшылар буряттардан енген бес немесе алты бұрышты киіз үйлер тұрғызған.

Бұғы аулаушылардың үйінің ортасында, ошақтың үстінде қоладан жасалған, екі құлақты қазан орналасқан. Ал оң жақта әйелдердің бөлмесі, яғни ас үй болып саналған. Бұл жерде үй иесі ас әзірлеп, киім тігіп, басқа да үй тірліктерін жасаған. Отбасы мүшелері аң терісін төсеп, теріні жамылып жерде ұйықтаған. Отағасы мен отанасы ас үйде, ал отбасының басқа мүшелері ошақ орналасқан бөлмеде, ошақты айнала, бос орындарға жатқан. Есікке қарама-қарсы орналасқан жер, яғни төр (төрлүг чук) құрметті саналған. Ол жерде үй иесі мен өте қадірлі қонақтар отырған. Үйдің сол жақ бөлігі отағасының орны болып есептелген, ол жерде оның жеке заттары, қаруы, аң аулайтын торы тұрған.

Киімі. Тывалықтардың киімі есте қаларлық ерекшеліктерімен ерекшеленбейді. Шығыста да, батыста да, оңтүстік пен

орталық аудандарда тывалықтардың киімі біркелкі. Зерттеушілердің айтуы бойынша, киімдері қарапайым, яғни мерекеге арналған, салтанатты шараларға, үйлену тойына арналған киімдері қарапайым болған. Олардың киімдеріне, мәдениетіне қытай-маньчжурлардың әсері көп болғанын жоққа шығара алмаймыз.

Тывалықтардың басты сыртқы киімі – тон. Ер адамдардың, әйелдердің, балалардың сыртқы тондары қысқы, маусымаралық уақытқа байланысты матасы мен тігістеріне қарай өзгеше болады. Қыстық киім – кішкі тон аңдардың терісін ішіне тігіп жасалған. Малшы аудандарда ішіне қойдың терісін тіксе, бұғы аулайтын аудандарда бұғының, тауешкінің терісін тіккен. Бұл тері тонның сыртынан бір түсті қағаз секілді мата немесе жібек мата жабылған. Алайда бұғы терісінен жасалған тонның сыртына ешнәрсе жаппаған.

Ф. Конның айтуынша, қойдың терісінен тігілген тонды (ой тон) ұзын етіп және артқы жағын ұзынырақ қылып тіккен. Күзгі және көктемгі киімдерді ішкі жағына мақта қосып тігетін болған. Үстіңгі жағына әдетте далемба деген мата, ал астына сулемба деген ақ мата сатып алған. Екі матаны да қытайлар мен орыс саудагерлерінен сатып алған. Ілгектер киімнің әшекейі саналған. Киімдердің жеңінің чоң жоғарғы жағы кең етіліп, ал білек тұсы жабысып тұратындай етіп тіккен. Жеңге тігілген манжет жұмыс істеп жатқанда кедергі келтіретін болғандықтан, көбіне қайырып жүрген, ал салқын күндері оны түсіріп қойған.

Салтанатты киімді жабайы ешкілердің көктемгі немесе жаздық қызыл терісінен тіккен. Жағасын тік қылып немесе ілінетін қылып жасаған. Алдыңғы жағынан үлкен екі ілгекпен ілген. Жас әйелдер киімдерге ашық түстерді таңдаса, үлкен кісілер қоңыр түстерден киім киген. Мерекелік киімдерді байлар жібектен тігіп, жағасына түрлі қымбат матадан, әшекейлерді қосып тіктірген. Киімді байлайтын белдікті кур деп атаған. Ер адамдар белдікті беліне тақса, әйелдер оны байламай, жай ғана айналдырып орап, соңын қыстырып қойған. Белдікті қарапайым адамдар сатина, далембадан тіксе, байлар жібектен және міндетті түрде киімге қарағанда ашық түстен тіккен.

Бай адамдар немесе шенеуніктер жазда және қыста тонның сыртынан қысқа жеңі жоқ хурмэ киген. Оны ең қымбат, сапалы жібектен, тіккен. Кедейлер ондай киімдерді кимеген. Бұл киім қытай-маньчжурларының билікке келгенінен бастап аксүйектер киюге тиіс киім болып бекітілді.

Тыва тілі түркі тілі бұтағының ұйғыр тобына жатады. Тыва тілі төрт жергілікті ерекшелікке бөлінеді. Әдеби тілі орталық диалект негізінде қалыптасқан. Тыва тілін түркі тілдерінің көбінен өзгешелейтін көмей мен созылыққы дауыстылар. Сондай-ақ бұл тіл моңғол тілінен ауысқан сөздердің аса молдығымен ерекшеленеді. Көне түркі элементінің сақталуы жағынан тыва тілі көне оғуз, көне ұйғыр, тофалар, саха тілдеріне жақын. Тыва тілін зерттеуде белгілі түркітанушы, хакас филологы, этнограф, фольклорист, профессор Катанов Николай Федоровичтің сіңірген еңбегі айырықша. «Урянхай тілін зерттеу тәжірибесі» атты көлемі 1600 беттей кітабы Катанов есімін ғылым әлеміне әйгілі еткен. Бұл еңбекте 50-ге жуық түрік тілдері мен диалектілері салыстырылған. Тыва жазба әдебиеті 1930 жылдан бастап, ұлттық жазу пайда болған соң қалыптасып, дамып келеді. Тыва ақын-жазушыларының өлеңдері мен әңгімелер жинағы, поэмалары, очерктері, драмалық шығармалары, повестері басылып келеді.

Тағамы. Тыва халқы шаруашылығының басты саласы мал шаруашылығы және бұл тывалықтардың ұлттық асханасына өз әсерін тигізді. Тывалықтардың аспаздық дәстүрі мал шаруашылығы мен көшпелі өмір салтына байланысты болғандықтан, тыва асханасы ет тағамдары мен қышқыл сүт өнімдеріне бай. Көптеген тағамдар Орталық Азия және моңғол тағамдарына ұқсас. Қой еті, жылқы еті, түйе етін жиі пайдаланады. Ал шошқа еті мен сиыр еті айтарлықтай аз мөлшерде тұтынылады.

Халықтың тамақтануында сүт өнімдеріне де көп үлес берілген, олар: жаңа піскен және ашыған сүт өнімдері, қаймақ, қымыз, кептірілген сүзбе, тұздалмаған ірімшік. Ең танымал тағам – әлсіз отта ұзақ қайнатудан алынған сүт көбіктері.

Гарнир ретінде жиі тары, арпа, қарақұмық, күріш беріледі. Картоп аса танымал емес. Тывада бидай ұнынан жасалған барлық тағамдарды жақсы көреді, мысалы, пова, боорзак деп аталатын түрлерін көп пісіреді.

Сүйікті сусындары – тываша шай. Сусындары – хымыс, Орталық Азия қымызына ұқсас сусын, арага – сүттен жасалған арақ, сүттүг шай (тыва. сүт-сүт, шай-шай) – сүтпен шай. Бұл сусын – сүт, тұз, жануар майы қосылған жасыл шай. Заманауи тыва асханасында кәдімгі қара шайды да пайдаланады. Хойтпак – ашытылған сүттің түрі. Сүттен жасалған тағамдарға быштак деп аталатын ірімшік түрі жатады, сондай-ақ сүттен ааржы деп аталатын кептірілген ірімшік және құрт жасаған.

Ет тағамдарына согажа деп аталатын тағам түрін жатқызуға болады. Ол – жанып тұрған көмірде қуырылған майға оралған бауыр. Бұл тағам әдетте қой сойылғаннан кейін бірден дайындалады. Қара мүн (тыва. қара-қара, мүн-сорпа) қой еті мен сүт өнімдерді бірге қайнату нәтижесінде алынған сорпа қошқыл түс береді, сондай-ақ оған бидай немесе күрішті қосады. Изиг хан (тыва изиг-ыстық, хан-қан) деп аталатын тағам түрін ішекке қан толтырып пісіреді. Ал тыртканды ішек және ұсақ туралған етті ішекке толтырып жасайды.

Чөреме – ұсақ етіп туралған қарыннан және ішектен дайындалған шұжық. Ижин-хырын пияз бен сарымсақ қосылып, ұсақтап туралған қойдың бауырынан дайындалады. Бұл тағам кейде чөреме мен изигхан қалдықтарынан да жиі дайындалады, бұл жағдайда қуырылған түрінде беріледі.

Осындай тағамдарынан басқа хуужуур деп аталатын кішкентай көлемді чебуректі көп пісіреді, оның ішіне ұсақ туралған етті қойдың майына немесе өсімдік майына қуырып, көп етіп толтырады.

Боова және боорзак – қамырды кесіп, малдың майына қуырып жасайды. Қазіргі уақытта жануар майы жиі өсімдік майымен алмастырылады. Боовтың көлемі үлкен түрі де бар, оның ортасы тесілген және аударылып пісіріледі, ал боорзактың көлемі кішкене, дөңгелек пішінді, сондай-ақ оған қант қосқандықтан, дәмі тәтті болып келеді.

Манчы – ұсақ туралған етпен дайындалған тұшпара. Қазіргі тыва асханасында тұшпара мен манчаның арасында ешқандай айырмашылық қалмаған.

Далган – қуырылған арпа дәнінен тартылған ұн. Быжырған далган – қуырылған лепешка. Дәмдеуіштерге жабайы пияздың бастарынан жасалған кулча, жабайы аскөктен жасалған койнут деп аталатын түрлері жатады.

Тері өңдеу. Тывалық малшылар ерте кезден бері тері өңдеудің шеберлері ретінде танылған. Тывалықтар теріден киім, аяқ киім, колчандар, ыдыстарды өз қолдарымен жасайтын. Тывалықтардың теріден жасалған заттары ерекше оюлармен өрнектеліп, ерекше әсемдікпен аппликациялар жасалған. Оларды жасауда негізгі орынды әйелдер алатын.

Үйде тері өндегенде үй жануарларының терісі, жабайы тұяқтардың терісі т.б. жануарлардың терісі пайдаланылған. Тывалықтардың тері өндеуі жайлы әдебиеттерде айтылмағандықтан, оның жұмыс барысы жайлы тоқтала кетейік.

Жұмыс барысы теріні еттің қалдығынан тазалаудан басталады. Ол үшін арнайы хыргы деп аталатын құрал пайдаланылған. Хыргыны екі қолмен алып, теріден етті өзіне тарту арқылы сыдырған. Кейін теріні жерге тартып қойып, үстіне ирик деп аталатын құрамында ботқалы бар қыртыш жаққан. Ертеңінде басқа сыы деп аталатын құралмен сол ботқаны қырған. Кейін теріні жұқа тақтайға қойып эдирээ деп аталатын құралмен дөңгелетіп илеген. Ол ұзын, тістері бар ағаш.

Тывалықтарда бұндай құрал ғұн-сармат кезеңдерінен бері танымал еді. Бұндай құралды сыынчорек мәдениетінің қорғанынан тапқан. Теріні әйелдер илеген. Бұл өте ауыр жұмыс еді, бірнеше күнге созылатын.

Жұмыс барысы теріні созып, дымдаумен аяқталатын. Ол арнайы ыштаар деп аталатын шұңқырда өңделген.

Кейбірі теріні тікелей аттың, сиырдың, бұғы, елік, маралдың терісін өңдейтін. Алдымен сыдырылған теріні тізеге қойып, пышақпен кесетін. Кейін оны кептіріп (қыста – чумаға, жазда

– таза ауаға кептіретін), оған қышқыл бұғының сүтін жағатын, содан соң бірнеше күн орап ұстайтын. Хырғының көмегімен қалған жүннен, еттен тазартатын. Бір адам теріні ұстап тұратын, екіншісі тазалайтын. Тазартылған теріге қайтадан сүт жағатын, оны орап бірнеше күн ұстап, кейін илейтін.

Малшылар арнайы бөрененің 1,5 м ұзындықтағы, көлемі 25-30 см болатын ортасында тістері бар далгыг деп аталатын құрал пайдаланған. Оның астына кішірек чурканы қоятын, ал тесігіне ұзын дыл деп аталатын ағаш тыққан. Өңделген теріні қиындымен ағаштың арасына қоятын. Сол қолмен теріні ұстап, оң қолмен ағашты қатты тартып, жіберіп отырған. Далгыгтың бұл түрі Тывада кеңінен таралған. Сонымен қатар якут, хакас, алтайлықтарда және т.б. Оңтүстік Сібір халықтарында болған. Басқаша құрылыстағы далгыгтың түрі болған. Бұғының терісін олар басқаша өндеген. Бір адам теріні жерде ұстап тұрып, екіншісі ағаштан жасалған монмен бірнеше сағат ұрып отырған. Кейін теріні түнге қалдырған, оны эдирээмен өндеген.

Шығыс Тывада теріні өңдеу үшін көп теріні бірден өңдейтін тері илейтін құрал болған. Ол үлкен бағанға екі жағынан орнатып қоятын. Бұндай құралды автор 1951 Шығыс Саяндағы экспедиция кезінде көрген.

Қойдың терісін өңдеу үшін оны олар бірнеше күн кептірген. Жазда оны жерге бекітіп қоятын, ал қыста екі немесе үш сағат қардың үстінде қатырып қоятын болған, кейін артқы деп аталатын ағаш құралда кептіретін. Кептірілген теріні үйде сақтайтын. Бірнеше тері жиналғаннан кейін оны өңдейтін. Оны шаймен сулап, тізесіне қойып бірнеше сағат тазартқан. Кейін оны жерге қойып бірнеше рет божа деп аталатын сіркемен сүртетін. Егер болса, ашыған сүт қолданатын. Теріні ашыған сүт өнімдерімен өңдеу көшпелі кезеңнен қалған. Сонымен қатар оны маңғолдар да кеңінен қолданған.

Суланған теріні жүнін жоғары қаратып киіз үйге қойған. Бір күннен кейін теріні қайтадан хедергенің көмегімен илеген.

Қозы немесе лақтың терісін өңдеу қиындау еді. Теріні кептіргеннен кейін сумен жуатын, ішкі жағын ашыған сүтпен сүр-

тетін, тазартып, хедергеде илейтін. Бір сағаттан кейін барып эдирээде илеген.

Белбеу жасау үшін ірі жануарлардың терісі пайдаланылған. Арқандарды бұқаның, маралдың терісінен жасайтын. Жаңа алынған теріні үлкен дөңгелек қылып кесіп, оны спираль бағытымен кесетін. Кейін оны тазалап лента қылып созатын, 6,5 кулаш көлемінде қиятын. Шығыс Тывада арқанды жұмсартып, докпакпен соғатын. Онда белбеу жасау үшін тээрме қолданған. 25-30 рет одан теріні өткізетін. Оған тас батырып, ээргешке бекітіп, тасты айналдырып отыратын.

Егер де теріні кез келген үйде өндесе, одан жасалған заттарды тек арнайы шеберлер ғана жасаған. Ондай тапсырыспен жұмыс істейтін шеберлер бүкіл Тывада 30-40 қана болатын. Ол туралы Ф. Кон өз еңбегінде айтқан.

Теріден аппликация жасау үшін Тыва шеберлері арнайы ағаш матрицалар қолданған. Матрицалар тақтайдан жасалған. Жасау үшін шебер алдымен сулы терінің бөлігін алып, оны формаға салатын, кейін арнайы құралмен ою салған. Болғаннан кейін оны ауада кептірген. Ыдыс жасау үшін қолданылатын терілер сұйық заттар сақтауға қолайлы етіп жасалатын. Теріден жасалған ыдыстарды ерте көшпенділер жақсы білген.

Тывалықтар когээржик флягын жасаған. Оларда қымыз сақтаған. Теріні бірнеше күн сырығ сугте ұстап, жүннен тазартқан. Екі жағында ішінен тіккен. Бұл ыдысты ерте көшпенділер жақсы жасай білген.

Флягты әсемдейтін өрнектерді шеберлер жасайтын. Олар әдемі суреткерлік қасиетпен ерекшеленген. Ондай шебер флягты көп үйде жасай білген. Егер де аалда шебер болса, онда олар ыдысты соған жасататын.

Үлкен когээр флягын хайтпак сүтін сақтау үшін пайдаланған. Оны көбінесе сиыр терісінен жасаған. Малдың мойнынан алынған тері ыдыстың тамағы болып есептелінеді.

Тывалықтарда қолөнер кәсібі ер адамдардың істейтін жұмысы екенін атап өту керек.

Еңбек бөлінісі Еуразияның мал өсіретін халықтарында әртүрлі болды. Бірақ олардың моңғол тектес халықтардан айырмашылығы бар еді. Мысалы, XIX ғасырдың басы мен XX ғасырда теріні илеу, киіз басуда тывалықтарда, моңғол-дәрбэттерде ер адамдар істесе, хакас, алтай, халха-моңғолдарда әйелдер айналысқан. Қалмақтарда екеуі де орындаған. Барлық ежелгі малшыларда теріні илеумен тек әйелдер айналысқан, кейінірек ер адамдар да айналыса бастаған.

Үйшілік кәсіптерді зерттеу көшпелі малшылардың отбасылық және қоғамдық қатынасын көрсетеді. Мысалы, тері өндеуді және т.б. бір отбасы бірігіп дайындаған.

III тарау. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

3.1. Қазақтар

Үйленуге байланысты салт-дәстүрлер. Құда түсіп той жасау арқылы балаларын үйлендіру – қазақ халқында ерте кезден келе жатқан әдет-ғұрыптардың бірі. Болашақ күйеудің әкесі қызды айттыруға «жаушы» жіберетін. Кейбір өңірде жаушылар әдетте сырт белгісімен-ақ ерекшеленді, жеңіл киініп, шалбарының бір балағын етігінің қонышына тығып, екінші балағын сыртына шығарып қояды. Х. Арғынбаевтың айтуы бойынша, бұл әдет – қыз әкесі құдалыққа қарсы болмай, жаушының жолы болып қайтуы үшін жасалатын ырым. Кейде құдалықтың басы ұзақтан келетін бейтаныстардың тосыннан құдалық жорасын тұспалдай білдіретін «біз шаншу» аталатын ғұрыппен де басталады.

Қыз үйіне аттанатындарды халық арасында «жан ашыр» деп атаған. Қазақстанның кейбір жерлерінде бас құданың қасындағы адамдар қыз әкесі үйіне кірерде беттеріне ақ бор жағып алатын. Бұл ғұрып ақ түс магиясына байланысты болса керек. Осы жолы құдалық жайлы сөз болады, қалың малдың мөлшері белгіленеді. Жүз байталға құрайтын қалың үлкен қалың болып есептелді. Әйелі қайта-қайта өліп, тағы да біреудің жас қызына құда түссе, онда олар қалың малға «үй сынығы» деген кәдені үстеме қосуы керек.

Үй иесі құдалар мен қонақтардың алдына ұсақ етіп туралған төстік қойып, куәлер ретінде ауыз тиюді өтінеді. Осыдан кейін құдалар алдына құйрық май мен бауыр қойылады. Белгіленген күні қыз әкесі қасына туыстарын ертіп жігіт ауылына келеді. Қалың малға «өлі-тірі» қосып береді. Жігіт қыз ауылына ұрын келгенде, қыз әке-шешесі оның жолдастары арқылы оған өзімен келген қоржынына салып әртүрлі сыйлықтар жібереді. Бұл қоржынды «боқжама» деп атаған.

Күйеу қалыңдықты алып кетуге келгенде «той малын» апарды. Отау тігіліп, үйдің шаңырағын ауылдағы сыйлы әйелге

көтертеді. Тойға қонақтар жиналған соң ет пен қымыз беріледі. Жастар қалыңдық үйінен «мүше», яғни қойдың жілігін сұрайды. Қыз шешесі бұл жілікті етімен қосып парша, барқыт маталарға орап береді. Оны алған адам қаша жөнеледі, олар оны қуып, бұл сүйек қолдан қолға өтеді. Тура осыған ұқсас чода куназир деген ойын урянхайлық сойот тайпаларында бар. Қалыңдықтың ұзатылатын күні үйге молда шақырылып, неке қиылады. Қыз үйінен шығарда бір жілік етті шүберекке орап, 2-3 рет қалыңдықтың басынан айналдырып алып қалады. Бұл ғұрып осы үйден кетіп бара жатқан адаммен бірге осы шаңырақтың ырысы кетіп қалмасын дегеннен туған. Қалыңдық отауы да ертерек жіберіліп, оны баласы көп, кәрі күйеу құрады. Кәдеге отауды көтерткен жақ не ат мінгізеді, не түйе жетектетеді. Киіз үйді құрып болған соң, қыз-келіншектер қалыңдық алдынан шығады. Жігіттің үйінде қалыңдыққа арнап қойдың иленген терісін төсейді, бұл келіннің мінезі осы терідей жұмсақ болсын дегенді білдіреді. Келіннің бетін ашқанда бетін жапқан матаның бір шетін таяққа байлайды да отырғандардан көрімдік сұрайды. Қыз әке-шешесіне тек бір жылдан кейін ғана төркіндеп барады.

Бала туу және оның тәрбиесі. Жүкті әйел толғата бастағанда әйел жеңіл босануы үшін түрлі ырымдар жасайды. Босануға тақағанда «бел тарту» жасалады. XIX ғ. қазақ жерінде дәрігерлік қызмет атқарған И.С.Колбасенко қазақ тәжірибесіндегі бел тарту әдісі баланы жылдам туғызуға шын мәнінде көмегін тигізетінін айтады. Әйелдің қиналып босана алмауын «марту басу» немесе «көз қараю» деген ұғыммен түсіндіреді. Бұндай жағдайда әйелді көрік тұратын дүкенге апарып босандырады. Ә.Т. Төлеубаевтың пікірінше, бұл әйелдің денесін жын-шайтаннан тазарту болып табылады. Бала теріс келгенде әйелдер толғатып жатқан әйелді сырмаққа салып, «оң ба?», «оң» деп шайқайды. Баланың өмірге келу құрметіне арналған салт-дәстүрдің бірі – шілдехана. Қалжаға сойылған мал етінің бәрін босанған әйел өзі жеу керек, өйтпесе белі тез бекімейді деп ырымдайды. Үшінші күні баланы бесікке салады. Ол үшін ауыл әйелдері жиналып, ет асылып шай қайнатылады. Бала көтермей жүрген әйелдер, жас келіншектер шын сеніммен шашудан татады.

Бала тоқтамаған отбасы баланы бесікке бөлеп, үш рет жұртқа тастап кетіп, «ұмытып кетіппіз» деп алып кеткен. Ал сақаларда осыған ұқсас салт атқарылады. Бұл ғұрыптардың барлығы баланы жын-шайтан алып кетеді, сондықтан баланы сатса, ұрлап әкетсе жын-шайтан оның қайда екенін білмей қалып, орнына салынған күшікті алып кетеді деген түркі-моңғол халықтарына ортақ танымнан туындайды.

Күндері қатар екі әйелдің біреуінің босанғанын екіншісі сыртынан көріп қойса, жаңа туған балаға «шілде қотыр» шығады деп түсінген. Сондықтан екеуі де жеңілдегенше бірін-бірі көрмеуі керек. Бір-бірін көріп қойса, нәрестелері қырқынан шыққан соң, екі келіншекті бір-бірімен арқаларымен дәлме-дәл түйістіреді және арқаларымен тұрып бір-біріне ыдысқа салып тамақ ұсынады. Бұл ырымды «көттестіру» деп атаған.

Баланың туғанына қырық күн толысымен оны қырқынан шығарады. Жетісу өңіріндегідей бала енді құйрығын басып отыра және еңбектей бастағанда жасалатын «құйрық ботқа», «бауыр аяқ» ғұрыптары Қазақстанның шығыс өңірінде кездеспейді. Бала аяғын басарда тұсауын кескенде аяғын ала жіппен байлап, екі жағына тамақ салынған ыдыс қояды. Ұл беске толғанда баланы атқа, ашамайға мінгізу рәсімі жасалады.

Дерек берушілердің мәліметі бойынша, көзі тиген адамның оң аяғының ұлтарағынан кесіп алып баланы ұшықтайды немесе сол үйдің қойының құлағын кесіп әкеледі де, отқа күйдіріп жылы суға салады да, сол суға баланы шомылдырады. Қазақтар «ит ауру» немесе «ит тию» деген ауруды (рахит) көз тиюден болады дейді. Оған қарсы иттің бас сүйегі салынған суға баланы шомылдырған немесе ит өлген жерге апарып аунатқан.

Қазақ халқының сәбидің дүниеге келуі және бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрып, салт-жораларында дәстүрлі мәдениет элементтері әлі де жалғасын тауып отыр.

Өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптар. Қазақ халқындағы өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптар жалпы мұсылман халықтар дәстүрімен ұқсас, өзектес болып келеді. Айталық, адам өлім аузында жатқанда, ауру адамға ақсарбас қой арнайды. Егер ауру адам дүние салса, қойды сол күні сояды. Қазақ

дәстүрінде аза тұту ғұрпында орындалатын рәсімдердің бірі – жоқтау және оны тек әйелдер айтады. Жетісу өңіріндегідей ерлердің таяқ ұстап тұруы, белдеріне белбеу тартуы Қазақстанның басқа өңірлерінде кездеспейді.

Мәйітті жуындыруға 5-6 адам қатысады және олар әр атадан болуы шарт. Жатқан жерін тазалап, орнына арпа, бидай шашады, аршамен аластайды. Бұл артындағы ұрпағы бидайдай өсіп-өнсін деген ұғымды білдіреді. Сол сияқты сойоттарда да киімдері мен жеке заттарын жинап, үстіне арпа шашады.

Мәйітті жуып болған соң оны ақыретке (кебін) орайды. Әдетте, еркек кебіні үш, әйел кебіні бес қабат етіп пішіледі. Кейбір жерлерде ақырет еркекке бес, әйелге жеті қабат оралатындай етіп дайындалады. Ақыреттелген мәйітті үйден шығарарда иман киіз деп аталатын таза киізге салып көтеріп дәуір жүргізеді. Тіршіліктегі күнәсін басқа адам алуға тиісті осы жосын-жоралғыны ысқат оқу деп атайды. Ал Жетісу өңірінде сақталған марқұмның денесін шығарғанға дейінгі құраннан аят оқу рәсімінің С. Әжіғали дәлел шығару және дәлел оқу деген екі атауын береді.

Қазақстанның оңтүстік, батыс облыстарындағы мәйітті молаға жеткізуге арналған арнайы ағаш табыттар болды. Қазақстанның шығыс аймағы қазақтарында бұл қолданылмайды. Олар мәйітті молаға жеткізу үшін ақ түсті арнайы ақ киіз, иман киізге немесе табыт киіз деп аталатын киізді қолданды. Әрбір қолданғаннан кейін бұл киізді аластап, түнге далаға қалдырады. Түнге қалдыруды жұлдыз көреді, жел қағады деп түсіндіреді. Бұл аспан шырақтары мен табиғат күштерінің тазалау күшіне деген сенімнен туса керек. Қайтыс болған кісінің қонақасын, жетісін, қыркын, жылын беру оның артында қалған туған-туыстарының парызы болып табылады. Көбінесе бұл рәсімге арнап жылқы сойылады да, оның бас сүйегі марқұмның моласына қойылатын. Мәйіт жатқан жерге Зайсан өңірінде жеті күн басына 7 шырақ, аяғына 7 шырақ жағылады. Шырақты неғұрлым қыз бала жақса, соғұрлым сауабы мол болады. «Шырақ жағарың бар ма?» – деген сөз осыдан қалған болса керек.

Мәйітті шығарып бара жатқанда нанды шүберекке орап, басынан айналдырып алып қалып, «қалған дәм» деп бөліп жейді.

Тура осы ғұрып қыз ұзату кезінде, қыз үйден шығып бара жатқан кезде жасалады. Бұл – осы үйден кетіп бара жатқан адаммен бірге осы үйдің бақыты кетіп қалмасын деген сенім. Осылайша құтты тағамға сіңіріп қалу ырымы Моңғолия қазақтарында да бар. Осыған ұқсас ырым Сібірдегі түркі тектес халықтарда да кездеседі. Мәселен, Удмурт-мариилерде өлікті босағада кідіртіп, әрі үстінен балаларын секіртіп, «әкеңнің (шешеңнің) құтын алып қал» деп айтады.

Ата-баба аруағының құдіретіне сенумен байланысты туған рәсімдердің бірі – ас беру дәстүрі. Ел есінде қалған астың бірі – үш жүзге сауын айтқан Сүлейменнің асы. Аста 300 ат шауып, 40 атқа бәйге берілген. Асқа орыстың оязы, Қытайдың дутыңы қонақ болып қатысқан, Әбділдәбек болыс балуанға түскен, «Әсет пен Кәрібай» айтысы дүниеге келген. Асқа қазақта тұңғыш гимназия салдырған, романға бәйге жариялап, әдебиетіміз тарихындағы төл басы романдарының тууына игілік жасаған, «қазақ Нобелі» руы матай Мамай Тұрысбек барған. Қазақтың болашақ ақыны, 12-13 жасар Ілияс Жансүгіров осы аста атқа шапқан екен.

Қазақ халқындағы өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрып, салт жораларында дәстүрлі мәдениет элементтері әлі де жалғасын тауып келе жатыр.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ халқының бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Қазақ халқының үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Қазақ халқының өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Қазақ халқының екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.2. Түркімендер

Бала туу. Әр түркімен отбасы шаңырақта нәрестенің дүниеге келгенін асыға күтеді, әсіресе ер баланың тууын ерекше қалады.

Әйел адамның толғағы басталған кезде үйдегі еркектер мен балалар сыртқа шығып кетеді. Толғатып жатқан әйелді босандыруға көмекшісімен Гебек эне келеді. Егер толғақ ауыр болған жағдайда босандырушы әйел қаттырақ ішті басып, тудыру әрекеттерін жасайды. Осы кезде босанып жатқан әйелге кедергі жасайтын қаскүнем күштерді шошытып үркіту мақсатында үйдің сыртынан оқ ататын.

Өлім, ауру, әртүрлі сәтсіздіктер, бақытсыздықтардың болуын қаскүнем аруақтардың қатысуынан болады деп түсінді. Көз тиюден қатты қорықты. Сондықтан жас сәбидің өмірі көптеген салт-дәстүрлер, магиялық әрекеттерге толы болды. Балаға және анасына ең қауіпті кез сәбидің өмірдегі алғашқы 40 күні болды. Жамандықтан сақтану мақсатында бесіктегі баланың жастығының астына пышақ тығып қойды.

Үйленуге байланысты әдет-ғұрыптар. Үйлену тойына алдын ала дайындық жүргізіледі. Ертеде неке құру әдетте ер балаларға 15, қыз балаларға 12 жаста рұқсат етілген. Үйленудің басы ең бірінші құдалықтан басталады. Неке құруға келісім берілген соң той күні мен қалыңмал мөлшері белгіленді. Келісімнен соң екі, үш айдан кейін үйлену тойы болды. Кейбір жағдайларда тойдың уақыты ұзартылады. Той болатын күні ақсақалдармен ақылдасып шақырылған қонақтар легі келе бастайды. Қалыңдықты алып кетуге кешке қарай барады. Той керуені бірнеше түйелерден тұрды, олардың бірінде қалыңдық пен оның серігі болатын үлкен ағасының әйелі немесе басқа туысына арналған кешебе деп аталатын той шатыры тігіледі.

Той өткен соң бірнеше күннен кейін жас келінді қыздың әкешесі қалыңмалды толық төлеп біткенше өз үйіне алып кетеді. Неке қиятын уақытқа дейін қалыңмал төленіп болса да, қалыңдық белгіленген уақытқа дейін әке-шешесінің үйінде болатын болған. Ерлі-зайыптылардың жеке тұру уақыты екі жеті немесе бірнеше жылдарға созылған. Туған үйінде болған уақыт ішінде қалыңдық төсек-орын жасауына көңіл бөлді. Мысалы, киім тікті, кілем тоқып, көрпе-жастығын жасады. Ата-анасының үйінде болған қалыңдықтың уақыты *ғайтарма* (қайтарылған) немесе *чувалғыз* (қаптағы қыз) деп аталды. Қалыңдық осы уақыт ішін-

де күйеуімен жасырын түрде кездесетін болған. Дәстүр бойынша осы кезеңде қалыңдық күйеуімен ұсталса, күйеуі өлтірілген немесе итке таланған. Әйелі жүкті болған жағдайда қалыңмалдың толық төленбегеніне қарамастан күйеуінің үйіне барып тұрды.

Өлік жөнелту. Түркімендерде ерте кезден келе жатқан өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері әлі күнге дейін сақталып келе жатыр. Әр түркімен отбасында арнайы кілем болуы қажет. Ол кілем аятлық деп аталған. Осы кілем қайтыс болған адамды соңғы сапарға шығарып салғанда қолданылады. Яғни мәйітті осы кілемге орап, үйден шығарады. Бұрындары үйдің алдында таза Қаракұм құмын көлікпен әкеліп, жерге төсеген. Дәстүр бойынша дұға таза жерде оқылуы керек. Сол себепті осы құмды жерге төсеген. Бірақ соңғы кезде бұл құмның орнына үлкен көлемдегі қалың әрі тығыз су өтпейтін матаны төсейтін болды және соның үстіне адамдар дұға оқу үшін отырған.

Жерлеу шығынын қайтыс болған адамның отбасы көтеретін болған. Сонымен қатар сол отбасының туысқандары да 3, 7, 40 күн болғанда көмекке келеді. Түркімен халқында қайтыс болған адамды жарты немесе бір жылдан кейін еске түсіріп, құран бағыштаған. Бұл күні тек дастарханға қуырылған ет пен нан ғана қойылған. Адамдар нанның кішкене бөлігін үзіп алып, қуырылған еттен дәм татып, қаза болған адамға дұға оқып, жақындарына қолдау көрсетіп жұбатқан.

Бірақ соңғы кездері өмірден өткен адамды еске алуда үлкен, мол дастархан жайылып, мал сойылып, келген адамдарға сыйлықтар берілетін болған. Қайтыс болған адамның қырқына дейін әр аптаның бейсенбі күні адамдар қайтыс болған адамның үйіне жиналады. Бұл жұмалық деп аталады. Бұл еске алу күнінде адамдар көптеп келеді.

Түркімен халқы мұсылман дінін ұстанғандықтан, олар адамды жерлегенде оны жуындырып, ақ матаға орап, басын құбылаға қаратып жатқызған. Молда келіп, намаз оқыған. Жерлеуге тек еркектер қатысқан. Әйелдер жоқтау айтып, үйде қалған.

Ислам дінін ұстанушы басқа халықтардағыдай о дүние жұмақ және тозақ болып екіге бөлінеді деп сенген. Адамдар жұмаққа кіруді армандап, соған талпынған, яғни ислам дініндегі 5 парызды

орындауға тырысып, бұл дүниеде жақсы істер жасаған. Қайтыс болғанда адам Құдайдың алдына барып, бұл өмірде қандай іс-әрекет жасағанына есеп береді деп саналған. Сол жасаған істеріне, ішкі жан-дүниесіне байланысты жұмаққа немесе тозаққа баратыны шешіледі деп сенген. Тозақ жанып тұрған ыстық отпен сипатталса, жұмақ пәктік, ақтық, тазалықпен сипатталған. Жалпы түркімен халқының жерлеу рәсімдері басқа да түркі халықтарының өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптарымен ұқсас болып келеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркімен халқының бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Түркімен халқының бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Түркімен халқының үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Түркімен халқының өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Түркімен халқының екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.3. Әзірбайжандар

Бала туу. Әзірбайжандықтарда баланың дүниеге келуі отбасындағы ең маңызды сәттердің бірі болып саналады. Жас келін күйеу жігіттің үйіне алғаш келгенде басындағы орамалын жемісі бар ағашқа жайып қояды, сосын жастар жататын төсекке алдымен сәбиді жатқызатын болған. Осы ғұрыптарды орындағаннан кейін барлығы жас келінге тезірек балалы болу туралы тілектерін айтады.

Бұндай ғұрыптар әзірбайжандықтардың көптеген эпостарында кездеседі, мәселен, «Китаби Деде Коркут» эпосында ертеде бала дүниеге келгенде үлкен той жасайтын болған деп айтады. Отбасында ұл туса оны ақ итарқаға, ал қыз туса алтынға орайтын болған. Әйелдің аяғы ауыр болғанда үйге, үй ауласына алты ай бойы қоянды әкелуге болмайды, себебі сәби қоян ерін болып туу мүмкін; егер жүкті әйел балыққа қараса немесе балықтан жасалған тағам жесе, баласының тілі кеш шығады немесе мүлдем

мылқау болады; ұйықтап жатқан жүкті әйелдің аяғынан аттап өтсе, баласы ақсақ болады; жүкті әйел анар жесе, баласы әдемі болады, қарбыз жесе, өскенде отбасына «қатыгездік танытады» деген түсініктер қалыптасқан.

Бала туғаннан кейін суға тұз салып шомылдыратын болған. Суға тұзды бала өскенде «өз сөзінде тұратын, шыншыл адам болсын» деген тілекпен қосады. Жаңа туған бала қолын құлағына апарса, ол бала әйгілі адам болады, басы үлкен болса, ақылды, егер маңдайында шаш болса, бала қатыгез болады деп сенген. Баланы суға түсірген кезде анасын қасына жолатпаған, суға түсіріп болғаннан кейін ғана анасына апарып беретін болған.

Сәбидің алғашқы тістері шыққан кезде ата-анасы той жасайды. Бала бір жасқа толғаннан кейін ғана шашы мен тырнағын алатын болған. Баланың шашы мен тырнағын тастамай, оларды ақ матаға орап сақтап қоятын болған.

Әзірбайжандықтарда жаңа туған сәбиге ат беру әрқашан маңызды ғұрып болды. Көп жағдайда балаға атты оның алдындағы балаларының атына ұқсас етіп қойды. Әзірбайжандардың балаға ат беруі сол кездегі қоғамға да байланысты болды. Мәселен, төңкеріске дейін Мұхамед, Али, Фатма, Ниса, Омар сияқты ислам дініне жақын аттар берілді. Аттары арқылы олардың ислам дініне берілгенін көруге болды. Кеңес өкіметі кезеңінде тарихи тұлғалар мен орыс халқының аттарын көптеп қойды. Халықтың түсінігі бойынша, адамның аты оның тағдырына әсер етеді деген сенім болды. Сондықтан ата-анасы балаға ат қояр алдында ұзақ ойланды.

Үйлену тойы. Үйлену үшін алдымен жігіттің жақын туыстары қыздың үйіне барып ата-анасынан келісім сұрайды, кей жағдайда олардың келіспеуі де мүмкін болды. Қыздың ата-анасына жігіттің жағынан ең қадірлі адамды жіберді.

Кіші құдалық. Дәстүр бойынша қыздың үйіне ең алдымен екі әйел келуі тиіс, ол жігіттің анасы мен жақын туыстарының бірі болуы мүмкін. Әйелдер өз араларында келіскеннен кейін, үйдің қожайындары, яғни әкелері кездеседі. Бұл жолы жігіттің әкесі қыздың үйіне өзінің жақын үш туысымен барады. Әзірбайжандықтарда құдалыққа түнде бармаған. Олар құдаларға дайындаған шайды ішпейтін болған. Әзірбайжан халқында: «Қыздың ағашы – жаңғақ

ағашы, оған әркім тас лақтыра алады» деген мақал бар. Кіші құдалық кезінде қыздан келісім сұрағанда, ол үндемейді, өйткені қыз келісімді тек үлкен құдалықта айтуы тиіс.

Үлкен құдалық. Жігіттің әкесі үйіне жақын туыстарын шақырып, олармен құдалық жайлы ортақ келісімге келеді. Қыздың үйіне екінші рет барған кезде құдалар үлкен дастархан басына отырады, мұнда анасынан басқа қыздың барлық туыстары жиналады. Үстел басында құдалар бірін-бірі құттықтап, ендігі тойдың мәселесін шешеді. Әпкесі немесе қыздың жеңгесі «тәтті шай» дайындайды. Бұл үлкен құдалық кезінде қыз үйінде болмайды.

Кішігірім некелесу. Құдалықтың және қыздың келісімін алғаннан кейін жігіт бір айдың ішінде қыздың үйіне кішігірім некелесуге келеді. Некелесу тойына 25-30 шақты адам жиналады. Көп жағдайда қыздың құрбылары мен достары келеді. Жігіттің туыстары некелесуге келгенде өздерімен сақина, орамал және тәттілерді әкеледі. Жігіттің әпкесі, оның ағасы, жеңгесі немесе әкесі қыздың саусағына сақинаны тағып, орамалды иығына жабады. Осыдан кейін өздері алып келген тәттінің бір жағын қызға тістетеді де, екінші бөлігін күйеу жігітке береді. Осыдан соң үстелге отырып, тойды бастайды. Жігіттің туыстары кеткен соң, қыздың үйінде оның құрбылары қалады. Жас келін өзінің тұрмысқа шықпаған құрбыларының бастарынан ұстап, оларға өзінің сақинасын тағып көруге береді. Кім бірінші болып сақинаны тақса, келесі сол қыз тұрмысқа шығады деп ырымдаған. Қыз құрбылары үйлеріне кеткенде, міндетті түрде өздерімен бірге тәттілерден алып кетеді. Ұйықтар алдында жастықтың астына сол тәттілердің ішінен бірдей екеуін салып ұйықтаса, түсінде болашақ жарын көреді деп сенген.

Өлік жөнелту. Қайтыс болған адамды мерхум деп атады, оны бөлмеде жалғыз қалдырмаған. Марқұмның қасында әйел адамның жалғыз қалуына мүлдем тыйым салынған. Мәйітті бетін оңтүстікке қаратып төсекке жатқызатын болды. Қол-аяғын түзулеп, аяғының үлкен саусақтарынан жіп байлап қояды. Мәйіттің үстін қара матамен жауып, айнаның бетін кеудесіне қаратып қояды. Бұл ғұрып әжірбайжандықтарда кең тараған. Олардың

ойынша айна бетінде тек адам бейнесі ғана емес, оның жаны да айна жүзінде болады деп есептеген.

Егер адам түнде қайтыс болса, оны таңға дейін үйде қалдырып, оны қонақ деп атаған. Қайтыс болған адамды жалғыз қалдыруға болмағандықтан, қасына майшамдарды жағып, оның қасында жақын туыстары отыратын болған. Адам өлгеннен кейін молданы шақырып, молда дұға оқиды. Адамның өлгенін естігеннен кейін үйге туыстары, достары, көршілері сол үйге жиналады. Қайтыс болған адамды танитын адамдардың барлығы осы үйге келіп көңіл айтуға міндетті болды. Басында мәйіттің қасына әйелдер жиналып жоқтау айтады, содан кейін адамдар марқұмның денесін жууға кіріседі. Қала немесе ауылда мешіт болатын болса, мәйітті жуындыру үшін сол мешітке апаратын болған. Жуындырып болғасын қайтадан үйіне әкеліп, жерлеуге тек үйінен ғана шығаратын болған.

Жуындырғаннан кейін мәйітті киіндіреді. Мәйіт киімі үш бөліктен, яғни адам денесінің төменгі бөлігін орайтын мата, жейде және мәйітті басынан аяғына дейін орайтын матадан тұрды. Әйелдердің жейдесі ерлердікіне карағанда ұзынырақ болды. Мәйітті зиратқа ағаш жәшікке (табут) салып апарады, егер қайтыс болған адам жасы келген қарт адам болса, үстіне қара түсті мата, ал жас адам қайтыс болса, қызыл түсті мата жабатын болған. Мәйітті ағаш жәшікке салып зират басына апарғаннан кейін, зират басында молда дұға оқиды. Жәшікті өлген адамның ұлдары немесе аға-інілері көтереді, егер ондайлары болмаса жақын туыстары көтереді. Жәшікті жерге қояр алдында оны үш рет көтеріп, содан барып жерге қоятын болған. Зират басына әйел адамдарға баруға тыйым салынған, олар үйде қалады. Жерлеу барысында молда «Эзан, Ар-рахман» дұғасын оқиды.

Мәйітті қазылған молаға жатқызғаннан кейін молла «тялгин» дұғасын оқиды. Дұға оқылып болғасын, өлген адамның үлкен ұлы немесе кіші баласы ең бірінші топырақ тастайды. Ең бірінші болып топырақ тастаған адам араб тілінде «біз барлығымыз бір Аллаға бағыныштымыз, сондықтан оған қайтып баруымыз керек» деген сөздерді айтады. Кімде кім өзінің ұлын немесе қызын жерлеп жатса, жеті күрек топырақ тастаған. Молла жеті рет өлген адамның атына арнап дұға оқиды. Мәйіттің үстіне топырақ тастап жатқанда,

марқұмды «жалғыз қалдырмау үшін» жақын туыстары көздерін алмай мәйітке қарап тұруға тиіс болған. Жерлеу шұңқырын толығымен топырақпен толтырғаннан кейін жиналып тұрған адамдар барлығы қосылып «фатиха» сүресін айтады, ал молла Құран оқиды.

Мәйітті толығымен жерлеп болғасын, жерлеуге қатысқан адамдар міндетті түрде жуынуы тиіс болды, өйткені оларды таза емес деп есептеген. Өлген адамды еске алу эзирбайжандықтарда 3,7,40 (кейде 52) күндері болып отырды. Сондықтан бұл күндерді «хатир гержаси» деп атады. Бұл күні қайтыс болған адамның үйіне адамдар жиналып, сол күні оларға халва мен шай берді. Халва арнайы ғұрыптық тағам болып есептелді. Бұл күні әйел адамдар міндетті түрде шабап (шапан) киеді. Еске алудың бірінші күні келген адамдарға халва мен нан береді. Тек үшінші күні ғана етті тағам, көбінесе *парча бозбаш* және *кюфта бозбаш* деп аталатын тағамдарды беретін. Еске алудың үшінші күнін «учу» деп атады. Бұл күні «джаралмах» ғұрпы өткізілді.

Өлген адам жатқан көрпені кейде өзенге жуады, оны кептіріп, үстіне тағы таза су құяды, сонда ғана ол тазарады деп есептеген. Қайтыс болғаннан кейінгі 40-күнге дейін әрбір бейсенбі күні еске алу күнін өткізіп отырды. Қырық күннен кейін «гырх» ғұрпы өткізілді. Бұл күні алғашқы күндері жсалған ғұрыптардың барлығы жасалады. Олардың түсінігінше, тек 40-күнге кейін ғана адамның жаны үйден кетеді деп сенген. Ал бұған дейін адам жаны үйдің ішінде қонақ ретінде жүреді деген түсінік болған.

Мәйітті жерлеген күннен бастап оның басына тек жай ғана белгі ретінде тас қояды, тек алты айдан соң басына марқұмның аты жазылған арнайы тас қояды. Мұсылмандардың рамазан айында олар «гара байрам» (қара мейрам) деп аталатын мерекені тойлайды. Дәстүр бойынша қайтыс болған адамды түске дейін әйел адамдар естеріне алса, түстен кейін ер адамдар естеріне алады.

3.4. Қырғыздар

Үйленуге қатысты салт-дәстүрлер. Неке құру құдалықтан басталды. Жаңа туған немесе анасының құрсағында жатқан балаларды атастырып қоятын дәстүр де болды. Той қалыңдық-

тың әкесінің үйінде болған жағдайда төсек-орынды көру, күйеу жігітке қалыңдықтың ата-анасы сыйлаған жаңа киімдерді кигізіп көру сияқты рәсімдер орындалады. Тойда *қыз оюн* деп аталатын жастар ойыны өткізіледі. Той кезінде жастардың қалжың, лирикалық өлеңдер айтылатын *токмок салуу* ойыны орындалады. Қалыңдық үйден кетерде оның анасымен және басқа туыстарымен қоштасуы болады. Күйеу жігіт қалыңдықты алып кетуге барғанда оның қасында бірнеше жолдастары және (куйв жолдош) той серігі немесе күйеу жолдасы еріп барады. Олар қалыңдықтың туысына (жеңгетай) сыйлық алып келу керек немесе ақшалай кәде беру керек. Қалыңдық өзімен бірге киетін киімдері мен той шымылдығын алады. Оңтүстік Қырғызстанда үйленіп жатқан жастардың алдынан балалар жолға шығып арқан тартады. Одан өту үшін ұсақ ақша беріп жолды ашады.

Күйеу жігіттің үйінде қалыңдық бірнеше күн шымылдықтың ішінде отырады. Жігіттің үйіне келген туыстары, жолдастары қалыңдықты көру үшін кермдук береді. Төсек-орынды дайындауға тұрмысқа шығатын жас қыз да араласады. Қалыңдықтың төсек-орнына той шымылдығы, көрпелер, текеметтер, кестеленген панно және қалыңдықтың киімдері (көйлек, жакет, туфлилер) кіреді. Төсек-орынды той біткен соң қалыңдықтың шешесі алып келеді. Кейде күйеу жігіттің ата-анасы, туыстарымен бірге келіп төсек-орынды алып кететін және қыздың туыстарына сыйлықтарын ала келетін.

Бала туу. Баланың дүниеге келуі барлық отбасы үшін бақытты сәт болды. Бұл қуанышты кезде міндетті түрде дастарханға жентек, бауырсақ, ыстық маймен жағылған тандыр нан қойылды. Бес-жеті күннен кейін сәбиді бесікке (бешик) салады. Бесікке жатқызар алдында әйелдерді шақырып, бесік той өткізіледі. Бесікті аршаның түтінімен аластап, отқа май тастайды және т.б. ғұрыптарды жасайды. 40 күн өткен соң баланы қырқынан шығарып оған көйлек кигізеді, көршілерден алынған 40 кесе суға түсіріп, 40 қиықтан тігілген көйлекті кигізеді. Ер балаға қатысты мұсылмандық сүндетке отырғызу дәстүрін өткізеді.

Өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптар. Қырғыздарда өлікті жөнелту, онымен қоштасу алыс жақын туыстары мен

жора-жолдастарының қатысуымен өтеді. Жерлеуге байланысты дәстүрлерді орындауға көп шығын кетеді.

Қайтыс болған адамның мәйіті есік алдына құрылған киіз үйге жатқызылады. Қоштасу, жоқтау сияқты ғұрыптар әйелдердің қатысуымен өтеді. Олар мәйіт жатқан киіз үйде отырады. Қайтыс болған адамның еркек туыстары киіз үйдің маңында таяққа сүйеніп тұрады. Көңіл айтуға келе жатқандарға жылаған әйелдердің дауысы алыстан естіліп тұрады. Жесір әйел шашын жайған күйде қара немесе ақ түсті орамал (қайтыс болған адамның жасына қарай) байлап отырады. Жерлеуге зират басына ер адамдар ғана барады. Осы уақытқа дейін көптеген аймақтарда отбасы туыскандық топтың өздерінің территориялық жерлеу зираттары болды. Қазір аралас жерлеу зираттары байқалады. Жерлеу ғұрыпына байланысты үшкіндік, жетісі, қырқы сияқты еске алу дәстүрлері бар. 40 немесе 20 күннен кейін қайтыс болған адамның туыстары зират басына барып қайтады. Зират басына әртүрлі тамақ алып барып, зират басында ішеді. Қайтыс болған адамға бір жыл болғаннан кейін немесе одан ерте уақытта ас беріледі. Ас беруге өте көп адам шақырылып, көп мал сойылады. Астан кейін марқұмды жоқтау тоқтатылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қырғыз халқының бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Қырғыз халқының бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Қырғыз халқының үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Қырғыз халқының өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Қырғыз халқының екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.5. Өзбектер

Үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. XX ғ. басында өзбектерде үйлену салтының басты шарты күйеу жігіт отбасының қалыңмал төлеуі болды. Қалыңмалдың

мөлшері күйеу жігіт пен қалыңдықтың тұрмыс жағдайына да байланысты болды. Өзбектердің шаруашылығында мал шаруашылығы басты роль атқарды, яғни қалыңмал малмен және әсіресе ірі қара малмен төленді. Жер шаруашылығымен айналысатын аудандарда, әсіресе қалаларда, қалыңмал киім-кешекпен де төленді, ал үйлену тойының және қонақтарды күтудегі шығын ақшамен қолма-қол берілген. Кедей отбасылар қалыңмалды және той шығындарын көптеген жылдар бойы жинайтын болған. Сондықтан да ондай отбасынан шыққан ер адамдардың ішінде 30-40 жасқа дейін үйленбегендері көп кездесті.

Төңкеріске дейін өте ерте некелесу, яғни некеге отыру жасы қыздар үшін 13-14 жас, ал ұл бала үшін 15-16 жас болды. Тіпті қыздарды күйеуге 9-11 жастарында да берген жағдайлар кездескен.

Балаларының тағдырын әкесі шешті. Ол өзінің қалауымен ұлын үйлендіріп, қызын тұрмысқа берген. Анасы тек келісімін ғана беретін болған. Күйеу жігіт пен қалыңдық кейде бір-біріне некелесетінін ең соңында білетін жағдайлар да жиі кездесіп тұрған, тіпті олардың келісімін сұрамайтын да жағдайлар болды. Қалыңмал төлеу екі жақтың ата-аналарының экономикалық келісімі еді. Кейбір жағдайларда екі отбасы бір-бірімен қыздарын ауыстырған. Бұл шығынды азайтты және бұл жағдайда қалыңмал төленбеді, тек той ғана жасалды.

Үйленуге байланысты әдет-ғұрып әр ауданда әртүрлі ерекшеленді. Үйлену құда түсуден басталды. Құда түсу сәтті аяқталғаннан кейін «нанды үзіп жеу» салты орындалған. Қалыңмалдың көлемі туралы келісім, оны төлеу уақыты және той шығындары келісіліп, жастар атастырылғаннан кейін құдаларды тәттілермен шығарып салған. Қалыңмал нақты төленгеннен кейін «үлкен той», яғни үйлену той жасалды. Бұл уақытта некелесудің мұсылмандық шарттары да орындалды.

Үйлену салттарында магиялық іс-әрекеттер де орындалды. Жастарды тіл-көзден сақтау үшін оларды отпен тазарту ғұрпы жасалды, ол үшін қалыңдықты жанып тұрған оттың арасынан өткізді. Негізгі салттар жастарға байлық, (тәттілермен, күміс тиындармен) жарқын өмір (оларды айнаға қарату), ұрпақтары

көп болсын (жастарды қайнатылған жұмыртқамен тамақтандыру) деген тілекпен жасалды. Үйлену ғұрыптары кешке орындалды. Осы салттар орындалып болған соң қалыңдықты (*келин*) күйеуінің үйіне әкелген, келесі күні «бет ашар», яғни қалыңдықты жаңа туыстары мен көршілеріне көрсету салты орындалды.

Кейбір өзбек тайпаларда жас жұбайлар өздерінің жаңа өмірін қалыңдық үйінде бастаған. Қалыңдық өз үйінде көп уақыт болатын, ал күйеу жігіт түн уақытында жасырынып келетін еді. Күйеу жігіт пен қалыңдықты қыздың жеңгесі кездестірген. Кей кездері жас әйел күйеуінің үйіне балалы болып та келген жағдайлар болды. Жас жұбайлар бөлек тұрған кездерінде бір-бірінің туыстарының көзіне түспеген, яғни жасырын кездесетін болған.

Баланың тууылына қатысты салт-дәстүрлер. Алғашқы сәбидің дүниеге келуі, жастардың үйленуі сияқты отбасылық үлкен мереке болған. Бұл мереке, бұрынырақта *бешик туй* бесік жыры мерекесі деп аталған, уақыт өте келе атауы өзгерген. Бұрын бешик туй магиялық салтпен байланысты болған және оған тек әйелдер қатысатын.

Дәстүр бойынша бесік пен жаңа туған баланың киімін нағашы әжесі дайындаған. Белгіленген күні ол туысқандарымен және көршілерімен бірге (барлығы 20-30 адам) салтанатты түрде қызының үйіне келген, безендірілген бесік және баланың киімдерімен бірге басқа да жоралғылар алып келген.

Өзбектерде отбасындағы маңызды оқиғаның бірі сүндетке отырғызу (*суннат*) болып табылады. Оның орындалуы үлкен материалдық шығынды талап ететін тоймен ұласты, оған көп адам шақырылатын болды.

Өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлер. Адамның қайтыс болу уақыты жетіп, соңғы демі таусылар шақта молданы шақыртқан. Мұндай тездетушілік қайтыс болған адамды сол күні жерлеу үшін жасалады. Егер ол адам кешке кеш қайтыс болған жағдайда келесі күні жерлеген. Қайтыс болған күні жерлеу салты Маргилан және оған жақын аймақтарда айқын көрінеді, тіпті адам кешке қайтыс болса да, жерлеу келесі күнге қалдырылмаған, сол күні алау жарығымен жерленген. Бұндай асығыстық «қайтыс

болған адамның тілі қатып қалмай тұрып, яғни ол періште-тергеуші Мүңкір-Нәңкірге өзі жауап беруі үшін» деген түсінікпен байланысты. Сонымен қатар адам көз жұма салысымен өзінің аймағынан 3-4 адамды көр қазуға дереу жіберетін.

Адамның қайтыс болғаны туралы естігенде үйіне туған туыстары, көрші-қоландары мен ауылдастары жиналады. Жерлеуге және берілетін астарға көбінесе қарт адамдар барады. Қайтыс болған адамның туыстары жерлеуге байланысты барлық ауыртпашылықтарды көтереді.

Өзбектердің бір бөлігі қазіргі уақытқа дейін мұсылмандық жерлеу салтын сақтап келеді: өлікті ақ кебінге орап және табытсыз көмеді, мәйіттің үстіне топырақ құламас үшін, арнайы камера *лаакад* қазады.

Қаралы салттың орындалатын бір түрінде (*садр*) әйел адам дауыстап жылап, өзінің шашын жұлып, бетін тырнаған, кейде есінен танып қалатын. Сонымен қатар мешіттің имамына қайтыс болған адамның күнәларын «сату» арқылы жүзеге асатын, оны күнәдан тазарту үшін *давра* деп аталатын ғұрып орындалған.

Бата оқыр ғұрпы жаны шыққаннан кейін басталады. Бата оқудың мақсаты – өлген адамның рухани және тән азабын жеңілдету еді. Бірінші қырық күнде кешке қарай «дуо» атты дұға оқылып отырды. Ол үшін қайтыс болған адамның туыстары (балалары, немерелері, туған-туыстары) оның үйінде жиылып, мәйітті жуындырған жерді айнала отыратын болған (бұл орын өзбектерде аса құрметтелген). Содан кейін отбасының иесі немесе әйелі майға батырылған мақтадан жасалған шырақ *цоро чирог* немесе шырпы – *чиротты* жағатын. Ол жанып болғанша ер адам бірнеше дұға оқыған. Шырақты сөндіруге болмайды, ол өзі жанып бітуге тиіс.

Бақылау сұрақтары:

1. Өзбек халқының бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Өзбек халқының бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Өзбек халқының үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Өзбек халқының өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.

5. Өзбек халқының екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.6. Қарақалпақтар

Үйлену рәсіміне байланысты салт-дәстүрлер. Ең алдымен балаларының некесі туралы мәселені ата-анасы шешіп отырған, сондай-ақ бала дүниеге келмей тұрып екі дос арасындағы құдаласу дәстүрі кеңінен таралған. Кең таралған үйлену дәстүрінің бірі «*құда тушу*», яғни құда түсу. Әкесі ержеткен баласына, оның пікірімен санаспай, қалыңдық іздеп, қызды айттыруға жаушы жіберетін болған. Қыз жағы рұқсат берген соң, екі жақ қалыңмал көлемі туралы келісімге келген. Сонымен қатар текті әулеттен немесе бай отбасынан шыққан жігіт қалыңдықты таңдауға өзі құқылы болды. Бірақ мұндай жағдай қарақалпақтар арасында өте сирек кездеседі. Ал кедей отбасыларында «қарсы құда» деп аталатын неке түрі кең етек алды, яғни екі отбасында да бойжеткен ұлдары мен қыздары болса, олар өзара қалың мал төлемінсіз қыз алысып, қыз беріскен. Көршілес жатқан елдермен салыстырғанда қарақалпақтарда қалыңмал көлемі өте үлкен. Ол көбіне ірі қара мал және жылқымен есептелді. Жағдайға байланысты қалыңмал құны 40, 60, 80, 90 *тууар* (мал басы) болып бөлінді.

Қалыңдық үйінде жүргізілген келісімнен кейін ең алдымен күйеу жігіттің ата-анасы, жолдастары, туысқандарының қатысуымен кішігірім той өтеді. Жоғарыда аталып кеткендердің барлығы қалыңдықтың туысқандары мен жеңгелеріне әзілдесу түрінде қалыңдық үшін құн төлейтін болған.

Осыдан кейін негізгі той өтеді, бұл кезде күйеу жігіт пен қалыңдық арасында неке рәсімі атқарылды. Күйеу жігіт тойға сыйлық ретінде ірі қара мал тарту еткен. Қалыңдық жағы болашақ күйеу баланы сынап, көптеген кедергілер ұйымдастыратын болған. Осы кедергілерден өту үшін күйеу жігіт «*каде*» төлейді (арқан каде – есігіне жіп тартылған киіз үйге кіру үшін төленетін ақы, кемпір өлді – киіз үйге кіре берісте өтірік өліп жатқан кемпірге құн төлеу, т.б.).

Тойдың келесі бір рәсімі – жас жұбайларды молданың некелестіруі. Алғашқы неке түнінен кейін жігіт өз ауылына қайтып кетіп, ал қалыңдық болса, өз әкесінің үйінде тұра берді. Тіптен кейбір жағдайларда әйелдің күйеуінің үйіне көшіп келуі үшін бірнеше жылдар қажет болды. Бұл кезеңде қалыңдыққа еркін өмір сүру мүмкіндігі беріледі, яғни басқа ер адамдармен сөйлесу, «*отырыспа*» сияқты жиын, отырысқа қатысу және т.б. рұқсат берілді. Тек қалыңмал құны толық төленгеннен кейін қалыңдықты күйеу жігіт ауылына аттандыру «*қыз ұзату*» тойы болады. Ең соңғы үйлену рәсімі жігіт үйінде өтетін үлкен тоймен аяқталады. Осыдан кейін екі жас заңды түрде ерлі-зайыпты болып саналған. Бірақ жаңа түскен келін өз ата-анасымен, ауылымен арақатынасын үзбеді, ол өз үйіне жиі қонаққа келіп, ұзақ уақыт бойы қонақ болған.

Бала туу. Бала туу рәсімінің негізі – адам өмірінің қасиеттілігін, бала культін бекіту. Барлық рәсімнің негізгі бөлігін ересектердің жаңа туған нәрестені зұлым көзден, ауру мен бақытсыздықтан қорғауға, ұзақ, қуанышты, бақытты өмірді қамтамасыз ететін ата-ана қалауымен байланысты магиялық іс-әрекеттер құрайды.

Қарақалпақтардың бала тәрбиесіне байланысты рәсімдерінің адамгершілік қасиетіне тән ерекшелігі – әруақтарды еске алу, құрметтеу және ата-аналарына, ақсақалдарға құрметтің болуы мәдениетінің жоғары екендігін көрсетеді. Осылайша, жаңа туған балаға ат қою құқығы ең үлкен егде жастағы қарияға, ең талғампаз дана адамдарға (туысқандары мен достарына, әжесіне, атасына) немесе молдаға ұсынылады және ата-бабаларын жиі еске алу мақсатында, балаға үлкен әжесінің немесе үлкен атасының аты беріледі.

Салтанатты жағдайда балаға ат қою құқығы берілген адам, баланың есімін құлағына үш рет қайталап айтады. Көбінесе, олар аталары мен әжелерінің, Мұхаммед пайғамбардың құрметіне, ұлы тарихи тұлғалардың атын береді. Атауын таңдаған кезде күн сәулесіне (Нуратдин, Нұрсұлы, Нұрсұлтан, Нұрлан) және алтын-күміске (Алтынбай, Күмісхан) табынғандығын сезуге болады. Сондай-ақ күндерге (Жұмабай, Жұмағұл), қала атауына (Ташкентбай, Нұзибай) байланысты осындай аттар берілді.

Бала туу рәсімінің ажырамас бөлігі баланы шомылдыру. Баланы жуындырғанға дейін жуынатын суына тұз араластырып, тиындар салады, баланың басына 40 қасық су құяды.

Баланы жуындырып болған соң, шомылдырған суынан тиындарды алып, рәсімге қатысқандарға таратып беріп, бір тиынды тұмар ретінде баланың қалпағына тігеді. Баланы жуындырғаннан кейін баланы басқаларға көрсетуге болады деп есептелді.

Әдетте анасы баласына ақша, сыйлықтар бергендерге ғана көрсетеді. Бұл күні бесік тойы (бесікке бөлеу), баланы бесікке бөлеу рәсімі орындалады. Әдеттегідей, баланың нағашы әжесі бесік пен түрлі сыйлықтар әкеледі. Баланы бесікке салмас бұрын, ол жауына қатыгез болсын деп пиязды, бұрышты және өткір пышақты баланың жастығының астына салса, өмірі жарқын, беті ашық және әдемі болсын деп аяғының астына айна салып қояды. Сондай-ақ жастықтың астына басы тас сияқты қатты, нан сияқты ұлы, көздері өткір болсын деп үлкен тегістеуіш тас пен нан қояды.

Бесік тойға жиналғандар әртүрлі жақсы тілектерін білдіреді. Мысалы, «Әрқашан жолың болсын, Қыдыр ата жолдасың болсын, киелі қырық серіктесің көмектесіп, Аллам өрттен, судан және жала жабудан құтқарсын» деген тілектер жиі айтылады. Баланың жүруінің алғашқы күндерінде олар «Тусау кесиу» рәсімін (баланың аяқтарына лентаны кесу) орындайды. Олар баланың аяқтарына таспа байлап, оның тұсауын ең жылдам, ең ақылды, жігерлі әйелге кестіреді. Сонымен қатар олар тұсау кескен әйелдің ақыл-ойы, оның бақытты тағдыры, күші балаға беріледі деп үміттенді. Бұл рәсімдер белгілі бір мерекелік әндермен сүйемелденіп отырады.

Жаңа туған нәрестенің тағдырына жағымды әсер ету үшін, оны барлық зұлымдықтан қорғау үшін, әдетте бұрыш, тұз және бір бума шөп салынған үшбұрышты тұмар тігілді. Бала орналасқан бөлме «қорғаушы қасиеті бар» деп есептелетін өсімдік «әдираспанмен» аластатылды.

Баланы қорғау мақсатында, баланың бесігіне немесе киіміне қасқырдың тісін тігіп қойды. Баланың денсаулығы мықты болып өсуі үшін оны қасқырдың терісіне ораған. Тіпті туылған нә-

рестеге «Бөрібай» деген ат берілген (Бөрі – қасқыр). Қасқырдың танымалдығы кездейсоқ емес, өйткені бұл жануар – түркітілдес халықтардың, қарақалпақтар, қазақтар және басқалардың тотемі.

Осылайша, отбасылық-тұрмыстық рәсімдерде қасқыр – адам баласының ата-бабасы, адамдардың бақытсыздықтан, аурулардан және басқа да зұлымдықтардан қорғаушысы ретінде бейнеленген.

Сонымен қатар баланың тууымен байланысты қарақалпақтардың әдет-ғұрыптарында қасқыр культімен бірге ит культінің бар екендігі де байқалады. Оған негіз ретінде баланың бірінші киімінің қарақалпақтарда ийт көйлек деп аталатындығын айтып өтсек болады.

Қарақалпақтарда баланың туылуына және тәрбиесіне байланысты дәстүрлерде жиі кездесетін басқа да жануарлар культінің бірі – Қара кус – дала бүркіті болды.

Баланың туылуында шашына ерекше көңіл бөлінді. Қарақалпақтар үшін көптеген этникалық топтар сияқты шаш үлгісі маңызды еді. Қарақалпақтардың өздерінің айтуынша, ер адамдарда шаш символы Ғұлпақ этнос атауының қалыптасуына негіз болған. Ежелгі уақытта қарақалпақ ерлері айдар немесе ғұлпақ қалдырып, осы жерден «Қарағұлпақ», яғни «Қарақалпақ» атауы пайда болған деген деректер бар. Қазіргі заманда айдарды отбасында бала тұрақтамаған балаларға қояды. Кейбір қарақалпақтардың айтуынша, айдарды көбінесе отбасындағы тұңғыш туылған нәрестеге қойған. Қарақалпақтар шашты кесу кезінде үлкен мереке ұйымдастырады.

Нәресте шашы мен тырнағын әдетте 40-күні кеседі. Шаш нәрестенің болашағымен, яғни қыз бала болса тұрмысқа шығуымен, ұл болса үйленуімен, жалпы қалыңмалмен тығыз байланыстырылды. Осылайша, ер балалардың шашын болашақта қалың малды көп мөлшерде төлемес үшін қыз балаларға қарағанда ерте қиды.

Ер баланың жасы 4-5 жасқа жеткенде сүндетке отырғызды. Бұл рәсім VII–VIII ғ. Араб елдерінде бастау алды. Баланы мұсылман етуде әдетте бұл мереке кеңінен аталып өтіледі, туыстары мен қонақтар сыйлықтар мен ақша әкеледі. Сүндетке отырғызылған балаға бата беріліп, болашақта үлкен азамат болып өсуіне

тілек тілеген. Осылайша, қарақалпақтардың бала туу рәсімінің өзге халықтармен жалпы ортақтық бар екенін аңғартады.

Өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптар. Қарақалпақтардың адам өліміне байланысты әдет-ғұрыптарына ислам дінінің ықпалы ерекше әсер етті. Көршілес тәжік пен өзбектердегідей қарақалпақтарда өлген адамның денесін жуатын арнайы адамдар болмады. Мүрдені жуындыру үшін өз ауылынан жасы үлкен адамдар шақырылатын. Оларға төлем ретінде қайтыс болған адамның мерекелік киімдері үлестіріліп берілді. Қарақалпақтарда өлген адамды әйелдер ғана емес, сонымен қатар ер адамдарда жоқтаған. Мұсылмандық дәстүр бойынша қайтыс болған адам мәйітін табытқа салып молаға апарып жерлеген. Көптеген эпостық жырларда «ағаш ат» деген табыттың ескі атауы жиі кездеседі. Бұл ортағасырлық түркі кезеңінде қайтыс болған адаммен бірге жылқысының жерленуімен байланысты болса керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Қарақалпақ халқының бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Қарақалпақ халқының бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Қарақалпақ халқының үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Қарақалпақ халқының өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Қарақалпақ халқының екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.7. Қырым татарлары

Үйленуге байланысты ғұрыптар. Қырым татарларында некеге отырау уақытта заттай сыйлықтармен алмасатын болған, оны никьягь деп атаған. Қырым-татар князьдығының ең атақты бес әулетінде – бейларда никьягь үйір-үйір жылқылардан, түйелерден, түрлі заттардан тұрған. Некеге отыру екі жақтың келісімінсіз жүргізілмейтін болған, сондықтан әйелдер сатылмаған. Ата-аналардың (әсіресе некеге қатысты сұрақтарды шешетін әкеге байланысты) қыздарын күштеп күйеуге беруге тыйым

салатын үкімдер болды, ол үкімдер біртіндеп заңдық күшіне енді (негізінен, таулы-жағалаулық Қырымда). Қалыңдықтың күйеу жігітке деген қарым-қатынасын құдалар өзіндік тәсілмен білген – қалыңдықтың некеге келісімі болса, олардың үш қайтара қойылған сұрақтарына шымылдықтың ар жағында тұрып көйлегінің етегін көтерген.

Егер қыз сол бойы тұрмысқа шықпаса, оған ата-анасы кінәлі деп есептелді және қыздың әрбір етеккірі келуін Құдайдың алдында ата-аналары бала өлімі ретінде жауап береді деген наным болды.

Туған-туыстарының кеңесімен әкесі баласына келін тандайды. Бірақ XIX ғ. аяғына қарай күйеу жігіттің еркімен де санасатын болған, дегенмен ол әкесінің дегеніне қарсы келе алмайтын. Жастардың танысуы ұлттық мерекелер мен қыдыруларда жүзеге асады. Әйтсе де жастар көбіне достары мен туыстарының тойларында танысатын. Егер жас жігітке қыз ұнаған болса, келіннің құрбыларының тойын басқарушылардан – қыз ағаласы – қыздың әйелдер бөлігіне барып тұруын сұраған және есік, терезелерге қарап тұруын сұраған. Егер қызды той үстінде бірнеше рет биге шақыратын болса, онда тойға жиналған қонақтар қыздың біреуге ұнағанын түсінген. Үйге қайтар жолда жігіт өзінің туысқан апаларының біріне (өз сезімін ата-анасына айту ұят болып есептелді) сол қыздың өзіне ұнағанын және соған үйленгісі келетінін айтқан. Ол апасы жігіттің тілегін оның ата-анасына жеткізген. Өз кезегінде олар баласының таңдауын қабыл етіп, бетін қайтаруға себеп болмаса, екі-үш күннен соң құдаларды жіберген.

Оңтүстік жағалауда (Ялта аумағында) құдалар ретінде еркектер келсе (үш адам), далалық аймаққа жақын аумақта әйелдер болған. XIX ғ. басында құдалар ретінде екі-екіден еркек пен әйелді жіберетін болған. Құда болу құрметі жасы 40-тан асқан, аймақтағы беделді адамдарға берілді. Құда түсуге барарда олар өздерімен бірге ақша алып, оны орамалға орайтын болған. Қалыңдықтың ата-анасына сыйлық ретінде маталар, киімдер алуға болатын. XIX ғ. басы немесе одан ертеректе құданың иығынан көк, жасыл, қызыл түсті орамалдар байлағаны белгілі.

Келесі күні күйеу жігіт қалыңдыққа оның үйіне кіріп шығуға рұқсат сұраған хат жіберген. Алғашқы қонаққа келгенде айтарлықтай әңгіме-дүкен құрмаған. Алғашқы қонақ болғаннан кейін қонаққа келу жиілеген. Біраз уақыттан кейін күйеу жігіт өз үйіне қалыңдықтың ата-анасы мен туыстарын қонаққа шақырған. Болашақ енесі оған алтын сағат пен күміс портсигар сыйлаған. Келесі аптада ендігі кезекте қалыңдықтың туыстары күйеу жігітті қонаққа шақырған. Қалыңдық болашақ енесі мен оның әйел туыстарының басына жамылғы – топрақбасды маграмасы жапқан, ал болашақ енесі оған жауап ретінде қымбат көйлекті сыйға тартқан.

Некелесу мен той рәсімінің арасында біраз уақыт өту керек болды. Осы уақыт аралығында ата-аналары баласына жаңа үй салып және қалыңдықтың туыстарының талаптарын орындауы қажет. Қалыңдық жағы да тойға үлкен дайындық жасайтын. Сондықтан тойға деген түпкілікті дайындыққа аз дегенде жарты жыл уақыт кеткен.

Таулы-жағалаулы Қырымда тойға үш апта қалғанда күйеу жігіт жақтан арнайы бөлінген 5-тен 10-ға дейін адамдар ағырлық (саудаласу барысында келісілген заттар) әкелетін және қалыңдықтың қолынан сыйлыққа бір-бір көйлектен, орамал мен қалташадан алған. Содан кейін қызды шәлімен ораған, осыдан кейін ол туған-туыстарына көрінбеуі тиіс болды. Бұл рәсімдер орындалғаннан кейін той көйлегін тігетін әйелді шақырған. Ол кісімен бірге қалыңдықтың құрбылары басқа да керекті заттарды тіккен және әуенмен қосыла, жасауды қонақ үйі мусафир-ханеге ілген. Бұл бөлме той алдында жас жұбайларға арналған бөлме – джиис-суға айналған. Бір жыл көлемінде (әдетте алғашқы бала өмірге келгенше) бұл бөлмеде қандай да болсын өзгеріс жасауға тыйым салынды. Жыл көлемінде ілулі тұруға тиісті жасауды ілу үшін бөлменің ортасына (төбесіне) шеңбер бекітілген. Осы шеңберден қабырғаларға жіп тартылды. Дайындықтың соңы ретінде қалыңдықтың құрбылары арнайы жастық тіккен – юз ястығы. Оның ішіне еркектің іш киімі мен орамал салатын болған. Қалыңдықтың шығар уақытында бұл жастықты саудаласу арқылы күйеу жігіттің жолдастарының біріне сатқан. Ол өз кезегінде жол бойы жастықты үстеме бағамен басқа біреуге сатқан, осылайша,

жастық өз құнын қымбаттата отырып қолдан қолға өтіп жүрді. Соңында сол жастықты күйеу жігітке сатқан. Бұл той науқанының жақындағанын білдірді.

Ауқатты қалыңдықтың жасауы 200-250 төсеніш заттардан (жібектің түрін қоса), осындай сандағы әртүрлі мойын орағыш бөкебайлар, 500-ге тарта орамал, сансыз майлықтар, орамалдар (соның ішінде бет орамалдар), бесеуден аса құс жастық пен жамылғы, жастықтар, кілемдер, мыс ыдыстар, көйлектерден тұрған. Кедей отбасынан шыққан қалыңдықтың жасауы бірнеше есе аз болғанымен, сапасы жағынан кем түспеген.

Әдетте құдалықтан кейін екі апта өткен соң ауыр нышан – ағыр нишан күні болған. Қалыңдық бұл күнге арнап күйеу жігітке және оның ата-анасы мен туыскандарына сыйлықтар дайындаған. Ол сыйлықтарды жиектері күміс жіппен тігілген және күйеу жігіттің туыскандарының бірінің жан тыныштығы үшін қалыңдық тарапынан Құран оқылғанын білдіретін Коран-хатым жазбалары бар қағаз ілінген орамалға ораған. Күйеу жігітке арнап тоғыз заттан тұратын қалыңдықтың өз қолымен тігілген дохулама жасалады. Осыған жауап ретінде кешке қарай күйеу жігіт жағындағы жастардан бастарына сыйлықтар салынған табак қойып құдалар келген. Оларды худалар деп атаған. Осы үшін қалыңдық оларға бір-бір көйлектен берген.

Үйлену той рәсімі қалыңдықтың үйіне күйеу жігіттің туыскандары мен достарының әндете келуімен басталады. Астан кейін қалыңдықтың шашын бояу ғұрпына кезек келеді. Арнайы саған ыдысына күйеу жігіттің жіберген алтын және күміс тиындарын араластырған.

Қыздар бір қатарға тұрып, қолдарына майшам ұстап сыңсу айтқан. Бұл рәсім қыздық өмірмен қоштасу ретінде көрініс беріп, рәсім үстінде қалыңдық қатты жылауға тиіс болды. Ыдыстан алынған ақшаларды қалыңдықтың басына қойып, оған бақыт тілеген. Жеңгесі алдымен келіннің шаштарын, содан соң қолының тырнақтары мен кейде аяғының тырнақтарын бояған. Қалған бояумен рәсімге қатысып отырған үйленбеген қыздардың саусақтарын бояған. Ол қыздардың саусақтарын бояу барысында қыздарға ұрысатын. Бұл рәсім олар да өзінің жеке өмірін

құру уақыты келді дегенді білдірген. Кешке қарай шақырылған қонақтарды әнмен, бимен қыздар күтіп алатын. Қонақтарға арнайы бөлмеде қыздың жасауын көрсеткен. Бұның бәріне күйеу жігіт қатыспаған.

Күйеу жігіттің үйінде қонақтарды күтетін арнайы бөлмелер дайындалған. Қарттарды, үйленген әйелдерді, қыздарды, жігіттерді бөлек-бөлек бөлмелерге жайғастырған. Күйеу жігіт пен қалыңдыққа да арнайы бөлме дайындалды. Әрбір бөлмелерге қонақтардан үлкен адамдар тағайындалды. Олар той рәсімінің дұрыс өтуін қадағалады. Осы аталған дайындық уақытында күйеу жігіт өз үйінде емес, үйленген әпкесінің немесе туыстарының үйінде болды. Өйткені ол қалыңдықтың келгенін көріп қойса, некелік өмірде ұзақ тұрмайды деп есептеген.

Тойға дайындық басталғаннан соң төрт күннен кейін күйеу жігіттің үйінен жасауды әкелуге арнайы күйме аттанған. Оның құрамында аспаз және алтын түсті қағазбен, гүлдермен безендірілген екі қой болды. Қалыңдықтың туыстарын құттықтап және кофе ішіп болған соң аспаз қойларды сойып, күріш сорпасын дайындаған. Сорпаны қалыңдық ата-анасының үйінен аттанар алдында ішкен. Бұл келіннің ол үйді мәңгілікке тастап бара жатқанының белгісі ретінде көрініс берді. Содан соң қалыңдықты киіндіріп, басына шәлі тағып, айнаға қаратқан. Осыдан кейін құрбылары бөлмеге жайғасып, кейін барып күйеу жігіттің елшілерін кіргізген. Куәлік етушілердің үлкені қалыңдықтың некеге келісімін үш қайтара сұраған. Артынша күйеу жігіттің өкілдерінен күйеу жігіттің келісімін алған. Осыдан соң қарт куәлік етуші қатысып отырған қыздардың екі жақты келісімнің куәгері болуды сұрап, болған бар жайтты жазып алған. Осы жазба жазбаша неке куәлігі болды. Бұдан кейін есікке күйеу жігіттің үлкен әпкесі жақындаған, ол өзімен бірге ақша әкелген. Қыздар одан сыйлық сұрап қалыңдыққа жібермеген, ол ақшаларды беріп қалыңдықты көруге рұқсат алған.

Келін бұл уақытта құрбыларымен, кейін ақ жол тілеген шешесімен, соңынан барып әкесімен жылап қоштасқан. Бөлмеге қалыңдықтың туыстары саналатын төрт жас жігіт кірген, олар қолдарына дувазар шымылдықтың төрт бұрышын ұстаған. Қалыңдықты көлегейлеп, қолдарына көтеріп шығып күймеге отырғызған.

Далалық Қырымда той пәуескесі ерекше безендірілген және мерекелік болды. Ол бірнеше күймеден тұрған, алдыңғы жағында атпен шығарып салушылар жүріп отырған. Хабаршылар күйеу жігіттің үйіне келісімен, күймеге барып (оңтүстік жағалауда XIX ғ. күйме орнына үсті ашық төрт орынды күйме пайдаланған), қалыңдықты бүркемелеп, құдағилармен бірге күйеу жігіттің үйіне кіргізген. Есік алдында оларды күйеу жігіттің шешесі күтіп алып, келінге ақша, кәмпит, бидай шашатын болған. Ал қалыңдықты алып келген құдағи өзімен бірге тәттілер толтырылған құмыра әкелген. Таулы Қырымда келінді үйге кіргізбес бұрын оның әртүрлі дене бөліктеріне тауықты тигізген. Осындай тәсілмен неке алдындағы қыздардың қорқынышын қуып шығуға болады деп сенген. Осыдан кейін қалыңдықты арнайы бөлменің бұрышына, шымылдыңтың ар жағына отырғызып қойған.

Кешкі астан кейін қалыңдықты басқа бөлмеге алып барған, сол жерде ол дәрет алып, Құранның арнайы беттерін оқып, сыйынған. Осыдан кейін оған күйеу жігіт сыйлаған той көйлегін кигізіп, белбеу тағып, тақия кигізіп, оның сыртына бөкебай жауып, алтын тиындармен безендірілген көкірекше байлаған. Ал бетін түрлі-түсті ашық бөкебаймен көлегейлеген. Үстіне фередже-марама перделеген және дувак жапқан. Содан соң оны күйеу жігіттің екі жолдасы – киев-баши оны аулада қырынуға дайындаған. Шаштараз өз ісін үзіліс жасап билермен жалғастырған және күйеу жігіттің жолдастары да бұл рәсімге қатысқан.

Жас жұбайларға арналған бөлмеге жайпақ табаққа тағам салып алып келген. Бұл бөлмеге күйеу жігіттің достары келіп өлең айтып, би билеп, тамақтанған, ал күйеу жігіттің өзі үнсіз отырған. Түн жарымнан асқан уақытта күйеу жігітті әнмен, музыкамен жұбайларға арналған бөлмеге кіргізген. Оған дейін күйеу жігітке туысқан екі қарт әйел неке жаулығын төсеп, жатар орынды әзірлеген. Көрпенің астына қарғыстан сақтасын деп нан тастайтын болған. Жастар келердің алдында төсектің үстіне сәби баланы (ұл бала) аунатып, жастардың көп балалы және ұлдары көп болсын деп тілек тілеген. Содан кейін сәби балаға сыйлықтар беріп алып кеткен. Ал әйелдер көрші бөлмеге барып, сол жерде қонуға калған. Күйеу жігіт өзімен бірге жүрген достарына орамал сыйлап,

үлкен әпкесінің күйеуімен (болмаса, басқа үйленген туысы) бірге дәрет алған және екеуі бірге жұбайларға арналған бөлмеге кірген. Қалыңдықты екі құдағи алып келген және ол шымылдықтың ар жағында қандай киіммен отырса, күйеу жігіттің алдына солай келген. Күйеу жігітке жақындаған кезде ол отырып-тұрып оның қолын сүйген. Содан соң қайта есікке қарай шегінген. Осылай үш рет қайталанған. Егер осы уақытта қалыңдық күйеу жігіттің аяғын басып кететін болса, онда ол өмір бойына әйелінің айтқанынан шыға алмайды деп есептеген. Үш қайтара қолын сүйгеннен кейін күйеу жігіт қалыңдықты ешқайда жібермеген және қалыңдық оның алдында тізесін бүгіп отырған. Ол қалыңдықтың бетіне жабылған *дувақты* шешіп, жайылған үстелге кешкі асқа шақырған.

Ертесіне таңертең күйеу жігіт пен қалыңдық өздері үшін арнайы дайындалған моншаға барған. Екеуі халық көзіне моншадан шыққаннан кейін ғана көріне алды, өйтпеген жағдайда болашақ өмірлері бақытсыз болады деп сенген. Жастар жуынуға кеткенде құдағилар төсек орнын тексеріп, неке жаулықты туыстары мен көршілеріне көрсеткен. Кейбір аудандарда бұл үшін жас келіннің арнайы көйлегі келинчек пайдаланылды, оны арнайы жайпақ ыдысқа салып туған-туыстардың үйін аралаған. Егер қалыңдық күнәсіз болса, жамылғының үстіне ақша, алтын тастаған, кейіннен оның бәрін келіннің өзіне берген. Қыздың ата-анасына той құмырасын қайтарған, бірақ тәттілерін алып қалып, қызыл бау байлап жіберген. Егер жас келін пәк болмай шықса, кобете деген етті бәліш пісіріп, ортасына тесік жасап, қалыңдықпен бірге ата-анасына қайтарған.

Тойдан кейін келін ешкімнің көзіне көрінбей, ешқайда шықпай, үй жұмыстарымен айналысқан. Күйеу жігіт те өзін сыпайы ұстап, осы уақыт аралығында зайыптық міндетін орындауға құқы болмады. Аталған уақыт аяқталған соң келіннің ата-анасы жас жұбайларды үйіне қонаққа шақыра алды. Жас күйеу бала олардың қолын сүйетін, оған жауап ретінде күйеу балаға сыйлықтар берген. Қонаққа жігіттің ата-анасы да барған және келесі жолы қонаққа солар шақырған. Осыдан кейін жас жұбайлардың өмірі қалыпты жағдайға түсті.

Таулы-жағалаулы татарлардың неке рәсімінде қалыңдықтың белбеуі үлкен роль атқарды. 1980 жылдардың өзінде қалыңдық міндетті ежелгі күміс белбеу мен дәстүрлі тақияда (феска) тұрмысқа шыққан. Той алдында қалыңдықты киіндіру уақытында белбеулеу рәсімі өтетін. Қыздың әкесі, ал Бахчисарай аймағында үлкен ағасы қолына күміс белбеу ұстап қалыңдықты үш мәрте айналған. Үшінші рет айналғанда ғана некеге өзінің келісімінің белгісі ретінде белбеудің айылбасын қыстырған. Күйеу жігітке өз батасын берген әкесі, оның басына қаракөл бас киімін кигізген. Күйеу жігіттің той белбеуі жіңішке ақ жіппен тігілген және алтынмен апталған кшак болды. Қалыңдық оны өз қолымен безендіріп, құдалық уақытында күйеу жігітке сыйға тартқан. XIX ғ. аяғына қарай белдік біріктіріліп тігіліп, киім секілді киілетін болды. Күнделікті өмір салтынан некелік өмірдің символы болып қала берді. Әйелдердің алтын белбеуі ипши-кшак-ка қарағанда, күйеу жігіт оны тойдан кейін пайдаланбады.

Бала тууға қатысты салт-дәстүрлер. Далалық Қырымда әйелдің екіқабат уақытында отбасының қалған мүшелері оған ерекше қарап, оның кез келген сұрауын орындауға тырысқан, өйткені оған көмек көрсеткісі келмеген адам жоғарғы күштермен жазаланады деп сенген. Аяғы ауыр әйел тек қажетті жұмыстарды ғана атқарған. Анасы баласына арнап бесік (бесик), жабдығын, көрпе, жаялық дайындаған.

Баланың туылғанынан кейін 40 күн өткенде оның алғашқы көйлегін шешіп, оны итке кигізген. Бұл сәби мықты және төзімді болып өседі деген сенімнен туған.

Балаға бір жас толғанда алғаш рет оның шашын алған. Бұл рәсімді баланың нағашы ағасы немесе анасы жағынан туысқан адамдар жасаған. Осы оқиғаға байланысты ас беріліп, түрлі жарыстар өткізілген.

Ұл балалар 5 жасқа толғанда міндетті түрде сүндетке отырғызылған. Осы ғұрыптан өз уақытында өтпеген ноғайлық ер адамды қоғамда қаралап, онымен бірге бір дастархан басында отырмаған және қойшылардың ең маңызды ісінің бірі мал союға және оны жіліктеуге құқығы болмаған.

Өлік жөнелтуге байланысты ғұрыптар. Қырым татарларындағы өлік жөнелту ғұрпы мұсылмандық жерлеу негізінде жүзеге асады және мұсылмандық кезеңге дейінгі сенімдер де жалғасын тапқан.

Өлімге алдын ала дайындалатын. Ол үшін отбасында кебінге (кефын) арналған 15 м көлемінде ақ мата, қайтыс болған адамды жерлеу орнына алып баратын адамдардың қолына байлайтын орамалдар және оған қоса тағы алты орамал дайындаған. Ол орамалдың екеуімен өлген адамды жуындырғаннан соң үстін сұрткен (біреуімен – беліне дейінгі дене бөлігін, екіншісімен – белден төмен). Тағы бір орамал бетін сұртуге, келесісі намаз оқуға пайдаланған. Ал қалған екеуін жерлеу орнына тастаған. Сондай-ақ инелер, жіптер, сабын, мата қиындыларын және «орта» атты жасыл жамылғы дайындаған. Кебінді әр үш жыл сайын жаңартып отыру қажет еді. Аталған заттардың бәрі түйінделген күйінде сақталған.

Халық сенімінде өлім қаупін алдын ала білдіретін белгілері болды. Бұған өзінің таңдауы түскен адамды есімін атап шақыратын үй қорушысы болады және үй жануарларының ерекше қылықтары, яғни иттің ұлуы, үйден мысықтың кетіп қалуы, сондай-ақ аян беруші түстер және т.б. белгілерді жатқызды, сондай-ақ жұма күнгі өлім жақсы саналса, сенбі күнгі өлім жамандыққа жорылды.

Өлім алдында науқастың соңғы тілегін сұраған және молданы немесе дұғаны жақсы білетін адамды шақырған. Өлім алдындағы адамның жанында отырып арнайы Құран сүресі – «Йасинді» оқыған. Содан соң Құранды оның бас жағына қойған. Егер әйел адам болса, сүрені оның жатқан бөлмесінің кіре берісінде тұрып оқыған. Адам қайтыс болысымен молда оның үстіне қолын көтеріп тұрып, арнайы дұғаны оқыған. Содан кейін оның көзін жауып, үстіне жамылғы жапқан. Өлім жайында ауылдастар әйелдердің бақыра жылаған даусынан білген. Арнайы таңдалған адам барлық туған-туыстарға хабар жеткізген. Әйелдер қатты дауыс шығарып, қайтыс болған адам жатқан бөлмеге кіріп, оны қоршай жылаған. Осы уақытта үйдегі барлық азық-түлікті шығарып әкететін болған, өйтпеген жағдайда «бұзылып» кетеді деп есепте-

ген. Қайтыс болған адам «суымай тұрып» оның иегі мен аяғын арнайы жіппен немесе орамалмен – явлукпен байлап тастайтын болған. Аяғына байлау ғұрпы әр ауданда әртүрлі болған: өкшесінен, тізесінен төмен, тек үлкен саусақтары. Екі еркек адам мәйітті бөлменің ортасына қойып, алдын ала дайындалған ақ жапқышпен жабылған қалың көрпе үстіне жатқызған.

Далалық аймақтарда өлген адамның беті оңтүстікке – Қағба жаққа қаратылуы керек еді. Ал қолдары денесінің жанында жатуы тиіс еді. Таулы-жағалаулы Қырымда бұл ғұрыпты сақтамады және қолдарын кеудесіне жинап, крест пішіндес қайшы ұстататын болған. Оңтүстік жағалаулы Қырымның көптеген аудандарында мәйітке гүл шоқтарын тастаған және қайтыс болған адамның үйінде 40 күн майшам жанып тұратын болған (Бахчисарай ауданы). Сондай-ақ таулы-жағалаулы Қырымның көптеген аудандарында өлімнен кейін үшінші, жетінші және қыркыншы күндері екі сағаттан дұға оқылатын. Егер адам таңертең немесе күндіз қайтыс болса, онда оны күн батқанша жерлеу керек еді. Ал кешке қайтыс болған адамды жерлеу ертеңіне қалдырылды.

Қайтыс болған адамның үйіне туыстары, көршілері, ауылдастары жиналатын. Марқұмға көр қазу үшін бірнеше адамды жібереді. Өлген адамның үйіне келушілер үстіне ұзын жеңді көйлек пен басына тақия киюі керек болды; олар өздерімен бірге матаның қиындысын алып келетін, оны мәйіттің жанына тастайтын. Үйге кірер алдында «Алла собыр версин» («Алла сабыр берсін») деген сияқты арнайы сөздер айтатын. Туысқандары «Достлар сачь ол-сун» («Басқалары аман болсын») деп жауап берген. Содан кейін көңіл айтып келгендер жамылғыны көтеріп мәйітті көріп, қасына отыратын. Кейбір аудандарда (негізінен, далалық) бөлмеде отырған еркектер мен әйелдер діни әндерді айтатын. Егер адам кешке қайтыс болса, онда түні бойы оның жанында адамдар болды және мәйіт жатқан бөлмеде ас-су ішуге болмады. Асты басқа үйден дайындаған.

Қабір дайын болғанын естіген соң мәйітті жууға кіріскен. Егер қайтыс болар алдында өзін жуатын адамның есімін айтса, өлген адамның тілегін міндетті түрде орындаған. Сонымен қатар әр ауылда жуындыратын бірнеше арнайы адамдар болған (ювуд-

жи). Сол үшін оларға сыйлықтар берілетін, ертеректе оларға өлген адамның киімдерін берсе, кейіннен ақша, сыйлықтар берілетін. *Ювуджилер* шақырусыз келетін, әдетте олар үш адам болды: үлкені жуындыратын, екіншісі су құйып тұрушы, үшіншісі су тасушы. Еркектерді еркектер, әйелдерді әйелдер жуындыратын. Мәйітті жамылғыға салып, ауланың бір бұрышына апарып жуатын. Мәйіттің басын алға қаратып алып жүретін. Жуындыратын жерге ағаштан қоршау жасап, матамен, жамылғымен жабатын. Ішіне ағаш үстел тенешир кіргізген, оның үстінде суға арналған ыдыс *легенмен* жуындырған. Үстелді мәйіттің беті қағбаға қарайтындай етіп орналастырған. Арнайы дұғаны оқып, мәйіттің үстіндегі киімін қайшымен қиып шешіп алған. Жуып жатқан уақытта үйде әйелдер жеті рет Табарике дұғасын оқуы керек. Мәйітті үш рет сабынмен, үш рет суық сумен жуып, шашы мен тырнақтарын алмаған. Кір суды ауланың бір бұрышына қазылған шұңқырға төккен. Сондай-ақ қайтыс болған адамның өлерде киіп жатқан киімі мен жуындырған адамдардың шапан, қолғаптарын да сонда тастап, көміп тастаған. Сосын мәйітті кебінге (кефын) ораған. Кебінді тігу үшін тұрмысқа бір-ақ рет шыққан әйел шақырылған. Еркектер мен әйелдердің кебінде ерекшеліктер болды.

Кефын құрамына гольмек көйлегі (еркектер үшін қысқа, әйелдер үшін ұзын), штан немесе туман (онымен мәйіттің аяқтарын жапқан) және қайтыс болған адамды үш немесе жеті рет орайтын мата кірген. Кейбір аудандарда әйелдер үшін бөкебай мен орамал тіккен, оны басына байламай жай ғана көмкере салған. Гольмектің арасына молла жазып берген иман дуа салатын болған. Басы мен аяқ жағынан *кефынді* жіппен байлаған және жуындырған адамдар мәйітті мешіттен әкелінген зембілге жатқызған. Алдын ала ер адамның астына екі белбеу, ал әйел адамның астына *чаршав* жамылғысын тастаған. Еркектерді матамен, белбеумен, ал әйелдерді – бөкебаймен, орамалмен жапқан. Ежелде барлық киім түрлері жетеу болуға тиісті деп есептелді және оларды туыстары мен таныстары жерлеу рәсіміне сыйлық ретінде дайындап берген. Жерлеуден кейін бұл заттардың бәрін қатысқан адамдарға, болмаса қорым жанында

кездескен кедей адамдарға таратқан. Соңғылары ол заттарды жұма базарларда сатуға құқы бар еді.

Қайтыс болған адам жатқан бөлменің есігінің алдына жерлеуден кейін орамал іліп қоятын болған, ол сол күйі 40 күн ілулі тұрған. Өлген адамның жаны үйге келсе, оған орамал қажет болады деп сенген. Егер ер адам өлсе, есікке көйлекті де ілген. Ал әйел адам қайтыс болса, мата қиындысы мен бөкебайды іліп қойған. Содан кейін бұл заттарды кедей адамдарға таратқан.

Мәйітті зембілге жатқызған соң қоштасу рәсімі болады. Молла дұға оқып, бәрінен үш қайтара өлген адамның атынан кешірім сұраған. Содан кейін ұлдарынан қайтыс болған адамның қарыздарын өтеуге дайындығын сұраған. Зембілдің ұстайтын жеріне 4 орамал байланды (егер әйел қайтыс болса бөкебай, бау). Бұл зембілге қол тигізу немесе оны алып жүру үлкен құрмет саналды. Оны алып жүретін адамдардың басын бүркемелеуі тиіс еді. Мәйітті үйден алып шығарда үйде ұйықтап жатқан адамдардың бәрін, тіпті сәбилерді де оятқан. О дүниеге кетіп бара жатқан адаммен бәрі тұрып, құрметпен шығарып салуы тиіс. Шығарып саларда әйел адамдар қақпаға дейін ғана шығарып салатын болған. Қорымға дейін, негізінен, еркектер ғана баратын. Қайтыс болған үйден бәрі шығып кеткен кезде арнайы шақырылған әйел мәйіт жатқан бөлменің еденін жуған. Ол әйелге арнап мәйіт жатқан жерде тастың үстіне ақша тастап кететін болған. Кейін ол тасты лақтырып жіберген. Шығарып саларда қатысып жүрген адамдар дұғаларымен Аллаға сыйынған және зембілді қолдан-қолға беріп, жылдам жүріп отырған. Алдыда молда жүріп отырған. Қорымға бара жатқандардың жолын кесуге болмайды. Бұл жағдай, әсіресе екіқабат әйелдерге қатысты еді, өйткені ішіндегі баласы өлі туады деп есептеген.

Қорымға кіре берісте зембілді арнайы тіреуішке қойып, молда аяқ киімін шешіп, намазлық кілемшеге тұрып сыйынған. Кейінгі үдеріс қорым басында болды. Еркектер үшін қабірді белге дейін, әйелдер үшін көкірекке дейін қазған. Қорғанға мәйітті туыстары арнайы белбеулерді (кейде қолмен), ал әйелдерде чаршав жамылғысын пайдаланып түсірді. Оңтүстік бөлігінен

арнайы қуыс жасап, мәйітті басымен Қағбаға қарап жататындай етіп сол жерге жатқызды. Қуысты тақтайлармен жауып тастаған (тақтай саны жетеу немесе тоғыз болуы керек). Қабірді жаппас бұрын дұға оқылып, күректердің біріне топырақ салынып, екіншісін бос ұстап тұрған. Жиналып тұрғандар дұға оқып, бос күрекке қолмен топырақ салған. Содан кейін ғана қабірді жапқан. Мәйіттің бас жағына дұға жазылған қағазды қыстырып кеткен. Кейде қорғанға хатқа арналған шыбық тастаған, ол о дүниеде керек болады деп есептеген. Көмілген қорған қарапайым көрінді және ескерткіш орнатқанша басы мен аяқ жағына тақтайшалар тұрғызып кететін болды.

Мәйітті көмген соң қатысқан адамдар отырып, Құран сүрелерін оқыған. Осыдан кейін молдадан басқаның бәрі қорым басын тастап кетеді. Дәл осы кезде қайтыс болған адам өз өлімін түсініп көмекке шақырады деп сенген. Сол кезде молда таяқпен қорғанды ұрып оны сабырға шақыратын. Кейбір мәліметтерде ертеректе мәйітті отырғызып жерлеген және қорғанға тағам тастаған. Қорғанды көмген соң бәрі кетіп, молла қайтыс болған адамға сұрақтар қойған және оған өзі жауап берген. 40 күн көлемінде молла бейіт басына келіп дұға оқитын болған. Қазаны қатты қайғырып қалпына келе алмаған туыстарына қорған басынан бір уыс топырақ әкеліп, суға қосып екі-үш жұтым ішкізген.

Қорым басынан келген соң кезек сақтап қолдарын жуған. Осы шараның арқасында үйден тағы бір өлім қаупі алыстады деген. Өлік жатқан бөлме жинастырылып, үстел жайылған. Үстелге бірінші болып молда отырған. Ол бұл рәсімді атқарушы ретінде болды. Жерлеуге бөлінген ақшаны қалай жұмсау керектігін де сол шешкен. Молда дұға оқи бастағанда отырғандар астан ала бастаған. Жерлеуден кейін молда ақшаларды бөліп беріп, бәрі тараған.

Келесі күні мәйіт жатқан бөлменің қабырғаларын шынтаққа дейінгі аралықта ақтаған. Өйткені ол бөлме мәйіт жатқан соң шынтаққа дейін қанға толған деген.

Алғашқы құдайы тамақ үшінші күні берілді. Дәл осы күні Алланың періштелері қайтыс болған адамға оның өткен өмірінің

қаншалықты түзу екенін сұрайды деп сенген. Екінші құдай тамақ жетінші күні берілді және осы күні өлікті о дүниеде қабылдайды деген сенім болған. Кейінгі ас беру 40-күні болды. Осы кезде ғана марқұм өзінің өлгеніне сенеді деген түсінік болды. 52-күні дұға оқылды. Бұл уақытта мәйіт бұзыла бастайды және оған азап әкеледі деген. Қайтыс болғанына бір жыл толғанда да ас берген. Осы уақыт аралығында өлік о дүнилік болды деп сенген.

Бақылау сұрақтары:

1. Қырым татарларының бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Қырым татарларының бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Қырым татарларының үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Қырым татарларының өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Қырым татарларының екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.8. Қырымшақтар

Үйленуге байланысты әдет-ғұрыптар. XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басында қыздардың некеге тұру жасы әдетте 13-16 жас, ал жігіттер үшін 16-18 жас болды. XX ғ. басына дейін балаларының кішкене кезінде ата-аналарының неке жөнінде сөз байласу дәстүрі сақталды.

XX ғ. басында болашақ қалыңдық пен күйеу жігіт қандай да бір мерекелерде немесе отбасылық салтанатты кештерде танысатын болған. Құда түсудің белгісі қалыңдық үшін күйеу жігіттің атынан құдалар (*эльчи*) алып келген қымбат алтын бұйымдар (*бэ*) болды. Атастыру *бэ вермек* деп аталды. Бұдан кейін жасаудың мөлшерін анықтау үшін күйеу жігіт (*куюв*) пен қалыңдықтың (*келин*) ата-аналары кездесті.

Үйлену тойы әдетте жексенбі күнге қараған түні басталатын болған (*йух кун*). Жексенбі күні қалыңдықтың жасауы адамдарға көрсету үшін (*джеиз кормек*) ата-анасының үйінде бір бөлмеге ілінетін болған (*джеиз асмах*).

Сейсенбі күні (*ортакун*) қыздар кеші (*къызлар кечесы*) ұйымдастырылды. Бұл кеште қыздар тәтті тағамдар дайындап, өлеңдер айтатын болған. Сәрсенбі күні (*къан кун*) жігіттер кеші (*яшлар кечесы*) ұйымдастырылған. Бұл кештерде күйеу мен қалыңдықтың туысқандары бір-біріне орамал беріп (*марама сэр-мэк*), ал күйеу мен қалыңдық дәстүр бойынша міндетті түрде сүт анасына (*эмчек ана*) сыйлық беретін болған. Сәрсенбі күні кешке қалыңдық жасауын тізімдеу үшін қалыңдықтың үйіне шақырылған меймандар мен діни қызметкер (*ребы*) келетін болған. Дәл осы күні кешке қалыңдықтың жасауын қайын енесінің үйіне алып баратын болған. Жастарға неке төсегін дайындаған.

Некеге отырғызу күні – бейсенбі (*кичкене кун*) күйеу жігіт (*куюв амамы*) пен қалыңдықты (*келин амамы*) моншада жуындырумен басталатын болған. Осы кезде моншаның алдында оркестр ойнап тұрған, ал моншада келінді жуындыру мен шашын тарау, күйеу жігітті жуындыру мен шашын алу – кес, кесме – ғұрпы жүзеге асырылған. Ғұрыптық ойында күйеу жігіт пен келін жеке-жеке моншаға отырғызылып, ортада би биленіп, ән айтылды (*орта таул*). Содан кейін келінді некелесуге дайындау үшін киіндіретін үйге алып барды. Келіннің киімі ақ түсті болған, міндетті түрде бетін жауып тұратын *пыл бурунчих деген* бас киім киген, күйеу жігіт те папах тәріздес *теры къалпах* деген бас киімді киген. Анасы қалыңдыққа 3 түрлі алтын – *юзлик алтын, алтын, мамадьялар* таққан. Анасы бұл бұйымдарды табыстау уақытында қалыңдық ғұрыптық өлең айтқан.

Қалыңдықтың белін әкесі байлап беретін. Бұдан кейін анасы қызының басына табаққа бал мен май араластырылып жағылған нанды қойып (*птэ*), нанды сол жерде тұрғандарға үлестіріп шығады. Бұндай дәстүр жасалып жатқанда ғұрыптық ән айтылып тұратын.

Қалыңдыққа күйеу мен оның туысқандары келген кезде қалыңдықтың басына жібек орамал жауып қойған, сондықтан қалыңдық ештеңені көре алмаған. Жастарды скрипкада (*кеменче*), кларнетте немесе флейтада (*къавал*) орындалатын халық әуендерінің ырғағымен арнайы тағайындалған жас келіндер (*сагдыч*) үйден алып шыққан және оларды қолдарына жағылған май шам ұстап

балалар қоршап шығатын болған. Қалыңдық жақтың адамдары қалыңдық шығатын жолды жауып тұрған және оларға тек орамал, маталар, арақ пен шарап бергенде ғана жолды ашқан. Содан кейін жас жұбайларды туысқандары мен жағылған шам ұстаған балалар қоршап жүріп ғибадатханаға (*къяал*) қарай бет алған. Ғибадатхана ауласында иудейлердің дәстүрі бойынша төрт бағанаға шымылдық орналастырылатын болған. Келіннің басындағы орамалы шешіліп, қайтадан *пул бурунчих* кигізілген және ол күйеу жігітпен бірге шымылдықтың (*къядыши агағлары, къядыши таяхлар*) астына тұрып некелері қиылған. Сұқ саусақтарына неке сақинасы тағылған. XIX ғасырдың ортасындағы жазбалар бойынша неке салтанатын өткізу үшін ребы қолына тауық алып жас жұбайлардың басынан үш рет айналдырған. Неке салтанаты аяқталғаннан кейін күйеу мен келін және қонақтар күйеу жігіттің үйіне баратын болған. Олар бақыттың белгісі ретінде жол бойы ұсақ монеталар, кәмпиттер және бидай шашқан.

Күйеу жігіттің үйінде ер адамдар мен әйелдер үшін бөлек етіп әртүрлі тағамдар мен арақ, шарап қойылып дастархан жасалған. Әйелдер жағы қалыңдықты төсегіне отырғызады. Меймандар жұмаға қараған түні тарасқан. Жұма күні (*айне кун*) таңертең неке түнінен кейін күйеу мен келінді әйелдер оятатын болған (*хевра*).

Сенбі күні (*шаббат кун*) үйлену тойы жалғасқан. Күйеу жігіт таңертең ерте Торуды – қасиетті хатты оқу үшін ғибадатханаға (*къяал*) аттанған. Бұл кезде келін сыйлық әкелген әйелдерді, яғни қонақтарды күткен (*келин кормек*). Бұл үшін келін қайтадан той киімдерін киіп, қайын енесі оның басына орамал таққан. Той сенбі күннің кешіне дейін дастархан жайылып жалғасқан. Кешке қарай жас жұбайлар сенбілік тағам және тәттілерді беру үшін үлкен кісілерге барған.

Жексенбі күні Хевра Акодеш мүшелері келіннің *қарымын* көру үшін бөлек бір ғимаратқа жиналған. Олар үшін келіннің туысқандары тағамдар әзірлеп, арақ, шарап қойып дастархан жайған. Тойдан кейін 40 күн ішінде келін бөтен адамдардың көзіне түспеу үшін далаға шықпайтын болған. Тойдан кейінгі алғашқы жексенбіде жас жұбайлар өздеріне бейіттен орын сатып алатын болған.

Бала тууға байланысты әдет-ғұрыптар. XX ғ. басында қырымшақтар баланы үй жағдайында босандырған. Толғатып жатқан әйелді (*нохси*) босандырушы әйел (*эбанай*) босандырған. Міндетті түрде жас баласы бар босанатын әйелдің құрбысы немесе туысқандарынан бір әйел шақырылған. Ол жаңа туылған нәрестені алғаш емізіп, оның сүт анасы болып танылған (эмчек ана). Сегізінші күні жаңа туылған ұл бала сүндетке отырызылған (*сунэт*), ал қыз балаға ат қою рәсімі өткізілген (*ат қошмах*). Аталған жағдайларға арналған салтанатты мерекелер *сеуда* деп аталған. Осы күні әртүрлі сыйлықтармен қонақтар келген, эмчек ана келушілерді *арле* сусынымен сыйлаған. Бұл әдет-ғұрып *къаве ичмек* деп аталған.

Баланың туған күні жыл сайын тойланбайтын болған, тек балаға сол күні жұмыртқа беріп, «ұзақ жаса, 100 жаса» деп құлағынан тартып атап өтілген. Жұмыртқаның бір бөлігін туылған күні тойланып отырған бала жейтін болған, ал қалған бөлігін басқа балаларға бөліп берген.

Өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптар. Қырымшақтардың жерлеу ғұрпында пұтқа табыну мен иудаизм ғұрыптары сабақтасып кеткен. Қырымшақтар қауымдастығында жерлеу ғұрыптарының негізгі қызметін «Хевра Акодеш» деп аталатын жерлеу бауырластығы атқарды. Ол староста (*хевра габая*) басқаратын 14-20 адамдық топтан тұрды.

«Хевра Акодеш» қауымдастығының өкілдерінің бірі қайтыс болса, оны басқа қарт адам өз ниетімен ауыстыратын болған. «Хевра Акодеш» өкілдері үлкен құрметке ие болған. Олар басқа да ғұрыптар мен мейрамдарды өткізу кезінде міндетті қонақ болды, олар үшін дастарханға дәстүрлі тәтті тағамдар қойылып, хевраға сыйлық беру дәстүрі болған. Хевра міндеті өмір бойы орындалған. «Хевра Акодеште» ер адамдар мен әйелдер қызметтерінің айырмашылықтары мынадай болған: әйелдер бейіт басына және жерлеуге қатыспаған және бұл кезде моладан алыс жерде болған. Олардың міндеттері қайтыс болған әйелді жуындрып және оған жерлеу киімін тіккен.

Қырымшақтардың өлімге және жерлеу рәсімдеріне байланысты маңызды ғұрыптарының ішіндегі ең негізгісі жасы жеткен

адамның жерлеу киімдерін адамның көзі тірі кезінде тігу болған. Бұл ғұрып «Хевра Акодеш» мүшелері үшін тәтті тағамдар қойылған дастархан жайылып, оларға сыйлықтар берумен аяқталған.

Қырымшақтар қоғамында біреу қайтыс болса, бірінші болып «Хевра Габай» және «Хевра Акодеш» бауырластығының мүшелері келген. Олар қайтыс болған адамның үйіне жерлеу ғұрпына арналған құралдарды алып келген. Ондай құралдарға марқұмды жуындыруға арналған, саздан жасалған 2-3 литр су сыятын құмыра (оны арнайы сатып алған), *мита* мәйітті жуындыру кезінде жатқызға арналған жұқа темірмен қапталған жалпақ тақта, кенеп шатыр жатқан. Осы құралдардың бәрі қырымшақтардың ғибадатханасының арнайы бөлмесінде сақталған. Егер марқұмға кебін уақытында дайындалмаса, онда «Хевра акодеш» әйелдері кебінді пішіп тігуге кірісті, ал ер адамдары марқұмды жуындыруға дайындады.

Ауланың орталығына терең емес етіп (0,3-0,4 м дейін) шұңқыр қазылып, оның үстіне шатыр қойылған. Шұңқырдың үстіне жалпақ тақта орналастырып, оған қайтыс болған адамның денесі қойылған. Өлікті жуындыратын су бөлменің температурасындай болған, бірақ су ешқашан отқа қыздырылмаған. Жуындыру кезінде жуғыш құралдар қолданылмаған, денені сүртпей кептіретін болған. Су шұңқырға жалпақ тақта арқылы құйылған. Жуындырып болған соң, марқұмның бас жағына, денесіне су құйған саздан жасалған құмыраны сындырған, сынықтарын шұңқырға тастаған. Содан кейін шұңқырды жауып тастайтын.

Ер адам мен әйелдердің жерлеу киімдері бірдей болған. Бұл киімдер қазіргі кішкентай балалардың шалбарына ұқсас, аяқ шығып тұратын тесігі жоқ шалбардан, жеңі жоқ көйлектен, екі жанында байлайтын бауы бар және өлген адамның мойнын толықтай жауып тұратын бас киімнен тұрған. Бұдан басқа онша үлкен емес жастық (*топрах ястыхы*) тігілген. Кебін тек қолмен жасалған. Жерлеу киімдерін тігетін инені металдан жасамаған. Кейіннен бұл дәстүр ұмыт болған.

Қайтыс болған адамға осы киімдерді кигізіп, екі жағында ұстайтыны бар ағаш жәшікке салып (табут) үйге кіргізген.

Қайтыс болған адамды жуындырып және киіндіріп табытқа салып үйге кіргізген. Өлген адамды табыттан шығарып, бөлменің

ортасына жайылған кілем (*килим*) мен жамылғыға (*чарнеф*) салған. Оны арнайы қара жамылғымен жауып қойған. Жанында өлген адамның туысқандары мен достары отырып, түні бойы жылап жоқтау айтқан. Қайтыс болған адамның жанында жақындарының отыруын *авель атурмах* деп атаған. Дәстүр бойынша адамды қайтыс болған күннің ертеңінде жерлеген. Жұма күні қайтыс болған адамды жексенбі күні жерлеген, себебі иудейлік сенім бойынша адамды сенбі күні жерлеуге болмаған. Жерлеудің алдындағы түні өлген адамды үйінде жылап жоқтайтын болған.

Таңғы дұға ету басталмастан бұрын «Хевра габай» бауырластығының өкілі ғибадатханаға келіп өлім жайлы ребыға хабар берген. Ғибадатхананың кіре берісіне күрек пен керкі қойылған. Дұға етуге келушілер осы заттарды көріп руластарының өлімі жайлы білген. Дұға ету аяқталғаннан кейін ғибадатхана (*кѣаал*) қызметкері *шамаш* жиналғандарға қоғам мүшесінің өлімі жайлы және жерлеу уақытын хабарлаған.

Қайтыс болған адаммен қоштасып болғаннан кейін мәйітті ішіне екі орамал салынған табытқа салған. Өлген адамға туыс емес төрт адам басын алдыға қаратып табытты аулаға алып шыққан. Табытты аулаға қойып қоштасу одан әрі жалғасқан. Сөйтіп «Кадидш» дұғасы оқылған. Содан кейін қоғамдық касса қоғамның қайтыс болған ең кедей мүшелерін жерлеуге қаржы жинау үшін жерлеу рәсіміне жиналғандарды аралап шыққан. Белгіленген уақытта табыт басы алдыға қаратылып ауладан көшеге шығарылған. Бейіт басынан жерлеуге кеткендер оралғанша ауланың есігі ашық тұрған.

Табытты адамның басын солтүстікке қаратып, моланың шетіне қойған. Қайтыс болған адамға дұға оқылды. Содан кейін жақын туыстары қайтыс болған адаммен қоштасып, оның оң қолын сүйе отырып, «Мичва михля» («марқұм, кешір») деген сөздерді айтқан. Осы рәсім соңында екі ағайынды молаға түседі де, тағы екі адам марқұмды табыттан шығарып, марқұмның денесін моланың ішіндегі адамдарға береді. Ал олар марқұмның қолын кеудесіне қойып, басын солтүстікке қаратып, моланың тар шұңқырына жайғастырады. Содан кейін моланың шұңқырында бір хевра қалып, марқұмды шұңқырға көлденеңінен жайғастырып,

аяғынан бас жағына қарай күмбез қойған. Бұл уақытта «Хевра габай» мүшесі жастықты (*топрах ястыхы*) топырақпен толтырды. Ол жастықты (*топрах ястыхь*) моланың шұңқырының ішіндегі хевраға берген, ал ол марқұмның басын көтеріп «мичва михля» деген сөзді айтып, басының астына жастаған. Содан соң хевра «мичва михля» сөзін айта отырып, кебіннің қалпағын көтеріп, марқұмның бетін ашқан. Әдетте марқұмның беті жабық болған (*юзу къзармасын*) («беті қызарып ұят болмас үшін»), бірақ туысқандарына аз уақытқа ашуға рұқсат берілген. Ол бір уыс топырақ алып, оны марқұмның қабағына сеуіп, қалпақты иығына дейін тартып, байлап тастайды. Содан кейін шұңқырдың тар бөлігін жабатын тақтайшалар жайғастырылған. Хевра мола шұңқырынан шыққан соң, марқұмның жақын туысқандары молаға алақандарымен 3 рет топырақ лақтырған. Содан кейін барлық қатысушылар топырақ салған.

Күректер жерге жоғары қаратып қойылған. Моланы көмүшілер күрек жоғары қарап тұрған кезде ғана алуға құқылы болды. Моланың үстіне төбешік үйіліп, бас жағына марқұмның аты жазылған белгі тас қойылған.

Бейіттің ішкі жағына кіре берісінде, тікбұрышты үлкен емес бөлме болған. Ол жерде ұзын үстел қойылған. Жерлеу кезінде үстелге арақ немесе жүзім шарабы, стақандар, пісірілген еске алу жұмыртқалары (*амин ямыр-та*), тұз бен бұрыш салынған сауыттар, *чочэ* бәліші және темекі қойылған. Үстелдің жоғары жағына да өлген адам үшін осындай заттар қойған. Бұл жерде дұғадан кейін марқұмды еске алған.

Бейіттен шыға берісте марқұмның жақын туыстарына ребтар келіп, пышақпен жағаларының шетін тілген.

Жерлеуден кейін марқұмның үйінде тұрмайтын туысқандары, марқұмның үйіне дайын тамақ алып келді. Еске алу асы *бераха* батасынан кейін басталды. Аласа үстелге (*софра*) жүзім арағы құйылған стақан қойылды. Үстелдің айналасына марқұмның туыстары (ер адамдар), «Хевра Ақо-деш» мүшелері және ребтар отырған. Ребтар «Кадиш» дұғасын оқып, арақтан кішкене ұрттап, сол жағындағы адамға берген, ол келесі адамға берген, құмыра ребқа қайта келгенде, бераха аяқталды деп есептеген.

Бақылау сұрақтары:

1. Қырымшақтардың бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Қырымшақтардың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Қырымшақтардың үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Қырымшақтардың өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Қырымшақтардың екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.9. Қарайымдар

Үйленуге байланысты ғұрыптар. Қарайымдарда отбасы құру – маңызды оқиға. Тойдың дайындығына көп уақыт жұмсап, қызықты және ауқымды түрде атап өтеді.

Басқа діни сенімдегі адамдармен отбасы құруға қатаң тыйым салынған, дегенмен XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басына дейін түркі тайпаларымен неке қатынасы жүріп отырған, бұл тек қана қарайымдық діни сенімді қабылдаудан кейін рұқсат етілген.

Олардың дәстүрлері бойынша қыз балаға 11-13 жастан, ұл балаға 16-18 жастан бастап отбасы құруға рұқсат етілген. XIX ғасырдың ортасында бұл көрсеткіштің ең төменгісі қыз балаға 16, ұл балаға 18 жас болған.

Балалары отбасы құру жасына жеткеннен соң ата-анасы некелесу күнін белгілейді. Белгіленген күннің кешінде күйеу баланың үйіне үйленген туыстары, достары және ақсақалдар жиналады. Газзан қысқа дұғасын оқып, күйеу жігіт оған неке белгісін: сақина, білезік және бірнеше шеруен тапсырып, газзан арқылы қалыңдықпен некелесетінін жариялайды.

Осы ғұрыптан кейін күйеу жігіт қалыңдықты некеге дейін көруге болмайды. Күйеу жігітті құттықтап, әндетіп қалыңдықтың үйіне қарай бет алады, ол жақта оны ер адамдар қарсы алған. Қалыңдықтың әкесіне неке белгілерін тапсырған, қонақтарды күтіп, одан кейін қалыңдықтың әкесі куәгерлерге орамал таратқан, осымен некелесу ғұрпы аяқталған.

Некелесуден кейін қалыңдыққа күйеуінің атын атауға тыйым салынған. Келіннің ағайындарының аты күйеуінің атымен сәйкес келетін кездері болады, бұл жағдайда да атын атауға рұқсат етілмеген.

Тойға бір-екі апта бұрын күйеу жігіттің туыстары, достары мен таныстары *хонджа-сыйлық* тапсырған. Бұған тұрмыстық өмірге қажетті заттар кіреді. *Чыракчы* (тойды басқарушы) әншілермен бірге осы сыйлықтарды қалыңдықтың үйіне алып барған. Бұл сыйлықтар қалыңдықтың бұйымына қосылып, оның жасауына қолданылған. Қалыңдықтың анасы *чыракчыға* орамал және ақша берген, ал күйеу жігітке жауап ретінде *хонджа-авазы* сыйлығын тапсырған.

Хонджаны қабылдағаннан кейін екі аптадан соң қалыңдықтың үйінде киім тігу кеші *хонджа кэсмэк* өтті. Әйелдер жиналып, әуендетіп киім тіккен. Киім тігуге жиналғандардың барлығы қатысқан, бірақ жұмысты ең сыйлы қонақ бастаған.

Той басталатын күні күйеу жігіт қалыңдыққа әншілермен бірге, шырын және тәтті қызыл *татлы-ракы* жіберген.

Сол күні күйеу жігіттің жолдастарының арасынан екі куәгер жолдасы (шошбиндер) таңдалып, некелесу барысында күйеу жігіттің жанында жүрген.

Кешке қарай той басталып, бірнеше күнге созылған. Алғашында бұл ғұрыптар күйеуімен қалыңдықтың үйінде бөлек-бөлек өткізілген.

Қарайымдарда қыздардың жиналысы *кызлар гэджэсы* деп аталған. Қалыңдықтың үйінде әртүрлі әшекейлермен безендірілген, барқыттан тігілген сәнді киімдер киген қыздар жиналған. Қыздар әндетіп билеп жатқанда, қалыңдық үстіне қымбат мата жауып, үйдің сыйлы бұрышында отырған. Түннің ортасында бұл жерге *чыракчы* мен некелестіруші ер адамдар әйелдерімен келген. *Чыракчы* басына ыдыс қойып сол жерде билеуге міндетті болған, ал қыздар оған «кедей-кепшікке үлестіру үшін» ақша берген. Некелестіруші еркектердің әйелдері қалыңдыққа күйеу жігіттен жаңа жапқыш (тувух) алып келіп, қалыңдыққа жапқан. Қалыңдық бұл жапқышты некелесудің аяғына дейін жамылып жүретін болған. Қонақтар тамақтанып болған соң, түнде үйлеріне қайтқан.

Келесі күні қалыңдықты жуындыратын күн *кэлин-йувмак* өтетін. Бұл күні қалыңдықтың үйіне әйелдер мен қыздар жиналып оны жуындырады. Осыдан кейін оның шаштары мен тырнақтарын қынамен бояп, шашын ұсақ етіп өрген, бұл күйеуге шыққан қыздың негізгі ерекшелігі болды.

Қыздар жиналысымен осы уақытта күйеу жігіттің үйінде де үйленбеген жігіттер жиналған, бұл жерге үйленген ер адамдар мен қалыңдықтың ағаларына кіруге рұқсат етілмеген. Жастар азанға дейін тойлатып, келесі күні барлығы моншаға барған. Чуфут-Каледа тұратын қарайымдықтар Бахчисарайдағы моншаға барады. Күйеу жігіт қасындағы жолдастарының барлығына жылқы жалдаған. Жылқылардың мойнына орамал таққан, ал осы күннің аяғында сиырға мінген сайқымазақ келген.

Моншадан шыққан соң барлығы атқа отырып, күйеу жігітті ортаға алып қатарға тұрған. Оның екі жанынан куәгерлер (шошбиндер) орналасқан. Осындай қатармен әуендетіп, олар кавалькада Чуфут-Кале бекінісіне қарай әскери жорық ретінде барады. Бахчисарайдың шетінен шыққаннан соң еркектер өзара жарыс ұйымдастырған.

Кеш батқан кезде олар алаулар жағып, қысқа жолдармен жүріп, «жаулармен шайқасуға» дайын екендіктерін ерекше байқатқан. Әншілерді ертіп, айқай-шумен оқ атып, ары-бері шауып жүрген. Бекініске жақындай түскенде кавалькададан бірнеше адамдар алға шығып, қалыңдықтың үйіне барып, күйеу жігіттің келе жатқанын хабарлаған. Үйге бірінші жеткенге жібек орамал, екіншіге қағаз орамал, үшінші келгенге жуасалғыш сыйлаған.

Ал негізгі кавалькада топ бекіністің жанындағы ата-баба мазарына Балта-Тий-мезге кіріп шығады. Мазарға кіріп ата-бабасына бағыштап бата оқып, сыйлықтар таратып, қайта атқа мініп бекіністің негізгі қақпасына жақындағанда арнайы міндеттелген адам қақпаны ашып, күйеу жігітті қарсы алады.

Күйеу жігіттің келуіне дейін қалыңдықты киіндіру аяқталып, некеге байланысты келісімшартты құруға дайындық жүрді.

Кеш батарға бір сағат қалғанда сыйлы қонақтар мен куәгерлер қалыңдықтың үйіне жиналған. Осы қонақтардың алдында не-

ке келісімшарты – шетар жасалады, оның жүйесі мен мазмұны бірнеше ғасырлар бойы өзгеріссіз келеді. Барлық сыйлықтарды жинап, екі бөлімнен тұратын келісімшартты жасауға кіріседі. Қалыңдықтың барлық заттары зергерлік бұйымдарына бағасы жазылып келісім шартқа кіргізіледі. Осы заттар үшін күйеу жігіт қалыңдықтың алдында жауапты болды.

Келісімнің екінші бөлімі шетар-кеттубин келіннің жаңа отбасындағы құқықтары жайлы болады. Бұл бөлімде оның жібек матасы, алтындары, қымбат маталары және әшекейлері туралы айтылады.

Келісім жасалып біткен соң келгендердің барлығын дастарханға шақырады, бірақ күйеу жігіт жолдастарымен өзінің үйіне тойлауға кетеді.

Дәл осы күні түнде күйеу жігітке чыракчы қойдың етінен жасалған бәліш – куваты және тағы басқа тәтті заттар алып келеді. Жолдастары күйеу жігітті неке бөлмесіне алып кіріп, әндетіп киіндіруге кіріседі. Басынан аяғына дейінгі барлық киімі жаңа болуы тиіс. Киіндіру кезінде жолдастары ойын ойнап әзілдескен. Киімнің әрбір бөлігін киіндіргенде ән салып отырған. Киіндіру аяқталғаннан соң бір сәтке тұз, нан қойылған дастархан басына жиналған. Үстелге күміс ыдыс қойылып, оған кедейлерге арналған ақшаны салған. Осыдан кейін чыракчы мен жолдастары күйеу жігітті ертіп, қалыңдықтың үйіне некелесу – қыдыш үшін аттанады.

Күйеу жігіт келгенге дейін қалыңдық сәнді киініп, үстіне арнайы жапқыш жауып, туыстары мен анасының қасында отырады. Келесі бөлмеде күйеу жігітті газзан, ақсақалдар, қалыңдықтың әкесі және туыстары күтіп отырған.

Некелесудің алдында қалыңдықтың ағасы келісімшартты қайтадан оқиды. Оған күйеу жігіт және 12 куәгер қол қояды. Сосын оны орап, арасына алтын немесе күміс тиын салып сақтайды, оны тек қана ажырасу кезінде немесе екеуінің біреуі қайтыс болған жағдайда ашқан. Келісімшарты себепсіз ашу бақытсыздыққа алып келеді деп есептеген. Шетарды сақтауды қалыңдыққа тапсырған.

Некелесу кезінде күйеу жігіт пен қалыңдық ақ матаның немесе терінің үстіне тұрған, бұл бақыт, қуаныш және денсаулық-

ты бейнелеген. Жастарға тиын, шекер, бидай шашқан. Газзан жастардың құрметіне бата оқиды. Осыдан кейін некелесу аяқталып, күйеу жігіт жолдастарымен үйіне жаяу қайтады.

Қалыңдықты ағасы көтеріп арнайы арбаға салып, күйеу жігіттің үйіне алып келеді. Жеткеннен кейін қайтадан көтеріп неке бөлмесіне алып барады, ол жерде қалыңдық болашақ күйеуін күтіп отырады. Қалыңдық күйеу жігіттен бұрын үйге келуі міндетті, күйеу жігіт жақындағанда қонақтарға шарап таратады.

Жастарды неке бөлмесіне кіргізіп жалғыз қалдырады. Олар осы бөлмедегі неке орнында – кэртэкте отырып алғаш рет бір-бірімен сөйлеседі. Күйеу жігіттің сұранысы бойынша қалыңдық алғаш рет бетін ашып, жарының қолын сүйеді. Осы кезде күйеу жігіт оған "кюрюм-бакшыши" алқасын тағады. Осыдан кейін ғана олар отбасылық міндеттеріне кіріседі.

Келесі күні азанда олардың төсеніштерін тексереді, оны кэртэк алды деп атаған. Сол күні жақын жолдастары мен туыстарына дастархан жаяды.

Бала туу. Баланың тууы бүкіл қауым үшін қуанышты және маңызды оқиға болған. Нәресте күтіп отырған әйелге храмға баруға рұқсат етілмеген, сондықтан бұл жайлы алдын ала бәрі білетін болды. Болашақ анаға туыстары мен көршілері қамқорлық жасап, қадағалап, тұрмысына және балаға қажетті заттарды дайындауға көмегін тигізді.

Әйелді үйдің әйелдер бөлігінде босандырған. Туу кезінде көпбалалы, тәжірибелі ананы шақырған. Осы көмекшілер бала туылғаннан кейін жас анаға көмектесіп, балаға қарауды үйреткен. Ұрпақты жалғастырушы ұл баланың алғашқы дүниеге келуі ерекше қуанышпен тойланатын болған.

Жаңа туылған нәрестеге арналған бесік – бешик ағашпен жасалған, тіпті оның бөлшектерін қосуға қажетті шегелерде ағаштан дайындалған. Темірден жасалған шегелер қабір жасауда қолданылып, бесік жасауда мүлдем пайдаланылмаған. Бала өліп қалуы мүмкін деген түсінікпен бос бесікті тербетуге тыйым салынған.

Баланың анасы нәрестенің кіндігі мен алғашқы шашын кесіп алып кішкене теріден немесе басқа материалдан жасалған

дорбашаға салып өз жанында сақтайды, бұл баланы жаман нәрселерден қорғайды деп сенген. XIX ғасырдың соңында нәрестенің шашын медальон ішіне салып тағып жүрген.

Анасына және жаңа туылған нәрестеге деген қамқорлық оның алғашқы айында ерекше байқалады. Қонақтан, ұзақ сапардан, бөгде біреумен араласудан бас тартқан. Бұл тәртіп нәресте үшін 40 күнге, жас ана үшін 60 күнге созылған.

Жаңа туылған нәрестесі бар үйге құр қол келуге болмайды, бұл жағдайда сыйлықтың бағасы маңызды емес.

Егер ұл бала туылса, туылғанынан сегіз күн өткен соң сүндетке отырғызады. Нәресте ауырып қалған жағдайда оның толық жазылғанына дейін күтеді.

Сүндетке отырғызу ғұрпы діни сенімнің қабылдануын білдірген. Бұл ғұрыпты дәстүрлі тәртіпке байланысты өткізген. Ғұрыптын өзі және оған байланысты іс-шаралардың бәрі ата-анасының үйінде жасалады. Бұл мерекеге туыстары, достары және көршілері, газзан, қауымның ақсақалдары қатысады. Ғұрыпты, негізінен, газзан немесе арнайы кестірумен айналысатын адам өткізеді.

Бұл мерекеде де үйлену тойы секілді дастархан жайылады. Ал сүндетке отырғызу ғұрпы көрші бөлмеде өткізіледі.

Нәрестенің әкесі шақырған қонақтар осы уақытта дастарханға отыра бастайды. Газзан ең сыйлы орынға жайғасып, бата оқып, балаға ат қояды, сосын барлығы қосылып әкесін құттықтайды.

Қыз бала туса, екі аптадан соң тойлаған, негізінен, сенбі күндері. Бұл кезде де ұл туған уақыттағыдай тойланады. Дастарханға алғаш болып газзан бастаған ер адамдар отырады. Батадан кейін газзан қызға ат қойып, тамақтану басталады. Әйелдер дастарханға ер адамдардан кейін отырады. Мереке екі-үш сағатқа созылады, оған жас қыздар да қатыса алады.

Өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптары. Қарайым қауымының бір мүшесі қайтыс болған жағдайда достарының біреуі немесе арнайы дайындалған адам бүкіл отбасын аралап, қайғылы жаңалықты жеткізген. Қайтыс болған адамның бөлмесіндегі азық-түліктерді төгіп тастайды.

Қайтыс болған адамды аз уақыт ішінде жерлеген, бірақ сенбі күні жерлеуге рұқсат етілмеген. Адамның қайтыс болғаны белгілі болған соң, оның денесін матамен жауып, келесі күні ағаш қабір алып келген. Қайтыс болған адам жатқан төсек жуылып, тазаланған, егер ол қатерлі аурумен ауырса, төсекті өртеп жіберген.

Туыстарының қайтыс болған адамның денесіне қол тигізуіне тыйым салынғандықтан, жерлеуге қатысты барлық ғұрыптармен арнайы адамдар «қабарлар» айналысқан. Негізінен, жерлеуге екі ер немесе әйел адам көмектескен. Белгілі рулардың ғана «қабар» бола алған, дегенмен ХХ ғасырдың басында ондай қызметке жай кедей қарайымдар жалданған.

Қайтыс болған адамды моланың күзетшісі алып келген тақтайға қойып жуындырады. Тақтайдың беті темірден қапталып, шеткі жақтары шығынқы (6-8 см) және су ағатын тесігі болады. Жуындырып болғаннан соң ақ киіммен киіндіреді, болмаса ақ матаға орайды. Ер адамдарға кальсон, ұзын жейде, байпақ, шапан, бас және аяқ киім, ал әйелдерге көйлек, панталон, жейде, аяқ киім кигізеді. Табыттың (табут) ішіне жұмсақ заттарды (саман, кендір және т.б.) салып, оның үстіне мата жауып, содан кейін денені салған. Қолы денесімен қатарлас орналасады. Басына кішкене жастық қойылады. Денесі түгелімен барқыт матамен, ал басын қысқа орамалмен жапқан. Қайтыс болған адамның жанына зергерлік бұйым қоюға рұқсат етілмеген. Жабылған табыттың бетіне кара мата тастаған.

Денені үйден алып шығар кезде туыстары мен достары табыттың бетіне матаның бөлшегін (барқыт, жібек және т.б.) әрқайсысы жағдайына байланысты қойған. Бұл маталарды туыстары жеті күн өткеннен соң діни адамдарға немесе кедейлерге таратады. Осыдан кейін газзан мұңлы жоқтау әндерін (кыйна) айтып, арнайы дұғаны (зехер) оқиды.

Дұға оқылғаннан соң табытты үйден шығарып молаға алып барады. Адамның мәртебесіне байланысты арақашықтықта табытты алып жүріп, катафалкіге қояды. Кейбіреулерді моланың алыстығына қарамастан соған дейін алып барған.

Молаға барған соң газзан тағы да жоқтау дұғасы мен әндерін айтады. Қабір шұңқырын солтүстіктен оңтүстікке қарай жасаған, табыттың аяқ жағын оңтүстікке қаратады. Жерлеуге қатысушылардың барлығы табытқа топырақ тастайды. Жерлеу кезінде күректі қолма қол емес, жерге қадап беріп отырған. Жақын туыстары табытқа жоламай, жерлеуге араласпайды.

Жерлеу кезінде барлығы бас киімде болған. Жерлеу барысында қатты дауыспен сөйлемеген, өзге тақырыптарды қозғамаған. Жерлеу орындарын сәндеуден кейін газзан тағы да дұға оқып, қатысушылардың барлығы қайтыс болған адамның үйіне барады.

Дастарханға қара қайғылы халваны – кара алвасы (оны кейде олом деп те атайды) және авель алвасы, қайнатылған жұмыртқа, сырдан жасалған бәліш-каш-кавалом, арақтар қойылады. Қара халваға бұрыш салып қойылады. Қайтыс болған адам қаншама жас болса, сонша бұрышты көп салған.

Әйелдер мен ер адамдар бөлмеде бөлектеніп отырады, бірақ қонақтар дастарханға отырмайды. Жоқтау дастарханы арақ тараудан басталады.

Қонақтар қайтып, тек жақын туыстары мен газзан қалады. Еденге қара киіз немесе тері төселеді. Оның ортасына шарап пен нан ұстаған газзан отырады. Жан-жағынан күн қозғалысы бойынша туыстары орналасады.

Ғұрыпқа алыс туыстары мен жақын достары да қатыса алады, бірақ қара киіздің үстіне тұруға рұқсат етілмеген.

Газзан шарап пен нанға дұға оқып, жақын туыстарына береді. Олар шараптан ішіп, наннан жеп көршісіне беріп отырады. Ең соңғы қалған адам шараптың барлығын ішеді. Осымен ғұрып аяқталып, қатысушылардың барлығы апта бойы қайғылы көңіл күймен жүреді.

Бұл аптаның күндерінде ет тағамдарын пайдаланбаған. Соңғы жетінші күні туыстары мазарына барады. Одан келгеннен кейін газзан төсенішке байланысты ғұрыпты қайта өткізеді, бұл қайғыдан шығуды білдірген (ай-актан чикмак).

Жақын туыстары жиналып, бәрі қайтыс болған адамның үйіне келеді. Үйде еттен тамақ жасайды. Газзан ұзақ дұға оқып

кешкі дастарханға жиналады. Тамақ жасауда көбінесе қой етін пайдаланады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қарайым халқының бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Қарайым халқының бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Қарайым халқының үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Қарайым халқының өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Қарайым халқының екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.10. Сібір татарлары

Үйленуге байланысты әдет-ғұрыптар. Ертеректе Сібір татарларында некеге тұрудың құда түсу, қалыңдықтың еркімен жігітпен бірге қашып кету, қалыңдықты күштеп алып қашу сияқты түрлері болған. Үйленудің негізгі құдаласу (кыс сурату), келісім, кеңес (кин гаш), той (туй), жігіттің ата-анасына сәлем беру (салом), жастарды күйеу жігіттің үйіне көшіру (куч), жаңа үйленген жастардың ата-анасының үйіне келуі (турген) сияқты кезеңдері болды.

Көбінесе қалыңдықты ұлына ата-анасы өз туыстары арасынан әлеуметтік жағдайларына байланысты іздеген. Кейбір жағдайда туысқан арасындағы некеге тыйым салынған, бұл жағдайда үшінші ұрпақтан бастап рұқсат етілген. Құдаласу салты нағыз мереке болып есептелген, қалыңдықты алу үшін қыздың үйіне жігіттің ата-анасымен бірге жігіттің барлық туыстары барған, кейде күйеу жігітті де ертетін, өздерімен бірге тәттілер алып баратын. Қалыңдықтың ата-анасы рұқсат бергеннен кейін, құдалар қалың мал (гашур) туралы ақылдасқан. Қалың мал құны 30-150 рубльді құраған, кей жағдайда 500 рубльге дейін болса, бай татарлар арасында 1000 рубль болған. Қалың малдың жартысы ақшамен, қалғаны астықпен төленген. Мәселен, 1-2 пұт ұн, жарты пұт бал, май және жылқы еті берілген. Қалыңдықтың жасауы төсек

жабдықтары, үй тұрмысына қажетті заттар, ыдыстар мен киімдері сияқты үш бөліктен тұрған.

Той басталарда күйеу жігіт пен оның ата-анасы, туған-туыстары, жолдастары қалыңдықтың ауылына шанамен шыққан (көбінесе үйлену тойын күздің аяғында немесе қыста жасаған), аттарын ленталармен, гүлдермен безендірген. Туған-туыстары, жолдастары және күйеу жігіт жарты жолды салт атпен жүріп өткен. Келе жатқандарды ауыл шетінде сол жердің жастары күтіп алып, жол ақысына кәде сұраған. Қалыңдықтың үйіне жетер кезде мылтық атылған. Кейбір қыстақтарда той күні жақындаған уақытта қалыңдық қызойнақ өткізген.

Қонақтарды судан, шекер мен балдан жасалған сусын шербетпен сыйлаған. Қазіргі кезде дастархан басында татар және орыс халықтарының әндері айтылады.

Әдетте қалыңдық пен күйеу жігіт некелесу салтанатында, яғни *никахеде* болмаған. Олардың орнында әкелері балалары үшін келісім беріп, некелестірген. Кешке қарай той басталған. Әйел мен ер адамдар бөлек бөлмелерде отырған немесе бір бөлмеде әртүрлі дастарханда отырған. Тойда чекчек тағамы беріледі, оны қалыңдықтың үйінде күйеу жігіт туыстарына, ал жігіт үйінде, керісінше қалыңдықтың туыстарына ұсынылатын. Бұл тағамды берер кезде жастарға ақшалай сыйлық жасаған. Тойда әртүрлі ән шырқалып, би билеп, той қызықты өткізілген, ал ертеректе ат жарыстарын өткізген. Кей жағдайларда күйеу жігіт туыстары қалыңдықтың пәктігін тексеретін болған.

Жастарды жігіттің ата-анасының шаңырағына жіберген кезде, қалыңдық құрбылары арнайы жыр айтқан. Жігіттің үйіне кірер кезде, жас жұбайлардың алдына кілем төселіп, оларға қасықпен бал және майдан дәм татқызған. Оларға тәттілер, жаңғақтар, астықты шашу ретінде шашып, кейде ақша да шашады. Қалыңдықтың жасауын жігіт туыстары көріп болған соң, той одан әрі жалғасады.

Түнде жастарды алғашқы неке түніне арналған бөлмеге апарған. Оған кіре берісте күйеу жігіттен есіктің тұтқасы үшін, яғни бөлмеге кіру үшін ақы сұралды.

XIX ғасырда қалыңдықтың күйеу жігіттің белбеуін шешуі деген салт тараған болатын. Алайда XX ғасырда ол салт жоғала бастады. Алғашқы неке түнінен кейін күйеу жігіт төсектің астына қалыңдыққа арнап сыйлық қою керек болатын.

Некелесу салтының басқа бір түрі – қыздың ата-анасының келісімінсіз өз сүйгенімен бірге қашып кетуі. Бұл тек ата-анасы келісім бермеген жағдайда болған. Одан кейін ата-анасы келісім беруге мәжбүр болады. Бұндай жағдайда қалыңмал төленбейді, бірақ қалыңдықтың жасауын туыстары жасап береді, той жігіт үйінде өткізіледі.

Жиі кездесетін тағы бір жағдай – ол қалыңдықты ұрлап кету, оның әртүрлі себебі болады. Мәселен, қалыңмал төлеуге жағдайы жетпегенде күшпен алып кетеді.

Бала туу. Сібір татарлары арасындағы баланың дүниеге келуі жеке отбасы, бүкіл ру, сонымен қатар тұтас қоғам үшін өте маңызды оқиғалардың бірі болып саналады. Татар ауылдарында көпбалалы отбасыларға ерекше құрметпен қарады. Ф.Т. Валеев Түмен облысының Тобыл ауданынан «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» деген мақалды жазып алған, бұл мақалдың мағынасы баланың отбасы мен қоғамдағы орнының ерекше екендігін айқындайды.

Жас әрі бедеу әйелдер көбінесе өсек-аянның нағыз нысанына айналған. Мұндай әйелдер «қорық» деп аталды (құрғақ, қуыс кеуде). Оның үстіне бала болмаса, әрқашан оған әйел кінәлі деп есептеген. Бұл жағдайда ер адам басқа әйел алуға құқылы болды, отбасында бедеу әйелдің орны төмен дәрежеде болған. «Егер әйелі бала көтере алмаса, 2-3 әйел алған жағдайлар да кездескен. Егер әйелі өлсе, балаларға дұрыс тәрбиелеуге көмектеседі деген ниетпен әйелінің кіші сіңілісін алған» (Түмен облысы Второвагай ауылы).

Жүкті әйелдерге қатысты Тобыл-Ертіс татарлары арасында *пуйнлы, аур аяклы, корсаклы* терминдері қолданылады. Әйел өзінің жүктілігі туралы күйеуіне, апа-сіңлілеріне және жақын адамдарына айта алатын болған. Жүктіліктің негізгі белгілері әдетте әйелде тамаққа деген жерік белгілерінің пайда болуынан басталады. Мөлшермен 1,5 айдан кейін әйел өзінің жүкті болғанын сезінген. Жүктіліктің жанама белгілеріне кейбір әйелдердің бетінде дақтардың

пайда болуын және сыртқы келбетінің өзгеруін жатқызуға болады. «Батылырақ әйелдер күйеулеріне дереу арада жүктілігі туралы хабарлаған, ал ұяң әйелдер жүктілігі толық анықталмағанынша айтпаған» (Омбы облысы Чеплярово ауылы).

Босанғанға дейінгі кезеңде әйел көптеген сақтық шараларын ұстануы керек. Жүкті әйелдерге жалғыз моншаға баруға тыйым салынған (босанғаннан кейін бірден баруға тыйым салынған). Сары ұзын шашты және үлкен кеуделі әйел кейпіндегі албасты деп аталатын зұлым рух жүкті әйелге зиянын тигізеді деген түсінік қалыптасқан. Албасты әйелдің жатырын, ішкі ағзаларын суырып алады, нәтижесінде әйел және ұрық өліп қалуы мүмкін.

Татарлардың нанымына сәйкес албасты бейнесі ацыс, ацыс-корткаяк ретінде түсіндіріледі, сәбиге және жүкті әйелге зиян келтіреді деп есептелген. Ацыс сипаттамасы албасты сипаттамасына ұқсас: ацыс короткаяк, сондай-ақ сары шашты және үлкен кеуделі қарт әйел кейпінде көрінеді.

Жүкті әйелге адам қайтыс болған үйге кіруіне және марқұмды шығарып салуға қатысуына қатаң тыйым салынған. Қонақтарды шығарып салуға болмайды, өйткені босану сәті қиынға соғуы немесе кешігуі мүмкін деп есептелді. Қайтыс болған адам жатқан үйге кірген жүкті әйелдің киіміне инені түйреп қоятын болған (Омбы облысы Чеплярово ауылы). Жүктілік кезінде тоқуға, кесте тігуге, іс тігуге болмайды, әйтпесе баланың кіндігі оратылып қалады деп есептеледі.

Егер жүкті әйел бір нәрсеге жерік болса, ол туралы күйеуіне немесе жақын туыстарына міндетті түрде айтуы керек. Йорак, йорак аш (йорак – жүрек және аш – тамақ) жүкті әйелдің жерік асы солай аталған. Егер жүкті әйелге қалаған тамағын алып бермесе, бала кеміс болып туылады деген түсінік қалыптасқан. Бала туғанға дейін оған қажетті заттарды дайындауға қатаң тыйым салынады. Сібір татарлары арасында «тумаганка тус пешек» деген мәтел тараған («туылмағанға – тоздан жасалған бесік»), оның мағынасы баланың өлі туылуы мүмкін деген түсінікті білдіреді. Сол себепті кішкентай сәби туылғаннан кейін ғана оған қажетті заттарды дайындаған. Алғаш рет туылған сәбиді ескі көйлектер мен шалбарға ораған.

Татар ауылында баланың дүниеге келуінде маңызды роль атқаратын «ақ қол ана» әрдайым үлкен құрметке ие болды. Әдетте ақ қол ананың өзінің балалары болған және сәбилерге күтім жасау тәжірибесі бар егде әйел болуы шарт. Баланың туылуына көмектесетін, оны адам қатарына қосатын, кіші қорғансыз сәбилерді зұлым рухтардан қорғауға көмектесетін әйел тазалық, моральдық қасиеттердің символы болуы керек. Сонымен қатар ақ қол ана жеке қасиеттерімен де ерекшеленуі керек.

Г.И. Зиннатуллина Тобыл-Ертіс татарлары арасында: иналек (ина – ана), кентек ина (кентек – кіндік және ина – ана), картна (әже), аби/абей, колак ина (колак – құлак және ина – ана), палапакцы (пала – бала және пакцы – көне түркі тілінен бағу деген мағынанаы білдіреді) сөздер кездесетінін айтады. Сонымен қатар Сібір татары тілінде осы санатты білдіретін басқа терминдер бар: кентекце, кентекце ина, мамай, эбилек, иналек кортакяк, пешек ина, апай корткаяк. Ф.С. Баязитова Түмен және Тобыл диалектілерінде «ақ қол ананы» «мамай» деп аталатындығын мәлімдейді. Сондай-ақ ол «ақ қол ананы» «мамай» деп атау Астрахань татарларының диалектісінде де белсенді қолданылғанын байқайды. Р.К. Оразманова ақ қол ананы Еділ татарларында «Инак Мамай» терминімен атайтындығын алға тартады.

Ақ қол аналарды көп жағдайда әйелдің толғағы басталар кезде шақырды. Босанғалы жатқан әйелдің үйіне кірісімен ақ қол аналар киімдермен үркітіп, дұға оқып, үйді зұлым рухтардан аластайды. «Иналектің» аяғы жеңіл (аягы егель) болса, босану сәтті болады деп пайымдалған.

Босану кезінде ер адамдарды үйге кіргізбеген. Босандыру кезінде «ақ қол анаға» үлкен ағасының әйелі «енка» көмектескен. Ол босанғалы жатқан ананың артқы жағына отырып, оған қолдау көрсеткен және әйелдің ішін сипалап, босану сәтті өтуі үшін арнайы дұғалар оқыған.

Өлік жонелтуге байланысты салт-дәстүрлер. XVI–XVIII ғасырда Қазан татарлары келмей тұрып, жергілікті түркілер қайтыс болған адамды қабықты құндақтар мен қашалған құдықтарда жерлеген. Сібір татарларының арғы ата-бабаларында топырақ үйінділерінен басқа қорғандар сияқты жерлеу орындары да

болған. Сонымен қатар әртүрлі жерлерде Барабин және Том татарлары қайтыс болған адамды өзгеше сағаналарға, яғни бөренелі шатырлы кесінділерге жерлеген. Қалмақтар олардың ата-бабалары қайтыс болған адамды жерді қазбай жердің бетіне немесе табиғи шұңқырда жерлеген деп айтқан.

XIX ғасырда Сібір татарлары жерлеу орындарын қыстақтарына жақын маңайдан белгілеген. Мұсылман татарлардың зираттарының ерекшелігі көрдің бүйірінде қуысы болған (*лякад*), сол жерге мәйітті жатқызған. Мәйіттің үстіне тақтайдан, кішігірім бөренеден, сырғауылдан жасалған қалқан жасап, оның бір жағын көрдің түбіндегі жерге кіргізіп, екінші жағын қарама-қарсы беттің жоғары жағына кіргізіп қойған. Барабин, тар, том татарларында төрт бағаналы төбелі төсемен, тіпті жайпақ шатырлы толық кесінділерде болған.

Жуылған мүрдені киімсіз матаға орап немесе арнайы тігілген киіммен жерлеген. Марқұмға ақ шалбар кигізіп, басын орамалмен ораған. Ал Том және Тобыл, Ертіс татарлары жәй матамен, барабин татарлары қалпақ кигізіп жерлеген. Оның сыртынан ақ матамен (*саван кэфэн*) ер адамды үш рет, ал әйел адамды бес рет ораған. Бұрын Сібір татарлары өлген адамның басын батыс немесе оңтүстік батысқа қаратып жерлеген. Кей жерлерде шығысқа, солтүстікке қаратып жерлеу де кездеседі. Зерттеушілердің айтуы бойынша, барабин татарларында отырғызып жерлеу де кездескен. Ол туралы XIX ғ. жататын деректер кездеседі. Бұл жерлеу салты зуштиндіктерге де таныс болды. Басын оңтүстікке қаратып, жанына тамақ және әшекейлері мен қару-жарақтарын қоса жерлеген. Жерлеуден соң марқұм туыстары адамдарға ақша «хайр» немесе *киәмән* таратқан. Моланың үстіне қайың және басқа да ағаш түрлерін отырғызған. Еске алу ғұрыптарын татарлар үшінші, жетінші, қырқыншы, жүзінші күндері және бір жылдан соң өткізген. Том татарларының кейбір деревняларында 14, 52 және жарты жылдан кейін еске алу ғұрыптары орындалған. XIX–XX ғ. басына дейін олардың жерлеу ғұрыптарында ислам ережелеріне жатпайтын салттар орындалған. Мәселен, еске алу кезінде ішімдік ішіп, құрбандыққа әтеш сойған, ас беру кездерінде марқұмның бейітіне барып, ішімдік ішкен. Барабин татарлары жерлеу-

ден кейін бірден мола басында қой немесе бұқаны құрбандыққа шалған. Еске алу салты бірнеше күнге созылған.

Бақылау сұрақтары:

1. Сібір татарларының бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Сібір татарларының бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Сібір татарларының үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Сібір татарларының өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Сібір татарларының екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.11. Башқұрттар

Үйлену тойы. Балаларының үйленуі туралы мәселені әрқашанда ата-аналары шешетін болды. Башқұрттарда XIX ғ. аяғы мен XX ғасырларда үйленетін жастар бір-бірін мүлдем танымайтын болған, олардың ата-аналары олар үшін тойдың және қалың малдың мәселелерін өздері шешетін болған. Башқұрттарда үйлену тойы бірнеше кезеңдерден тұрды: неке және оның талаптары жайлы ақылдасу (келінді тандау, құдалық), негізгі той, шығарып салу некесі, тойдан кейінгі неке.

Ең алғашында әкесі ұлынан үйлену туралы келісім алады, кейін бәйбішесі екеуі отырып келін тандайды. Бірақ ең соңғы шешімді әрдайым әкесі айтатын болған. Әйелі мен ұлынан келісім алғасын, әкесі болашақ құдасының үйіне аттанады. Қыздың әкесі келісім берген күннен бастап, қалыңмал жайлы ақылдасады.

Башқұрттардың түсінігінде қалыңмал мен қыздың жасауына байланысты мәселелерге қатал қарайды. Олар қалыңмалға қызға төленетін ақы ретінде қарайды. XIX–XX ғасырларда қалың малдың құрамы таулық және махр деп бөлінді.

Таулық, негізінен, малдан тұрған, оны жігіттің әке-шешесі қыздың үйіне тойды өткізу үшін берді. Таулықтың көлемі отбасыларының жағдайын және тойға келетін адамдардың санына байланысты берілетін болды. Таулықтың құрамына со-

нымен қатар бал, май, ұн, дәмді-тәттілер және басқа да тағам түрлері кірді. Таулықтың көлемі жайында құдалық кезінде шешілетін болған.

Махр – алдын ала белгіленіп қойылған ақша. Оны күйеуі ажырасқан немесе өлген жағдайда, әйелінің болашақ жағдайын жасау үшін берілетін ақша. Жинаған ақшаның бір бөлігін жігіт үйлену тойына жұмсайды. Жастардың некесін кесіп жатқан молда міндетті түрде махрдың мөлшерін сұрайтын болған.

Башқұрттар үйлену тойын міндетті түрде шарихат (шарифат) заңы бойынша заңдастырды. Некелесуге қыздың үйіне тек жігіттің әке-шешесі ғана келеді, ал жігіт қатыспайды. Қыздың әке-шешесі дастархан (ет, шай, тәттілер) дайындап, некені қидыру үшін молданы және бір-екі қадірлі адамдарды куәгерлік ету үшін шақырды. Оған қыздың үлкен ағасы, жездесі, тұрмыстағы үлкен әпкесі қатыса алды. Ал жігіттің әке-шешесі өздерімен қонағасын (ет, қымыз, шай, печенье) ала келді. Молда махрдың мөлшерін сұрап, содан кейін жастардың некесін қиды.

XVIII–XIX ғасырларда башқұрттарда патриархалды отбасы болды. Олардың құрамына бірнеше отбасы мен олардың балалары кірді. Отбасының үлкені болып әкесі саналды. Жас жұбайлар әрдайым үлкендердің айтқандарына көнетін болған. Отбасындағы әйелдердің жағдайлары әртүрлі болды. Отбасындағы үлкен әйелді (бәйбішені) аса қадірлеп, отбасындағы ер адамнан кейінгі орында бәйбіше болды. Ол отбасының барлық мәселелеріне араласып, үй шаруашылығын да басқарып отырды. Үйге келін түскеннен бастап енесі үй шаруашылығынан толығымен босатылды. Жас келіннің міндеттеріне тамақ әзірлеу, үйді жинау, мал бағу, сиыр сауу, тоқыма тоқу кірді. Кейбір аймақтарда жас келін бетін матамен жауып, оны енесі мен басқа да үлкен ер адамдарға көрсетпеді.

Бала туу. Башқұрт халқында аяғы ауыр әйелді әрдайым қадірлеп, оған ерекше күтім жасайтын болды. Аяғы ауыр әйелге ұсқыны жаман заттарға қарауға, жануарларды ренжітуге, сонымен қатар жерлеу рәсімдеріне қатысуға тыйым салынды.

Әйел толғатқанда қасына жасы үлкен әйелді шақырды және ол туылған баланың екінші анасы болып саналды. Халық тү-

сінігінде баланың екінші анасы нәрестенің тілін түсінетін және бала мен аруақтар дүниесін жалғастырушы болып саналды. Ол толғатып жатқан әйелдің қасына келіп, оны шашынан сипап, қолындағы таяғымен жерді үш рет ұрды. Оның ойынша, осылай ол зұлым күштерді қуып жатырмын деп сенген. Екінші ана жаңа туылған баланың үйіне әрдайым оң аяғымен, «қапты босатуға келдім, қапты босатып жатырмын» деп сөйлеп кіретін болған.

Әйел толғатып жатқан кезде үйге тек күйеуі ғана кіре алды. Жаңа туылған бала жыламаған жағдайда, екінші анасы табақтарды бір-біріне соғып, темірлерді тарсылдатып және әкесінің атын қайта-қайта атайтын болған. Нәресте үшін алғашқы қырық күн қауіпті болып есептелді. Халық түсінігі бойынша, дәл осы қырық күнде баланың ең қызықты күндері, осы кезде зұлым күштер келіп оған жамандық жасауы мүмкін деп сенген. 40 күн өткеннен кейін анасы ауылдағы әйелдерді шайға шақырды. Кейбір аймақтарда қыз бала қырқынан шыққан күннен бастап, оның жасауын дайындайды.

Баланы бірінші күннен бастап бесікке салады, сол күні әкешесі бесік той жасап, барлық туыстарын қонаққа шақырады. Алғашқы күндері мен айларда бала ауыра беретін болса, оны «шайтандар ауыстырып алды» деп есептеген. Осыған орай баланы қорғау мақсатында, бесіктің басына сақина, ине, найза ұштары, қасиетті жерлерден әкелінген тастар, матаға ораған баланың шашы, мата немесе былғары оралған Құран үзінділері, қасқыр, аю, қоян, борсықтың тістері мен тырнақтарын іліп қояды.

Үшінші не жетінші күні баланың тууына байланысты қонақтар шақырылады. Оған тек әйелдер балаларымен келеді. Олар өздерімен май, қаймақ, тәттілер және т.б. тағам түрлерін ала келеді.

Бала туғаннан кейінгі өткізілетін тағы да бір ғұрып – нәрестеге ат беру. Балаға ат үшінші, алтыншы не қыркы өткеннен кейін ғана беріледі. Егер бала жиі жылай беретін болса, олардың ойынша, бала өзіне есім сұрап жатыр деп есептеген. Балаға ат беру барлық өңірлерде бірдей өтті. Тойға молда, туыстары және көршілері шақырылды. Нәрестені басын міндетті түрде құбыла жаққа қаратып, бесікке жатқызып, молданың алдына қояды. Молда дұға оқиды, содан кейін азан шақырып, балаға берілетін

атты баланың құлағына үш реттен бірінші оң құлағына, содан кейін сол құлағына қайталап айтады. Осы кезде баланың анасы екінші шешесіне сыйлық береді, көбінесе көйлек, орамал және ақшалай беретін болды.

Бала тууға байланысты ғұрыптарға сүндет тойы кіреді. Сүндет тойды өткізу баланың әкесінің міндеті болып есептелді. Сүндетке отырғызатын адамды *бабай* деп атады, олар ауылдан ауылға қонақ болып жүре беретін болды. Баланы сүндетке 5-6 жастан 10 жасқа дейін отырғызды. Бұл күні де молда шақырылып, ол дұға оқиды, содан кейін баланы сүндетке отырғызады және қатысушыларға ақша, тамақ береді.

Өлік жөнелту. Жерлеу ғұрпы төрт кезеңнен тұрады: мәйітті күзету, мәйітті жерлеуге дайындық, жерлеу және еске алу. Адам қайтыс болғаннан кейін үйге молданы шақырып құран оқытады. Құранды молда бар дауысымен оқитын болды, себебі құранды қатты оқыған жағдайда өлген адамның жаны құранды естіп, бұл өмірмен қоштасуы оңай болады деп есептеген. Құран оқып жатқан кезде мәйіттің көзін жауып, қатты тақтайдың үстіне жатқызады. Кейде кеуде жағына темірден жасалған үшкір зат (пышак, қайшы), Құраннан алынған сүре және тұз қоятын болды.

Өлген адамды қауіпті деп есептеп, оны күні-түні күзетіп отыратын болды. Сондықтан да мәйітті тезірек жерлеуге тырысқан. Егер адам таң ата қайтыс болса, оны түсте жерлеген, ал күн батқаннан кейін қайтыс болса, келесі күннің бірінші жартысында жерлейтін болды. Өлген адамды кебінге орайтын, кебін үшін 12-18 м ақ түсті мата кетті. Башқұрттарда кебінді жерлеу кезінде келген кісілерге сый ретінде беретін болған. Кебінді орағанда солдан оңға қарай үш қабат қылып орайтын болды. Кебіннен басқа марқұмға басына орамал, кеудесіне киім және шалбар кигізді. Ана дүниеде періштелердің барлық сұрақтарына жауап бере алсын деген түсінікпен кебінге құраннан алынған бетті де салды. Зират басында молда міндетті түрде құран оқитын боды.

Басқа халықтардағыдай башқұрттарда да қайтыс болған адамды еске алу күндерін өткізеді. Еске алу күндерін міндетті түрде 3-, 7-, 40- және бір жылдан соң өткізіліп отырды. Ес-

ке алудың бірінші күні үйге туыстары, көршілер және молданы шақырады. Бұл күні қонақтарға дастархан жайылып, бауырсақ, шай, құймақ және т.б. пісіретін болған. Молда құран оқып, сол күні бешбармақ, көже және қымыз дайындайды. Дастарханнан кейін *хаер* таратты, молдаға ақша, ал қалған адамдарға, оның ішінде әйелдерге орамал, ер адамдарға көйлек берді. Еске алудың жетінші күні үйге тек марқұмның туыстары мен молда ғана шақырылды. Еске алудың ең маңыздысы 40-күн болып саналды. Кейбір ауқатты адамдар осы күнге арнап 40 қой, 40 түйе сойып, молданы шақырып, оған 40 түрлі жіп беретін болған. Молда құран оқып болғаннан кейін оған *хаер* беретін болған.

3.12. Хакастар

Үйленуге байланысты салт-дәстүрлер. Хакастарда ағайындылардың бір жылда той өткізуіне рұқсат етілмеген. Бұл салтты сақтамаса, ағайындылардың біреуі қайтыс болады деп сенген. Тек егіз ағайындыларға ғана бір жылда үйленуге рұқсат берілді, өйткені олардың жандары бір деп есептеген. Бір жылда бір үйдің ұлы мен қызы некеге тұруға тыйым салынған. Бірінші ұлы үйленсе, қызы тек бір жылдан соң ғана тұрмысқа шығуға рұқсат етілді. Егер қыз ағасымен бір жылда тұрмыс құрған жағдайда отбасында бақытсыз болады деп сенген. Үй иесі қайтыс болған жағдайда балаларына бір жыл ішінде некеге тұруға рұқсат етілмеген. Хакастардың заңдылықтары бойынша бірінші неке құдай қосқан, екінші неке азап неке, үшінші некені шайтан неке деп айтқан. Бірінші некені еш жағдайда бұзбау керек деп есептеген.

Хакастарда немере некелер (кузенный) болған. Апалы-сіңілілі қыздар балалары, ағасы мен қарындасының балалары арасында неке құруға рұқсат етілді. Мысалы, қырғыз соегынан шыққан қыз, пурт соегының жігітіне тұрмысқа шықса, онда олардан туған қыз міндетті түрде қырғыз соегының жігітіне күйеуге шығу керек болды.

Нағашы аға жағынан некелескен жағдайда күйеу жігіт шешесі жағынан болатын ер адамдарға және әкесі жағының әйел адамдарына міндетті түрде *паргаа* сыйлығын жасаған. *Паргаа сыйлығы* ірі қара ұша және төс сияқты малдың мүшелерінен тұрды. Оның *улу паргаа* (үлкен парға) деп аталатын бөлігін күйеу жігіт нағашы ағасына сыйлады. Сондықтан ол ир паргаазы, яғни ер паргазы деп аталды. Төс *кічік парға* деп аталды. Ол хыс паргаазы" (қыз паргасы) болды. Той біткеннен кейін паргаа сыйлықтарын үйлеріне апарып, көршілерге таратады.

Той аяқталар кезде қалыңдықтың үйінде чаргы деп аталатын ғұрып орындалды. Бұл ғұрып бойынша жаңа күйеу баланы нағашысының алдына қойып, қамшымен үш рет ұрып «Сені қамшымен ұрдым, себебі біз мәңгілік туыспыз. Үлкендерді сыйла, ата-енеңе қарсыласпа!» деп айтты.

Некенің тағы бір түрі қалыңдықты (*тутхын*) – алып қашу. Қызды алып қашқан кезде қызды көндіре алмаса, онда оны өз үйіне қайтарып, «намысын қорлағаны» үшін құн төлеген. Егер алып қашу кезінде қыз туыстары ұстап алса, онда қызды кері алып кетіп, жігітті есінен тандыра ұрған. Ежелгі некенің түрі құдаласу – *чахсынац алысханы*, яғни ар некесі. Бұндай некеде балаларды үш немесе бес жасында атастырды. Кішкентайынан атастырылған баланың ата-анасы көктемде май, ал күзде қысқа арнап мал сояр кезде құдаларына құнды сыйлықтар арчу, яғни шарап, азық-түлік жіберіп отырған. Құдаласқанда қалыңмал төленбеген немесе ол арчумен есептелген. Үйленер уақыт жақындап, жыл өткен сайын арчудың да көлемі өсіп отырған. Құдаларға арналған сый-сияпат тоғыздан тұрған. Мәселен, қалыңдық үйіне жігіт жағы тоғыз қазан май, тоғыз қап сыр әкелетін болған. Талганныр уча (талқан тойы) деп аталатын дастарханға арнап жігіттің ата-анасы үстіне май құйылған тоғыз шелек талқан дайындаған.

Некені бекіту қалыңмал төлеумен аяқталды. Қалыңмалмен қоса жігіт жағы құдаларына ең жақсы басты аты немесе башат сыйлайды. Хакастардың тілінде башка баш, яғни жылқының басына қыз береміз дегенді білдіреді. Неке құрардағы маңызды ғұрыптың бірі – қалыңдықтың ай мен күнге тағзым етуі. Ол

ұзатылғандықтың және тұрмыс құрғандықтың белгісі болып есептелді. Егер жігіт екінші рет үйленген болса, онда ай мен күннің алдында некелеседі, қалыңдықты үйге есіктен емес, терезеден кіргізген. Ал ол үшінші рет үйленіп жатса, бұл салтты орындамаған. Содан кейін қалыңдықты киіз үйге кіргізіп, отқа (отха пазыртханы) да тағзым ету ғұрпы орындалды. Осыдан бастап қалыңдық ошақтың иесі атанды. Осыдан кейін қалыңдыққа байланысты тағы бір ғұрып орындалады. Анасы келіннің оң саусағын қан шыққанша тістеп, «Келіннің саусағын тістедім, отбасы шарттарын бұзба, өз ененді ұмытпа» деп бата береді.

Қыздың ата-анасы тойға қатыспайды. Олар кейін жас жұбайлар келген кезде ғана шағын той тойлаған. Хакастықтардың тойы кішкене кезінде *атастыру саблыг той, қызды алып қашу тутхын, қуғыншы келу сургун, кіші той кішіг той, келісім чарас, неке тойы улуг той және қалыңдықтың үйіне қонақ болып келуі* сияқты бірнеше кезенді қамтиды.

Бала туу мен тәрбиесі. Отбасы үшін ең маңыздысы – өмірге ұрпақ әкелу және оны тәрбиелеу. Негізі ерекше құрмет баланың нағашысына көрсетілді, себебі хакас аңызы бойынша жүкті болып қалған жас қыз ата-анасының қаһарынан қорқып, некесіз баланы далаға тастап кетеді, оны бірақ ағасы үйіне әкеліп бағып өсіреді. Содан бері нағашыға құрмет аса жоғары болды. Бала дүниеге келер кезде нағашысы оған бірнеше бас мал беруі тиіс. Жаңа туылған жиені – чеен кішкентайынан бастап өзінің меншігін жинай бастайды. Нағашысы сәбиге арнап бесік жасайды, себебі нағашысы жасаған бесікте бала жақсы өседі деп сенген. Бесікті жасағаны үшін нағашы ағасына ахтаг деп аталатын сыйлық берген, ол үшін киім немесе қозы берді. Жиендерге нағашысының үйінің босағасына тұруға болмайды, ондай болса, отбасы кедейленеді немесе мал қырылады деп ырымдаған.

Бала туылғаннан кейін үшінші күні кіндік той өткізілген. Қой сойылып, қаймақты ботқа потхы пісірілген. Бұл күнге дейін үйден ештеңе шығармаған, ешкімге ештеңе бермеген, тіпті су беруге болмаған. Түскен кіндікті орап, кіндік кескен пышақпен бірге қорапшаға салып сақтап қойған. Кіндікті баланың бақыты деп есептеп, оны баланың жанындай сақтаған. Қайтыс болған адам өзі-

нің кіндігін іздеп келеді деп, кіндікті ертеде бірге жерлеген. Осы кіндік тойы кезінде әйел босанғанда сүйенген *алтын теек* деп аталған қайың бақанды құрметпен үйден алып шығып, оны үйдің төбесіне немесе мал қораның шатырына қойған. Шығармас бұрын оның ұшына *ағын ал* деп, ақ орамал байлаған. Бұл талдан сәбидің бесігіне арнап арнайы жебе жасалды, ол сәбиді зұлым рухтардан қорғайды деп сенген. Кіндік тойы кезінде баладан кейінгі бала жолдасын көму ғұрпы орындалған (пала инез). Оны көму дәстүрі *сүздек* деп аталды. Хакастықтар оған аса мән беріп, онымен ана жатырындағы баланың денсаулығы мен тағдырын байланыстырған. Сәбидің әкесі шұңқыр қазып, егер қыз болса, киіз үйдің әйелдер бөлігінен, ұл болса, ерлер бөлігінен қазған. Көмілетін жерді адам аяғы баспауы тиіс болды, мысалы, төсектің, сандықтың астына немесе қабырғаның түбіне көмуі керек. Егер адам аяғы басатын жерге көмсе, бала өскенде ынжық болады. Ал тізеден төмен, яғни терең емес жерге көмсе, әйелі жиі жүкті болады, тереңге жерлесе сирек жүкті болады деп сенген. Кіндіктен биік жерге жерлесе, онда әйел бұдан кейін бала туа алмайды деп есептеген. Баланың жолдасына қоса кіндік кескен қайың таяқшасын да жерлеген. Оны жылы киізбен ораған, себебі баланың жолдасы суықта қалса, онда босанған әйел де үнемі тоңып жүреді деп сенген. Жерлеген жерді босанған әйел үш рет айналып, одан соң үстіне тұрып, «Ұмай ана! Өз балаларыңды қорғай гөр, менің баламның анасы, балаларың аман болсын! Менің баламның анасы менің белім бекісін, маған күш бере гөр» деген сөздерді айтқан.

Бесікті бала өмірге келгеннен кейін, жаңа ай туғанда жасаған. Оны нағашы ағасы немесе нағашы атасы дайындаған. Бесік дайын болғаннан кейін «пизік той», яғни баланы бесікке салу тойы болды. Бесік жасаған адамға қозы сыйлаған. Сол күні көршілер мен туыстар жиналады. Дайын бесікті әкесі өз шаңырағына әкеліп, құрметті орын төрге қояды. Бесікті шөпті жағып, ер адамның шалбарымен қағып, зұлым рухтардан аластаған (хара чага). Содан кейін «Ұмай ана тоқ болсын» деп бесікті жұлын майымен майлап, ботқа жаққан. Баланы бесікке салар кезде, егер ұл болса пышақ, ал қыз болса қайшы орап салып, үлкен әжесі: «Жамандықтан аулақ бол» деп шайқайды. Үшінші рет шайқағанда (онар ма, тескер ме)

«сәтті ме, сәтсіз бе» деп айқайлайды, жиналған қауым сәтті деп жауап қайтарады. Содан соң бесікке күшік немесе мысықты бөлейді, оны бесіктен түсіп қалғанша қатты шайқайды. Осының бәрін жасағаннан кейін ғана баланы бесікке салған. Баланы бесікке салып жатып, «бесіктің басы берік болсын, сіңілілерің көп болсын», «бесіктің бауы берік болсын, інілерің көп болсын» деп бата берген. Бесік басына пышақ немесе қайшы қойған. Әрбір жаңа ай туылған кезде, бесікті аластап отырған. Бос бесікті тербетуге тыйым салған. Бесік екі үш жылға шыдаған, оны сындыруға немесе лақтыруға болмайды, кейінгі балалар да осы бесікте өскен. Әдетте бала бір айлық кезінде қаза болса, оның бесігі таза емес деп есептеген (хара пизік, қара бесік). Оны тауға апарып, барлық жабдықтарымен үнгірге тастаған. Бала мен анасының белі бекіген кезде, «пала той» өткізілген. Бұл тойға өте қызу дайындалған. Қой сойылып, сүттен араку ішімдігін дайындаған. Ішімдікті үлкен қазанға құйып, әйелдер бөлмесінің бір бөлігінде орналастырған. Қонақтар ішімдіктен ауыз тиюі үшін қазанға күміс тиындар, сақина, түймелерін тастаған. Бұл – баланың тісі тез шығуы үшін арнайы жасалатын дәстүр. Қазан босаған кезде, ішіндегілерді бесікке немесе сәбиге білезік ретінде қолына таққан. Тойда туыстары балаға арнап жылқы, сиыр, қой сыйға тартқан. Қариялар шай ішіп, сәбиге жасының ұзақтығын тілеп бата берген.

Тойда балаға ат қояды. Қызға атты үлкен әйелдер берсе, ал ұлға қариялар қойды. Егер баланың нағашысы болса, атты сол қоюы тиіс болды. Жақсы ат қойғандарға, үй иелері сый ретінде жылқы немес киім берген. Хакастарда өзіндік ат қою жүйесі болды. Біріншіден, балаға өлген адамның есімін бермеген, қыздардың есімдерінің қатарында жеміс аттары, ал ұлдарда ер адамның құрал-жабдықтарының аттары кездеседі. Бауырлардың аттарын ұқсастырып ат қою да кең етек алған.

Бала ең алғаш қадам басып жүрген кезде, оның тұсауын кескен (тузамах кизерге). Әжесі ер бала болса пышақ, ал қыз болса қайшы алып, баланың аяғының астынан айқыш сызады. Содан кейін аяғына жіп байлап, «жолыңды кесемін, сенің басқан жерің балдай тәтті, темірдей қатты болсын» деп бата беріп тұсауын кескен. Әдетте балаға жүруді үйретпеген. Тез үйренуі үшін арнайы үш

аяқты қол арба жасаған. Бала тәрбиесімен көбіне әйелдер айналысты. Хакастықтарда осыған байланысты «әйелдің күшін бала алады, ердің күшін дала алады» деген мақал бар. Хакастықтарда бала тәрбиесі ұлттық дәстүрдің негізінде қалыптасқан.

Өлік жөнелту. Хакас халқының арасында ауыр және азапты өлім өз өмірінде көптеген күнә жасаған немесе өзге адамдарға азап шектірген жандарға тиесілі деген сенім қалыптасқан. Олардың қатарына «чек-хамы» («жейтін» шамандар) және «сыбырағашы» (сиқыршылар) жатады. Олардың мұндай азаптары өздерінің жақын туыстарының біріне «сыйға» берген кезде тоқтайды деген түсінік бар, бұл таңдаған адамға қолымен қарапайым жанасу арқылы болуы мүмкін. Сондықтан хакастар мұндай адамдарға қол тигізуден қатты қорықты. Хакастар мұндай ауыр өлім кәсіпшілік этикетті бұзған аңшылар немесе аулауға қатаң тыйым салынған аңдарды өлтірген адамдарға да тиесілі деп сенген («киліспес ан»).

Әрбір хакас аулында қиналып жатқан адамды о дүниеге тез аттандыру үшін арнайы «сөздерді білетін» қарт кісілер болды. Христиандықты қабылдағаннан кейін православтық дұғалар мен ғұрыптық іс-шаралар кеңінен қолданыла бастады. Шаман шақыру сияқты, дұға адамның азаптарын жеңілдетіп, жанның басқа әлемге кедергісіз өтуін жеңілдетеді деп сенді. «Егер адам қиналса, онда дұға оқу керек. Ол өлімді тездетеді және жеңілдетеді» деп сенді. Адам көз жұмған соң мәйітті жуындырады. Мәйітті егде жастағы әйелдер жуындырады, жүкті әйелге мәйітті жуындыруға болмайды. Өлген адамды жуындырған кезде: «Қасиетті, күшті, өлмейтін Құдай, бізге рақым ет!» деген сөздер айтылды.

Өлген адамның көзі мен аузын ақырын ғана жауып, көзіне тиындар қояды. Бұл әдет-ғұрып халық түсінігінде, өлген адам өзіне «құрбандық іздейді» деп түсіндіріледі. Үйге айналар мен жылтыр заттар ілінеді. Олар «басқа әлемді» көрсете алады деп саналады. Жерлеу кешенінің бұл бөлігі орыстардан алынған.

Хакастар үшін адамның қайтыс болуы – оның тірілер әлемінен бөлінуінің маңызды кезеңі. Хакастар марқұмның мәйітін тақтаға қойып, табалдырықтан алыс емес жерде жуындырады. Ертеректе мәйітті киіз үйдің ішінде табалдырық алдында орналасқан балқарағайдың қабығына жатқызды. Ер адамдарды

– қарттар, ал әйел адамдарды – егде жастағы әйелдер жуындырды. Пайдаланылатын су екі кірленге құйылады. Бірінші кірленде – сабынды су, ал екіншісінде – таза су. Мәйітті басынан аяғына дейін жуындырады, шашын ең соңында жуады. Денені жуып-шайып тастағаннан кейін, ол сүлгімен құрғатылып, жапқышпен жабылған.

Табыт дайын болғанға дейін қайтыс болған әйелді үйдегі құрметті орынға, яғни еденге көлденең, ал ер адамды еденнің бойымен, есікке аяғын қаратып жатқызды. Мәйіттің бұлайша ерекше жатқызудағы мақсат, қайтыс болған адамды тірі адамдардан «бөліп» көрсету болды. Жерлеу ғұрыптары кезеңінде хакастар үйдің өзін «таза емес» деп санады. В.И. Ереминнің айтуынша, «таза емес» деп сондай-ақ, өлім болған немесе бала туған үй де есептелді. Мұндай тұрғын үйден шығатын қауіпті «бейтараптандыру» үшін «сиқырлы» қорғаныс құралдарын қолданды. Бұл ретте үй мен сыртқы әлем арасындағы символдық шекара ретінде табалдырыққа үлкен мән берілді және табалдырық арқылы үйлерін «өзіндік» және «бөтен» кеңістіктерге бөлді. «Адам қайтыс болғаннан кейін киіз үйдің сыртқы жағынан шие бұтақтары, ал ішкі жағынан балта немесе балтаның жүздері қойылған. Осы арқылы зұлым рухтан сақтанған. Адам қайтыс болған ауылда 40 күнге дейін барлық киіз үйлердің есігі қайыңның таяқшасымен бекітілді. Бұл түсінік зират басында жасалатын «Тамах юртенг», яғни қайтыс болған адамның жанын «азықтандыру» сияқты әдет-ғұрып элементінде өз көрінісін табады. Бұл шараға қатысушы оң аяқпен, ғұрыптық алаудың алдында оң қолмен тостағаннан тамақты отқа тастайды.

Дәстүр бойынша қайтыс болған адам үшін «жеке дастархан» жайылады. Жерлеу рәсіміне келген әрбір адам дастархандағы ыдысқа тамақ салып, хабах (спирттік ішімдік) қояды. Сонымен қатар мынадай сөздер айтылады: «Бұл менен (атын айтады), саған осыны әкелдім (әкелген тағам), аш қалмаңыз, шөлдемеңіз». Үстелге міндетті түрде сүтпен шай қойылады, кондитерлік өнімдер, пісірілген ет кесектері, сүйек кемігі, бауыр, бүйрек, тауық еті (әйел үшін) немесе этеш еті (ерлер үшін), кейде қой еті қойылады. Онда еттің жекелеген бөліктерін, оның ішінде алғашқы екі қабырға, аяқтың еті, жауырыны, төстің шетін, сондай-ақ балықты

қоюға болмайды. Сонымен қатар үстелде шанышқы, пышақтар және басқа да өткір заттарды қалдыруға тыйым салынады. Айта кету керек, қайтыс болған адамның жақын туыстары о дүниелік жақынының бүйрегі немесе жүрегі ауырады деген түсінікпен жеті күн ішінде малдың бауыры мен жүрегін жемеген. Кейбір отбасыларда, түнде өлген адамның үстеліне тамақ қоюға тыйым салынған және ол матамен жабылды. Сондай-ақ бұл дастрханда қырық күнге дейін тамақ пен сусын болуы керек.

Жерлеу ғұрыптары кезінде ірі қара малды құрбандыққа шалған. Құрбандыққа шалған малды хакастар теоги деп атаған. Ер адамдар үшін теоги ретінде бұқа, ал әйелдер үшін сиыр болды. Халық түсінігінде туыстары қандай да бір себептермен осы малды құрбандыққа шалмаған жағдайда, мәйіт бәрібір де теогты «алып қояды» деп сенді. С.Д. Майнагашевтың пікірінше, «құрбандыққа шалынған мал мәйітті о дүниеге алып өтеді» деп сенген.

Бақылау сұрақтары:

6. Хакастардың бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
7. Хакастардың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
8. Хакастардың үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
9. Хакастардың өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
10. Хакастардың екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.13. Шорлар

Үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары. Некеге тұруға қолайлы уақыт 14-17 жас болып есептелді. Алыс ұлыстарда 6-10 жастағы жетім ұл балалармен 20-30 жастағы әйелдер арасындағы некелер де кездесті. «Күйеу жігіт» кәмелеттік жасқа жеткенше әйел оған шешесіндей болып, шаруашылықты жүргізді. Баласы бар, жас, денсаулығы мықты жесір әйелді алу үлкен сәттілік болып есептелді. Бұл болашақтағы бедеуліктің болмауының кепілі болды, яғни рудың және отбасы байлығының жалғасы болып есептелді.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында некенің екі түрі болды: алып кашу және құда түсу. Екі жағдайда да той көктемде өтті.

Қалыңдықты алып қашпас бұрын күйеу жігіт қалыңдықтың келісімін және кепіл ретінде одан орамал алуы керек болды. Содан соң белгіленген уақытта әдетте түнде жігіт атқа мінген бірнеше бойдақ жолдастарымен бірге қыздың үйіне жақындайды, бір ат қызға арналады. Белгі берілгенде қыз үйден шығып атқа отырады да, олар жігіттің ұлысына қарай бет алады. Онда қалыңдықты күйеу жігіттің туыстары тосып алады, таңертең той күркесі одақты құра бастайды.

Күйеу жігіт күркеде от жағып жатқанда, қалыңдық сыртта кіре берісте ондағы барлық әйелдерге мыс сақиналар таратып тұрады. Қыздар бала кезінен күйеуге шыққанша осындай сақиналарды көп қылып жинауға тырысты.

Содан соң күйеу жігіт пен қалыңдық күркенің жанындағы орындыққа отырды, күйеу жігіттің туыс әйелдерінің бірі қалыңдықтың оң жақ бұрымын майлы сүйекпен тарап және еттің түйірін жастарға жегізе отырып, шашын өре бастайды. Жігіттің екінші туыс әйелі қыздың сол жақ бұрымын кілегейлі қасықпен майлап, ереді. Күйеу жігіттің өзі өрілген бұрымдардың ұшын байлайды.

Үш күн бойғы той кезінде жастар неке күркесінде сыйлықтарды қабылдап және жігіттің туыстарына *абыртқа* сыйлаумен болды. Осы уақыттардың барлығында күркеде шағын алау жанып тұрды, одан от алуға рұқсат етілмеді. Күркенің маңында күндіз де, түнде де той тоқтамады.

Үш күннен соң күркенің жапқышы сыпырып алынды, ал сүйегін орманға апарып, ағаш діңіне сүйеп кетті. Жастардың баспанасы салынып біткенше, олар қайын атасының үйінде болды.

Орташа неке жасы 14-17 жас аралығы саналды. Өте сирек, 6-10 жасар жетім ұлдар мен 20-30 жастағы әйелдер арасындағы некелер де кездесетін. Бұл жағдайларда күйеу жігіт балиғатқа толғанға шейін ол анасы секілді болып, шаруашылыққа жауап беретін болған, содан кейін ғана әйелі ретінде саналған. Ал ол кездері денсаулығы мықты баласы бар жесір әйелді алу аса үлкен сәттілік болып есептелетін. Ол – мүмкін болатын бедеуліктің алды, болашақ отбасы байлығының кепілдігі болып саналды.

Келіншекті алып қашпас бұрын, күйеу жігіт алдымен келіншектен кепілдік ретінде жеке келісімі мен орамал алу керек. Содан соң белгіленген уақытта, әдетте түнде, аттылы бойдақ достарымен және бір бос қызға арналған атпен бірге келіншек үйіне келеді. Берілген белгі бойынша, қыз үйінен шығып, атқа отырып, жігіт ұлысына келеді. Онда қызды жігіттің қағашыларына тапсыратын және танертең ерлі-зайыптылардың «одаг» атты атауы тұрғызылатын.

Жігіт одаг ішінде шақпақпен от жағып жатқанда, келіншек босағада тұрып, кіргендерге мыс сақина сыйлап тұрады. Әр қыз ондай сақиналарды кіші кезінен жинайды екен, кейін тұрмысқа шығар уақытында саны жүз не одан асып түседі екен.

Содан кейін күйеу жігіт пен қалыңдық күркенің алдында отырады, ал күйеу жігіттің туысқандарының ішінен бір әйел қалыңдықтың оң бұрымын өре отырып, оның шашын үлкен етті сүйекпен сипайды және жастарға еттен ауыз тигізген. Тағы бір туысы сол жақ бұрымын, дәл сондай іс-әрекеттер жасау арқылы өре отырған. Бұрымдарды күйеу жігіт чинча арқылы біріктірген.

Келесі үш күн той сайранында жастар ерлі-зайыптылар күркесінде түрлі сыйлықтарды қабылдап, күйеу жігіт туысқандарына сый көрсетумен өткізеді. Осы уақытта әрдайым одақта от алуға болмайтын, кішігірім ошақ жанып тұратын болған. Ал қонақтар ойын ойнап, бір тынбай сайран салатын болған.

Үш күн өткеннен кейін күркенің жабуы алып тасталатын және керегесін орманға апарып, ағаштарға сүйеп қоятын болған. Жастар бөлек киіз үй құра алғанша, күйеу жігіттің ата-анасының үйінде тұратын.

«Ұрланған» қыздың ұлысына бес-он күннен кейін ата-анасына күйеу жігіттен өкіл барып, қалыңмал мен келесі шағын *байга* тойының уақытын келіседі. Белгіленген күні қалыңдық ұлысына жастар, күйеу жігіттің ата-анасымен, туыстары жететін және көп мөлшердегі, дәстүрлі *арака* сусынын ала келетін. *Чараш* деп аталатын достасу рәсімінің негізгі мақсаты салт-дәстүрді құрметтейтінін көрсетумен бірге қыздың ата-анасымен қатынасты қалыңмал төлеу арқылы жөндеу.

Келген қонақтар топтасып тұрғанда, қашқын қыздың әкесі үйде дастарқан басында отыратын және артындағы қабырғада қамшы ілініп тұратын. Туысқандар маңызданып сәкіге отыра кететін. Қонақтардың өкілі үйге кіріп, «ашулы» әкеге кінәлі қызы бас иіп келгенін хабарлап, ақшалай қалыңмалды дастарқанға қоятын. Әдетте мөлшері әкесі талап еткеннен бірталай аз болатын. Барлық туыстары сол сәтте орындарынан атып тұрып, өкілді ренішті күймен, үлкен айқаймен шығарып салатын. Тек үшінші не төртінші мүмкіндіктен кейін ғана әкесі мөлшері өскен құнмен келісетін. Сол кезде жастар қорқынышпен үйге бет алып, есікке келіп тоқтайтын. Алдымен қалыңдық әкесіне жол бастап, кейін күйеу жігіт аттап басады. Олар әке аяғына жығылатын да, бұл оның жастарды сүйіп, көтерумен бітетін, бірақ күйеу жігітті, алдымен, қамшымен жай арқасынан қағатын болған. Содан соң бар келген қонақ үйге кіріп, кішігірім тойдың басы көрініп, тойлай жөнеледі.

Келесі *байға* темекімен байланысты болды және ол көңілді түрде тойдан өткен соң бір айдан кейін өткізілетін. Мұнда күйеу жігіттің туысқандары қалыңдықтың ата-анасына темекі сауытын сыйлайтын болған.

Ал үшінші мен төртінші *байға* – бұл бір не екі жылдан кейін өткізіліп, қалыңдықтың ата-анасына ірі қара малды соғымға әкеледі. Соңғы *байға* кезінде жылқыларды да соғымға сойып, көп мөлшерде сусын дайындаған.

Құдалық некесі *қуда* екі бөлімнен тұрады – қалыңмал төлемі және *байға* той салтанаты. Құдалар қалыңдық әкесіне осы жолдармен жүгінетін болған:

Егер қайғы-мұң кешсең, таянар таяғың мен болғай!
Егер сумен сен жүрсең, сүйенішің мен болғай!
Егер мені сен қусаң, ит күзетің мен болғай!
Егер мені лақтырсаң, ол күйігің мен болғай!

Содан соң той мерзімі, қалай өтілетіні және қалыңмал құны жайлы әңгіме қозғалатын. Бұл мәселеде күйеу жігітке

нағашы ағасы көмектеседі. Қалыңдық құдалық кезінде киіз үйде отырады, кейін құдаласу біте салысымен сыртқа шығатын, себебі шорлықтардың дәстүрі бойынша киіз үйде қайын енесімен оңаша ұзақ уақытқа қалу тыйым салынатын.

Осы рәсімдерден кейін байғаның той салтанаттары белгілі күндері өтеді. Бірінші байға бойынша, қалыңдықтың бұрымы өрілсе, кейінгілері темекі және етпен байланысты байға болған.

Бала туу және оның тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар. Шор халқында баланың тууы сыпайы түрде атап өтілді.

Әйел босанған соң бірден кіндікті кәдімгі пышақпен көрші әйел кесіп алып, шүберекке орайды да, құрғақ жерге тығып тастайды. Кейін оны каури қабыршағымен және түймелермен безендірілген қалтаға тігіп, бесіктің үстіндегі төбеге іліп қояды.

Егер ұл туса, әкесі аң кәсіпшісі мен балаға өмір сыйлаушы Ұмай ана атрибуты – кішкене садақ пен жебе жасады. Егер қыз туса, бесіктің төбесіндегі бұрышқа той күркесінің, яғни күйеуге шығудың белгісі болатын жас қайыңның бұтағын іліп қойды. Баланы қас күштерден қорғау үшін бесікке пышақ, қайшы салды және оқ байлап қойды.

Сәбидің дүниеге келуі – кез келген отбасындағы едәуір маңызды сәт, шорлықтарда кішігірім аталып өтеді. Бір жағынан, мұны әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмен болуымен түсіндірсе, екінші жағынан, жоғары бала өлімі себеп болып отыр.

Босану уақытында көмек ретінде, сол кезде куәгерлердің сөзімен «өте нашар жағдайда» бірталай салттар өтілетін. Жас босанған әйелді төсек үстінде байланған жіпке тартылуды мәжбүрлеген. Тоғыз жасар қыздарға, өлген аюдың ішегінен алынған, әлі кеппеген және қорытылмаған шөптен дайындалған «аюдың ақыруын» іштірген екен.

Жындардан қорғау үшін бесікке бәкі не қайшы жасырған, онымен қоса, баланың жаңа туылғанында сыйланған түйме мен оқ байлаған. Босану кезінде қатысқан бақсы сепкілгүлден не болмаса самырсын жаңғағынан дайындалған сорпаны осы айтылғын заттарға, Ұмай-анаға жаңа туылған сәбиге көмектесуін сұрай бүркіген.

Балаға есім беру рәсіміне әкесі, анасы, туыстары тіпті киіз үйде босану уақытында болған кез келген адам қатыса алған. Бұл рәсімде бастысы, бала есімі әкесінің, ағасының немесе еркектердің үлкенінің есімдерімен сәйкес келмесе болғаны. Шоқындыру кезінде дін қызметшісі балаға басқа, христиандық күнтізбе бойынша есім беретін болған екен.

Өлік жөнелтуге қатысты салт-дәстүрлер. Шорлардың түсінігі бойынша, қайтыс болған адамның жаны ана дүниеде өмір сүреді деген сенім болды. Адам өлгенде адамдағы өмірлік күш *құт* жоғалады деп сенді. Басқа аңыздар бойынша, «құтты» жер асты иесі Ерлік жасаған, сондықтан ол оның иесі болып саналады. Адамның денсаулығын білдіретін адам жанын Ерліктің көмекшілерінің бірі ұрлауы мүмкін деген түсінік қалыптасқан. Құт адам ұйқыда жатқанда, қатты қорыққанда, есінен танып қалғанда қаскүнем рухтар *айна* немесе *керместің* олжасына айналуы мүмкін, соның салдарынан адам ауруға шалдығуы мүмкін деген түсінік болды. Жанды тек бақсы ғана қайтара алатын, олай етпесе адам өліп қалады деп сенді.

XIX ғасырдың аяғында шорлардың жерлеу рәсіміне христиандықтың әсерін байқауға болады, алайда, о дүние туралы дәстүрлі түсінігі сол күйінде қалды. Мрассу және Кондома өзендерінің сағасындағы тұрғындардың орыс православтарының өлі және тірілер туралы түсініктерінде көп айырмашылық болмады. Шорлықтар өлгендер о дүниеде өмір сүреді деп есептеді.

Адам өлгенін сезген соң айналасындағылар басынан жастықты алып тастап, денесін қолдан тоқылған кенеппен жауып, жанының о дүниеге кетуіне мүмкіндік жасаған. Қазандыққа от жағып, өлген адамның «жаны» үшін әртүрлі тағамдар қойған. Жиналған туған-туыстары үш күн бойы қайтыс болған адамның жақсы қылықтарын, жақсы істерін мадақ қылып отырған.

Үш күннен кейін мәйітті тазалап жуып, таза киімін киіндіріп, табытқа салған. Табыт жасау үшін *адылга* деп аталатын арнайы құралмен балқарағайды екіге бөліп, ортасы ойылған табыттың ішін *азағат* атты шөппен ыстаған. О дүниеге аттанған адамның жанына табақ, қасық, талқан салынған дорба, ер адам болса темекі салынған дорба және мүштік қойған.

Табытты бейіт басына жеткізу үшін жазда сырғауыл мен арқан, қыста аңшылық шанаға салып апарып, кейін оны бейіт басына тастап кеткен. Христиан діні таралғанға дейін, кендірмен орап, қалың тоғай ішіне апарып, талға іліп кететін болған. Христиан дінімен бірге бейіт қазу барлық ұлыстарға тарады. Бейітті әдетте самырсын ағашының түбінен өте терең қылып қазбай, ішіне мәйіт жататын жер дайындап бетін сырғауылмен жапқан. Бейіттің үстінен кесілген ағаштан түзу шатыр жасаған. Шығыс жағынан крест қоятын болған. Бейіттерді сырғауылмен қоршау сирек кездескен.

Жерлеу рәсімі аяқталғаннан кейін, қайтыс болған кісіге бейітінде тоздан жасалған қорапта тағамдар қалдырған. Жарты тамақ бөлігін бақсы жан-жаққа рухты о дүниеге алдап түсіру үшін шашатын. Мрасс шорлықтары бейітте рух ыдысы *сюне* ретінде, ойыншық ағаш қуыршақ көмеді. Бақсылық салттардан кейін, иықтарынан асырып майқарағай шыбықтары мен балта басын бейітке қаратып, іздерін жоғалтуға тырысып, үйлеріне қайтқан.

Қайтыс болған адамның үйіне жеткен соң от жағылатын болған. Бақсы шырпы арқылы жан-жағын ыстап, сюнеге қайта келмеуін көндіретін болған. Адасқан рух үйге кірмес үшін есік алдында екі *қуспак*, кетпен және *енгме торы* ілінетін болған.

Абайсызда не өз-өзіне қол салғандарды сол өлген жерлеріне не бейіттің айналасына көміп, крест орнына қазықпен ауыстыратын. Бұрында қайтыс болған адамды таспен көміп тастаған деген де ойлар бар, рухы шығып тірілердің мазасын алмас үшін.

XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында жерлеудің ауада және жер астындағы түрлері балалар мен шоқынбағандар үшін сақталған еді. Балаларды қайың қабығына орап, төрт ағашта орналасқан арнайы тұғырға қалдырып, ағашқа іліп қойған. Кейде бұтақтарға бекітілген, ағаштан жасалған қорапқа салып та қойған кездер болған.

Жерүсті көму кезінде табытты орманға апарып, шырпымен бетін жауып тастаған не бетінен тесік жасап, өлікті сонда салып, бетін қайың қабығымен жасыра салған.

Бақсыларды кәдуілгі адамдар секілді көмген. Дабылы мен қол тоқпағын бейіт жанындағы ағашқа іліп, дабылдың темірін шешіп, келесі бақсыға беру үшін отбасына қайырған. Аңыз бойынша, бұрын бақсыларды қарағайдан жасаған табытқа етпетінен жатқызып, таудан лақтырған екен және де бұтақтармен көміпті деседі. Кейде бақсы денесін киізге тігіп, балқарағай бұтақтарына іле салатын болған.

Марқұмды еске алуды 7-күнде, 40-күнде және 1 жылдан соң өткізген. Ол күндері әр ұлыстан туыстар жиналып, өздерімен бірге *арака* және басқа азық-түліктер әкеледі. Кейін қонақтар сусынның бір бөлігін бураққа құятын және етті арнайы табаға салатын. Бақсы бұл тағамдарды от жағылып қойған бейітке апаратын болған.

Арака және ет кесіктерін от пен бейітке лақтырып бақсы өз рәсімін жүргізген. Қалғанын өзі және туыстары жеген. Ұлысқа оралғаннан кейін дастархан жайылып, бар тағам таусылатын болған.

40-күні *узюту* рәсімін бақсы тағы өткізген. Адамдар ұлыстың батыс бөлігіне бір кесе тамақ пен арака сусынын алып бет алған. Барлығы келгенде, тағамдардың барын бір ыдысқа салып, ыдыс шетін сындырып алады екен. От жағып, бақсы сол қолымен ет кесектерін және арака сусынын бүрке шашып және отқа лақтырып, *озуптен* егер қайтыс болған әйел болса, балтамен егер еркек болса қолына ұстай айқайлай дуа айтқан. От өшкенде, барлығы үйлеріне тараған.

Соңғы ескі алу 1 жыл толғанда өткен. Рухты балдырғаннан жасалған қайықта кішкене от жағып, өзен бойымен төмен жіберген. Мұны бақсының қатысуымен және түн мезгілінде жасаған. Бақсы узютті арака мен ет бере отырып алдап, қайыққа отырғызып, өзен бойымен төмен ағызып жіберген. Біраз уақыт бақсы жағамен қайықты белгілі бір жерге дейін шығарып салып, кейін тоқтаған, себебі ары қарайғы жол рухтың *қара-чол* атты жолы, яғни о дүниелік «қара жолы».

Бақылау сұрақтары:

1. Шорлардың бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?

2. Шорлардың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Шорлардың үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Шорлардың өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Шорлардың екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.14. Құмандықтар

Үйлену дәстүрі. Ер адамдар үшін некеге тұру уақыты 14-16, қыздар үшін 13-15 жас деп есептелді. Некенің көп таралған түрі қалыңдықты алып қашу болды. Кейде балаларды бесікте жатқанда атастырып қоятын. Той өткізу құмандықтарда тойға арналып пісірілетін басты тағам түрінің атауымен *тутпач* деп аталды. Оны дайындаудың алдында күйеу жігіттің үйінің алдында ғұрыптық күрке (*шалыг-одог*) құрылды, оның негізін жеті немесе тоғыз қайың сырғауылдарынан жасады. Олардың төбесі байланып, күркенің сырты төсеніштермен жабылды. Онда қалыңдықтың құрбылары оның бұрымын тарқатып, шашын әйелдің екі бұрымы (*тулун*) етіп өрді. Содан кейін бақсы немесе ақсақалдардың бірі жастарға батасын берді. Тамақ ішіліп біткеннен кейін жастардың ойыны басталды. Жігіттер қыздарға су шашты, ат жарыстары мен күрес ұйымдастырылды. Той әдетте бірнеше күнге созылды. Егер қалыңдықты алып қашса, онда күйеу жігіттің туыстары қалыңдықтың ата-анасына татуласу үшін және қалың мал мөлшерін белгілеу үшін сыйлықтармен барды.

Егер күйеуі әйеліне дұрыс қарамаса, әйелдің зайсанға шағымдануға құқығы болды. Оның шағымын тыңдап зайсан айырылысуға рұқсат бере алды. Күйеулерімен тұрғысы келмеген әйелдер христиан дінін қабылдап, христиан дініндегі әйел пұтқа табынушымен бірге тұра алмайтыны негізінде айырылысуға рұқсат ала алды. Айырылысқан жағдайда балалар әкесімен бірге қалды.

Бала туу. Әйелді босандыру әдетте үйде өтті. Міндетті түрде жәрдем беретін әйел болды, ол әйелге көмектесті, баланың

кіндігін кесті, баланы қабылдады және оны жуындырды. Егер босану ауыр өтсе, онда қаскүнем күштерді қуу үшін бақсыны шақыратын. Балаға атты жәрдемдесуші әйел немесе бөгде адам берді. Балаға қаскүнем рухтарға ұнамас үшін сұрықсыз ат қоятын. Бала өсе бастағанда қайтадан дұрыс ат қоятын болды.

Жерлеу дәстүрі. Жебеуші рух берген белгілі бір уақыттан кейін адам өмірден кетеді деген сенім болды. Өмірде барлық адамның екі субстанциядан *тын* және *сурдан* тұратын өмірлік күші болды. Адам қайтыс болғаннан кейін құт 7, 9 немесе 40 күн бойы ары қарай *узут* бейнесінде жерде өмір сүрді, берілген уақыт өткен соң жасаған күнәлары үшін жерде мәңгілікке жауыз күш *азе* немесе *турлю* бейнесінде қалды немесе келесі өмірдегі біреуге айналу үшін кезегін күтуге «қатар әлем» ол черге (сол жер) кетті. Марқұмның мәйітін қайтыс болған соң үш күннен кейін табыт-құдыққа жерледі. Жерлеудің бірнеше түрі болды. Жердегі жерлеулер туралы мәліметтер қазіргі кезге жеткен жоқ, алайда жерлеу ғұрыптарының кейбір белгілері бойынша (мысалы, табытты құрсаулап қатты байлау) қалпына келтірілді. Ауада ілулі тұғырда жерлеу туралы мәліметтер бар. Мұндай жерлеуде адам қайтыс болғаннан кейін жетінші немесе қырқыншы күні табытты мәйітпен бірге өртеу туралы деректер кездеседі, кейбір деректер бойынша, осылайша бақсылар мен құрметті адамдарды жерлейтін болған, себебі олар *ол черге* жолды өздері тауып барады деген сенім болған. Басқа нұсқа бойынша, қайтыс болған бақсының жанын шығарып салуға бақсыларды шақыратын болған. Мұндай шығарып салулар адам қайтыс болғаннан кейін 9-күні өткізілді. Бақсының мұндағы басты міндетінің бірі *жан* бақсыны және қайтар жолды көріп қоймауы үшін оның көзін тұманмен бояу болды.

XIX ғ. ортасынан бастап қайтыс болған адамды жерлеудің негізгі түрі жерде жерлеу болды. Бейіттер шығыс-батыс бойына бағытталды. Табытты қабірге басын батысқа қаратып жерледі. Ертеде рулық бейіттердің болғаны туралы мәліметтер кездеседі. Балалар мен өздеріне қол жұмсаған адамдарды жерлеудің ерекшеліктері болды. Кішкене балаларды (7-12 жастағы) ханттар, селькуптер, кеттер, телеуіттер сияқты қабыққа орап,

орманға апарып қайыңға іліп қойды. Өзіне қол жұмсағандарды бақсыларды жерлегендей отпен тазаланады деген сеніммен өртеп жіберетін. Кейбір өзіне қол салғандарды бейіттерден аулақ жерге апарып жерлейтін болды. Олардың жаны жер бетінде тентіреп, адамдарға залалын тигізеді деп сенді.

Қайтыс болған адамның рухымен кездесу, яғни еске алулар жерлегеннен кейін 7, 9, 40 күндері және бір жылдан кейін өткізілді. Бұл күні міндетті түрде бақсы шақырылды. Бақсы қайтыс болған адамның рухын шақырып, оны сорпадағы ет түйірлерімен (от арқылы) тамақтандырып, оның мәңгілікке өлгендер әлеміне кетуін сұрады.

Бір жыл бойы адам қайтыс болған отбасында қара тұтылып, бұл кезде өлең айтуға, билеуге, той жасауға, мал сатып алуға, жаңа үй салуға тыйым салынды.

Бақылау сұрақтары:

1. Құмандықтардың бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Құмандықтардың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Құмандықтардың үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Құмандықтардың өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Құмандықтардың екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.15. Телеуіттер

Үйленуге байланысты әдет-ғұрыптар. Өзінің ерекшелігімен айқындалатын салт-дәстүрлердің бірі – телеуіттердің тойы. Телеуіттерде некенің екі түрі, яғни атастыру және қалыңдықты алып қашу болды. Атастыру ата-аналардың келісімімен жүрді, балаларды өмірге келмей тұрып немесе кішкентай кездерінде атастырды. Телеуіттердің тойы үш маңызды кезеңнен өтеді, оның біріншісі – *құда* – құда түсу, екіншісі – *йараштық* – жарасу, яғни татуласу, үшіншісі – *той* – неке тойы, той салтанаты. Құдаласу кезінде қалыңмал мәселесін шешкен, XIX ғасырдың соңы мен

XX ғасырдың басында қалыңмал ретінде 2-3 жылқы, сойылған мал және қой мен ішімдік берілген. Егер күйеу жігіттің қалыңмал төлеуге жағдайы жетпесе, ол өзінің туыстарын аралаған, ал салт бойынша туыстары оған көмек беруі тиіс болды.

Қыз жақтан қыздың жүгі жинақталды, оның ішінде қыздың ұлттық киімдері (10-15 көйлек, 3-4 былғары тон), әшекей бұйымдар, ыдыс аяқтар және үй жабдықтары салынды. Ең маңызды қыз жүгінің бірі – төсек жабдықтары, оның ішінде әртүрлі жамылғылар болды (орын табу) .

Қалыңдықтың көйлегі шыт көйлек, жүннен тоқылған және жібектен тігілген көйлектерден тұрды. Көйлек сыртынан ерекше киім *теленді*, ал оның сыртынан *очкорды* киген. Қалыңдық басына жібек орамал немесе салтанатты биік бас киім киген, ол иленген теріден тігілді. Телеуіттерде маңызды дәстүр – қалыңдыққа қос өрім өру. Басқа да Алтай халықтары сияқты қос өрім қыздың ұзатылғандығының белгісі болды. Қалыңдықтың шашын үлкен әйелдер май жағып өріп, батасын берген.

Сонымен қатар аруақтар рухына *пайана* деп аталатын ас берген, діни дәстүр бойынша қонақтар бұл асқа бірнеше күн қатарынан келген.

Той алдымен ерте қалыңдықтың үйінен басталған, қыз үйіне күйеу жігіттен құрбандыққа шалынған қойдың немесе жылқының еті жіберілген.

Қалыңдықтың үйіне келген күйеу жігіт, діни әдет-ғұрыптарды орындап, от иесінен (от эне – от ана) некеге бата сұраған. Ерекше салтанатты той қыздың жүгі күйеу жігіттің үйіне жеткізілгеннен кейін, күйеу жігіттің үйінде жалғасады. Қыздың жүгімен бірге *эмегендер* деп аталатын матадан тігілген қуыршақты алып келген.

Эмегендерді жүкті әйелдер мен балалардың жебеушісі деп есептеген. Дәстүр бойынша қонақтарды қой етімен тамақтандыру далада, яғни шаршы тәрізді тақтайдан төселген күреде өткізілген, ортасында от жағылған. Таулы Алтайдан келген телеуіттерде *күреге* кіре берістен сол жақта әйелдар, ал оң жақта ер адамдар отырған. Ал бачат телеуіттерінде *күреде* тек ер адамдар отыруы тиіс болды.

Діни жоралғының бірі – күйеу жігіттің үйінде қалыңдықтың аруақтар рухы мен от анаға тағзым етуі. Оған егде тартқан екі қария қатысты, бірі ниет етіп (алкыш) ыстық пешке май шашса, екіншісі сыртта *сомдор* таратқан. Содан кейін жігіт пен қалыңдық екі үш жолдасымен, екі қатарға тұрып (алдымен жігіттер, соңында қыздар) жігіттер бастарын *кождод* жапқышпен, ал қыздар *теленмен* жауып, сомдор мен от анаға тағзым еткен. Бачат телеуіттерінен Алтай телеуіттерінің бұл дәстүрді орындауда өзгешелігі болды.

Тойдағы қызықты салтанаттың бірі – қалыңдықтың туыстарының, күйеу жігіт туыстарына арналған сыйлықтарын таратуы. Сыйлықтың ішіне бірнеше *кунек* көйлектер, ер адамдарға арналған жейделер, орамалдар салынды. Бачат телеуіттерінде сыйлық тарату куреде өткізілді, күйеу жігіттің анасы сыйланған киімдерді қонақтарға кигізді. Күйеу жігіт жақтан жиналған қонақтар да қалыңдықтың туыстарына арнап сыйлық дайындаған. Астан кейін күйеу жігіттің үйіндегі қонақтар, күйеу жігіттің туыстарының үйіне жіберілген (үлкен ағасының үйінен бастап). Әр үйде от ана мен сомдорға ниет етіліп, ішімдіктермен сыйлаған. Тойдың екінші күні *пайтал бажы* (байтал басы) күйеу жігіттің үйінен басталды. Куредегі астан кейін қонақтар жас жұбайлардың туыстарын аралаған. Тойдың үшінші күні күйеу жігіттің үйінде қонақтар құймақ пен тұшпарадан дәм татқан. Барлық тойдың өтуі барысында арнайы той жыры тойсарын айтылған. Айтылған жырлар қуанышты да, би ырғағына (тандыр) сай айтылды. Сонымен қатар қалыңдық үйімен қоштасарда сынсу айтқан.

Бала туу мен тәрбиесі. Басқа да түркі тілдес халықтар сияқты телеуіттер де балалардың жебеушісі ретінде Май энеге (Май энези) сенген. Телеуіттер оны жас, әдемі, мейірімді әйел деп есептеген. Баланың аман-есен өмірге келуі үшін телеуіттер әйелге аса қамқорлық жасаған.

Телеуіттердің әйелдері үйде, еденге тізерлеп тұрып босанған. Босандыру кезінде екі-үш әйел қатысқан. Егер әйелдің босануы қиын болған жағдайда, үйде айқай-шу шығарып, от пен сандықтарды ашқан, әйелдер белдіктері мен құлақтарындағы сыр-

ғаларын шешкен, ал ер адамдар далада мылтық атып, үйдің үлкендері *эмегендерге* арнап ас берген.

Жаңа туған сәбиді жуындырып, малдың майымен сылаған, содан кейін сәбиді жас қойдың немесе қозының терісіне ораған. Егер осыған дейін отбасында бала шетінеген болса, сәбиге арналып арнайы күшіктер жатқызылған тері дайындалған. Баланың кіндігін кесіп, оны кішкене қапқа салып, оны баланың сақтығы үшін сақтап қойған.

Баланың туылуына қатысты дәстүрдің бірі сәбиді бесікке (пешик) салу. Бесік жасау үшін мойыл ағашының бұтақтарын жаңа ай туылған кезде кесіп алған. Бесікке салу да жаңа ай туылған кезінде, тек үлкен адамдардың қатысуымен жүргізілді. Ер баланың бесігіне ағаш садақ пен жебені және ақ мата байласа, ал қыз баланың бесігіне екі моншақ пен ақ мата байлаған. Ақ мата май эненің белгісі болды, ол сәбиді жамандықтан қорғап, өмірі мен денсаулығына ықпалы болады деп сенді. Үлкен балалардан май эненің матасы кішілеріне беріліп отырды. Балаға туылған кезде ат қойған, дәстүр бойынша бала туылып жатқан үйге бірінші кірген адам сәбиге ат қойған. Ұлдарға: Таш-тас, Ақча-ақша, Чалкан-шалқан, Кижі-адам, Мелей-қолғап, Пайрам-мейрам, Мылтық-мылтық және т.б. Қыздарға: Чечек-гүл, Топчы-түйме, Койон-қоян, Эрке-ерке т.б есімдер берілген. Сәбиді жаман рухтардан қорғау үшін балаға жағымсыз, мағынасыз есімдер қойған. Баланы зұлым рухтардан қорғау үшін, оның мойнына ұлу қабыршағы бар жіп іліп қойған. Жоғарыда аталып кеткендей балалар мен жүкті әйелдердің жебеушісі мата қуыршақтар эмегендер болды. Олар көптеген телеуіттер отбасында сақталған және оларға арнап ас беру бала денсаулығы үшін мағызды дәстүр болды. Телеуіттердің *Кбр* энеге байланысты арнайы дәстүрі бар, ол қызылшамен ауырған балаларды жебеуші ретінде есептелді.

Жерлеуге байланысты салт-дәстүрлер. XIX ғасырдың 2 жартысы мен XX ғасырдың басында (мұсылман телеуіттерден басқа) жерлеу дәстүрлері православтық жүйеде болды, олар қайтыс болған адамды шоқындырып, жоқтаған.

Адамды қайтыс болған күні немесе келесі күні жерлесе, ал православтық салт бойынша адамды үшінші күні жерлеген.

Табытқа арнайы қайтыс болған туыстары үшін сарқыт қап салған (Паш-тык). Қап түрлі материалдардан құрап тігілді және шеті сындырылған ыдыстар мен марқұмның сүйікті заттары салынды. Жыл мезгіліне байланысты қайтыс болған адамды ұлттық киімде жерлеген. Жерлеу дәстүрін ер адам жүргізді, ол қайың шөркелерін жинап, жерлеу біткен соң, моланың үстіне от жаққан. Бір от алауы батыс беткейде өлілер әлемі үшін арналса, ал екінші алау шығыста тірілер әлемі үшін жағылды. От басында марқұмның киімдерін таратып берген. Бұл дәстүр күні бүгінге дейін сақталған.

Жерлеу кезінде марқұмның туыстары (үйде, зират басында) жоқтау айтып жылап, арнайы қаралы ән айтқан. (сығыт). Жанның рухтарға қосылуы «еске алу» негізі жерлеу күні (куни – «күні»), ал жетінші күні (коногы), қырқыншы күні (қырыгы – «қырығы» бұл кейде 37 немесе 39-күні.), жарты жылдан кейін (қалған ажы – соңғы еске алу), бір жыл толған кезде (тылы – жылы) өткізілді. Бұл күндері арнайы ас порсок, тұшпара, кисель және құймақ дайындаған. Өздері астан ауыз тиіп, сунеге де ас берген, ол марқұмның екінші жаны деп саналды, асты терезе алдына немесе далаға қойып «Тірі болса өзі жер еді, енді суне жесін» деп айтады.

Жерлеу күні телеуіттер жылқыға аса мән берген. Оның үстіне кілемше төсеп, орамалмен орап, жалын жібек мата қосып өрген. Жерлеу күні атты шанаған немесе арбаға жегіп табытты зиратқа апарған. Жерлеуден кейін осы атпен үлкен қария марқұмның туған жерін аралаған, ал салт бойынша оның туыстары атты арпамен тамақтандырып, қожасын шай мен шараппен сыйлаған.

Жетінші немесе қырқыншы күні жылқыны сойып, етін асып жеген, ал ер-тұрмандарын кедей адамдарға таратқан. Кей жағдайда атты соймай, кедей отбасына марқұмнан сауап болсын деп берген, бұл дәстүр «йедим ползын» деп аталды. Жерлеуден кейін бір немесе үш жылға дейін марқұмның отбасы қара жамылып отырған. Ал жесір қалған әйелі шашын жайып, төсіне дейін түсіріп, киімін теріс киген. Ұзақ уақытқа дейін жесір әйел үйден кетпеге, әшекей бұйымдарын тақпауға тырысқан.

Бақылау сұрақтары:

1. Телеуіттердің бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Телеуіттердің бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.
3. Телеуіттердің үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Телеуіттердің өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Телеуіттердің екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.16. Тывалықтар

Үйленуге байланысты салт-дәстүрлері. Тывалықтардың отбасы көбінесе бір некелі болып келді. Бай, әлді-ауқаттылардың кейде екі әйел алуы сирек жағдай болды. Еш қиындықсыз әйелінен ажыраса беретін. Ұнамаған әйелін төркініне қайтарып, он шақты мәрте үйленген тывалықтар да болды. Ерте кезде әменгерлік дәстүрі де болған. Сондай-ақ қалың мал, бірнеше әйел алу дәстүрі, әйелдердің жалаң аяқ жүрмеуі, жалаңаш балтырын көрсетпеуі, күйеуінің жасы үлкен туыстарының атын атамау секілді ғұрыптары да кейін келе өз әсерін жоғалтып алған. Таяу уақыттарға дейін үш атаға дейін некелесуге тыйым салынған. Алайда немерелес бөлелердің, демек бірге туылған әпкелі-сіңлілердің балалары үйлене береді. Ал ағалы-інілердің, яғни немерелес ағайындылардың үйленуіне жол берілмеген. Соған қарамастан, ағайын арасындағы қарым-қатынастан аванкулат ізі сезіледі. Атап айтқанда, әке жағынан бірге туған ағайыннан гөрі нағашыларын жақын тұтқан, «Нағашы ағасын көргенде, жиен қуанар, Тауды көргенде, қасқыр қуанар» деген тыва мақалы осының айғағындай.

Үйлену, жеке үй-жай болу әркімге міндет саналады. «Тұлғияқ қадай» (кәрі қыз) мен «тұлғияқ ошақты» (сүр бойдақты) ұнатпайтын. Жиын-тойда, қонақта сүр бойдақты жоғары өткізбей, босағада қалдырып, бәрінен төмен отырғызатын. Ондай адам о дүниеде жамандық көреді, азабын тартады деп есептеп, қайтыс болғандарын қалың қорымнан жырақ, бөлек жерге жерлейтін. Қыз алып қашу дегенді білмейді. Қыз 14-15-ке толғанда оған

құда түсетін де, үйлену тойын өткізеді. Құда түсушілер піскен ет, т.б. тағам түрлерін, бет орамалдар, арақ әкеледі. Болашақ күйеу баланың әкесі жібек орамалмен ораған пиалайларға арақ құйып, қыздың әке-шешесіне ұсынып, жағалай таратып шығады. Қыз туыстары келіскен жағдайда арақ ішіп, дастархандағы тағамнан жеп, сый-сияпат көріп болғасын, ұсынған орамалдарды жинап, қызға арналған сандықшаға салады. Қалың малға жылқы беретін, ал солтүстіктегілер бұғы беретін. Егер қыз азарда- безер боп, үзілді-кесілді бас тартып, көнбеген жағдайда, құда түсушілер сый-сияпаты мен қалыңмал мөлшерін бұрынғыдан гөрі молайта түсіп, екінші рет келеді. Бұл жолы жылқы, түйе, кой әкеледі.

Халықтық әдет-ғұрыпты сақтап, айлар бойына созылатын тывалардың үйлену салтына ағайын-туғандар, ауыл-аймақ тайлы-таяғы қалмай қатысады. Атастырған қалыңдық пен күйеудің бұрымдарын ұшына жеткізбей қосып өріп, оларға өз шаштарын танып көрсету міндеттелген. Бұл дәстүр *тухтеп* деп аталады. Тухтеп өткесін күйеу ұрын келіп, өз қалыңдығымен бірге бола береді. Ұзатылған қалыңдық пен оның туыстары баратын ауылға жеткенше үш жерден құдалар жағы қарсы алып, арақ, шәй, ет, т.б. дәм қойылған дастархан жайып, демалдырып аттандырады. Арақ ішу – тывалықтардың ерте заманнан келе жатқан ұлттық дәстүрі. Алғашқы өткізген түннен кейін қолында сүт құйған ыдысы бар келін ата-енесі отырған үйге барып, құтты босағаны аттап, есік жақта табалдырыққа таяу отырып, сүт құйып, күйеуіне ұсынады. Ол сүттен бір ұрттап әкесіне береді. Әкесі келінге таяп келіп, игі тілек айтады. Сосын барып келін сүті бар кесені енесіне ұсынады. Енесі де бақытты болуын тілеп, батасын береді. Мұнан кейін келін сыртқа шығып, жиналып күтіп тұрған ағайын-туғандарға жағалай сүт ұсынып, қошемет сөздерін естіп, үйге қайта кіріп, отқа сүт құяды. Осыдан кейін барып, келін ауылдың өз адамы есептеліп, бәрімен еркін араласа беруге тиіс. Жас келін төркінінен жасау ретінде әкелген өз киіз үйінде отау құрып тұратын. Құдалар аттанарда күйеу жағы шешесінің ақ сүтінің өтеуі деп, сауын сиыр, ол болмағанда саулық кой береді.

Бала тууына байланысты салт-дәстүрлеріне келсек, әсіресе ұл баланың туылуына байланысты ырым, әр алуан жөн-жоралғы, той-томалақ көп-ақ. Қырған-авай (кіндік шеше) баланың кіндігін жібек қапшыққа тігіп, іліп қояды. Сәбиді құрым шәймен шомылдырып, майлайды. Өзін жас нәрестенің кіші анасы санап, балаға деп ақ қошқар немесе ақ саулық сыйлайды. Үш жасқа толғанда нәрестемен мүшел жасы сәйкес келетін жылдас егде жасар адам бірінші боп шашын алуды бастаса, ағайын-туғандар, жиналғандар оны жалғастырып, әкелген сый-сияпатын береді. Бес жасқа толғанда шашын бұрым ғып өреді. Моңғолдар секілді тывалықтардың ері де, әйелі де бұрым жіберетін. Егіз балалардың бір жынысты болуы жақсылық нышаны саналады. Ал егер әр жынысқа жатса, жаманшылыққа жорып, егіздің сыңарын туыстарының біріне беретін. Жас нәрестенің шетінеуі жиі болатын. Көшпелі тұрмыстың ауырлығы мен жағдайсыздығы, қатал да суық климаттың қолайсыздығы, дәрігерлік жәрдемнің мардымсыздығы мұның басты себебі саналады. Бала тұрмай, шетіней берсе, жыншайтан қызықпасын деп балаға нашар, ыңғайсыз ат қояды. Немесе көп балалы отбасына ырым ғып береді. Кейде нәрестені бөлек үйге жатқызып, оған бөтен, бөгде адамды кіргізбейді. Көз тимесін, тіл тимесін деп, бетіне қазанның күйесін жағып қояды. Емшекте нәрестесі бар әйелге барарда дәметіп, сүт шықпай қалмасын деп, туыстары, жақындары, тәтті дәмділерін міндетті түрде ала келеді.

Өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптарына келетін болсақ, көне дәуірден бастап қоян-қолтық араласып келгендіктен, діні мен наным-сенімінде, тұрмыс-тіршілігінде де моңғолдармен ұқсастық басым. XVII–XVIII ғасырда Тывада ламаизм тарап, ол ақсүйектердің ресми дініне айналған-ды. Кейін халық жаппай буддизм дінін тұтынғанымен, шаман дінінің әсері мол сақталған. Көп ретте тіпті шаманизм дінінің әсері басымырақ сезіледі. Шаманизм бүкіл тіршілік үшке бөлінеді деп есептейді: жер бетіндегі өмір, жер астындағы өмір, аспандағы өмір. Тәңірге, әруаққа, отқа, орманға табынудың сілемдері мол сақталған. Тау мен орман күдіретінің құрметіне өгіз, жылқы, кейде қой құрбандыққа шалынған. Әр түліктің жебеуші пірі, сақтаушысы болады деп ұғады. Өлген адамның қабіріне ескерткіш қоймайды, топырақ та

үйілмей, керісінше, тегістеп жаймалап қояды. Марқұмның жетісі мен 49-күнін атап өтеді.

Тұрмыс-тіршілігінде бұрын көшпелі тұрмыс кешкен туыс халықтармен ұқсастық та баршылық. Қазақтар сияқты жыл қайырып, әркімнің жасын сол арқылы анықтайды. 12 жылда бір мүшел жас белгіленеді. Тываша жыл атауларының ішіндегі бес жыл: тышқан, қоян, жылқы, ит, қабан жылдары мал қыстан аман шығатын, жемшөп жеткілікті болатын, ауа райы қолайлы, сүт пен ет, азық-түлік мол, ел-жұрт үшін қолайлы, бақытты жылдар саналады. Ал сиыр, ұлу, мешін, тауық жылдары, керісінше, жоқшылық жылы саналады. Бұл жылы су тасқыны болады, ауру-сырқау көбейеді. Әр ай өзінің сипаттама атымен аталатын. Мәселен, тиін аулау айы, елік аулау айы, бұлғын аулау айы деп жоспарланған шаруашылық жұмысымен байланысты атайды. Жаздыгүні туған айды көріп әйелдер сүт шашып, тағзым етеді. Айға, жұлдызға қарап ауа райын болжайды.

Ұлттық спорт өнерінің түр-түрі бар. Халықтық өнерден бұға-шатра, черги-шатра, тугул-шатра секілді есепке негізделген, ой-өрісті дамытуда маңызы бар тақта ойыны кең тараған. Тыва шахматы шыдыра деп, шахмат тақтасы шыдыра холу деп аталады. Зерттеушілер атап өткендей, бұл – көне дәуірдегі шығыстың шадранжа ойынына ұқсас ойын. Ұлан-байтақ территорияға иелік еткен түркі ұлыстарының бағы заманнан жаугершіліктен көз ашпағаны белгілі. Тыва халқының да елдің шетінде, жаудың бетінде жүріп атамекенін қорғауда данққа бөленген ұлдары аз емес. Соған сәйкес ұлттық спорт өнерінің ішінде ең көп тарағаны – балуандар күресі. Ата дәстүрі бойынша, ұл бала туылғанда әрбір отбасы елін, жерін қорғайтын күш-қайраты мол балуан болар ма екен деп дәмеленуі, үміт артуы тегін емес дейтініміз де сондықтан.

Тывалықтар – ән-жырға, музыкаға әуес халық. Тыва музыка өнерінің ерте заманнан келе жатқан түріне әр алуан тұрмыс-салт жырлары, лирикалық әндер, күлдіргі частушкалар, көмеймен айтылатын сығыт, қарғыра, хормей секілді халық әндері, сондай-ақ, эпикалық сарындағы жырлар, аспапта орындалатын саздар жатады. Тыва музыка өнерінің өзіне тән төлтума интонациясы бар, метрикалық-ритмикалық өлшемдері әр алуан. Созылып айтылатын халық әндерінің диапазоны үлкен, тынысы кең. Жеке

әншінің қос дауыспен ән салу өнері бар. Музыка аспабының түр-түрі кездеседі. Кең тараған музыка аспаптары ішекті ысқышты допшулуур, шелер-хомус, кулузун-хомус, демир-хомус, үрлемелі аспаптар – мургу мен шоор. Ламалар мен бақсылардың үрлемелі музыка аспаптарына бурээ, бушкуур, тун жатады. Соқпалы аспаптары – шан, конча, дамбра, кенгирге, дунгур. Ауыл аралап өнер көрсететін әнші-жыршы, сазгерлер музыка мәдениетін таратушы басты тұлға боп келген.

3.17. Ноғайлар

Үйленуге байланысты салт-дәстүрлер. Ноғайлықтарда балаларын бесікте жатқаннан атастыратын «бесік құда» немесе «нышан салу» (қалыңдыққа сырға салу) деген түрлері болды. Балалардың некелері туралы әкелері ақылдасты. Бесіктен құдаласқанда күйеу жігіт жағы қалыңмалды біртіндеп жинауға мүмкіндік алды. Атастырылған балалардың әкелері бірін-бірі құда, ал аналары құдағи деп атады. Екі жолдас арасында бала дүниеге келмей жатып құдаласу болды, ол бел құда деп аталды. Ал егер күткен сәбилердің екеуі де ұл болса, олар бір-біріне бауыр деп есептелді. Сонымен қатар алмасу некесі де болды, бұл неке күйеу жігіттің қалыңмал орнына әпкесін беруі В.В. Радловтың айтуынша, VIII ғ. Орхон жазуларынан көрініс тапқан. Жесір қалған қалыңдық күйеуінің үлкен ағасына немесе інісіне қайта тұрмысқа шығуы тиіс. Қалыңмал малмен төленді. Ауқатты отбасының қызына 30-40 ірі қара мал, әрқайсысы 20 рубль тұрды, оған қоса ақшамен құн төледі. 200-ден 300 рубльге дейін. Ең аз қалыңмал 20 сиыр, 100 рубль болды. Қалыңмал мөлшері екі жақтың әлеуметтік жағдайына байланысты болды. Қалыңмалды бөліп төлегенде, қалыңдық әкесі қызын толық төлеген отбасына беруге құқығы болды. Кей жағдайда тіпті атастырылған қызды қалыңмалды көп төлеген жаққа беріп жіберген.

Тойды көбіне күз мезгілінде, барлық жұмыс аяқталған, малға азық жинақталған кезде жасаған. Баланы үйлендірер кезде, қалыңдық таңдау үшін отбасы кеңесін құрған. Бұл кеңесте жігіттің ойы

сұралмады. Қалыңдықты жігіттің отбасындағы әлеуметтік жағдайына байланысты таңдаған. Одан соң айттыру үшін 3-5 құда сайланды. Олардың қатарына салт дәстүрден хабары бар қарттар мен туыстар кірді. Кей жағдайда ұлдың әкесі барды. Құдалар бейсенбі немесе жұма күндері баруға тиіс болды. Ал үй қожасы келісім бермесе де, келген құдаларға қонақжайлық танытып, сыйлауы қажет. Ең алғашқы күні нақты жауап берілмейді. Егер құдаласу көңілден шыққан жағдайда, келесі кездесуде қалыңмалды ақылдасты. Бұдан кейін қыз атастырылған деп есептелді (нышан салынған). Күйеу жігіттің жағы қызды «келін», ал қыздың жағы «куйеу» бала деп атады. Қалыңдық той көйлегін дайындауға кірісті.

Қызды айттыруға келген ұлдың әкесі өзімен бірге қалыңмалдың бір бөлігімен қоса, кашемир немесе жібек орамалдың шетіне байлап, 8-ден 10 рубльге дейін ақшалай сый апарған. Бұл қалыңмал есебіне кірмеген.

Қалыңмалды алып кету үшін қыздың жағынан елші жіберілген немесе қыздың әкесінің өзі барған. Қалыңмал дайындалып жатқан кезде қыздың жағы «кийит» дайындайды (кийим – киім, эт – жасау). Қалыңдық ата-енесіне өз қолымен киім дайындап, өзінің ісмерлігін көрсетуі тиіс болды. Жігіт жақтан құдалар келді, салт бойынша құда шақырушы болып жас жігіт барды, ол жиен немере немесе жиен ағасы болды (құда шақырушы). Оны аса құрметпен сыйлап, қонақтарға киит таратты. Бұл жолы жігіт жақтан келген құдалар, қыздың туыстарын салтанатты неке киюға шақырды. Ал далалық ноғайлықтарда қалыңдыққа арнап күйме дайындалған. Арбамен қалыңдықты жігіт үйіне ешкімге көрсетпей алып келеді. Ноғайлықтарда бұндай арба XIX ғ. кездеспеді. Күймені дайындау және әрлеу ата-ананың басты міндеті болып саналды. Қалыңмал төленген жағдайда қыздың жасауын дайындады. Оның ішіне: керует, көрпе, жамылғы, кілем, төсеніштер кірді. Қол сандық көрсету дәстүрі болды, ол – дайындалған киитті барлығына көрсеу. Киит сөзі кейіннен «сый» сөзімен алмасты. Киитке немесе сыйға жейделер мен көйлектер, орамалдар, тондар, әшекей бұйымдар салынды. Сый әкелген адамды балмен, маймен, ұлттық тағамдарымен сыйлаған.

Қалыңдыққа той көйлегі дайындалды. Ол өзінің қыз кезіндегі бас киімімен және қызыл орамалмен қоштасты. Оның орнына ақ орамал дайындалды, бұл тұрмыс құрғандықтың белгісі болды. Былғары бас киім ішінен арнайы жамылғы жасалынды, ол қалыңдықтың бетін жауып тұрды. Той көйлегіне арнап мойын әшекейлері мен белдіктер алынды. Көйлектің жеңі де ұсақ күміс теңгешелер мен қоңыраулармен әсемделді. Қалыңдық мойнына бойтұмар тақты.

Күйеу жігіт басына телпек киді (рақшын). Ондағы оюлар алтын жіппен кестеленді. Қонақтарға арнап құлын, ірі қара мал, қой сойды, боза қайнатты, қымыз дайындады. Бұл үшін барлық туыстар мен көршілер көмекке келді.

Тойдың негізгі бөлімі – қалыңдықты күйеу жігіттің үйіне әкелу «став кобше». Қалыңдықты женгесі апарды, ал сыйлық салынған күймеде қалыңдық анасы отырды. XIX ғ. бұл салт жойылып кетті. Қалыңдықты апаруда 150-200 атты адам шықты, олар жол бойы неше түрлі ойындар ойнап, жігіттерге арнап сайыстар ұйымдастырды. Қарсы алу үшін күйеу жігіт алдынан шығып, қалыңдықтың көшімен амандасып, кері туыстарының үйіне оралған. Қалыңдық жеткен кезде (қапашар) кіру үшін құн төлеген. Одан соң қалыңдық ақ қойдың терісіне аяқ басып, анасы тіккен шымылдықтың арғы жағана отырады. Қалыңдық анасы бірнеше күн бойы қонақ болып, киит таратады. Қалыңдық жеткен күні күйеу жігіт түнде жасырын қалыңдыққа келеді. Қалыңдық женгесі арнайы төсек дайындап, осы үшін жігіттен сый алады. Егер қалыңдық пәк болмаған жағдайда, екінші күні үйіне қайтарған. Бұл қалыңдық отбасы үшін ұят болып саналды. Беташар қалыңдық келгеннен кейін екінші күні ашылды, тіпті кейде 8-10 күннен кейін ашатын болған. Таңнан бастап жігіт жолдастары жиналып, билеп салтанатты думан ұйымдастырған. Тойда кішкентай балаларды жинап, оларға жеке ас дайындаған.

Тойда балаларды ренжіту үлкен күнә болып саналған. Үлкендер жиналған бөлмеге қалыңдықты кіргізіп, шашу шашқан, төселген жайма үстімен жүргізіп, балаға бетін қасықпен ашқызып, бал жегізеді. Күйеу жігіттің анасы қалыңдықтың аяғын батып қалсын

деп басып тұрған. Кешке жігіт ата-анасының шаңырағына барып боза ішіп, өз үйіне келіп, қалыңдықтың шымылдығын шешеді.

Жас жұбайлар бөлек үйде тұрған. Ата-енесінің бұл бөлмеге кіруге құқығы болмады. Келін ата-енесінің атын, сонымен қатар қайын інілері мен қайын сіңілілерінің де атын атамады. Оларды «менің мырзам, сәулем, еркем» деп еркелетіп атаған.

Ноғайлықтардың неке қию орта жасы қыздардың 13-15 жас аралығы, ал ұл балаларда 15 жастан 25 жасқа дейін болған. Неке қию жасы, ең алдымен, отбасының тұрмыс жағдайына байланысты болды. Қыздың ақысын төлеуге жағдайы жетпеген ноғайлықтардың кейбірі 30-40 жасында үйленіп жатты.

И. Бентковскийдің айтуы бойынша: «ноғайлықтарда 100 ер адамның басына 50 әйел адамнан келген. Осы санақтан бізге белгілісі, кей кезде 13 жастағы тұрмыс құрған жас қызды және 25 жастағы үйленбеген ер адамдарды кездестіруге болады. Сонымен қатар 60 жаста 16 жасар қызды әйелдікке алған ер адамдар да болған. Тіпті 2-3 әйелден алған ер адамдар да болды. Ноғайлықтарда әйел заты жоғары бағаланған және бай кісілермен тұрмыс құрған әйелдердің бағасын одан жоғары көтерген. Сондықтан көбінесе ноғайлықтар жастары таяғанда үйленген немесе кейбіреуі тіптен отбасысыз қалатын».

Бойжеткен қыз неке қияр жасқа жеткенде отбасы мен айналасынан аластатылатын болған. Бұл жайлы XVII ғасырда Жан Батист Тавернье жазған: «Жас қыз 11-12 жасқа жеткенде өз міндетін орындау үшін өз отауынан шықпайтын. Бойжеткен тұрмысқа шықпайынша осылай жалғасқан. Қыздың отауын әсемделген гүлдер арқылы білген».

Ноғайлықтарда некеге тұрғандағы басты шарт ата-анасына қызмет еткені үшін өтемақы ретінде қалың мал төлеу – «калың» болған. Қалыңмал көбінесе мүйізді ірі қара мал арқылы берілсе, ал тауар-ақша қатынасы дами келе ақша төлеу арқылы өтелген. Қалыңмал көлемі екі жақтың да материалды және әлеуметтік жағдайына және қалыңдықтың қабілетіне байланысты болды.

XIX ғасыр әдебиеттеріне сүйенсек, қалыңмал «қырк тывар» ірі қара малдың 40 басы болып есептелген. Әйел ажырасқан не-

месе жесір болған жағдайда көлемнің жартысы төленген. Кішкентай қыз бала туылғанда ауылдастар отбасын құттықтап: «*Кыз баасы кырк тана, кырк тыварынъ хайырлы болсын*» – қыздың бағасы сіздерге 40 ірі мал басын әкелсін» деп айтатын болған.

Тағы да ескеретін жайт, егер қалыңдық күйеуімен тұрғысы келмеген жағдайда немесе опасыздық жасағанда қалың мал толығымен күйеу жағына қайтарылатын болған. Бұл әдет «*шаш алу*» деп аталды. Шаш алу – ажырасуды қалаған әйелдің шашын алу деген мағынаны білдірген.

Шариатта жазылған бойынша, қалыңдық күйеуі қалыңмалдан басқа болашақ әйеліне белгілі бір көлемде ақша немесе мүлік – *махар* тапсыруға тиісті болған. *Махар, мегер* немесе *кебин акы* – күйеу жақтан әйелін жесір қалдырып немесе ажырасуды қалаған кезде берілетін болған. Ақша құнымен махар 50-300 немесе одан көп сомды құраған. Әдетте махарды қалыңдық жасауына және үй жағдайына қолданылатын болған.

Қалыңмалға қарағанда махардың маңызы өте үлкен болмады. Ноғайлықтар үшін қалыңмал өтемі міндетті болған. Көбінесе, махар қалыңмалдың бөлігі ретінде және қыздың меншігі ретінде қарастырылған.

Қыздың ата-анасы тұрмысқа шығарда қыз жасауын беретін болған. *Сеп* немесе *мүлікті* қыздың анасы қыз бой жеткенге дейін жинай бастайды. Бірақ жасаудың үлкен бөлігі құда түскенде немесе тойға дайындық кезінде жасалатын болған. Қыздың жасауы төсек жабдықтардан, жиһаздардан, киіз, ыдыс-аяқтар, үй аспаптарынан, кішкентай және үлкен сандықтардан, айна, әулетті отбасыларда кілем, сонымен қатар ерекше арба – екі өгізбен немесе жылқымен *күймені* қамтыған.

Ауқатты отбасылар қыздарына өгізден басқа түйе, сиыр, жылқыларын отауына қосып беретін болған. Әлеуметтік жағдайлары жоғары ата-аналар малды көп мөлшерде берген.

Сонымен қатар қыз жасауына қалыңдықтың киімі, әртүрлі заттар, жас жұбайлардың жаңа үйін жинауға арналған жабдықтар кірген. Қалыңдық өзімен бірге күйеуінің жақындарына арнап әртүрлі сыйлықтар алып баратын, мысалы, орамал, үлбір тон, ерлерге және әйелдерге бас киімдер, тақия, бешпет, тігілген

аяқ киім, белдіктер, қолдан жасалған дүниелер, дорба, *бохша*, әртүрлі әйелдердің күміс әшекейлері – білезіктер, белдіктер, төске тағатын түймелік.

Қыз жасауының көлемі әртүрлі бола беретін, күйеу жағынан төленген қалыңмалдан үлкен немесе кіші. Тек бай отбасылар ғана көлемін ұлғайтып бере алатын.

Той сыйлықтарына *кийитлер* – күйеудің жақындарына арналған сыйлықтар кірді. Қалыңдық жағы әртүрлі тон түрінен 10 тон, халат, «астрахандық» үлбір бас киімдер, алтынмен немесе күміс зермен тігілген тақиялар, бешпеттер, кең белдіктер, кілемдер сыйлаған. Әйелдерге бешпеттер, тиін ішік, елтірі тон, жібек жейделер, орамалдар мен сырғалар, т.б. әшекей түрлерін сыйлаған.

Ноғайлықтар некені өз халқының арасында құрған, әйтсе де қалыңдықты алыс ауыл-аймақтардан алатын болған. Ең таралған неке құру тәсілі екі жақтың ата-аналарының келісімі арқылы жүргізілген. Зорлықпен немесе алып қашу көріністері кездеспеген.

Үйленуге қатысты әдет-ғұрыптар. Басқа халықтардағыдай ноғайлықтарда да үйлену салты құда түсуден басталады. Ұл бала неке қияр жасқа жеткенде ата-анасы лайық қыз іздей бастайды.

Үйлену рәсімі бірнеше кезеңнен тұрған. Бірінші кезең – құда түсу – *айттырып кельув*. Құда немесе айттырушы қызметін әкесі, үлкен ағасы немесе жездесі мен нағашысы орындайтын болған. Әйел әдетте құдағай ретінде шықпаған, тек өзінен үлкен ер адам болмағанда жесір әйелге рұқсат берілген.

Қалыңдықтың отбасы некеге бірден келісім бермейді, алдымен барлық туыстарының *кардаш тувғанларынан* келісін алу керек болатын. Бұл кезде құдалар шәй беріп, шығарып салған. 7-10 күннен кейін қайта келеді, бірақ ол жолы да құр қолсыз қайтады. Тек үшінші келгенінде қыз жақтың шешімін алып қайтады. Егер қыздың отбасы қарсы болса, қыз оны туысының біреуі қарсы болды деп дәйектейтін. Ал егер шынымен бір туысы қарсы болса, отбасы толығымен ойланбай қарсылығын айтатын.

Екінші кезең – *атастыру* – *бегитуув*, *белгилев*, *келисуув*, *айттырув* деп аталды. Атастыру жексенбі күні кешке немесе сәрсенбі күні өткізілді. Ноғайлықтар отбасылық рәсімдерді өт-

кізу кезінде белгілі бір апта күндеріне, айға, жыл уақыттарына көңіл бөлген. Мысалы, неке қию үшін сәтті күн болып сейсенбі, бейсенбі және жұма күндері болып саналды. Атастыру ешқандай салтанатсыз өтетін, қыз жақтан да, ұл жақтан да тек үлкен жастағы жақындары жиналатын. Басты ас ретінде қалмақтар шәйі саналды. Атастыру кезінде құдалар қалыңдыққа сыйлық ретінде үлкен орамал, сирек сақина, сырға алып келетін. Және кейде олармен бірге күміс пен 10-20 сом қалыңдықтың анасына сыйлық ретінде жіберетін. Бұл әрекет «*шайтан оытпес*» шайтан белгіленген іске кедергі жасамасын деп аталатын.

Құдалар қалың малдың көлемі және кіші тойдың уақыты жайлы, басқа да той мәселелері жайлы ақылдасатын. Қалың мал келісімі кезінде қалыңдықтың отбасы барлық туысқанын айттып шығатын және кімге қандай сыйлық керектігін жеткізетін, осыған байланысты қалың малға қанша жылғы, сиыр, өгіз және ақша қажеттігі шешілетін.

Осы күннен кейін екі жақ бір-бірін құда-құдағай деп атайтын болады. Атастырудан кейін қыз ресми түрде қалыңдық *айтылған, берілген* деп аталды. Қалыңдық күйеуінің жақындарына көрінбеуге тырысатын немесе құрбыларымен қыдыратын. Атастыру салты қызға орамал *явлық байлау* тағумен аяқталатын.

Үшінші кезең *кишкей той* кіші той деп аталды. Бұл кезеңде қалың малдың қалыңдықтың үйіне әкелуі жүргізілетін. Үйге екі жақтың жақындары жиналады.

Ұл баланың жақындары табынды, қалың мал ішіндегі сыйға берілген ақша мен сыйлықтарды, қалыңдық жақтан берілген бағалы заттарды *мал коьрмеге* алып келеді.

Атастыру мен үйлену рәсімінің ортасындағы уақыт бір айдан бірнеше жылға дейін созылған. Үйленгенге дейін жігіт өзінің қалыңдығын көруге, оның үйіне барып, бірнеше күн немесе апта сонда болуға құқылы болды. Екі жастың кездесуін қалыңдықтың жеңгелері ұйымдастыратын, осы үшін олар жігіттен ақшалай сыйақы сұрайтын.

Екі жастың кездесуі жалпы немесе жеке қалыңдықтың күймелі арбасында болатын. Қыз күймелі арбада өзінің бос уақытын өткізетін, тігін тігіп, құрбыларымен көңіл көтеретін.

Г. Ананьевтің айтуы бойынша, жігітке өзінің қалыңдығының үйіне барып жүруге және онда тұруға шарифатта рұқсат етілген. Қалыңдық күйеуінің үйіне екіқабат болып немесе балалы болып келген жағдайлар кездескен. Себебі жас жұбайлардың арақатынасы қалыңдық қайын жұртының үйіне бармай тұрып басталған.

Қалыңдықтың отбасының үйінде дүниеге келген бала *йиен* немесе *матай* деп аталған.

Төртінші кезең барлық кезеңдердің ішіндегі ең маңызды әрі қиыны *уллы той* – үлкен той деп аталады. Г. Малявкиннің айтуы бойынша: «Молда басқа адамдардың ортасында ата-анасынан қызы кісіге тұрмысқа шығуды қалайтынын не қаламайтынын сұрайды. Қыз келіседі. Жігіт жақтан қалың мал өтемі қашан өтетіні сұралады. Содан кейін дұғалар оқылып, рәсім аяқталады.

Той алдында қалыңдық жеңгелерімен, құрбыларымен бірге барлық туған және нағашы туысқандарын қыдырып келетін болған. Осылай қыз туысқандарына қоштасу сапарын өткізіп, өзінің тойына шақырады. Қыздың барлық туысы оған құрметпен қарап, сыйлық, көбінесе күміс әшекейлер мен киім беретін болған. Көлемді сыйлықтарды, мысалы, үй жабдықтарын, табынды тойға алып баратын.

Той көбінесе күз немесе көктем айларында өткізілетін болған. Той күнін таңдамас бұрын ноғайлықтар астрологтарға барып, олардың *Сафарюлдыз* планетасы арқылы сәтті күнді анықтауына жүгінген. Тойды планета түзу қарағанда жасауға болмайды, Сафарюлдыз артта немесе жанында орналасқанда той өткізу керек болған.

Той күні белгіленіп қойғанда және барлық кедергілер жойылғанда қалыңдық пен күйеу жігітті ата-аналарының үйінен туысқанының немесе ауылдасының үйіне көшірген. Ондай үйлер *туьскен уьй* – аялдама жасалатын үй деген мағынаны білдірген. Ол той жүргізілу кезінде маңызды роль атқарған жақын досының үйі немесе үйдің күйеу баласының үйі болуы мүмкін. Қалыңдық ол үйді 2-3 күннен кейін қалдырып кетсе, күйеу жігіт бір айдан ұзақ қала беретін болған. Үйдің қожайындары барлық шығынды өздерінің мойнына алған.

Той күнінен бастап күйеу жігіт үйінде жақын қарым-қатынас басталады. Екі жас бірінің әкесін ата, анасын ана, т.б. атаған. Ал олар жігітті ұлым, қалыңдықты қызым деп өз балаларынан кем көрмеген.

Тойдың бірінші күні қалыңдықтың үйінде күйеу жігіттің 50-100 шақты туыстары жүреді.

Жас жұбайлар үшін жаңа, әсемделіп жиналған киіз үй – *отау* қалыңдықтың әкесінің сыйлығы. Киіз үй ақ кигізбен жабылған, есікке үйдің басынан түсетін – *манглашай*, киіздің бөлігі үшбұрыш формасында болған, есіктің екі жағына да киіздің тілмесін – *иныг* және *биеле* ілінген. Жас жұбайдың үйі екенін білдіріп тұратын ерекшелік – *тунглик*, бір жағы ақ мақтадан немесе қызыл барқытпен жасалған, ал екінші беті шыттан жасалған. Оны ұзын сырыққа байлап, түнде оны үстіңгі бетін жабу үшін түсіріп қоятын.

Тойда қонақтар үлкендігі бойынша жайғасатын, ер адамдар мен әйел адамдар бөлек отыратын, қалыңдық қошеметшісімен қонақтардан бөлек күймелі арбада, ал күйеу жігіт өзінің достарымен бөлек арбада отырады.

Ас ретінде тойда ет тағамдары, көбінесе сиыр, қой еттері пісірілді, ал бай кісілер жылқы немесе түйе сойды. Мұнда қалмақтық шәй немесе майға пісірілген тәтті қытырлақ нан және басқа да тағамдар берілген. Сусындардан ерлерге қымыз, кейде арақ берілді.

Жас жұбайлардың киімдері көбінесе қызыл жібек көйлек, жібек ұзын шалбар, ашық түсті жібектен тігілген тізеден түсіп тұратын бешпет, кең белдік, үлкен күміс айылбадан тұрған. Қалыңдықтың шашы екі өрімге өріліп, оған лента – *шаш бау* байлайтын. Басына *сияуш* ерекше күміс бас киім киетін.

Неке түнінен кейін жас жұбайлар қызыл орамалды зайыптылық белгісі ретінде ақ түске ауыстыру керек. Кейде қалыңдық сол кезде ауыстыратын, әсіресе егер қыз өз ата-анасының үйінде некелік өмірді бастаған болса, оның қызыл орамалын ақ түске ауыстыратын. Күйеу жігіттің үйіне барарда қалыңдық басына жамылғы – *буьркенишик* жамылатын немесе шымылдыққа оранатын.

Барлық кедергілер аяқталғанда қонақтар үйге шақырылатын. Және айтыс ретінде олардың таныстырылу рәсімі жүргізіледі. Мысалы, үйдің үлкен жеңгесі күйеу жігіттің елшілерін қарсы ала отырып, өз өлеңінде келінді мақтауды ұмытпайды:

Хош келдинъиз, кудалар, тойымызга, яр-яр,
Сизди алып туры әдик ойымызга, яр-яр,
Кишкенеден аьруьвим, камка кести, яр-яр,
Обз тенъининъ янында артык обсти, яр-яр,
Кийгени аьруьвимнинъ ал шугадай, яр-яр,
Обз тенъининъ каында каршыгадай, яр-яр.

Бұл сөздерге қарсы жігіт жақтан құдаша жауап қайтарады:

Кел-кел, кудама, кел, кудама, манълайыма, яр-яр,
Таьтли юзим салайым танълайынъа, яр-яр,
Кобзенекли ал явлык тартысайык, яр-яр,
Кел-кел, кудама, кел, кудама, айтысайык, яр-яр.

Осылай айтыс ұзақ уақытқа дейін созылатын. Осыдан кейін қонақтар мерекелік дастарханға жайғасып, ән-бимен көңіл көтеретін. Қалыңдық артынан келген елшілер таңға дейін немесе кешке дейін қалуға болатын. Ата-анасымен айырылысу сәтінде анасына жылап ұмтылатын. Осылай қалыңдық өзінің қайғысын, ата-анасының оны өз қалауынсыз тұрмысқы бергенін көрсеткен.

Ата-анасымен айырылысқан соң қызды арбасына отырғызып, сонда да жібергісі келмей шығарып салатын болған. Күйеу жігіттің үйіне аттанбай тұрып 2-3 сағат бұрын үйге жасауымен арба – *юк арба* жіберетін. Егер күйеу жігіт пен қалыңдық бір ауылда тұрса, елшілер жаяу артынан еретін. Ал қалыңдық отырған арба ауылды бір рет айналым жасайтын. Әдетте елшілер саны 30-40 адам санын құрайтын. Көбінесе адам саны рудың көлеміне немесе отбасындағы адам санына байланысты. Күйеу жігіттің ауылына жеткен шақта жігіттің достары бір-бі-

рін қуып арбаны қарсы алады. Олар қалыңдықтың арбасын тоқтатып, сыйлыққа дорба, тақия, орамалдар, белдіктер сұрайтын. Егер жеңге берген сыйлық ұнамаса немесе жеткілікті болмаса оны қамшымен сабайды.

Той шеруі күйеу жігіттің үйіне жақындағанда оның барлық туысы қарсы алып, оларды бозамен қонақ ететін, арбаны тәттілермен, тарымен, тиындармен шашып толтыратын. Бір жеңгесі есік ашып, ол үшін *капашар* алса, үлкен жеңгелері қалыңдық пен күйеу жігітті қолынан ұстап күймеден шығаратын. Қалыңдық алдымен теріге оң аяғын басып, содан кейін сол аяғымен есікке аттауы тиіс.

Той рәсімінде ноғайлықтар үшін тәттілер үлкен роль атқарды. Олар үшін тәттілер достық пен тәтті өмірдің кепілі болып саналды. Қалыңдықтың немесе оның анасының арбасына міндетті түрде *шашув* тары және майда тиындар араласқан кәмпиттер шашылуы тиіс болды. Қалыңдық бөлмесіне кірерде оған жігіт жақтан жасы үлкен әйел кісі *балаяк* кеседе бал алып келетін. Ол қалыңдықтың барлық туысына берілетін.

Аса үлкен құрмет қалыңдықтың анасына көрсетілетін. Дәстүрлі тамақ бергеннен кейін оған *табак* күйеу жігіттің анасынан сыйлықтар қойылған поднос алып келінеді. Әдетте сыйлықтар 7-8 аршын қымбат матадан, орамал үшін үш аршын ақ мата, үлкен жібек матадан, қойдың төсі, 10-15 сом ақша мен тәтті берілетін болған.

Қалыңдық әкелінген соң перденің артына отырғызылып, ол сол жерде бір апта бойына барлық уақытын өткізетін. Рәсім өтіп болған соң, сол түні немесе келесі күні жігіт қалыңдықтың бөлмесіне келеді, сонда неке түні өтеді.

Той өткеннен кейін 20-30 күннен соң қыздың анасы немесе жеңгесі келіп қызды алып кетуге рұқсат сұрайтын. Бұл салт *тоьркинине барув* деп аталды. Әдетте қыз төркінінде бір айдан асып жатпайтын. Қыз туыстарына енесі беріп жіберген сәлемдемені тарататын. Қалыңдық өзінің тұрмыс құрғанын барынша жасыруға тырысатын, өзінің ақ тастарын шешіп, басында бешпет тағатын. Сонымен қатар өзіне көңіл аудармау үшін шығатын

кезде жаяу шығып, тек ауыл сыртында арбаға отырып кететін болған. Одан кейінгі ата-анасының үйіне барарда бұл салт сақталмады.

Қалыңдық себепсіз ата-анасының үйіне баруына тыйым салынды, әсіресе егер қыздың анасы өмірде жоқ болса, үйіне баруға болмайтын.

Қыздың ата-анасы 3-6 айдан кейін күйеу баланы да үйлеріне шақырады.

Ол *куев коьринмеге келсин* деп аталды. Әдетте жігіт онда достарымен сыйлық алып баратын.

Осылай ноғайлықтарда той рәсімі өтетін.

Бала туу және оның тәрбиесі. Балаға байланысты әдет-ғұрыптар көрші халықтардың, әсіресе көшпелі ноғайлардың дәстүріне ұқсас.

Жас келіннен ең алдымен баланың, әсіресе ұл баланың туылуын күтті. Әйелдің жүктілігі кезінде оның кез келген өтініші орындалды. Жүкті әйелдің өтінішін орындаудан кім бас тартса, жаман ырым боп саналған. Жүкті әйел алғашқы толғағы басталғанға дейін тек жеңіл жұмыстар істеген.

Жас келіннің анасы алдын ала бесік, жамылғы, жаялықтарды дайындап қойған.

Әйелді босандыру жеке бөлмеде еденнің үстінде жұмсақ мата, пішен төселетін. Толғақ басталғанда ер адамдар үйден шығып кеткен.

Әйелді арнайы босандырушы әйел босандырған. Үйдің төбесінен босанатын әйелге дейін теріден иленіп жасалған белдік ілініп, белдіктің үстіне босандыратын әйелге берілетін орамал, тағыншақ бұйымдар бекітілген. Толғақ басталғанда әйел белдіктен тартып ұстап тұрған. Әйелдің босануы қиындағанда күйеуі әйелдің үстінен 3 рет аттайтын болған. Бұндай жағдай босануға кедергісін тигізіп жатқан «жаман рухтардан» құтқаратын болған. Сонымен қатар, туысқандары мен достары үйдің жанына жиналып айғайлап, бос қазанды балғамен ұрғылап, осылайша «шайтандарды қуған».

Жаңа туылған нәрестенің кіндігін арнайы пышақпен кесіп, баланы жылы суға шомылдырып, жеңіл матамен және жамыл-

ғымен ораған, ал 2-3 күннен кейін тұзды суға шомылдырған. Нәрестені шомылдырған суды шұңқырға төгіп, су құмға сіңгеннен кейін шұңқырдың бетін қолмен жауып қойған. Егер бұрын туылған балалар шетінеген болса, нәрестені шомылдырмастан бұрын терезеден шығарып, есіктен кіргізген. Бұл қаскүнем күштерді «адастыру» мақсатынан туындаған болса керек.

Көмекші әйел босанған әйелге белбеу байлаған. Жаңа туған нәрестенің мойны тезірек қатайсын деген мақсатпен босанған әйелге тауықтың мойны мен сорпасын берген. Бала туылғанның алғашқы күндері анасы мен нәрестені үйде жалғыз қалдырмайтын. Наным-сенімдер бойынша үйде босанған әйел мен нәрестеге зиянын тигізетін албасты-жындар, басқа да жаман рухтар болады деп жорамалдаған. Анасы мен баласын көз тиюден қорғау үшін мойындарына тұмар тағып қоятын. Жас босанған әйел бірнеше ай бойы кешке жақын далаға шықпайтын және су әкелмейді, қоқыс шығармайды.

Алғаш рет нәрестені алдын ала келісіп қойған көрші әйел емізетін. Ол міндетті түрде оң жақтан бастап емізуі тиіс. Жаңа босанған әйел нәрестені алғаш емізген әйелге ұқсасын деген ниетпен денсаулығы мықты, текті әйелді таңдаған. Нәрестені алғаш емізген әйел нәрестенің сүт анасы, ал оның өз баласы мен жаңа туылған нәресте сүт ағалы-інілілер болып саналған. Өзін жақсы сезінгеннен кейін 5-6 күнде жас босанған әйел далаға шығуына болады. Егер әйел бірінші рет босанған болса, онда оның енесі балаға қалай күтім жасау керектігін үйреткен. Анасы баласын 2 жасқа дейін, кейде 3 жасқа дейін емізді. 10-15 күн өткеннен кейін нәрестеге мағыналы ат қойылады.

Нәрестеге ат қойып болғаннан кейін оны бесікке салды. Бесікке салу нәрестенің кіндігі жазылғаннан кейін жүзеге асырылған. Құдаларына сыйлық алып, босанған әйелдің анасы келетін. Босанған әйелдің анасы бесік, жаялықтар мен жөргектер алып келген. Нәрестені бесікке босанған әйел жағынан келген, беделді, қартаң әйел салады. Нәрестені көз тиюден сақтау үшін бесікке тұмар таққан және жастығының астына пышақ немесе темір зат салып қойған.

Нәрестенің туғанына 40 күн толғаннан кейін үстіндегі көйлегін шешіп, итке кигізді. Бұл көйлек «иткөйлек» деп аталды. Осыдан кейін бала күшті болады деген сенім бар. Сонымен бірге нәрестені таза ауаға алып шыққан. Баланы көршілердің біреуі алып, әкесінің қолына берген. Дәстүр бойынша жас әке нәрестені өзі қолына ұстамай анасына берген, егер жасы келген болса, өз қолына ұстап, күн жылы болса, шөптің үстіне аунатып, содан кейін әйелдерге берген.

Алғаш рет нәрестенің шашын тықырлап алады. Бұл ғұрыпты нәрестенің анасының бауыры немесе бауыры жоқ болса, басқа жасы үлкен туысқаны жүзеге асыратын. Бұндай жағдайда дастархан жайылып, ат жарысы, күрес өткізілді.

Бала екі жастан сегіз жасқа дейін сүндетке отырғызылды.

Баланың сүт тістері түскенде матаның бөлшегіне орап, сарайдың шатырына тастайтын. Баланың түскен сүт тістерін осылай тастаса, жаңадан шыққан тістері әдемі және мықты болып өседі деп саналған.

Ноғайлықтарда баланың тууы отбасындағы ең қуанышты және салтанатты рәсім болып саналатын. Көп балалы болу отбасындағы амандық пен бақыттың кепілі болып саналды.

Ноғайлықтарда ұл баланың туылуы қыздарға қарағанда көп болды, себебі жас қыздардың ерте жаста тұрмысқа шығуы ал жігіттердің кеш жаста үйленуі деп қарастырылды.

Жүкті әйел қиын жағдайда босанатын, үй тіршілігінен сирек босатылатын. И.Т. Мутениннің айтуы бойынша, киізбен жабылған үйінді пішенде бала туған. Бала туу кезінде медициналық көмек болмаған, бірақ діни-сиқырлы әдістер көмектескен.

Ноғайлықтардың ойлауынша, әйел бала туатын кезде *албасты* келіп оны өлтіруге тырысып, баланы ауыстырып тастауы мүмкін екен, сондықтан бала туылатын кезде бөлмені қарауылдап тұру керек деген сенім қалыптасқан.

Жүкті әйел бала туу үшін төркініне бір немесе екі ай қалғанда кететін болған. Кейбір әйелдер барлық балаларын ата-анасының үйінде туса, кейбіреуі тек тұңғышын туатын болған. Босанған әйел баласына 40 күн болмайынша ата-анасының үйінде қалады. Күйеуі бұл кезде әйелін көруге бара алмайтын.

Бала туылған соң баланың кіндігін кесіп және байлап баланы тұзды суға салатын. *Аналық* салты бойынша балаға үйдегі басқа әйелдің емшегін емуге беретін. Ол әйел отбасынан күміс сақинаны сыйлыққа алатын. Әйел *суьт ана* деп аталып, баланың екінші анасы ретінде саналды.

Келесі салт маңызды салттардың бірі болып саналатын – баланы бесікке жатқызу. Бұл күні барлық туысқан жиналып, балаға және шешеге сыйлық ала келетін. Баланы жасы үлкен әйел бесікке жатқызатын. Рәсімді атқара отырып ол әдейі екі рет дұрыс емес жатқызатын және екі рет сұрайды: «Дұрыс жатқызып жатырмын ба?», оған жауап ретінде басқа әйелдер: «Жок» дейді. Үшінші рет жатқызғанда дұрыс жатқызып, басқа әйел мысықты баланың үстіне қояды. Ол бала мысық сияқты ұзақ және тыныш ұйықтасын дегенді білдірген. Сол кезде басқа әйел бесіктің үстінен тауық жұмыртқасын үш рет «жұмыртқадай тығырсын» жұмыртқадай тербелсін деген сеніммен айналдырған. Бұл рәсім әйелдің балаға емшегін еміздіруімен аяқталады.

Осындай салтанатта балаға есім берген. Әдетте отбасы ақылдасып таңдаған есімді баланың құлағына сыбырлап, «құттықтаймыз» деп айтты. Есімдер мұсылман аттарынан алынған, сонымен қатар белгілі бір сенімге қатысты әртүрлі есімдер: бала өмірде ұзақ қалуы үшін Яраш, Құраш, Қалсын, т.б., сәуелі күні туылған балаларға Күнбике, боранды күні туылған қызды Боранқыз, айлы түні туылған қызды Айбике, т.б. есімдерін қойған.

Егер бала өлімі көп болса, онда отбасын өлім қуалап жүр деп ойлап, бала туылған соң 5-6 немесе 1 жылдан соң баланың ұрлануы немесе асырап алу салты ұйымдастырылатын. Бұндай жағдайда туысы немесе көршісі баланы алып кететін. Жаңа отбасында балаға сол құлағынан жаңа есім берілетін. Баланың ата-анасы біраз уақыттан кейін балаға іздеу салып, оны тауып, қайтадан өздерінің балалары ретінде алатын.

Бір немесе бір жарым жылдан кейін баланы емшектен шығарып, 3 жасқа дейін оны бесікте жатқызатын. Баланың анасына үлкендердің алдында баласын тербетуге немесе қолында ұстауға

тыйым салынған. Бұл қызметті үлкен жасты әйелдер немесе жас қыздар атқарған. Бесік жырын баланың әжесі айтатын болған.

Алты айдан соң баланың шашын алғашқы рет қырқады, ол – *қарыншаш* деп аталды. Бұл қызметті баланың атасы немесе ағасы алатын болған, ол үшін жаңа қайшы әкелетін. Баланың шашын қырыққан адам балаға сыйлыққа құлын, өгізше, бұзау беретін.

Барлық мұсылмандар сияқты ноғайлықтар да баланы сүндетке отырғызу салтын жүргізген. Әдетте бұл рәсім 2 жастан 8 жасқа дейін жүргізілетін. Және оны молда өткізетін.

Ноғайлықтар балаларын қатал тәрбиемен өсірген. Кішкентай жасынан қызды үй шаруашылығына, ер баланы шаруашылыққа үйреткен. Қыз балаларға жеңіл, таза жұмыстар берілетін. 11-12 жастан қыз баланы бөлек бөлме немесе пердемен жабылған бұрышқа орналастыратын. Қыз баланы кішкентай кезінен ер балаға қарағанда жақсы киіндіріп, тігін мен пішуді үйреткен.

Балалар білім алмаған, тек ауыл молдасынан құран оқып, орыс мектебіне барған.

Көп уақытын балалар түрлі ойындармен өткізетін, балалардың дене бітіміне көп көңіл бөлінді. Ер балалар жүгіру, секіру, тас лақтыру, садақ атудан жарыстар өткізетін.

Жасөспірім ер балалар кешке жиналып, домбырада ойнап, өлең айтатын. Наурыз айының соңында балалар тікенді бұта алып, үй-үйлерге өлең айтып аралайтын:

Яз келди япан,
Тигилди кара шапан,
Энди келди яз заман.

Азан-азан, шаьбден-шаьбден,
Навруз келди муьбарак!
Уьй артында коьллер,
Какылдайды казлар,
Бизге явлык бермейди
Кениншек менен кызлар

Азан-азан, шабден-шабден,
Навруз келди муьбарак!

Әрбір үйде балаларға таяқтың басына байлап сыйлықтар беретін, сонымен бірге тәттілер, жемістер беретін.

Алғаш көктем жаңбыры жауғанда олар Құдайға арнап *Тенгри* әнін өлеңдетіп ауылды аралайтын.

Өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұраптар. Жерлеу және еске алу ғұрыптары діни сенімдермен, әсіресе ислам дінімен, сонымен қатар исламға дейінгі сипаттармен тығыз байланысты болды.

Әдет-ғұрып бойынша хал үстінде жатқан науқасты жалғыз қалдырмаған. Адамның хал үстінде екенін байқағанда туыскандары имамды шақырған. Оның қатысуымен науқас адам өз өсиетін айтқан. Туыскандарының қатты дауыс шығарып жылағаны науқас адамның қайтыс болғанынан хабардар еткен. Үйде отырған әйелдер шаштарын жайып, беттерін тырнап, қатты жылаған күйі далаға шыққан.

Қайтыс болған адамның үйіне жақын адамдары мен көршілері жиналған. Басқа ауылдарға туыскандарына хабар беру үшін хабаршылар аттанған. Хабаршылар адамның өлгенін тікелей емес, астарлап жеткізетін болған. Наным-сенімдер бойынша адамның рухы кейде өлмей «осы өмірде» қалып қояды деп сенген.

Қайтыс болған адамның туыскандары алыстан қатты дауыс шығарып, «бауырым-ай, туғаным-ай» деген сөздермен үйге кіретін болған. Олар өлік жатқан жерге жақындағанда қатты дауыстап жылап, артында қалған отбасының қайғысына ортақ екендерін білдірген.

Жылап жоқтаушы адам өлген адамның өмірі жайлы, жеткен жетістіктері жайлы өлеңге қосып жоқтаған. Адам қайтыс болған соң төртінші күні және жылдығында да жылайтын.

Өлген кісінің туыскандары мен жақындары қаралы қара киім киетін. Кейде ер адамдар өз қайғысының белгісі ретінде басына қаралы бас киім киетін. Бұл бас киім жерлеу күнінен бір жыл өткеннен кейін шешілетін.

Адам өлген күні жерленетін, егер түстен кейін қайтыс болса ертеңіне жерленген. Өлген адамды жуындыратын. Әйелдерді әйелдер, ер адамдарды ер адамдар жуындырған.

Өлікті жуындырмастан бұрын арнайы ағаш табытқа салып, оның астына астау қойған. Өлікті орау үшін дайындалған кебіннің шетінен кесіп алынып, жуындыру үшін қолғап жасалған. Содан кейін үш бөліктен тұратын кебінге ораған.

Моланы жас ер адамдар қазған. Мола онша терең болмаған. Моланың оң жағына өлікті жатқызатын жер – ақым қазылған. Ақымды сабан кірпішпен бітеп моланы жауып тастаған. Басына өліктің рулық белгісімен тас, жұлдыз бен жарты ай, кейде өлген күні көрсетіліп қойылған.

Қайтыс болған адамның жақындары мен туысқандары өлікті жерлеуден жылап оралған. Осы күні еске алу күнін жасаған. Қайтыс болған адамның үйінде жеті күн тамақ дайындалмаған, тамақты туысқандары әкеліп тұратын. Сонымен қатар еске алу адамның жетісінде, қырқында, жылында да өткізілетін.

Ноғайлықтар ауру кісінің шарасыз жағдайын білгенде оның соңғы қалауын сұрап, оны жүзеге асыруға тырысатын. Содан кейін молда шақырып, құраннан сүре оқитын. Кісі қайтыс болғанда әйел адамдар оны қоршап, жоқтап жылайтын, ал ер адамдар сыртқа шығып жылайтын. Сол күні қайтыс болған кісіні жуып, кебінмен жамылдырады. Қарт әйел кісіні жамылдырмай тұрып, оған ұзын қолды көйлек – *ахират коьйлек* кигізетін. Шаштарын кеудесіне түсетіндей етіп тарап, басына ақ бөзден орамал жабатын. Кейбір жағдайларда сәлме жабатын, сәлмені ер адамдардың да басына байлайтын. Жас адамдар қайтыс болғанда оларға кебіннің астынан әсем киім немесе қыздарға әшекей тағатын.

Егер кісі күндіз қайтыс болса, жерлеу салты сол күні жүргізіледі, ал кешке қайтыс болса, келесі күнге ауыстырылады. Мәйіттің бетін қабірге қаратып, батысқа бұрып, басын шығысқа қаратып жерлеген. Қабірді қамыс төсенішпен немесе тақтаймен жапқан. Әйел адамдардың қабірін ер адамдарға қарағанда тереңірек қазған.

Ноғайлықтардың бейіттері – *оьлик, мезар* жоғары жерлерде орналасады. Көбінесе бір бейітте бірнеше ауылдың қайтыс

болған адамдарын жерлеген. Мәйітті арбамен көтеріп, астына пішен мен кигіз төсеген. Оны тек ер адамдар шығарып салған, кейбірі жаяу, кейбірі үстінде.

Жерлеу рәсімі 7 күн өткізілген. Көңіл айтып келген қонақтардың бәрін шәймен күткен. Кісілер топпен және жылап, ал ер адамдар басын төмен түсіріп келетін болған. Әйел адамдар мен ер адамдар бөлек орналасқан.

Әрбір жасы үлкен әйел адамдар өз орнын алып, өз қайғысын тек жылап емес, жоқтау – *бозлавлар* айтып көрсететін болған. Және бәріне бірдей жоқтау айтуға тыйым салынған. Бәрі кезекпен, жақын туыстары көп, ал алыс туыстары сирек айтатын болған:

Алла язган язувым,
Атам коскан косагым,
Этиме кийген коьйлегим,
Эт касыган тырнагым,
Калемпир туьсли коьйлегим,
Кимге бердинь киймеге?
Касы аргымак айванды,
Кимге бердинь минмеге?
Сув тилесень бал берген
Обзинье алган кутсызды
Кимге бердинь суьймеге?

Жерлеу рәсiмiнде жетiншi күнi *етиси*, қырқыншы күнi *қыркы*, *арты* және жылы *иылы* деп аталды. Ол күндерi ас берiлдi.

Барлық шығынды тек қайтыс болған адамның отбасы ғана емес, барлық туысы мойнына алады.

Ер адамдар 40 күнге дейін сақалын алмай немесе жылына дейін жаңа киім кимей жүрген. Әйел адамдар *қир киюв* қаралы киім киген. Қаралы киім қара көйлектен, бешпеттен және ақ орамалдан тұрды.

Бақылау сұрақтары:

1. Ноғай халқының бала тууға байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
2. Ноғай халқының бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне тоқталыңыз.

3. Ноғай халқының үйленуге байланысты әдет-ғұрыптары қандай?
4. Ноғай халқының өлік жөнелтуге байланысты салт-дәстүрлеріне талдау жасаңыз.
5. Ноғай халқының екі қабат әйелге байланысты ырымдары мен тыйымдары қандай?

3.18. Шалқандар

Үйленуге байланысты салт-дәстүрлер. Шалқандар өз араларында туыс ағайындардың үйленуіне қарсы болды (экзогамия дәстүрі бойынша, алышпас деп аталды). Шалқан руы шақшыл руымен қыз алысып, қыз берісе алды. Ағайындылардың, олардың балаларының үйленуіне тыйым салынған. Ал басқа руға берген апалы-сіңілілердің балалары бір-біріне үйлене алды. Сондай-ақ туған ағайындылар мен апалы-сіңілілердің балаларына үйленуге тыйым салынбаған, олар әртүрлі рудың балалары болып саналды.

Оларда ішкі некені *соок* деп атаған, егер соок заңы бұзылса, бұзған адам туралы дұрыс пікір қалыптаспаған. Тарихи деректер бойынша, шалқандарда ауыл ішінде тек бір некелі болған деген мәлімет бар. Туысқандық әкелік жолмен жүріп отырды. 1930 жылғы зерттеулер нәтижесі бойынша, шалқандардың үйленуге байланысты әдеп-ғұрыптары Солтүстік Алтай тайпалары мен шорлардікіне ұқсас болған.

Л.П. Потапов Ғылым Академиясының арнайы бағдарламасы бойынша 1950–1960 жылдары туған адамдар арасында сауалнама жүргізді. Ол 707-ден астам сұраққа жауап алып, соның ішінде шалқандар руларының арасындағы туыстық және некелік қарым-қатынас жайлы 40-тан астам термин сөздерді жазып алады. Потаповтың айтуынша: «teen» терминінің мағынасы менің ұлымның ұлы, менің қызымның қызы, әпкемнің ұлы, әпкемнің қызы, әпкемнің немересін, әпкемнің жиенін, менің әкемнің ағасының қызының ұлы, менің әкемнің баласының қызының қызы, менің әкемнің әпкесінің ұлы, менің әкемнің қызының қызы және т.б. түсінік берген. Осындай атауларға қарап шалқандардың арасында үлкенді сыйлау, оларды өз атымен атамай, арнайы атпен атағаны

ертеден келе жатқан әдет-ғұрып екендігін көруге болады. Үлкен ағасына ача, кіші інісіне тунма, үлкен әпкесіне эче, сиңілісіне тунма деп айтқан. Өзінің үлкен ағасының әйелін неечи, ал кішісіне келін деп құрмет көрсеткен.

Некенің алып қашу және келісіммен алу сияқты екі түрі болған. Екі жақтың келісімімен жас балаларды да некеге тұрғызған, алайда олардың рұқсаттарын сұрамаған. Қызды күшпен алып қашу дәстүрлі мәдениетте болды, алайда көп жағдайда «келісіммен алып қашу» қолданылды.

Үйлену тойының бірінші кезеңі құдалық болды. Егер үйленуге екі жақ та келіссе, күйеу жігіттің ата-анасы қызды үйіне алып кету үшін көп мөлшерде қалыңмал төлеп отырған, егер қалыңмал толық төленбеген жағдайда қыз өз үйінде қалады. Құдалар қыздың ауылына келгенде қыздың ата-анасы, туыстары дәстүрлі салттарын орындауы тиіс. Мысалы, сол ауылдың адамдары қыздың үйіне апаратын жолдарға бөгеттер жасап, құдалардан өтеу сұрайды, яғни ауылға кіргенде «түбірге» (тоношь аразы), қақпа арқылы өту үшін (откушь аразы) және қақпа ішіне кіру үшін (эжик аразы) ақы сұраған. Бұндай әдет-ғұрыптар көптеген түркі тілдес халықтарда кездеседі .

Қызды алып қашқан жағдайда отбасылар арасында келіссөз жүргізіледі (дыараштык), онда қалыңмалдың көлемі анықталды.

Құдалықтың соңы үйлену тойымен (той немесе тутпаш) аяқталып отырды. Шалқандар қайың бұтақтарынан конус тәріздес ғимарат салып, тойды сонда өткізетін. Үйлену тойы бір-екі күнге созылып отырған.

Бала туу мен балаға ат беру. Шалқандардың бұл ғұрпы Солтүстік Алтай халықтарының ғұрыптарына ұқсас болды. Толғатып жатқан әйел төбеге арнайы байланған жіпті ұстап тұрып босанған. Әйел босанғанда оның қасында кіндік шешесі ғана болды. Сол кісі қалдықтарды жинап, көміп тастап отырған. Баланың кіндігі түскеннен соң оны ешқашан лақтырып тастамаған, оны отбасында сақтап қойған. Түркі халықтарында жас сәбиді Ұмай Ана немесе Бай-эне қорғайды деген ұғым кең тараған.

Көп жағдайда ұл туғанға қатты қуанатын, өйткені ұл бала руды жалғастырушы және ата-анасын асыраушы болып саналды. Және оған арнап:

Анаң Ұмай Ана болсын,
Әкең Ульгень болсын,
Үстінде тұрған Құдайың болсын!
Тау шыңына жетер болсын,
Көлің сүтке толы болсын,
Оны сумен күштендіріп,
Ат үстінен түспейтін болсын.
Тістерің толық түспегенше өмір сүр,
Арам аруақтарға азе берілме, –

деп айтатын болды.

Емшектегі бала мойыл діңінен жасалған бесікте (пежик) жатқан. Бесікті лақтырып тастамаған, оны келесі балалары үшін сақтап отырған. Ұл бала туған жағдайда бесіктің маңына тіл көзден қорғайды деп садақты жебесімен іліп қойған. Сонымен қатар қыз баланың бесігіне ұрғашы шілдің, ұл баланың бесігіне еркек шілдің сүйегін байлап қойды.

Ең маңызды әдет-ғұрып баланың шашымен байланысты болды. Сәбидің шашын бір жылдан соң ғана алды. Қыз балалардың шаштарын бір немесе төрт бұрым, кейде алты бұрым қылып өріп қояды.

Шалқандардың балаға ат қоюы ең маңызды дәстүрлердің бірі болып саналды. Тәртіп бойынша, отбасы, ауыл, ұлыс ішінде сан алуан есімдер көп болды. Олардағы адам аттары Оңтүстік Сібірдегі түркі тілдес халықтарында кездеспейді. Шалқандар арасында жаңа туған балаға өлген туыстарының есімдерін бермеген. Бұл жағдай олардың арасында бірдей адам аттарының қайталанбауына себепші болды. Саян-Алтай шалқандары мен басқа түркі халықтарының есімдерінің ішінде моңғолдар мен ирандықтардан келген есімдер, ертеден бері сақталып келе жатқан түркі есімдері кездеседі. Жаңа туған балаға ат қою саян-алтайлықтарға ұқсас болып келді. Жас

сәбилерге өлген туыстарының есімдерін бермеген, бірақ кейде айтылуы ұқсас есімдер кездесіп отырды. Мысалы, Палачак, Паланчы, Палагей, Паланька, ал кейде туған уақытына, жеріне байланысты да ат қойған. Мысалы, Мултук шоқындыру уақытында туған балаға, Байрам мереке күнінде туған, Орой ең соңғы кенже балаға қойылған. Кейде атты ата-анасы баланың түр әлпетіне қарап та қоя берген немесе болашақта кім болады деген мағынада балаларына есім берген. Ондай есімдерге Арчиндай (жер бетінде аяғымен нық тұрып, аршадай болсын), Айанчы (жер шарын аралайтын адам болсын), Астам (эрқашан да олжалы болсын) деген аттар жатады. Әйелдердің есімдері жағымды, үйлесімді болды. Себебі әйел адамдардың есімдері ерлердің есімдері сияқты шаруашылықпен, қолөнермен, жабайы аң аттарымен байланысты болмады.

XX ғасырда шалқандардың дәстүрлі есімдері толығымен жойылып кетті. Бұл үдеріс XIX ғасырдың екінші жартысында басталды деп айтуға болады, өйткені бұл кезде орыс мәдениетінің шалқандар мәдениетіне әсері зор. 1889 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша, олардың үштен бірінің есімі орыс есімдері. Шалқандардың ер адамдарының дәстүрлі есімдері 1910–1920 жылдар аралығына дейін сақталды. Балаларға ат берудің ұлттық негізі қазіргі кезде жойылып, орыс халқынан айырмашылығы жоқ.

Өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптар. Екінші мыңжылдықта шалқандардың жерлеу әдет-ғұрыптары көптеген өзгерістерге ұшырады. Алғашында мәйітті ағаш қабықтарына орап жерлесе, кейін балқарағай қабықтарына орап жерге көмген. Қазіргі кезде тақтай табыттарға жерлейді және табытты жасау, мәйітті үйден шығару сияқты өлікті жөнелту ғұрыптарының барлығы орыстардікіне ұқсас болып кеткен.

Мәйітті жерлегеннен соң оның басына туысқандары бармаған, шалқандардың айтуынша, зират басына бару зұлым рухтарды шақырады деп есептеген. Потаповтың зерттеуі бойынша, шалқандарда 1920 жылдарға дейін өлген адамның рухтарын шығарып салу ғұрпы болған. Қарт адамды жерлегеннен соң (ол қарт адам атақты, қадірлі болса) 5-6 жылдан кейін оның рухы «мені қырғыздардың жеріне жібер» деп шамандарды мазалай

бастайды, өйткені шалқандар өздерін Лебедь өзенінің аңғарына сол жақтан келдік деп есептеген. Сондықтан шамандар шығарып салу ғұрпын жасап, оларды қырғыздардың Уйту-Таш мекеніне жіберіп отырған. Осылайша шамандар рухтарды алыс және өте қауіпті жолға аттандырады. «Ұйқыдағы адамдардың рухы бірге кетіп қалмасын» деп шамандар жіберілген рухтардың артынан қарап жүретін болған. Сондықтан да шамандар осы ғұрыпты орындау барысында қолдарына балға ұстап отырған.

Е.П.Кандаракованың айтуынша, адамды жерлегеннен кейін 40 күн өткен соң марқұмның артында қалған туыстары үйлеріне шаманды шақырған. Шаман «қайтыс болған адамның рухы тірі жүрген адамдарға келе алмас үшін оны өзендердің үстінен, биік-биік шатқалдардан өткізіп, алысқа апарып тастаған». Бұл жерде Потаповтың айтып кеткен Уйту-Таш жері жайлы айтылады. Кандаракова зерттеуінде «шамандар өзен бетімен жүріп, ал шатқалдарды тесіп өтеді», – деп айтады. Осылайша рухтарды шығарып салу ғұрпы шалқандардан басқа құмандар, хакасагайларда болған.

Қайтыс болған адамның денесін дәстүр бойынша үш күнге дейін сақтайды. Туыстары оны *каралу кижи* деп атаған, өлген адамды жерлегенше оның туыстары басқа үйлерге бара алмайды. Туыстары мәйіттің қасында түні бойы ұйықтамай күзетіп отырады, ол кезде олар карта ойнап, бір-біріне өздерінің өмірлері, өлген адам жайлы әңгіме айтады. Мәйітті үйден шығарғанда аяқ жағымен шығарады. Мәйіттің қасына қою үшін арнайы үш жұмыртқа және нан, ал егер ер адам болса, міндетті түрде темекі салады. Жерлеуден келген соң үстел үстіне бір стакан арақ қойып, үстінен нанмен жауып қояды. Рухтармен кездесу күнін тоғызыншы, 40-күні және жарты жылда өткізеді. 40-күні үйден алыстау жерге от жағып, оған тамақтарды тастайды, бұл салт «рухтарға тамақ беру» деп аталады.

Шалған халықтарының адам қайтыс болғанда жасайтын дәстүрлері. Шалғандықтарда егер адам үйден тыс жерде көз жұмса, алдымен мүрдесін аяғын үйге қаратқан күйі алып келеді де, денесін жуып, жаңа киім кигізіп, табытқа салмай жатқызып қояды. Егер адам үйдің ішінде қайтыс болса, денесін жуып, арнайы уақытша

жасалған орынға жатқызып қояды. Қайтыс болған адамның жудыру рәсімін өз туысқандары ешқашан жасамайды, оған жат адамдар шақырылған (әдетте, ерте кезеңдерде осы рәсімді орындайтын арнайы адамдар болған). Жудыру рәсімінен соң, ол адамға жаңа киім немесе таза киім кигізіледі. Дәстүр бойынша, арнайы адам шақырылып, табытты үйдің ауласында жасайтын болған. Табыт дайын болған соң, оның ішіне құрғақ қайың жапырақтарын салған. Содан кейін сыртқа шығып тамызық, жоңқа және ағаш үгінділерін өртеген. Егер жанған отынның түтіні үйге қарай бет алса, жамандықтың белгісі, ал егер үйді айналып өтсе, жақсылықтың белгісі. Табыт дайын болғаннан кейін, мүрдені табытқа салған, мұны да жат адамдар жасауы қажет.

Мүрде табытқа салынғаннан кейін, үйге жиналғандар қайтыс болған адам жайлы жақсы әңгімелер, оның жасаған жақсылықтары, қандай адам болғаны жайлы, мейірімді, ешкімге жамандық жасап көрмеген, құрметке лайық адам екендігі жайлы айтылады. Жылау немесе зарлау рәсімі өткізіледі, яғни өлген адамға жаман қарым-қатынас жасаған болса, кешірім сұрайды. Кейбір шалған халықтарында бұл рәсім зарлы әуен арқылы жүргізіледі. Үй иелері келген адамдарға ас береді. Өлікті қою күнінде таңертең қабір қазылып, дайындалады. Қабір қазылған соң, оны қараусыз қалдыруға болмайды. Өйткені қабір қараусыз қалған жағдайда өлген адамның рухы тірі адамның рухын қабірге жасырып қоюы мүмкін деген сенім қалыптасқан. Қабір қазылып болған соң, бір кісі келіп оны хабарлайды. Мәйітті шығарған кезде де табытты туысқандарының шығаруына тыйым салынған. Мола жанында жақын туысқандарының қатты жылауына тыйым салынған, бұл жамандықтың белгісі болып есептелген. Мәйіт үйден шығарылған соң, үйге тазарту немесе аластау жүргізілген. Шалған халықтары қайтыс болған адамның моласына жерлеу рәсімінен соң бармаған, бұл отбасыға бақытсыздық әкеледі деп есептеген. Сонымен қатар шалғандықтар көшпелі халық болғандықтан, молаға келу мүмкіндіктері аз болған. Жерлеу рәсімі күні қайтыс болған адамның жақын туысқандары, бір түнін ұйқысыз өткізген. Оның себебі олар өлген адамның рухы үйде пайда болар, болмайтынын бақылап отырған. Қырық күн өткен соң, үйге шаман шақыртылып, арнайы рәсімдер жүргізілген.

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың аса жауапты шағында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов: «Түркі тілдес, түгел бол!» деп айтқан болатын. Түбі бір түркі халықтарын бірлесіп даму мен өркендеуге бастаған, білімі мен күш-жігерін әлеуметтік теңдікті орнатуға жұмсаған дара тұлғаның осы сөзі қазіргі XXI ғасырда да өзектілігін жоймағаны ақиқат. Тарих тағылымынан сабақ алған тәуелсіздік жылдарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастамасымен Қазақстан тамырлас елдердің ортақ рухани құндылықтарын топтастыруға және жас ұрпақтың тарихи санасын жаңғыртуға қатысты мақсатты шараларды атқарып келеді. Осыған орай, «Астана – Достастықтың және түркі әлемінің мәдени астанасы» болып жарияланды. Оның аясында өткізілген шараның басты мақсаты – түркітілдес елдерінің мәдениаралық байланыс аясын кеңейту, мәдени құндылықтарымызды сақтап қалу, келешек ұрпаққа жеткізуге ықпал ету.

Түркі әлемі халықтарының этнографиясын жан-жақты зерттеу отандық этнология ғылымының басты бағыттарының біріне айналып отыр. Өз тарихымызды танып білуде, көпұлтты мемлекетімізде бейбітшілік пен толеранттық бағытты ұстануда шеттегі және Қазақстандағы түркі халықтарын қолдаудың саяси стратегиялық бағытын айқындау және кең ауқымда жұмыс жүргізу үшін оларды жан-жақты танып зерттеу мемлекеттік мүдде тұрғысынан да маңызды ғылыми бағдар екендігі белгілі.

Түбі бір тарихымызға тереңірек үңілу, дәстүрлі мәдениетті зерделеу – түркі өркениетін жаһандық дағдарыс пен жұтылудан арашалап, төлтума мәдениетін өркендете түсудің бірден бір жолы болып табылады.

Оқу құралында түркі халықтарының қалыптасу тарихы, орналасуы мен санына байланысты мәселелер қарастырылды. Сонымен қатар түркі халықтарының материалдық мәдениеті, оның ішінде баспанасы, тағамы және киімі туралы мәліметтер бірінші тарауда сараланды. Түркі халықтарының отбасылық әдет-ғұрыптарына жататын үйлену, бала туу және оның тәрбиесі,

өлік жөнелтуге қатысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер оқу құралының екінші тарауында қарастырылды. Оқу құралы түркі халықтарының этнографиясымен айналысып жүрген ғалымдар, докторанттар мен «Археология және этнология» мамандығының студенттері үшін көмекші құрал ретінде ұсынылып отыр.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

Негізгі:

1. Токтабай А.У. Түркі халықтарының этномәдениеті. – Алматы: Толағай, 2006. – 328 б.
2. Тюркские народы. Фрагменты этнических историй / отв. ред. М.Н. Губогло. – М.: ИЭА РАН, 2014. – 442 с.
3. Досымбаева А. История тюркских народов. Традиционное мировоззрение тюрков. – Алматы: Service Press, 2013. – 250 с.
4. Тюркские народы: энциклопедический справочник. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – 384 с.
5. Народы Средней Азии и Казахстана. – Т. 2. – М, Наука; 1972.
6. Туркмены в Среднеазиатском междуречье. – Ашхабад: Ылым, 1989. – 154 с.
7. Джикеев А. Туркмены юго-вост. побережья Каспийского моря (историко-этнографические очерк): автореф...к.и.н. – М.: 1958. – 16 с.
8. Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Фрунзе: Кыргызстан, 1990. – 478 с.
9. Маанаев Э. Памирские киргизы (историко-этнографический очерк): автореф...к.и.н. – Фрунзе, 1963. – 24 с.

Қосымша:

1. Этнография каракалпаков. XIX – начало XX века (материалы исследования). – Ташкент: Фан, 1980. – 205 с.
2. Акчурина-Муфтиева Н.М. Декоративно-прикладное искусство крымских татар XV–пер. пол. XX вв.: автореф....д-ра искусствоведения. – Львов, 2009. – 36 с.
3. Тюркские народы Сибири. – М.: Наука, 2006. – 678 с.
4. Татары. – М.: Наука, 2001. – 583 с.
5. Исхахов Д.М. Этнография татарского народа. – Казань: Магариф, 2004. – 287 с.
6. Валеев Ф.Т. Сибирские татары: культура и быт. – Казань: Татарское кн. изд-во, 1993. – 208 с.
7. Татары. – М.: Наука, 2001. – 583 с.
8. Тюркские народы Крыма. – М.: Наука, 2003. – 459 с.
9. Народы Сибири: права и возможности. – Новосибирск, 1997. – 168 с.
10. Потапов Л.П. Традиционная народная культура алтайцев – наследница древних цивилизации кочевников Центральной Азии // Народы Сибири: история и культура. – Новосибирск, 1997. – С. 22-30.
11. Искусство Азербайджана. АН Азербайджанской ССР. Т. IV. – М., 1954. – С.11-51.

12. Ювелирное искусство Азербайджана. – Баку. – 25 с.
13. Керимов Э.А. Очерки истории этнографии Азербайджана и русско-азербайджанских этнографических связей (XVIII–XIX). – Баку: Элм, 1984. – 128 с.
14. Вайнштейн С.И. История народного искусства Тувы. – М.,1974. – 224 с.
15. Вайнштейн С.И. Тувинцы-тоджинцы. – М.,1961. – 216 с.
16. Ғаламтор ресурсы: kurstkamera.ru
17. Бикбулатов Н.Б. Башкиры. Этническая история и традиционная культура / Р.М. Юсупов, С.Н. Шитова, Ф.Ф. Фатыхова. – Уфа: изд-во «Научная энциклопедия», 2002.
18. Досманбетов Б. С. Түркі халықтарының қалыптасуы // Молодой ученый, 2015. – №191. – С. 1-6.

**«ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ»
ПӘНІ БОЙЫНША СОӨЖ АРНАЛҒАН
ТАПСЫРМАЛАР МЕН ӘДІСТЕМЕЛІК
НҮСҚАУЛАР:**

1-тақырып. Революцияға дейінгі зерттеушілер мен орыс саяхатшыларының еңбектеріндегі түркі халықтарының материалдық және рухани мәдениетіне қатысты мәліметтерді талдау.

Мақсаты: студенттерді деректер мен тарихнамалық ғылыми еңбектермен таныстыру. Түркі халықтарының материалдық және рухани мәдениетін оқу мен зерттеудегі археологиялық, этнографиялық ғылымдардың маңыздылығын зерделеу.

Өткізу түрі: реферат түрінде өткізу.

2-тақырып. Археологиялық қазба нәтижелерінде табылған Қазақстан территориясындағы тайпалар мен рулардың эшекей бұйымдарының көне түрлері.

Мақсаты: сабақ мазмұны Қазақстан территориясында өмір сүрген тайпалар мен рулардың зергерлік өнерінің тарихи кезеңдерін, ерекшеліктерін, дамуын жан-жақты ашады.

Өткізу түрі: конспект түрінде тапсыру.

3-тақырып. Түркі халықтарының дәстүрлі тағамдану жүйесінің экологиялық жүйемен және шаруашылық түрімен байланысы.

Мақсаты: түркі халықтарының тамақтану жүйесінің құрылымы, сүт, өсімдік тағамдары, ұн, нан өнімдері, тағамға байланысты әдет-ғұрыптар, ыдыс-аяқтары сияқты мәселелерді талдау.

Өткізу түрі: реферат түрінде өткізу.

4-тақырып. Транспорт және тасымалдау тарихы.

Мақсаты: көлікпен тасымалдау тарихнамасы мен деректер, тасымал құралдары туралы зерделеу.

Өткізу түрі: конспект түрінде тапсыру.

5-тақырып. Қазақ халқының материалдық мәдениетін зерттеуге үлес қосқан ғалымдар.

Мақсаты: Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, Ә. Марғұлан, Х. Арғынбаев, М.С. Мұқанов, Е. Масанов сияқты қазақ ғалымдарының еңбектерімен жете танысу. Олардың этнография ғылымы үшін қосқан үлестеріне ғылыми баға беру.

Өткізу түрі: ғылыми баяндама жазу.

3.11. Башқұрттар	267
3.12. Хакастар	271
3.13. Шорлар	278
3.14. Құмандықтар	286
3.15. Телеуіттер	288
3.16. Тывалықтар	293
3.17. Ноғайлар	297
3.18. Шалқандар	316
ҚОРЫТЫНДЫ	322
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ	324
ҚОСЫМШАЛАР	326

Оқу басылымы

Меруерт Қарпыққызы Егізбаева

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ

Оқу құралы

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Ұ. Молдашева*

Мұқабаны безендіруде сурет
[www. Martebe.kz](http://www.Martebe.kz) сайтынан алынды

ИБ №12523

Басуға 18.01.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 21,37 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №54.
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды